ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті

М.Д. Тінәсілі
А.Р. Уркумбаева

САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесі
оқулығы ретінде ұсынған

Алматы
2013

БКК 65.517.9я7

У66 Тінәсілі М.Д., Сақтандыру ісінің негіздері. Оқулық. – Алматы: ҚазҰТУ. – 2013. 514 б.

ISBN 775-212-275-г

Осы ұсынылып отырған оқулық сақтандыру ісінің қазіргі инновациялық экономикаға сай сақтандыру ісінің теориялық әдістемелік негіздерінің анықтамасы, қызметтік әдістемелері, сақтандыру ісін жанжақты ұйымдастыру түрлері, сақтандыру қызметін дамытудың жаңа қағидаларына көшу арқылы, экономиканың интеграциялануы барысындағы сақтандыру жүйесін модернизациялау мен оларды есептеу методологиялары, сонымен қатар сақтандыру жүйесінде экономикалық және қаржылық көрсеткіштерінің модельдеріне егжей – тегжейлі ұсынылады.

Бұл оқулық экономикалық және қаржылық мамандарын дайындайтын оқу орындарының студенттеріне, магистранттарына, докторантарына, оқытушыларына сақтандыру ісінің қаржылық саласы бойынша жалпы оқырмандарға арналған.

БКК 65.517.9я765.

Пікір жазғандар:

Барышева С.К. – Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің «Қаржы және есеп» кафедрасының меңгерушісі, э.ғ.к., доцент

Ібрішев Н.Н. – М. Тынышбаев атындағы ҚазККА-ның Қаржы және есеп кафедрасының меңгерушісі э.ғ.д. профессор.

Арзаева М.Ж. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Қаржы кафедрасының меңгерушісі э.ғ.к. доцент.

ISBN775-212-275-г

© Тінәсілі М.Д.
© ҚазҰТУ, 2013

КІРІСПЕ

Сақтандыру ісі – әртүрлі экономикалық кезеңдерде маңызды рөл атқара отырып, бірқатар экономикалық институттардың ішінде маңызды орын алды. Қазіргі кездегі экономикада да ол қоғамдық ұдайы өндіріс үдерісінің маңызды тұрақтандырушы рөлін атқарады. Жинақталған қоғамдық байлықтың үнемі өсіп отыруы және оның сақталуы мен молаюына қауіп төндіретін экономикалық, әлеуметтік және техногендік тәуекелдердің пайда болуы болжанбаған материалдық шығынның уақытылы орнын толтыруға арналған тиімді де ауқымды сақтандыру қорларын құруды талап етеді. Сақтандырудың экономикалық мәні оның кепілділік және орнын толтыру қызметімен ғана шектеліп қоймайды. Сақтандыру қорларына жұмылдырылған қаржы ресурстары экономикаға салынатын инвестициялардың маңызды көзі болып табылады. Әлемнің дамыған елдеріндегі сақтандыру компаниялары инвестициялық салымдарының қуаттылығы мен көлемі жағынан банк және инвестициялық қор сияқты жалпыға танымал институционалды инвесторлармен бәсекеге түсе алады. Қазіргі уақытта ұлттық экономиканың дамуын анықтайтын басты фактор ретінде халықаралық экономиканың интеграциялануы маңызды рөл атқарады. Бір жағынан, бұл дамыған мемлекеттің де және дамушы елдің де экономикасына әсер ететін объективті және заңды процесс болып табылады. Екінші жағынан қазіргі кездегі жаһандану фазасына енген әлемдік интеграция ұлттық экономиканың тиімділігін жоғарлатумен қатар, қаржылық, технологиялық және инновациялық тәуекелділікті жоғарлатып, экономикалық дағдарыстың өрістеуіне және басқа жағымсыз әлеуметтік-экономикалық құбылыстардың орын алуына негіз болады.

Соңғы кезде орын алған әртүрлі елдердің қаржылық қызметтерінің бір-бірімен байланысуы және өзара сіңісуі сақтандыру нарығын да қозғады. Қаржылық жүйенің маңызды

бөлігі ретінде сақтандыру жүйесі де жалпы экономикалық интеграция үрдісіне шалықты.

Осыған байланысты, Ұлттық сақтандыру нарықтарының интеграциялануы өзінің тарихи дамуы барысында эволюция жолымен бірте бірте дамып келеді. Әрбір жаңа кезеңде ерекше формаларға ие болып, өзінің мазмұны мен мақсатының сыртқы көрінісін өзгертеді. Алайда Мемлекеттің сақтандыру жүйесі халықаралық деңгейде орын алып отырған жаңашылдықтар мен жеделдетіп дамып отырған сақтандыру түрлері мен шетелдік сақтандыру компанияларының ұлғайып отырған каптализациялану деңгейіне ілесе алмай отырған жағдайы бар. Сол себепті отандық сақтандыру жүйесінде негізгі стратегиялық мақсаттарды белгілеп, қарқынды даму бағытына түсу үшін модернизациялану мен дамыту жолдарын айқындау қажет.

Ұлттық экономиканың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының келелі мәселесінде әртүрлі келеңсіз әсерлерді алдын алатын сақтандыру жүйесі маңызды орын алады. Қазақстанда өркениетті сақтандыру нарығын дамыту мен құрудың ғылыми-методологиялық базасының қажетті деңгейде өңделмеуі сақтандыру бизнесінің даму серпіні мен қарқынына және көрсетілетін қызмет сапасына тежеуші әсер етеді. Нәтижесінде қазіргі уақытта Мемлекеттің сақтандыру нарығы әлсіз дамыған және тұрақсыз болып отыр және ірі корпоративтік клиенттерден бастап жалпы халықтың сұрынысына жауап бере алмайтын шектеулі сақтандыру қызметтерін көрсетеді. Оған Мемлекеттің жалпы ішкі өніміндегі салқтандырудың үлесі 0,56% болатын интегралдық көрсеткіші дәлел болады.

Жалпы қазіргі кездегі сақтандыру нарығының жағдайын сипаттай отырып, ұлттық сақтандыру нарығының тұрақты дамуының қаржылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық әлеуетін құру мәселелерін жан-жақты талдау және әзірлеу қажеттілігі туралы айтуға болады. Сақтандыру жүйесін тұрақты дамытудың методологиясы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсатты нұсқамасына және стратегиясына негізделуі тиіс. Ұлттық экономиканың дамуының стратегиялық мақсаттары және оның басымдықтары мен басты бағыттары негізінде нарықтық экономикаға әлеуметтік

бағытталған сақтандыру бизнесін дамытудың теориялық-методологиялық негізі әзірленуі және оның тұрақты өсуі қамтамасыз етілуі қажет. Сондықтан сақтандыру бизнесінің қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидалары негізінде ұлттық сақтандыру жүйесін дамыту маңызды мәселе болып саналады.

Қазіргі таңда сақтандыру қоғамның әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында нарықтық әдістермен экономиканы басқарудың негізгі құралы болып табылады. Сақтандыру механизмдерінің ерекшелігі тек қана кәсіпорындар мен азаматтардың мүлкін сақтау ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің макроэкономикалық мәселелерін шешу секілді қызметтерді атқару болып табылады. Сондықтан, нарықтық шаруашылығы дамыған мемлекеттерде сақтандыру әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудегі экономиканың стратегиялық секторы болып отыр. Қазақстанда жеке меншіктің дамуымен бірге сақтандырудың да рөлі өсуде, алайда отандық сақтандыру қызметіңің халыққа және кәсіпкерлерге көрсетіп отырған сақтандыру қызметтерінің көлемі тар, тиімділігі аз болып отыр.

Сақтандыру қызметі нарығының жеткіліксіз дамуы сақтандыру компанияларына келетін капиталдың аздығынан болып отыр, ол өз кезегінде сақтандыруға деген ынталандырудың жетіспеушілігінен, соның ішінде өмірді сақтандыруға, халықтың отандық қаржы ұйымдарына деген сенімділігінің төмендігі, әсіресе ұзақ мерзімді салымдар жасауға көп халықтың сенбеуінде болып отыр. Сақтандыру рыногының дамымай қалғандығын және оның Қазақстандағы институционалдық аяқталмағандығы мемлекеттік мәселе болып отыр, егер осы мәселені мемлекет шешсе сақтандыру қызметі нарығы экономикалық өсудің маңызды тұрақты факторы болар еді.

Сақтандыру резервтерін және меншік капиталын инвестициялау – сақтандыру компанияларының қаржы-шаруашылық қызметінің маңызды бағыты. Сақтандыру операцияларынан кейінгі табыстың екінші басым көзі болып табылатын сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметі қазіргі кезде өз деңгейінде жетіліп біткен жоқ. Соған қарамастан, Қазақстандағы сақтандыру қызметі саласындағы

күшейіп келе жатқан бәсекелестік және соның салдарынан туындайтын сақтандыру тарифтерінің төмендеуі, әлеуетті сақтанушылардың тәуекелден сақтанудың басқа да баламалы тәсілін таңдауы нәтижесінде сақтандырушының инвестициялық белсенділігінің даму мәселесі ең өзекті мәселелер қатарына жатқызады.

Сақтандырудың инвестициялық қызметінің толыққанды дамымауын бірнеше негізгі себептермен түсіндіруге болады.

Біріншіден, Қазақстанда қор нарығы әлі де дамымай отыр, ал сенімді қор құралдарының саны шектеулі. Кепілді табыстылық пен өтімділікті тек қана мемлекеттің борышқорлық міндеттемесі, табиғи монополиялар мен қаржылық институттардың бағалы қағаздары ғана қамтамасыз етеді.

Екіншіден, еліміздегі тұрақсыз инвестициялық жағдай туғызатын инвестициялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің жеткіліксіздігі көзге айқын көрініп отыр.

Үшіншіден, шетелдік сақтандыру компанияларымен салыстырғанда қазақстандық сақтандыру ұйымдарында әлі күнге дейін инвестициялық қызмет саласында қажетті қомақты қаражат көлемі жоқ. Өмірді ұзақ мерзімге сақтандыру және зейнетақыны сақтандыру көлемінің төмендігі инвестициялық қызметтің жоғарылауына септігін тигізбей отыр.

Төртіншіден, сақтандырудың инвестициялық қызметінің тиімділігін арттыру мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер және осы салада білікті мамандар жоқтың қасы. Оның ішінде, сақтандыру бизнесінің инвестициялық моделінің, инвестициялардың тиімділігін бағалау әдісінің болмауын, сондай-ақ сақтандыру компанияларының инвестициялық саясатын ашу механизміне қатысты ғылыми әдебиеттерде зерттеулердің аздығын және т.б. айтуға болады. Әсіресе кейінгі жылдары сақтандыру бойынша көптеген отандық және шет елдік оқулықтар мен монографиялар жарық көрді. Олар негізінен сақтандырудың қарапайым практикалық үлгілерінің элементтерін қамтитын дәстүрлі теориялық курстарға арналған.

Осы тұрғыдан студенттерге сақтандыру теориясының негізгі ұғымдарын тереңірек түсінуге, сақтандыруға қатысты мәселелерді шешуге және келісімдер жасау бойынша есептерді

практика жүзінде қолдануға, сондай-ақ өндірісте, бизнесте, күнделікті өмірде төтенше оқиғалар орын алған жағдайларда зиянның және сақтандыру өтемақыларының мөлшерін анықтауға жәрдем бере алатын оқу құралдарының жетіспейтіні де белгілі.

Сақтандыру нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі, атрибуты болып табылатыны баршаға белгілі. Дамыған нарықтық экономика сақтандырудың дамуы үшін ең бір белсенді, қолайлы орта болып табылады. Мұның басты себебі – нарық пен сақтандыру өзара тығыз байланысты. Нарық бар жерде әрқашан алуан түрлі тәуекелдер бар, ал тәуекел бар жерде міндетті түрде сақтандыру болуы тиіс. Қысқаша айтқанда, нарықтық экономика тәуекелдерді сақтандырусыз қызмет етуі мүмкін емес.

Кезкелген экономикалық категория секілді, сақтандыру абстракциялық теорияның қарапайым үлгілері мен логикалық құрылуына келіп тірелмейді. Нақты өмірде сан қилы жағдайлар кездеседі, кейде ол адам баласынан қолайсыз жағдайларда жылдам әрі дұрыс шешімдер қабылдауды, сақтандыру заңнамасына дұрыс икемделе білуді, сақтандырумен байланысты қарапайым да күрделі есептеулер мен бағалауларды қажет етеді.

Айта кету керек, бұл оқулық - сақтандыру туралы негізгі білім алу үшін альтернативті болып табылмайды. Оның негізгі мақсаты – студенттердің өз бетінше практикалық жұмыстарын дұрыс ұйымдастыруға септігін тигізу. Практикалық жұмыстар тестілер, нақты жағдайлар бойынша тапсырмалар, сандық есептеулер негізінде жүзеге асырылады. Бұлардың мақсаты – сақтандыру туралы теориялық материалдарды мысал түрінде бейнелеу, студенттердің теорияны игеру деңгейін тексеру, олардың назарын негізгі ұғымдарға, олардың белгілеріне және ерекшеліктеріне аудару болып табылады. Қазақстан экономикасы дамуының қазіргі кезеңі - өндірістің төмендеуін тежеу мен тұрақты экономикалық өсу үшін негіз құруға бағытталған нарықтық қайта құру фазасына өтумен сипатталады. Нақ осы мәселе Қазақстан дамуының ұзақ мерзімді мақсаттар мен стратегияларында көрініс тапқан - "шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақтардың жоғарыы

деңгейіне тән ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу".

Осындай нарықтық қоғамда пайда болатын тұрақсыздық, экономикадағы үнемі болатын өзгерістер тәуекел тудырады. Әсіресе мұндай жағдай кәсіпкерлікте жиі болады. Нарықта туатын кездейсоқ және тұрлаусыз жағдайлар, экономикалық толқулар, бәсекелестердің әрекеттері тіпті білікті басқару шешімдерін жоққа шығаруы мүмкін. Тәуекелді сақтандыру мен өзін-өзі сақтандыруды қолданып, басқару облысында білікті жұмыс жүргізу арқылы айтарлықтай төмендетуге болады. Яғни көріп тұрғанымыздай, нарықтық шаруашылықтың дамуымен қоғам мүшелерін әлеуметтік-экономикалық, соның ішінде сақтық қорғау ерекше мәнге ие болуда. Сол үшін де еліміздегі сақтандыру нарығының жағдайын кешенді бағалау қажет.

Алдарыңыздағы оқулық аралық және қорытынды рейтингтік бақылауларды, емтихандарды тапсыру барысында қолданыла алады. Студенттер мен магистранттарға қысқа мерзім ішінде өздерінің алған білімдерін бір жүйеге келтіруге, негізгі ұғымдарға, олардың белгілері мен ерекшеліктеріне көңіл аударуға, бақылау барысында кездесуі мүмкін тест сұрақтарына жауаптардың болжамын жасауға мүмкіндік береді.

Сақтандыру жөніндегі бұл оқулық «Сақтандыру» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес құрылған.

Сол сияқты, бұл оқулық «Сақтандыру ісінің негіздері» пәні нені зерттейді? Сақтандырудың пайда болу негіздерін, экономикалық мәнін, функцияларын, оның әлеуметтік-экономикалық рөлін, қолдану тәсілдері мен салаларын. Студенттердің санасында сақтандыру туралы толық және жүйелі білім қалыптастыру. «Сақтандыру ісінің негіздері» пәнін оқудың негізгі міндеттері, ол Қазақстан Республикасында және шет елдерде сақтандыру қызметі мен сақтандыру нарығында қаржылық негіздерін ұйымдастыру принциптерін игеру.

Студенттер, магистранттар, докторанттар және мамандар сақтандыру қызметінің технологиялық модельдерін нақты түсіну және игеру үшін қажетті көлемде білім алу (сақтандырудағы қаржылық негіздерінің ұғымдары мен терминдері, сақтандыру заңнамалары, актуарлық есептеулер,

нақты сақтандыру түрлерінің шарттары, қайта сақтандыру, бірлесіп сақтандыру, тәуекелдерді басқару және т.с.с.). Оларды қаржылық негізінде сақтандыру келісімдерін жасау, мүліктік және жеке сақтандыру түрлері бойынша зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау, сақтандыру маркетингін жүргізу, сақтандыру операцияларының тұрақтылығын талдау және сақтандыру тарифтерінің дифференциациясы және т.б. бойынша студенттердің санасына практикалық дағдыларды бекіту.

Жалпы қазіргі кездегі сақтандыру нарығының жағдайын сипаттай отырып, ұлттық сақтандыру нарығының тұрақты дамуының қаржылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық әлеуетін құру мәселелерін жан-жақты талдау және әзірлеу қажеттілігі туралы айтуға болады. Ұлттық экономиканың дамуының стратегиялық мақсаттары және оның басымдықтары мен басты бағыттары негізінде нарықтық экономикаға әлеуметтік бағытталған сақтандыру бизнесін дамытудың теориялық-методологиялық негізі әзірленуі және оның тұрақты өсуі қамтамасыз етілуі қажет. Сондықтан сақтандыру бизнесінің қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидалары негізінде ұлттық сақтандыру жүйесін дамыту маңызды мәселе болып саналады.

Жалпы қазіргі кездегі сақтандыру нарығының жағдайын сипаттай отырып, ұлттық сақтандыру нарығының тұрақты дамуының қаржылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық әлеуетін құру мәселелерін жан-жақты талдау және әзірлеу қажеттілігі туралы айтуға болады. Ұлттық экономиканың дамуының стратегиялық мақсаттары және оның басымдықтары мен басты бағыттары негізінде нарықтық экономикаға әлеуметтік бағытталған сақтандыру бизнесін дамытудың теориялық-методологиялық негізі әзірленуі және оның тұрақты өсуі қамтамасыз етілуі қажет. Сондықтан сақтандыру бизнесінің қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидалары негізінде ұлттық сақтандыру жүйесін дамыту маңызды мәселе болып саналады.

Сол себепті қаржылық мамандық нарықтағы сақтандару қызметтердегі олардың әдістемелік жұмыстарын, сақтандыру ісінің қаржылық қорларын шоғырландыру арқылы пайдалану сияқты мәселелерді кеңінен қамтиды.

І- БӨЛІМ
САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТТАМАСЫ

1.1. Сақтандыру ісінің негізгі экономикалық мәні мен қажеттілігі

Сақтандыру қызметі ертеде пайда болған категориялардың бірі болып табылады және кезедейсоқ қауіптердерді алдын алу арқылы қорғаныс қызметін атқарады. Сақтандыруда өндіріс, айналым және материалдық игіліктерді айырбастау және тұтыну процесстерінде адамдар арасында экономикалық қатынастар орын алады. Бұл қызмет шаруашылық жүргізуші субьектілер мен қоғам мүшелеріне шығындарын өтеуге кепілдік береді, сондықтан осы арқылы көптеген тұлғалар арасында бөлу арқылы заңды немесе жеке тұлғаның мойнына алған шығындарын өтеу әдісі ретінде көрініс табады. Яғни, шығындарды өтеу сақтандыру ұйымдарының сақтандыру қорларында жинақталған қаражаттар есебінен жүзеге асырылады. Сақтандыру экономиканың маңызды саласы болып табылғанымен аз зерттелген сала болып отыр.

Экономикалық категория ретінде сақтандыру – бұл әртүрлі тәуекелдер кезіндегі, сонымен қатар азаматтарға олардың өміріндегі белгілі бір жағдайларда шығындарды өтеу үшін көмек көрсету мақсатында ақша қаражаттарының мақсатты қорларын құру және пайдалану әдістері мен формаларының жиынтығын қамтитын экономикалық қатынастар жүйесі болып табылады.

Сақтандыру қызметі бір жағынан, адамдардың бизнесі мен әл-ауқатын қорғау құралы болса, екінші жағынан табыс әкелетін қызмет түрі ретінде көрініс табады. Сақтандыру ұйымдарының табысы ретінде келесілер танылады:

— Сақтандыру қызметінен түсетін табыстар;
— Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстар;

— Басқа компаниялардың акциялары бойынша түсетін табыстар;

— Банктік депозиттерден түсетін табыстар.

Экономикалық категория ретінде сақтандырудың қажеттілігі келесідей белгілермен анықталады:

— Табиғи апаттардың немесе басқа да қауіпті күштердің кездейсоқтық сипатты;

— Залалдың нақты немесе ақшалай формадағы көрінісі;

— Шығындарды өтеудің объективті қажеттілік сипаты;

— Нақты оқиғалардың салдарын алдын алу шараларын жүзеге асыру.

Сақтандыру қызметі экономикалық категория ретінде өзіндік ерекшеліктері бар қаржының құрамдас бөлігі болып табылады. Олар ерекшеліктер келесідей:

— Сақтандыруда айырбас экономикалық қатынастарда жүзеге асырылады. Сақтанушылар сақтандыру сыйлықақыларының орнына сақтандыру қорғанысы ретінде сақтандыру тауарын алады.

— Сақтандыру қызметі кездейсоқтық сипат алады. Сақтандырушылар қашан және кайда болатыны белігісіз нақты бір жағдайды қамтитын оқиғаларды сақтандырады.

— Сақтандыру ақшалай және мүліктік сипатқа ие болады.

— Сақтандыру қызметіндегі қатынастар салыстырмалы түрде эквивалентті сипатқа ие.

— Сақтандыру айырбас қатынысында пайда болса, қаржылық бөлу сатысында пайда болады.

— Сақтандыру қатынастары ақша-тауар қатынастарының бір түрі болып табылады, оның объектісі сақтандыру қорғанысы сипатындағы ақша және тауар.

— Сақтандыру қызметіндегі қатынастар тұйық және бірбірімен байланысты.

— Мерзім аралығы белігілі болады.

Сонымен қатар сақтандыру «қаржы» және «несие» категорияларымен ұқсастықтары бар:

– «Қаржымен» - сақтандыру кезінде арнайы сақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану бойынша қайта бөлгіштік қатынастары пайда болады:

– «Несиемен» - сақтандыру қорының қаражаттары қайтарымды болады (өмірді сақтандыру бойынша), мүліктік сақтандыру кезінде қайғылы оқиғалардан сақтандыру және басқа да сақтандырулардың түрі бойынша төлемдер сақтандыру оқиғасы пайда болғанда және сәйкес қаражаттар негізінде төленеді. Бірақ бұл төлемдердің экономикалық мазмұны сақтандыру төлемдерін қайтарудан бөлек болып табылады.

Әлемдік тәжірибеде коммерциялық қызмет деп мақсаты пайда табуға және оны кәсіпорын құрылтайшылары арасында бөлуге бағытталған кәсіпкерлік түрін айтамыз. Мұндай анықтама нарықтық экономикасы бар елдердің азаматтық кодексінде бекітілген. Сол себепті сақтандыру дегеніміз – жеке және заңды тұлғалардың төлеген сақтандыру сыйақыларынан құралған ақшалай қордың есебінен сақтандыру оқиғалары орын алған кезде азаматтардың мүліктік мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар кешені.

Қазақстан Республикасының Сақтандыру қызметі туралы 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126 Заңына сәйкес «Сақтандыру қызметі дегеніміз – сақтандыру ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиғалар тйындаған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар кешені» [1].

«Сақтандыруы қызметі – сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде немесе Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі» [1].

Жоғарыда берілген анықтамалар сақтандыру қызметін сақтанудыру қатынастарының бір тарапының, яғни сақтанушының мүддесі біржақты жүзеге асырылатын үдеріс ретінде қарастырылады. Мұндай ұстаным көптеген ғылыми әдебиеттерде сақтандырушы мүддесі ескерілмейтіндігін көрсетті.

Экономикалық әдебиеттерде сақтандыруға келесідей анықтамалар берілген:

— Ф.Коньшиннің пікірі бойынша, «сақтандыру – ол халық шарушылығындағы түрлі апаттардан болған жоғалтуларды сақтандыру жарнасы есебінен қайтару үшін, сондай-ақ сақтанушылардың өміріне және еңбек қабілеттілігіне байланысты туындаған келеңсіз жағдайларға сәйкес соманы төлеу үшін, орталықтандырылған сақтандыру қорын құрудың бір әдісі болып табылады» [2, 155 б].

— Л.И. Рейтманның пікірі бойынша, сақтандыру тек қана қаржылық емес, сонымен қатар несиелік категория болып табылады [3, 98 б].

— А.К.Шиховтың ойы бойынша, «сақтандыру – төленген сақтандыру сыйақылары есебінен арнайы ақша қорларын құруға және оны сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушылардың мүліктік мүдделерін қорғау үшін қолдануға байланысты сақтандыру қызметінің қатысушылары арасындағы тұйықталған қайта бөлу қатынасы» [4, 265 б].

— В.Д. Мельников сақтандыруға келесідей анықтама берген: «сақтандыру – бұл азаматтарға материалдық көмек көрсетуге немесе қызмет атқарушы субъектілерге мүмкін болатын төтенше зияндарды төлеп беруге бағытталған, ақша салымдарының есебінен мақсатты сақтандыру қорларын құрумен байланысты қатысушылар арасындағы ерекше тұйықталған қайта бөлу қатынастарының жиынтығы» [5, 75 б].

— В.В. Шахов сақтандыруды жеке эономикалық категория ретінде қарастыруымыз керек, себебі оның экономикалық мазмұну, қызметтері (ақша қаражаттарын арнайы сақтандыру қорларын құру, зиянды қайтару және азаматтарды материалдармен қамтамасыз ету, сақтандыру жағдайын ескерту және әртүрлі апаттармен келеңсіз жағдайлардан туындаған келеңсіздіктердің шығындар көлемін қысқарту)бар,- деп айтқан [6, 65 б].

Сонымен қатар ол сақтандырудың қаржыдан айырмашылығының негізгі белгілерін атап көрсеткен:

— Қайта бөлу қатынастарының болуы;

— Сақтандырушылар мен сақтанушылардың арасында сақтандыру қоғамын құру;

— Жеке және топтық сақтандыру мүдделерінің үйлесуі;

— Зиян үшін барлық сақтандырушылардың ынтымақтастық жауапкершілігі;

— Кеңістікте және уақытта зиянды қайта бөлу;

— Сақтандыру төлемдерінің қайтарымдылығы;

— Сақтандыру қызметінің шығындарының өзін-өзі өтеуі.

Осы жоғарыда аталған ерекшелік белгілеріне байланысты ол сақтандыруға келесідей анықтама берген: «сақтандыру ақша қаражаттарының мақсатты қорларын құру әдістері мен үлгілерінің жиынтығын құрайтын және оларды әртүрлі қолайсыз жағдайлар туындаған кезде болатын зияндарды өтеуге қолдану, сонымен қатар азаматтарға өмірлерінде болған белгілі жағдайларға байланысты көмек көрсетуге бағытталған экономикалық қатынастар жүйесі» [6, 67 б].

— К.Г. Воблый сақтандыруға келесідей анықтама берген: «сақтандыру – кездейсоқ және статистикалық ұсталатын оқиғалардан болатын болашақ қажеттілік пен мұқтаждықты жабу мақсатындағы антымақтас және қайтарымды негізіндегі шаруашылық қызмет түрі» [7, 25 б].

— Отандық сақтандырудың теориялық аспектілері К.К. Жүйріковтың, С.М. Воробьеваның, Г.И. Маянлаеваның еңбектерінде қарастырылған:

— К.К. Жүйріков сақтандыруды қаржы жүйесіне жатқызады. Ол сақтандыруға келесідей анықтама береді: «сақтандыру – қолайсыз жағдайдан болған құбылыс кезінде, яғни сақтандыру жағдайы орын алған кезде және тұрғындарға немесе олардың отбасыларына олардың өмірлерінде болған жағдайлардан болған (қайтыс болу, жарақат алу және т.б.) шығындарды өтеу үшін қолданылатын мақсатты сақтандыур қорын құру бойынша жүретін сақтандыру қатысушыларының арасында қатынастарды қайта бөлудің жүйесі арқылы жүзеге асырылатын шаруашылық, азаматтық-құқықтық жіне әлеуметтік салалардағы қаржылық міндеттемелерді қамтамасыз етудің ерекше өтемақылық үлгісі» [8, 45 б].

— Г.И. Маянлаеваның ойы бойынша, «сақтандыру – сақтандырудың қатысушылары арасында мүліктік мүдделерге зиян келтіру тәуекелін қайта бөлумен байланысты және сақтандыру жарналарын шоғырландырып, сақтандыру қорларын құруға ықпал ететін және сақтанушылардың мүлкіне зиян келген жағдайда сақтандыру төлемақысын төлеуді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың қызметімен байланысты экономикалық қызметтің ерекше түрі» [9, 18 б].

Біздің пікіріміз бойынша сақтандыруға деген мұндай тәсіл экономикалық қатынастар және құқық тұрғысынан алсақ әлі толық жетілмеген, яғни кең мағыналы сөзбен айтқанда сақтандыру қызметінің мәні мен мазмұны ашылмаған тар мағыналы категория ретінде қарастырылады, сонымен қатар сақтандырудың институционалдық негіздері тапталады. Яғни сақтандырушы өз кәсіпкерілк мүддесін, соның ішінде тәуекелін төмендету, пайдасыны өсіру, инвестициялық елсенділігін арттыру, материалдық емес аквтивтерді жинап, оларды сақтап, көбейту сияқты қызметтерді атқарғанда адасқандай болады.

Осы аталған тұжырымдарды зерттей отырып, біздің пікіріміз бойынша сақтандыру қызметінің экономикалық жүйедегі қорғау нышаны рөлін атқаратын және ерекше құбылыс ретінде көрінісіне тарихи және логикалық талдаудың негізінде келесідей анықтама беруге болады:

Экономикалық категория ретінде сақтандыру – сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы экономикалық қатынастардың жиынтығы, яғнимүліктің бңр бөлігі сақтандыру сыйақысы ретінде бір субъектіден екінші субъектіге сақтандыру төлемі түрінде сақтандыру оқиғасы туындаған кезде қайтарым жағдайына беріледі.

Сақтандыру және оның экономикалық қатынастардағы жүйесі үлттық табысты қайта бөлу сатысына негізделе отырып, төрт сатыдан тұратын өзіндік ұдайы өндіріс қызметін жүзеге асырады.



1-сурет. Сақтандырудағы экономикалық қатынастарды дамытудың негізгі сатылары. Қоғамдық ұдайы өндіріс сатылары.

Дерек көзі: Стоун Р. Основы страхового бизнеса и тенденции развития рынка страхования. [10]

Сақтандыру қызметіндегі ұдайы өндіріс үдерісінің бірінші сатысы азаматтардың, кәсіпорындардың, мемлекеттік институттардың ерікті және міндетті сақтандыру тізбесі бойынша сақтандыру қорғанысы қызметін сатып ала отырып, нетто-табыстан сақтандырушыларға төлейтін сақтандыру сыйақыларының есебінен, сақтандыру қорларын құру арқылы сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етеді. Бұл сақтандыру қызметін сатып алу-сату сатысы болып табылады.

Сақтандыру қызметі - қаржылық тұрақтылықты және төлемқабілеттілікті қамтамасыз ету мақсатында қаржы нарығында пайда алу үшін қордың уақытша бос қаражаттарын пайдалану және дәстүрлі мәміле аясында сақтандыру оқиғаларының туындауы себебінен болған зияндарды қайтару жағдайында, заңды тұлға тарапынан кәсіпорындардың, ұйымдардың, азаматтардың салымдарын мәміле есебінен төлеу бойынша сақтанымдыру қорын құруға негізделген кәсіпкерліктің ерекше түрін көрсететін сақтандыру қызметінің қатысушыларые арысындағы ерекше тұйықталған қатынастар жиынтығы.

Сақтандыру қызметіндегі ұдайы өндіріс үдерісінің екінші сатысы – сақтандыру қорларын құру және тарату. Бұл кезеңде сақтандырушылар бір мезгілде сақтандыру қорларын құра отырып, оларды сақтандлыру тарифтерінде, бизнес-жоспарда көрсетілген бағыттар бойынша, мемлекеттік нормативтерге сай таратады.

Сақтандыру қызметіндегі ұдайы өндіріс үдерісінің үшінші сатысы – сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жолымен, нақты зардап шеккен сақтанушыларға жоғалтуларын өтеп беру үшін сақтандыру қорын пайдалну арқылы сақтандыру қорғанысының жекелец жүзеге асуымен байланысты.

Сақтандыру қызметіндегі ұдайы өндіріс үдерісінің төртінші сатысы – сақтандыру төлемдерінің сақианушылардығ ие болу, басқару, қолдаунымен байланысты мүліктік мүддесін, олардың үшінші тұлға алдындағы жауапкершілігін қанағаттандыруды қамтамасыз етумен байланысты болады.

Жоғарыда аталған тұжырымдарды талдай отырып, «сақтандыру қызметі» терминіне үш категорияны береміз. Бірінішіден, бұл қатысушылар арасында туындайтын экономикалық мүдделерді қорғау тәсілі болып табылады. Екнішіден, сақтандыру қызметі – қоғамдық қатынастар жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Үшіншіден, сақтандыру қызметі бизнес түрі болып табылады.

Сақтандыру қызметін ұйымдастырудың басты мақсаты – Қазақстан Республикасындағы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін, Қазақстан Республикасының субъектілерін және муниципалдық білімдерін сақтандыру жағдайы туындаған

кезде қорғауды қамтамасыз ету. Сақтандыру қызметін ұйымдастырудың міндеттері:

— Сақтандыру саласында бірыңғай мемлкеттік саясат құру;

— Қазақстан Республикасының азаматтарының және еліміздің аумағында әрекет етуші шаруашылық субъектілерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сақтанддыру қағидаларын бекіту және сақтандыру механихмдерін қалыптастыру.

— Қазақстан Республикасының Сақтандыру қызметі туралы 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126 Заңына сәйкес сақтандыру қызметі нарығының қатысушылары келесілер:

— Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;

— Сақтандыру брокері;

— Сақтандыру агенті;

— Сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы;

— Актуарий;

— Сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды және жеке тұлғалар [1].

Сақтандыру ұйымы – сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде немесе Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын заңды тұлға.

Сақтандыру брокері – сақтанушыныңтапсыруымен сақтандырушымен сақтанидур шартарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының мүддесін білдіретін немесе өз атынан сақтанидыру немесе қайта сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты қызмет көрсету жөніндегі делдалдық қызметті, сонымен қатар сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

Сақтандыру агенті – берілген өкілеттіктеріне сәйкес бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

Актуарий- сақтандыру (қайта сақтанидыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы

деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің, сақтандыру сыйақысы қойылымдарының экономикалық-математикалық есептеулерін жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын, сонымен қатар сақтандыру ұйымы жүргізіп жатқан және жүргізуді жоспарлап отырған сақтандыру түрлерінің пайдалылығы мен кірістілігін бағалауды жүргізетін, уәкілетті органның лицензиясы бар жеке тұлға.

Сақтандыур қызметінің субьектілері – сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымы болып табылады [1].

«Сақтандыру» - «қаржы» және «несие» категорияларымен байланыстырушы белгілеріне байланысты экономикалық категория ретінде тек өзіне ғана тән қызметтерді атқарады. Сақтандырудың қызметтерін жалпы және арнайы деп бөлуге болады:

1) Ақша-қаражатының арнайы сақтандыру қорын құру: міндетті және ерікті формада құрылады. Бұл қызметтер арқылы келесі жағдайлар іске асырылады:

— Банктік және басқа да коммерциялық құрылымдардың қызметіне уақытша бос ақша қаражаттарын инвестициялау;

— Жылжымайтын мүлікке қаражаттар салу;

— Бағалы қағаздарды иемдену және т.б.

2) Заңды және жеке тұлғалардың материалдық қамтамасыз етілуі және шығындардың орнын толтыру. Сақтандыру қорын құруға қатысушылар болып табылатын заңды және жеке тұлғалар ғана шығындардың орнын толтыруға құқығы бар. Осы қызмет арқылы олар сақтық қорғануда өздерінің экономикалық қажеттілігін іске асырады.

3) Сақтандыру оқиғасын алдын ала ескерту және шығындарды төмендету. Бұл қызмет табиғи апаттардың және жағымсыз оқиғалардың жағымсыз салдарын азайтуға немесе болдырмауға байланысты іс-шараларды қаржыландыруы қамтитын шаралар кешенін қарастырады. Осы қызметті іске асыру мақсатында сақтандырушы алдын-ала ескерту іс-шараларын жүргізуде ерекше аушалай қорын құрады. Қорды құрудың көзі ретінде сақтандыру сомасы бойынша сақтандыру төлемдері танылады.

«Қаржы» категориясы өзінің мәнін бөлу функциясы арқылы сипаттайды, бұл функция сақтандырудың арнайы қызметтерінде көрініс табады:

— Тәуекелдік;
— Ескерту;
— Жинақтық;
— Бақылау.

Ескерту фукциясы – сақтандыру тәуекелінің салдарымен дәрежесін төмендетуге және сақтандыру қоры қаражатының бөлігін пайдаланумен байланысты болады.

Жинақтау функциясы – сақтандыру қорын міндетті құру және оның қаражаттарын мақсатты пайдалану ретіндегі, сақтандыру категориясының қасиетін сипаттайды. Бұл функция сақтандырудың жоғарыда айтылған функциялардан шығарды және олармен бір уақытта нақты сақтандыру қатынасында және сақтандыру жағдайларында көрініс табады. Бұл функцияның талаптарына сәйкес сақтандыру операциясын дұрыс жүргізу бойынша қаржылық – сақтандыру баұылауы жүзеге асырылады.

Сақтандыру қызметіне тән үш түрлі көзқарасты қарастыруға болады. Бірінші көзқарас бойынша қаржы жүйесінің дербес буыны ретінде сақтандыруға қаржы категориясының бөлу және бақылау қызметтері тән.

Екінші көзқарас сақтандырудың өзіндік дербес мағынасынан туындайды. В.С. Белых және И.В.Кривошеев экономикалық категория ретінде сақтандырудың келесідей функцияларын қарастырады:

— Аккумулятивтік қызмет – мамандандырылған сақтандыру қорын құру үшін сақтандыру жарнасы түрінде қаражаттарды жинауды қарастырады.

— Өтемақы қызметі - сақтандыру тәуекеліне төлем ретінде азаматтардың шығындарын тқлеу және жеке мүлігін қамтамасыз ету;

— Сақтық қызметі – сақтанушының мүліктерін немесе жеке мүліктік назарын қорғауға, сонымен қатар сақтандыру оқиғасын ескертуге және шығындароды азайтуға бағытталған кешенді шаралар жиыны [11, 32 б].

Үшінші көзқарас кең таралған, мұнда сақтандыруға қаржы категориясы ретінде қаржының қызметтері тән. Қаржының бөлу қызметі сақтандыруда алдын алу, ұалпына келтіру және жинақтау арқылы көрініс табады [12, 98 б].

Екінші топтағы авторлардың көзқарастарын таладсақ, келесі сақтандырудың қызметтерін анықтаймыз:

— Сақтық қызметі;
— Қалпына келтіру қызметі;
— Ескерту қызметі;
— Бақылау қызметі.

Қорғау қызметі – сақтанушы сақтандырушының ұсынған қызметіне сақтанидыру қорғанысы түрінде төлем жасайды және болашақта сақтанушының мүліктік жағдайын қорғауға ықпал етеді. Бұл қызметтің заңдық жағына сүйенсек, сақтандырушы сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтанушыға келісімшарт немесе заңда көрсетілген сақтандыру және басқа де төлемдерін төлеуге міндетті.

Қалпына келтіру қызметі – зардап шегушіге сақтандыру жағдайы орын алған кезде келісімшартта көрсетілген немесе заңда көрсетілген немесе заңда қарастырылған сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін беруді қарастырады.

Ескерту қызметі – сәтсіз оқиғалардың және табиғи апаттардың салдарын болдырмауға немесе азайтуға бағытталған шаралар кешені. Сақтандырушы кейбір сақтандыру оқиғаларының болуы ықтималдығын төмендету жолымен сақтандыру төлемдерін азайтуға тырысады. Соған байланысты сақтандырудың жекелеген түрлерінің тарифтеріне есккерту шаралары қорын құруға арналған аударымдар қосылады.

Бақылау қызметі – сақтандыру қорының қыражаттарың қатаң түрде мақсатты құру және дұрыс қолдануды қарастырады.

Сақтандыру қызметтері және оның мазмұны тығыз байланыстыү Қазіргі кездегі сақтандырудың негізгі қызметтерін төмендегідей бөлуге болады:

— Ақша қаражаттарының мамандандырылған сақтандыру қорын құру;

— Зиянды қтеу және азаматтарды жеке материалдық қамтамасыз ету;

— Сақтандыру оқиғасын алдын алу және шығынды төмендету.

Ақша қаражаттарының мамандандырылған сақтандыру қорын құруда сақтандыру компаниялары тәуекелдерге төлем жасауды өз жауапкершіліктеріне алады. Аталған қор міндетті және ерікті түрде құрылады. Мемлекет экономикалық және әлеуметтік ахуалға байланысты елдегі сақтандыру қызметінің дамуын реттейді.

Сақтандырудың екінші қызметі –зиянды өтеу және азаматтарды жеке материалдық қамтамасыз ету. Мүліктік зиянды өтеу құқығына сақтандыру қорын құруға қатысушы жеке және зеңды тұлғалар ие. Зиянды өтеу тәртібі сақтандыру келімінің шартына сәйкес сақтандыру компанияларымен анықталады және мемлекет тарапынан реттеледі.

Сақтандыру оқиғасын ескерту және зиянды төмендету – кешенді шаралардан тұрады, оның ішінде сәтсіз оқиғалардың, табиғи апаттардың кері салдарын болдырмау немесе оның көлемін азайту бойынша шараларды қаржыландыру.

Қорытындылай келгенде сақтандыру дегеніміз - өзіндік ерекше белгілері бар және өзіне ғана сай қызметті атқаратын дербес экономикалық категория.

Жоғарыда айтылғандай сақтандыру нарығының негізгі қатысушылары сақтандырушы мен сақтанушы болып табылады. Нарықтық қатынасқа түскеннен кейін олардың арасында тәуекелдерді сатып алу – сату сияқты экономикалық қатынастар пайда болады.

Түрлі әдебиеттерде ғалымдар сақтандыру нарығына әртүрлі анықтамалар береді:

— К.Н. Пылов сақтандыру нарығын былай сипаттайды: «сақтандыру нарығы – сақтандыру қызметтеріне сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру саласы» [13, 65 б].

— В.В. Шахов сақтандыру нарығына мынадай анықтама береді: «сақтандыру нарығы дегеніміз сатып алу – сатудың негізгі объектісі сақтандыру қорғанысы болып табылатын және оған сұраныс пен ұсыныс қалыптасатын экономикалық қатынастар саласы, ерекше әлеуметтік-экономикалық орта» [6, 45 б].

— К.Е.Турбина сақтандыру қызметінің мәнін қысқаша түсіндіреді: «сақтандыру нарығы - қызметтерді сатумен байланысты қоғамдық қатынастар жүйесі» деген анықтама берілді [14, 156 б].

Осы аталған анықтамаларды талдай келе, сақтандыру қызметінің келесідей құрамдас бөліктерін қарастырады. Сақтандыру қызметі – бұл сатып алушы мен сатушы арасындағы қоғамдық-экономикалық қатынастар жүйесі, яғни сатып алу-сату кезінде туындайтын сақтандыру қызметі субъектілері арасында пайда болады. Сатып алу – сату затының мәселесі. Аталған анықтамада айтылғандай сатып алу-сату сақтандыру объектісіне сақтандыру қорғанысы, сақтандыру өнімі, сақтандыру қызметі жатады.

Сонымен «сақтандыру қызметі», «сақтандыру өнімі» және «сақтандыру тауары» деген ұғымдардың айырмашылықтарын қарастырайық. В.Б. Гоммель және Д.С. Туленты бұл ұғымдардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын қарастырған. Біздің пікіріміз бойынша, «сақтандыру қызметі», «сақтандыру өнімі» және «сақтандыру тауары» ұғымдары жақын ұғымдар, сонымен қатар бір-бірінен ерешелінеді және олардың арасынан белгілі иерархияны көруге болады. «Сақтандыру өнімі» - әртүрлі кездейсоқ және қолайсыз жағдайлардың салдарынан экономикалық қорғауды іске асыратын адам қызметінің нәтижесі. Сақтандыру өнімі сақтандыру қорғанысы немесе сақтандыру қызметінен көрініс табады.

Сақтандыру қызметі сақтандыру тауары болмауы мүмкін, егер ол сатылмаса немесе сатып алынбаса, және егер оны сақтандырушы сату үшін өндірсе және ұдайы болса сақтандыру тауары болуы мүмкін. Қорытындылай келгенде сақтандыру қызметі мен өнімін қазіргі кезде нақты және дәл сипаттайтын ұғым ол «сақтандыру тауары».

Осы аталған анықтамалармен келісе отырып, сақтандыру өнімінің құрылуының қағидаларын анықтайық. Бұл қағидалар қрғам дамуының нақты заңдарына, экономикалық заңдарға сүйенеді. Нарықта сатылу үшін ұсынылып отырған еңбек өнімі

ретінде ол нақты еңбекті және құнды, абстрактілі еңбекті сипаттайтын тұтынушылық құнға ие болады.

Сақтандыруда өнім құру ерекшелігі сақтандыру қызметінің тәуекелдік және ықтималдық сипатымен байланысты. Сақтандыру өнімінің құнын есептегенде сақтандырушы тек қана сақтандыру қорғанысының тарифіне бекітілген құннан хабардар болуы керек. Сол себепті сақтандыру өнімін құруда сақтандырушының өз жауапкершілігіне алатын тәуекелдік құнын есептеуде шамалаушы математикалық есептеулеп қолданылдаы. Тәуекелдіктің құнын сандық бағалау өз кезегінде актуарлық есептеулермен жүзеге асады. Нәтижесінде сақтандыру өнімінің бірлігі ықтималдық теориясына сүйенеді.

1.2. Сақтандыру қатынастарының экономика саласындағы негіздері

Сақтандыру қатынастарының алғашқы белгілері Жерорта теңізі аймағында шамамен б.э.д. III мың жылдықта теңіз саудасында пайда болған.

Мәскеулік Русьте (XIII-XVI ғғ.) сақтандыру формасы ретінде тұтқындарды босатып алу (сатып алу) үшін арнайы қорлар құру қолданылды.

Сақтандыру өзінің қазіргі формаларын XVII ғасырдың ортасында Англияда қабылдады. Мұнда сондай-ақ алғашқы кәсіпқой сақтандырушылар пайда болды.

Ресей империясында отандық сақтандыру 1786 жылы мемлекеттік монополия ретінде (Мемлекеттік қарыздар бойынша банкке бағынышты сақтандыру экспедициясы) қалыптасты. 1827 жылы алғашқы сақтандыру ұйымы – «Бірінші ресейлік өрттен сақтандыру қоғамы».

Бұрынғы КСРО-да сақтандыру КСРО Мемлекеттік сақтандырудың Бас басқармасы түріндегі мемлекеттік монополия формасында қызмет етті. Сақтандырудағы кеңес дәуірінің басы ретінде РСФСР Совнаркомының 1921 жылғы 6 қазандағы «Мемлекеттік мүліктік сақтандыру туралы» декреті қарастырылады.

Қазақстан территориясында сақтандыру РСФСР Совнаркомының аталған декретін жүзеге асырғаннан кейін 1922 жылдан бастап жаппай барлық жерде дами бастады. 1990 жылдың басынан Қазақстан Республикасында сақтандыру монополиясы жойылып, сақтандыру қызметі мемлекеттік және жеке ұйымдармен жүзеге асырыла бастады.

Сақтандыру қатынастарының пайда болуының заңдық негіздері

Сақтандырудың тәуекелдік алғы - шарттары. Тәуекелдердің (қауіп-қатерлердің) алуан түрлі болуы, олардың кездейсоқ сипаты және ауыр салдары, превентивті (ескерту) әдістер арқылы тәуекелдерді болдырмаудың мүмкін еместігі адамдардың өндірістік және басқа да қызметтерінің, сондай-ақ олардың жеке өмірінің тәуекелді (қауіпті) сипатын анықтайды (IV-тарауды қараңыз).

Сақтандырудың құқықтық алғы - шарттары.

- Заң бойынша меншік иесі өзінің қарамағындағы мүліктің ауыртпалығын және оның кездейсоқ бүлінуінің немесе жоғалуының тәуекелін өз мойнына алады (ҚР Азаматтық кодексінің 189,190-баптары).
- Келісім-шарттық міндеттемелерді тиісті тәртіппен орындау туралы заңды талаптар бар (ҚР Азаматтық кодексінің 272 бабы).
- Ерікті кәсіпкерлік өз қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілік тартуды да қарастырады (ҚР Конституциясының 26-бабы).
- Ақысыз медициналық қызметтердің және еңбекке жарамсыздығын өтеу көлемдерінің шектеулі болуы.
- Ақысыз арнайы білім алу мүмкіндіктерінің шектеулі болуы.
- Кінәлі тұлғаның зақымданушыға толық көлемде зиянның орнын толтыру туралы заң талаптары (ҚР Азаматтық кодексінің 917-бабы).
- Нақты бір жеке немесе заңды тұлғаның сақтандыруға деген заңды материалдық мүддесінің, яғни сақтандыру мүддесінің бар болуы.

- Сақтанушының мүдделеріне зиян келтіре алатын нақты бір оқиғаның, яғни сақтандыру тәуекелінің кездейсоқ ықтималыдығының болуы.

Қаржы және несие жүйесіндегі сақтандырудың орны

Ақшалай формада жүзеге асырыла отырып, заңды актілермен экономикалық қатынастарды бекіте отырып, сақтандыру «қаржы» және «несие» категорияларына жақын, сонымен қатар, ол экономикалық категория ретінде өзіне ғана тән функцияларды атқарады және өзіндік дербес рөл атқарады (II-тараудың 4-сұрағын қараңыз).

Сақтандырудың нарықтық экономикадағы қажеттілігін анықтайтын себептер

- Кезкелген өндірістік қызметтің немесе қызмет түрінің (кәсіпкерліктің) тәуекелді (қауіп-қатерлі) сипаты.
- Шығындардың (зияндардың) орнын толтыру қажеттілігі.
- Мемлекеттің бюджет қаражаттары есебінен азаматтар мен шаруашылық субъектілерінің материалдық шығындарының орнын толтырудан бас тартуы.
- Бірқатар әлеуметтік бағдарламаларды бюджеттік қаржыландырудан мемлекеттің бас тартуы (ақысыз медициналық көмек және білім, уақытша еңбек қабілетсіздігін толық төлеу, зейнетақы төлеу және т.б.).
- Сақтандыру резервтерінің уақытша бос қаражаттарын экономикаға инвестициялау мүмкіндігі.

*Сақтандырудың спецификалық экономикалық категория ретіндегі анықтаушы белгілер***і**

- Қолайсыз жағдайлардың болжамдауға келмейтін, сонымен қатар ықтималды сипаты.
- Нақты және/немесе ақшалай формада есептеуге болатын зиянның (шығынның) айтарлықтай, кейде жағымсыз көлемдері.
- Материалдық және басқа да шығындардың орнын толтыру арқылы қолайсыз жағдайларды ескерту немесе болдырмаудың объективті қажеттілігі.

Сақтандыру, қаржы және несие категорияларының ортақ белгілері мен айырмашылықтары

Сақтандыру мен қаржының ортақ белгілері:

- Қатынастардың ақшалай формасы.
- Табыстарды қайта бөлу процесіне қатысуы.
- Мақсатты ақша қорларын қалыптастыру және қолдану.

Сақтандыру мен несиенің ортақ белгілері:

- Сақтандыру сыйақыларының (сақтандыру жарналарының) қайтарымдылығы.
- Жинақтау (сақтандыру) функциясы (осы тараудың 6-сұрағын қараңыз).

Сақтандырудың қаржы мен несиеден айырмашылығын көрсететін ерекшеліктері:

- Қайта бөлу қатынастарының сақтандыру процесіне қатысушылар арасындағы жабық сипаты.
- Сақтандыру төлемдерінің ықтималды сипаты (жинақтау сақтандыру келісімдерінен басқаның барлығы).
- Сақтандыру төлемдерінің адрес бойынша бағытталуы.
- Мақсатты ақша қорлардың қаражаттарын халықаралық деңгейде қайта бөлуді тек қана қайта сақтандыру арқылы жүзеге асыру.

Резервтік қорлардың экономикалық мәні және маңызы

Резервтік қорларды қалыптастырудың экономикалық мәні табиғи апаттардың және басқа да қолайсыз жағдайлардың нәтижесінде азаматтарға және шаруашылық субъектілеріне тиген шығындардың және басқа да зияндардың орнын толтырудың объективті қажеттіліктерімен негізделеді.

Резервтік қорлар мына жағдайлар үшін қажет:

- Күтпеген оқиғалардың салдарынан болған жеке және заңды тұлғалардың тартқан шығындарының орнын толтыру.
- Өнеркәсіптік және ауылшаруашылық өндірісінің үздіксіз және ұдайы жұмысын қамтамасыз ету.
- Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Резервтік қорларды қалыптастыру көздері:

- Қосылған құнның бір бөлігі (әлеуметтік сақтандыру қорынан басқаның барлығы)
- Қажетті өнімнің бір бөлігі - әлеуметтік сақтандыру қорына қаражаттар аудару барысында.

Резервтік қорларды қалыптастыру әдістері:

▪Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған.

▪Натуралдық және ақшалай.

▪Өзін-өзі сақтандыру және сақтандыру.

Сақтандырудың функциялары:

▪Тәуекелдік – сақтандыру қорларын қалыптастыру және шығынның (зиянның) орнын толтыру.

▪Ескертушілік – превентивті (ескерту) шараларды жүргізу.

▪Жинақтаушы – өмірді және аннуитеттерді сақтандырудың ұзақ мерзімді келісімдері бойынша ақша қаражаттарын жинақтау.

▪Бақылау – сақтандырушы тарапынан сақтанушының келісім-шарттарын орындауын қадағалау.

▪Инвестициялық – сақтандыру қорының уақытша бос қаражаттарын инвестициялық ресурстар ретінде қолдану.

Мысалы: *Мүліктік және жеке сақтандырудың экономикалық мәні және арналымы мынада:*

▪Мүліктік сақтандыру – жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, сондай-ақ мүліктік мүдделерді сақтандыру.

▪Жеке сақтандыру - өмірді, денсаулықты, еңбек қабілетін және адамның жеке басымен байланысты басқа да мүдделерді сақтандыру.

1.3. Сақтандыру ісін кластерлік жүйелерін анықтау

Мысалы, өмірді сақтандыру сақтандырылған тұлға қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі біткенге дейін немесе сақтандыру шартында белгіленген жасқа дейін өмір сүрген жағдайларда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы.

Аннуитеттік сақтандыру сақтандырылған тұлғаның белгілі бір жасқа жетуі, еңбек қабілетінен айрылуы, жұмыссыздық немесе өзге де жағдайларда, яғни жеке табыстардың төмендеуі немесе жоғалуы жағдайларында зейнетақылар мен ренталар түрінде мерзімді сақтандыру төлемдерін қарастыратын жеке сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Өмірде белгілі бір оқиғаның басталуынан сақтандыру сақтандырылған тұлғаның өмірінде алдынала ескерілген оқиға (неке қию немесе балалы болу) басталған жағдайларда тіркеулі сомада сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру көзделетін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру инвестициялық қызмет нәтижесінде сақтандыру ұйымы қосымша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру не сақтандыру сомасын арттыру арқылы алатын табысқа сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның, пайда алушының) қатысуы талап ете отырып, сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда (немесе сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін, немесе белгілі бір жасқа жеткен жағдайда) тіркелген сомада сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады. Инвестициялық қызмет нәтижесінде сақтандыру ұйымы алатын кірістерге сақтандырылған тұлғаның (пайда алушының) қатысу тәртібі құзіретті органның нормативтік-құқықтық актілерімен анықталады.

Жазатайым (қолайсыз) жағдайлардан сақтандыру - сақтандырылған тұлға жазатайым жағдайлардың, аурудың салдарынан қаза болған, еңбек қабілетінен айрылған немесе денсаулығына зиян келген жағдайларда, оның шығындарының орнын толтыру үшін тіркелген сомада сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Ауырған жағдайдан сақтандыру - сақтандырылған тұлғаның науқастануына немесе оның денсаулығына өзге де нұқсан келуіне байланысты оның шығындарын жабу үшін тіркелген сомада сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Көлік құралдарын сақтандыру - көлік құралын иеленуге, пайдалануға немесе билік етуге байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне көлік - құралының ұрлануы, оның зақымдануы

немесе жойылуы салдарынан келтірген зияндардың орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Жүктерді сақтандыру жүкті, соның ішінде қол жүктерін, тауарларды және өнімнің басқа түрлерін де, иеленуге, пайдалануға немесе басқаруға байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне жүктің зақымдануы, жойылуы, жоғалып кетуі салдарынан келген зияндарды жабу үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Мүліктік сақтандыру қандай-да бір мүлікті иеленуге, пайдалануға немесе билік етуге байланысты тұлғаның мүліктік мүдделеріне мүліктің зақымдануы, жойылуы, ұрлануы, жоғалуы салдарынан болған шығындардың орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Көлік құралдары (автокөлік, су көлігі, әуе көлігі құралдары) иелерінің АҚЖ сақтандыру (тасымалдаушының жолаушылар алдындағы АҚЖ сақтандыруды қоса алғанда) үшінші тұлғаларға өзінің көлік құралын пайдалану барысында келтірген зияндарды өтеу міндетіне байланысты шығындардың орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Көлік құралдары иелерінен басқа тұлғалардың (нотариустардың, аудиторлардың және аудиторлық компаниялардың, туроператорлардың және турагенттердің және т.с.с.) АҚЖ сақтандыру барлық тәуекелдерді сақтандыру салдарынан үшінші тұлғаларға келтірген зиянды өтеу міндетіне байланысты шығындардың орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды қарастыратын сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Қарыздарды сақтандыру - сақтанушының (қарыз алушының) кредитор алдындағы міндеттемелерді орындамауы салдарынан кредиторға келтірген зияндардың орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Ипотекалық сақтандыру ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша кепілдік ретінде мүлік қарастырылатын тұрғын үйдің нарықтық құны төмендеген жағдайда қарыз алушының тұрғын үй қарызының шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан кредитордың мүліктік мүдделеріне келтірген зиянның орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру - берілген кепілдіктер мен кепілдемелерді орындау міндеті салдарынан кепілдік (кепілдеме) берген тұлғаның мүліктік мүдделеріне келтірген зиянның орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрі болып табылады.

Басқа да қаржылық шығындарды сақтандыру - қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде жұмыстың тоқтап қалуы, табыстардың жоғалуы, қолайсыз табиғи құбылыстардың, тұрақты шығындардың, күтпеген шығындардың, нарықтық құнның төмендеуі немесе жоғалуы және басқа да шығындардың салдарынан келген зиянның орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Сот шығындарын сақтандыру – сақтанушының (сақтандырылған тұлғаның) соттың істі қарауына байланысты олардың көтерген шығындары салдарынан келген зиянның орнын толтыру үшін сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Келісім-шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға, келісім-шарт міндеттерін бұзғаны үшін шығынды қайтаруын қарастыратын сақтандырудың түрлері кіреді.

Зиян келтірген үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға үшінші тұлғаның келтірген шығынын жабуын қарастыратын сақтандырудың түрлері кіреді.

Ал, сақтандыру классификациясы бүкіл сақтандыру қатынастарының жиынтығын бір-бірімен иерархиялық тәуелділік бойынша өзара байланысты буындарға бөліп көрсетеді және сақтандыру классификациясының принциптері мынадай болады:

1-кесте

Сақтандыру түрлерінің жіктелуі

Сақтандыру саласы	**Ішкі сала (класс)**	**Сақтандыру түрлері (ішкі түрлері)**
1. Жеке сақтандыру	1.1. Өмірді сақтандыру 1.2. Анниутитеттік сақтандыру 1.3. Еңбек қабілеті мен денсаулықты сақтандыру	1.1.1. Өмірді аралас түрде сақтандыру 1.1.2. Балаларды сақтандыру 1.2.1. Зейнетақыны сақтандыру 1.2.2.Табысты сақтандыру 1.3.1. Кездейсоқ жағдайлардан сақтандыру 1.3.1.1. Өндірістегі кездейсоқ жағдайлардан сақтандыру 1.3.2. Медициналық сақтандыру
2. Мүліктік сақтандыру	2.1.Заңды тұлғалардың мүлкін сақтандыру 2.2.Жеке тұлғалардың мүлкін сақтандыру.	2.1.1. Ғимаратты сақтандыру 2.1.2. Өнімді сақтандыру 2.1.2.1. Астықты сақтандыру 2.2.2.Үй мүліктерін сақтандыру 2.2.3. Көлік құралдарын сақтандыру 2.2.3.1. Автокөліктерді сақтандыру
3.Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	3.1.Заң бойынша келісілген АҚЖ сақтандыру 3.2.Келісім шартта қарастырылған АҚЖ сақтандыру	3.1.1. Көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру 3.1.1.1. Автокөлік иелерінің АҚЖ сақтандыру. 3.1.2. Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы АҚЖ сақтандыру. 3.2.1. Қарыз иелерінің АҚЖ сақтандыру. 3.2.2. Орналастыру келісім-шарттары бойынша АҚЖ сақтандыру.
4.Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру	4.1.Өндірістік процесті сақтандыру 4.2.Коммерциялық тәуекелдерді сақтандыру.	4.1.1. Өндірістің тоқтап қалуын сақтандыру. 4.1.2. Жаңа техниканы (технологияны) енгізу тәуекелін сақтандыру. 4.2.1. Несие тәуекелін сақтандыру.

Ескерту: 1. АҚЖ және кәсіпкерлік тәуекелдер, басқа да жіктеулер (мысалы, ҚР Азаматтық кодексінің 809-бабы) мүліктік сақтандырудың ішкі саласына (класс) жатады.

2. Кейбір ғалымдар жеке салаға әлеуметтік сақтандыруды жатқызады (зейнетақы, ауру, жұмыссыздық және т.б. бойынша төлемдер). Дегенмен, әдетте әлеуметтік сақтандыруды мемлекет жүргізетінін ескере отырып, оның сақтандыру ұйымдарымен жүргізілуі кезінде ол жеке сақтандыру формасын қабылдайтындықтан әлеуметтік сақтандыруды сақтандыру саласы ретінде қарастырылмайды.

Сақтандыру объектісі бойынша

- Сала – жіктеудің жоғарыы буыны, оның негізінде сақтандыру объектілеріндегі принциптік айырмашылықтар жатады.
- Ішкі сала (класс) – жіктеудің орта буыны, оның негізінде сақтандыру объектілерінің біртекті белгілері бойынша топтау жатады.
- Түр – жіктеудің төменгі буыны, сақтандырудың нақты бір текті объектісі (бір текті объектілер тобы). Сақтандыру түрлері сақтандыру объектісінің нақты белгілеріне қарай ішкі түрлерге бөлінуі мүмкін.

Қауіп қатер сипаты бойынша сақтандыру төмендегідей түрлерге бөлінеді*:*

- табиғи апаттар мен өрттен сақтандыру;
- егіндерді және өсімдіктерді зиянкестілерден, аурулардан, қолайсыз ауа-райы жағдайларынан сақтандыру;
- жануарларды жойылып кету қаупінен сақтандыру;
- көлік құралдарының барлық түрлерін апаттар мен басқа да жағдайлардан сақтандыру;
- авария мен апаттардан (катастрофалардан) сақтандыру;
- қаржылық тәуекелді сақтандыру.

Сақтандыруды жүргізу формасы бойынша төмендегідей түрлерге бөлінеді:

- заң талаптарына сәйкес жүргізілетін міндетті сақтандыру
- адамдардың өз еркімен жүргізілетін ерікті сақтандыру

Сақтанушылардың категориялары бойынша:

- заңды тұлғалар-өнеркәсіптік кәсіпорындар, ауыл-шаруашылық кәсіпорындары, ұйымдар және т.б.
- жеке тұлғалар – өнеркәсіп қызметкерлері, ауылшаруашылық қызметкерлері, жеке кәсіпкерлер және т.б.

Сақтандыру мерзімі бойынша:

- Қысқа мерзімді – сақтандыру шартының қолданылу мерзімі 1 жылға дейін (кейде 1 жылдан астам), сақтандыру сыйақысы бір жолғы жарнамен немесе 2-3 кезеңге мерзімін ұзартып төленеді, сақтандыру жинақтаушы (жинақ) қызметін атқармайды.
- Ұзақ мерзімді - сақтандыру шартының қолданылу мерзімі 3-5 жылға дейін, сақтандыру сыйақысы сақтандырудың барлық мерзіміне кезеңдік жарнамен төленеді (сақтандырудың барлық кезеңіне бір жолғы жарнамен де төленуі мүмкін), сақтандыру жинақтаушы (жинақ) қызметін атқарады.

Өндіріс салалары бойынша:

- Өнеркәсіптік сақтандыру
- Ауылшаруашылығын сақтандыру
- Көліктік сақтандыру
- Туризмді сақтандыру.

Халықаралық практикадағы сақтандыру классификациясы:

Еуропалық экономикалық қауымдастықта әрекет етуші классификация.

Ұзақ мерзімді сақтандыру:

- 1-класс. Аннуитеттік және өмірді сақтандыру
- 2-класс. Некеге тұру мен баланың өмірге келуін сақтандыру.
- 3-класс. Ұзақ мерзіммен байланысты сақтандыру.
- 4-класс. Үздіксіз денсаулықты сақтандыру.
- 5-класс. Тонтиндер
- 6-класс. Капитал салымдарын сақтандыру
- 7-класс. Зейнетақыны сақтандыру.

Басты (негізгі) сақтандыру:

- 1-класс. Қолайсыз (апатты) жағдайларды сақтандыру
- 2-класс. Ауырған жағдайда сақтандыру

- 3-класс. Автокөліктерді сақтандыру.
- 4-класс. Темір жолдағы жылжымалы құрамды сақтандыру
- 5-класс. Әуе көлігін сақтандыру
- 6-класс. Кемелерді сақтандыру
- 7-класс. Жолдағы жүкті сақтандыру
- 8-класс. Өрттен және табиғи апаттардан сақтандыру
- 9-класс. Мүлікті зияннан (шығыннан) сақтандыру
- 10-класс. Көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандыру
- 11-класс. Әуе көлігі иелерінің азаматтық жауапкершілігін сақтандыру.
- 12-класс. Көлік жүргізушінің азаматтық жауапкершілігін сақтандыру.
- 13-класс. Жалпы жауапкершілікті сақтандыру.
- 14-класс. Несиелерді сақтандыру
- 15-класс. Жалдамалы жұмысшылардың қасақана әрекеттерімен байланысты жұмыс берушілердің қаржылық шығындарын сақтандыру
- 16-класс. Басқа да қаржылық шығындарды сақтандыру
- 17-класс. Сот шығындарын сақтандыру.

Сонымен қатар сақтандыру классификациясының өзге де принциптері қолданылады. Мысалы; үш салалы классификация: жеке сақтандыру, мүліктік сақтандыру, жауапкершілікті сақтандыру. Салалардың ішінде сақтандырудың түрлері бөлініп шығады.

Белгілі бір классификацияны таңдау сақтандыру қызметін лицензиялау тәртібін анықтау кезінде маңызды болып табылады және ұлттық сақтандыру заңында бекітіледі.

Қазақстан Республикасы заңнамасындағы сақтандыру классификациясы:

Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінде (809 бап)

- Жеке сақтандыруға өмірді сақтандыру, денсаулықты сақтандыру, еңбек қабілетін және азаматтардың жеке өмірімен байланысты басқа да процестерді сақтандыру жатады.

▪ Мүліктік сақтандыруға мүлікті сақтандыру және олармен байланысты мүдделерді, сонымен қатар кәсіпкерлік тәуекелдерді және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру жатады.

Қазақстан Республикасындағы «Сақтандыру қызметі туралы» заңында:

▪ «Өмірді сақтандыру» саласы сақтандырудың ерікті түрдегі келесі кластарын құрамына енгізеді:

1) Өмірді сақтандыру.
2) Аннуитеттік сақтандыру.
3) Өмірде белгілі бір оқиғаның басталуынан сақтандыру.
4) Сақтандырушының инвестициялық кірісіне сақтанушының қатысуымен өмірді сақтандыру.

▪ «Жалпы сақтандыру» саласы сақтандырудың ерікті түрдегі келесі кластарын құрамына енгізеді.

1. Жазатайым (қолайсыз, апатты) жағдайлардан сақтандыру.
2. Ауырған жағдайдан сақтандыру.
3. Автокөліктерді сақтандыру.
4. Темір жол көлігін сақтандыру.
5. Әуе көліктерін сақтандыру.
6. Су көліктерін сақтандыру.
7. Жүктерді сақтандыру.
8. Мүлікті сақтандыру (3-7 пункттердегі кластарды қоспағанда).
9. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.
10. Әуе көліктері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.
11. Су көліктері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру.
12. Осы тізімдегі 9-11 пункттердегі кластарды қоспағандағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру.
13. Қарыздарды сақтандыру.
14. Ипотеканы сақтандыру.
15. Кепілдіктерді сақтандыру.
16. Басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру.

17. Сот шығындарын сақтандыру.

Міндетті сақтандырудың әрбір түрі сақтандырудың жеке кластары болып саналады.

1.4. Жалпы сақтандырудың негізгі шарттары

Сақтау шарты - дегеніміз бір тарап өзіне екінші тарап өткізген мүлікті сақтауға және сақтаулы қалпында қайтарып беруге міндеттенетін, ал жүк беруші сақтауға сапалы және белгіленген тауар мөлшерін белгілі бір мерзімге өткізуге міндеттенетін келісім.

Бұл шарт екі жақты, сондықтанда нақты болады. Ол келісімдерге қол жеткізуге байланысты ғана емес, мүлікті сақтауға өткізгеннен соң ғана жасалады деп есептеледі.

Сақтау жекелеген жағдайларда заңда немесе шартта көзделген ақылы сипатқа ие. Мысалы, жарғы міндеті бойынша мүліктерді сақтау мақсат болып табылатын ұйымдарға сақтағаны ақы төленеді.

Шартты тараптары сақтаушылар және жүк берушілер болып табылады

Жүк сақтаушылар - дегеніміз мүліктерді сақтауға қабылданған тұлғалар. Мысалы, ломбардтың негізгі міндеті мүліктерін сақтау үшін азаматтарға мүмкіндік беру.

Ұйымдар сақтап берудің басқа да түрлерін, мысалы, тұрмыстық қызмет көрсету аясында ұйымдар мен кәсіпорындардың гардеробтарында сырт киімдерді сақтауды, вокзалдардың жүк қоймаларында азаматтардың жеке заттарын сақтап беруді, банктерге және т.б. халықтың жеке заттарын сақтап беруді жүзеге асырады және сақтаушы болып табылатын басқа да арнаулы ұйымдар: элеваторлар, мұздатқыштар, қоймалар және т.б. бола алады.

Жүк берушілер - дегеніміз мүліктері жедел басқаруда және шаруашылықтық жүргізуде болатын мүлік иелері немесе мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, азаматтар немесе кооперативтік ұйымдар.

Сақтап берушінің негізгі міндеті - мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдау болып

табылады. Атап айтқанда, мүліктің ұрланбауы, бұзылуға жібермеуі керек, белгіленген мерзімде мүлікті тұтас және сақталуы күйінде жүк берушіге немесе оның нұсқауымен үшінші тұлғаға өткізуі тиіс.

Жүк беруші қабылдау – тапсыру құжаттарының негізінде сақталуға өткізілетін мүліктің қасиеттері жөнінде ескерте отырып, сақтаушыға белгіленген мерзімде өткізуге, қажетті жағдайларда тарифпен немесе шартты байланысты сақтап берушіге ақы төлеуге, ал егер сақтау ақысыз болса, мүлікті сақтауды қамтамасыз етуге байланысты шығындарды төлеуге міндетті. Заң, сондайақ шартта көрсетілген бітісімен жүкті берушінің сақталудағы мүлік кері қайтарып алуын міндеттейді. Алайда заттарды сақтауға берген тұлға шартта көзделген сақтау мерзімінің бітуін күтпестен, сақтаудағы жүгін кез келген талап етуге құқылы.

Сақтау шарты бойынша тараптардың жауапкершілігі оның мазмұнынан туындайды.

Егерде сақтап беру кәсіптік міндеті ретінде сақтап беруші ұйымның жарғылық қызметінде болса, онда оның жауапкершілігі елеулі түрде өседі. Мұндай ұйымдар мүліктің жоғалғаны, жетпегені және зақымдағаны үшін оларға еңсерілмейтін күштер себеп болған жағдайда ғана жауапкершіліктен босатылады.

Сақтау шарты жоқ болған жағдайда мүліктің жоғалғаны немесе зақымданғаны үшін ұйымның беретіндігі көзделген.

Сақтауға берілген жүктің қасиеті нәтижесінде болған залалдар егер ол жөнінде жүк беруші сақтаушыға ескертпесе, онда жүк берушіден өндіріледі.

Сақтау шартының жалпы сипаттамасы:

1. Сақтау шартының түсінігі.
2. Сақтау шартының тараптары және олардың жауапкершілігі.
3. Мемлекеттік сақтандыру ұғымы және оның түрлері.

Сақтау шарты – бір тарап (сақтаушы) оған екінші тараптың (жүк берушінің) берген затын сақтауға және бұл затты сақталған күйінде қайтаруға міндеттенетін келісім. Сақтау шарты - зат сақталуға берілген кезден бастап жасалды деп

танылады. Бұл шарт екі жақты, сондықтан да нақты болады. Шарттың тараптары сақтаушылар және жүк берушілер болып табылады.

Жүк сақтаушылар - дегеніміз мүліктерді сақтауға қабылданған тұлғалар (азаматтар мен ұйымдар). Мысалы: Ломбардтың негізгі міндеті, мүліктерін сақтау үшін азаматтарға мүмкіндік беру. Сақтаушы ұйымдардың қызметі тұрмыстық қызмет көрсету аясындағы ұйымдар мен кәсіпорындардың гардеробтарында сырт киімдерді сақтауды, вокзалдардың жүк қоймаларында азаматтардың жеке заттарын сақтап беруді, банктерге және т б халықтың жеке заттарын сақтап беруді жүзеге асырады. Сақтаушы болып табылатын өзге де арнаулы ұйымдары: мұздатқыштар, қоймалар және т.б. бола алады.

Жүк берушілер - дегеніміз мүліктерді жедел басқаруда және шаруашылықты жүргізуде пайдаланатын мүлік иелері немесе мемлекеттік мекемелер, кәсіпорындар, азаматтар немесе кооперативті ұйымдар.

Сақтап берушінің негізгі міндеті мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдау қабылдау болып табылады.

Атап айтқанда мүліктің ұрланбауы, бұзылуға жібермеуі керек, белгіленген мерзімде мүлікті тұтас және сақталуы күйінде жүк берушіге қайтаруы тиіс.

Жүк беруші жүк қабылдап алған кезде – тапсыру құжаттардың негізінде сақталуға өткізілетін мүліктің қасиеттері жөнінде ескере отырып, мүлікті қабылдау, шартқа байланысты сақтап берушіге ақы төлеуге, мүлікті сақтауды қамтамасыз етуге байланысты шығындарды төлеуге міндетті. Заң, сондайақ шартта көрсетілген мерзім бекітілісімен жүкті берушінің сақталудағы мүлікті кері қайтарып алуын міндеттейді. Алайда, заттарды сақтауға берген тұлға шартта көзделген сақтау мерзімінің бітуін күтпестен, сақтаудағы жүгін кез келген уақытта талап етуге құқылы.

Сақтанушы – сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға.

Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті тұлға.

Осы «Сақтандыру ісі» курсының пәні – болашақ мамандармен қаржылық институттардағы басшылардың сақтандыру ісін сапалы ұйымдастыруды оқып–үйренулері үшін арналған. Оқулықтың негізгі мақсаты - сақтандыру нарығында компаниялар мен қаржылық институттардың араларындағы жетістіктерді мықтылап, өзара қойылған жетістіктерге сақтандыру жүйесі арқылы экономикалық–әлеуметтік қарым–қатынастарды тиімді реттеуді үйрене отырып, экономика саласында сақтандыруды жоспарлау мен оны басқаруды ұйымдастыруды оқып–үйренудің негіздері қаланады. Сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметінің дамуына кері әсер ететін факторлар қатарына инвестициялаудың әлеуетті объектілері жөнінде ашық ақпараттың жетіспеушілігін жатқызуға болады, мұның өзі салымдардың тиімділігінің болжамдарының дұрыс болмауына және қор нарығы субъектілерінің қызметінде мемлекеттік бақылаудың жетіспеушілігіне әкеп соғады.

Қазіргі сақтандырудың инвестициялық нарығында қалыптасқан жағдай сақтандырудың жаңа міндетті түрлерін енгізудің тиімділігіне және өмірді ұзақ мерзімді сақтандыру үдерісінің дамуына да кері әсерін тигізуі мүмкін. Әлеуметтік тиімділік, оның ішінде халықты әлеуметтік қорғау күшейтілгенімен, сақтандыру қызметінің жаңа түрін енгізуден келетін экономикалық тиімділігін күтілетін нәтижеден әлдеқайда төмен болуы мүмкін. Басты себеп – ішкі және сыртқы факторлардың жағымсыз әсерлерін төмендету механизмінің жоқтығымен сипатталатын сақтандыру компанияларының тиімсіз инвестициялық саясаты.

Сақтандырушылардың инвестициялық қызметін жеделдету мүмкіндігінің төмендігі сақтандыру маркетингінде сұранымның дамуы және өмірді ұзақ мерзімге сақтандыруды қанағаттандырудағы негізгі кедергі болып табылады. Көпшілікке мәлім, өмірді ұзақ мерзімге сақтандыру үдерісіндегі келісім-шарт жасау кезінде сақтандыру компаниясы төленетін сақтандыру сыйақысына анықталған пайыздық есептеуді өз міндетіне алады. Инвестиция нарығындағы тұрақсыз жағдай өз

міндеттемелерін орындамауға, қаржылық тұрақтылықтың төмендеуіне, тіпті сақтандыру компанияларының өтімділігінің жоғалуына әкеп соғады.

Макроэкономикалық тұрақтылық үшін қажетті қаржы резервтерін құра отырып, сақтандыру техногенді және экологиялық оқиғалар кезіндегі өндірістік күштердің қалпына келуі мен дамуына көмегін тигізеді, мемлекеттің болжанбаған шығындарын қысқартады, инфляциялық фактордың әрекетін темендетеді, тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс пен ұсыныс ара қатынасын оңтайландырады.

1.5. Сақтандыру ісінің экономикадағы рөлі

Экономикалық категория ретінде сақтандыру – бұл ақша қаражаттарының мақсатты қорларын (сақтандыру резервтерін) қалыптастыру формалары мен әдістерін және оларды түрлі күтпеген қолайсыз жағдайлар нәтижесіндегі зияндардың орнын толтыру, сондай-ақ азаматтардың өміріндегі белгілі бір оқиғалардың (сақтандыру жағдайларының) орын алуына байланысты көмек көрсету үшін қолдану тәртібін қамтитын экономикалық қатынастар жүйесі болып табылады.

Сақтандыру - сақтандыру жағдайы немесе сақтандыру келісімінде қарастырылған басқа да оқиғалар орын алған жағдайда жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар кешені болып («Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 4-бабы).

Сақтандыру белгілі бір іс ретінде (қажеттілік, мұқтаждық мағынасында) – бұл белгілі бір оқиғалар (сақтандыру жағдайлары) орын алған жағдайда тұлғалардың сақтандыру жарналары (сақтандыру сыйақылары) есебінен қалыптасқан ақша қорларындағы қаражаттар арқылы заңды және жеке тұлғалардың мүліктік және жеке мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар болып табылады.

Сақтандыру қызметі – бұл Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына сай өкілетті органның лицензиясы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) келісімдерін жасаумен және оларды орындаумен байланысты сақтандыру (қайта

сақтандыру) ұйымдарының қызметі болып табылады («Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 4-бабы).

Қазіргі замандағы әлемдік экономика әртүрлі тәуекелдерге душар болып отыр, соның ішінде көп жағдайлар маңызды жоғалтуларға әкеліп соғуда. Келеңсіз апаттардың нәтижесінде, жазатайым оқиғалар тарапынан, үшінші жақ әрекетінен, нарық конъюнктурасының өзгерісінен және т.б. жағдайларда туындайтын экономикалық шығындар бірнеше миллиондаған теңгелерді жоғалтуға әкеп соғуда. Мысал ретінде алатын болсақ, 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі АҚШ-тың Нью-Йорк штатында болған террорлық оқиға американы 70 млрд. АҚШ долларына бағаланатын экономикалық зардапқа ұшыратты. Сондықтан, бүгінгі қоғамда өз азаматтарының назарын қорғау үшін әрбір мемлекет түрлі шаралар жасауға ықтияр болып отыр. Осыған сәйкес мемлекет азаматтар мен жұмыскерлердің міндетті төлемдері есебінен әлеуметтік мақсаттарға арналған резервтер және қорлар құруда. Бұл қорлар еңбекке жарамсыздық уақытында, кәрілікке және әртүрлі ауруларға ұшыраған кезде, сондай-ақ заңда көрсетілген басқа жағдайларда бекітілген нормативтерге сәйкес қолданылады.



Сақтандырушының сиақысын төлеуді жүзеге асыру сызбасы

Сақтандыру белгілі бір ісі ретінде (жұмыспен айналысу, қызмет көрсету мағынасында) – бұл сақтанушылардың мүдделерін қорғау және сақтандырудың басқа да функцияларын жүзеге асыру бойынша сақтандыру ұйымдарының қызметі болып табылады. Алайда, әлеуметтік көмек көрсетуде мемлекеттің мүмкіндігі шектеулі, олар тек әлеуметтік саясат аясында жүргізілген кепілдемелерді ғана қамтамасыз етеді. Сондықтан, негізгі жауапкершілік азаматтардың өзіне жүктелуде.

Бүгінгі таңда барлық шаруашылық салаларының нарықтық қатынастарға өтуі сақтандыру қызметінің нарықтық қатынастардағы орнын жоғарыы деңгейге көтеріп отыр.

Сақтандыру экономиканың маңызды, бірақ азырақ зерттелген саласы болып табылады. Сақтандыру өте ертеректе пайда болған категориялардың бірі және ол кездейсоқ қауіптерден сақтық қорғаудағы адамның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталды. Сақтандыруда өндіріс, айналым, материалдық игіліктерді айырбастау және тұтыну процестерде адамдар арасында қалыптасатын белгілі экономикалық қатынастар іске асады. Ол барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер мен қоғам мүшелеріне шығындарын өтеуде кепілдік береді, яғни көптеген тұлғалар арасында бөлу арқылы заңды немесе жеке тұлғаның мойнына алған шығындарын өтеу әдісі ретінде көрініс береді. Осылайша, шығындарды өтеу (немесе орнын толтыру) сақтандыру ұйымдарының басшылығындағы сақтандыру қорларының қаражаттарымен жүзеге асырылады.

Экономикалық категория ретінде сақтандыру – бұл әртүрлі тәуекелдер кезіндегі, сондай-ақ азаматтарға олардың өмірінде белгілі бір жағдайларда көмек көрсету кезіндегі шығындарын өтеу үшін ақша қаражаттарының мақсатты қорларын құру және пайдалану әдістері мен формаларының жиынтығын қамтитын экономикалық қатынастар жүйесі болып табылады.

Сақтандыру қызметі, бір жағынан, адамдардың бизнесі мен әл-ауқатын қорғау құралы, ал екінші жағынан, табыс әкелетін іс-әрекет түрі ретінде көрініс табады. Сақтандыру ұйымдарының табыс көздері келесідей:

- сақтандыру іс-әрекетінен түсетін табыстар;

- мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстар;
- басқа кәсіпорындардың акциялары бойынша табыстар;
- банктік депозиттер бойынша табыстар;

Экономикалық категория ретіндегі сақтандыру қызметінің қажеттілігі келесідей белгілерімен анықталады:

- табиғи апаттардың немесе басқа да қиратушы күштердің кездейсоқ сипаты;
- залалдың (зиянның, шығынның) натуралды немесе ақшалай формадағы көрінісі;
- шығындарды өтеудің объективтік қажеттігі;
- нақты оқиғалардың салдарларын алдын алу және өзгерту бойынша шараларды іске асыру.

Сақтандыру қызметі экономикалық категория ретінде қаржының құрамдас бөлігі болып табылады, бірақ оның бірқатар ерекшеліктері бар:

а) сақтандыру қызметінде айырбас экономикалық қатынастар жүзеге асады. Сақтанушылар сақтандыру сыйлық ақыларының орнына сақтандыру қорғанысы ретінде тауар алады;

ә) сақтандыру қызметі кездейсоқ-ықтимал сипат алады. Сақтандырушылар сақтандыруға өздеріне белгілі, өз орны бар, бірақ қайда және қашан болатыны белгісіз жағдайларды қамтиды;

б) сақтандыру қызметі ақшалай, әрі табиғи- мүліктік сипат алады;

в) сақтандыру қызметіндегі қатынастар салыстырмалы түрде эквивалентті, ал қаржы – эквивалентсіз болады;

г) қаржы бөлу сатысында пайда болса, сақтандыру қызметі айырбас сатысында пайда болады;

д) қаржылық қатынастар әрқашан эквивалентсіз, ал сақтандыру қатынастары әрқашан эквивалентті;

е) қаржылық қатынастар ақша қатынасына жатады, оның материалдық объектісі – ақша. Ал, сақтандыру қатынастары тауар-ақша қатынастарының түрі болып табылады, оның объектісі сақтандыру қорғанышы түріндегі ақша және тауар;

ж) сақтандыру қызметіндегі қатынастар тұйық және ынтымақтас болып табылады;

з) сақтандыру қызметіндегі қатынастарға кеңістік тән;

и) мезгіл келісімділігі.

Сақтандыру қызметіндегі қатынастардың тұйықтылығы деп отырғаным, бұл қатынасқа барлық мүшелер кірмейді, керісінше кім сақтандырушы компаниясымен сақтандыру келісім-шартын жасап, сол келісім-шартты сақтандыру төлемдерімен қамтамасыз етсе сол кіретінін болжайды.

Қатынас ынтымақтастығы, бұл барлық сақтанушыларға шығындарын өтеп бермейді, тек сақтандыру келісім-шартында сақтандыру сипатында көрсетілген мүлкіне зиян келген азаматтардың ғана шығындарын өтеп беруді қарастырады.

Сақтандыру қызметінің қатынастары белгілі бір кеңістік және уақыт шегінде жүзеге асады.

Кеңістік шегі деп отырғанымыз, яғни сақтанушылар нақты аумақтарда орналасқан. Сақтандыру қызметінің субъектілері мен объектілері тәуекел бойынша неғұрлым көп кеңістікте орналасса, соғұрлым зардап шеккен сақтанушылар арасында зиянның ынтымақтас таратылуы болады.

Уақыт шегі деп отырғаным, сақтандыру келісім-шарттары келісілген мерзімге бекітіледі.

Сондай-ақ, сақтандырудың «қаржы» және «несие» категорияларымен ұқсас белгілері бар:

- "қаржымен" – сақтандыру кезінде арнайы сақтандыру қорын қалыптастыру және пайдалану бойынша қайта бөлгіштік қатынастары пайда болады;

- "несиемен" – сақтандыру қорының қаражаттары қайтарымды болады (өмірді сақтандыруға қатысты); мүліктік сақтандыру кезінде, қайғылы оқиғалардан сақтандыру және тағы басқа сақтандырудың түрлері бойынша, төлемдер сақтандыру оқиғасы пайда болғанда және сәйкес қаражаттар негізінде төленеді. Бірақ, бұл төлемдердің экономикалық мазмұны сақтандыру төлемдерін қайтарудан айрықша.

Әлемдік тәжірибеде коммерциялық деп, мақсаты пайда табуға және оны кәсіпорын құрылтайшылары арасында таратуға бағытталған кәсіпкерлік қызмет түрін айтамыз. Мұндай ұстаным нарықтық экономикасы бар елдердің азаматтық кодексінде бекітілген. Осыдан келе, сақтандыру - дегеніміз ол жеке және

заңды тұлғалардың төлеген сақтандыру салымдарынан (сақтандыру сыйлық ақылары) құралған ақшалай қордың есебінен сақтандыру жағдайлары туындаған кезде, азаматтардың мүліктік қызығушылықтарын қорғауға бағытталған шаралар кешені.

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126 Заңына сәйкес «Сақтандыру дегеніміз, сақтандыру ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар кешені».

«Сақтандыру қызметі – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі».

Осы берілген анықтамалар сақтандыру қызметін сақтандыру қатынасының бір жағының ғана, яғни сақтанушының қызығушылығы жүзеге асырылатын біржақты үдеріс ретінде қарастырады. Мұндай ұстаным көптеген ғылыми әдебиеттерде сақтандырушы қызығушылығының ескерілмегендігін көрсетеді.

Мысалға экономикалық әдебиеттерде сақтандыруға келесідей әртүрлі мағынасы бар ұғымдар берілген:

- Ф. Коньшиннің ойы бойынша, «сақтандыру – ол халық шаруашылығындағы түрлі апаттардан болған жоғалтуларды сақтандыру жарнасы есебінен қайтару үшін, сондай-ақ сақтанушылардың өміріне және еңбек қабілеттігіне байланысты туындаған келеңсіз жағдайларға сәйкес соманы төлеу үшін, орталықтандырылған сақтандыру қорын құрудың бір әдісі болып табылады».

- Л.И. Рейтманның ойы бойынша, «сақтандыру тек қана қаржылық емес, сонымен қатар несиелік категория болып табылады».

- А.К. Шиховтың ойынша, «сақтандыру дегеніміз – ол төленген сақтандыру сыйлықақылары есебінен арнайы ақша қорларын құруға және оны сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушылардың мүліктік қызығушылықтарын қорғау үшін қолдануға байланысты сақтандыру қызметінің қатысушылары арасындағы тұйықталған қайта бөлу қатынасы».

- В.Д. Мельников сақтандыруға келесідей анықтама берген: «сақтандыру – бұл азаматтарға материалдық көмек көрсетуге немесе әрекет етуші субъектілерге мүмкін болатын төтенше зияндарды төлеп беруге бағытталған, ақшалай салымдарының есебінен мақсатты сақтандыру қорларын құрумен байланысты қатысушылар арасындағы ерекше тұйықталған қайта бөлу қатынастарының жиынтығы».

- В.В. Шахов сақтандыруды жеке экономикалық категория деп қарастыруымыз керек, себебі оның экономикалық мазмұны, қызметтері (ақша қаражаттарын арнайы сақтандыру қорларын құру, зиянды қайтару және азаматтарды материалдармен қамтамасыз ету, сақтандыру жағдайын ескерту және әртүрлі апаттар мен келеңсіз жағдайлардан туындаған шығындар көлемін қысқарту) бар, – деп айтқан.

Сосын ол, сақтандырудың қаржыдан айырмашылығының маңызды ерекшеліктерін көрсеткен:

- қайта тарату қатынастарының болуы;
- сақтандырушылар мен сақтанушылардың арасынан сақтандыру қоғамын құру;
- жеке және топтық сақтандыру қызығушылықтарының үйлесімі;
- зиян үшін барлық сақтандырушылардың ынтымақтастық жауапкершілігі;
- кеңістікте және уақытта зиянды қайта тарату;
- сақтандыру төлемдерінің қайтарымдылығы;
- сақтандыру қызметінің өз шығынын өзі өтеуі.

Осы аталған ерекшеліктерге байланысты, ол сақтандыруға келесідей анықтама берген: «сақтандыру ақша қаражаттарының

мақсатты қорларын құру әдістері мен үлгілерінің жиынтығын құрайтын және оларды түрлі қолайсыз жағдайлар туындаған кезде болатын зияндарды өтеуге қолдану, сондай-ақ азаматтарға өмірлерінде болған белгілі жағдайларға байланысты көмек көрсетуге бағытталған экономикалық қатынастар жүйесі».

К.Г. Воблый сақтандыруға келесідей анықтама береді: «сақтандыру – кездейсоқ және статистикалық ұсталатын оқиғалардан болатын болашақ қажеттілік пен мұқтаждықты жабу мақсатындағы ынтымақтас және қайтарымды негізіндегі шаруашылық қызмет түрі». Бұл жерде автор экономикалық категория ретіндегі «сақтандыруды» шаруашылық қызмет ретіндегі сақтандыру бизнесімен теңестіреді.

Қазақстандағы сақтандырудың теориялық аспектілері К.К. Жүйріковтің, С.М. Воробьеваның, Г.И. Маянлаеваның және Тінәсілі М.Д. еңбектерінде қарастырылған:

К.К. Жүйріков сақтандыруды қаржы жүйесіне жатқызады. Ол сақтандыруды былай түсіндіреді: «сақтандыру дегеніміз – ол қолайсыз жағдайдан болған құбылыс кезінде (сақтандыру жағдайында) және тұрғындарға немесе олардың отбасыларына олардың өмірлерінде болған жағдайлардан болған (қайтыс болу, жарақат алу, мүгедек боп қалу және т.б.) шығындарды өтеу үшін қолданылатын мақсатты сақтандыру қорын құру бойынша жүретін сақтандыру қатысушыларының арасында қатынастарды қайта бөлудің жүйесі арқылы жүзеге асырылатын шаруашылық, азаматтық-құқықтық және әлеуметтік салалардағы қаржылық міндеттемелерді қамтамасыз етудің ерекше өтемақылық үлгісі».

Г.И. Маянлаеваның пікірі бойынша, «сақтандыру – сақтандырудың қатысушылары арасында (сақтанушылар) мүліктік қызығушылыққа зиян келтіру тәуекелін қайта бөлумен байланысты және сақтандыру жарналарын шоғырландырып, сақтандыру қорларын құруға ықпал ететін және сақтанушылардың мүлкіне зиян келген жағдайда сақтандыру төлемақысын төлеуді жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдардың (сақтандырушылар) іс-әрекетімен байланысты экономикалық қызметтің ерекше түрі».

2. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ

2.1. Сақтандыру ісінің қызметтік сатылары

Сақтандыруға деген мұндай тәсіл біздің ойымызша (өкінішке орай, ғылыми әдебиеттерде аз сипатталған) экономикалық қатынастар және құқық тұрғысынан алсақ та әлі толық жетілмеген, яғни кең мағыналы сөзбен айтқанда, сақтандыру қызметінің мәні мен мазмұны ашылмаған тар мағынадағы категориялық ұғым ретінде қарастырылады, сондай-ақ сақтандырудың институционалдық негіздері тапталады, яғни сақтандырушы өз кәсіпкерлік қызығушылығын, соның ішінде тәуекелін төмендету, пайдасын өсіру, инвестициялық белсенділігін арттыру, материалдық емес активтерді жинап, оларды сақтап, көбейту секілді қызметтерді атқарғанда адасқандай болады.

Жоғарыдағы айтылған тұжырымдарды зерттей отырып, біздің ойымызша, сақтандыру қызметінің экономикалық жүйедегі қорғау нышаны рөлін атқаратын және ерекше құбылыс ретіндегі көрінісіне тарихи және логикалық талдаудың негізінде келесідей анықтама беруге болады:

Сақтандыру қызметі – бұл қаржылық тұрақтылықты және төлем қабілеттілікті қамтамасыз ету мақсатында қаржы нарығында пайда алу үшін қордың уақытша бос қаражаттарын пайдалану және дәстүрлі мәміле аясында сақтандыру оқиғаларының туындауы себебінен болған зияндарды қайтару жағдайында, заңды тұлға тарапынан кәсіпорындардың, ұйымдардың, азаматтардың салымдарын (сақтандыру сыйлық ақылары) мәміле есебінен төлеу бойынша сақтандыру қорын құруға негізделген кәсіпкерліктің ерекше түрін көрсететін сақтандыру қызметінің қатысушылары арасындағы ерекше тұйықталған қатынастар жиынтығы.

Экономикалық категория ретінде сақтандыру – сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы экономикалық қатынастардың жиынтығы, яғни мүліктің бір бөлігі сақтандыру сыйақысы ретінде (ақшалай немесе натуралды үлгіде) бір субъектіден екінші субъектіге сақтандыру төлемі түрінде

сақтандыру оқиғасы туындаған кезде қайтарым жағдайына беріледі.

Сақтандыру қызметіндегі ұдайы өндіріс процесінің бірінші сатысы азаматтардың, кәсіпорындардың, мемлекеттік институттардың ерікті және міндетті сақтандыру тізбесі бойынша сақтандыру қорғанысы қызметін сатып ала отырып, нетто-табыстан сақтандырушыларға төлейтін сақтандыру сыйлық ақыларының есебінен, сақтандыру қорларын құру арқылы сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етеді. Бұл сақтандыру қызметін сатып алу-сату сатысы.

Сақтандыру қызметіндегі ұдайы өндіріс процесінің екінші сатысы – сақтандыру қорларын құру және тарату. Бұл сатыда сақтандырушылар біруақытта сақтандыру қорларын құра отырып, оларды сақтандыру тарифтерінде, бизнес-жоспарда көрсетілген бағыттар бойынша, мемлекеттік нормативтерге (мысалы, сақтандыру қорларын құру және орналастыру ережесіне сәйкес) сай таратады.

Сақтандыру қызметіндегі ұдайы өндіріс процесінің үшінші сатысы – сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жолымен, нақты зардап шеккен сақтанушыларға жоғалтуларын өтеп беру үшін сақтандыру қорын пайдалану арқылы сақтандыру қорғанысының жекелей жүзеге асуымен байланысты.

Сақтандыру қызметіндегі ұдайы өндіріс процесінің төртінші сатысы – сақтандыру төлемдерінің сақтанушылардың ие болу, басқару, қолдануымен байланысты мүліктік қызығушылығын, олардың үшінші тұлға алдындағы жауапкершілігін қанағаттандыруды қамтамасыз етуімен байланысты.

Сақтандыру және оның қоғамдық экономикалық қатынастардағы жүйесі ұлттық табысты қайта бөлу (айырбастау) сатысынан итеріле отырып, төрт сатыдан тұратын өзіндік ұдайы өндіріс қызметін жүзеге асырады (сурет-1).

2-сурет. Сақтандырудағы экономикалық қатынастарды дамытудың негізгі сатылары. Қоғамдық ұдайы өндіріс сатылары

Жоғарыда айтылған тұжырымдарды талдай келе, біз «сақтандыру қызметі» терминіне қатысты үш категорияны береміз. Біріншіден, бұл қатысушылар арасында туындайтын экономикалық қызығушылықтарды қорғау тәсілі болып табылады. Екіншіден, сақтандыру қызметі – қоғамдық қатынастар жүйесінің ажырамас бөлшегі. Үшіншіден, сақтандыру қызметі – бизнес түрі.

2.2. Сақтандыру қызметін ұйымдастыру

Сақтандыру қызметін ұйымдастырудың басты мақсаты – Қазақстан Республикасындағы жеке және заңды тұлғалардың мүліктік қызығушылықтарын, Қазақстан Республикасының субъектілерін және муниципалдық білімдерін сақтандыру жағдайы туындаған кезде қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Сақтандыру қызметін ұйымдастыру міндеттері:

сақтандыру саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу;

Қазақстан Республикасының азаматтарының және еліміздің аумағында әрекет етуші шаруашылық субъектілерінің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сақтандыру қағидаларын бекіту және сақтандыру механизмдерін қалыптастыру.

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126 Заңына сәйкес сақтандыру қызметі нарығының қатысушыларына төмендегілер жатады:

а) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;

ә) сақтандыру брокері;

б) сақтандыру агенті;

в) сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы;

г) актуарий;

д) сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

Сақтандыру ұйымы (сақтандырушы) – сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын заңды тұлға.

Сақтандыру брокері – сақтанушының тапсыруымен сақтандырушымен сақтандыру шарттарын жасасуға және орындауға байланысты қатынастарда сақтанушының мүддесін білдіретін немесе өз атынан сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттарын жасасуға байланысты қызмет көрсету жөніндегі делдалдық қызметті, сондай-ақ сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Сақтандыру агенті – берілген өкілеттіктеріне сәйкес бір немесе бірнеше сақтандыру ұйымдарының атынан және тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

Актуарий – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттілігі мен қаржылық тұрақтылығы

деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің, сақтандыру сыйақысы мөлшерлерінің экономикалық-математикалық есептеулерін жүргізуге байланысты қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жүргізіп жатқан және жүргізуді жоспарлап отырған сақтандыру түрлерінің пайдалылығы мен кірістілігін бағалауды жүргізетін, уәкілетті органның лицензиясы бар жеке тұлға.

Сақтандыру қызметінің субъектілері – сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары болып табылады.

Әрбір құбылыстың және заттың мәні, мағынасы оның қызметінен көрінеді.

«Сақтандыру» – «қаржы» және «несие» категорияларымен байланыстырушы белгілерге байланысты, экономикалық категория ретінде тек өзіне тән функцияларды атқарады. Сақтандырудың функцияларын жалпы және арнайы деп ажыратуға болады. Жалпы функциялары ретінде келесілерді көрсетуге болады:

а) ақша қаражатының арнайы сақтандыру қорын құру: ол міндетті және ерікті түрде құрылады. Бұл функция арқылы келесі жағдайлар іске асырылады:

банктік және басқа да коммерциялық құрылымдардың қызметіне уақытша бос қаражаттарды инвестициялау;

жылжымайтын мүлікке ақша қаражаттарын салу;

бағалы қағаздарға ие болу т.б.

ә) заңды және жеке тұлғалардың материалдық қамсыздандырылуы және залалдардың орнын толтыру. Сақтандыру қорын құруға қатысушылар болып табылатын, заңды және жеке тұлғалар ғана шығындардың орнын толтыруға құқылы. Осы функция арқылы олар сақтық қорғануда өздерінің экономикалық қажеттілігін іске асырады.

Б) сақтандыру оқиғасын алдын ала ескерту және шығынды (зиянды) төмендету. Бұл функция табиғи апаттар, қайғылы оқиғалардың жағымсыз салдарын азайту немесе болдырмауға байланысты іс-шараларды қаржыландыруды қамтитын шаралар кешенін қарастырады. Осы функцияны іске асыру мақсатында сақтандырушы алдынала ескерту іс-шараларын жүргізуде

ерекше ақшалай қорын құрады. Қорды құрудың көзі болып сақтандыру сомасы бойынша сақтандыру төлемдері табылады.

«Қаржы» категориясы өзінің мәнін бөлгіштік функциясы арқылы бейнелейді, бұл функция сақтандырудың арнайы қызметтерінде көрініс табады:

тәуекелдік;

ескерту;

жинақтық;

бақылау.

Ескерту функциясы – сақтандыру тәуекелінің салдарымен дәрежесін төмендетуге және сақтандыру қоры қаражатының бөлігін пайдаланумен байланысты.

Жинақтау функциясы – отбасының жетістіктерін сақтық қорғауды қажетсінуімен байланысты өмір сүруінің соңына дейін сақтандыру көмегімен ақша сомаларын жинақтау.

Бақылау функциясы – сақтандыру қорын міндетті құру және оның қаражаттарын мақсатты пайдалану ретіндегі, сақтандыру категориясының қасиетін сипаттайды. Бұл функция сақтандырудың жоғарыыда көрсетілген функцияларынан шығады және солармен бір уақытта нақты сақтандыру қатынасында, сақтандыру жағдайларында көрініс табады. Бақылау функциясының талаптарына сәйкес, сақтандыру операциясын дұрыс жүргізу бойынша қаржылық – сақтандыру бақылауы жүзеге асырылады.

Сақтандыру қызметтеріне тән үш түрлі көзқарасты қарастырайық. Бірінші көзқарас бойынша, қаржы жүйесінің дербес буыны ретінде сақтандыруға қаржы категориясының бөлу және бақылау қызметтері тән.

Екінші көзқарас сақтандырудың өзіндік дербес мағынасынан туындайды. В.С. Белых және И.В. Кривошеев экономикалық категория ретінде сақтандырудың келесідей қызметтерін бөліп көрсетеді:

аккумулятивтік қызмет – мамандандырылған сақтандыру қорын құру үшін сақтандыру жарнасы түрінде ақша қаражаттарын жинауды қарастырады;

өтем ақылық (қайта бөлу) қызмет – сақтандыру тәуекеліне төлем ретінде азаматтардың зияндарын төлеу және жеке мүлігін қамтамасыз ету;

қорғаныш-сақтық қызметі – сақтанушының мүліктерін немесе жеке мүліктік назарын қорғауға, сондай-ақ сақтандыру оқиғасын ескертуге және зияндарды азайтуға бағытталған кешенді шаралар жиыны.

Үшінші жақтың көзқарасы көп таралған, бұл жерде сақтандыруға қаржы категориясы ретінде қаржының (бөлу және бақылау) қызметтері тән. Қаржының бөлу қызметі сақтандыруда ескерту, қалпына келу және жинақтау арқылы көрінеді.

Екінші топтағы авторлардың көзқарастарын бөліп қарасақ, сақтандырудың келесі қызметтерін белгілейміз:

қорғау қызметі;

қалпына келтіру;

ескерту;

бақылау.

Қорғау қызметі – сақтанушы сақтандырушының ұсынған қызметіне сақтандыру қорғанышы түрінде төлем жасайды және ол болашақта сақтанушының мүліктік жағдайын қорғауға жүзеге асырылады. Осы қызметтің заңдық жағына сүйенсек, сақтандырушы сақтандыру оқиғасы болған жағдайда сақтанушыға келісім-шартта немесе заңда көрсетілген сақтандыру және басқа да төлемдерін төлеуге құқылы.

Қалпына келтіру қызметі – зардап шегушіге сақтандыру жағдайы туындаған кезде келісім-шартта көрсетілген немесе заңда қарастырылған сақтандыру сомасы көлемінде сақтандыру төлемін беруді қарастырады.

Ескерту қызметі – бұл сәтсіз оқиғалардың және табиғи апаттардың салдарын болдырмауға немесе азайтуға бағытталған шаралар кешені. Сақтандырушы кейбір сақтандыру оқиғаларының болу ықтималдығын төмендету жолымен сақтандыру төлемдерін азайтуға тырысады. Осыған байланысты сақтандырудың жекелеген түрлерінің тарифтеріне ескерту шаралары қорын құруға арналған аударымдар қосылады.

Бақылау қызметі – сақтандыру қорының қаражаттарын қатаң түрде мақсатты құру және дұрыс қолдануды қарастырады.

Сақтандыру қызметтері және оның мазмұны тығыз байланысты. Қазіргі таңдағы сақтандырудың негізгі қызметтерін былай бөлуге болады:

а) ақша қаражаттарының мамандандырылған сақтандыру қорын құру;

ә) зиянды өтеу және азаматтарды жеке материалдық қамтамасыз ету;

б) сақтандыру оқиғасын ескерту және зиянды төмендету.

Ақша қаражаттарының мамандандырылған сақтандыру қорын құруда сақтандыру компаниялары тәуекелдерге төлем жасауды өз жауапкершілігіне алады. Бұл қор міндетті немесе ерікті түрде құрылады. Мемлекет экономикалық және әлеуметтік жағдайға байланысты елдегі сақтандыру ісінің дамуын реттейді.

Сақтандырудың екінші қызметі – зиянды өтеу және азаматтарды жеке материалдық қамтамасыз ету. Мүліктік зиянды өтеу құқығына сақтандыру қорын құруға қатысушы жеке және заңды тұлғалар ие. Зиянды өтеу тәртібі сақтандыру келісімінің шартына сәйкес сақтандыру компанияларымен анықталады және мемлекетпен реттеледі (сақтандыру қызметін лицензиялау).

Сақтандыру оқиғасын ескерту және зиянды төмендету – кешенді шаралардан тұрады, оның ішінде сәтсіз оқиғалардың, табиғи апаттардың кері салдарын болдырмау немесе оның көлемін азайту бойынша шараларды қаржыландыру.

Сайып келгенде, жоғарыыда айтылғандарды түйіндей келсек, сақтандыру –дегеніміз бұл өзіндік ерекше белгілері бар және өзіне ғана тиесілі қызметті атқаратын дербес экономикалық категория.

Жоғарыыда айтып кеткендей, сақтандыру нарығының негізгі қатысушылары сақтандырушы мен сақтанушы болып табылады. Әрине, нарықтық қатынасқа түскеннен кейін олардың арасында тәуекелдерді сатып алу-сату секілді экономикалық қатынастар пайда болады.

Алдымен нарықтық қатынастың мәнін ашып кетсек, нарық деп өндіріс үрдісіндегі әртүрлі экономикалық қатынастардың жүйесін айтуға болады.

Нарық туралы мұндай анықтамалар отандық және шетел әдебиеттерінде көптеп кездеседі.

Сонымен қатар, нарықтың классикалық мағынасы бар. К.Р. Макконелл және Л.С. Брю нарықты былайша анықтайды: «Нарық – тауарларды сатып алушылар мен сатушыларды бірге қосатын институт немесе механизм».

Келтірілген анықтамада нарықтың екі негізгі ерекшеліктері көрінеді:

а) тауарды (қызметті) жылжыту аясы;

ә) нарық субъектілерінің қызығушылықтарын қосу механизмі.

Нарықтық қатынастарға келесі белгілер тән:

қайтарымдылық;

тұтынушылық құн мен құнның қозғалысы;

кәсіпкерлік сипат;

субъектілердің экономикалық еркіндігі;

нарық қатысушыларының жауапкершілігі;

адал бәсеке;

тауарларға төлем қабілеттігі бар сұраныс және оны ұсыну.

Әртүрлі әдебиеттерде белгілі ғалымдар сақтандыру нарығына түрлі анықтамалар береді:

К.Н. Пылов сақтандыру нарығын былай сипаттайды: «Сақтандыру нарығы – сақтандыру қызметтеріне сұраныс пен ұсынысты қалыптастыру саласы».

В.В. Шахов сақтандыру нарығына мынандай анықтама береді: «Сақтандыру нарығы дегеніміз – сатып алу-сатудың негізгі объектісі сақтандыру қорғанысы болып табылатын және оған сұраныс пен ұсыныс қалыптасатын экономикалық қатынастар саласы, ерекше әлеуметтік-экономикалық орта».

К.Е. Турбина сақтандыру қызметінің мәнін қысқа ғана түсіндіреді. Ол «Сақтандыру нарығы – қызметтерді сатумен байланысты қоғамдық қатынастар жүйесі» деген анықтама берген.

Жоғарыыда айтылған анықтамаларды талдай келе, сақтандыру қызметінің келесідей құрамдас бөліктерін анықтадық. Алдымен, сақтандыру қызметі – бұл сатып алушы мен сатушы арасындағы қоғамдық- экономикалық қатынастар

жүйесі, яғни сатып алу-сату кезінде туындайтын сақтандыру қызметі субъектілері арасында пайда болатын қатынастар. Екіншіден, сатып алу-сату затының мәселесі. Осы анықтама көрсеткендей, сатып алу- сату сақтандыру объектісіне сақтандыру қорғанысы, сақтандыру өнімі, сақтандыру қызметі жатады.

Ендігі жерде, «сақтандыру қызметі», «сақтандыру өнімі» және «сақтандыру тауары» деген ұғымдардың айырмашылығын ажыратып қарайық. Белгілі ғалымдар В.Б. Гомелль мен Д.С. Туленты аталған ұғымдардың айырмашылығы мен ұқсастықтарын былай түсіндіреді.

Біздің ойымызша, «сақтандыру өнімі», «сақтандыру қызметі» және «сақтандыру тауары» жақын ұғымдар, сонымен қатар бір-бірінен ерекшеленеді және олардың арасынан белгілі иерархияны көруге болады. Ең бірінші «сақтандыру өнімі» – әртүрлі кездейсоқ және қолайсыз жағдайлардың салдарынан экономикалық қорғауды іске асыратын адам қызметінің нәтижесі. Сақтандыру өнімі сақтандыру қорғанышы немесе сақтандыру қызметінен көрінеді. Сақтандыру қызметі сақтандыру тауары болмауы мүмкін, егер ол сатылмаса немесе сатып алынбаса; және сақтандыру тауары болуы да мүмкін, егер оны сақтандырушы сату үшін өндірсе және ол ұдайы болса. Сайып келгенде, сақтандыру қызметі мен өнімін қазіргі таңда нақты, әрі дәл сипаттайтын ұғым ол «сақтандыру тауары». Дәл осы ұғымды қазіргі кезде қолданған дұрыс, алайда ол қолданылмай келеді».

Жоғарыыда келтірілген анықтамамен келісе отырып, сақтандыру өнімінің құрылу қағидаларын анықтайық. Бұл қағидалар қоғам дамуының нақты заңдарына, экономикалық заңдарға сүйенеді. Нарықта сатылу үшін ұсынылып отырған еңбек өнімі ретінде ол нақты еңбекті және құнды, абстрактілі еңбекті сипаттайтын тұтынушылық құнға ие.

2.3. Сақтандыру өнімдік қызметін есептеу

Сақтандыруда өнім құру ерекшелігі сақтандыру қызметінің тәуекелдік және ықтималдық сипатымен байланысты.

Сақтандыру өнімінің құнын есептегенде сақтандырушы тек қана сақтандыру қорғанышының тарифіне бекітілген құннан хабардар болу керек. Сондықтан сақтандыру өнімін құруда сақтандырушының өз жауапкершілігіне алатын тәуекелдік құнын есептеуде шамалаушы математикалық есептеулер қолданылады. Тәуекелдіктің құнын сандық бағалау өз кезегінде актуарлық есептеулермен жүзеге асады. Сайып келгенде, сақтандыру өнімінің бірлігі ықтималдық теориясының заңдарына сүйенеді.

Сақтандыру өнімін құрудың келесі қағидасы экономикалық қағида, мұнда сақтандыру өнімінің бірлігі құны, рентабелділігі, сұраныс және ұсыныс, т.б. заңдарымен реттеледі. Экономикалық тұрғыдан алғанда, сақтандыру өнімі сақтандыру компанияларының клиенттеріне ұсынып отырған сақтандыру қорғанышының нарықтық құнын сипаттайды. Сақтандыру қорғанышының құны қажетті құннан (тәуекелдіктің сандық бағасы) және қосымша құннан құралады. Бірінші құрамдас – сақтандыру жағдайы туындаған кезде сақтанушыларға төлемді қамтамасыз ету үшін сақтандыру қорын құру жолымен сақтандыру қызметінің өзін-өзі өтеуін қамтамасыз етеді, екінші құрамдас – қазіргі нарық жағдайында коммерциялық ұйымдар қызметінің негізгі шарты ретінде, сақтандырушы қызметінің рентабелділігі және пайдалылығын қамтамасыз етеді.

Сақтандыру өнімін математикалық және экономикалық қағидалар есебінен қалыптастыру сақтандыру қорғанышының құны сақтандыру тарифімен көрсетілген оның сандық сипаттамасын анықтайды. Сонымен қатар, математикалық қағида нетто-қойылым көлемін анықтаудың негізі болып табылса, ал экономикалық қағида жиынтық брутто-қойылымды анықтауға негіз болады. Сонымен қатар, экономикалық қағида сақтандырушының болашақ шығындарының мөлшерін, комиссиялық сыйақы көлемін бекітуге, ескертпелі шаралар

өткізуге, сондай-ақ сақтандыру тарифтеріне пайда үлесін салуға мүмкіндік береді.

Келесі қағида – құқықтық қағида, сақтандыру өнімін әрекет етуші заңнамалық актілер негізінде қамтамасыз етеді. Бұл жерде сақтандырудың негізгі құжаттары толтырылады: ережелер, келісім-шарт, полис. Сақтандыру келісім- шарттарының негізгі құқықтық шарттары жақтардың құқықтары мен міндеттері, сақтандыру төлемдерін төлеу тәртібі, шиеленістерді шешу процедуралары және т.б. анықталады. Осы кезеңде сақтандырушының сақтандыру өнімін әзірлеу және құру бойынша ішкі аквизициялық жұмыстарының нәтижесі қажетті құжаттар топтамасы (сақтандыру ережелері, сақтандырудың бизнес-жоспары, қайта сақтандыру бойынша жоспар) түрінде мемлекеттік сақтандыруды қадағалау комитетіне лицензиялау үшін жіберіледі және сақтандыру заңнамаларының талаптарына сәйкес тексеруден өткен соң сақтандыру компаниясы сақтандыру өнімі бойынша сақтандыруды жүргізу құқығына лицензия алады.

Осылай ұйымдастырылған сақтандыру өнімі сақтандыру қызметінің «жартылай фабрикаты» болып табылады. Қаржылық жағдай, сақтандыру өнімінің түрі бойынша стратегия мен жұмыс тәжірибесі, маркетингтік саясат және т.б. секілді әртүрлі факторларды қосқанда сақтандыру өнімі сақтандыру қызметіне айналады және ол келешекте сатып алу-сату объектісі ретінде сақтандыру нарығында сатылады.

Жалпы алғанда, сақтандыру өнімін құруға арналған мұндай тәсіл сақтандырудың жаңа түрлерін әзірлеу мен енгізуде бастапқы болып табылады.

Сақтандыру өнімін құрудың жан-жақты тәсілдері үшін осы үрдісті жалғастыратын кейбір шарттарды айта кетуіміз керек.

Біріншіден, сақтандыру өнімін әзірлеу және енгізу туралы шешім оның болашақтағы экономикалық тиімділігін есепке ала отырып қабылданады. Ол үшін алдымен шығарылатын өнім түрінің қазіргі және болашақтағы жағдайына маркетингтік зерттеулер жүргізіледі: потенциалды сақтанушылардың сұранысы есепке алынады, бәсекелестер зерттеледі және нарықта сақтандыру қызметін жылжыту арналары талданады.

Әлбетте, жаңа өнімді шығару туралы шешім қабылдау кезіндегі негізгі анықтаушы фактор – оның нарықтағы сақтандыру өніміне бар немесе болжанатын сұранысты кең ауқымда қанағаттандыру потенциалы болып табылады.

Екіншіден, сақтандыру өнімін құру үрдісі оптималды ресурстарды қолдануды талап етеді, олар: еңбек, материалдық және қаржылық ресурстар, сақтандыру өнімінің сапасы мен түпкі нәтиженің дер кезінде орындалуы осы ресурстарға тәуелді.

Үшіншіден, сақтандыру өнімін құру кезінде ішкі және сыртқы факторлардың әсері мен өзара тәуелділігі үрдісін тұрақты түрде есепке алу қажет. Сақтандыру қызметінің сыртқы ортасы мен сақтандыру компаниясының ішкі ортасын талдай отырып, компанияның сақтандыру өнімін аквизициялау саясаты анықталады. Сақтандыру өнімін құруды анықтайтын кейбір факторларға сақтандыру компаниясы тек жанама әсер етуі мүмкін немесе мүлде әсер етпеуі мүмкін. Сақтандырушының ішкі жүйесінің өзгергіштері – оның ресурстары, инфрақұрылымы, маркетинг саясаты, және т.б. сақтандыру компаниясының басқаруында болады. Сақтандыру қызметіне сұраныс, бәсеке секілді факторлар жекелеген сақтандырушылармен жарым-жартылай басқарылады. Сақтандыру компаниясы тарапынан басқарылмайтын сыртқы орта құрамдастарына мыналар жатады: ғылыми-техникалық прогресс, мемлекеттік-саяси орта, экономиканың жағдайы, сақтандыру қызметіндегі әлеуметтік-этникалық орта.

Төртіншіден, сақтандыру өнімін құру үрдісі шешуші және оны нарыққа енгізуге дайын деп айтуға болмайды. Жоғарыыда қарастырылған шарттардың өзгерісі, нарықта жаңа талаптардың пайда болуы сақтандыру компаниясының қызметінде осы маңызды бағыттарды болашақта дамытып және жетілдіріп отыруды қажет етеді.

Сақтандыру қызметінің құрылымы институционалдық, аймақтық және салалық аспектілерде сипатталады.

Институционалдық аспектіде сақтандыру нарығының құрылымы сақтандырушылардың ұйымдастырушылық-құқықтық үлгісіне және оның қызметін реттеуге қатысты құқық жүйесімен анықталады.

Территориялдық ауқымы (қызмет аясы) бойынша сақтандыру нарығы келесі түрлерге бөлінеді: әлемдік, халықаралық, ұлттық, аймақтық және желілік.

Салалық аспектіде сақтандыру қызметі сала бойынша және сақтандырудың жеке түрлері бойынша жіктеледі: жауапкершілікті жекелей және мүліктік сақтандыру нарығы, олар өз кезегінде өздеріне жақын сегменттерге бөлінеді: өмірді сақтандыру нарығы, жеке тұлғалардың мүлкін сақтандыру нарығы және т.б.

Сайып келгенде, сақтандыру – сақтандыру қызметтерін сатып алу- сатумен байланысты қоғамдық-экономикалық қатынастар жүйесін құрайды.

Қазіргі кезде экономиканың, қоғамның дамуы, сақтандыруға деген сұраныстың өсуімен бірге сақтандыру өнімінің санының ұлғаюы заңды құбылыс. Қазақстандағы сақтандырушы компаниялары ұсынып отырған сақтандыру өнімдерінің саны 32-38 көлемінде ғана болып отыр. Ал, дамыған мемлекеттердегі сақтандыру өнімдерінің түрлері бірнеше мыңдаған санға жетеді.

Сақтандыру қызметінің маңызды ерекшелігі сақтандырушылар құрылымының *коммерциялық сақтандыру ұйымдарынан және өзара сақтандыру қоғамдарынан* тұруында. Сақтандырушының сақтандыру қорын ұйымдастырудың осы екі альтернативті үлгісі бірыңғай сақтандыру жүйесінің ажырамас буыны болып табылады және олардың біріге дамуы сақтандырудың институционалдық рөлін орындайды.

Коммерциялық және коммерциялық емес сақтандырудың өздігінен дамуы сақтандыру қызметін жоғарыы деңгейде өркендеуге әкеледі және сақтандыру институтының әлеуметтік табиғатына жауап береді.

Осы екі үлгідегі сақтандырушылардың біріге дамуы өзара және коммерциялық сақтандырудың бірегей экономикалық қатынастар жүйесін білдіреді. Өзара сақтандыру қызметтерді өз бағасымен ұсына отырып, сақтандыру кәсіпкерлігінің аясын экономикалық тұрғыдан тарылтады. Нәтижесінде коммерциялық сақтандыру тиімді әлеуметтік сақтандыру тарифін қолдануға экономикалық тұрғыдан мәжбүр.

Сақтандыру жүйесінің әлеуметтік деңгейін көрсететін сақтандырудың басты қағидасы оның эквиваленттілігі. Бұл белгілі уақыт аралығындағы сақтандырушының жинаған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы мен барлық сақтанушыларға төленген сақтандыру төлемдері мен сақтандыруды қамтамасыз етуге кеткен төлемдер сомаларының тепе- теңдігін білдіреді [19]. Эквиваленттілік қағидасы коммерциялық сақтандырушыларымен бірге өзара сақтандыру қоғамы әрекет ететін нарықта дамиды. Шетелдік сақтандыру нарықтарында өзара сақтандыру ұлттық сақтандыру жүйесінің негізі болып табылады, оның жиынтық сақтандыру сыйақысындағы үлесі 40% жуық.

Атап айту керек, сақтандырушылар жүйесінің тұтастығы, нарықта коммерциялық және өзара сақтандырудың болуы мемлекеттің ұлттық сақтандыру жүйесін реттеуге араласуын төмендетеді.

Сақтандырушылардың құрылымының маңызды құрамдасы өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарымен басқа сақтандыру түрлерін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарын бөлу болып табылады. Әлемдік тәжірибе бүгінгі таңда өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын компанияларды мамандандырудың мақсаттылығын анықтап отыр. Осындай бөлудің қажеттілігі бүгінгі қоғамдағы өмірді сақтандыру институттарының әлеуметтік маңызының өсуімен, халықтың өмір сүру деңгейін қолдау, сондай-ақ экономиканы дамытуға инвестиция тарту маңыздылығымен ұштасып жатыр.

Біздің Қазақстанда да бұл норма заң жүзінде бекітілген. Қазақстан Республикасының территориясында сақтандыру ұйымдарының қызметі «өмірді сақтандыру» саласының лицензиясы немесе «жалпы сақтандыру» саласының лицензиясы бойынша лицензияда көрсетілген сақтандырудың сәйкес сыныптарының шегінде жүзеге асырылады. «Жалпы сақтандыру» саласының қызметі:

а) «өмірді сақтандыру» саласының қызметімен бірлесе алмайды;

б) жинақ сақтандыру үлгісінде жүзеге асырылмайды.

Экономиканың және қоғамдық өмірдің жаһандану жағдайында бірыңғай әлемдік сақтандыру кеңістігін құру заңдылық болып табылады. Сондықтан, сақтандырушылар жүйесінің біртұтастығы тек коммерциялық немесе қоғамдық өзара сақтандыруды ұйымдастырумен ғана емес, сондай-ақ өмірді сақтандыруға маманданған шетел компанияларымен танылады. Өмірді сақтандыру осы нарықтың негізгі құрамдасы болып табылады және оны құру халық үшін әлеуметтік сақтандыру жүйесін қайта құру жағдайында және экономика үшін ішкі инвестицияның негізгі ресурсы ретінде өте қажетті, әрі маңызды болады. Шетел капиталының өмірді сақтандырудың ұлттық нарығына енуі өмірді сақтандыру бағыттарын таңдау аясын кеңейтуге, қазақстандықтардың ұлттық компанияларға деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Сақтандыру қызметінің қаржылық және жалпы сақтандыру қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін сақтандыру жүйесінің институционалдық буынына қайта сақтандыру ұйымдары жатады. Қайта сақтандыру ұйымдарының нарықта осындай маңызды орын алуы оның қаржылық қуаттылығымен айқындалады.

Қайта сақтандыру ұйымдары жекеменшік, акционерлік қоғам немесе мемлекеттік сипатында болуы мүмкін. Өтпелі экономикалы мемлекеттерде ұлттық қайта сақтандыру ұйымдарын құру қажеттілігі нарық сыйымдылығын өсіру, шетелдерге сақтандыру капиталдарын шығаруды шектеу секілді міндеттермен анықталады.

Сақтандыру нарықтарының қатысушыларына сақтандыру қызметтерін жылжытуда белсенді рөл атқаратын және клиенттермен сақтандыру келісім-шарттарын жасасатын сақтандыру делдалдары жатады. Әрекет етуші сақтандыру заңына сәйкес сақтандыру делдалдарына сақтандыру агенттері мен сақтандыру брокерлері жатады.

Агенттердің негізгі қызмет түрі сақтандыру қызметтерін сақтандырушыдан тұтынушыға қарай жылжыту, сатуды ұйымдастырумен байланысты. Сақтандыру қызметін агент арқылы жылжыту жоғарыы шығындылығымен ерекшеленеді.

Сақтандыру қызметтерін телефон, интернет желісі арқылы тікелей сатуды ұйымдастыру сатуға кететін шығынды әлдеқайда төмендетеді және сақтандырудың қаржылық тартымды жағдайын қолдануға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде сақтандыру қызметтерін тікелей сатуға көбіне банктер, байланыс мекемелері, супермаркеттер, туристік агенттіктер, автосалондар және т.б. кең тартылған.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, сақтандыру компанияларының қызметтерін реттеуді бақылау жүйесінде актуарлық аудит үлкен рөл атқарады. Актуарлық бағалау сақтандыру компанияларының жағдайын қаржылық тұрақтылық тұрғысынан сипаттауға және мүмкін кемшіліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Сақтандыру жүйесінің ерекшелігі сақтандыру қызметінің кәсібилігін қамтамасыз ететін және көрсететін қызметтерінің сапасын көтеруге атсалысатын (апаттық комиссарлар, сюрвейерлер, бағалаушылар, тәуекел-менеджерлер, консалтинг және т.б.) оның кең ауқымды инфрақұрылымының болуымен сипатталады.

Сақтандыру қызметі инфрақұрылымының қатарына сонымен қоса аудит институты да жатады.

Сақтандыру қызметін ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесі актуарлық аудитті жүзеге асыру сақтандыру операцияларын жүргізуде қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің қажетті құралы ретінде оның мақсаттылығын мойындап отыр. Актуарий сақтандыру тарифтерін, сақтандырушының сақтандыру қорын есептеу, сақтандырушының инвестициялық жобасын, актуарлық есептеулерді қолдана отырып, бағалау секілді қызметтерді жүзеге асырады. Сақтандырушылар әрбір қаржылық жылдың соңында алынған сақтандыру міндеттемелеріне (сақтандыру қоры) актуарлық бағалау жүргізуге міндетті. Актуарлық бағалаудың нәтижесінде алынған сақтандыру қызметінің соңғы шешімі бақылау ұйымына ұсынылған қорытынды есепте сипатталады.

Сақтандырушылар бірлестігі және сақтандыру қызметтерін тұтыну одақтары, аудитор-сақтандырушылар және актуарлық

аудиторлар бірлестігі сақтандыру қызметінің маңызды құрамдасы болып табылады.

Сақтандыру жүйесінде ең маңызды орынды сақтандырушылар бірлестігі және сақтандыру қызметтерін тұтынушылар қауымдастығы алады.

Біздің қазақстандық сақтандыру қызметінде сақтандыру қызметтерін тұтынушылар бірлестігі жоқ. Сондықтан да, белгілі бір деңгейде сақтандыру қызметінің дамымағандығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда қазақстандық нарықта сақтандырушылар бірлестігі жақсы даму алған, олар сақтандыру нарықтарының реттелуін қамтамасыз етіп отырған қуатты ресурс болып отыр. Бірлестіктің негізгі міндеттері заңнамалар әзірлеумен, сақтанушыларды қорғау қорын құрумен, сақтандырудың типтік ережелері мен бағдарламаларын әзірлеумен, кадрларды дайындау және олардың біліктілігін көтерумен, сақтандырушылардың намыс кодексін жүзеге асырумен байланысты.

Сақтандыру қызметтерін тұтынушылар бірлестігі жекелей ғана дамыған. Соған қарамастан, оның қалыптасуы әлеуметтік бағытталған өркениетті сақтандыру қызметін құруда басты фактор болып табылады. Сақтандыру қызметінің институционалдық буыны тұтынушыларды қорғау одағы болып табылады. Сақтандыру қызметтерін тұтынушылар одағы іс-әрекетінің негізгі бағыттарына арамза сақтандырушыларды әшкерелеу, сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың заңдық қызығушылықтарын қорғау, сақтандырудың типтік ережелерін әзірлеуге және бекітуге қатысу, сақтандыруға қатысты заң жобалары мен бағдарламаларын талдау және т.б. жатады.

Сақтандырушылар бірлестігі мен сақтандыру қызметін тұтынушылар қоғамдастығының қызметтері тығыз қарым-қатынас пен ынтымақтастықта жүзеге асуы тиіс. Осындай ортақ қызығушылықтардың болуы халықтың және кәсіпорындардың сақтандыру қызметіне деген қызығушылығын арттырады, сақтандырушылардың іс-әрекетінің жетістікке жету факторы, сақтандыру қызметінің өзін-өзі реттеу құралы болып табылады. Ынтымақтастықтың ең маңызды бағыты – заңдық ынтаны

дайындау, сақтандырудың типтік ережелері мен бағдарламаларын құру.

Сақтандыру қызметі мемлекетпен реттеледі. Оның мақсаттарына сақтандыру қызметінің қалыптасуын және оның дамуының тиімділігін қамтамасыз ету, сақтандыру ұйымдарының іс-әрекеті, сақтанушылардың қызығушылықтарын қорғау үшін қажетті жағдайды қалыптастыру жатады.

Сақтандыру қызметін қадағалау сақтандырушының қаржылық жағдайын, оның сақтанушы алдындағы қабылданған келісім-шарт міндеттемелеріне төлемқабілеттілігін зерттеумен сипатталады. Сақтандырушыда қабылданған міндеттемелер бойынша есептеулер жүргізу үшін қажетті қаражаттардың болмауы нақты сақтандырушыға ғана сенімділікті түсіріп қоймай, сонымен қатар жалпы сақтандыру идеясына деген сенімділікті үзеді. Сондықтан, мемлекет сақтандыру іс-әрекетіне сақтандырушылардың, халықтың және жалпы экономиканың қызығушылықтарын байланыстыра отырып, өзі одан тыс қала алмайды.

Сақтандыру қызметін қадағалаудың отандық жүйесінің қалыптасуы әлемдік тәжірибеге сүйенеді. Мемлекеттік сақтандыруды қадағалаудың дамуында екі баламалық бағыт қалыптасты: ағылшын және неміс жүйелері.

Ағылшын жүйесі либералды, ол басты назарды сақтандырушының қызметіне болашақ бақылауды олардың есептерін зерттеу негізінде жүзеге асыруға аударады. Бұл жүйенің басты кемшілігі – ағымдағы сақтандыру операцияларына бақылау жасамауы.

Неміс жүйесі сақтандырушылар мен сақтанушылар қызығушылықтарын қорғау заңдарын орындай отыра, барлық операцияларға қатаң бақылау жасап, нақты тәртіп белгілеумен сипатталады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік сақтандыруды қадағалауды дамыту көбінесе неміс үлгісімен жүзеге асып келеді.

2.4. Сақтандыру ісін мемлекеттік қадағалау жүйелері

Қазақстандағы мемлекеттік сақтандыруды қадағалау жүйесі әрекет етуші заңдарға сүйенеді, оған жалпы құқықтық актілер, арнайы сақтандыру заңнамалары және ведомстволық нормативтік құжаттар кіреді.

Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу ұлттық сақтандыру жүйесінің дамуын және экономиканың сақтандыру секторын әсерлі бақылауды қамтамасыз етуі тиіс.

Сақтандыру қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу мен лицензиялауды жүзеге асыру үшін сақтандыру салаларға, сыныптар мен түрлерге бөлінеді. Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметі «өмірді сақтандыру» саласы және «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жүзеге асырылады (мысалы, 3- сурет).

Сақтандыру ұйымдастыру формасы бойынша, келесідей түрге бөлінеді:

мемлекеттік;

акционерлік;

бірін бірі - өзара (взаимное);

кооперативтік;

медициналық;

Мемлекеттік сақтандыру – бұл ұйымға арнайы өкілеттеңген мемлекеттің сақтандырушы ретінде қатысатын ұйымдық формасы.

Мемлекет мүддесінің шеңберіне сақтандырудың кезкелген немесе жекеленген түрлерін жүргізуде оның монополиясы кіреді.

Акционерлік сақтандыру – бұл салыстырмалы шектеулі қаражаттар сақтандыру компанияның тиімді жұмысын тез дамытуға мүмкіндік береді. Заңды және жеке тұлғаларға тиісті акция (облигация) және басқа да бағалы қағаздардан құралатын акционерлік қоғам, жарғылық қор түріндегі жеке капитал – сақтандырушы ретінде қатысатын мемлекеттік емес ұйымдық форма.

Бірін бірі - өзара сақтандыру – жеке, заңды тұлғалар топтарының арасында бір-біріне белгілі бір үлесті қабылданған

шарттарға сәйкес болашақтағы мүмкін шығындарды өтеу туралы келісімді сиппаттайды.

Коммерциялық емес типтегі сақтандыру ұйымы болып табылатын өзара сақтандыру қоғамы құрылған сақтандыру кәсіпорнынан пайда алу мақсатын көздемейді. Бұл – сақтандыру жүргізудің ірі ұйымдық формасы, дара сақтандыру қоғамы заңды және жеке тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау үшін олардың арасындағы ерікті келісім негізінде құрылған ұйым ретінде бейнеленеді. Өзара сақтандыру қоғамы заңды тұлға болып және өз міндеттемелері бойынша өзінің барлық мүліктеріне жауап береді, әрбір сақтандырушы өзара сақтандыру қоғамының пайлық үлесі бар мүшесі болып табылады. Пайлық үлесі бар мүшелердің минимальды саны қоғам жарғысымен анықталады.

Қазіргі уақытта өзара сақтандыру қоғамының қызмет етуі үшін құқықтық база жоқ. Өзара сақтандыру ұйымдары шетелде аймақтық, ұлттық және халықаралық сақтандыру нарықтарының ірі шаруашылық жүргізуші субъектілері болып табылады.

Кооперативтік сақтандыру – мемлекеттік емес ұйымдық формасы. Ол сақтандыру операцияларын кооперативтер жүргізілуімен түсіндіріледі. Жалпы Ресейлік кооперативтік сақтандыру одағы ұйымдастырылған кезде, Қазақстан КСРО құрамында болған, яғни ол 1918 жылдың 28 қараша айындағы «Ресей Республикасында сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы» КСРО Халық комитетінің кеңесінің декретіне сәйкес қызмет ете бастады.

Жаңа экономикалық саясат жүзеге асырыла бастаған 1921 жылдан бастап кооперативтік ұйымдарға сақтандырудың түрлерін, формаларын, тарифтік қойылымдарының мөлшерін дербес бекіту құқығы мен табиғи апаттардан жеке мүліктерін сақтандыруға рұқсат берілді.

Міндетті сақтандыру жалға берілген мемлекеттік мүліктерге де таратылды. Шетелдік азаматтардың иелігіндегі мүліктер мемлекеттік мүліктік сақтандыруға жатпады. Мұндай мүліктер ерікті үлгіде сақтандырылды.



3-сурет. Сақтандыру қызметінің салалары мен сыныптары

Бүкіл ресейлік кооперативтік сақтандыру одағы ауылшаруашылық, өнеркәсіп, тұрғын үй құрылысы объектілерімен және кооперативтік ұйымдардың басқа да қызмет түрлерін сақтандыру бөлімінде жұмысын үлестірді. Орталық одақтың сақтандыру секциясы тұтыну кооперациясының жүйесі үшін кооперативтік сақтандыруды жүзеге асырды.

1931 жылы кооперативтік сақтандыру ұйымдық форма ретінде жойылды, ал бұл бағыттағы барлық операциялар КСРО-ның Мемлекеттік сақтандыру ұйымында жинақталды. Кооперативтік сақтандырудың өркендеуі 1988 ж. КСРО-да «Кооперация туралы» заңның қабылдануымен байланысты болды, бұған сәйкес кооперативтерге және олардың одақтарына кооперативтік сақтандыру ұйымдарын құру, сақтандырудың түрлері мен тәртібі, шарттарын анықтауға рұқсат етілді.

Қырғыз (Қазақ) КСР аумағында мемлекеттік мүліктік сақтандыру 1921 жылдың 14 желтоқсанында ҚКСР Халық комитетінің кеңесінде бекітілген қаулыға сәйкес жүзеге асты. Алайда бастапқы кезден-ақ, бұл шара біраз қиыншылықтарға ұшырады. Атап айтсақ, ол елдегі күрделі экономикалық жағдайға, халықтың төлемқабілеттілігінің төмендігіне және сақтандыру саласындағы білікті мамандардың тапшылығына байланысты болды.

Осыдан келе, 1922 жылы республикада РСФРО Мемлекеттік сақтандыру Бас басқармасы құрылды, яғни елдің Бас мемлекеттік сақтандыру басқармасының бастығы біруақытта РСФРО Бас мемлекеттік сақтандыру басқармасының өкілі болып саналды.

Қазақ АКСР құрылған 1926 жылдан бастап, біздің елде Росгосстрах өкілдігінің басқармасы, ал оның ішінен – Қазақ АКСР-гі Росгосстрах Басқармасының Біріккен Кеңсесі құрылды. Сол кезде біздің елде сақтандырудың келесі түрлері дамыған: жалақыны міндетті сақтандыру және құрылысты, жан-жануарларды, егістік алқаптарды ерікті сақтандыру, транспорт құралдарын сақтандыру, жазатайым жағдайлардан өмірді сақтандыру, кепілдік сақтандыру. Соңғысы қылмыстық

әрекеттерден (жұмсап қою, ұрлау) кәсіпорындар мен ұйымдардың мүлкін сақтандыру болды.

1933 жылы Алматы қаласында Қазақ Мемлекеттік сақтандыру басқармасы құрылып, ол облыстарда – басқарма, аудандарда – инспекциялар ретінде жұмыс істеді. Табысты жұмыс істеп келген Мемлекеттік сақтандыру аппараты 1937-1939 жылдарда қатты құлдырады, оның басты себебі, жүздеген мамандардың жұмыстан қуылуы және репрессияға ұшырауы салдарынан болды. Кейіннен ол қайта жанданып, КСРО құлдыраған уақытқа дейін сақталып келді.

Еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылдың 16 желтоқсан айынан бастап, Қазақстанда Мемлекеттік сақтандыру басқармасы Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясына өзгертілді.

Мемлекеттік сақтандырудың ескі жүйесінің соңғы, әрі нақты қайта құрылуы 1995 жылдың 17 сәуірінде аяқталып, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Қаулысымен Мемлекеттік коммерциялық сақтандыру компаниясы «Сенім» сақтандыру компаниясы» ААҚ болып өзгертілді.

Сақтандыру қызметінің ерекше ұйымдық формасы – медициналық сақтандыру болып табылады. Ол халықтың денсаулығын сақтаудың әлеуметтік мүддесін қорғау нышаны ретінде сипатталады. Оның мақсаттары:

сақтандыру оқиғасы пайда болған жағдайда азаматтарға жинақталған қаражаттар есебінен медициналық көмек алуға кепілдік беру (сондай-ақ, деңсаулық сақтаудың мемлекеттік және муниципалды жүйесі);

профилактикалық іс-шараларды қаржыландыру (диспансерлерді, вакцинацияны жүргізу және тағы басқаларды);

Медициналық сақтандырудың субъектілері:

азамат;

сақтанушы;

медициналық сақтандыру ұйымы (сақтандырушы);

медициналық мекеме (емхана, амбұлатория, аурухана және т.б.);

Мемлекеттік сақтандыру монополиясы кезінде КСРО-да келесідей екі негізгі сала ерекшеленген: мүліктік және жеке.

Нарықтық экономикада сақтандыру объектілерін экономикалық сипаты бойынша келесідей айыруға болады:

жеке сақтандыру;

мүліктік сақтандыру;

жауапкершілікті сақтандыру;

экономикалық тәуекелдіктерді сақтандыру.

Мұндай сыныптау сақтандыруға жататын объектілермен, тәуекелдер тізімімен анықталады.

Жеке сақтандыру – бұл сақтандырудың бір саласы, объектісі – адам өмірі, денсаулығы және еңбекке қабілеттілігі болып табылады. Жеке сақтандыру келесілерге бөлінеді:

өмірді сақтандыру;

қайғылы оқиғалардан сақтандыру.

Жеке сақтандыруда тәуекелдік және жинақтық функциялары көрініс табады.

Мүліктік сақтандыру – бұл сақтық – құқықтық қатынастардың объектісі әртүрлі мүліктер болып табылатын сақтандырудың саласы. Сақтандыру жағдайы есебінен болған шығындардың орнын толтыру – мүліктік сақтандырудың негізгі қызметі. Сақтанушылардың меншігі ретіндегі, сондай-ақ оның иелігіндегі, қолдануындағы, бұйрық етуіндегі мүлік сақтандырылған бола алады. Сақтанушылар ретінде тек мүлік иелері ғана емес, сондай-ақ мүліктің сақталуына, қорғалуына жауапкершілікті көтере алатын басқа да заңды және жеке тұлғалар бола алады.

Жауапкершілікті сақтандыру – бұл сақтанушының қандай да бір әрекетінің (немесе әрекетсіздігінің) салдарынан зиян шегетін үшінші тұлға (заңды және жеке) алдындағы жауапкершілік – объект болып табылатын сақтандырудың саласы. Жауапкершілікті сақтандыру арқылы мүмкін болатын зиян келтірушілердің экономикалық мүддесін қорғау жүзеге асырылады. Бұл мүдделер әрбір сақтандыру оқиғасында нақты ақшалай сипатқа ие. Жауапкершілікті сақтандыру келесі сала астыларына бөлінеді: қарызды сақтандыру және зиянды өтеу жағдайын сақтандыру немесе азаматтық жауапкершілікті сақтандыру.

3. БІРЛЕСІП САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚАЙТА САҚТАНДЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

3.1. Бірлесіп сақтандыру мен қайта сақтандырудың экономикалық мәні

Бірлесіп сақтандыру – бұл қандайда бір ірі тәуекелді сақтандырушылардың топтасып сақтандыруы болып табылады. Әрбір сақтандырушы тәуекелдің белгілі бір бөлігін өз жауапкершілігіне алады және дәл осындай үлес бойынша сақтандыру сыйақысын алады. Сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандырушы өзінің жауапкершілік үлесіне сәйкес сақтандыру өтемақысын төлейді және басқа бірлесіп сақтандырушылардың міндеттемелері үшін жауап бермейді. Мұндай практика қазіргі таңда сирек қолданылады.

Қайта сақтандыру – бұл сақтандырушының (қайта сақтанушының) ірі тәуекелдерді сақтандыру міндеттемесін өз жауапкершілігіне ала отырып, оның бір бөлігін және сонымен қоса сақтандыру сыйақысының сәйкес үлесін басқа сақтандырушыларға (қайта сақтандырушыларға) беруді қарастыратын экономикалық қатынастардың жүйесі болып табылады. Қайта сақтандырудың мақсаты – сақтандырылған тәуекелдердің қалыпты қоржынын қалыптастыру, сақтандыру операцияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.



Қайта сақтандырушы (цессионарий) қайта сақтанушыдан алған тәуекелдің бір бөлігін басқа бір қайта сақтандырушыға (ретроцессионарийға) бере алады, ал ол, өз кезегінде, аталған тәуекелдің бір бөлігін үшінші қайта сақтандырушыға бере алады. Бұл процесс екінші реттік қайта сақтандыру, немесе ретроцессия, деп аталады.

Бірлесіп сақтандырумен салыстырғанда қайта сақтандыру кезінде сақтандыру келісімін жасаған және содан кейін тәуекелдің белгілі бір үлесін қайта сақтандыруға берген сақтандырушы сақтанушы алдында жекелей толық деңгейде жауапкершілік тартады. Сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда қайта сақтандырушы өз мойнына алған міндеттемеге сәйкес сақтандырушы – қайта сақтанушы алдында жауапкершілік тартады.

Қайта сақтанушы мен қайта сақтандырушы арасындағы қатынастар қайта сақтандыру келісіміне сәйкес реттеліп отырады.

3.2. Қайта сақтандыру қызметтерінің жіктелуі

Тәуекелді шектеу, яғни қайта сақтандыру жекелеген сақтандырушының сақтандыру тәуекелін шектейді.

Қайта сақтандыруда әріптес болатын сақтандыру ұйымдарын дамыту. Қайта сақтандырудың көмегімен сақтандырушылар олардың қарамағына түсетін сақтандыру сыйақыларының сомасын арттыра алады. Қайта сақтандыру шеңберінде сақтандыру компаниялары маркетинг, ескерту шараларын ұйымдастыру жөнінде тәжірибе алмасады, сақтандыру мәселелері бойынша бір-біріне практикалық көмектер мен кеңестер береді.

Қайта сақтандыру арқылы тартылған меншікті капиталды алмастыру. Халықаралық стандарттар бойынша төлем қабілетінің деңгейін анықтау негізіне «нетто» принципі қойылған, яғни тек өз меншігінде қалған тәуекелдер ғана ескеріледі.

Қайта сақтандырудың жіктелуі

Тәуекелді қайта сақтандыруға беру әдісіне және құқықтық қатынастарды ресімдеу тәртібіне қарай. Факультативтік (ерікті) қайта сақтандыру. Қайта сақтанушының ұсынған тәуекелін қайта сақтандырушы қабылдауы да, қабылдамауы да мүмкін. Сонымен қатар, қайта сақтанушы мен қайта сақтандырушы арасындағы келісім бойынша әрбір тәуекел өз алдына жеке қайта сақтандырылуы мүмкін. Мысалға,

тасымалданатын жүк барлық тәуекелдерден сақтандырылған болса, онда сақтандырушы қайта сақтандыруға жүктің тек жоғалып кету тәуекелін ғана ұсынуы мүмкін. Өз тарапынан қайта сақтандырушы бұл ұсыныста қабылдауы да мүмкін, қарсы болуы да мүмкін.

Факультативтік қайта сақтандыру қазіргі кезде кеңінен қолданылады, өйткені аса ірі тәуекелдерді тиімді орналастырудың ең қолайлы (икемді) әдісі болып табылады. Екінші жағынан, қайта сақтандыру шарттарын келісу және ресімдеу бойынша үлкен уақыт шығындарына байланысты сақтандыру жағдайы орын алғанға дейін тәуекел тіпті де сақтандырылмай қалуы мүмкін.

Облигаторлық (міндетті) қайта сақтандыру. Қайта сақтандыру келісіміне сәйкес сақтандырушы сақтандыруға алған «барлық және әрбір» тәуекелдерді дереу қайта сақтандыруға міндетті, ал қайта сақтандырушы – оларды сөзсіз түрде өз жауапкершілігіне алуға міндетті. Бұл қайта сақтандырудың басты артықшылығы – оның оперативтілігі болып табылады. Сонымен қатар, кейде шағын тәуекелдер де қайта сақтандыру шеңберінде қалып қояды, ал мұнда шағын тәуекелдерді сақтандырушы өз жауапкершілігінде қалдырып, сол арқылы сақтандыру сыйақыларының айтарлықтай үлкен сомасын сақтап қала алар еді.

Қайта сақтандыру келісімдерінің түрлеріне қарай. Қайта сақтандырудың квоталық келісімі бойынша тәуекел қайта сақтандыруға сақтандыру сомасынан келісімдік пайыз бойынша немесе нақты бір сомада (квотада) беріледі. Қайта сақтандырушының алатын сақтандыру сыйақысы мен сақтандыру жағдайы орын алған кездегі өтемақысы да осы квотаға сәйкес анықталады. Квоталық қайта сақтандыру практикада кеңінен қолданылады, өйткені жүзеге асыру оңай және еңбек сыйымдылығы да шағын.

Қайта сақтандырудың эксцеденттік келісімі - сақтандырушының жеке ұсталымдарымен сипатталады. Сақтандырушының жеке ұсталымдары – бұл сақтандырушының өз жауапкершілігіне алып қалатын (ұстап қалатын) сақтандыру сомасының экономикалық негізделген мөлшері. Қайта

сақтандыруға сақтандыру сомасының жеке ұсталымдардан асатын (артық) бөлігі (сәйкесінше сақтандыру сыйақысы да) ғана беріледі. Эксцеденттік келісімдегі ең қиын элемент – экономикалық негізделген және балама жеке ұсталымдарды анықтау болып табылады.



4-сурет. Қайта сақтандырудың қолдану тәжірибесі

Эксцедент шығындарын қайта сақтандыру келісімі сақтандырылған тәуекел бойынша сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы қайта сақтандыру келісімінде көрсетілген мөлшерден асып кеткен жағдайда ғана сақтандырушының жауапкершілігін білдіреді. Мысалға, сақтандырушы – қайта сақтанушы жалпы сомасы 1 млн. теңгеге жеткенге дейін шығынның орнын жабу үшін өтемақылар төлей береді. Аталған сомадан (1 млн. теңгеден асқан) шығындарды ғана қайта сақтандырушы төлейтін болады.

Келісім бойынша қайта сақтандырушы үшін лимит анықталуы мүмкін. Мысалға, қайта сақтандырушы 1 млн. теңгеден 2 млн. теңгеге дейін шығындарды төлейді, ал 2 млн. теңгеден кейін қайтадан қайта сақтанушының жауапкершілігіне кезек келеді.

Эксцедент шығындылығын қайта сақтандыру келісімі (техникалық атауы «стоп-лосс») қайта сақтандырушының жауапкершілігі сақтандырылған тәуекел бойынша шығындылық нормасының орнатылған лимиттен асып кеткен жағдайда орын алатынын білдіреді (8-тарауды қараңыз). Мысалға, қайта

сақтанушы аталған нормалар 110%-ға жеткенше шығындарды төлейді (стоп-шығындылық деңгейі 100%). Әрі қарай 140-ға дейін қайта сақтандырушы шығындарды төлейді, содан кейін шығындарды қайтадан сақтандырушы (қайта сақтанушы) төлей бастайды.

Эксцедент шығындылығын қайта сақтандыру келісімдері әдетте айрықша қауіпті (катастрофалық) тәуекелдерден – дауылдардан, жер сілкінісінен, құрғақшылықтан және т.с.с.) – қайта сақтандыру үшін жасалады.

Қайта сақтандыруды жүзеге асыру механизмі

Сақтандырушы – қайта сақтанушы (цедент) қайта сақтандырушыға (цессионарийға) оферта-бордера жібереді, яғни сақтандырылуға алынған және қайта сақтандыруға жататын тәуекелдердің тізімін келтіріп, қайта сақтандыру келісімін жасау туралы ұсыныс береді. Қайта сақтандырушы аталған ұсыныстан бас тартады немесе келісім береді. Консенсусқа қол жеткен жағдайда қайта сақтандыру келісімі жасалады (факультативтік немесе облигаторлық). Факультативті қайта сақтандырудың негізгі келісіміне жекелеген тәуекелдерді сақтандырудың әрбір жағдайына әдетте қосымша келісім, немесе слип, жасалады.

Қайта сақтандыру келісімі бойынша қайта сақтандырушы қайта сақтандырудағы сақтандыру сомасының үлесіне (пайызына) сәйкес сақтандыру сомасының пропорционалды үлесін алады. Өз кезегінде, қайта сақтанушы сақтандыру келісімін жасауға кеткен шығындарды жабу үшін қайта сақтандырушыға тиісті сақтандыру сыйақысының бір бөлігін (комиссиялық сыйақы) өз пайдасына ұстап қалуға құқығы бар. Комиссиялық сыйақының мөлшері қатысушылардың келісімі бойынша анықталады.

Ірі және қауіпті тәуекелдерді қайта сақтандыруды сәтті жүргізу үшін сақтандырушылар бірлестіктер – қайта сақтандыру пулдарын – құруы мүмкін. Мұндай бірлестіктер халықаралық деңгейде де құрылуы мүмкін.

II БӨЛІМ
САҚТАНДЫРУ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

4. САҚТАНДЫРУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

4.1. Жеке сақтандыру

Жеке сақтандырудың экономикалық мазмұны мен маңызы

Жеке сақтандыру объектілері

- өмір
- денсаулық және еңбек қабілеті
- тұлғаның жеке басымен байланысты басқа да мүдделер.

Жеке сақтандыру қызметтері (функциялары)

- еңбек қабілетінен (уақытша немесе тұрақты) айрылған, асыраушысы қаза болған, жеке табысының төмендеуіне алып келген басқа да қолайсыз жағдайларда (жұмысынан айрылу, зейнетке шығу, ұрланған сәбиге сатып алу ақысын сұрау және т.с.с.) азаматтардың табыстарын қорғау және қол жеткізген игілік жағдайын сақтап қалу
- жинақтаушы – аннуитетті және өмірді сақтандырудың ұзақ мерзімді келісім шарты бойынша ақша қаражаттарының жинақталуы.

Сақтандыру тәуекелдері:

- сақтандыру мерзімінің соңына, белгілі бір жасқа немесе оқиғаға дейін өмір сүру;
- сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы;
- денсаулығынан немесе еңбек қабілетінен айрылу;
- табыстан айрылу.

Жеке сақтандырудың классификациясы

өмірді сақтандыру:

- аралас;
- қайтыс болған жағдайда;
- жасына жетуді

▪балаларды
▪үйленуді
▪басқалар

Аннуитетті сақтандыру:

▪ренталарды;
▪зейнетақыларды;
▪табыстарды;
▪басқалар.

Денсаулық пен еңбек қабілетін сақтандыру:

▪қолайсыз жағдайлардан;
▪уақытша еңбек қабілетсіздігінен;
▪мүгедектіктен:
▪медициналық;
▪басқалар.

4.1.2. Өмірді сақтандыру

Өмірді аралас сақтандыру бойынша сақтанушылар мен сақтандырылған тұлғалардың контингенті:

▪кемілеттік жасқа толған тұлғалармен ғана сақтандыру келісім-шарты жасалады;
▪сақтандырушы сақтанушының азаматтығына, денсаулығына және жасына байланысты шектеулер қоюы мүмкін;
▪сақтандырушы мен сақтандырылған тұлға әрқашан бір тұлға болып табылады, себебі ешкім өзінен басқа тұлғаны сақтандыра алмайды.

Сақтандыру жағдайлары:

▪Сақтандыру мерзімі біткенге дейін өмір сүру
▪Қолайсыз жағдайларға байланысты денсаулығы мен еңбек қабілетінен айрылу;
▪Сақтандыру келісім-шартының әрекет етіп тұрған кезінде сақтанушының қайтыс болуы.

Сақтандыру сомасы.

▪Сақтандыру сомасы әдетте 10000 теңгеге еселенген шексіз сомада орнатылады (мысалы: 100000,110000,120000 теңге);

▪Жасына жетуіне, еңбек қабілетінен немесе денсаулығынан айрылуына байланысты сақтанушы сақтандыру сомасын алушы ретінде қарастырылады (ол әрі сақтандырылған тұлға болып табылады);

▪сақтанушы қайтыс болған жағдайда, заңнамаға сәйкес сақтандыру сомасын оның мұрагерлері алуына болады.

Сақтандыру мерзімі. Сақтандыру мерзімін әдетте сақтанушы таңдайды, мысалға 3, 5, 10, 15, 20 жыл. Алайда сақтандыру мерзімі сақтанушының белгілі бір жасқа жету шеңберінен аса алмайды (мысалға, сақтанушы 55 жаста болса, ол үшін сақтандыру мерзімі 75 жасқа дейінгі уақытты қамтиды).

Сақтандыру мерзімі әдетте алғашқы (немесе бір жолғы) сақтандыру жарнасы (сыйақысы) төленген айдың 1 - күнінен басталады және сақтандыру келісімінде көрсетілген жылдан кейін, сол айдың 1 - күні бітеді. Алайда сақтандыру келісімі өз күшіне алғашқы (немесе бір жолғы) сақтандыру жарнасын төлеген күннен бастап енеді.

Сақтандыру тарифі. Сақтандыру жарналарын төлеу. Сақтандыру тарифі сақтандыру сомасының 100 теңгесінен бекітіледі. Оның мөлшері сақтанушының жасына тура пропорционалды, ал сақтандыру мерзіміне кері пропорционалды болып келеді.

Айлық сақтандыру жарнасы (төлемі) сақтандыру тарифін сақтандыру сомасының жүз теңгесіне көбейту арқылы есептеледі.

Сақтандыру жарналары келісімде көрсетілген уақыттарда төленеді – ай сайын, квартал сайын немесе бүкіл сақтандыру мерзіміне бірден қолма-қол немесе қолма-қолсыз формада төленеді.

Сақтандырудың басқа да шарттары. Кезекті сақтандыру жарнасы төленбеген жағдайда келісім-шарттарына сәйкес сақтандыру келісімі дереу немесе белгілі бір мерзімнен кейін (мысалға, үш айдан кейін) тоқтатылады. Тоқтатылған келісім қарызды өтеу және кезекті жарнаны төлеу немесе өтелмеген қарыз мерзіміне сақтандыру мерзімін ұзарту арқылы қайта қалпына келтірілуі мүмкін. Егер тоқтатылған келісім қалпына келтірілмейтін болса, онда сақтанушыға сатып алу сомасы

төленеді (сатып алу сомасы аталған келісім бойынша есептелген және жинақталған жарналардың резервіне тең).

Жарналар резерві сақтандырушының міндеттемелері (сақтандыру сомасын төлеу бойынша) және сақтанушы міндеттемелері (сақтандыру жарналарын төлеу бойынша) мөлшерлерінің айырмасына тең болады. Жарналар резерві актуарий бекіткен әдістеме бойынша есептеледі.

Мысал: Сақтандыру келісімі 5 жылға жасалған. Сақтандыру сомасы (сақтандырушының міндеттемесі) 100000 теңгені құрайды. Сақтандыру жарнасы ай сайынғы 1600 теңгеге тең. Бес жыл ішінде сақтанушы 96000 теңге жарна (1600*12*5) төлеуге міндетті. Жиырма айдан кейін сақтанушы жарналар төлеуді тоқтатты, демек 32000 жарнаны төлеп үлгерді, ал 64000 жарнаны төлеп үлгермеді (96000-32000). Бұл жағдайда сатып алу сомасы 36000 теңгені құрайды (100000-64000).

Келісім әрекет етіп тұрған уақытта сақтандыру сомасының мөлшері сақтанушының өтініші бойынша көбеюі немесе азаюы мүмкін. Бұл жағдайда, сәйкесінше, сақтандыру жарналары да қайта есептелетін болады.

Сақтанушы әр түрлі мерзімге бір немесе бірнеше сақтандырушымен бірнеше сақтандыру келісімдерін жасай алады.

Сақтандыру келісімінде сақтанушының мүддесі үшін қосымша шарттар қарастырылуы мүмкін. Мысалға, төленген жарналар мөлшерінде сақтанушыға пайызсыз несиелер беру, бонустар төлеу, сақтандыру сомасын инфляция деңгейіне сәйкес индекстеу және т.с.с.

Қаза болу жағдайын сақтандыру. Қайтыс болу жағдайын сақтандыру немесе өмірлік сақтандыру шет елдерде кеңінен таралған. Сақтандыру келісімдері ұзақ мерзімдерге (20, 25 жылға және одан да ұзақ мерзімге) немесе 85 жасқа дейін жасалады. Бұл сақтанушыларға төмен мөлшерлерде сақтандыру жарналарын төлей отырып, айтарлықтай ірі көлемде сақтандыру сомаларын орнатуына мүмкіндік береді. Қайтыс болу жағдайын сақтандыру ең алдымен жерлеуге кеткен шығындарды өтеу және асыраушысынан айрылған отбасының материалдық жағдайын қолдау мәселелерін қарастырады. Сақтандыру

келісімінде сақтанушының жасына және денсаулығына қарай, сондай-ақ оның қаза болу себептеріне қарай шектеулер қарастырылуы мүмкін (мысалға, сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы қылмыс жасаумен немесе оның мұрагерлерінің қастандық жасауымен байланысты болса, онда сақтандыру сомасы төленбейді).

Жасына жетуді сақтандыру. Жасына жетуді сақтандыру өмірді аралас сақтандырудың элементі бола отырып, сақтандырудың жеке түрі ретінде де қолданылуы мүмкін. Сақтандыру шарттары өмірді аралас сақтандыру шарттарымен сәйкес келеді (осы тараудың 3 - сұрағын қараңыз).

Балаларды сақтандыру. *Сақтанушылар мен сақтандырылғандар контингенті.* Сақтанушылар ретінде баланың ата-анасы немесе туыстары, ал сақтандырылған тұлға ретінде – балалар қарастырылады. Келісім әрекет етіп тұрған уақытта сақтанушыны ауыстыру жағдайы қарастырылады. Жаңадан туылған сәбилерден бастап 15 жасқа дейінгі балалар, олардың денсаулығына қарамастан сақтандыруға қабылданады.

Сақтандыру жағдайлары:

- сақтандырылған баланың (сәбидің) сақтандыру мерзімінің соңына дейін өмір сүруі;
- қолайсыз (апатты) жағдайлардың нәтижесінде сақтандырылған баланың денсаулығынан айрылуы;
- сақтандырылған баланың қайтыс болуы.

Сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру сомасы сақтанушының өтініші бойынша сақтандырылған балаға немесе оның өзіне төленуі мүмкін.

Сақтандыру мерзімі. Сақтандыру мерзімі сақтандырылған баланың (сәбидің) 18 жасқа жетуімен шектеледі, яғни сақтандыру мерзімінің ең аз мерзімі – 3 жыл, ал ең ұзақ мерзімі – 18 жыл.

Сақтандырудың басқа да шарттары. Сақтандыру келісімін жасау процедурасы, сақтандыру сомаларының мөлшерін анықтау тәртібі, сақтандыру жарналарын анықтау және оларды төлеу тәртібі, келісімнің тоқтатылуы және қайта қалпына келтірілуі, сақтандыру сомасының көбеюі (азаюы)

және басқа да шарттар өмірді аралас сақтандыру шарттарымен сәйкес келеді.

Үйленуді сақтандыру. *Сақтандырудың мәні.* Үйленуді сақтандыру (немесе некені сақтандыру) сақтандырылған тұлғаның белгілі бір оқиғаға дейін, яғни некеге тұрғанға дейін өмір сүруге байланысты сақтандыру төлемдерін қарастыратын балаларды сақтандыру түрі болып табылады.

Үйленуді сақтандыру ерекшеліктері. Сақтандыру мерзімі ішінде сақтанушының қаза болуына байланысты сақтандыру жарналарын төлеу тоқтатылса да, сақтандырылған тұлғаға сақтандыру сомасының төленуі кепілдендіріледі.

Сақтандырылған тұлғаға некеге тұруға байланысты келісімде көрсетілген сақтандыру сомасы төленеді. Сонымен қатар, некеге тұру мерзімі 21 жасқа дейін өмір сүрумен шектеледі. Аталған жасқа дейін некеге тұрмаған жағдайда сақтандыру сомасы 21 жасқа дейін өмір сүруіне байланысты төленеді.

Өмірді сақтандырудың басқа да түрлері. *Сақтандыру-салым.* Бұл сақтандыру бойынша келісімдер белгілі бір мерзімге жасалады. Сақтандыру сомасы сақтандыру мерзімі аяқталған жағдайда, көп жағдайда қандай-да бір оқиғаға байланысты төленеді. Мысалға,баланың жоғарығы оқу орнына түсуі және т.б.

Өмірді несиелік сақтандыру - банктен несие, басқа да қарыздар алушы немесе тауарды несиеге сатып алушы тұлғалар арасында жүргізіледі. Егер сақтандырылған қарызгер тұлға өз қарыздарын жаба алмай қаза болса, онда оның міндеттемесі сақтандыру сомасы есебінен өтеледі.

Денсаулықты сақтандыру - емдеуге, соның ішінде хирургиялық операциялар бойынша, кеткен шығындардың орнын толтыруды, сондай-ақ науқастанған кездегі табыстың төмендеуін сақтандыруды қарастырады.

Өмірді топтасып сақтандыру - жалдамалы жұмысшылар арасында жүргізіледі. Сақтандырушы ретінде әрбір жұмысшы емес, кәсіподақ немесе кәсіпкер (жұмыс беруші) қарастырылады. Бұл сақтандыру зейнетке шыққан, асыраушысынан айрылған жағдайларда зейнетақы төлеуді,

еңбек қабілетінен айрылған жағдайда жәрдемақы төлеуді, емделу шығындарын өтеуді қарастырады.

4.2. Денсаулықтан және еңбек қабілетінен айрылуды сақтандыру

Қолайсыз жағдайларды жеке сақтандыру. *Сақтанушылар мен сақтандырылған тұлғалар контингенті*

- Сақтандырушы мен сақтандырылған бір тұлға болып табылады. Сондықтан сақтандырушы тек өзін ғана сақтандыра алады.
- Сақтанушының денсаулық жағдайына, жасына және азаматтығына қарай сақтандырушы шектеулер қоюы мүмкін.

Сақтандыру жағдайлары

- Травматикалық жарақаттардың, кездейсоқ уланудың, қолайсыз жағдайларға жататын аурулардың нәтижесінде тұлғаның денсаулығынан немесе еңбек қабілетінен айрылуы.
- Жоғарыда аталған себептерге байланысты тұлғаның қайтыс болуы. Дем алу органдарына сыртқы денелердің кездейсоқ түсуі, суға бату, суықта үсіп қалу нәтижелерінде қаза болу сақтандыру жағдайларына жатпайды.

Сақтандыру сомасы және оны алушылар. Сақтандыру сомасының мөлшері сақтанушы мен сақтандырушының өзара келісімі арқылы анықталады. Денсаулығынан немесе еңбек қабілетінен айрылуына байланысты сақтандыру сомасы (сақтандыру төлемі) сақтанушыға (ол өзі сақтандырылған тұлға болып табылады) төленеді. Сақтанушы қаза болған жағдайда сақтандыру сомасы заңнамаға сәйкес оның мұрагерлеріне төленеді.

Сақтандыру мерзімі. Сақтандыру шарттары келісімдерді 5 жылға дейінгі мерзімге жасауға мүмкіндік береді. Практикада бір жылдық келісімдер кеңінен тараған.

Сақтандыру келісімі сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеген күннен бастап өз күшіне енеді. Сонымен бірге сақтандыру мерзімі есептеле бастайды. Егер келісім қайта жасалатын болса, онда жаңа келісім алдыңғы келісімнің мерзімі біткен күннен бастап дереу күшіне енеді.

Сақтандыру тарифтері. Сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі. Сақтандыру тарифі сақтанушы кәсібінің немесе айналысатын жұмысының қауіптілік деңгейіне қарай анықталады, яғни тарифтерді құру негізіне өндірістік тәуекел критерийі қойылған. Сақтандыру сыйақысы сақтандыру тарифін сақтандыру сомасына көбейту және оны 100-ге бөлу арқылы есептеледі. Сақтандыру сыйақысы әдетте бір жолғы жарна түрінде төленеді. Алайда, ол өте үлкен соманы құрайтын болса, сақтандырушы төлеу мерзімін ұзартуы мүмкін. Егер сақтандыру мерзімі ішінде сақтанушы өзінің кәсібін немесе қызметін ауыстырса, онда сақтандыру сыйақысы қайта есептеуге жатпайды.

Денсаулықты жєне еңбек қабілетін сақтандырудың басқа түрлері. *Қолайсыз жағдайлардан балаларды жєне оқушыларды сақтандыру.* Сақтанушылар ретінде ата-аналар және басқа туыстары, ал сақтандырылғандар ретінде балалар мен оқушылар қарастырылады.

Балаларды сақтандыру бойынша жас шеңбері 1 жастан 16 жасқа дейінгі аралықты қамтиды, ал оқушыларды сақтандыру бойынша жас шеңбері оқушының мектепте оқу мерзімімен шектеледі.

Балаларды сақтандыру бойынша сақтандыру тарифтері олардың жасына қарай орнатылады, ал оқушыларды сақтандыру бойынша тарифтер бірдей болады.

Өндірісте жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметкерлерді апатты жағдайлардан кєсіпорын есебінен сақтандыру. Сақтанушылар ретінде денсаулық үшін қауіпті және зиянды еңбек жағдайлары бар кәсіпорындар мен ұйымдар (жұмыс берушілер) қарастырылады. Кәсіпорындар мен ұйымдар сақтандыратын жұмысшылардың қатарына әдетте мыналар кіреді: кәсіпорындар мен ұйымдардағы өрт сөндірушілердің ерікті жеке құрамы; кәсіби өрт сөндіру қызметінің әскерлері; азаматтық және арнайы авиацияның ұшқыштар құрамы; тау және газ апаттарынан құтқару қызметкерлері; банк инкассаторлары; жаңа техниканы сынақтан өткізушілер; жүргізушілер; жарыс және турнирлер кезінде спортшылардың денсаулығы және т.с.с. Жұмысшылардың аталған

категорияларын сақтандыру арқылы олардың өздерінің қызметтік міндеттерін, нақты бір жұмыстарды орындаумен, спорт жарыстарына қатысуымен байланысты тәуекелдері сақтандырылады. Нақты сақтандыру жағдайларының (оқиғаларының) тізімі кәсіпорын (ұйым) және сақтандырушы арасында жасалатын келісімде көрсетіледі.

Сақтандыру келісімі сақтанушының өтініші бойынша әдетте 1 жылға жасалады. Мұнда сақтандыруға жататын лауазымдардың тізімі немесе сақтандырылатын тұлғалардың фамилияларының тізімі көрсетіледі. Бір сақтандырылған тұлғаға келетін орташа сақтандыру сомасын сақтандырушы әр жұмысшы бойынша жеке-жеке анықтайды, ал сақтандыру тарифінің мөлшері сақтанушымен келісу арқылы орнатылады.

Сақтандыру төлемдерінің тәртібі, сақтандыру келісімінің күшіне енуі, әрекет ету мерзімі қолайсыз (апатты) жағдайлардан жеке сақтандыру шарттарына сәйкес келеді.

Баланы (сәбиді) ұрлау жағдайынан сақтандыру:

- сақтанушылар ретінде сәбидің ата-анасы немесе асыраушысы ғана қарастырыла алады;
- сәби ұрланған жағдайда сақтанушыға сәбиді ұрлаған адамға төлеген сатып алу сомасы мөлшеріндегі қаражаттар төленеді, алайда бұл төлем сақтандыру сомасынан аспайды.

Уақытша еңбек қабілетсіздігін сақтандыру. Бұл сақтандыру әртүрлі аурулардың және жарақаттардың салдарынан уақытша еңбекке қабілетсіз болған жағдайларда, ал кейде ауыр халдегі отбасы мүшесіне қамқорлық көрсету жағдайларында жүзеге асырылады. Сақтандыру сомасы және сақтандыру төлемі тиісті мерзімнің ұзақтығы әдетте уақытша еңбек қабілетсіздігіне байланысты жәрдемақы төлеу бойынша әлеуметтік заңнамамен анықталған мерзіммен сәйкес келеді.

Туристік саяхат немесе экскурсия барысында туристерді және экскурсанттарды, іссапар кезінде жұмысшыларды апатты жағдайлардан сақтандыру; жол апаттары кезінде жолаушыларды, такси жүргізушілері мен жолаушыларын ерікті сақтандыру; паталогиялық босану кезінде жүкті әйелдерді травматикалық аурулардан сақтандыру; жекелеген ауруларды (СПИД, рак және т.с.с.) сақтандыру секілді жағдайлар да

денсаулықты және еңбек қабілетін сақтандыру түрлері ретінде қолданылады. Мысалға, кәсіби еңбек қабілетін (әншінің дауысы, балет әртисінің аяқтары, музыканттың саусақтары және т.с.с.) сақтандыру, немесе бақытсыз махаббаттан, өзге планеталықтардың ұрлап кетуінен, тіл-көз тиюден сақтандыру секілді экзотикалық сақтандыру түрлері қолданылуы мүмкін.

4.3. Медициналық сақтандыру

Медициналық сақтандырудың мәні. Медициналық сақтандыру кезкелген себептерге, соның ішінде түрлі ауруларға да, байланысты денсаулықтан айрылуды сақтандыру болып табылады. Бұл сақтандырудың объектісі ретінде медициналық көмек көрсетуге (емдеуге) кеткен шығындар мен медициналық қызметтердің белгілі бір деңгейі қарастырылады. Сақтандыру есебінен өтелетін медициналық қызметтер тізімі сақтандыру келісімімен орнатылады. Бұл тізімге, әдетте, ақысыз медициналық қызметтер туралы мемлекеттік бағдарлама бойынша міндеттемелер кірмейді.

Сақтанушылар мен сақтандырылған тұлғалар. Сақтанушылар болып кәсіпорындар, ұйымдар, жеке тұлғалар табылады. Сақтандырылғандар тек жеке тұлғалар болып табылады

Сақтандыру сомасы. Медициналық сақтандыру объектісі бір науқас тұлғаға келетін орташа салмақталған емдеу шығындары болып табылатындықтан, сақтандыру сомасының мөлшері аталған орташа салмақталған құнға және бір науқасты емдеудің орташа ұзақтығына қарай анықталады.

Сақтандыру жағдайлары. Медициналық сақтандыруда сақтандыру жағдайы ретінде сақтандырылған тұлғаның келісімде көрсетілген медициналық мекемеге кезкелген аурулардың салдарынан көмек сұрап келу жағдайлары қарастырылады. Алайда, ауруға себеп болған кезкелген жағдай сақтандыру мерзімінің шеңберінде орын алуы тиіс.

Туристер мен іссапардағыларды медициналық сақтандыру. Туристерді және іссапардағы жұмысшыларды сақтандыру ассистанс (латынның *assistance* сөзінен – көмекке

келу) формасында жүргізіледі. Қажет болған жағдайда турист немесе іссапардағы тұлға сақтандыру полисінде көрсетілген сервистік мекемемен хабарласуы жеткілікті. Сақтандырылған тұлға хабарласқаннан кейін оған қажетті медициналық көмек көрсетіледі. Полис медициналық қызметтердің тұтас кешенін қамтамасыз етеді: медикаменттердің және дәрігерлер қызметінің құнын, ауруды тасымалдау немесе қайтыс болған жағдайда отанына жеткізіп беру шығындарын қамтиды. Шет елге шығатын тұлғаларға бұл сақтандыру міндетті болып табылады, өйткені сақтандыру полисінсіз шет елдерге шығу мүмкін емес.

4.4. Аннуитеттік сақтандыру

Аннуитеттік сақтандырудың мәні. Аннуитеттік сақтандыру (латынның *annuitas* сөзінен – төлем) сақтандыру жағдайларына байланысты зейнетақылар немесе ренталар түріндегі мерзімді сақтандыру жарналарын (төлемдерін) қарастыратын жеке сақтандыру түрлерінің жиынтығы болып табылады.

Аннуитеттік сақтандыру, жалпы жеке сақтандыру секілді, үлкен әлеуметтік маңызға ие және мемлекеттік деңгейде азаматтарды әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Бұл сақтандыру қолданыстағы зейнетақы жүйесін, медициналық қамтамасыз етуді және міндетті әлеуметтік сақтандыруды толықтырып отырады.

Сақтанушылар ретінде кәсіпорындар, ұйымдар, жеке тұлғалар, ал сақтандырылғандар ретінде – жеке тұлғалар қарастырылады. Сақтанушылар мерзім сайын (мысалға, ай сайын, квартал сайын) сақтандыру жарналарын (аннуитеттік жарналарды) төлеп отырады, ал сақтандырылған тұлғалар аннуитеттік төлемдерді алып отырады.

Ренталарды сақтандыру. Ренталарды сақтандыру (немістің *Rente* сөзінен – кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес табыс) Батыс Еуропа елдерінде және АҚШ-та кеңінен қолданылады. Бұл сақтандыру бойынша сақтандырушы сақтандырылған тұлғаға белгілі бір мерзімдерде (мысалға, ай сайын) тұрақты табыстар төлеп отыруды өз міндетіне алады.

Төлемдер үшін арналған қор сақтанушылардың жарналары есебінен қалыптасады.

Ренталарды сақтандырудың келесідей түрлері болуы мүмкін: тұрақты табыс сақтандыру жарналары төленгеннен кейін бірден немесе белгілі бір мерзімнен кейін төленуіне байланысты - өмірлік және уақытша, дереу және мерзімі ұзартылған; сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуы жағдайында төленген жарналардың бөлігі оның мұрагерлеріне қайтарылу формасына қарай – қайтармалы және қайтарымсыз.

Ренталарды сақтандыру келісімі бір жолғы немесе мерзімі ұзартылған формада төленуі мүмкін. Мерзімі ұзартылған бір жолғы рента практикада өте жиі кездеседі. Ренталарды сақтандыру кейде табыстарды екі немесе одан да көп тұлғаларға төлеуді қарастырады (мысалға, жанұяның отағасына және оның асырауындағы жандарға). Сондай-ақ, жесір қалған жұбайына ғана табыстар төлеуді қарастыратын келісімдер де кездеседі. Бір сақтандыру келісімінде ренталарды сақтандыру және жауапкершілікті сақтандырудың басқа да түрлері қоса қарастырылуы мүмкін.

Практика жүзінде ренталар қолма-қол ақшалармен төленбей, оларды акцияларға орналастыру жағдайлары да қолданылады. Ренталар және құнды қағаздар алып келетін пайыздық табыстар бірігіп сақтандырылуы да мүмкін.

Зейнетақыны сақтандыру. Ренталарды сақтандыру шет елдерде негізінен зейнетақыны сақтандыру түрінде қолданылады. Зейнетақыны сақтандыру топтық немесе жеке түрде жүргізілуі мүмкін, алайда практикада топтық сақтандыру формасы кеңінен қолданылады. Кәсіпорындар мен кәсіподақтар еңбеккерлердің қаражаттарын тарта отырып, өздерінің еңбек қызметін тоқтатқаннан кейін жалдамалы жұмысшыларды сақтандыру арқылы зейнетақылық қамтамасыз етуді ұйымдастырады. Жеке формада зейнетақыны сақтандыру келісімін негізінен ірі мөлшерде табысы бар тұлғалар ғана жасайды.

Қазақстан Республикасында «Зейнетақылық қамтамасыз ету туралы» Заңға сәйкес, Жинақтаушы зейнетақы қорының (ЖЗҚ) салымшысы өзінің салымдарын ЖЗҚ-нан сақтандыру

ұйымына ауыстыра алады және әрі қарай зейнетақы жарналарын осы ұйымға төлеп отыратын болады. Өз кезегінде, сақтандыру ұйымы сақтанушыға (яғни бұрынғы ЖЗҚ салымшысына) белгілі бір жасқа (зейнетақы жасына) жеткенде, Заң жүзінде бекітілген минимальды зейнетақыдан кем емес мөлшерде аннуитет төлеп отыруға міндеттенеді.

Табыстарды сақтандыру. Табыстарды сақтандыру сақтандырудың бірқатар дербес түрлерінің (еңбек қабілетінен айрылу, асыраушысынан айрылу, жұмссыздыққа ұшырау, банкротқа ұшырау) кешені болып табылады. Табыстарды сақтандыру арқылы азаматтардың табыстарын немесе қол жеткізген отбасылық жағдайын қорғау мәселесі өз шешімін табады.

Сақтандыру тәуекелі ретінде өміріндегі қолайсыз (апатты) жағдайлардың салдарынан азаматтың өзінің әдеттегі табысының жоғалуы немесе төмендеуі қарастырылады.

4.5. Жеке сақтандыру төлемдерін анықтау әдістемесі

Сақтандыру төлемдеріне негіз болатын жағдайлар:

- сақтандыру жағдайын жєне оның салдарын құжатты түрде растау;
- сақтандыру төлемін алуға келген тұлғаның сақтандырылған тұлғамен ұқсастығын (бірдейлігін) құжатты түрде растау;
- сақтандыру жағдайларының себептері сақтандыру келісімі бойынша шектеулерге және тиым салуға жатпайды;
- сақтандыру келісімі сақтандыру жағдайы орын алған күні өз күшінде болуы тиіс;
- сақтанушы (сақтандырылған тұлға) сақтандыру келісімінде көрсетілген міндеттемелерін толық орындауы тиіс (сақтандыру сыйақыларын (жарналарын) төлеу, сақтандыру жағдайы туралы хабарлау мерзімін қадағалау және т.с.с.);
- сақтанушының, сақтандырылған тұлғаның, сақтандыру төлемін алушының немесе мұрагердің құқықтарын құжатты түрде растау;

- сақтандыру төлеміне әсер ететін барлық құжаттарды қарастыру мына тәртіппен жүргізілуі тиіс: сақтандыру келісімінің мерзімі, келісімнің күшіне ену мерзімі, сақтандыру жарналарының төленуі, сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның толық аты-жөні, сақтандыру жағдайына ұшыраған және сақтандыру сомасын алатын адамның толық аты-жөні, апатты жағдайдың күні, себептері және салдары, оның денсаулықтан айрылумен тікелей себепті байланысы, сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның қайтыс болған күні және себептері, аталған сақтандыру жағдайына жауапкершілікті жүктеу мәселесін шешу, сақтандыру төлемінің мөлшері және оны алушы. Осыдан кейін сақтандыру төлемі есептеледі.

Сақтандырушы сақтандырылған тұлғаға зиян келтірген кінәлі тұлғаға төленген сақтандыру сомасы мөлшерінде кері талап ету құқығына ие.

Егер сақтандырылған тұлғаның денсаулығынан немесе еңбек қабілетінен айрылуы немесе қайтыс болуы төменде келтірілгендермен байланысты болса, онда сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуына болады:

- алкогольдік, есірткілік немесе токсикалық мастық жағдайындағы травматикалық жарақаттану;
- сақтандырылған тұлғаның қасақана әрекеті нәтижесінде денсаулығына келген травматикалық немесе басқа да жарақаттар;
- өзін-өзі өлтіру жағдайлары (егер мұндай жағдай үшінші бір тұлғаның заңсыз қысым көрсетуі нәтижесінде болса, онда сақтандыру сомасы төленуі мүмкін);
- өз денесін қасақана жарақаттау;
- әскери әрекеттермен, азаматтық толқулармен, тәртіпсіздіктермен байланысты жарақаттар және басқа да денсаулыққа тиген зияндар.

Жасына жетумен және келісімді мерзімінен ерте тоқтатумен байланысты сақтандыру төлемдерін анықтау әдістемесі. Сақтандыру төлемін алу үшін сақтанушы немесе сақтандырылған тұлға сақтандырушыға сақтандыру полисін ұсынуы тиіс. Егер сақтанушы сақтандыру төлемдерін банкке

немесе пошта арқылы аудару арқылы алғысы келсе, онда ол сақтандырушыға бұл туралы өтініш білдіруі қажет. Қолма-қол ақшамен немесе чек арқылы төлеу кезінде банкке өтініш білдірудің қажеті жоқ. Егер сақтандыру жарналары квитанция бойынша сақтандыру агентіне немесе есеп кітапшасы арқылы банкке төленген болса, онда соңғы жарнаның төленуі туралы квитанция немесе есеп кітапшасының түбіртегі ұсынылады.

Үйленуді сақтандыру бойынша некеге тұруға байланысты сақтандыру сомасы төленетін кезде некеге тұру туралы куәліктің көшірмесі ұсынылады. Ал қосымша зейнетақыны сақтандыру кезінде сақтандыру сомасын алушының куәлігі ұсынылады.

Аталған құжаттарды талдау барысында барлық жарналардың толық төленуі, барлық құжаттардағы сақтандырылған тұлғаның толық аты-жөнінің сәйкестігі, сақтандыру мерзімінің аяқталу күні немесе сақтандырылған тұлғаның некеге тұрған күні (үйленуді сақтандыру бойынша) тексеріледі. Егер де соңғы үш жыл ішінде жекелеген жарналардың төленбегені анықталса, онда олар төленетін сақтандыру сомасынан немесе зейнетақыдан төленеді. Артық төленген жарналар сақтандыру сомасымен бірге қайтарылады.

Төлем туралы шешім қабылдағаннан кейін, белгіленген тәртіп бойынша есептеулер жүргізіледі, соның негізінде жоғарыыда аталған әдістердің бірімен ақшаны төлеу жүзеге асырылады.

Сақтандырылған тұлғаның өміріндегі қолайлы жағдайлардың басталуымен байланысты жасына жету бойынша төлемдер өмірді сақтандырудың танымалдығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Сол себепті уақытында жүргізілген төлемдер сақтандыру төлемдері мен өмірді сақтандырудың әрі қарай дамуы арасындағы кері байланысты нығайтуға септігін тигізетін маңызды фактор болып табылады.

Сатып алу сомасын талап ету құқығы бар өмірді сақтандыру келісімін мерзімінен ерте тоқтату кезінде сақтанушы жазбаша формадағы өтінішін, сақтандыру полисін, сондай-ақ соңғы жарнаны төлегені туралы квитанцияны (есеп

кітапшасының түбіртегін) ұсынады. Бұл құжаттардың негізінде сатып алу сомасын есептеу және төлеу жүзеге асырылады.

Денсаулығынан және еңбек қабілетінен айрылуына байланысты сақтандыру төлемдерін анықтау әдістемесі. Қолайсыз (апатты) жағдайлардың нәтижесінде денсаулығынан айрылуына байланысты сақтандыру төлемдерінің мөлшері сақтанушының ұсынған құжаттарын және сақтандырушының медициналық және басқа да мекемелерден алған құжаттарын талдау негізінде анықталады.

Сақтанушы апатты жағдай болған күннен бастап үш жыл ішінде сақтандырушыны хабардар етуі тиіс. Өтініш қағазында ол апатты жағдайдың болған күнін, себептерін, оған алғашқы медициналық жедел жәрдем көрсеткен және одан әрі қарай осы жағдайға байланысты емделуден өткен медициналық мекемелерді көрсетеді. Өтінішпен бірге сақтанушы сақтандыру полисін және өмірді сақтандыру бойынша жарналарды төлегені туралы квитанцияны ұсынады. Бекітілген формадағы Қолайсыз жағдай туралы Акт тек жұмысшылар мен қызметкерлерді ұйымдардың есебінен сақтандыру және жолаушыларды сақтандыру барысында ғана ұсынылады.

Сонымен қатар сақтандырушыға сақтанушының өтінішінде көрсетілген емдеу мекемелерінен алынған анықтамалар да ұсынылады. Егер құжаттарды талдау барысында бақытсыз жағдай заң бұзушылық әрекеттермен байланысты болғаны анықталса, онда тергеу жүргізген құқықтық органдардың материалдары да тексеруге алынады. Сонымен қатар, өтінішке қосымша ретінде сақтандыруға алу туралы өтініш, өмірді сақтандыру бойынша сақтандырылған тұлғаның шоты және басқа да сақтандыру құжаттары ұсынылады.

Сақтандыру төлемдеріне негіз болатын құжаттарды талдаудың мақсаты мыналарды анықтау болып табылады:

- травманың, кездейсоқ жарақаттанудың деректері қандай белгілері бойынша дәлелденеді;
- апатты жағдай мен сақтандыру шарттарында көрсетілген нәтижелердің арасында қандай байланыс бар;
- сақтандырылған тұлғаның денсаулығына зиян тигізген сақтандырумен қарастырылмаған жағдайлардың жоқтығы

(мысалға, жаппай аурулар, сақтандыру келісімін жасағанға дейінгі алған жарақаттары және т.б.);

- аталған апатты жағдай сақтандыру жағдайына жатады ма, яғни ол сақтандыру жауапкершілігін тудырады ма әлде жоқ па.

Зиянның мөлшерін анықтау үшін екі әдіс қолданылады. Кеңес дәуірі кезінде қолданылған әдіс бойынша денсаулықтан айрылу деңгейі пайыз бойынша есептеледі.

Жұмсақ денелердің, көру және есту органдарының зақымдануы кезінде сақтандырылған тұлға денсаулығынан айрылу деңгейін анықтау үшін сақтандырушының сарапшы-дәрігерінен тексеруден өтеді. Сүйек органдары сынған және келісімде көрсетілген басқа да қолайсыз жағдайларда денсаулықтан айрылу деңгейі сақтандырушының дәрігерінсізақ, медициналық құжаттардың негізінде анықталады.

Байқап отырғанымыздай, қолайсыз жағдайлардың салдары үшін сақтандыру төлемі денсаулықтан айрылу деңгейіне тікелей байланысты болады. Дегенмен де ақшалай төлем денсаулықты толық орнына келтіруге мүмкіндік бермейді және травманың немесе аурудың салдарын емдеу үшін қолданатын шартты соманы ғана білдіреді. Дәл осы себепке байланысты әлеуметтік сақтандыру бойынша жәрдемақының мөлшері денсаулықтан айрылу деңгейіне қарай емес, емделудің ұзақтығына қарай анықталады. Мұндай принцип сақтандырудың мақсатына сәйкес келеді, яғни отбасы мүшесінің уақытша еңбек қабілетінен айрылуына байланысты отбасының төмендеген немесе жоғалған табыстарының орнын толтыруға мүмкіндік береді. Денсаулықтан айрылуға байланысты сақтандыру төлемдері жағынан жеке сақтандыру әлеуметтік сақтандыруды толықтырып отырады, сол себепті мұндай төлемдерді емделу мерзімінің ұзақтығына қарай төлеген тиімді болып табылады. Бұл зиянның мөлшерін есептеуді және сақтандыру төлемінің процедурасын бірден оңайлатады. Мысалға, еңбекке қабілетсіз болған әрбір күн үшін сақтандыру сомасының 3% төленеді, алайда мұндай төлем 20 күнмен шектеледі.

Қайтыс болған жағдайда сақтандыру төлемін анықтау әдістемесі. Сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның қайтыс болуына байланысты сақтандыру төлемі жеке

сақтандыру түрлері бойынша жауапкершіліктің көлемдерімен негізделеді. Неғұрлым бұл көлем үлкен болса, соғұрлым сақтандыру сомасын анықтау әдістемесі және төлеу тәртібі де оңай болады.

Сақтандыру төлемін алушы сақтандырушыға төлем туралы өтініш қағазын, сақтандыру полисін, қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариус растаған көшірмесін, кезекті жарнаны төлегені туралы квитанцияны ұсынады. Сонымен қатар, сақтандыру жағдайы қылмыспен байланысты болса, сақтандырушы тергеу және сот органдарынан тиісті құжаттарды талап етуіне болады. Жұмысшыларды ұйымдар мен кәсіпорындар есебінен сақтандыру және жолаушыларды сақтандыру бойынша аталған құжаттармен қоса апатты жағдай туралы акт ұсынылады. Егер сақтандыру төлемін алушылар заңды мұрагерлері болып табылса, онда олар мұрагерлік құқығы туралы куәлікті ұсынуы тиіс.

Емделуге және медициналық қызметтерді төлеуге кеткен шығындарды анықтау әдістемесі. Сақтандырылған тұлғаға көрсетілген қызметтердің құнын сақтандырушы медициналық мекеменің ұсынған шотына сәйкес төлейді. Есеп айырысу тәртібі және шоттың формасы медициналық мекемемен келісім жасау арқылы анықталады.

Егер де медициналық қызметтердің құнын сақтандырылған тұлға төлеген болса, онда сақтандырушы медициналық мекеменің шотына және оның қызметтерін төлегені туралы төлем құжатына сүйене отырып, сақтандыру өтемін тікелей сақтандырылған тұлғаның өзіне төлейді. Сақтандырушы медициналық мекеме шотының және төлем құжаттарының растығын тексеруге құқығы бар.

Келесідей жағдайларда сақтандырушы емделуге кеткен шығындарды төлемеуге құқығы бар:

- сақтандырылған тұлға сақтандыру келісімінде көрсетілмеген мекемелерде емделген болса;
- сақтандырылған тұлға сақтандыру келісімінде көрсетілмеген медициналық қызметтерді тұтынған болса.

5. САҚТАНДЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

5.1. Мүлікті сақтандырудың принциптері

Мүліктік сақтандырудың экономикалық мазмұны

Мүліктік сақтандыру – сақтандыру қатынастарының объектісі ретінде мүліктің алуан түрлері және мүліктік мүдделер қарастырылатын сақтандыру саласы болып табылады.

Мүліктік сақтандырудың экономикалық арналымы сақтандыру жағдайының нәтижесінде мүліктің бүлінуімен, жойылуымен байланысты шығындардың орнын толтыруға келіп тіреледі.

Сақтанушының жеке меншігіндегі, немесе оның иелігіндегі, қолдануындағы немесе билігіндегі мүліктердің барлығы сақтандырыла алады.

Сақтандырушы болып тек қана аталған мүлікте заңды мүдделері бар заңды немесе жеке тұлға табылады (мүлік иесі, оны сенімгерлік негізде қолданушы, арендаға алушы, мүлікті сақтаушы немесе тасымалдаушы және т.с.с.).

Мүлікті және онымен байланысты мүдделерді сақтандыру, әдетте, ерікті түрде жүргізіледі. Алайда, тек меншік иесінің ғана емес, бүкіл қоғамның мүддесі болып табылатын мүліктер үшін, яғни мемлекет үшін аса маңызды, стратегиялық мағынасы бар мүліктер үшін міндетті сақтандыру формасы қарастырылуы мүмкін. Мысалға, Қазақстан Республикасының «Өсімдік өндірісіндегі міндетті сақтандыру туралы» Заңына сәйкес ауыл-шаруашылық өндірушілері негізгі дәнді-дақылдарды (бидай, мақта, қант қызылшасы өнімдерін) міндетті түрде сақтандыруы тиіс.

Мүлікті сақтандырудың түрлері

Мүліктік сақтандырудың практикада шексіз кластары, түрлері, ішкі түрлері кездеседі. Солардың ішіндегі негізгілерін қарастыралық.

Заңды тұлғалардың мүлкін сақтандырудың түрлері:

- негізгі өндірістік қорларды және аяқталмаған құрылысты сақтандыру;
- тауарлық-материалдық құндылықтарды және аяқталмаған өндірісті сақтандыру;
- монтаждық және құрылыстық тәуекелдерді сақтандыру;
- көлік құралдарын сақтандыру;
- жүктерді сақтандыру;
- ауыл-шаруашылығы жануарларын сақтандыру;
- ауыл-шаруашылық науқанын және егіндіктерді сақтандыру;
- басқа да сақтандыру түрлері.

Жеке тұлғалардың мүлкін сақтандыру түрлері:

- құрылыстарды сақтандыру;
- үй мүліктерін сақтандыру;
- жеке еңбек барысында қолданылатын мүліктерді сақтандыру;
- көлік құралдарын сақтандыру;
- үй жануарларын сақтандыру;
- ауыл-шаруашылық науқанын және егіндіктерді сақтандыру;
- басқа да сақтандыру түрлері.

Заңды тұлғалардың мүлкін сақтандыру

Заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғаудың экономикалық маңызы. Нарықтық экономика жағдайларында шаруашылық (заңды тұлғалардың) субъектілерінің мүліктің жоғалу немесе бүлінуімен байланысты экономикалық мүдделерін қорғаудың альтернативсіз жолы ретінде сақтандыру қарастырылады.

Кәсіпорындардың және басқа да шаруашылық субъектілерінің басым көпшілігі жеке меншікте болып табылатын қазіргі кезде заңға бағынатын сақтанушылар үшін қандайда бір шектеулер тіпті жоқ. Олар сақтандыру келісімдерін жасау туралы өздері дербес шешім қабылдайды.

Негізгі өндірістік қорларды және аяқталмаған капиталдық құрылысты сақтандыру. Негізгі өндірістік қорлардың сақтандыру объектісі ретінде біз қарастыратын

шеңберіне мыналар кіреді: ғимараттар, құрылыстар, құрылғылар, құрал-жабдықтар, өндірістік машиналар, техника, белгі беру құрылғылары, инвентарь (жеке қарастырылатын көлік құралдарынан басқа). Негізгі өндірістік құралдардың басты ерекшелігі (қасиеті) олардың айтарлықтай ұзақ мерзім шеңберінде (ондаған жылдар бойы) қолданыста болуымен түсіндіріледі. Пайдалану мерзіміне қарай негізгі қорлар біртіндеп өздерінің құнынан айырылады, яғни амортизацияланады.

Сақтандыру сомасы сақтанушының қалауы бойынша сақтандыру объектісінің нақты (нарықтық) құнының толық мөлшерінде немесе одан төмен мөлшерде бекітіледі. Әдетте сақтандыру объектісінің қалдық құны, яғни амортизацияны шегеріп тастағандағы нақты құны негізге алынады. Алайда, практика жүзінде жекелеген жағдайларда объектінің бастапқы құны да сақтандырылуға алынуы мүмкін.

Аяқталмаған құрылыс сатысындағы объектілер сақтандыруға алынған күнге дейін осы құрылысқа кеткен шығын мөлшерінде бағаланады.

Сақтанушының қалауы бойынша жеке сақтандыру объектілерін қарастырмай барлық негізгі өндірістік қорларға бір ғана сақтандыру келісімі жасалуы мүмкін (практикадағы атауы «жаппай сақтандыру»). Бұл жағдайда сақтандыру сомаларының, сақтандыру тарифтерінің мөлшерлерін дұрыс анықтау үшін барлық негізгі қорлардың жиынтығын біртекті негізгі құралдардың тобына бөледі (ғимараттар, аяқталмаған капиталдық құрылыс, өндірістік машиналар).

Сақтандыру сомасы бір топқа кіретін барлық негізгі құралдарға бірдей орнатылады. Бұл жағдайда әрбір негізгі құралдың сақтандырылған құны осы тектес негізгі құралдардың сақтандырылған тобының пайыздық үлесіне тең келеді.

Сақтанушы өз еркі бойынша негізгі құралдардың бір тобын немесе жеке объектілерді іріктеу арқылы сақтандыра алады. Мысалға, электронды техниканы немесе әкімшілік ғимаратын жеке өз алдына сақтандыруға болады. Іріктемелі сақтандыру кезінде сақтандыру тарифтері жаппай сақтандырумен салыстырғанда әдетте жоғарыы болып келеді.

Негізгі өндірістік қорлардың жекелеген түрлерін сақтандыру кезінде олардың шығу тегі мен пайдалану специкасын ескеру қажет. Мысалға, электрондық техниканы сақтандырудың ерекшеліктері олардың конструкциялық қиындықтарымен, түрлі қондырғылардың шағын өндірістік алаңда орналасуымен, қоршаған ортаның шаң-тозаң, температура, ылғалдық секілді түрлі факторларына сезімталдығымен анықталуы мүмкін. Спецификалық тәуекелдер қатарына техниканы қолданудағы қателіктерді, персоналдық икемсіздігі мен ұқыпсыздығын, қасақана пиғылын да жатқызуға болады.

Тауарлық-материалдық құндылықтарды және аяқталмаған өндірісті сақтандыру. Сақтандыру объектісі ретінде біз қарастыратын тауарлық-материалдық құндылықтардың қатарына мыналарды жатқызуға болады: материалдар, өндірістік запастар, шикізаттар, тауарлар, отын ресурстары, қосалқы бөлшектер, дайын өнім және т.с.с.

Негізгі қорлармен салыстырғанда материалдық құндылықтар өндіріс процесінде қысқа уақыт қолданылады (бір өндірістік цикл), олардың құны бірден және толық өндірілетін өнімге беріледі және амортизациялауға жатпайды.

Сақтандыру сомасын анықтау кезінде тауарлық-материалдық құндылықтардың баланстық құны негізге алынады. Аяқталмаған өндіріс сақтандыру жасалған күнге дейінгі шығындар шеңберінде бағаланады.

Сақтандыру сомасын орнату, жаппай немесе талдамалы сақтандыру, тауарлық-материалдық құндылықтардың жекелеген түрлерінің ерекшеліктерін (жұмсақ, тез бұзылғыш, отқа қауіпті және т.с.с.) ескеру ерекшеліктері негізгі өндірістік қорларды сақтандырудағы секілді.

5.2. Монтаждық және құрылыстық тәуекелдерді сақтандыру

Сақтанушы ретінде (өз алдына немесе бірлесіп) мыналар қарастырылады:

монтаждық жұмыстарды өндіруші немесе жеткізуші (егер монтаждық жұмысты ол өзі немесе оның жауапкершілігімен жасайтын болса);

монтаждық немесе құрылыс жұмыстарын мойнына алған мердігер;

мотаж (құрылыс) объектісін сатып алушы (тапсырыс беруші);

монтаж немесе құрылыс объектісіне қаражат салушы инвестор.

Сақтандыру объектісі ретінде мыналар қарастырылады:

барлық бағыттағы ғимараттар мен құрылғылар;

машиналардың, қондырғылардың, механизмдердің және конструкциялардың барлық түрлерінің монтажы және іске қосуы.

Бұл жағдайда аяқталмаған құрылыстағы және құрылыс-монтаж алаңындағы барлық негізгі құрылыс материалдары сақтандырылған болып табылады.

Қосымша сыйақы төлеу арқылы мыналар сақтандыруға алынуы мүмкін:

құрылыс-монтаж жұмыстарына арналған машиналар, қондырғылар және құралдар (крандар, компрессорлар және т.с.с.);

сақтандырушының меншігіндегі және құрылыс-монтаж алаңындағы, немесе оның сақтауындағы материалдар (қосымша материалдар, инвентарь, жылжымалы үйлер мен вагондар және т.с.с.);

құрылыс-монтаж алаңындағы өзі жүретін құрылыс машиналары (бұльдозерлер, өзі жүретін крандар, тракторлар және т.с.с.);

құрылыс-монтаж жұмысындағы жұмысшылардың өмірі мен денсаулығы;

жұмыс берушінің азаматтық жауапкершілігі.

Құрылыс-монтаж жұмыстарын сақтандыру белгілі бір сақтандыру жағдайларының нәтижесінде (соның ішінде құрылыс алаңындағы аварилар, құрылыс объектісінің іске қосу мерзімінің бұзылуы) аяқталмаған құрылыс және монтаж

объектілерінің бүлінуі немесе жойылу жағдайларына қатысты жүргізіледі.

Барлық құрылыс-монтаж тәуекелдерін сақтандыру келісімінің мерзімі материалдарды құрылыс-монтаж алаңына түсірген күннен басталады және барлық құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталған, байқау мақсатында іске қосқан немесе пайдалануға берген күні аяқталады.

Келісімде сақтандыру мерзімінің аяқталу күні ретінде объектіні жоспар бойынша іске қосу күні қарастырылуы мүмкін.

Сақтандыру сомасы құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құнының толық құны немесе оның бір бөлігі мөлшерінде (сақтанушының қалауы бойынша), басқа да сақтандыру объектілерінің баланстық құны мөлшерінде тең болуы мүмкін. Сақтандыру объектілерінің құнынан тозу құнының шегерілуі сақтанушының қалауы бойынша жүзеге асырылады.

Сақтандыру сомасы барлық объектілер бойынша жалпы немесе жеке түрде бекітілуі мүмкін.

Жұмыс берушінің азаматтық жауапкершілігін, құрылыс-монтаж жұмыстарындағы жұмысшылардың өмірін және денсаулығын сақтандыру бойынша сақтандыру сомалары сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісім бойынша анықталады.

Зиянның мөлшері сақтандыру кезінде қарастырылған құрылыс-монтаж жұмыстарының бағаларының нормасы негізінде анықталады. Зиянның мөлшеріне зақымдалған объектіні бөлшектеуге, қайта қалпына келтіруге және жөндеуге кеткен шығындар кетеді (соның ішінде қосымша байқауларды жүргізу үшін шақырылған мамандардың еңбекақысы бойынша шығындар да).

Зиянның мөлшерін және сақтандыру төлемін анықтау әдістемесін сақтандырушы өзі құрған мүліктік сақтандыру бойынша Ережелерге сәйкес анықтайды.

Егер сақтандыру келісімінде қарастырылмаған болса, онда жұмыс уақытынан тыс кездегі жұмыстар, демалыс және мейрам күндеріндегі жұмыстар бойынша, материалдарды әуе жолымен

және аса жоғарыы жылдамдықпен тасмалдау бойынша қосымша шығындар сақтандыруға алынбайды.

Құрылыс-монтаж жұмыстарындағы жұмысшылардың өмірі және денсаулығы мемлекеттің еңбек туралы заңнамасына немесе сақтандырушының ішкі ережелеріне сәйкес сақтандырылады.

5.3. Ауылшаруашылық өнімдерін сақтандыру принциптері

Ауылшаруашылық жануарларын сақтандыру.

Сақтандыру келісімін жасау ерекшеліктері. Сақтандыруға әдетте келесідей жастағы ересек малдар қабылданады:

ірі қара мал, қой және ешкі малдары – 6 ай;

жылқы, түйе, есек және бұғылар – 1 жыл;

шошқалар – 4 ай;

жұмсақ жүнді жануарлар мен қояндар – 4 ай;

жұмыртқалаушы үй құстары – 5 ай, ет беруші үй құстары (бройлерлік құстар) – 1 ай.

Жоғарыыда көрсетілген жасқа жетпеген жас малдар, әдетте, өте жоғары тәуекелдерге байланысты сақтандыруға қабылданбайды. Кейбір жағдайларда жас малдардың өрт салдарынан өлімге ұшырауы жағдайы сақтандырылуы мүмкін.

Жануарларды сақтандыру жаппай өлімге душар болу немесе аурулардың, табиғи апаттардың немесе қолайсыз жағдайлардың нәтижесінде (улы шөптермен улану, жылан немесе басқа да зиянкестілердің шағып алуы, жыртқыштардың шабуылы және т.с.с.) мәжбүрлі сою жағдайларына байланысты жүргізіледі.

Инфекциялық ауруларға қарсы күрес жүргізу барысында өлуге немесе жойылуға мәжбүр болған жануарлар үшін де зиянның орны толтырылады.

Жануарлар үшін сақтандыру сомалары әрбір жануар үшін жекелей немесе жынысы мен жасына қарай топтастыру арқылы орнатылады, алайда оның мөлшері жануарлардың нарықтық құнынан аспауы тиіс.

Сақтандыру келісімі әдетте 1 жылға жасалады. Шаруашылыққа жаңадан алынған және өлген малдарды

ауыстыру нәтижесінде келген жануарлар үшін бөлек сақтандыру келісімі жасалады.

Сақтандырудың басқа шарттары стандартты болып келеді.

Зиянның және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау әдістемесі. Жануарлардың өлімі кезінде зиянның мөлшері аталған жануардың құнымен анықталады. Жұмыстағы және спорттағы жылқылардың, түйелердің, есектердің өлімі кезінде жануарлардың құны олардың амортизациялық құнын шегеріп тастау арқылы анықталуы мүмкін (келісімге сәйкес).

Ірі қара малды, қой, шошқа, жылқы, түйе малдарын, бұғыларды, қояндарды, сондай-ақ үй құстарын мәжбүрлі сою кезінде зиянның мөлшері олардың нақты құны мен жеуге жарамды етін сатудан түскен соманың айырмасы ретінде қарастырылады (субөнімдер есепке алынбайды). Мұндай еттің құны оның нарықтық құнына қарай анықталады. Егер өлген малдың еті жеуге толық жарамсыз болса, онда зиянның мөлшері малдың жаппай өлімі кезіндегі секілді анықталады. Еттің жеуге жарамсыздығын немесе жарамдылығын ветеринарлық тексеру ережелеріне немесе етті және ет өнімдерін ветеринарлық-санитарлық сараптау нәтижелеріне сәйкес ветеринарлық дәрігер (фельдшер) анықтайды.

Жұмсақ жүнді жануарлардың жаппай өлімі немесе оларды мәжбүрлі сою кезінде зиянның мөлшері жануарлардың нарықтық құны мен олардың жүнінің құнының айырмасы ретінде анықталады. Сонымен қатар, қояндардың еті де зиянның мөлшерін анықтау кезінде есепке алынады.

Сақтандыру төлемінің мөлшері жауапкершілікке пропорционалды түрде, зиянның мөлшерінен пайыздық өлшеммен анықталады.

Жануарлардың жаппай өлімі немесе оларды мәжбүрлі сою кезінде тек қана тікелей келген зиянның орны толтырылады, яғни сақтанушының жоғалтқан жануарларының құны ғана өтеледі. Қосымша шығын болып табылатын өнімнің құны (жануарлардың еті, сүті, жүні) сақтандырумен жабылмайды. Ол үшін арнайы кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру келісімі жасалады.

Егер сақтанушы жануарларды ұстау және пайдаланудың зооветеринарлық ережелерін бұзу нәтижесінде жануарлардың жаппай өліміне алып келсе, сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы бар. Сол сияқты, сақтанушы ветеринарлық дәрігердің (фельдшердің) нұсқауларын орындамаса, сақтандырушы сақтандыру төлемінен бас тартуына болады.

Ауылшаруашылық дақылдарынын сақтандыру

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру ерекшеліктері. Қазақстан Республикасында негізгі ауыл-шаруашылық дақылдарын (бидай, май, қант қызылшасы, мақта) сақтандыру 2004 жылдың 10 наурызындағы «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру» Заңына сәйкес міндетті формада жүзеге асырылады.

Сақтанушылар ретінде аталған дәнді-дақылдарды өсірумен айналысатын заңды тұлғалар және фермерлік шаруашылықтар қарастырылады.

Міндетті сақтандыру объектісі ретінде сақтандыру жағдайының нәтижесінде өсімдік өнімдерін өндіру процесінде сақтанушының шеккен ақшалай шығындарының орнын толтырумен байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері қарастырылады.

Сонымен, өсімдік өндірісіндегі міндетті сақтандыру табыстарды немесе кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыруға келіп тіреледі.

Сақтандыру жағдайлары - өсімдіктердің зақымдануына немесе жойылуына алып келетін құрғақшылық, аяз, жылудың жетіспеушілігі, шектен тыс ылғалдық, жауындар, борандар, селдер және т.с.с. табиғи апаттар.

Сақтандыру сомасы ауылшаруашылық дақылының әрбір түрі бойынша оны өсіруге кеткен шығындар нормативіне сүйене отырып анықталады.

Сақтандыру тарифтері Заң жүзінде бекітілген (сақтандыру сомасынан пайыз түрінде) және дақылдардың түрлері мен аймақтары бойынша диверсификацияланған:

бидай өнімдері – 3,48-9,15;

май өнімдері – 3,44;
қант қызылшасы – 3,89;
мақта өнімдері – 1,33.

Міндетті сақтандыру келісімі егіндік жұмыстары біткеннен кейін 15 күннен кешіктірілмей бір жыл мерзімге жасалуы тиіс.

Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды заң жүзінде қолдау қарастырылған. Атап айтқанда, сақтандырушының төлеген сақтандыру төлемдерінің 50%-ы Республикалық бюджет есебінен өтеледі. Бұл бюджеттік қаражаттарды басқару үшін құзіретті мемлекеттік орган – мемлекеттік агент тағайындалады.

Заңмен сақтанушының, сақтандырушының және мемлекеттік агенттің құқықтары мен міндеттері, сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі, сақтандырушының төлеген сақтандыру өтемақыларының бір бөлігін бюджеттен жабу тәртібі, келісімді тоқтату тәртібі, дауларды шешу тәртібі қарастырылған.

Ауылшаруашылық дақылдарын және көпжылдық егіндіктерді ерікті сақтандыру ерекшеліктері. Ерікті түрде міндетті сақтандырумен қамтылмаған ауылшаруашылық дақылдары сақтандырыла алады. Сонымен қатар, ерікті сақтандыру өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруды толықтыруды да көздейді.

Сақтандыру келісімі кезкелген жеке дақыл бойынша, бірнеше дақылдарға немесе барлық дақылдарға жасалады және әрбір дақыл бойынша жеке, олардың бір текті топтары немесе барлық дақылдар бойынша жалпы өтемақы төлеуді қарастырады.

Сақтандыру мақсатында астық жиынының (науқанының) құны соңғы 3-5 жыл ішіндегі 1 га жерге келетін жиынның (науқанның) деңгейіне және егіндіктің аумағына қатысты есептелген келісімді бағасына сүйене отырып анықталады. Басқа да базалық көрсеткіштер қолданылуы мүмкін, мысалға, егіндікті өсіруге кеткен шығындардың құны (міндетті сақтандыру кезіндегідей).

Міндетті сақтандырумен салыстырғанда ерікті сақтандыру кезінде сақтандыру жағдайларының қатарына өрт, аурулар және

өсімдік зиянкестелері, суармалы аймақтарда судың жетіспеушілігі және т.с.с. жатқызылуы мүмкін.

Ауылшаруашылық дақылдарын сақтандыру әдетте вегетациялық кезеңге, яғни егіндіктің басталуынан науқан кезеңінің біткен уақытына дейін жасалады, ал көпжылдық егіндіктерді сақтандыру мерзімі бір жылға және одан көп мерзімдерге жасалады.

Келісімнің басқа шарттары стандартты болып келеді.

Зиянның мөлшерін және сақтандыру төлемін анықтау әдістемесі. Міндетті сақтандыру кезінде зиянның мөлшері сақтандыру келісімін жасаған күнгі бір гектар жерге келетін өнімді өндіруге кеткен шығындардың нормативтік шығындарының және қолайсыз жағдайларға ұшыраған бір гектар жерден алынған табыстың оң айырмасы ретінде анықталады.

Қолайсыз табиғи апаттарға ұшыраған егістік алаңынан жиналған өнімнің көлемі мен құны тәуелсіз сарапшымен анықталады.

Зиянның мөлшерін және сақтандыру төлемдерін анықтаудың аталған принциптері өсімдік шаруашылығындағы ерікті сақтандыру кезінде де қолданылады.

Зиянның мөлшерін анықтаудың классикалық әдісі ретінде сақтандырылған және 1 жылда нақты алынған өсімдік өнімдерінің жиындарының құнын салыстыру әдісі қолданылады.

Жиынның толық жойылуы кезінде зиянның мөлшерін есептеу келесі формула бойынша анықталады:

$$\boldsymbol{У = С_З \bullet П}$$

мұндағы У –залал; $С_З$ – 1 га түсімнің сақтандырылған құны; П – себу алаңы (отырғызу).

Жиынның көлемі төмендеген жағдайда зиянды анықтау формуласы былайша өзгереді:

$$\boldsymbol{У = (С_З - С_ф) \bullet П,}$$ ***мұнда:***

мұндағы $С_ф$- 1 га түсімнің фактілік құны.

5.4. Заңды тұлғалардың мүлкін сақтандырудың басқа да түрлері

Мұнай операцияларын сақтандыру. Бұл сақтандырудың ерекшелігі – заңды тұлғаның мүлкі жойылған немесе зақымданған жағдайда ғана емес, сонымен қатар бақылаудан шығып қалған мұнай және газ қоймаларын қалпына келтіруге, қоршаған ортаны ластау салдарын жоюға кеткен шығындардың орны да толтырылады.

Зообақтардың, цирктердің жануарларын сақтандыру. Стандартты шарттар бойынша жүргізіледі.

Көрмелердегі экспонаттарды сақтандыру. Стандартты шарттар бойынша жүргізіледі.

Мұражай құндылықтарын, антиквариаттарды, құнды металдар мен тастардан жасалған бұйымдарды сақтандыру. Бұл сақтандырудың спецификалық ерекшелігі – әрбір бұйымды тәуелсіз сарапшы жеке-жеке бағалайды.

5.5. Азаматтардың мүлкін сақтандыру

Азаматтардың мүлкін сақтандырудың экономикалық маңызы. Заңды тұлғалар секілді, нарықтық экономика жағдайларда азаматтар үшін сақтандыру олардың мүліктік мүдделерін қамтамасыз етудің альтернативсіз әдісі болып табылады.

Құрылыстарды сақтандыру. Стандарт бойынша азаматтардың жеке меншігіндегі тұрғын үйлер, саяжайлар, тұрақты орны, қабырғасы және шатыры бар шаруашылық және өндірістік құрылғылар, сондай-ақ көппәтерлі үйлердегі жекелеген пәтерлер сақтандырыла алады.

Әдетте, құрылғыларды және пәтерлерді сақтандыру келісімдері 1 жылға жасалады.

Сақтандыру келісімі барлық объектілерге қатысты, жеке объектілерге қатысты, сондай-ақ осы объектілердің бір үлесіне қатысты жасалуы мүмкін.

Сақтандыру келісімі сақтанушының ауызша немесе жазбаша өтініші негізінде жасалады. Келісім жасалғанға дейін

сақтандырушы азаматтың мүлкін және сақтандыру өтемақысын стандартты әдіс бойынша бағалайды (осы тараудың 3, 4, 5 - сұрақтарын қараңыз).

Үй мүліктерін сақтандыру. «Үй мүлкі» ұғымының жиынтығына бірге өмір сүретін және ортақ шаруашылық жүргізетін сақтанушының және оның отбасы мүшелерінің тұрмыстық және мәдени мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін күнделікті өмірде қолдануға арналған олардың қарамағындағы үй заттары, тұтыну заттары жатады. Сонымен қатар үй мүліктеріне пәтерді (меншік формасына қарамастан) жәндеу және жабдықтау элементтері де жатады.

Үй мүліктерін сақтандыру келісімдерінің түрлері:

жалпы келісім – аталған үйдегі барлық мүліктерді, сонда-ақ пәтердің зақымдану тәуекелін қамтиды;

арнайы келісім – үйдегі жекелеген мүліктер және олардың бір тобы.

Сақтандыру нұсқасын таңдау құқығы сақтанушыға беріледі. Сонымен қатар, сақтанушы жалпы сақтандыру келісімімен қатар бір мезгілде арнайы сақтандыру келісімін жасау құқығына ие болады.

Арнайы сақтандыру келісімі бойынша мынадай мүліктер сақтандыруға алынады:

құнды металдардан, құнды және жартылай құнды, түсті тастардан жасалған бұйымдар;

егер сақтанушыда құзіретті ұйымның берген бағасы туралы құжат бар болса, онда сурет бұйымдары, антикварианттар, бірегей бұйымдар;

түрлі аппараттар мен электронды бұйымдар;

көлік құралдарының қосалқы бөлшектері мен бұйымдары;

сақтанушының жер теліміндегі құрылыс материалдары;

құжаттар, құнды қағаздар, ақша бірліктері.

Сақтандырудың басқа шарттары стандартты болып келеді.

Жеке еңбек барысында қолданылатын мүліктерді сақтандыру. Жеке келісім бойынша азаматтың жеке еңбек барысында қолданатын мүліктері – құралдар, аспаптар, шикізат, материалдар сақтандырыла алады.

Сақтандыру келісімі жеке еңбек барысында қолданылмайтын үй мүліктерін, сондай-ақ құрылыстар мен көлік құралдарын қамтымайды. Жеке еңбекпен айналысатын жердегі (үйдегі, жалға алынған ғимараттағы және т.с.с.) мүліктер ғана сақтандырылады. Егер құзіретті органның шешімі бойынша азамат жеке еңбек ету құқығынан айырылған болса, онда сақтандыру келісімі өз күшін жояды.

Сақтандырудың басқа шарттары стандартты болып келеді.

Көлік құралдарын сақтандыру

Үй жануарларын сақтандыру. Заңды тұлғалардың ауылшаруашылық жануарларын сақтандыру шарттарына сәйкес сақтандырылады (осы тараудың 5 - сұрағын қараңыз).

Ауылшаруашылық дақылдарын және көп жылдық егіндіктерді сақтандыру. Фермерлік шаруашылық статусы жоқ жеке тұлға өзінің жер теліміндегі дақылдарын және егіндіктерін сақтандыра алады. Сақтандыру шарттары заңды тұлғалар үшін қолданылатын шарттармен сәйкес келеді (осы тараудың 5 сұрағын қараңыз).

Ауылдағы тұрғын үйлердің интерьерлік элементтерін және декоративтік сәндеуді белгілі бір сақтандыру жағдайларынан сақтандыру, мысалға, бөтен (көрші) үйлердің құбырларынан судың ағуы және т.с.с.).

Асыл тұқымды иттерді және мысықтарды, сондай-ақ әнші құстарды (тоты құстарды, сайрауыш құстарды), алғыр құстарды (бүркіттерді, лашындарды) сақтандыру. Сақтандырудың міндетті шарты – жануарды немесе құсты мемлекеттік немесе қоғамдық ұйымда тіркеу куәлік, сондай-ақ инфекциялық ауруаларға қарсы екпе қабылдағаны туралы ветеринарлық куәлік болуы тиіс.

Вандализмдік әрекеттер нәтижесінде ескерткіштердің (құлпытастардың) бүлінуінен немесе жойылуынан сақтандыру.

Жекелеген жағдайларда сақтанушының тапсырысы бойынша әдеттегі сақтандыру түрлерінен басқа келісімдер жасауы мүмкін.

6. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ САҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың экономикалық мазмұны

Сақтандыру объектісі. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (АҚЖ) сақтандырудың объектісі ретінде сақтанушының әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде үшінші тұлғаларға (жеке және заңды тұлғаларға) келтірген зияны үшін олардың алдындағы жауапкершілігі қарастырылады. Мүліктік сақтандыру кезінде азаматтардың меншіктері немесе кәсіпорындар мен ұйымдардың мүліктері сақтандырылады, жеке сақтандыру кезінде азаматтардың (сақтандырылған тұлғалардың) өмірімен және денсаулығымен байланысты нақты бір жағдайлар сақтандырылады, ал АҚЖ сақтандырудың ең басты мақсаты – потенциалды зиян келтірушілердің экономикалық мүдделерін қорғау болып табылады. Олардың экономикалық мүдделері әрбір сақтандыру жағдайында ақшалай сипатқа ие болады.

Зиян келтіргені үшін жауапкершілік тартудың заңды негізі ретінде заң талаптары қолданылады (ҚР Азаматтық кодексі, 47-тарау, «Зиян келтіру нәтижесінде пайда болатын міндеттемелер»). Аталған кодекстің 917-бабына сәйкес заңсыз әрекеттер (әрекетсіздіктер) нәтижесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың мүліктік және мүліктік емес игіліктеріне және құқықтарына келтірген қандайда бір зиян (мүліктік және мүліктік емес) кінәлі тұлға тарапынан толық көлемде өтелуі тиіс.

АҚЖ сақтандырудың ерекшеліктері. Сақтандырудың бұл саласына тән сипат – сақтанушымен және сақтандырушымен қатар мұнда қатынастардың үшінші жағы ретінде (сақтандырылған тұлға ретінде) кезкелген, алдынала анықталмаған тұлғалар қарастырыла алады.

Сақтандыру сомасы сақтандырушының жауапкершілігінің шегі болып табылады (сақтандыру төлемінің шегі) және нақты мөлшермен (теңгемен) немесе айлық есептік көрсеткішпен сипатталады.

Ерікті немесе міндетті сақтандыру тәртібіне сәйкес өзінің АҚЖ сақтандырған зиян келтіруші заңды тұлға немесе азамат зиянды толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жетіспеген жағдайда зияның мөлшері мен сақтандыру төлемі арасындағы айырмашылық мөлшерінде зияның орнын толтырады.

АҚЖ сақтандырудың аса үлкен маңыздылығын ескере отырып, ол әдетте міндетті формада жүргізіледі. Сонымен қатар, ерікті сақтандыру міндетті сақтандыруды толықтыруды көздейді. Оның негізгі мақсаты – сақтандыру сомасының мөлшерін арттыру және жауапкершілік көлемін кеңейту болып табылады.

АҚЖ сақтандырудың міндеттілігін атап кеткен жөн:

заң бойынша немесе заң талаптарына сәйкес;

әріптестік туралы келісімге немесе келісімнен туындайтын шарттарға сәйкес.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (АҚЖ) сақтандыру түрлері

АҚЖ сақтандыру кластарының, түрлерінің және ішкі түрлерінің саны кәсіптердің және адам қызметінің алуан түрлерімен сәйкес келеді. солардың ішіндегі ең негізгілерін қарастыралық.

Заң бойынша немесе заң талаптарынан туындайтын АҚЖ сақтандыру:

көлік құралдары иелерінің;

жолаушыларды тасымалдаушылардың;

кәсіби қызмет кезіндегі;

қауіпті объектілер иелерінің;

жұмыс берушілердің;

басқалар.

Келісімге немесе келісімнен туындайтын шарттарға сәйкес АҚЖ сақтандыру:

жүк тасымалдаушылардың;

жинақтаушы зейнетақы қорларының;

екінші деңгейлі банктердің;

қарыз алушылардың;

жеткізіп беру келісімі тараптарының;

басқалар.

6.2. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (АҚЖ) кәсіби сақтандыру қызметтерін ұйымдастыру

Сақтандырудың жалпы шарттары

Кәсіби АҚЖ сақтандыру өзінің кәсіби міндеттерін орындаумен және тиісті қызметтерін ұсынумен айналысатын заңды және жеке тұлғаларға басқа тұлғалар тарапынан айып тағу мүмкіндігімен байланысты туындайды. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру бойынша тәуекелдердің екі тобы сақтандыруға қабылданады:

1) үшінші тұлғаларға дене жарақатын немесе олардың денсаулығына зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты тәуекелдер. Мұндай жағдайлар дәрігерлердің, аспаздардың, фармацевттердің, көлік құралдары иелерінің, тіс дәрігерлерінің және т.с.с. кәсіби жұмысшылардың тәжірибесінде жиі кездеседі;

2) материалдық (экономикалық) зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты тәуекелдер (архитекторлардың қызметі, инженер-құрылысшылардың, консультанттардың, нотариустардың, адвокаттардың, аудиторлардың және т.с.с. кәсіби жұмысшылардың қызметі).

Сақтанушы тарапынан (оның қызметкері тарапынан) болған әділетсіз және жалған әрекеттер, қылмыстық және қасақана әрекеттер әдетте сақтандырушының жауапкершілігіне жатпайды. Өйткені кәсіби жауапкершілікті сақтандыру негізінен сақтанушының әділ, жауапкершілікті және ақылға қонымды әрекеттері барысында жіберген қателіктеріне, ұқыпсыздығына және жауапкершіліксіздігіне ғана қатысты қолданылады.

Сақтандыру тарифінің мөлшері сақтанушының және оның жұмысшыларының айналысатын кәсібіне (қызмет түріне), жасына және еңбек тәжірибесіне, сондай-ақ жұмысшылардың жалпы санына қарай анықталады (жұмысшылар саны неғұрлым көп болса, соғұрлым сақтандыру тарифі де жоғарыы).

Міндетті сақтандыру. *Қазақстан Республикасында жеке нотариустардың, аудиторлардың, туроператорлардың*

(турагенттердің) АҚЖ тиісті заңдарға сәйкес міндетті түрде сақтандырылады (6-тараудың 3 - сұрағын қараңыз). Міндетті сақтандыру келісімінсіз аталған кәсіби қызметтермен айналысуға тиым салынады.

Міндетті сақтандыру объектісі ретінде сақтанушының мүліктік мүдделері қарастырылады, атап айтар болсақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен қарастырылған кәсіби қызмет көрсету барысында (нотариустық қызмет, аудиторлық тексеру, туристік өнімдерді сату) клиенттерге (заңды және жеке тұлғаларға) келтірген зиянды өтеу міндетімен байланысты мүдделер.

Сақтандыру сомалары мен сақтандыру тарифтері тиісті заңдармен анықталады:

АҚЖ сақтандыру	**Сақтандыру сомасы**	**Сақтандыру тарифі**
Жеке нотариустардың	Астана және Алматы қалаларындағы нотариустар үшін – 1000 АЕК Басқа нотариустар үшін – 500 АЕК	Сақтандыру сомасынан 4,5%
Аудитордың (ауди-торлық компанияның)	Аудитор үшін – 2000 АЕК Аудиторлық компания үшін – 10000 АЕК	Сақтандыру сомасынан 4,5%
Турагенттің (туроператордың)	Туроператорлар үшін – 4000-10000 АЕК Турагенттер үшін – 2000-5000 АЕК	Сақтандыру сомасынан 1-2% Сақтандыру сомасынан 1,5-2%

Кәсіби жауапкершілікті міндетті сақтандыру келісімі кәсіби қызмет көрсету барысында зақымданушы тұлғаларға келтірген мүліктік зиянның орнын толтыруды қарастырады, алайда келтірген моральдық нұқсандар, қолдан жіберіп алған табыстар сақтандыру шеңберіне жатпайды. Сонымен қатар, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

Міндетті сақтандыру келісімі бір жылға жасалады.

Сақтандыру төлемінен кейін сақтандыру сомасынан осы төленген сома шегеріледі. Бүкіл сақтандыру сомасы таусылған кезде міндетті сақтандыру келісімі өз күшін жояды, ал сақтанушы жаңа сақтандыру келісіміне отыруға міндетті.

Тиісті заңдар сақтандырушыны сақтандыру төлемдерінен босатуды қарастырады. Бұл негізінен зақымданушы тұлғалардың қасақана немесе заңсыз әрекеттері, сондай-ақ сақтанушының өзінің кәсіби қызметіне тән емес жұмыстар барысында келтірген зияндар. Сақтанушы тарапынан қасақана немесе заңсыз әрекеттер жіберілген жағдайларда сақтанушы зақымданушы тұлғаға зиянның орнын толтыруға міндетті болады, алайда ол сақтанушыға осы шығындарды қайтаруды талап ету құқығына ие.

Тиісті заңдар сақтанушы мен сақтандырушының басқа да міндеттері мен құқықтарын қарастырады.

Кеден брокерінің АҚЖ сақтандыру. Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 394-бабына сәйкес брокер дегеніміз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, кеден ісі бойынша құзіреті органнан кеден брокері ретінде қызмет көрсету құқығына лицензия алған заңды тұлға болып табылады.

Кеден брокерінің қызметі өз атынан кедендік ресімдеу бойынша, алдынала операцияларды және кеден ісі саласындағы басқа да делдалдық функцияларды орындау бойынша қызметтерді жүзеге асыруға келіп тіреледі.

Кеден кодексіне сәйкес кеден брокері функцияларының тізімі қарастырылған.

Кеден брокерінің өкілетті тұлғамен (тауар иесімен, сатушымен немесе сатып алушымен) қарым-қатынастары заң талаптарына сәйкес жазылған келісімдер негізінде құрылады.

Лицензия алу үшін біліктілік талаптары мен шарттарының бірі – кеден брокерінің АҚЖ сақтандыру келісімінің болуы, яғни кеден брокерінің жауапкершілігін сақтандыру ерікті болса да, оның міндетті болуы заң талаптарынан туындайды.

Сақтандыру объектісі ретінде Қазақстан Республикасының кедендік шекарасынан өтетін тауарлар мен көлік құралдарын

ресімдеу бойынша делдалдық қызмет көрсету барысында өз міндеттерін тиіссіз орындау нәтижесінде өкілетті тұлғаның мүлкіне және мүдделеріне келтірген зиянды өтеу міндетімен байланысты кеден брокерінің мүліктік мүдделері қарастырылады.

Байқаусызда болған қателіктер мен ұқыпсыздықтар нәтижесінде тауарлардың бүлінуіне, тәркіленуіне және кеден органдарының санкциялық шараларына алып келген сақтанушы немесе оның жұмысшылары тарапынан болған кедендік процедураларды бұзу жағдайлары ғана сақтандыру оқиғалары болып есептеледі. Кеден брокері тарапынан қасақана және заңсыз әрекеттер немесе әрекетсіздіктер нәтижесінде кеден органдарына және оның қызметкерлеріне келген зиян сақтандыруға қабылданбайды.

Сақтандыру келісімі кеден брокерінің өтініші негізінде жасалады. Мұнда тауардың спецификациясы, кеден брокерінің аталған қызметтегі тәжірибесі, алдыңғы кездері клиенттерден түскен айыптардың саны және сипаттамасы, кедендік рәсімдеудің жоспарлы көлемі және т.б. көрсетіледі. Осы мәліметтерді жетекшілікке ала отырып, сақтандырушы - сақтандыру тарифін орнатады.

Келісім бойынша сақтандыру сомасы заң жүзінде шектелмейді және сақтандыруға қатысушылардың өзара келісімі бойынша орнатылады.

6.3. Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (АҚЖ) кеден сақтандыруды ұйымдастыру

Қазақстан Республикасының Кеден кодексінің 86-бабына сәйкес тауарларды және көлік құралдарын кедендік ресімдеу процедурасы 3 сағаттан ұзақ уақытқа созылуға болмайды. Егер аталған уақыт ішінде кедендік ресімдеу мүмкін болмайтын болса немесе тауарлар тасымалдау және өңдеу үшін (партияларды бөлшектеу, сұрыптау, тазалау, кептіру және т.с.с.) қосымша дайындықтарды қажет ететін болса, онда тауарлар арнайы орында (қоймада немесе алаңда) уақытша сақтауға сақтаушының жауапкершілігіне беріледі.

Алаң мен қоймалардың иелері, яғни кедендік сақтаушылар өз қызметін кеден ісі бойынша құзіретті органның берген лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

Сақтандыру объектісі ретінде қоймада немесе алаңда сақтауда тұрған тауарлардың бүлінуі мен жойылуына алып келген кеден сақтаушысының өзінің міндеттерін тиіссіз орындау нәтижесінде тауар иесіне немесе кеден органдарына зиянның орнын толтыру міндетімен байланысты сақтанушының (кеден сақтаушысының) мүліктік мүдделері қарастырылады.

Кеден сақтаушысы заңмен бекітілген шеңберде тауар иесінің және кеден органдарының алдында жауапкершілік тартатындықтан сақтанушының (яғни кеден сақтаушысының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі де сақтандырылуы тиіс.

Сақтандыру жағдайы – бұл кеден сақтаушысының өз міндеттерін тиіссіз орындауына байланысты зиянның орнын толтыру туралы тауар иесінің немесе кеден органдарының айып тағу жағдайы.

Сақтандыру келісімін жасау кезіндегі ең күрделі мәселе – сақтандыру сомасының мөлшерін анықтау болып табылады. Қоймалардағы мүлікті сақтандыру практикасында сақтандыру сомасын анықтау тұрғысынан екі көзқарас қалыптасқан. Егер қоймада көптеген тұлғалардың үлкен көлемдегі тауарлары сақталатын болса, онда сақтандыру сомасы бір мезгілде сақтауда тұрған барлық тауарлардың құнынан өткен кезеңдегі (жыл, квартал, ай) орташа айлық (орташа күндік) қалдығы бойынша анықталады. Сақтаудағы тауарлардың көлемі шағын болса, онда сақтандыру сомасы сақтандыру келісімін жасаған күнгі тауарлардың әрбір партиясының сақтанушы немесе сақтандырушы жариялаған құны бойынша анықталады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (АҚЖ) қауіпті объектілердің иелерін сақтандыру

Үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупі бар объектілердің қатарына кәсіпорындар және/немесе олардың құрылымдық бөлімшелері (цехтары), жер телімдері, алаңдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіп бойынша тізімге алынуы тиіс басқа да объектілер жатады.

«Үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупі бар қызметпен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қауіпті объекті иелерінің АҚЖ сақтандыру міндетті формада жүргізіледі.

Міндетті сақтандыру объектісі ретінде зиян келтіру қаупі бар объектілердегі авариялардың нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және/немесе олардың мүлкіне келтірген зиянды өтеу міндетімен байланысты қауіпті объектілер иелерінің мүліктік мүдделері қарастырылады. Қауіпті объектілер иелерінің міндеттерінің көлемі заң жүзінде бекітіледі.

Қауіпті объекті иелерінің АҚЖ сақтандыру келісімі бойынша сақтандыру сомаларының заң бойынша келесідей ең төменгі мөлшерлері орнатылады (Республикалық бюджет жөніндегі заң бойынша бір жылға бекітілген айлық есептік көрсеткіш бойынша):

1) үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты токсикалық және жоғарыы токсикалық заттар өндірілетін, қолданылатын, өңделетін, қалыптасатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға түсірілетін, жүктелетін, сатылатын, істен шығарылатын немесе жойылатын қауіпті объектілер үшін, сондай-ақ атом энергиясын қолданатын объектілер үшін – 70000;

2) үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты өртке қауіпті және тотығатын заттар өндірілетін, өңделетін, қалыптасатын, сақталатын, қоймаға түсірілетін, жүктелетін, сатылатын, істен шығарылатын, жойылатын, технологиялық процесте қолданылатын немесе магистральдық құбыр жолдарында тасымалданатын қауіпті объектілер үшін – 50000;

3) үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты жарылғыш заттар өндірілетін, қолданылатын, өңделетін, қалыптасатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға түсірілетін, жүктелетін, сатылатын, істен шығарылатын немесе жойылатын қауіпті объектілер үшін – 70000;

4) үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты биологиялық қауіпті заттар өндірілетін, қолданылатын,

өңделетін, қалыптасатын, сақталатын, тасымалданатын, қоймаға түсірілетін, жүктелетін, сатылатын, істен шығарылатын немесе жойылатын қауіпті объектілер үшін – 21000;

5) үшінші тұлғаларға зиян келтірумен байланысты басқа да қауіпті объектілер үшін – 28000.

Егер объект бір мезгілде жоғарыыда келтірілген категориялардың бірнешеуіне сәйкес келетін болса, онда ең төменгі сақтандыру сомасының мөлшерін орнату үшін аталған категориялар бойынша ең жоғарыы сома қолданылады.

Қауіпті объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісімі бойынша сақтандыру сыйақысының мөлшері өзара келісім негізінде сақтандыру сомасынан 0,72-2,02 пайыз аралығында орнатылады. Сонымен бірге, сақтандыру сыйақысының мөлшері үшінші тұлғаларға зиян келтіру мүмкіндігі бар объектінің категориясына тәуелді болады.

Нақты бір объект үшін сақтандыру тарифінің мөлшері өндіріс көлеміне, оның өндірістік сипаттамаларына, объектідегі қауіпті заттардың көлеміне, авариялардың жиілігінің қалыптасқан деңгейіне, объектінің орналасқан жеріне және потенциалды зиянның мөлшеріне және зиян келтіру мүмкіндігіне әсер ететін басқа да факторларға қарай орнатылады.

Сақтанушының, сақтандырушының және зақымданушы тұлғалардың міндеттері мен құқықтары, сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату және кері талап ету құқығына ие болу негіздері заң жүзінде қарастырылған.

6.4. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың (АҚЖ) жұмыс берушілерді сақтандыру

Қазақстан Республикасының «Еңбекті қауіпсіздендіру және қорғау туралы» Заңына сәйкес барлық меншік формасындағы кәсіпорындар (жұмыс берушілер) өндірісте зақымданған жұмысшыларға немесе жұмысшы қайтыс болған жағдайда құқығы бар тұлғаларға зиянның орнын толтырумен байланысты материалдық жауапкершілік тартады.

Аталған заң сонымен қатар кәсіпорындардан (жұмыс берушілерден) міндетті түрде өзінің жұмысшыларын өндірістегі қолайсыз (апатты) жағдайлардан және кәсіби қызметпен байланысты аурулардан міндетті түрде сақтандыруды қажет етеді. Алайда күні бүгінге дейін жұмыс берушілердің жауапкершілігін сақтандыру келісімін жасау және оның шарттары туралы нормативтік акт қабылданған емес. Сол себепті жұмыс берушілер жұмысшылар алдындағы азаматтық жауапкершілігін сақтандыруды сақтандырушымен келісім жасау арқылы жүргізеді.

Сақтандыру объектісі ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірістегі апатты жағдайлардың, сондай-ақ өндірістегі басқа да оқиғалардың және кәсіби аурулардың нәтижесінде денсаулығынан немесе еңбек қабілетінен айрылған жұмысшыға, сонымен қатар жұмысшының қаза болған кезінде заңнамаға сәйкес бір жолғы жәрдемақыны немесе басқа да өтемақыларды алуға құқығы бар тұлғаларға (қаза болған жұмысшының мұрагерлеріне) келтірген зиянның орнын толтырумен байланысты жұмыс берушінің (кәсіпорынның) мүліктік мүдделері қарастырылады.

Кәсіпорын зақым көрген жұмысшыға көмек қажет болатын болса, оның емделуге, протез жасауға және басқа да медициналық және әлеуметтік қорғауға кеткен шығындарын төлейді. Қажет кезінде кәсіпорын медициналық заңнамаға сәйкес зақым көрген жұмысшыны кәсіби қалпына келтіруді, оны қайта дайындауды және жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді немесе осы мақсаттарда жұмсалған шығындардың орнын толтырады. Аталған шығындардың барлығы да сақтандыру келісімімен өтелуі де мүмкін.

Егер заңмен басқа бір жағдайлар қарастырылмаса, сақтандырушының жауапкершілігі (сақтандыру өтемақысын төлеу жағдайы) жұмыс берушінің (сақтанушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі туындағанын растайтын сот органының немесе басқа да құзіретті органдардың тиісті шешімдері өз күшіне енген күннен басталады.

Сақтандыру сомасы сақтандыру төлемдерінің шегін көрсетеді және барлық жұмысшыларға жалпылама немесе кәсіп

түрлерінің (қызмет түрлерінің) жекелеген топтары бойынша орнатылады. Барлық жағдайда да жұмысшы бірдей орташа сақтандыру сомасы шеңберінде сақтандырылған болып табылады.

Сақтандыру тарифі барлық жұмысшыға ортақ немесе өндірістің қауіптілігін ескере отырып, кәсіптердің жекелеген топтары бойынша орнатылады.

Сақтандыру келісімі әдетте жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігіне алып келмейтін апатты жағдайлар немесе басқа да өндірістік оқиғалар нәтижесіндегі зиянды жабуды қарастырмайды.

Сақтандыру төлемінен кейін сақтандыру келісімі әрекет етуін жалғастыра береді, алайда сақтандыру сомасы сақтандыру төлеміне шегерілетін болады. Сонымен бірге бір жұмысшыға келетін сақтандыру сомасы келісім жасалған күнгі мөлшерде қала береді (егер де келісімде басқа шарттар қарастырылмаған болса).

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (АҚЖ) сақтандырудың басқадай түрлері

Үй (пәтер) иелерінің АҚЖ сақтандыру. Сақтандыру объектісі ретінде тұрғын үйді пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірген зиянның орнын толтыру міндетімен байланысты үй иесінің (пәтер иесінің) мүліктік мүдделері қарастырылады. Мысалға, көрші пәтерлерді су басып кетуі, заттардың балконнан құлауы, үй маңындағы жаяу жолдарды (тротуарларды) ұқыпсыз ұстау, есік алдындағы ағаштардың көрші үйлерге құлауы және т.с.с. Үй (пәтер) иесінің үшінші тұлғалар алдындағы міндеттері ҚР Азаматтық кодексімен бекітілген.

Үй жануарлары иелерінің АҚЖ сақтандыру. Сақтандыру объектісі ретінде үй жануарының адамдарға немесе үшінші тұлғалардың иелігіндегі үй жануарларына шабуылдауы нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірген зиянның орнын толтырумен байланысты үй жануары иесінің мүліктік мүдделері қарастырылады.

Зейнетақы жинақтаушылар қорларын сақтандыру

Қазақстан Республикасында азаматтарды зейнетақылық қамтамасыз етудің құқықтық және әлеуметтік негіздері 1997 жылдың 20 маусымындағы «Қазақстан Республикасындағы зейнетақылық қамтамасыз ету туралы» Заңмен анықталады.

Жасы жеткен азаматтарға зейнетақылар төлеудің бірден-бір көзі ретінде Жинақтаушы зейнетақы қорлары (мемлекеттік немесе мемлекеттік емес) қарастырылады. Жинақтаушы зейнетақы қорларына (ЖЗҚ) азаматтар өздерінің бүкіл еңбек еткен жылдары барысында міндетті және ерікті түрде зейнетақы жарналарын аударып отырады. ЖЗҚ қызметі арнайы заңнамалық және нормативтік актілермен реттеліп отырады.

Сақтандыру объектісі ретінде заңнамалық және нормативтік актілермен бекітілген тәртіп бойынша салымшы азаматтарға зейнетақы төлеп отыру міндетімен байланысты жинақтаушы зейнетақы қорларының мүліктік мүдделері қарастырылады.

Сақтандыру жағдайы болып ЖЗҚ мәжбүрлі тарату (жою) табылады. ЖЗҚ немесе зейнетақы активтерін басқарушы компаниялардың сақтандыру жағдайын болдыруға бағытталған қасақана әрекеттері сақтандырумен қамтылмайды.

Сақтандырушы жауапкершілігінің шегі болып табылатын сақтандыру сомасының мөлшері сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы келісімнің негізінде орнатылады.

ЖЗҚ таратылуы кезіндегі шығындардың көлемі өте үлкен (милиардтаған теңге) болуы мүмкін, сол себепті ЖЗҚ азаматтық жауапкершілігін ерікті сақтандыруды сақтандырушылардың бірлестіктері (пулдар) жүзеге асырған абзал. Дегенмен де, әдетте сақтандыру сомасы мүмкін болатын шығындардан айтарлықтай төмен деңгейде орнатылады.

6.5. Екінші деңгейдегі банктерді АҚЖ сақтандыру

Коммерциялық банкт салымшыларының мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасында 2000 жылдан бастап Екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру)

бағдарламасы енгізілген. Сақтандыруды жүргізу және оның шарттары Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бекіткен Ережелермен реттеледі.

Осы Ережелерге сәйкес кепілдендірілген сақтандыруды сақтандыру ұйымдары емес, ҚР Ұлттық банкі құрған «Қазақстандық жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) кепілдендіру (сақтандыру) қоры» жүргізеді (бұдан әрі қарай – Қор). Аталған Қор 1 млрд. теңгелік жарғылық капиталы бар коммерциялық емес ұйым болып табылады. Қордың негізгі мақсаты – Қордың қатысушылары болып екінші деңгейдегі банктерді қатысушылары болып табылатын екінші деңгейдегі банктердің заң негізінде қызметін тоқтатқан жағдайда (банкротқа ұшыраған жағдайда) жеке тұлғалардың салған қаражаттарын қайтарып беруді қамтамасыз ету болып табылады. Қорға тек Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қорытындысына сәйкес ұйымдастыру деңгейіне бойынша халықаралық стандарттарға сай келетін банктер ғана қатыса алады.

Салымдар (депозиттер) бойынша өтемақыларға арналған Қордың резервтері Қорға қатысушы банктердің міндетті жарналары есебінен, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінен, Үкіметінен алған қарыздардың және резервтік қаражаттарды орналастырудан алған табыстардың есебінен қалыптасады.

Аталған сақтандырудың өзіне тән ерекшелігі – сақтандыру сомасы бекітілмейді, яғни Қордың жауапкершілігі сақтандырылмайды.

Қорға қатысушы банктер үшін міндетті жарналардың мөлшерлемесі алғашқы екі жұмыс жылы ішінде кепілдендірілетін салымдардан (депозиттерден) 0,25%, ал одан кейінгі жылдары – 0,16% мөлшерінде орнатылады. Резервтің жетіспеушілігі жағдайларында ҚР Ұлттық банкінің шешімі бойынша Қорға қатысушы банктер төтенше жарналар төлеуге мәжбүр болады.

ҚР Ұлттық банкі орнатқан мөлшерден жоғарыы емес мөлшерде пайыздық сыйақы төленіп отыратын салымдар

(депозиттер) кепілдендірілген (сақтандырылған) болып табылады.

Қор әрбір салымшы жеке тұлғаға банкротқа ұшыраған банктегі барлық салымдары мен депозиттері бойынша өтемақы төлейді, алайда оның сомасы 400 мың теңгеден аса алмайды.

Қорға қатыспайтын банктер, сонымен қатар Қордың резервтері есебінен өтелмейтін салымдарды өтеу үшін Қорға қатысушы банктер де, сақтандыру компанияларымен салымшылар алдындағы өздерінің азаматтық жауапкершілігін ерікті түрде сақтандыра алады.

Салымдарды (депозиттерді) міндетті сақтандырумен салыстырғанда, банктердің АҚЖ ерікті сақтандыру бойынша сақтандырушының жауапкершілігі сақтандыру сомасымен шектеледі.

Сонымен қатар айта кететін жағдай, айтарлықтай ірі банктер банкротқа ұшыраған жағдайларда шығындардың көлемі де өте жоғарыы болуы мүмкін. Бұл сақтандырушылар үшін ерекше қиындықтар тудыратыны сөзсіз. Сол себепті, ЖЗҚ жауапкершілігін сақтандыру кезіндегідей, сақтандыру сомасы әдетте нақты шығындардың көлемінен мүлдем төмен болуы мүмкін. Банктердің АҚЖ ерікті сақтандыруды сақтандырушылардың бірлестіктері (пулдар) арқылы жүзеге асырған абзал.

Банктердің АҚЖ ерікті сақтандыру бойынша сақтандыру тарифтері салымдардың (депозиттердің) жалпы сомасына және сақтанушы банктің қаржылық жағдайына қарай анықталады.

6.6. Несие алушыларды сақтандыру

Сақтандыру объектісі ретінде несиелік келісімге сәйкес кредиторға келісімде көрсетілген соманы (негізгі қарызды және пайыздық төлемдерді) мерзімінде қайтарып беру міндетімен байланысты қарыз алушының мүліктік мүдделері қарастырылады.

Сақтандыру сомасы негізгі қарыз сомасы мөлшерінде немесе оның бір бөлігінің (әдетте 50%-дан кем емес)

мөлшерінде орнатылады. Сақтандыру сомасы сақтанушының қалауы бойынша пайыздық төлемдерді қамтымауы да мүмкін.

Сақтандыру тарифі қарыз алушының, яғни сақтанушының қаржылық жағдайына немесе беделіне қарай орнатылады.

Стандартты келісім бойынша сақтандыру мерзімі қарызды (несиені) жабу мерзіміне сәйкес келеді. Сақтандырушының жауапкершілігі 30 күннен кейін ғана күшіне енеді. Бұл уақыт ішінде сақтанушы (қарыз алған тұлға) қарыздың тым болмаса бір бөлігін қайтару үшін шаралар іздестіреді, ал сақтандырушы сақтанушының төлем қабілетсіздігінің себептерін зерттеумен айналысады.

Сақтандыру жағдайын болдыруға бағытталған (немесе оған себеп болған) сақтанушының қасақана әрекеттері сақтандырумен қамтылмайды.

6.7. Жеткізіп беру келісімі қатысушыларын сақтандыру

Сақтандыру объектісі ретінде келісімде көрсетілген шарт бойынша тауарларды, бұйымдарды немесе қызметтерді белгіленген мерзімде, толық әрі сапалы жеткізіп бермегені үшін тартатын жауапкершілігімен байланысты келісімге қатысушылардың біреуінің мүліктік мүдделері қарастырылады.

Сақтандыру сомасы және сақтандыру тарифі сақтанушы мен сақтандырушының өзара келісімі арқылы орнатылады.

Тауарлардың жеткізілуіне кедергі келтіруге бағытталған сақтанушының қасақана әрекеттері, сонымен қатар форс-мажорлық оқиғалар сақтандырумен қарастырылмайды, өйткені бұл жағдайлар жеткізіп беру келісіміне және заңнамаға сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің пайда болуына алып келмейді.

Қонақүйлердің, ломбардтардың және азаматтардың бұйымдарын уақытша сақтауға алатын басқа да ұйымдардың АҚЖ сақтандыру. Сақтандыру объектісі ретінде уақытша сақтауға алынған бұйымды бұлдіру немесе оны жоғалту нәтижесінде бұйымның иесіне келтірген зиянның орнын толтыру міндетімен байланысты сақтанушының мүліктік мүдделері қарастырылады.

Бұйымды уақытша сақтауға қабылдағаны туралы дәлел көзі ретінде квитанция, нөмірлік жетон немесе заң бойынша сақтау туралы келісім болып табылатын басқа да белгілер қарастырылады.

Мүлікті сенімгерлік негізде басқарушыны сақтандыру. Мүлікті сенімгерлік негізде басқару кәсіпорын банкротқа ұшыраған жағдайда, қабілетсіз немесе із-түзсіз кеткен тұлғаның мүлкін өз қарауына алғанда, заң жүзінде қарастырылған басқа да жағдайларда тағайындалады.

Сақтандыру объектісі ретінде басқаруға алған мүліктің бүлінуі немесе жойылуы нәтижесінде зиянның орнын толтыру міндетімен байланысты сенімгерлік басқару туралы келісімнен туындайтын мүлікті сенімгерлік негізде басқарушының (сақтанушының) мүліктік мүдделері қарастырылады

7. Көліктік сақтандыруды ұйымдастыру принциптері

Көліктік тәуекелдерді сақтандыру ерекшеліктері және көліктік сақтандырудың спецификаларын негіздеу. Көліктік кәсіпорын (көлік құралдары, жүк, жолаушылар, экипаж) мыналармен сипатталады: а) оның дәл осы уақыттағы жағдайы туралы ақпараттың анықталмағандығы; б) сақтандыру жағдайларының катастрофалық сипаты; в) жолдағы нақты қауіптерді болжаудың әлсіздігі; г) жүк иесінің оның тасымалдау процесіндегі мүдделерінің бөлектігі.

Технологиялық тұрғыдан көлік өндірісі бастапқы-соңғы және қозғалыс операцияларына бөлінеді. Бастапқы-соңғы операцияларға оның барлық дайындық процестері жатады:

- жүкті дайындау, жинақтау, сұрыптау, құжаттарды дайындау, жүктеу, түсіру, сақтау, кедендік тазалау;
- жолаушыларды және олардың қолжүктерін тасымалдау құжаттарын ресімдеу;
- жолаушыларды жинау және тіркеу;
- бағыттың бастапқы, соңғы және аралық (транзиттік) пункттеріндегі басқа да технологиялық процестер.

Қозғалыс операцияларына тасымалдау, жүктердің және жолаушылардың қозғалыс процесі жатады.

Көлік процесін бастапқы-соңғы және қозғалыс операцияларына технологиялық бөлу сақтандыру процестерін де бөлуге негіз береді, атап айтсақ, бағыттың бастапқы-соңғы пункттеріндегі сақтандыру және көлік процесінің қозғалыс операцияларын сақтандыру.

Көліктегі сақтандырудың спецификасы, бірінші кезекте, көлік процесінің қозғалыстық сипатымен негізделеді, өйткені онымен көлік кәсіпорындарының тасымалдау шарттарымен байланысты тәуекелдері байланысты болады: жылжымалы құрамның түрі – теңіз, өзен және әуе кемелері, теміржол құрамы, жеңіл, жүк, арнайы автомобильдер, автобустар; қоршаған ортаның әсері - әуе, теңіз, автомобиль, темір жол тасымалы және т.б.; география – қала ішіндегі, қалааралық (каботажды), халықаралық тасымалдау, бүкіл әлем бойынша халықаралық тасымалдау.

7.1 Көлікті сақтандырудың жіктелуі және ерекшеліктері

Қозғалыс операцияларын сақтандыру:
көлік құралдарын сақтандыру;
көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру;
тасымалдаушылардың АҚЖ сақтандыру;
жолаушылардың өмірі мен денсаулығын сақтандыру;
басқалар.

Бастапқы-соңғы көліктік операцияларды сақтандыру:

- диспетчерлер мен техникалық персоналдың АҚЖ сақтандыру;
- аэротұрақ қызметтерінің АҚЖ сақтандыру;
- жанар-жағар май қызметтерінің АҚЖ сақтандыру.

Көлік ұйымдарының жұмысшылар құрамының өмірін және денсаулығын сақтандыру.

Көлік тасымалының, ең алдымен авиациялық және теңіз тасымалының, тәуекелдердің катастрофалық табиғатымен және шығынның мөлшерімен байланысты спецификасы сақтандыруды көлік ұйымдарының, ең алдымен авиациялық және теңіз ұйымдарының, жұмыс қабілетін қамтамасыз етудің

жалғыз жолы ретінде анықтайды.

Әуе және теңіз тасымалдарының аса қауіптілігі сақтандырушылар үшін сақтандыру операцияларының тепе-теңсіздігін және шығындылығын анықтайды. Сол себепті, авиациялық және теңіздік сақтандырумен айналысатын сақтандыру ұйымдары ірі және қауіпті тәуекелдерді бірлесіп сақтандыруды ұйымдастыру үшін халықаралық қауымдастықтарға және одақтарға бірігеді. Сақтандырушылардың өзара әрекет етуінің негізгі формасы ретінде қайта сақтандыру қолданылады. Қайта сақтандыру арқылы әрбір сақтандырушының қаржылық жағдайына сәйкес сақтандырылған тәуекел бөліністе түседі және сол арқылы сақтандыру операцияларының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Мысалға, «Боинг-747» әуе кемесін кешенді сақтандыру (кеменің өзін, ондағы жүкті, тасымалдаушының жауапкершілігін) процесіне 300 дейін сақтандыру компаниялары қатысады және сақтандыру сомасы әдетте 1 млрд. АҚШ долларынан жоғарыы болады.

Сақтандырушылардың ең ірі және ықпалды бірлестіктері Авиациялық сақтандыру халықаралық Одағы (Лондон) және Теңіз сақтандыру халықаралық Одағы (Цюрих) болып табылады. Ресейде 1996 жылы Ресей авиациялық және космостық сақтандырушылардың Қауымдастығы құрылған болатын.

Көлік құралдарын, атап айтқанда, теңіз және әуе кемелерін, сақтандыру барысында шет елдік сақтандырушылар, ал соңғы жылдары Қазақстандық сақтандырушылар да, Лондон сақтандыру институтының, Авиациялық андеррайтерлер қауымдастығының, Ллойд корпорациясының сақтандыру полистеріндегі стандартты шарттарды жетекшілікке алады. Көп жағдайларда сақтандыру түрлері араласқан – көлік құралдарын (каско), жүкті (карго) және жауапкершіліктердің алуан түрлерін сақтандыру – полистері қолданылады.

7.2. Көлік құралдарын сақтандыру

Сақтандыру объектісі ретінде көлік кәсіпорындарына тән көлік құралдарының бүлінуі тәуекелімен байланысты (жол апаттары, катастрофалар, табиғи апаттар, ұрлау және т.с.с.) көлік құралдары иелерінің (заңды түрде пайдаланушылардың) мүліктік мүдделері қарастырылады.

Сақтандыруға жататын көлік құралдарының құрамына мыналарды жатқызуға болады:

- құрғақ жол көліктері – автомобильдер, автобустар, мотоциклдер, мотороллерлер, тракторлардың барлық модельдері, сол секілді тіркемелер мен жартылай тіркемелердің барлық модификациялары. Құрғақ жол көлігіне темір жол жылжымалы құрамы да жатады – локомотивтер, вагондар, жартылай вагондар, платформалар;
- су көлігі – қайықтар, катерлер, яхталар, өзен және теңіз кемелерінің барлық модельдері;
- әуе көлігі – ұшақтар мен тікұшақтардың барлық модельдері, сондай-ақ космостық техника.

Құрғақ жол көлік құралдарын сақтандыру ерекшеліктері. Көлік құралдары КАСКО схемасы немесе КАРГО схемалары бойынша сақтандырыла алады. КАСКО схемасы бойынша сақтандыру көлік құралдарын тек қана бүлінуден немесе жарамсыз болып қалудан сақтандыруды қарастырады. КАРГО схемасы бойынша сақтандыру кезінде көлік құралдарымен қатар мыналар сақтандырыла алады:

- көлік құралының жүргізушісі және жолаушылары;
- көлік құралының қосымша құралдары мен жабдықтары (көлікті жасаушы зауыттың нұсқауларына сәйкес оның комплектісіне кірмейтін жабдықтар);
- негізгі көлік құралында немесе оның тіркемесінде (жартылай тіркемесінде) тасымалданатын жүк (қол жүктері).

Мотокөлік құралдарын сақтандыру кезінде сақтанушы ретінде 16 жасқа жеткен тұлға, басқа көлік құралдарының түрлерін сақтандыру кезінде – 18 жасқа жеткен тұлға қарастырылады. Сонымен қатар, сақтандыру үшін мынадай шарттардың орындалуы тиіс:

- көлік құралы оның жеке меншігінде болса;
- көлік құралын ол аренда (прокат) туралы келісім бойынша арендаға немесе прокатқа алған болса немесе белгілі бір тәртіппен әлеуметтік органдар арқылы жеке меншікке алған болса;
- аталған көлік құралының иесінің берген пайдалану құқығына нотариус растаған сенімхат болса.

Көлік құралдарын сақтандыру келісімі жол апаттары, өрт, табиғи апаттар, сонымен қатар ұрлық нәтижесінде көлік құралының бүлінуі (жарамсыз болып қалуы) жағдайларына байланысты жасалады.

Сақтандыру сомаларының және сақтандыру тарифтерінің мөлшерлері, сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі, келісімнің мерзімі мен күшіне ену күні, басқа да шарттар стандартты әдістеме бойынша анықталады.

Теміржол жылжымалы құрамды сақтандыру стандартты әдістеме бойынша жүзеге асырылады. Бұл жерде тек оған тән спецификалық тәуекелдерді (сақтандыру жағдайларын) атап кеткен дұрыс – қақтығыстар, рельстен шығып кету, қирау. Сонымен қатар, жылжымалы құрамның авариямен (қақтығыспен) байланысы жоқ жекелеген бөлшектері сақтандыру жағдайларына жатпайды.

7.3. Су көлігін сақтандыру ерекшеліктері

Су көлік құралдары үшін спецификалық тәуекелдерді бөліп көрсетуге болады: өрт, борттағы жарылыс, кеменің су түбіне кетуі; басқа кемелермен, жартастармен, мұзбен, жүзіп жүрген заттармен соқтығысу; теңіз дауылдары, е ле, цунами, кеменің аударылып кетуі; кеменің із-түзсіз жоғалып кетуі; авария жағдайында кемені құтқаруға және өртті сөндіруге кеткен шығындар; техникалық ақаулардың, жүктеу жұмыстары процесіндегі қолайсыз жағдайлардың, кеме корпусының жасырын дефектілерінің немесе экипаждың қаскүнемдік әрекеттерінің (баратария) нәтижесінде кеменің бүлінуі (жарамсыз болып қалуы).

Мына жағдайлардың нәтижесінде ондай шығындардың орны толтырылмайды: соғыс жағдайлары және әскери шаралар, қарақшылық шабуылдар, халықтық толқулар және ереуілдер, тәркілеу, реквизиция, кемені билік органдарының талаптары бойынша тұтқындау; сақтанушының немесе сақтандырылған тұлғаның қаскүнемдігі немесе ұқыпсыздығы; кеменің суда жүзуге жарамсыздығы, оның ескіруі немесе көнеруі; сақтандырушыға ескертпестен кемеге жарылғыш және өздігінен өртеніп кететін заттарды жүктеу және тағы да бірқатар жағдайлар. Аталған оқиғалар келісім бойынша қосымша ақы төлеу арқылы сақтандыру жауапкершілігімен қарастырылуы мүмкін.

Өзен және теңіз кемелерін, сондай-ақ әуе кемелерін және жүктерді сақтандырудың спецификалық белгілеріне «жалпы авариялар» және «жеке авариялар» ұғымдары жатады. Сонымен қатар, «авария» термині тек қандай-да бір оқиғаны ғана емес, осы оқиғаның нәтижесінде келтірілген шығындар мен зияндарды білдіреді. Бұл шығындар жалпы аварияның шығындары (мысалға, құтқару жұмыстарына кеткен шығындар) және жеке аварияның шығындары (мысалға, бүлінген мүлік иесінің шығындары) болып бөлінеді.

Кемелерді сақтандырудың жалпыға бірдей шарттары бірнеше типті жауапкершілік бойынша сақтандыру мүмкіндігін қарастырады:

1 – «бүліну мен жарамсыз болып қалу үшін жауапкершілік (толық жауапкершілік)»;

2 – «жеке авария үшін жауапкершіліксіз»;

3 – «тек бүліну үшін ғана жауапкершілік»;

4 – «тек жарамсыз болып қалу үшін ғана жауапкершілік».

Сақтандырудың әр типі бойынша әдетте апатқа ұшыраған кемені құтқаруға кеткен шығындардың толық немесе бір бөлігінің орнын толтыру қарастырылады.

Сақтандыру келісімі белгілі бір кезеңге немесе тек бір ғана рейске жасалуы мүмкін. Сақтандырушының жауапкершілігі келісімде көрсетілген жүзу аймағында немесе соның аумағындағы шығындарға ғана қатысты болады. Адамдарды, кемелерді және жүкті сақтап қалу немесе рейстің қауіпсіздігін

қамтамасыз ету мақсатында кеме келісімде көрсетілген жүзу аймағынан шығып кетсе де сақтандыру келісімі өз күшінде қала береді. Басқа жағдайларда, мысалға, бағыттан шығып немесе адасып қалғанда, рейс кешігетін жағдайда және басқа да тәуекелдің өзгерістері орын алған жағдайда келісімнің күшін сақтап қалу үшін сақтандырушыны түсініспен қарак керек.

Кемелерді сақтандыру бойынша төлемдердің (сыйақылардың) мөлшерлемелері мыналарды ескере отырып диверсификацияланады: кемелердің арналымы (сауда, жолаушылар, спор кемелері, мұз жарғыш кеме және т.с.с.), кеме корпусының материалы (шойын, темірбетон, ағаш және т.с.с.), кемелердің класы мен жасы, кеме моторының тегі (жылу, электрлік, атомдық), жүзу аймағы (мұхит, теңіз, жағалау аймағының кемелері). Сонымен қатар, сауда кемелері үшін мөлшерлемелер олардың мамандану деңгейіне (танкерлер, яхталар, астық тасушы және т.с.с.) және басқа белгілеріне қарай бөлінеді.

Кемелерді (және жүктерді) сақтандырумен фрахтаны сақтандыру, яғни жүкті тасымалдау төлемін сақтандыру, тығыз байланысты. Фрахтаны төлеу шарттарына қарай сақтанушы ретінде тасымалдаушы, жүктің иесі немесе екеуі де қарастырылауы мүмкін. Егер тасымалдау келісімі бойынша фрахта кезкелген жағдайда төленуі тиіс болса (тіпті кеме жүгімен қоса апатқа ұшыраса), онда фрахтаны сақтандыруға жүктің иесі мүдделі болады, өйткені жүк жоғалған немесе бүлінген жағдайда ол тасымал төлемі үшін өтемақы алады. Егер фрахта жүк арналған портқа жеткенде төленетін болса, онда фрахтаны сақтандыру тасымалдаушының да (өйткені жүкті жеткізе алмаған жағдайда фрахтаны ала алмайды), жүктің иесі де (өйткені ол жүк бүлінсе де, оларды жеткізіп бергені үшін фрахтаны төлеуі тиіс болады) мүдделі болып келеді. Кеме жүкті тиеу үшін басқа портқа бағытталып, жолда қолайсыз жағдайларға ұшырап, жүкті қажет уақытында жеткізіп бере алмайтын жағдайларда фрахтаны сақтандыруға тасымалдаушы мүдделі болады.

7.4. Әуе көлігін (әуе кемелерін) сақтандыру ерекшеліктері

Әуе кемесі деп штаттық конструкцияны түсіну қажет: әуе кемесінің планері (корпусы), двигательдері, штаттық құралдары және жабдықтары (жанар-жағармай материалдарын есептемегенде).

Әуе кемесіндегі басқа да қосымша арнайы құралдар мен жабдықтар, сондай-ақ қосалқы бөлшектер келісім бойынша қосымша сақтандыру жарнасын төлеу арқылы сақтандырыла алады.

Әуе кемелерін сақтандыру объектісі ретінде әуе кемесіне иелік етумен және оны пайдаланумен байланысты кезкелген мүліктік мүдделер қарастырылады. Шарт бойынша сақтандырушы әуе кемесінің кезкелген себептерге байланысты зақымдануынан немесе жарамсыз болып қалуынан болған шығындарды өтейді. Сақтандыруға жатпайтын жағдайлар келісімде көрсетіледі.

Әуе кемелерін сақтандыру келісімі төменде келтірілген шарттардың бірі бойынша қабылдануы мүмкін:

1 – «Әуе кемесінің құруы, хабарсыз жоғалуы және бүлінуі үшін ғана сақтандыру жауапкершілігімен»;

2 – «Әуе кемесінің құруы және хабарсыз жоғалып кетуі үшін ғана сақтандыру жауапкершілігімен»;

3 – «Әуе кемесінің бүлінуі үшін ғана сақтандыру жауапкершілігімен».

Әрбір сақтандыру шарттары бойынша әуе кемесін құтқару бойынша шығындарын ғана өтеу жауапкершілігі қарастырылады.

Әуе көлігімен (тасымалымен) байланысты халықаралық келісімдер бойынша әрбір әуе кемесінің сақтандыру полисі болуы тиіс.

Сақтандыру шарттарында шығынның орны толтырылмайтын жағдайлар көрсетіледі: сақтанушының қаскүнемдігі және қылмыстық ойы; кемедегі алдын-ала ақаулықтар; кемені басқа мақсаттарда немесе бағыттарда (маршруттарда) қолдану және т.с.с. Сонымен қатар, кемені

сақтандыру тұрғысынан бағалау, сақтандыру келісімін жасау және жүзеге асыру тәртібі, сақтандыру жағдайлары орын алғандағы сақтанушы мен сақтандырушының құқықтары мен міндеттері, шығындар мен дауларды реттеу процедурасы шарттары да қарастырылуы тиіс.

Әлемнің жетекші елдерінде 60 - жылдардың ортасынан бастау алған космостық бағдарламаларға коммерциялық капитал салымдарының жаппай өсуі авиациялық сақтандырудан сақтандыру саласының айрықша түрі ретінде космостық тәуекелдерді сақтандырудың бөлініп шығуына алып келді. Бұл сақтандыру полистерінің негізгі төрт түрін бөліп көрсетуге болады: спутниктерді, ракеталарды және жекелеген агрегаттарды жинақтау және сынақтан өткізу кезеңдерін сақтандыру; космосқа ұшыру алдындағы кезеңді сақтандыру – жинақтап болғаннан кейін космосқа ұшыру алдындағы, соның ішінде космостық аппаратты сақтау орнынан ұшыру орнына тасымалдау кезеңін; ұшыру кезеңін сақтандыру – космостық аппаратты ұшыру кезеңінен бастап оны орбитаға жеткізуге дейінгі, осыдан кейін аппараттың барлық жүйелерінің қызмет етуін тексеру кезеңдерін; аппаратты орбитада сақтандыру. Әрбір кезеңде барлық тәуекелдерден сақтандыру орын алады.

Сонымен қатар үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершілікті сақтандыру, кезкелген кезеңдегі спутниктің бүлінуі нәтижесінде табыстардан айрылу тәуекелін сақтандыру, спутникті ұшыру кезіндегі қосымша шығындарды сақтандыру.

7.5. Көліктегі жүктерді сақтандыру

Жүктерді сақтандыру ерекшеліктері.

Жүктерді сақтандыруды басқа да көліктік тәуекелдерден айырмашылығын білдіретін айрықша спецификалық белгілерін атап кету қажет:

а) жеткізу пунктіндегі жүктің құны тасымалдау және басқа да шығындарына байланысты әрдайым жүкті сатып алу пунктіндегі құнынан айтарлықтай жоғарыы болады. Мұндай құн айырмашылығы сатып алушының сақтандыру мүддесі болып табылады, сол себепті сақтандыру сомасы әдетте тауарлардың

сатып алу құнынан жоғарыы болады;

б) тасымалдау процесінде жүк оның иесінің (сатушының немесе сатып алушының) бақылауынан шығып, жүктің сақталуына жауапкершілік тартатын тасымалдаушының бақылауына көшеді. Сонымен қатар, жүк әр түрлі елдердің территорияларынан өтуі, бір тасымалдаушыдан екіншісіне ауысуы мүмкін. Осының барлығы сақтандыру арқылы қорғау ретінде сақтандыру полисін тасымалдау процесінің түрлі қатысушыларына беруді қажет етеді. Сақтандыру тек жүктің қауіпсіздігі мен тасымалдаушының жауапкершілігін ғана емес, сонымен қатар экспедитордың, кедендік сақшының, кедендік брокерлердің және т.б. жауапкершіліктерін қамтамасыз етеді. Мұндай қосымша талаптар жүктерді сақтандыруда халықаралық практикада кеңінен қолданылатын, тасымалдаушылардың барлық қатысушылары қолданатын шарттарды, конвенцияларды және терминдерді қолданудың қажеттілігін анықтайды;

в) қазіргі таңда саудада тауарларды жеткізу келісімі ұзақ мерзімге жасалады (бір жылға және одан да ұзақ), ал жүкті жеткізу келісілген мерзім ішінде шағын партиялармен жүзеге асырылады. Мұндай жүктерді сақтандыру қарапайым схема бойынша, сақтандыру полисін жасау арқылы орындалады. Сақтандыру полисі барлық жүктерді сақтандырудың ұзақ мерзімді келісімі болып табылады.

Сақтандырудың Бас полисі бойынша сақтандыру Қазақстан Республикасында ҚР Азаматтық кодексімен реттеледі (826-3 бап).

Жүктерді сақтандырудың жалпы принциптері.

Сақтандырушылар ретінде жүкті жіберушілер (сатушылар) немесе жүкті алушылар (сатып алушылар) қарастырылады. Сақтандыру келісімін кім жасайтыны, сатушы ма әлде сатып алушы ма, тауарды жеткізу шарттарына байланысты анықталады.

Жүк сақтанушы көрсеткен сомада сақтандырылады, алайда шот-фактурада, коносаментте немесе және басқа да құжаттарда көрсетілген жүктің құнынан жоғарыы болуы тиіс.

Сақтандыру келісімі төменде келтірілген шарттардың біріне сүйене отырып қабылдануы мүмкін:

1 – «Барлық тәуекелдер үшін жауапкершілікпен»;

2 – «Тек қана жүктің жойылуы үшін жауапкершілікпен».

Сақтандыру келісімі бойынша жауапкершілік жүктің жөнелту пунктінде сақтау қоймасынан тасымалдауға алған сәттен басталады және бүкіл тасымалдау процесі барысында жалғаса береді (қайта жүктеуді, сондай-ақ қайта жүктеу пункттерінде сақтауды қоса алғанда). Сақтандыру жауапкершілігі жүкті алушының қоймасына жеткізілгенше немесе сақтандыру полисінде көрсетілген арнаулы пунктке жеткізілгенше өз күшінде болады.

Мынадай жағдайлардың нәтижесінде болған шығындардың орны толтырылмайды:

а) сақтанушының немесе оның өкілетті тұлғасының қасқүнемдігі, сонымен қатар жүкті тасымалдау, жөнелту және сақтау шарттарының бұзылуы;

б) температураның, ылғалды ауаның ықпалы немесе жүктің ерекше табиғи қасиеттері;

в) сыртқы қорабы бүлінбестен жүктің жетіспеушілігі немесе ластануы;

г) жүкті кемірушілердің, құрт-құмырсқалардың бұлдіруі;

д) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да жағдайлар.

Сонымен қатар, әртүрлі жанама шығындардың да орны толтырылмайды.

Тәуекелдің айтарлықтай өзгергені туралы белгілі болғанда сақтанушы дереу сақтандырушыны хабардар етуі тиіс (мысалға, жүкті жөнелтудің көп кешіктірілуі, келісімде көрсетілген сақтандырудан немесе әдеттегі бағыттан ауытқу, рейстің кешігуі, қайта жүктеу пунктінің өзгеруі, басқа көлік құралына қайта жүктеу, жөнелту әдісінің өзгеруі және т.с.с.

Теңіз кемелерінде тасымалданатын жүктерді сақтандыру барысында жалпы авария және жеке аварияның спецификалық ұғымдары кездеседі.

7.6 Халықаралық сауда жүктерді сақтандыру принциптері

Халықаралық тасымалдарда жүктерді сақтандыру міндетті форманы қабылдайды. Бұл халықаралық келісімдерден (конвенциялардан) туындайды.

БҰҰ-ның 1980 жылғы «Халықаралық тауарларды сату туралы» Конвенциясы сатушы мен сатып алушының міндеттемелеріне қатысты ережелерді қамтиды. Бұл ережелер тауардың (жүктің) кездейсоқ бүлінуін де қарастырады, өйткені ұзақ уақыт әр түрлі көлік түрлерімен тасымалдану барысында тауар сатушы мен сатып алушының ықпалынан және бақылауынан шығып қалады.

Конвенцияның ережелері жалпы сипатта болғандықтан, Халықаралық сауда палатасы сауда терминдерін (ИНКОТЕРМС – International Commercial Terms) түсінудің халықаралық ережелерін жасақтады. Сату және сатып алу келісімінде ИНКОТЕРМС-тің қандайда бір терминіне сілтеу барысында сатушы мен сатып алушының міндеттемелерін құжаттарда жан-жақты түсіндірудің қажеті бола қоймайды.

Сақтандыруға қатысты қандайда бір терминде сатушының сатып алушының алдындағы міндеттемесі қарастырылмаған болса, онда ИНКОТЕРМС келісім сатып алушының пайдасына жасалғанын түсіндіреді. ИНКОТЕРМС-тің 13 терминінің арасында тек екеуі ғана сатушының сатып алушының алдындағы міндеттемелерін қарастырады: CIP – көліктің кез-келген түрінде және CIF – тек теңіз және ішкі су көлігінде ғана.

Әлемнің көптеген елдерінде критерий ретінде Лондондық сақтандырушылар институтымен жасақталған «Лондондық сақтандырушылардың жүктер бойынша сөз байламдары» деп аталатын сөз байламдар түріндегі шарттар да қолданылады.

7.7. Көлік құралдары иелерін азаматтық-құқықтық жауапкершілікте сақтандыру шарттары

Сақтандырудың жалпы шарттар

Сақтандыру объектісі ретінде Қазақстан Республикасының

заңнамасына сәйкес көлік құралдарын аса қауіпті жағдайлар көзі ретінде пайдалану нәтижесінде үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірген зиянның орнын толтыру міндеттерімен байланысты көлік құралдары иелерінің мүліктік мүдделері болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы теміржол жылжымалы құрамы, су көлігі және әуе көлігі иелерінің АҚЖ сақтандыру ерікті түрде жүзеге асырылады, мото- және автокөлік иелерінің АҚЖ – міндетті түрде.

Көлік құралының иесі ретінде көлік құралын жеке меншік құқығында, шаруашылық үшін қолдану немесе оперативті басқару құқығында, немесе басқа да заңды негізде (арендаға алу, сенімгерлік негізде) пайдалану құқығында иелік ететін жеке және заңды тұлғалар қарастырылады.

Ерікті сақтандыру кезінде сақтандыру сомасының және сақтандыру тарифінің мөлшерлері, сақтандыру сыйақысын төлеу тәртібі және басқа да шарттар сақтанушы мен сақтандырушының келісімі арқылы анықталады.

Ерікті және міндетті сақтандыру бойынша келісімдер екі түрде жасалуы мүмкін:

- стандартты;
- кешенді.

Стандартты сақтандыру келісімі бойынша бір ғана көлік құралының бір немесе бірнеше иелерінің АҚЖ сақтандырыла алады.

Кешенді сақтандыру келісімі бойынша екі немесе одан да көп көлік құралдарының иесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлғаның АҚЖ сақтандырылады. Сонымен қатар, заңды тұлғалар көлік құралдарының әрбір бірлігі үшін сақтандыру сыйақысын төлейді, ал жеке тұлғалар – бір ғана көлік құралы үшін ең жоғарығы сақтандыру сыйақысы мөлшері түрінде төлейді.

Көлік құралының иесімен еңбек келісімін немесе басқа келісім жасау арқылы қызметтік міндеттерін атқару үшін көлік құралын басқаратын, немесе көлік құралы иесінің қатысуымен ешқандай қағаз жүзіндегі ресми рұқсатынсыз көлік құралын басқарушы тұлғалардың АҚЖ сақтандыруға жатпайды.

7.8 Көлік құралдары иелерін міндетті азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңына (әрі қарай – Заң) сәйкес жүзеге асырылады. Келісім тиісті лицензиясы бар кезкелген сақтандырушымен жасалуы мүмкін.

Мемлекеттік автоинспекцияның (жол полициясының) органдарында тіркелуі қажет немесе Қазақстан Республикасының территориясына уақытша кірген жеңіл, жүк автомобильдерінің, автобустардың, микроавтобустардың және қолдан құрастырылған автомобильдердің, мотокөліктерінің және тіркемелердің (жартылай тіркемелердің) иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыруға жатады.

АҚЖ міндетті сақтандыру келісімінсіз көлік иесінің аталған көлік құралын пайдалануға тиым салынады. Бұл талаптың орындалуын бақылау және қадағалау жол полициясының міндетіне жүктелген.

Міндетті сақтандыру келісімі 6 немесе 12 айға жасалады және бірінші сақтандыру төлемінен кейін немесе мерзімі аяқталғаннан кейін өз күшін жояды. Бұл жағдайда сақтанушы дереу жаңа келісім жасауы қажет. Келісімнің басқа себептермен мерзімінен ерте күшін жоюы ҚР сақтандыру заңнамасымен анықталады (сақтанушының қаза болуы, көлік құралының істен шығуы және т.с.с.).

Сақтандыру тарифтері Заңмен айлық есептік көрсеткішпен (АЕК) бекітілген; көліктің түрлеріне, двигательдің көлеміне (жеңіл автокөліктер үшін), жолаушылар орнына (автобустар мен микроавтобустар үшін), жүк көтеру қабілетіне (жүк автокөліктері үшін) қарай, сондай-ақ облыстар, республикалық және облыстық бағыныштағы қалалар, басқа да қалалар мен елді мекендер бойынша диверсификацияланған.

Сақтанушылардың кейбір категорияларына (I және II топтағы мүгедектерге, ҰОС қатысушыларына) есептелген сақтандыру сыйақысынан 50% мөлшерінде жеңілдік қарастырылады. Сонымен қатар, сақтандырушыларға

айтарлықтай көлемде сақтандыру төлемін жасағаны үшін сақтандыру тарифін 50% дейін арттыру құқығы беріледі.

Сақтандыру жағдайы ретінде үшінші тұлғаларға зақым келтіргені үшін сақтанушының тартатын АҚЖ қарастырылады.

Сақтанушының бір сақтандыру жағдайы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемі мынадай (АЕК бойынша):

- мүгедектік жағдайында: 1 топ – 500
  2 топ – 400
  3 топ – 300;
- уақытша еңбек қабілетінен айрылу жағдайында - әрбір емделу күні үшін 1,5 кем емес, алайда бүкіл емделу мерзімі бойынша 200 артық емес:
- қаза болған жағдайда – 600;
- бүлінген (құртылған) немесе ұрланған мүлік үшін – нақты шығын мөлшерінде, алайда 400 артық емес, ал бірнеше зақымданушылардың мүлкіне зиян келтіргені үшін – нақты шығын мөлшерінде, алайда 1000 артық емес; сонымен қатар, соңғы жағдайда әрбір зақымданушыға сақтандыру төлемдері олардың мүлкіне келген шығындардың үлесіне пропорционалды мөлшерде төленеді.

Шығынның мөлшері АҚЖ міндетті сақтандыру келісімінде көрсетілген жауапкершілік шеңберінен асып кеткен жағдайларда зақымданушы немесе оның мұрагері тікелей сақтандырушыға шығынды қосымша өтеу туралы арыз беруге құқығы бар. Мұндай жағдайға сақтандырушы міндетті сақтандыруға қосымша ретінде ерікті сақтандыру келісімін алдынала жасауына болады.

Сақтандыру өтемақылары зақымданушыға немесе оның мұрагерлеріне төленеді. Егер қаза болған тұлғаның мұрагері жоқ болса, онда оны жерлеу үшін шығын шығарған тұлғаларға өтемақы төленеді.

Сақтандырушының, сақтанушының және зақымданушының құқықтары мен міндеттері, сақтандырушыны сақтандыру өтемақысын төлеуден босататын жағдайлар (негізінен бұл қасақана немесе заңға қарсы әрекеттерге байланысты болады) немесе шығын келтірген тұлғаға кері талап ұсыну жағдайлары Заңмен қарастырылады.

7.9. Көлік құралдары иелерін азаматтық-құқықтық жауапкершілікте сақтандырудың халықаралық тәжірибесі

Азаматтарды әлеуметтік қорғаудағы көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандырудың зор маңызын ескере отырып, көптеген елдерде ол міндетті түрде жүргізіледі.

Халықаралық автомобиль туризмінің, көлік құралдарының басқа да еркін қозғалысы, бірінші кезекте Еуропа елдері арасында, аталған елдің территориясында шет елдік автомобильдердің азаматтарға келтірген зияндарын өтеу мәселелерін туындатып отыр. Бұл мәселенің шешілуі автоазаматтық құқықты міндетті сақтандыру туралы біртұтас еуропалық келісімді қабылдау қажеттілігіне негіз болды. Бұл келісімге сәйкес ұлттық заңнамалық актілер өз елінің азаматтарының, сондай-ақ шет елдік азаматтардың мүдделерін қорғау үшін азаматтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруды қарастыруы тиіс.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ халықаралық міндетті сақтандыру келісімі 1949 жылы 13 еуропалық елдер арасында қабылданып, біртұтас сақтандыру полисінің формасы мен түсіне сәйкес «Жасыл карта» деген атқа ие болды. Қазіргі таңда қатысушылардың қатарына 33 мемлекет, соның ішінде Украина мен Эстония да, кіреді. Ресей мен Литвада осындай заңнаманы қабылдауға дайындықтар жүргізілуде.

«Жасыл карта» бойынша жеңіл, жүк автомобильдерінің және автобус жүргізушілері АҚЖ сақтандыруға жатады.

Аталған жүйенің құқықтық негізі ретінде «Бюро арасындағы біртұтас типтік келісім» қызмет етеді. Ол «Жасыл картаның» автосақтандырушыларының ұлттық Бюролары арасында екі жақты негізде жасалады (Ұлттық Бюро автокөліктік сақтандыруды жүргізетін елдердің сақтандырушыларын біріктіреді және «Жасыл карта» полисін беруге құқығы бар). Аталған сертификаттың күші қолданылатын кезкелген елдің территориясына өткен жағдайда жүргізуші аталған елде сақтандыру полисінің жарамдылығын дәлелдеу үшін «Жасыл картаны» көрсетуі жеткілікті. «Жасыл карта» Бюросы жоқ елден, соның ішінде Қазақстаннан да,

шығатын автокөлік жүргізушілері шет елге кіру шекарасында сақтандыру полисін сатып алады.

Шығынның орнын толтыру тәртібі және «Жасыл картаның» басқа да процедуралары Еуроодақтың автосақтандыру бойынша арнайы Директиваларымен реттеледі. Атап айтар болсақ, Еуроодақтың бұл Директивалары жекелеген елдерде шығындардың орнын толтыру лимитін бекітеді.

Автосақтандыру практикасы дамыған елдерде арнайы кепілдендіру қорлары немесе «Моторлық бюролар» деп аталатын ұйымдар құрылады. Олар жол апатына кінәлі көлік құралы еш жерде тіркелмеген болса немесе оның иесі өзінің АҚЖ сақтандырмаған болса, зақымданушы шығындарының орнын толтырады (әдетте, заң жүзінде бекітілген мөлшерден төмен деңгейде). Айта кету керек, Қазақстан Республикасында мұндай қор немесе ұйым қазіргі кезде қызмет етпейді.

Автосақтандыру практикасы жетілген елдерде сақтандырушылар тәуекел деңгейіне, нақты сақтандырушыға сәйкес келетін «әділетті» сақтандыру тарифтерін жасақтауға және енгізуге үлкен көңіл бөледі (практикада ол «бонус-малус», яғни «шегерімдер-үстемақылар» деп аталады).

8. ЖҮК ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕ САҚТАНДЫРУ

8.1. Жүк тасымалдаушыларының АҚЖ сақтандыру ерекшеліктері

Жүк тасымалдаушылардың АҚЖ сақтандыру өзінің мәні бойынша ерікті, алайда формасы бойынша тасымалдау келісімінің талаптарына сәйкес, бірінші кезекте халықаралық тасымалдарында, міндетті болып табылады.

Сақтандыру объектісі ретінде тасымалдау келісіміне сәйкес жүктің бүлінуіне немесе құруына байланысты жүк иесіне келтірілген шығындардың орнын толтыру міндетімен байланысты тасымалдаушының мүліктік мүдделері қарастырылады.

Сақтандыру жағдайы ретінде жүк иелерінің мүліктік мүдделеріне зиян келтірумен байланысты тасымалдаушының тартатын АҚЖ қарастырылады.

Халықаралық конвенциялармен тасымалдаушының АҚЖ-нің лимиттер бекітілген, олай болмаған жағдайда көліктік кәсіпорындар мен сақтандыру аса тәуекелді болып келеді.

1978 жылдың 5 шілдесінде қабылданған Халықаралық жол (құрғақ жол) тасымалының келісімі туралы Женева келісімі бекіткендей, жүктің жетіспейтін бір килограмм брутто-салмағы үшін өтемақы мөлшері 25 алтын франктен аспауы тиіс (23-бап). Сонымен қатар, тасымалдау төлемдері, кедендік алымдар мен баж салықтары, сондай-ақ жүкті тасымалдаумен байланысты басқа да шығындар тасымалдауға жатады. Басқа шығындар сақтандыруға жатпайды.

1978 жылдың 31 наурызында қабылданған теңіз тасымалы туралы БҰҰ-ның конвенциясында тасымалдаушының жауапкершілігі әрбір орын үшін 835 есептік бірлікке немесе бүлінген немесе жоғалған жүктің бір килограмм брутто-салмағы үшін 2,5 есептік бірлікке эквивалентті болып табылады. Сонымен қатар, егер жүктің жоғалуы немесе бүлінуі тасымалдаушының кінәсінен болса, онда тасымалдаушы өзінің жауапкершілігін шектеуге құқығы жоқ.

Есептік бірлік – Халықаралық валюталық қор анықтайтын «арнайы қарыз алу құқығының» бірлігі болып табылады (халықаралық практикадағы атауы – SDR) және алтынның 65,5 милиграмына тең.

Қазақстан Республикасында кінәлі жақтың шығындарды өтеу жауапкершілігінің шеңбері келісім бойынша немесе соттың шешімімен анықталады. Сақтандырушы үшін шығындарды өтеу лимиті ретінде сақтандыру сомасы қарастырылады.

8.2. Жолаушы тасымалдаушыларды сақтандыру және халықаралық АҚЖ сақтандыру тәжірибесі

Жолаушы тасымалдаушылардың АҚЖ сақтандыру Қазақстан Республикасында 2003 жылдың 1 шілдесінде қабылданған «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңға сәйкес міндетті түрде жүргізіледі. Міндетті сақтандыруға қосымша ретінде сақтанушы ерікті сақтандыру келісімін жасай алады.

Сақтандыру объектісі ретінде ҚР Азаматтық заңнамасына сәйкес жолаушыларды тасымалдау кезінде олардың өміріне, денсаулығына және мүлкіне келтірген зиянның орнын толтыру міндетімен байланысты тасымалдаушының мүліктік мүдделері қарастырылады.

Теміржол, теңіз, ішкі су, әуе, автомобиль және қалалық электрлік көліктерінде жолаушыларды және олардың жүктерін тасымалдаумен айналысатын Қазақстан Республикасы резиденттерінің азаматтық-құқықтық жауапкершіліктері міндетті түрде (жоғарыыда аталған Заңға сәйкес) сақтандыруға жатады;

- мүгедексіз травма және басқа да зақымданулар – нақты амбұлаториялық немесе стационарлық емдеу шығындары мөлшерінде, алайда 200 жоғарыы емес. Сонымен қатар, стационарлық емделудің әрбір күні үшін сақтандыру төлемі 1,5 АЕК кем болмауы тиіс;
- зақымданушының мүлкіне келтірген зияны үшін – келтірілген шығынның мөлшерінде, алайда 250 кем емес.

▪ теміржол, автомобиль және ішкі су тасымалдары бойынша:

әрбір зақымданушының өміріне және денсаулығына келтірген зияны үшін:

қаза болу – 1 000;

мүгедектік:

I топ – 800;

II топ – 600;

III топ – 400;

Сонымен қатар, Заң сақтандырушылардың зиянды болдырмау немесе төмендету мақсатында шығындарды өтеу мүмкіндігін қарастырады.

Тасымалдаушының жауапкершілігін міндетті сақтандыру келісімі бойынша франшиза әрбір сақтандыру жағдайы бойынша және әрбір зақымданушы бойынша бес айлық есептік көрсеткішке тең. Келтірілген шығынның мөлшері франшизаның бекітілген мөлшерінен жоғарыы болса, онда сақтандыру төлемі толық мөлшерде жүзеге асырылады.

Зақымданушының өміріне және денсаулығына келтірілген зиян франшизаны қолданусыз жүзеге асырылады.

Сақтандырушының, сақтанушының және жолаушылардың құқықтары мен міндеттері, кері талап ету негіздері Заңмен реттеледі.

Сақтандырушы ақша, құнды қағаздарға, құнды металдарға және олардан жасалған бұйымдарға, өнер туындыларына және басқа да құндылықтарға келген шығындардың орны толтырылмайды.

Жолаушыларды тасымалдаушылардың жауапкершілік нормативтері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексімен және арнайы заңнамалық актілермен қарастырылған («Саудалық теңіз көлігі туралы», «Теміржол көлігі туралы»).

Зақымданушы жолаушылар (немесе оның мұрагерлері) тасымалдаушыдан сақтандырушы өтемеген шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқығы бар.

Жолаушыларды тасымалдаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілікте халықаралық сақтандыру тәжірибесі.

Халықаралық тасымалдарды жолаушылардың өміріне және денсаулығына, жүктердің бүлінуі мен жоғалуына тасымалдаушының жауапкершілігі халықаралық конвециялармен реттеледі.

Халықаралық нормаларға сәйкес жолаушының денсаулығына зиян келген немесе қаза болған жағдайда бір адам басына келетін өтемақы мөлшері 250, қол жүктің әрбір данасына – 500 немесе әрбір жолаушыға 2 мың алтын франктен аспауы тиіс. Алайда конвенцияға қатысушы кезкелген мемлекет бұдан жоғарыы нормаларды орната алады.

Ішкі тасымалдауда ұлттық заңнамалық актілермен тасымалдаушы жауапкершілігінің басқа лимиттері орнатылуы мүмкін. Үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершіліктің ең жоғарыы лимиттер мына елдерде бекітілген: Германияда – 60 млн. доллар, Швейцарияда – 50 млн. доллардан астам. Жапониялық авиакомпаниялар 1992 жылдан бастап лимиттер орнатудан бас тартып, арнайы келісім бойынша шектеулі жауапкершілік тартады.

8.3. Жолаушылардың өмірін және денсаулығын сақтандыру принциптері

Жеке бастың еркіндігі туралы конституциялық принципке сәйкес ҚР Азаматтық кодексі азаматқа (демек, жолаушыға да) өзінің өмірін және денсаулығын, сондай-ақ қол-жүгін (немесе басқа жеке заттарын) сақтандыру міндетін жүктемейді. Жолаушы өзінің жеке және мүліктік мүдделерін ерікті түрде сақтандыра алады. Аталған сақтандыру түрінің ерекшелігі – жолаушы өзінің өмірін және денсаулығын бір мезгілде бірнеше сақтандырушыларда және шексіз мөлшердегі сақтандыру сомасында сақтандыра алады. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда әрбірі сақтандырушыдан сақтандыру төлемдерін талап ете алады (аталғандарды оның мұрагерлері де талап ете алады). Сақтандыру арқылы өтелмейтін жалғыз ғана жағдай – бұл сақтандыру оқиғасын болдыру мақсатындағы жолаушының қасақана әрекеттері болып табылады.

Ерікті сақтандыру бойынша зақымданушы жолаушыларға немесе оның мұрагерлеріне сақтандыру төлемдері тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша төленетін сомаларға тәуелсіз жүзеге асырылады.

Ерікті сақтандыру келісімі қарапайым формадағы сақтандыру полисімен ресімделеді және жолаушыға жол жүрер алдында беріледі. Сақтандыру полисі кем дегенде ҚР Азаматтық кодексімен қарастырылған маңызды шарттарды қамтуы тиіс (жолаушының аты-жөні, сақтандырушының атауы мен реквизиттері, сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйақысының мөлшері, сақтандыру сыйақысын төлеу мерзімі, сақтандырудың күші жүретін жерлер мен мерзімдер).

Келісімнің аса маңызды шарты – жолаушының кеңістіктегі қорғау (сақтандыру) жерлерін анықтау болып табылады. Әдетте бұл жолаушының тасымалдаушының бақылау немесе жауапкершілік сферасына (авто, өзен, теңіз немесе теміржол вокзалдары, аэропорт, агенттік) кірген сәттен басталады және жолаушының тасымалдаушы бақылауындағы территориядан шыққан сәтте аяқталады. Сонымен қатар тасымалдаудың барлық бастапқы-соңғы және аралық кезеңдерінде (агенттіктен аэропортқа бару және кері қайту, аэропорттан аэропортқа жету және т.с.с.) сақтандыру өз күшін сақтайды. Айтылғандардың барлығы жолаушының қол жүгіне де қатысты.

Шет елдік практикада жол бойындағы қолайсыз жағдайлардан жолаушыларды сақтандыру барысында «блок-полистер» қолданылады. Блок-полис - дегеніміз бұл тіркеулі сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйақысын қарастыратын жол жүру құжатымен (туристік ваучермен) біріккен сақтандыру полисі. Блок-полисті билетті сату барысында билет басып шығару автоматы береді және арнайы мөрмен белгіленеді. Сондай-ақ, блок-полистің банктік несиелік карточкамен бірігуі де қолданылады («банкассюранс» сақтандыру). Сақтандыру полисі несиелік карточканың жеке кодымен идентификацияланады және сол арқылы шет елге сапар шегу кезінде қолайсыз жағдайлардан, жүктерді, медициналық

шығындарды және басқа да жағдайлардан сақтандыру келісімін растайды.

8.4. Жүк тасымалдаушыларды сақтандырудың басқа да түрлері

Жүк экспедиторының АҚЖ сақтандыру. Жүк экспедиторы – бұл басқа бір заңды немесе жеке тұлғаның атынан жүкті қабылдау, жөнелту және жеткізіп беру бойынша қызмет көрсететін заңды (немесе жеке) тұлға. Экспедитор тасымалдауды клиенттің таңдауы немесе өз қалауы бойынша - көліктің кез-келген түрімен жүзеге асырады.

Сақтандыру объектісі ретінде экспедиция келісімімен қарастырылған жүк иесіне тасымалдау процесінде болған зиянның орнын толтырып беру міндетімен байланысты экспедитордың мүліктік мүдделері қарастырылады.

Экспедитордың АҚЖ сақтандыру ерікті формада жүзеге асырылады, алайда халықаралық тасымалдауларда бұл сақтандыру міндетті сипатқа ие болады.

Кедендік тасымалдаушының АҚЖ сақтандыру. Кедендік тасымалдаушы кедендік бақылаудағы тауарларды есепке алу және тасымалдау бойынша қызмет көрсетеді.

Сақтандыру объектісі ретінде кедендік заңнамамен байланысты жүк иесіне немесе кедендік органдарға келтірген зияндары үшін өтемақы төлеу міндетімен байланысты кедендік тасымалдаушының мүліктік мүдделері қарастырылады.

Шет елдерде (мысалға, Ресейде) кедендік тасымалдаушыларда лицензия алу үшін міндетті түрде сақтандыру келісімі болуы тиіс.

Кеме иесінің АҚЖ сақтандыру. Теңіз көлігі кеме иесінің теңіздегі қақтығыстардың және басқа да жағдайлардың нәтижесінде келген шығындардың орнын толтыру жауапкершілігімен байланысты. Мұндай жауапкершілікті сақтандыру бастапқыда кемелерді сақтандыруға қосымша ретінде қолданылған болатын, алайда қоғамдық дамудың нәтижесінде ол сақтандырудың жеке түрінде қалыптасып үлгерді.

Бастапқы-соңғы (соның ішінде аралық) операцияларды сақтандырудың өзіндік ерекшеліктері бар – жылжымалы құрамның аталған пункттегі қозғалысын ұйымдастыратын операторлардың азаматтық жауапкершілігін сақтандыру арқылы қорғау. Сақтандырудың мұндай түрлеріне мыналар жатады:

ұшудың және темір жол қозғалысының қауіпсіздігін бақылауын қамтамасыз ететін әуе және теміржол көлігінің диспетчерлік және техникалық құрамының АҚЖ сақтандыру;

қыс мезгілдерінде ұшақтарды қондыру және ұшыру алаңдарының тазалығына жауап беретін аэродром қызметтерінің АҚЖ сақтандыру;

жанар-жағар май қызметтерінің сапалы қызмет көрсету үшін АҚЖ сақтандыру.

Көлік жұмысшыларының жеке құрамын сақтандыруды жұмыс беруші ҚР «Еңбекті қауіпсіздендіру және қорғау туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырады.

Сақтандыру тарифтері жұмысшылардың категориясына (кәсібіне) қарай дифференцияланған түрде анықталады.

Көлік жұмысшыларының жеке құрамы келесідей болып бөлінеді:

тікелей жолаушылар мен жүктердің қозғалысын қамтамасыз ететін жұмысшылар тобы;

тікелей тасымалдауды жүзеге асыратын жұмысшылар тобы – техникалық және коммерциялық персонал.

III-БӨЛІМ
САҚТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ

9. САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫН РЕТТЕУ

9.1. Мемлекеттік қаржылық сақтандыру ұйымдары

Сақтандыруды жүзеге асырудың негізгі **ұйымдық-құқықтық нысандары:**

1. Мемлекеттік сақтандыру.
2. Акционерлік қоғамдар жүргізетін сақтандыру.
3. Өзара сақтандыру.

Мемлекеттік сақтандыру - бұл сақтандырушы ретінде мемлекеттік ұйым бой көрсететін сақтандыру нысаны. Мемлекеттік сақтандыру - сақтандырудың барлық түрлерін жүргізудегі мемлекеттің абсолютті монополиясы жағдайында, сақтандырудың жеке түрлеріне мемлекеттік монополия жағдайында немесе қандай да бір мемлекеттік сақтандыруда монополиясы жоқ болған жағдайда жүргізілуі мүмкін. Қазір ТМД елдеріндегі сақтандырудың дамуы соңғы вариантқа жақындауда. Бірақ, мемлекеттік сақтандырудың кейбір түрлерін жүргізудегі басымдылығының болу мүмкіндігін ұмытпаған жөн.

Қазіргі кезде Қазақстанда мемлекеттің сақтандырушы қызметінің тек жалпы мемлекеттік стратегиялық мағынадағы мүдделерді сақтандырудағы ғана басымдылығын көрсетуге болады. Осылайша, "Казагрополис" республикалық мемлекеттік ауыл шаруашылық сақтандыру кәсіпорыны (құрылтайшысы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі) үшін басым бағыт ауыл шарушылыгының өндірісін міндетті сақтандыру болып табылады.

Ал "Казахинстрах" мемлекеттік сақтандыру компаниясы үшін инвестиция-ларды сақтандыру басым бағыт болып табылады Л.Н.Гостенко "Страхование", 46-бет

9.2. Акционерлік сақтандыру қоғамдары

Акционерлік сақтандыру - сақтандырушы ретінде өзінің жарғылық капиталын акциялардың көмегімен құратын акционерлік қоғамдар бой көрсететін сақтандыру қызметін ұйымдастыру нысаны. Акциялар арқылы жарғылық капиталды құру құрылтайшыларға заңды және жеке тұлғалардан ақша ресурстарын тарту арқылы тез арада сақтандыру операцияларын жүргізуге мүмкіндік береді. Алғашқы капиталды құру тәртібіне қарай ашық типтегі және жабық типтегі акционерлік қоғамдарды және де жауапкер-шілігі шектеулі серіктестіктерді бөледі. Бұл айтылғандар дүниежүзілік тәжірибеге тән.

9.3. Өзара сақтандыру қоғамдары

Өзара сақтандыру - өзара көмек көрсету мақсатында сақтандырушылардың бірігуі байқалған сақтық қорғаудың ұйымдық нысаны. Өзара сақтандыру қоғамы - қазақстандық нарықтың жаңа қатысушысы. Қазақстандағы өзара сақтандыру қоғамының қызметі "Сақтандыру қызметі туралы" Заңмен және Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің "Өзара сақтандыру" атты 845 бабымен реттеледі.

Өзара сақтандыру қоғамдары - өз мүшелерінің мүліктерін және басқа да мүліктік мүдделерін сақтандыруын жүзеге асырады және де коммерциялық емес ұйымдар болып табылады. Коммерциялық қызметті жүзеге асырғанда қызмет ету тәртібі сақтандыру (қайта сақтандырушы) ұйымдар үшін бекітілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Заңдылық негіздің дамымауына байланысты сақтандыру нарығындағы бұл жеткілікті жақсы бой көрсетпеген. Осылайша, "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру нарығы 1996-98 жылдардағы негізгі бағыттары жөніндегі" Қаулыда шағын және орта бизнесті дамыту мақсатымен өзара сақтандыру қоғамдарын құру туралы ереже жобасын дайындау мақсаты қойылған. Сонымен бірге, Азаматтық Кодексте олардың қызмет ету жағдайлары өзара сақтандыру туралы заң актілерімен анықталады делінген. Бірақ қазіргі күнге дейін заң жобасы ұсынылмаған.

9.4. Сақтандыру пұлы және олардың кейбір ұйымдары

Сақтандыру пұлы - белгілі бір тәуекелдерді бірігіп сақтандыру үшін сақтандыру компанияларының бірлестігі. Негізінен сақтандыруға қауіпті, Ірі және жаңа тәуекелдер қабылданғанда құрылады. Пұлдың қызметі бірлесіп сақтандыру қағидасына сүйеніп құрылады. Әр компания пұлға сақтандырылған тәуекелдерді береді, пұл жинаған жарналардың белгілі бір үлесін алады және де сол үлесте нұқсандарды өтеу бойынша жауапкершілік алады. Пұлдар шетелде авиациялық, атомдық, әскери тәуекелдерді, жауапкершілікті және т.б. сақтандыруда кеңінен дамыған.

Сақтандыру ұйымдары ынтымақтастығының нысаны - сақтандырушылардың одақтары мен ассоциацияларын құру болып табылады. Қазақстан Республикасында құрылған сақтандырушылар одағының мақсаты – сақтандырушыларға методикалық және ұйымдық ақпараттық көмек көрсету, сақтандыру бойынша заң және нормативтік актілер жобаларын дайындауға қатысу, сақтандыру қызметкерлерінің мамандандырылуын жоғарылату бойынша курстар мен семинарлар ұйымдастыру, сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын нығайту бойынша ұсыныстар дайындау және т.б. Енді сақтандыру нарығының қатысушылары жайлы қысқаша айта кететін болсақ, «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығының қатысушылары:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы;
сақтандыру брокері;
сақтандыру агенті;
сақтанушы, сақтандырылушы, пайда алушы;
актуарий;
уәкілетті аудиторлық ұйым (уәкілетті аудитор);
өзара сақтандыру қоғамы;
сақтандырумен байланысты кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын өзге де жеке және заңды тұлғалар.

Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы" Заңы, 3 -тарау,10-бап.

Сақтандыру ұйымы (сақтандырушы) - сақтандыру шарттарын жасасу және орындау қызметін уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде жүзеге асыратын заңды тұлға;

Жоғарыда аталған заңға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің негізгі сақтандыру қызметінен басқа төмендегідей қызмет түрлерін атқарады:

уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен инвестициялық қызметті;

тиісті жинақтаушы сақтандыру шартында көзделген сатып алу сомасы шегінде өзінің сақтанушыларына қарыз беруді (сақтандыру ұйымы үшін);

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын арнаулы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатуды;

ақпарат бөлімдерінің кез келген түрлерінде сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі жөнінде арнаулы әдебиет сатуды;

бұрын өз мұқтаждары үшін сатып алынған (сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы үшін) немесе онын қарамағына сақтандыру шарттарын жасауға байланысты келіп түскен (сақтандыру ұйымы үшін) мүлікті сатуды немесе жалға беруді;

сақтандыру қызметіне байланысты мәселелер бойынша кеңес берушілік қызмет көрсетуді;

сақтандыру (қайта сақтандыру) саласында мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында оқытуды ұйымдастыру мен жүргізуді;

сақтандыру агенті ретінде сақтандыру делдалы болуды.

9.5 Сақтандыру ісінде қаржы нарығына кәсіби қатысушылар ұйымы

Сақтандыру нарығына кәсіби қатысушылар ұйымы - өз қызметін уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиялары негізінде жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақктандыру) ұйымы, сақтандыру брокері, актуарий және уәкілетті аудитор.

Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы" Заңы, 3-тарау, 11-бап

Сақтандыру брокері - сақтандыру және қайта сақтандыру мәселелері бойынша консультациялық қызметті өз атынан және сақтанушының тапсыруымен сақтандыру шарттарын немесе өз атынан және клиенттің тапсыруымен қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

Сақтандыру брокерінің қызметі - ерекше қызмет түрі болып табылады және оны уәкілетті мемлекеттік орган лицензиялауға тиіс. Сақтандыру брокерінің өзі қатысып жасалатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша өкілеттігі мен жауапкершілігін сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының тараптарымен жасалатын тиісті шарттармен белгіленеді.

Сақтандыру агенті - берілген өкілеттігіне сәйкес сақтандыру ұйымының атынан және тапсыруымен сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға; Сақтандыру агенті-нің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттігі сақтандыру ұйымының тиісті құжаттарымен белгіленеді. Сақтандыру агентінің өкілеттігі болмаған жағдайда оның сақтандыру агенті ретіндегі қызметіне жол берілмейді.

Актуарий – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қажетті төлем қабілеттігі мен қаржылық тұрақтылық деңгейін қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер мөлшерінің экономикалық-математикалық есептеулерін жүзеге асыруға байланысты қызметті атқаратын жеке адам.

Актуарийлік есептеулер мынадай негіздер бойынша:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша -бастамашылық актуарийлік есептеулер;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда міндетті актуарийлік есептеулер жүргізіледі.

Уәкілетті аудиторлық ұйым (уәкілетті аудитор) - уәкілетті мемлекеттік органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы-ның аудиті жөніндегі қызметті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым (аудитор).

Қазақстан Республикасының "Сақтандыру кызметі туралы Заңы, 5-тарау, 19-бап.

Сақтандыру қызметінің аудитін жүзеге асыруға қойылатын талаптар уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Уәкілетті аудитор, жүргізілген аудит туралы қорытындының көшірмесін, уәкілетті мемлекеттік органға оның жазбаша сұрауы бойынша беруге міндетті. Сондай-ақ, уәкілетті аудитор сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметіне міндетті аудит нәтижесінде анықталған Қазақстан Республикасының заңдарын бұзушылықтар туралы уәкілетті мемлекеттік органға дереу хабарлауға міндетті.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз құрылымында ішкі аудит қызметі (аудиторы) болуы міндетті, оның қызметі лицензиялауға жатпайды. Ішкі аудит жүргізу тәртібі, уәкілетті мемлекеттік органның талаптары ескеріле отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті ішкі құжаттарында белгіленеді.

Экономиканың нарық жағдайындағы дамуы кезеңіндегі ақша-несие жүйесінің түбірлі өзгерістері процесінде сақтандыруды, сақтандыру қатынастарын және осы қарым-қатынастар жүріп жатқан нарықты зерттеу - өте маңызды, өйткені бұл мәселе халық, коммерциялық құрылымдар мен мемлекеттің мүдделерін қорғайды.

9.6. Сақтандыру ісін ұйымдастырудың басымды бағыттары

Біздің елде сақтандыру қызметінің дамуы көптеген себептерге байланысты болып келеді. Атап айтар болсақ, ол елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, сақтанушы-тұтынушылардың төлемқабілеттілігі, сақтандыру заңнамаларының жай-күйі, мемлекеттік реттеу құралдары мен оның сақтандырушылар үшін тиімділігі. Сондай-ақ, сақтандыру қызметінің дамуына тек ішкі факторлар емес, сонымен қатар, сыртқы факторларда әсер етеді, оларға: БСҰ-ға кіру шарты,

ТМД және Шығыс Еуропа елдерінің сақтандыру нарықтарының дамуы секілді факторлар жатады.

Отандық сақтандыру қызметінің дамуының негізгі көрсеткіштерін талдай келе, оны үш кезеңге бөлуге болады: а) қалыптасу; ә) әлеуметтік сақтандырудың дамуы; б) банктік сақтандырудың өсуі. Төртінші кезеңге Мемлекеттің БСҰ-на кіру жағдайы мен шетелдік сақтандырушылар тарапынан бәсекенің өсуін жатқызуға болады.

1998 - 2004 жылдар аралығы отандық сақтандырушылар үшін елеулі жылдар болды деп айтсақ қателеспейміз. Осы кезеңдегі міндетті сақтандырудағы сақтандыру сыйлықақыларының көлемі бірден 2000 есеге өсіп кеткен. Бұған маңызды түрткі болған автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру түрін енгізу болды. Кейінгі жылдарда әлеуметтік сақтандыру түрлерінің саны 9-ға дейін өсіп, сақтандыру нарығының дамуына серпін берді.

Сақтандырушылар саны қысқарды. Капитализациялау деңгейіне, қаржылық тұрақтылық пен төлемқабілеттілікке қойылған талаптар біраз сақтандыру компанияларының жабылуына әкеліп соқтырды. 2003 жылы нарықта 32 сақтандыру компаниялары ғана қалған болатын.

Осы жылы ерікті мүліктік сақтандыру түрі бойынша елеулі өсу байқалды. 2004 жылы осы саладағы сақтандыру түсімдерінің өсімі 33%, 2005 жылы – 40%, 2006 жылы – 93%-ды құрады. Сақтандыру сыйлықақылары көлемінің өсімі сол жылдардағы банктік несиелердің қарқынды дамуымен тығыз байланысты болды. Мысалы, егер, қарыз алушы банктен автокөлік немесе пәтер алуға несиеге ақша алатын болса, ол міндетті түрде сол банктің еншілес сақтандыру компаниясынан сақтандыру полисін алуы шарт. Бұл шартты орындамаған жағдайда клиентке несие беру қарастырылмайды.

Қазақстандық сақтандыру нарығында сақтандыру сыйлықақыларының өсуі өте қарқынды үдеріспен өсуде. Алайда, осы нарықта нақты бәсекелестер болмай, сақтандырушылардың өз қызметінің сапасын өсіруі екіталай әңгіме.

Қазіргі таңда, міндетті сақтандыру түрлері мемлекеттің нарықты дамытуының маңызды тұтқасы болып отыр. Нарықтағы жағдай былай қалыптасып отыр, әрекет етуші сақтандыру шарттарының 58%-ы міндетті сақтандыру шарттарына келеді.

Мемлекет нарықтық экономика жағдайында оның әлеуметтік міндеттемелерінің бір бөлігі жеке институттарға жүктелуі тиіс деп ойлайды. Осы саясатты егер ұстанатын болсақ, Украинадағы 2004 жылғы жағдайға душар болатынымыз айқын. Украинада сол жылдарға дейін 42 міндетті сақтандыру түрлері болған. Украиналық эксперттердің пікірінше, бұған себеп болған салалық лоббизм. Нәтижесінде міндетті сақтандыру түрлерін қысқарту үшін ынталы заң жобасы шыққан.

Жалпы айтқанда, қазіргі таңда Қазақстанда міндетті сақтандырудың 9 түрі бар. Осы орайда, ҚР Үкіметінің 2003 жылдың наурызында бекіткен міндетті сақтандыру түрлерінің тізіміне сәйкес, міндетті сақтандырудың саны кезеңге сай 11 – ге дейін өсуі тиіс болатын.

Осыған орай, жаңа міндетті сақтандыру түрлерінің қабылдануы сақтандыру сыйлықақыларының өсіміне әкеледі. 2005 жылдың шілде айында қабылданған «Қызметкердің еңбек (қызметтік) міндетін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зияны үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР Заңы міндетті сақтандыру түрлерінен түскен сыйлықақының көлемін алдыңғы жылдағы дәл сол мерзімдегі көрсеткішпен салыстырғанда 188,3%-ға өскенін көрсетті. Сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының құрылымын толыққанды қарастырсақ, 2005 жылы 42,1% (4 065 млрд. теңге) жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға тиесілі болған. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2004 жылы сақтандыру түсімдері бойынша көшбасшы автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру болған (86,4% немесе 3 839 млрд. теңге). 2005 жылдың қазан айында көлік иелерінің жауапкершілігі бойынша төлемдер 38,2%-ға (3 682 млрд. теңге) дейін төмендеген. Осы

сақтандыру түрінің шығындылығы салдарынан сақтандыру компаниялары осы қызмет түрін ұсынудан бас тартқан.

Халық табысының өсуі соңғы екі жылда ішкі сақтандыру өнімдеріне деген сұранысты арттырып отыр, соның ішінде ерікті сақтандыру түрлеріне. Сақтандырудың осы түріндегі жеке сақтандыру бойынша сыйлықақылар 84,8% құраса, 34%-ды мүліктік сақтандыру құрайды.

Соңғы уақыттарда шағын және орта бизнес субъектілері де сақтандыру қызметтеріне жүгінуде. Әрине жеке тұлғалардың ішінде кейбір халықтың сақтандыру мәдениеті мен төмен төлемқабілеттілігі сақтандыру нарығына кері әсер етеді. Алайда, даму бар.

Бүгінгі күні әрекет етіп жүрген сақтандыру шарттарының 42%-ы міндетті сақтандыру түрлеріне келеді. Сонымен бірге, міндетті сақтандырудың жаңа түрлерінің енгізілуі ерікті сақтандырудың жалпы сақтандыру портфельіндегі үлесін қысқартады. Алайда, ерікті сақтандыру түрлерінің нарықтағы өсімін тежемейді, бірақ сақтандыру портфельіндегі міндетті сақтандыру түрінің өсіміне әкеледі.

Өмірді сақтандыру саласы жалпы сақтандыру түрлерінің ішінде кешеуілдеп дамуда. Оған себеп оның өзіндік ерекшелігі: сақтандыру заңнамасы өмірді сақтандыруды жинақтаушы сақтандыру атты жеке сыныпқа бөлді. Өмірді сақтандырудың басқа сақтандыру түрлерінен ерекшелігі келесі де: сақтандыру төлемдері сақтандыру жағдайы туындаған кезде ғана төленеді.

Өмірді сақтандыру бойынша сақтандыруды жүзеге асыратын компаниялар қызметтерін көбіне жеке тұлғаларға ұсынады. Алайда, біздің елдегі халықтың санының аздығы және сирек орналасуы клиенттермен жұмыс істеуге қиындықтар туғызады және сәйкесінше қосымша шығындарды талап етеді.

Сондықтан, бүгінгі күні қызметтің осы түрін Қазақстанда 7 ғана сақтандыру компаниясы көрсетуде: бес банктік, бір мемлекеттік және бір шетелдік компаниялар. Соған қарамастан өсу байқалуда. Сақтандырушылар бұны ұлттық экономиканың даму үрдісімен байланыстыруда. Халықтың табысы өсуде және олар өз қаражаттарын инвестициялаудың жаңа әдістерін іздеуде, ал жинақтаушы өмірді сақтандыру осыған тиімді болып отыр.

Өмірді сақтандыру нарығы несие және депозит нарықтарымен тығыз байланысты. Себебі, ол салаларда қарқынды өсуде. Және бұған Салық Кодексінің өзгерісі оң серпін берді. Өмірді сақтандыру компанияларының клиенттері салықтық жеңілдіктер алды және сақтандырушылардың қызметіне де оң әсер етті.

Өмірді сақтандыру нарығының қарқыны өте жоғарыы. Ол халықтың сақтандырудың осы түріне деген сұранысының өсуіне тікелей байланысты болып отырған жоқ, керісінше нарықтың қазіргі кездегі күйіне байланысты. Мысалы, Балтық жағалаулары мемлекеттерінің өмірді сақтандыру үлесінің ЖІӨ-ге қатынасы 0,16% болса, Болгарияда – 0,45%, Германияда – 3,9%, ал Қазақстанда - 0,08% ғана болып отыр.

Барлық сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемінде өмірді сақтандыруға Польшада – 36,94%, Францияда – 64,42%, Канадада – 38,62%, АҚШ-та – 45,56%, Ұлыбританияда – 62,76% келеді. Ал немістер өмірді сақтандыруға орта есеппен жыл сайын 1000 доллар жұмсаса, біздің отандастар бір доллардан аспайтын қаржы жұмсайды екен. Мамандардың пікірінше, қазақстандықтар Балтық елдерінің деңгейіне тек 5 жылдан кейін ғана жетеді. Ал, сақтандыру қызметінің өсу қарқыны өте жоғарыы және ол 10 жылдан кейін ғана тұрақтанады. Осылай сақтандыру нарығының өсуі және халықтың тұрмысының жоғарыылауы нарықта жаңа ойыншылардың пайда болуына, солай сақтандыру нарығының дамуына әкеледі.

Дәл өмірді сақтандыру болашақтағы сақтандыру нарығының негізгі күші болмақ. Қазақстанда 5 млн. экономикалық белсенді халықтың ішінде өмірді сақтандыру компанияларының клиенттік базасы қазіргі таңда 65-70 мыңның төңірегінде болып отыр.

Сондай-ақ, біздің елдегі шетелдік сақтандырушылардың саны аса көп болмайды, себебі қазақстандық нарықты ресей нарығымен, я болмаса басқа шетел нарықтарымен салыстыруға келмейді. Мемлекеттің сақтандыру компанияларының потенциалы халық саны жағынан қарағанда, тек жалғыз Мәскеудің потенциалына ғана салыстыруға келеді. Сонымен қоса, Мемлекеттің әрбір халқы сақтандыруға өз айлықтарының

тек 13% ғана жұмсайды екен, салыстырмалы түрде алып қарайтын болсақ, ол көрсеткіш Ресейде 50%, ал Чехияда 55% екен. Осы көрсеткіштер біздің отандық сақтандыру компанияларының шетелдік сақтандырушылардың жаулап алуынан кемінде 5 жыл ішінде қорықпауына болатынын көрсетеді.

Егер біздің нарыққа шетелдік инвесторлар келіп жатса, олар біздің нарықта бәсекеге қабілетті бола алады. Олар жаңа бренд әкелуі мүмкін, сөйтіп қаржылық тұрақтылық тарихын дамытып, халыққа кең ауқымды қызмет түрлерін ұсынып, сөйтіп халықтың сенімін жаулап алуы әбден мүмкін. Ал біздің өмірді сақтандыру саласындағы компанияларымыз әлі буыны бекімеген жас бала сияқты болып отыр. Сонымен қатар, отандық сақтандыру компанияларына сатудың озық технологиялары, қымбат ақпараттық жүйелер жетіспеуде.

Мемлекеттің БСҰ-на енуі шетелдік сақтандыру компанияларына біздің нарыққа тереңдеп енуіне, әрі өз бөлімшелерін ашуына мүмкіндік беретіні рас. Қазір Қазақстан осы ұйымға енудің алғышарттарын жасауда, ал бұл өз кезегінде әзірше шетелдік компаниялардың біздің нарықта өз бөлімшелерін ашуына толық мүмкіндік бермеуде. Алайда, 7-8 жылда отандық қаржы нарығы және сәйкесінше сақтандыру саласы барлық инвестициялау түрлеріне ашылады.

Жуық арадағы сақтандыру нарығының өсуін «Жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚР-ның Заңында негізделген нормалар ынталандырады. Осыған сәйкес жұмыс берушілерде адамның өлімі кезінде немесе еңбек қабілеттілігінен айырылған кезде төленетін аннуитет шартын бекіту бойынша міндеттемелер туындайды. Өкінішке орай, аймақтардағы кәсіпорындарда мұндай жағдайлар жиілеп кездесуде. Аннуитет құны орта есеппен 1,5–2 млн. теңгені құрайды, яғни Заң негізінде нарықтағы сақтандыру сыйлықақылары 500- 600 млн. теңгеге өседі.

IV-БӨЛІМ
САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НАРЫҒЫ

10. САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ

10.1. Сақтандыру нарығының түсінігі және оның мәні

«Сақтандыру нарығы» түсінігі отандық экономикалық әдебиеттерде жақында ғана қолданыла бастады. Сақтандыру ісіндегі мемлекеттің монополиялық жағдайында сақтандыру нарығының болуы туралы сөз де қозғалмаған.

Сақтандыру қызметтері нарығының мәні - сақтандыру табиғатынан көрініс табады. Менің ойымша, бұл түсінікті жетекші ғалым-экономистер көзқарасы тұрғысынан қарастыру керек.

Сақтандыру терминдері сөздігі келесідей талқылама береді: «Сақтандыру нарығы - сақтық қорғаудағы қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру процесінде айрықша тауарды сату-сатып алу бойынша пайда болатын экономикалық қатынастар жүйесі».

В.В.Шахов мынадай анықтама берген: «... Сақтандыру нарығы - сату-сатып алу объектісі сақтық қорғау болып табылатын, оған деген сұраныс пен ұсыныс қалыптасатын ерекше әлеуметтік-экономикалық құрылым, ақша қатынастарының белгілі бір сферасы".

Кең мағынада сақтандыру нарығы сақтандыру өнімін сату-сатып алумен байланысты барлық экономикалық қатынастардың жиынтығын білдіреді. Нарық сақтандырушы мен сақтандырылушы арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз етеді. Тар мағынада сақтандыру нарығы - сақтандыру қоғамдарының жиынтығы.

В.М.Родионова өзінің «Финансы» оқулығында мынадай анықтама ұсынған: «Сақтандыру нарығы — бұл сату-сатып алу объектісі болып арнайы қызмет - сақтық қорғау табылатын, оған

деген ұсыныс пен сұраныс калыптасатын ақша қатынастарының ерекше сферасы".

Ю.Бугаев мақалаларының бірінде былай деп жазған: «Мемлекеттің реттеушілік әсерінің негізінде сақтандырылушылардың белгілі бір қажеттілігін қанағаттандыратын сақтандырушы өзінің ерекше тауарын (сақтандыру) өткізе алатын ерекше сақтандыру нарығы пайда болады. Сақтандыру нарығы сақтандырушы мен сақтандырылушы арасындағы экономикалық қатынастарды ортақтастандырады».

Осы түсініктердің (анықтамалардың) талдауы негізінде авторлардың барлығы келесідей көзқарасқа ие болған деген қорытынды жасай аламыз: «Сақтандыру нарығы - бұл «сақтандыру қызметі» деген айрықша тауарды сату-сатып алумен байланысты экономикалық қатынастардың жиынтығы».

Осылайша, сақтандыру нарығы қарамағында бір жағынан, уақытша бос сақтандыру қорларының қаражаттары болады, ал екінші жағынан, сақтандыру нарығының оларды жоғарыы табыс әкелетін және салынған қаражаттардың тез қайтарылуын қамтамасыз ететін қызмет сфераларына салуға мүмкіндігі болады.

Сәйкесінше «сақтандыру нарығы» түсінігі оның мәні есебінен ашылады. Бәріміз білетіндей, мән философиялық категория ретінде белгілі бір құбылыстың ішкі мазмұны деген мағынаны береді.

Сақтандыру нарығының мәні «сақтандыру қызметі» және «сақтандыру тәуекелі» категорияларын қарастыру кезінде анықталады. Осы жерде «...рыног пен сақтандыру тәуекелі өзара байланысты». Бір жағынан, рыног сақтандыру тәуекеліне әсер етеді, екінші жағынан - қалыптасқан жағдайға байланысты сақтандырудың тәсілі мен шарттары дайындалады.

Сақтандыру нарығында келтірілген нұқсандар территориялық қана емес, сондай-ақ уақыт аспектісінде карастырылады. Сонымен бірге, сақтандыры-лушылар арасында сақтандыру қорын қайта бөлу тиімді болу үшін, айтарлықтай үлкен территория және де сақтандырылған адамдардың саны айтарлықтай аз болу керек. Осы шарттар сақталған кезде ғана

үлкен территорияларды қамтыған апаттар нұқсандарын үлестіру мүмкін болады.

Кездейсоқ жағдайлардан туындаған нұқсанды уақыт бойынша үлестіру бір шаруашылық жыл шегінен асып кетуі мүмкін. Төтенше жағдайлар бірнеше жыл болмауы мүмкін және олардың нақты болатын күні белгісіз болады. Бұл жағдай қолайлы жылдары түскен сақтандыру төлемдерінің бір бөлігін қолайсыз жылдары болатын төтенше жағдайларды өтеудің қайнар көзі ретінде қолдану үшін резервтеу қажеттілігін тудырады.

Сақтандыру нарығының ерекше белгісі болып сақтандыру қорына жиналған сақтандыру төлемдерінің қайтарымдылығы табылады. Сақтандыру төлемдері мүмкін болатын нұқсанды өтеуге арналған нетто-төлемдердің және сақтандыруды жүргізуші сақтандыру ұйымын ұстау үшін жөнелтпе шығындардан тұратын сақтандыру тарифтерінің негізінде анықталады. Нетто-төлемдердің барлық сомасы белгіленген уақыт кезеңінде нұқсанды өтеу нысанында қайтарылады. Қаражаттарды қайтару белгісі сақтандыруды несие категориясына, ал сақтандыру нарығын қаржы-несие нарығына жақындатады.

Сақтандыру қоры қаражаттарының шоғырлануы - сақтандыру нарығын ұйымдастырудың негізгі қағидасы. Бұл қағидас кезкелген сақтандыру ұйымы үшін анықтаушы болып табылады.

Сақтандыру нарығының міндетті шарты болып - сақтандыру қызметтеріне деген қоғамдық қажеттіліктердің болуы және сол қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын сақтандырушылардың болуы. Отандық экономиканың нарыққа өтуі экономикалық катынастар жүйесіндегі сақтандырушының рөлі мен орнын өзгертеді. Сақтандыру компаниялары шаруашылық өмірдің толық құқылы субъектілеріне айналуда.

Сондай-ақ, сақтандыру нарығының қалыптасуы үшін кәсіпорындар мен ұйымдардың, халықтың мүлкін сақтық қорғау үшін сәйкес сақтандыру қорларының болуы шарт. Бірнеше миллиондаған теңге сақтандыру сомасы және де өзінің ірі капиталы бар ондаған сақтандыру компаниялары болуы керек.

Сақтандыру қаржы нарығы қызмет етуінің негізгі заңдары болып құн заңы мен сұраныс және ұсыныс заңы саналады.

Сақтандыру нарығы тауарлы шаруашылықтың даму процесінде қалыптасады және де соңғысының ажырамас элементі болып табылады. Айтылған екеуінің де пайда болуының шарты болып қоғамдық еңбек бөлінісі және әртүрлі меншік иелерінің болуы табылады. Сақтандыру нарығы нарықтық қатынастардағы субъектілердің дербестігін, олардың сақтандыру қызметін сату-сатып алу бойынша тең құқылы серіктестігін, көлденең және тік байланыстардың дамыған жүйесін, бәсекелестікті болжайды.

Мемлекет экономикасындағы сақтандырудың нарықтық қатынастар инфрақұрылымының қызмет етуінің негізгі элементі ретіндегі рөлі артуда. Бұл жерде экономикалық инфрақұрылымға сақтандыру механизмін енгізу мен мемлекеттегі сақтандыру нарығының өз инфрақұрылымын құру сияқты екі параллель процесс жайлы сөз болуда.

Жүргізілген зерттеулерге сәйкес, **сақтандыру нарығының мәні** - адамдардың, шаруашылық құрылымдардың, кәсіпкерлік және коммерциялық фирмалардың, өндірістік кәсіпорындардың әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан сақтық қорғауға деген қажеттіліктерін қанағаттандыруда.

Сақтандыру нарығының экономикалық мәні материалдық немесе басқа да нұқсан келтіре алатын сақтандыру тәуекелінің болуымен шарттасылған қайта бөлушілік ақша қатынастарымен сипатталады.

Бір жағынан, сақтандыру қызметтерінің нарығы - бұл сақтандыру өнімін сату-сатып алумен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығы, ал екінші жағынан, сақтандыру қызметін сату-сатып алумен байланысты бірнеше нарықтық қатынастар субъектілері арасындағы тең құқылы және жауапкершілікті серіктестік.

Сәйкесінше, нарық сақтандыру бизнесінің белсенді дамуы, көптеген сақтандыру ұйымдарының құрылуы мен қызмет етуі үшін объективті жағдайлар жасайды. Осылайша, сақтандыру нарығы белгілі бір жағдайлар жасалған кезде Мемлекеттің экономикалық қатынастары мен байланыстары жүйесінде

айтарлықтай маңызды рөл ойнар еді. Қазірдің өзінде сақтандыруға деген көзқарас өзгеруде. Сақтандыру қызметтері нарығында мүдделердің жаңа топтары қалыптасуда. Сақтандыру нарықтық қатынастар құралдарының ішінде нық орын алуда.

Сақтандыру нарығы – бұл сату және сатып алу объектісі сақтандыру қызметі болып табылатын және де оған ұсыныс пен сұраныс құрылатын белгілі бір ақша қатынастарының аясы, ерекше әлеуметтік орта.

Сақтандыру нарығы деп сондай-ақ:

- қоғамның сақтандыру қорғанышын қамтамасыз ету үшін сақтандыру қорын құру мен бөлу жөніндегі ақша қатынастарын ұйымдастыру формасы;
- сақтандыру қызметтерін көрсетуге қатысатын сәйкесінше сақтандыру ұйымдарының жиынтығы болып табылады.

Ол өнімдердің тұтынушылық құрамы өте айрықша және де қаржы нарығының басқа да өнімдерінен анағұрлым жақсы. Олардың ерекшелігі сақтандыру мәнінен байланысты. «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР Заңына сәйкес сақтандыру қызметі – дегеніміз сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасауға және орындауға байланысты, Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес құзіретті органның лицензиясы негізінде **немесе Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз** жүзеге асырылатын қызметі.

Сақтандыру нарығы субъектілерінің мүдделеріне деген қауіп қашан да бар, бірақ ол міндетті сипатта емес. Ондай қауіптің бары сөзсіз, бірақ оның болуы мәніне қарай. Әрбір сақтандыру өнімі сақтандырудың нақты объектісімен сәйкестендіріледі, сақтандыру себептерін, оның құнын, бағасын, ақша төлемдерінің сақтандырылатын жағдайлардағы шарттары анықталады. Сақтандыру өнімінің куәлігі ретінде сақтандыру полисі деп аталатын құжат жүреді. Полис сақтандырудағы бекітілген келісім шартты растайды, ол қашан да заттық дәлелдеме бола алады және де сақтандырудың

қатысушыларына бағытталған, онда мәміленің негізгі сандық параметрлері болады, сондай-ақ заңдық құжат болып табылады.

Сақтандыру өнімінің ерекшелігі - сақтандыру жарнасы сақтандыру сомасынан қашан да аз болатындығында. Мұндай арақатынас сақтандыру өнімдерінің нарықтық тартымдылығын және оларға сәйкесінше сұранысты қамтамасыз етеді. Сақтандыру өнімдерін сатып алудан келетін пайданы көруге болады. Бірақ бұл сатушының жоғалтуларын білдірмейді, өйткені полистер саны сақтандыру жағдайларынан қашан да көп болады.

Осыған байланысты сатушы егер де сақтандыру өнімінің бағасы анықталса жоғалтулар болмайды. Сақтандыру – бұл сақтандыру өнімдерін сатушы мен сатып алушы, яғни сақтандырушы мен сақтанушы арасындағы өзінше бір «ойын» деп болжауға болады.

Сақтандырушы, сақтандыру өнімін сатып алу және сату жөнінде туындайтын сақтанушы мен сақтандырушы төлемдері арасындағы белгілі бір арақатынастарды белгілейді, яғни сақтандыру өнімінің бағасын анықтайды. Тариф деңгейі сол сақтандыру өнімін өткізу үшін жеткілікті түрде төмен болуы керек, бірақ сонымен қатар сақтандырушының зияндары мен ақпараттарын ұстауға кететін шығындарын жабу үшін, сондай-ақ қажетті пайда алуды қамтамасыз ететіндей жеткілікті түрде жоғарыы болуы керек.

Тариф бір жағынан, сақтандыру тәуекелінің көлемін білдіреді. Екінші жағынан – кейбір орта шамамен беріледі. Сонымен қатар сақтандыру жағдайлары таңдаулы, атаулы түрде іске асырылады. Бұл қарама қайшылық сақтандыру өнімдерінің жеке тәуекелдерін ескере отырып, оның сатып алушыларының категориялары бойынша бағаларын тиісінше дифференциациялау жолымен шешіледі. Басқаша айтқанда, сақтандыру өнімдерін сату-сатып алу процедурасында бағаны төмендету және үстемелеу жүйесі енгізіледі, ол кезде сақтандырушылардың жеке ерекшеліктері ескеріледі және сонымен қатар сақтандырушыны сақтандырылатын объектіні аялау қызығушылығын тудыртады, яғни сақтандыру тәуекелін минимизациялау болады.

Сонымен, сақтандырудың құны және бағасы сақтандыру өнімінің сандық сипаттамасы ретінде – толық бәсекелік мөлшер. Сақтандыру өнімін сату қажеттілігі сақтандырушыны сақтандыру өнімдерін жетілдіруге, оған бағаны төмендетуге мәжбүрлейді. Пайда алу қажеттілігі керісінше, бағаның артуын талап етеді. Осыдан келіп, сақтандыру нарығы сақтандыру өнімдеріне сұраныс және ұсыныспен реттеледі.

Сақтандыру нарығын дамытудың объективтік негізі ұдайы өндіріс процесінде пайда болатын қаржы шаруашылық іс-әрекеттің тоқтаусыз қамтамасыз ету қажеттілігі және күтпеген қажетті қолайсыз жағдайлар болған кезде ақшалай көмек көрсету болып табылады.

Сақтандыру нарығының негізі болатындар: еркін нарықтық экономика, меншік формаларының көптүрлілігі, еркін баға құру – тарифтік мөлшерлемелерінің есебі, бәсекенің болуы, таңдау еркіндігі, сақтандыру қызметтерінің жаңа түрлерін жасау және енгізу.

Сақтандыру нарығы болуының міндетті шарттары:

- сақтандыру қызметтеріне қоғамдық қажеттіліктердің болуы – сұраныстың құрылуы;
- осы қажеттіліктерді қанағаттандыра алатын сақтандырушылардың болуы – ұсыныстың құрылуы.

Осыған орай сақтанушы және сақтандырушы нарығын ажыратады. Әрекет ететін сақтандыру нарығы әртүрлі құрылымдық бөлімшелері бар күрделі жүйені білдіреді. Сақтандыру нарығының бірінші бөлімшесі – сақтандыру қоғамы немесе сақтандыру компаниясы. Міне, осы жерде сақтандыру қорын құру және пайдалану процесі жүреді, экономикалық қатынастар көрінеді, жеке, топтық, ұжымдық мүдделер ұштасады.

Сонымен қатар, сақтандыру нарығында оның басқа да субъектілері әрекет етеді: қайта сақтандыру компаниялары, сақтандырушының делдалдары – сақтандыру агенттері жән брокерлер, сақтандырушылардың әртүрлі бірлестіктері: сақтандыру пулдары, одақтары және т.б.

Сақтандыру нарығында көрінетін сақтандыру түрлерінің тізімі сақтандырудың келісім шарттары бойынша қосымша,

жеке шарттары бар сақтандыру қызметтерінің ассортиментін анықтайды.

Сақтандыру нарығының орны екі жағдаймен анықталады. Бір жағынан, сақтандыру қорғауына объективтілік қажеттілік болады, ол қоғамның әлеуметтік-экономикалық жүйесінде сақтандыру нарығының құрылуына әкеледі. Екінші жағынан, сақтандыру қорғауын қамтамасыз етудегі сақтандыру қорынан ақшалай ұйымдастырылу формасы бұл нарықты жалпы қаржы нарығымен байланыстырады.

Қаржы жүйесінің дербес буыны ретіндегі сақтандыру әдетте ойда болмаған және төтенше оқиғаға байланысты белгілі бір объектіні сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыру сияқты екі оқшауланған нысанада іс-әрекет ететіні белгілі. Сақтандыру мәселесі, медициналықты қоспағанда әлеуметтік сақтандыру мәселесімен – халықты әлеуметтік қорғау жүйесімен тікелей байланысты.

Нарықтық экономикасы бар елдердің тәжірибесіне орай әлеуметтік қорғау жүйесі мемлекеттік, мемлекеттік емес құрылымдардың, қоғамдық бірлестіктердің көп жақты жауаптылығының негізінде құрылады.

Алайда халықты әлеуметтік қорғаудың сферасына «Әлеуметтік қамсыздандыру» мен «әлеуметтік сақтандыру» терминдері сипаты болғанымен бұлар ұқсас ұғымдар емес. Әлеуметтік қамсыздандыруды халықты әлеуметтік қорғау процессі деп, ал әлеуметтік сақтандыруды – осы процесті жүзеге асыру нысандарының бірі деп түсінген жөн.

Әлеуметтік қамсыздандыру әлеуметтік кепілдіктер, еңбекке ақы төлеу кепілдіктері, зейнетақылар, материалдық көмек, халықтың аз қамтылған жігіне көрсетілген тегін ең аз қызметтер жүйесі арқылы және ең төменгі күн көріс деңгейін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

Сақтандырудың жалпылығы сақтандыру нарығының сақтандыру қатынастары жүзеге асырылатын кәсіпорындр қаржысымен, халықтар қаржысымен, банктік жүйемен, мемлекеттік бюджетпен, және басқа қаржы институттары шегінде тікелей байланыстарын анықтайды. Мұндай қатынастарда тиісінше қаржы институттары сақтандыру

өнімінің сақтандырушысы және де тұтынушысы ретінде көрінеді. Айрықша қатынастар сақтандыру нарығы және мемлекеттік бюджет, мемлекеттік бюджеттік емес қорлар арсында туындайды, ол міндетті сақтандырумен байланысты.

Қаржы жүйесіндегі сақтандыру нарығының орны сақтандыру қорғауын қаржыландырудағы әр түрлі қаржы институттарының рөлімен және де олардың сақтандыру ұйымдарының инвестициялық ресурстарын орналастыру объектілерінің мәнімен, сақтандыру, инвестициялық және басқа да қызмет ету түрлерімен байланысты. Сақтандыру нарығының басқа да нарықтармен қатынасы төмендегі суретте көрсетілген.

Қаржы жүйесіндегі сақтандыру нарығының орны. Тұрақты қаржылық қатынастар сақтандыру нарығының бағалы қағаздар нарығымен, банктік жүйемен, валюталық нарықпен, мемлекеттік және аймақтық қаржыларымен орнайды, онда сақтандыру ұйымдары сақтандыру резервтерін және басқа да инвестициялық ресурстарды орналастырады.

Сақтандыру нарығының әрекет етуі серіктестік негізде және бәсекелік жағдайда да қаржы жүйесінің шегінде жүреді. Бұл халықтың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің бос ақша қорлары үшін болатын әртүрлі қаржы институттары арасындағы бәсекелік күреске қатысады. Егер де сақтандыру нарығы мысалы, өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру өнімдерін ұсынатын болса, онда банктер – депозиттерді, қор нарықтары – бағалы қағаздарды және тағы басқаларды ұсынады.

Сақтандыру нарығы өзара тығыз байланысты бірқатар қызметтерді атқарады: компенсациялық (қайтарымды), жинақтық, бөлу, ескерту және инвестициялық.

Сақтандыру нарығының негізгі қызметі - компенсациялық қызмет, соның арасында сақтандыру институттары жұмыс істейді. Қызметтің мазмұны сақтандыру объектісі болған қолайсыз құбылыстар болған кезде зиянның орнын толтыру формасында заңды және жеке тұлғаларды сақтандырумен қорғауды қамтамасыз етуден көрінеді.

Жинақтық немесе жинақтау қызметі өмірді сақтандырумен қамтамасыз етіледі және де сақтандырудың бекітілген келісі-

шарт есебіне алдын ала келісілген сақтандыру сомасын жинақтауға мүмкіндік береді.

Сақтандыру нарығының бөлу қызметі сақтандыру қорғауының механизмін жүзеге асырады. Қызметтің мәні сақтандыру қорын қалыптастырудан және мақсатты пайдаланудан көрінеді. Сақтандыру қорын қалыптастыру сақтандыру төлемдерін және сақтандырудың тұрақтылығының кепілдігін қамтамасыз ететін сақтандыру резервтерінің жүйесінде жүзеге асырылады.

Сақтандыру нарығының ескертуші қызметі сақтандыру қызметін жүзеге асырумен тікелей байланысты емес. Бұл қызмет сақтандыру жағдайын ескертуде және зияндарды азайтуда жұмыс істейді. Ескертуші қызметті жүзеге асыру қолайсыз жағдайлар мен стихиялық жайттардың жағымсыз салдарын болдырмау немес азайту бойынша іс-шараларды қаржыландырумен қамтамасыз етіледі. Тиісінше қаржыландыру ескертушілік іс-шаралар қорынан жүргізілед. Ескертушілік қызметтің жүзеге асырылуы сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді және қоғамдық ұдайы өндірістің тоқтаусыз процесін қамтамасыз етуші маңызды фактор болып келеді.

Сақтандыру нарығының инвестициялық қызметі уақытша бос ақша қорларын бағалы қағаздарға, банктің депозиттеріне, жылжымайтын мүлікке және тағы да басқа орналастырулар арқылы жүргізіледі. Сақтандыру нарығының дамуымен инвестициялық қызметтің рөлі арта түседі. Сақтандыру компанияларын қоғамдық өндірістегі негізгі қызметті сақтандыру арқылы капиталды шоғырландырумен анықталатын инвестициялық инвесторлар ретінде қарастыратын бірқатар шет елдік экономистер өздеріне көңіл аудартарлықтай.

Жалпы сақтандыруға және өмірді сақтандыруға тән экономикалық қатынастар қоғамдық өндіріс процесіндегі зиянның орнын; егер бұл процесс дүлей апат пен басқа төтенше немесе күтпеген оқиғалардың нәтижесінде бұзылса, толтырумен байланысты. Нарықтық экономикасы бар елдердің тәжірибесіне орай әлеуметтік қорғау жүйесі мемлекеттік,

мемлекеттік емес құрылымдардың, қоғамдық бірлестіктердің көп жақты жауаптылығының негізінде құрылады. Сақтандыруды дамыту, өз кезегінде, заңнамалық базаны, мемлекеттік салық-бюджет және ақша-несие саясатын жетілдіруге, сақтық қызметін қадағалау сапасы мен сақтық ұйымдары жұмысының сенімділігіне байланысты болады.



Сақтандыру нарығының құрылымы және оның түрлерінің сызбасы

Сақтандыру нарығы сақтандыру қызметтерін сату-сатып алу бойынша экономикалық қатынастардың жиынтығын көрсетеді.

Сақтандыру нарығының сиымдылығы – сақтандыру қызметтерді сату мүмкіндігінің көлемі. Бұл бір жағынан, сақтандыру қызметтеріне деген сұранысқа (халықтың төлем қабілеттілігінен, олардың сақтандыруға деген қатынастарымен анықталады), ал екінші жағынан сақтандырушының қаржылық мүмкіндігіне байланысты, яғни олар сақтандырушыға неғұрлым ірі және қауіпті тәуекелдерді қабылдау қабілеттілігін көрсетеді.

Сақтандыру нарығы сақтандыру ұйымдары, сақтанушылар, сақтандыру өнімдері, сақтандыру делдалдары, сақтандыру тәуекелдерін және зияндарын кәсіби бақылаушылар,

сақтанушылардың бірлестіктері, сақтанушылардың бірлестіктері және оның мемлекеттік реттеу жүйесі бөлімшелері болып келетін күрделі тармақталған біріктірілген жүйені білдіреді.

Сақтандыру нарығының құрылымы институционалдық, территориялық және салалық аспектілерде сипатталуы мүмкін.

Институционалдық аспектіде сақтандыру нарығының құрылымы мемлекеттік акционерлік жеке кооперативтік, сыбайлас және басқа да сақтандыру компанияларымен көрінеді.

Сақтандыру ұйымы немесе сақтандыру компаниясы – бұл сақтандырушының сақтандыру қорын ұйымдастырудың нақты формасы. Сақтандыру компаниясы сақтандырудың келісім-шарттарын бекітуді және оларға қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

Сақтандыру ұйымы – сақтандыру нарығының экономикалық ерекшеленген бөлімшесі, яғни оның ресурстарының ерекшелігі және сақтандыру болмаса басқа да қызмет түрлерін жүргізудегі дербестігімен көрінуі. Сақтандыру ұйымдары арасындағы экономикалық қатынастар бірігіп сақтандыру және қайта сақтандыру негізінде жүзеге асырылады.

Сақтандыру ұйымдары қатыстылығына, орындалатын сақтандыру операцияларының сипатымен, қызмет көрсету аясымен құрылады. Қатыстылығына қарай сақтандыру ұйымдарын акционерлік, жеке, және де сыбайлас сақтандыру қоғамына бөлінеді.

Акционерлік сақтандыру компаниясы – бұл сақтандырушы ретінде акционерлік қоғам түрінде көрінетін жеке капитал жүретін мемлекеттік емес ұйымдық форма. Акционерлік сақтандырушының жарғылық капиталы акциядан және басқа да бағалы қағаздардан құрылады, ол шектеулі қорлар жағдайында сақтандыру ұйымының қаржылық потенциалын айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сақтандырушылардың акционерлік формасы дамыған елдердің сақтандыру нарығында басым болып келеді.

Жеке сақтандыру компаниялары бір меншік иесіне немесе оның жан ұясына тиесілі болып келеді. Жеке сақтандырушылардың бірегей (уникалдық) формасындағы

заңды тұлға емес, жеке тұлғалардың бірлестігін білдіретін «Ллойд» корпорациясын жатқызуға болады.

Мемлекеттік сақтандыруда сақтандырушы ретінде мемлекет болады. Мемлекеттің мүдделерінің шегіне сақтандырудың кез келген немесе жекелеген түрлерін жеткізуге деген оның монополиялылығы кіреді, ол сақтандыру ұйымының мәртебесі туралы тиісті заңмен анықталады. Мемлекеттік сақтандыруды жүзеге асыру ұлттық сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу формасын көрсетеді. Үкіметтік сақтандыру ұйымдары жұмыссыздықтан және жұмысшылар мен қызметкерлерге деген компенсацияларын сақтандыруға мамандандырылады.

Сыбайлас сақтандыру қоғамы – бұл сақтандырудың белгіленген ережелеріне сай бір біріне белгілі бір үлестерде болашақтағы мүмкін болатын зияндарының орнын толтыру жөніндегі жеке немесе заңды тұлғалардың топтары арасындағы келісім-шартпен көрінетін ерекше мемлекеттік емес ұйымдық форма.

Территориялық аспектіде сақтандыру нарығының құрылымы сақтандыру нарықтарымен сипатталынады:

- Жергілікті (аймақтық);
- Ұлттық (ішкі);
- Әлемдік (сыртқы).

Салалық белгісіне қарай сақтандыру нарығын бөледі:

- Жеке;
- Мүліктік:
- Жауапкершіліктік.

Өз кезегінде әрбір нарықты ерекшеленген сегменттерге бөлуге болады, мысалы, қолайсыз жағдайлардан сақтандыру нарығы, үй мүлкін сақтандыру нарығы және т.б.

Сақтандыру нарығының тауары сақтандыру өнімі болып табылады. Сақтандыру өнімі – сақтандыру нарығының назардағы түсінігі. Сақтандыру өнімінің тұтынушы құны сақтандыруды қорғауда жатыр.

Сақтандыру өнімінің бағасы сақтандырудың орнын толтыруға немесе сақтандыруды қамтамасыз етуге кеткен шығындармен анықталады, сондай-ақ істі жүргізу

шығындарымен, сақтандырушының пайда мөлшерімен де. Барлық бағалар сияқты ол да сұраныс пен ұсынысқа байланысты.

Сақтандыру нарығында сақтандыру өнімдерін өткізілуін және олардың өтуін сақтандыру делдалдары жүргізеді; сақтандыру агенттері және сақтандыру брокерлері.

Сақтандыру агенттері – сақтанушының атынан және соның нұсқауымен өз құзырындағы өкілеттіліктерге сай әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға.

Сақтандыру брокерлері сақтандырушының немесе сақтанушының нұсқауы негізінде өз атынан сақтандырудың делдалдық операцияларын жүргізуге лицензиясы бар тәуелсіз заңды немесе жеке тұлғалар болуы мүмкін. Сақтандыру брокері сақтандыру келісім-шартының қатысушысы болмайды. Оның міндеті - делдалдық келісім-шартының қатысушысы болмайды. Оның - міндеті делдалдық қызметке көмек көрсету және сақтандыру келісім-шартының орындалуына ықпал ету.

10.2. Сақтандыру нарығының экономикалық тәуекелдері

Экономикалық тәуекелдерді сақтандыру (кәсіпкерлік тәуекел) келесідей 2 сала астына бөлінеді:

тікелей шығындар тәуекелін сақтандыру;

жанама шығындар тәуекелін сақтандыру.

Тікелей шығындарға – пайданы толығымен алмау шығындары, шикізаттардың толық жеткізілмегендігі салдарынан құрал-жабдықтардың тоқтап қалуының шығындары, ереуілдер және басқа да объективтік себептер шығындары жатады.

Жанама шығындарға – айырылып қалған табыстар және тағы басқалары жатады.

Жүргізу формасына қарай, сақтандыру: міндетті және ерікті болып бөлінеді.

Міндетті сақтандырудың бастамашысы, заңды және жеке тұлғалардың қоғамдық мүдделерін қорғау үшін қаражаттар қосуға заң негізінде міндеттеуші мемлекет болып табылады.

Міндетті сақтандыру мына жағдайларды қарастыратын заңнамалық актілер негізінде іске асады:

сақтандыруға қажетті объектілер тізімі;

сақтандыру жауапкершілігінің көлемі;

сақтандырумен қамсыздандыру деңгейі (нормасы);

сақтандыруға қатысушы тараптардың негізгі міндеттері мен құқықтары;

тариф қойылымдарын сақтандыру төлемдерін және басқа да кейбір мәселелерді белгілеу тәртібі.

Заң міндетті сақтандыруды жүргізу тапсырылған сақтандыру ұйымын -анықтайды. Міндетті сақтандыру - сақтандыру объектілерінің толықтығына қол жеткізеді. Бір жағынан, сақтандырудың міндетті формасы ерікті формаға тән сақтандырудың жекелеген объектілерінің таңдамалылығын жоққа шығарады. Сақтандыру объектілерін максимальды қамту есебінде, оны жүргізудің міндетті формасында минималды тарифтік қойылымдарды қолдану, сақтандыру операцияларының жоғарыы қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу мүмкіндігі туындайды.

Ерікті сақтандыру міндетті сақтандыруға қарағанда, сақтанушымен сақтандырушы арасында тек ерікті түрде жасалған келісім кезінде ғана пайда болады. Мұндай келісім жасауда көбінесе тараптар арасында сақтандыру брокері немесе сақтандыру агенті сияқты делдалдар қатысады. Сақтандыру келісімі сақтандыру полюсімен куәландырылады.

10.3. Сақтандыру нарығының түрлері

Әртүрлі мемлекеттердің сақтандыру қызметінің дамуына салыстырмалы талдау жасалған оқулықтарда сақтандыру потенциалы ұғымын анықтайтын бір мағыналы түсіндірмелер жоқ. Кейбір авторлар оны негізгі көрсеткіштердің өсу қарқынымен байланыстырса, келесі біреулері сақтандыру компанияларының инвестициялық мүмкіндігімен, ал үшінші жақ мемлекеттің сақтандыру алаңын немесе әлемдік сақтандыру алаңын жаулап алумен байланыстырады. Түсінікті болу үшін

осы екі ұғымға анықтама бере кетсем. Ол Р.Т. Юлдашевтің анықтама-сөздігінде былай айтылған:

«Сақтандыру қызметінің потенциалы – бұл экстраполяция әдісімен өлшенген сақтандыру қызметінің алдағы мерзімдегі шамаланған көлемі. Мысалы, сақтандыру сыйлықақыларының болашақтағы көлемін болжау өткен жылдағы немесе басқа уақыттағы сақтандыру сыйлықақыларының өсімінің мәліметтері негізінде құрылады».

«Сақтандыру алаңы - белгілі аймақтарда немесе қызмет саласында сақтандырумен жаулап алынуы мүмкін объектілердің максимальды саны (мысалы, автокөліктерді, пәтерлерді және т.б.)».

Сақтандыру қызметінің қарқыны немесе болжанатын көрсеткіштері оның құрылуы және дамуының басым бағыттарын анықтайтын заңнамалық реттеулерге тәуелді.

Енді Қазақстандағы сақтандыру қызметін құрудың концептуалдық негізін қарастырайық.

1992 жылы біздің елде сақтандыру қызметін қалыптастыруға негіз болған Қазақстан Республикасының «Сақтандыру туралы» заңы қабылданды. Осы жылы Мемлекеттің Сақтандырушылар Одағы құрылды. ҚР Президентінің 1994 жылғы 19 сәуіріндегі «Сақтандыру қызметін құру және дамыту бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар туралы» Жарлығы сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу жүйесіне негіз болды. ҚР Қаржы министрлігінің ішінен сақтандыруды бақылау департаменті құрылды. 1994-1998 жылдар аралығында «Сақтандыру туралы» жаңа Заң қабылданып және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру енгізілді. Осы жылдарда сақтандыру қызметін дамыту концепциясы әзірленді. Сақтандыру компанияларының жарғылық капиталы 40 000 ЕАК немесе 18 миллионнан 25 миллион теңгеге дейін құрау керек болды. Осы жылдардағы сақтандыру компанияларының саны 70-150 көлемінде болды. Отандық сақтандыру индустриясының қалыптасуына жаңа серпін берген ҚР Президентінің 1998 жылдың 30 маусымындағы «Мемлекеттік басқару органдарын оңтайландыру бойынша алдағы шаралар туралы» Жарлығы

болды, осыдан кейін сақтандыруды қадағалау органының қызметі мен құзіреті ҚР Ұлттық банкіне берілді. Осы кезде Қазақстанда 72 сақтандыру компаниялары жұмыс істеді. 1998-2004 жылдар аралығында «Пруденциалдық нормативтер және басқа нормалар мен лимиттер», «Сақтандыру қызметі туралы» ҚР тағы бір Заңы және ҚР сақтандыру қызметінің 2005 жылға дейін дамыту туралы мемлекеттік концепция қабылданған болатын. ҚР Ұлттық банкінің қаржылық және сақтандыруды қадағалау департаменті әзірлеген нормативтік актілердің саны 46-ға жетіп, сақтандыру компанияларының саны осы кезеңде 34-ке қысқарды. Алайда, бұл сақтандыру қызметінің қаржылық көрсеткіштеріне кері әсер етпеді, керісінше өсті.

2004 жылдың 6 қаңтарында Президенттің «ҚР мемлекеттік басқару жүйесін келешекте жетілдіру туралы» Жарлығымен қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау бойынша ҚР Агенттігі құрылды. Агенттік құзырына сақтандыру қызметін бақылау және реттеу қызметі берілді.

Агенттік 2004 жылдың 1 шілдесінде Үкіметтің №729 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын әзірледі.

Бағдарламаның басты мақсаты: мемлекеттің, азаматтардың және әрекет етуші субъектілердің қызығушылықтарын қаржылық, әлеуметтік және басқа да тәуекелдерден қорғаудың тиімді механизмі ретінде сақтандырудың рөлін және орнын бекітуге бағытталған ұлттық сақтандыру индустриясын келешекте қайта құру болып табылды.

Бағдарламаның мақсаттарына жету келесідей міндеттерді шешуді талап етті:

азаматтардың әлеуметтік қорғалу деңгейін ұзақ мерзімді және жинақтаушы жеке сақтандыру түрлерін дамытуды ынталандыру жолымен көтеру;

өзара сақтандыру жүйесін дамыту;

сақтандыру саласында жүргізілетін сақтандыру заңнамалары мен реформаларының мақсаттарын насихаттау және түсіндіру бойынша жұмыстарды күшейту, тұтынушылар

құқығын қорғауға және халықтың сақтандыру мәдениетін көтеруге бағытталған басқа да шараларды жүзеге асыру;

сақтандыру ісін ақпараттандыру және автоматтандыру саласындағы жаңа технологияларды енгізуге қолдау көрсету;

міндетті сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты құру және міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін жоғарылату;

сақтандыру нарығының толыққанды инфрақұрылымын құру, оның қатысушыларын және қызмет аясын нақты анықтау;

сақтандыру саласындағы мамандарды дайындау және біліктілігін көтеру;

қаржы нарығын бірыңғай қадағалауға өтуді ескере отырып, сақтандыру қызметін қадағалау және реттеу жүйесін ұйымдастыру;

қайта сақтандыру нарығын дамыту.

Қазіргі таңда Қазақстанда өмірді сақтандыру бойынша тек екі ғана компания жұмыс істейді. Соған қарамастан, өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлеміндегі үлесі 1,5% құрайды. Бағдарлама авторларының көзқарастары бойынша, елдегі жеке сақтандыру нарығын дамытуға қызығушылық тудыратын мемлекет болу керек.

Біріншіден, мемлекеттің проблемаларын шешу үшін қаражаттарды іздеу мәселесі өте маңызды және нақ жеке сақтандыру, оның ішінде өмірді сақтандыру ұзақ мерзімді инвестициялық ресурстар көзі болып табылатын қосымша қаражаттарды тартуды көздейді.

Екіншіден, жеке сақтандыру мемлекеттің әлеуметтік кепілдік тапшылығының орнын толтырады.

Үшіншіден, жеке сақтандыруды сақтандыру саласының еңбек сиымдылығы және ғылыми сиымдылығы саласы ретінде дамыту жаңа жұмыс орындарының құрылуына әкеледі.

Әлеуметтік сала мен сақтандыру салаларындағы мемлекеттің жүргізіп отырған реформалары еліміздегі жеке сақтандыру институтын дамытуға негіз болады.

Қазіргі таңда сақтандыру қағидаларын зейнетақы қызметі саласында, жұмыс берушілерді сақтандыруды қоса алғанда,

әлеуметтік аяның басқа салаларында зейнетақы аннуитеттерін енгізу жолымен қолдануға мүмкіндіктері бар. Мемлекеттің жеке сақтандыруды, соның ішінде өмірді сақтандыру, азаматтардың еңбек қабілеттілігін, денсаулығын, аннуитет жүйесін және сақтандырудың басқа да әлеуметтік маңызды түрлерін дамыту, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының қызметін белсенді ету бойынша белгілеген басымдықтарына сәйкес сұрақтары өзекті болып отыр.

Жеке сақтандыруды дамыту саласында бағдарламаның мақсаттарына жету үшін келесідей басымдылықтар көрсетілген:

а) аннуитеттерді беру, өмірді сақтандыру және еңбекқабілеттілік, соның ішінде жаңа сақтандыру өнімдерінің пайда болуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ сақтандыру салалары мен сыныптарының жіктелуін нақтылау мүмкіндігін қарастыру саласындағы сақтандыру заңнамаларын қайта құру;

ә) өмірді сақтандыруды қамтамасыз ететін ұйымдарда жинақтарды сақтауды қамтамасыз ету;

б) ұзақ мерзімді (жинақтаушы) сақтандыруды дамыту мақсатында салық салу тәртібін жетілдіру;

в) өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын ұйымдардың институционалдық қалыптасуы үшін жағдай құру;

г) өмірді сақтандыруды жүзеге асыратын ұйымдарда ұзақ мерзімді инвестиция үшін мүмкіндіктерді кеңейту.

Бағдарламаның бір бөлімі өзара сақтандыруды дамыту мәселелеріне арналған. Бағдарламаның қойған басты мақсаттарының бірі – халықтың сақтандыру мәдениетін құру және болашақта оны дамыту.

Сондықтан, халық үшін сақтандырудың тартымдылығын көтеру мақсатында Бағдарлама келесі шараларды қарастырады:

халық арасында сақтандыру қызметі мен өнімдері нарығы туралы толық, әрі объективті ақпарат беруге бағытталған сақтандыру қызметінің ағартушылық және түсіндірме жұмыстарын жүйелі негізде сақтандыру нарығының кәсіби қатысушылары мен олардың бірлестіктерімен біріге жүргізу;

сақтандыру нарығы қатысушыларының кәсіби білім деңгейін көтеруге бағытталған тақырыптық конференциялар мен семинарларды жүйелі түрде өткізу;

сақтандыру нарығының кез-келген субъектілерінің, соның ішінде сақтандыру агенттері мен басқа да сақтандыру ұйым делдалдары Қазақстан Республикасының территориясындағы резидент еместердің заңсыз әрекеттері туралы халыққа ақпарат беру;

сақтандыру қызметінде қолданылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және басқа да құжаттарды бекіту барысында кездесетін терминологияларды бірыңғайлау.

Халықтың сақтандыру мәдениетін құруда сақтандыру компанияларының және оның бірлестіктерінің рөлі өте жоғарыы. Сақтандыру компаниялары бұқаралық ақпарат құралдарымен біріге жұмыс істеп, білім және оқыту бағдарламаларын халыққа ұйымдастыру, сақтандыру қызметтеріне деген халықтың сұранысын анықтау үшін маркетингтік зерттеулер жүргізіп, қажет болған жағдайда жаңа өнім түрлерін құруды белсенді ету керек.

Сақтандыруды, соның ішінде оның жинақтаушы түрлерін және аннуитеттерді ұсыну жүйесін дамытудың келесі факторы статистикалық және басқа да ақпараттардың кең базасының болуы.

Қолда бар мемлекеттік статистика мәліметтері сақтандыруда толық қолданылмауы мүмкін. Сондықтан, Бағдарламада барлық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында көп мәліметті қамтитын ақпараттары бар есеп үлгісін әзірлеп, оны енгізу қарастырылған. Осы мақсатта Ұлттық банк пен «Мемлекеттің Актуарлық орталығы» АҚ бірігіп, сақтандырудың түрлі салалары бойынша статистикалық мәліметтер базасын құру жұмыстарын жандандыруды көздеген.

Бағдарламада өзара сақтандыру жүйесін дамыту айқындалған, қазіргі кезде бұл сала бірыңғай мемлекеттік саясаттың жоқтығынан көптеген проблемаларға душар болып отыр.

Көбінесе, түрлі мемлекеттік органдар қандай да бір өзара сақтандыру түрін енгізу туралы мәселелерді шешу барысында өте тар ведомстволық қызығушылықтарға сүйенеді, ал мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық даму басымдылықтары, ұлттық сақтандыру нарығының нақты жай-күйі және

потенциалды сақтандырушылардың қаржылық мүмкіндіктері секілді сұрақтар ұмытылып жатады. Өзара сақтандырудың осындай және тағы басқа мәселелерін шешу мақсатында осы салада мемлекеттік саясатты құру қажет. Осы мақсатта Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру туралы» №423-11 Заңына сәйкес құрылған сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру Қорын кезеңмен қолдану көзделеді.

Болашақта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру Қорын капиталдаудың өсуімен бірге өзара сақтандырудың басқа да түрлеріне кепілдік төлемдерді беруді жүзеге асыру аясы кеңеюі мүмкін.

Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамытуда оның қатысушыларының қызметтері мен өкілеттіктерін заңнамалық тұрғыдан анықтау көзделген, олар: актуарийлер, сақтандыру делдалдары (сақтандыру брокерлері, сақтандыру агенттері), сюрвейерлер, аджастерлер.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда сақтандыру саласындағы мамандардың біліктілігін көтеру маңызды мәселе. Соған байланысты сақтандыру саласындағы мамандарды кәсіби даярлау мәселесін шешу мақсатында келесідей негізгі міндеттерді анықтап, шешу қажет:

а) сақтандыру нарығы қызметкерлерін қайта дайындау және біліктілігін көтеруді орта және жоғарыы кәсіби білім жүйесі, курстар ұйымдастыру, оқу орталықтары, оқу-тәжірибелік конференциялар мен семинарлар арқылы жүзеге асыру;

ә) орта және жоғарыы кәсіптік оқу орындарында сақтандыру ісі мамандарын дайындау орталықтарын құру;

б) халықаралық бағдарламаларды және халықаралық қаржы, сақтандыру ұйымдарының мүмкіндіктерін және тәжірибелерін мамандар дайындауда және белсенділігін көтеруде қолдану.

Қазақстанда сақтандыру саласын реттейтін тиімді құрал сақтандыру заңы бар. Алайда, экономиканың бұл саласы халықаралық стандарттар мен қағидаларды қолдана отырып, жетілдіруді қажет етеді. Осы орайда, отандық сақтандыру

заңнамаларын тиімді, тұрақты сақтандыру нарығын дамытуға көмек көрсету әрекеттері мен қолдауға, сондай-ақ әртүрлі мемлекеттердің қадағалау органдарымен келешектегі ынтымақтастықты дамытуға бағытталған халықаралық талаптарға сәйкестендіруді қамтамасыз ету қажет.

Сақтандыру ұйымдарының қызметін қадағалау мен реттеу жүйесін жетілдіру мақсатында компанияның тәуекелдерін анықтауға мүмкіндік беретін реттеу механизмдері мен жаңа тәсілдерін әзірлеу қажет.

Қадағалаудың тиімді мәселелері шешімінің бірі - осы мәселенің (соның ішінде пруденциалдық нормативтердің бұзылуы) нақты пайда болуына дейінгі сақтандыру ұйымының қызметі саласындағы тәуекелділікті төмендететін тәуекелді бағалауға (Risk-Based Supervision) негізделген қадағалау концепциясын қолдану болып табылады.

Сақтандыру қызметін реттеу және қадағалауды келешекте жетілдіру үшін сақтандыру қызметіне тікелей әсер ететін қазіргі әрекет етіп жүрген заңдар мен нормативтік-құқықтық актілерді сараптамадан өткізу мақсатты міндеттердің бірі болып отыр. Егер қажет болса, өзгертулер мен толықтырулар енгізу тиіс. Осы бағытта келесідей міндеттерді шешуді қарастырған дұрыс:

сақтандыру қызметінің ұлттық ережесін республиканың Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына шоғырлану қажеттілігін ескере отырып, халықаралық қағидалар мен стандарттарға жақындатуды қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылмайтын сақтандыру брокерлерінің несие рейтингін (Credit Rating) міндетті түрде талап ету жолымен сақтандыру ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің қайта сақтандыру қызметіне қадағалауды күшейту;

сақтандыру нарығының қатысушылары (авариялық комиссарлар, аджастерлер, андеррайтерлер, сюрвейерлер, диспашерлер, т.б.) қызметінің құқықтық негізін нақтылау, сақтандыру брокерлері мен сақтандыру агенттері қызметтерін анықтау және шек қою;

келешекте сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына және төлем қабілеттілігіне талаптарды дамыту;

актуарийлердің, ішкі және сыртқы аудиторлардың қызметтерін қолдану бойынша ережелерді, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарының делдалдары мен сақтандыру агенттерінің қарым-қатынасын реттейтін ішкі ережелерге қойылатын талаптарды әзірлеу;

тәуекелді басқару және корпоративтік басқару жүйесіне, соның ішінде іске асатын операциялардың нақты уақыт тәртібін белгілеуге қойылатын талаптарды әзірлеу;

сақтандыру операцияларының бухгалтерлік есеп жүйесін және қаржылық есебінің ашықтылығын көтеру жүйесін жетілдіру;

сақтандыру тарифтерін есептеу тәртібіне талаптарды бекіту;

басқа қаржылық ұйымдарға ұсынылатын талаптары секілді сақтандыру нарығының кәсіби қатысушыларын құру, лицензиялау, келісу кезінде анықталатын талаптарды бірыңғайлау және стандарттау;

тәуекелді бағалау жүйесіне негізделген тәуекелді ертерек ескерту тестілерін жүргізу;

мәліметтерді жинау және өңдеу жүйесін автоматтандыру.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарында басқарудың ішкі жүйесін, корпоративтік басқару жүйесін енгізу сақтандыру компаниясының, сондай-ақ жалпы сақтандыру қызметі дамуының өзекті мәселесі болып табылатынын көрсетеді.

Корпоративтік басқару жүйесі – дегеніміз жарғымен, регламентпен, компанияның арнайы ішкі саясатымен белгіленген акционерлер, директорлар кеңесі және басқарма арасындағы қарым-қатынас жүйесі.

Қазақстанда корпоративтік басқару жүйесін дамыту мақсатындағы оны енгізумен байланысты сұрақтар басқа мемлекеттердің тәжірибесін талдау және зерттеуді қажет етеді.

Сонымен қатар, корпоративтік мінез-құлық Кодексі нормалары мен ұсыныстарын тәжірибеде енгізу және қолдану бойынша шараларды жүзеге асыру міндеті алға қойылған.

Нарықтағы жалпы өзгерістердің жағдайын ескере отырып, кәсіпорынның дамуын болжау мақсатында сақтандыру компаниясында корпоративтік басқару жүйесінің маңызды құрамдасы ретінде тәуекелді басқару жүйесін (risk management) енгізу қажеттілігі туындайды. Дәл осындай тәуекелді басқару жүйесін енгізу банк секторында да жүргізілген және әлі де жүргізілуде. Осыған байланысты банктегі тәуекелді басқару жүйесін сақтандыру компанияларына да енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

Сақтандыру қызметін қарқынды, әрі тұрақты дамыту үшін сақтандыру және қайта сақтандыру механизмдерін дамытуды ынталандыру шараларын қолға алу керек. Бірінші кезекте осы шараны өткізудің құқықтық негізін құру қажет. Ол дегеніміз, қазіргі таңдағы қайта сақтандыру шарттары мен қайта сақтандыру қызметінің барлық ерекшеліктерін ескере бермейтін қазіргі таңда әрекет етіп жүрген сақтандыру заңдарын жетілдіру қажет.

Сонымен қатар, шетелге заңсыз капитал және ақша ағымдарының алдын алу және ескерту мақсатында қайта сақтандыру ұйымдарының қызметіне тиісті бақылау жүргізуді қамтамасыз ететін сұрақтарды шешуді қарастыру керек.

Шетелдерде сақтандыру институты әлеуметтік-экономикалық жүйенің негізгі құрамдасы ретінде өте жақсы дамыған, ал біздің елдегі осы саланың дамуы қарқынды дамытуды талап етеді.

Осыған орай, сақтандыру жүйесін қарқынды дамытудың жолы сақтандырушылар мен сақтандыру ұйымдарының салық салу жүйесін жетілдіру болып табылады.

Сақтандыру нарығының келешектегі дамуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 желтоқсандағы №1284 «Қазақстан Республикасы қаржы секторын дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған Концепциясы туралы» Қаулысында қарастырылған.

Бұл құжатта Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында негізі қаланған сұрақтар мен мәселелерді кең, әрі нақтырақ қарастыру көзделген.

Атап айтқанда, қысқа мерзімді уақытта сақтандыру нарығын дамытудың мақсаты мен міндеттері келесідей болады:

- азаматтарды, заңды тұлғаларды, мемлекетті қорғауды және мемлекет экономикасының дамуы үшін ұзақ мерзімді инвестициялық ресурстарды шоғырландыруға қатысты сақтандыруға қажеттілікті қанағаттандыру шараларын әзірлеу және жүзеге асыру;

өмірді сақтандыруды халықты әлеуметтік қорғау құралы ретінде дамыту;

міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру;

сақтандыру ұйымдарына халықтың сенімділігін және сақтандыру қатынастарының субъектілерін сақтандыру мәдениетін көтеру;

озық халықаралық тәжірибелер негізінде сақтандыруды қадағалауды жетілдіру.

Сақтандыру нарығы инфрақұрылымын дамытудың өзекті мәселесі сақтандыру нарығының түрлі қатысушыларын біріктіретін қоғамдық ұйымдарды құру және дамыту. Сақтандыру секторын дамытуға назар аударатын кезең, ол кепілдік беру институттары қызметін халықаралық тәжірибелерге сәйкестендіру бойынша жетілдіру болып табылады.

«Өзара сақтандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес сақтандыру ұйымдарына «ипотекалық сақтандыру» сыныбы бойынша қызмет жүргізу мүмкіндігі берілді.

Сонымен қатар, «Ипотекалық несиелерге кепілдік беру Қазақстандық қоры» АҚ қызметін келешекте жетілдіру аясында, осы компанияның қызметтерін халықаралық тәжірибелерге сәйкестендіру болжанған, яғни ол деген сөз осы АҚ-ды сақтандыру ұйымына қайта құруды білдіреді.

«Сақтандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы Заңына сәйкес пруденциалдық құжаттар

ЕО (Solvency I) Директивасына және IAIS қағидаларына сәйкес келтірілген. Пруденциалдық реттеуді Risk based supervision енгізу жолымен жетілдіру және Solvency П төлемқабілеттігі жүйесіне өту талап етіледі. Осы жағдайлар сақтандыру нарығын қайта реттеуге және сақтандыру ұйымдарындағы тәуекелдікті басқару жүйесін құруға жағдай туғызады.

Қазіргі таңда қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігіне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тарифтерін есептеу әдістемесін қарастыру құзыреті берілген. Бұл объективті қажеттіліктен туындап отыр. Осылай, көптеген сақтандыру ұйымдары өздеріне клиент тарту мақсатында табыстылықты және сәйкесінше сақтандыру ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін ерікті сақтандыру бойынша тарифтерді белгіленген мөлшерден төмен қоюда.

Осыған байланысты сақтандыру статистикасының толыққанды базасы құрылады, соның ішінде қазіргі кезде сақтандыру нарығы дамуының маңызды міндеті болып бірінші ретте, міндетті сақтандыруда жиналатын мәліметтерді жинау, сақтау және өңдеудің методикалық базасы әзірленеді.

Сақтандыру статистикасының мәліметтерін жинауға сақтандыру ұйымдарымен қатар мемлекеттік органдар да тартылады, соның ішінде ішкі істер ұйымдары, мемлекеттік статистика, еңбекті және әлеуметтік қорғау органдары.

Сақтандыру компанияларының қызметі белгісіздікке негізделетінін назарға ала отырып, сақтандыру компаниясына оның ағымдағы және күтілетін болашақ қаржылық жағдайын көрсететін мүмкін болатын жағдайларды ескеру керек. Осыған орай бүгінгі күні сақтандыру ұйымдарының тәуекелділікті басқару жүйесін құру мәселесі өзекті.

10.4. Сақтандыру нарығының инфрақұрылымы

Сақтандыру нарығының мазмұнын оның түрлері, инфрақұрылымы кеңірек ашады. Ендігі кезекте сол түрлерін қарастырып өтейік.

Салалық нышаны бойынша:

- өмірді сақтандыру нарығын (сонымен бірге сақтандырудың барлық ұзақ мерзімді түрлері: зейнетақыны, денсаулықты, аннуитет және т.б. жатады),
- мүлікті сақтандыру нарығын,
- жауапкершілікті сақтандыру,
- жазатайым уақиғалардан сақтандыру нарығын бөледі.

Қазақстан Республикасында сақтандырудың **"өмірді сақтандыру"** және **«жалпы сақтандыру»** сияқты екі саласы белгіленген.

Масштабы бойынша ұлттық, аймақтық және халықаралық сақтандыру нарықтарын бөледі.

1. Ұлттық сақтандыру нарығы - жеке мемлекеттегі сақтандыру ұйымдарының қызмет ету сферасы. Институционалды түрде ұлттық сақтандыру нарығы сақтандыру ұйымдарынан, арнайы қайта сақтандырушы ұйымдардан, сақтандыру брокерлері мен агенттерінен тұрады. Ұлттық сақтандыру нарығындағы барлық қызмет ұлттық сақтандыру заңы шегінде жүргізіледі. Бұл заңның орындалуын бақылау мемлекеттік сақтандыруды бақылау органына жүктелген. Ең ірі ұлттық сақтандыру нарықтары АҚШ-та, Ұлыбританияда, Германияда және басқа да бірқатар елдерде қалыптасқан. Ұлттық сақтандыру нарығында Үкіметте, бұқаралық ақпарат құралдарында, халықаралық келіссөздерде сақтандыру ұйымдарының ұжымдық мүдделерін ұсынатын ұлттық сақтандыру ассоциациялары қызмет етеді.

2. Аймақтық сақтандыру нарығы өзара интеграциялық байланыстармен байланысушы жеке аймақтардың сақтандыру ұйымдарын, ұлтты нарықтарын біріктіреді. Ең ірі аймақтық нарық болып - Солтүстік американ сақтандыру нарығы (АҚШ-та, Канада саналады.) Еуропалық экономикалық одақтастықтың сақтандыру нарығында терең интеграциялық процестер жүруде. Бұл «Еуропалық экономикалық одақтастықтың ортақ сақтандыру нарығын» құру туралы жоспарды жүзеге асырумен байланысты. Еуропалық экономикалық Қазақстан сақтандыру нарығының қатысушылары туралы келесі беттерде.

3. Халықаралық сақтандыру нарығы - бұл ұлттық және аймақтық сақтандыру нарық жиынтығы. Мұндай мағынада халықаралық сақтан-дыру нарығы ретінде халықаралық сақтандыру операцияларының едәуір үлес салмағымен сипатталатын жергілікті сақтандыру нарықтары қарастырылады| (Нью-Йорк, Лондон, Цюрих).

Қайта сақтандыру арналары бойынша және брокерлер арқылы ірі тәуекелдер көптеген халықаралық және аймақтық сақтандыру нарықтары арасында бөлінеді. Мүдделерді сәйкестендіру және сақтандыру ұйымдарының жалпы проблемаларын шешу мақсатында халықаралық сақтандыру одақтары (техникалық тәуекелдерді сақтандырушылардың халықаралық одағы, теңіздік сақтандырушылардың мемлекеттік одағы және тағы басқалар) қызмет етеді.

Сақтандырудың әлемдік нарығының жаһануы көрінісінде Мемлекеттің көрсеткіштері біршама төмендеу көрінеді. Жекелеп айтсақ, сақтандыру сыйақыларының елдің ЖІӨ-не қатынасы 1997-2004 жылдар аралығында 0,19%-дан 0,8%-ға дейін өскен. 2004 жылы республикадағы сақтандыру сыйақыларының бір жанға шаққандағы көрсеткіші 2 629,6 теңгені құрады (1-кесте).

1-кесте.

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы"

Көрсеткіштер	2000	2001	2002	2003	2004
ЖІӨ. млн теңге	2599900	3250600	3 747200	4449800	4863631,4
Халық саны, млн адам	14,8	14,4	14,8	14,9	15,2
Сақтандыру сыйақыларының ЖІӨ-ге қатынасы. %	0,32	0,43	0,61	0,65	0,8
Жеке капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %	0,18	0,16	0,16	0,20	0,5
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	0,32	0,49	0,34	0.47	0,9

1-кестенің жалғасы

1 жанға шаққандағы сақтандыру сыйақыларының қатынасы, теңге	530,35	963,43	1535,09	1937,60	2629,6

Қазақстанда сақтандыру ұйымдарының жалпы саны 1997 жылдан 2004 жылға дейін 32 компанияға қысқарған. 2005 жылдың 1 қаңтарында 36 сақтандыру (қайта сақтандыру) компаниялары тіркелген, оның ішінде 2-уі шетел сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының өкілдері: "Ингосстрах" және "Қазақстан-Росно" ААҚ "Росно ресейік сақтандыру халық қоғамы". Сонымен қатар резидент емес тұлғалардың қатысуымен құрылған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық бюллетені, 1/2004, 157-бст, сақтандыру компаниялары 1-уіне қысқарды, өмірді сақтандыру бойынша небәрі 2 компания бар.

2004 жылы Қазақстан Республикасының "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі" "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүргізу үшін келесідей қайта құрылған сақтандыру ұйымдарына лицензия берді:

> "Экспорттық несиелер мен инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ (жарғылық капитал 100% мемлекеттің қатысуымен құрылған);

> "Номад Иншуранс СК" АҚ;

> "Астық сақтандыру компаниясы" АҚ.

Соңғы 3 жылы сақтандыру брокерлерінің саны 3 компанияға, актуарийлер-дің саны 1 компанияға және аудит компанияларының саны 6 компанияға көбейді (2-кесте).

2-кесте

Сақтандыру секторының институционалдық құрылымы.

Көрсеткіштер	2000	2001	2002	2003	2004
Сақтандыру ұйымдарының жалпы саны (жыл аяғына), соның ішінде:	42	38	34	32	36
резидент емес тұлғалардың қатысуымен	м/ж	м/ж	3	6	2
өмірді сақтандыру бойынша	1	1	1	1	2
Сақтандыру брокерлерінің жалпы саны	м/ж	м/ж	[5]	6	8
Актуарийлер саны	м/ж	м/ж	26	28	27
Сақтандыру ұйымына аудит өткізуге лицензиясы бар аудит ұйымдарының саны	м/ж	м/ж	28	34	34

Кейінгі 7 жылда сақтандыру ұйымдарының меншік капиталдарының жиынтық көлемі 2 169%-ға немесе 22,8 млрд теңгеге өсті. Сонымен бірге, 1997 жылдан 2004 жылға дейін сақтандыру компанияларының активтері 40,3 млрд теңгеге немесе 1152,7%-ға өскені байқалды (3-кесте). Берілген көрсеткіштердің осындай қарқынды түрде өсуі жаңа сақтандыру компанияларының пайда болуымен түсіндіріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық бюллетені, 1/2004, 157-бет

3-кесте.

Сақтандыру компанияларының қаржылық көрсеткіштері, млн теңге.

	2000	2001	2002	2003	2004
Меншік капиталының жалпы көлемі	4617,0	5 320,2	6 100,0	9031,0	23900
Өтелген жарғылық капитал көлемі	9 779,0	4 097,0	4819,0	7 110,0	17383,4
Сақтандыру резервтері	2 280,8	8619,1	2 700,0	4500,0	14700
Активтер	8 347,2	15768,3	12 500,0	20716,0	44 100,0

Соңғы сегіз жыл бойы елдің сақтандыру резервтерінің өсу тенденциясы байқалуда. Осылайша, егер 1997 жылдан 1999 жылға дейін сақтандыру резервтері 1,5 млн теңгеге өссе, 2000 жылдың қорытындысы бойынша олар 1,5 млн теңгеге (51,9%-ға) төмендеген, ал келесі жылы бұл көрсеткіштің 6,3 млрд теңгеге өсуі байқалған. Бірақ, 2003 жылға қатысты 2004 жылғы сақтандыру резервтерінің көрсеткіші айтарлықтай мөлшерге, яғни 10,2 млрд теңгеге (326,7%-ға) өскен. Сақтандыру резервтерінің ЖІӨ-ге қатысты соңғы жылдардағы тенденциясын 1-суреттен көруге болады. 1-суреттен 2001 жылы елдің ЖІӨ-дегі сақтандыру резервтері үлесінің күрт өскені көрініп тұр. Бірақ келесі жылы-ақ бұл көрсеткіш 0,27%-дан 0,07%-ға төмендеген. 2002 жылдан жалпы ішкі өнімдегі сақтандыру резервтерінің үлесі біртіндеп өсуі байқалған. Және тек 2004 жылы ғана берілген көрсеткіш 0,1%-дан 0,3%-ға дейін өсті.

Жылдар бойынша компаниялардың сақтандыру резервтерінің үлесі,%



1-сурет.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің статистикалық бюллетені. 1/2004. 1 57-бет

Сақтандыру компаниялары қызметінің тиімділігін бағалаудың маңызды көрсеткіші болып сақтандыру резервтерінің сомасы табылады. 2-суретте 10 компания көрсетілген, дәл осы компаниялардың үлесіне 2004 жылғы сақтандыру резервтерінің 76,4% келеді.

«Қаржы нарығы және қаржы ұйымдарын реттеу және кадағалау агенттігінің» мәліметтерінен.

2-суреттен көріп отырғанымыздай, сақтандыру резервтері бойынша ең жоғарығы үлес "Евразия СК" үлесіне келіп тұр (18,4%), одан кейін 15,6% үлесімен "Казкоммерц-Полис" СК тұр. "КИС Казахинстрах" АҚ-ның үлесіне сақтандыру резервтерінің барлық сомасынан 10,2% үлес тиіп тұр.



2-сурет. 2004 жылғы сақтандыру резервтерінің сомасы құрылымындағы сақтандыру компанияларының үлесі, %

10.5. Сақтандыру нарығының даму көрсеткіштері

Әрбір сақтандыру сыныптарының даму болашағын қарайтын болсақ, сақтандырудың барлық бағыттары өзінше перспективалы. Әсіресе, жазатайым және ауырған жағдайлардан

сақтандыру, сондай-ақ медициналық сақтандыру түрлері бүгінгі күндері жақсы дамып келеді. Сақтандырудың осы түрлеріне сұранысты келешекте өсірудің басты факторы ипотекалық нарықтың дамуы, маусымдық ауытқулар, сақтандырушылардың белсенділігі арттыру және тиімді баға ұсыну болып табылады.

Алайда, жақын арада отандық сақтандыру нарығында жетекші орынды мүліктік сақтандыру және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру алатыны рас. Өйткені, республикадағы тұрғын үй құрылысының қарыштап дамуы осыған дәлел. Жылжымайтын мүлікті сатып алғаннан кейін мүлік иесі оны әртүрлі жағдайлардан (өрттен, су тасқынынан, жер сілкінісінен, үшінші жақтың құқықсыз әрекеттерінен, яғни ұрлықтан) сақтандыруды ойластырады. Кәсіби жауапкершілікті сақтандыру барысында компания менеджментінің біліксіз шешімдерінің салдарынан болатын қаржылық шығындарды төмендетуге барынша назар аударылады. Осы бағытта, кәсіби қызметті және эмитент директордың жауапкершілігін сақтандыру, атап айтқанда қаржы орталығы Алматы қаласының болашақ сауда қатысушыларын сақтандыру болашағы бар іс болып табылады. Осындай сақтандыру полистері болмаса, белгіленген қатысушылардың мақсатқа лайықты саудаға қатынасуы екіталай болуы мүмкін.

Отандық сақтандырушыларға кең болашақ ашатын мұнай-газ саласын дамыту болып табылады. Сақтандыру компаниялары басшыларының ойынша, Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін келешекте игеру, құбырлар салу және қазба байлықтарын игеру мүлікті, әрі бұрғылау және тасымалдау кезіндегі жауапкершілік пен тәуекелдерді сақтандыру көлемдерінің өсуіне әкеледі. «Қашаған» кен орнын игеру бастамасы мүліктік сақтандыру сыныбы бойынша сыйлықақыны жинауды елеулі өсіріп отыр.

Бүгінгі таңда сақтандыру нарығындағы нақты бәсекелестік мәселесі жеткілікті өткір және ол демпинг пен ашық емес тендерлердің салдарынан болып отыр. Еліміздегі сақтандыру мәдениетінің деңгейі өте төмен, әрі сақтандыру қызметін тұтынушылар басымдылықты төмен баға ұсынған компанияларға беруде. Клиент, олар компанияның ұсынатын

қызметіне, мамандануына назар аудармайды, ең бірінші оны бағасы қызықтырады. Ал, тәжірибеде бұл компанияларға өз бәсекелестерінен озу үшін өз бағаларын табыстылық деңгейіне дейін төмендетуіне тура келеді. Сөйтіп табыстары азаяды.

Сақтандырудың нақты бағасын айқын көрсетпейтін сақтандыру қызметтерін сатып алуға тендер өткізу жүйесі де сақтандырушылардың көңілін көншітпейді. Сайып келгенде, әрекет етуші тендерлер жүйесі отандық сақтандырушыларды оған қатысуға ынталандырмайды.

Бұл жағдай экономика субъектілерінің өз тәуекелдерін нақты бағалап, оны жабуға қызығушылық тудырған жағдайда шешіледі. Жақын болашақта бұл мәселе өз шешімін табады деп ойлаймын. Қалай дейсіздер ғой? Себебі, жақын болашақта тендерге қатысушы сақтандыру компанияларының ішінде кім нарықты, әрі тұтынушының талабын жақсы білсе, сол жеңіске жетуі әбден мүмкін.

Қайта сақтандыру ұғымының мәнін аша кетсек, ол дегеніміз – сақтандыру компаниясы өзіне тәуекелділікті қабылдай отырып, клиенттің сақтандыру тәуекеліне байланысты сақтандыру жауапкершілігінің бір бөлігін сақтандырудың баланстық портфельін құру және сақтандыру операцияларының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында келісе отырып, басқа сақтандырушыға немесе кәсіби қайта сақтандырушыға беруі болып табылады. Мұндай жағдай клиент үлкен сомаға сақтанған жағдайда туындайды, компания өз клиентінің жауапкершілігін толық игере алмайтынын сезінген жағдайда немесе қаражаты жетіп тұрғанмен өзін келеңсіз жағдайдан құтқару үшін басқа сақтандырушыға береді.

Қазақстандық қайта сақтандыру нарығы жаңадан ғана қалыптасып дамып келеді. Отандық сақтандыру компанияларының төмен капиталдануына байланысты, тәуекелді қайта сақтандыру шетелге, көбіне ресей компанияларына кетіп жатты.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігінің сақтандыру компанияларының жеке капиталын өсіруге қойған талаптары оның өсуіне, керісінше шетелдік қайта сақтандырушыларға қайта сақтандыруға

берілген сақтандыру сыйлықақыларының үлесінің төмендеуіне елеулі әсерін тигізді. Осы ретте, қайта сақтандыруға берілген сыйлықақылардың көлемі де барынша қысқарды, сөйтіп отандық сақтандырушылар өз активтерін өсіріп, бұрындары берілген тәуекелдерді өздері сақтандыруға мүмкіндік алды.

Отандық сақтандыру нарығының тағы бір тенденциясы: Қазақстанда тәуекелді қайта сақтандырудың өсуіне қарамастан, сақтандыру компаниялары әмбебап болып қалуда, яғни олар сақтандыру және қайта сақтандыру операцияларын бірлестіріп атқаруда. Қайта сақтандыру өте табысты іс. Сондықтан үкімет отандық сақтандыру компанияларының қайта сақтандырудың халықаралық нарығына шығуын ынталандыруда. «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға енгізілген өзгертулер әрекет етіп жүрген сақтандыру сыныптарын өзгертуі тиіс. Заңнама авторларының пікірінше, сақтандыру түрлерінің жіктелімін ЕО-тың директивасына сәйкестендіріп, қайта сақтандырудың халықаралық нарығындағы отандық сақтандырушылардың қайта сақтандыру мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігінің мәліметтері бойынша 2009 жылдың 1 қаңтарында сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 133,5 млрд. теңгені құрады, алайда өткен жылмен салыстырғанда 9,4%-ға кеміген. Оған себеп қазіргі нарықтағы дағдарыстың салдары болып отыр. Соған қарамастан ерікті жеке сақтандыру 16,6%-ға өскені байқалады, ал ерікті мүліктік сақтандыру 24,0%-ға кеміген.

Ерікті жеке сақтандыруда негізгі үлесті ауырған жағдайдан сақтандыру және жазатайым жағдайдан сақтандыру түрлері алады. Сақтандырудың осы екі түрі банктік несиелеудің стандартты пакетіне кіреді, олардың өсімі 44,3 және 25% сәйкесінше құрады.

Қазір өмірді сақтандыру нарығында бірнеше компаниялар жұмыс істеуде. Олар «ТұранӘлем Банкінің өмірді сақтандыру жөніндегі «БТА Жизнь» еншілес компаниясы» АҚ, «Казкоммерц-Life» ӨСК» АҚ, «Мемлекеттік аннуитеттік компания» ӨСК» АҚ, «Alliance-Өмірді сақтандыру «Сақтандыру компаниясы» АҚ, «Чешска поиштовна» АҚ ӨС

ЕК - Чешская Страховая Компания Казахстан» АҚ, «Астана-финанс» ӨСК» АҚ, «Халык-Life» ӨСК» АҚ болып табылады. Жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша алдыңғы қатарды банктің құрылымдық бөлімшелері «АМСГ» СК» АҚ («Каспий банкінің» еншілес компаниясы), «Қазкоммерц-Полис» СК» АҚ және «Чешска поиштовна» АҚ ӨС ЕК - Чешская Страховая Компания Казахстан» АҚ алуда.

Осындай жағдай ерікті мүліктік сақтандыруда да орын алып отыр. Бұл жерде алдыңғы орында мүлікті залалдан сақтандыру тұр. Оның ерікті мүліктік сақтандырудағы үлесі 31,6% болды. Осы жерде сақтандыру сыйлықақылары бойынша жетекші болып отырған компаниялар, олар: «Халық-Қазақинстрах» КИС» АҚ, «Виктория» СК» АҚ, «Еуразия» СК» АҚ, «Қазкоммерц-Полис» СК» АҚ, «ЭйАйДжи Казахстан» СК» АҚ.

Ал енді, міндетті сақтандыруда сақтандыру жиналымының қарқыны баяулаған. Егер 2002-2003 жылдары міндетті сақтандыру сыныбында 100%-дық өсім болса, 2004 жылы ол 56,5%, 2007 жылы 39%, 2008 жылы 10%-ға дейін төмендеп, 2009 жылы 52,5% -ға көтерілген.

Оған Мемлекеттің барлық автопарктерінде көлік иесінің АҚЖ-гін сақтандыру өскені (56,3%) себеп болып отыр. Өткен жылы сақтандырудың осы түрінің 21%-ға өсімі аймақтардағы көлікті сақтандыру мен көлік құмарлардың санының артуынан болған. Міндетті сақтандыру өсімінің тағы бір себебі ондағы жаңа сақтандыру түрлерінің енгізілуі: жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (32%) және экологиялық сақтандыру (3%).

Сақтандыру төлемдеріндегі жағдай басқаша. 2009 жылы қаңтардың 1-дегі мәлімет бойынша өткен жылмен салыстырғанда сақтандыру төлемдерінің үлесінде 95%-дан жоғарыы өсімді ерікті жеке сақтандыру алды. Ал міндетті сақтандыру бойынша төлемдер – 65%-ға өссе, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша керісінше -2,2%-ға төлемдер азайған.

Мемлекеттің сақтандыру нарығы қазіргі таңда жақсы даму үстінде. Сақтандыру бизнесінің дамуын анықтаушы факторлар атап өтуге болады: халықтың әл-ауқатын жақсарту, қоғамның сақтандыру мәдениетін және сақтандырушылардың менеджмент

деңгейін көтеру, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау ұйымының тиімді саясаты.

Алайда, осындай даму 2015 жылға дейін 50 бәсекеге қабілетті елдердің деңгейіне жету үшін жеткілікті ме? Міне осы сұрақ маңызды. Осыған орай академик Баймұратов У.Б. былай жазған: «Отандық сақтандыру қызметінің нарығы 10-15 жылда әлемдік сақтандыру нарығында бәсекеге қабілетті бола алады деп айту қиын әрине, алайда бастапқы қадамдар жасалатын болады. Оптимистік ұстаным ұлттық сақтандыру қызметінің нарығын жеткілікті қарқында дамытуды болжайды, ол өз кезегінде сапалы менеджментті, сақтандыру маркетингінің дәстүрлі емес үлгілерін қолдануды, жаңа сақтандыру өнімдері мен қызметтерінің жаңа түрлерін енгізуді талап етеді... Қазақстандық сақтандыру бизнесін дамытудың баламалы болжамды көрінісін жалпылау біркелкі оптимистік көріністі жүзеге асыруға әкеледі. Оларға елдегі сақтандыру қызметінің ЖІӨ-дегі үлесін 2015 жылға дейін 2,5-3,5%-ға жеткізу көзделеді» (цитата соңы).

10.6. Сақтандыру нарығының мультиагенттік үлгілерін анықтау

Мультиагенттік үлгілеу дегеніміз – нашар құрылған міндеттерді шешуге бағытталған шығармашылық интеллектісі аясындағы жаңа бағыттардың бірі болып табылады, сол себепті осындай болжамды ажырату мақсатында осы жерде мультиагенттік үлгілеуді қолданған дұрыс. Біздің жағдайда ол, талдауға нашар құрылған ұғымды тарту, мысалы, сақтандыру қызметіне икемділік, әртүрлі нарық субъектілерінің әрекеттері мен қызығушылықтары, жекелеген агенттердің басқалардың әрекеттеріне әсері, жалпы нарықтың сыртқы экономикалық конъюнктураның өзгерісіне әсері.

Төменде Мемлекеттің сақтандыру қызметі нарығы даму көрсеткіштерінің негізгі динамикасын орта мерзімді болашаққа (3-5 жыл) оптимистік көзқарас бойынша есептеу үлгісі мен нәтижесі сипатталған.

Қазақстанның сақтандыру қызметі нарығының мультиагенттік үлгісі екі тәуелсіз жүйе астынан тұратын динамикалық жүйе ретінде қарастырылады:

ерікті сақтандыру;

міндетті сақтандыру.

Оларды R_1, R_2 деп белгілейік, сәйкесінше жүйені – $R_0\,(i = 0,1,2)$. Ендігі жерде n уақыт жағдайларына $t_0, t_1, ..., t_n = T$ (жылдар) бөлінген уақыт интервалын бекітейік $[0,\ T]$ (бұл жерде (2003, 2009 жж.) жылдар). t_0 жылын негізгі жыл деп, ал t_n – кезең соңы деп белгілейік.

Нарық пен оның жекелеген жүйе астыларының белгілі уақыт аралығындағы жағдайын дамытудың екі түрлі факторы арқылы бағалаймыз:

A_t^i – барлық сақтанушылардың нақты активтерінің жиынтық көлемі арқылы (млн. доллармен) *t* жыл соңына;

L_t^i – *t* жыл соңындағы клиенттер базасының саны арқылы (мың бірлік), бұл жерде $i = 0,1,2$ - ге тең.

Осы жерде келесі баланс орындалуы тиіс:

$$\begin{aligned} A_t^0 &= A_t^1 + A_t^2, \\ L_t^0 &= L_t^1 + L_t^2. \end{aligned} \qquad (1)$$

Енді ақпараттық өзгергіштер үлгісін енгізейік [61]. Бұл нарық жағдайына тәуелді оның даму деңгейінің индикаторы немесе сақтандыру қорғанысын қамтамасыз етудің экономикалық механизмі ретіндегі нарық өнімділігінің индикаторы. Осы жерде осы нұсқаға келесі үлгіні қолдануға болады:

Y_t^i – $(i = 0)$ жалпы нарық бойынша және $i = 1,2$ секторында *t* жыл аралығындағы барлық сақтанушылармен жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі (млн. доллармен):

Осы жерде келесі баланс орындалуы тиіс:

$$Y_t^0 = Y_t^1 + Y_t^2 . \qquad (2)$$

Ақпараттық өзгергіштердің басқа үлгісіне нарықты дамытудың әртүрлі тиімді индикаторлары жатқызылған, атап айтсақ: $\varphi_t^i(l)$ - $i = 1,2$ секторында t жылдағы нақты активтердің капитал сиымдылығы коэффициенті.

Енді нарық жағдайы мен оның даму деңгейі арасындағы байланысты анықтап алуымыз керек, яғни Y_t - көрсеткішінің L_t - дан және A_t - ден функционалды тәуелділігін анықтау. Бұл жерде факторларды ауыстыру икемділігі нөлге тең (клиенттік базаның тапшылығын нақты активтерді өсіру есебінен немесе керісінше өтеуге болмайды), ерікті сақтандыру сегменттері үшін функционалдық тәуелділік келесі үлгіде болады:

$$Y_t^1 = \min\left\{L_t^1 \cdot \varphi_t^1(l);\ A_t^1 \cdot \varphi_t^1(k)\right\}. \qquad (3)$$

Міндетті сақтандыру сегменті үшін ($i = 2$) өндірістік қызмет келесі үлгіде құрылады:

$$Y_t^2 = A_t^2 \cdot \varphi_t^2(k) . \qquad (4)$$

Осыған орай, оның клиенттік база икемділігіне тәуелділігі ескеріледі.

$$Y_t^0 = Y_t^1 + Y_t^2 . \qquad (5)$$

Сонымен, динамикалық жүйенің даму заңын (R_0, R_1, R_2) көрсету керек, яғни L_t және A_t көрсеткіштері динамикасының теңдігі.

L_t^1 - клиенттік база динамикасының теңдігі.

Ерікті сақтандыру нарығының клиенттік базасының өзгеру динамикасы немесе басқа сөзбен айтқанда, сақтандырудың осы секторындағы сақтандырушылардың саны келесі эволюциялық теңдік бойынша құрылады:

$$L_{t+1} = L_t - \mu_t L_t + \Delta_{t+1}. \qquad (6)$$

Бұл жерде, L_0 – t_0 негізгі жылдағы клиенттер базасы берілген болып саналады.

Енді, олардың мағынасын және тапсырма тәсілдерін қысқаша қарастырайық. μ_t – параметрі, бұл t уақыт кезеңіндегі клиенттік базасының кету коэффициенті. Негізгі жылда ол статистикалық мәліметтер бойынша өлшенеді. Ал басқа жылдарда μ_t эксперттік жолмен беріледі. Δ_{t+1} өзгерісі - t жылдың соңында болжанатын $t+1$ жылдағы клиенттік базаның толығуы. Негізгі жылда толықтыру статистикалық үлгі де беріледі, ал басқа жылдарда – эксперттік үлгі де болжам түрінде беріледі.

Мемлекеттің сақтандыру қызметі нарығы әлі жас, оның дамуы тек 1992 жылдан бастау алады. Алайда, қазақстандық сақтандыру қызметін дамытуды сипаттайтын ерекшеліктер бар:

ұсынылатын сақтандыру өнімдерінің (барлық салаға небәрі 32-38 түрлі өнімдер) аздығы;

нарықтың күшті назары (10 ірі компанияның үлесі 80% құрайды);

корпоративтік сақтандыруға акцент;

жинақтаушы сақтандыру түрлерінің дамымауы.

Сақтандыру қызметін талдаған кезде негізі сақтандыру компаниясының зияндылық коэффициенті ескеріледі (сақтандыру төлемдерінің сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы). Қазақстан Республикасында ол әзірше 50%-дан аспай отыр, міндетті сақтандыру сыныбында – 30,2%, ерікті жеке сақтандыру сыныбында – 43,2%, ерікті мүліктік сақтандыру сыныбында – 45,7% болып отыр.

Сонымен қатар, зияндылық коэффициенті кейде 100 немесе одан жоғарыы пайызға жиі өсіп кетіп жатады. Батыстың сақтандырушы компаниялары көбіне сақтандыру сыйлықақыларының көлемін өсіре отырып оларды қаржы нарығына салады, сөйтіп өзінің табыстылығын көтереді, инвестициялық портфельін түрлендіреді және басқа салалардың дамуына ықпал етеді. Қазақстанда мұндай жағдай әлі туар емес. Оған объективті себеп бар: қаржы нарығының жетік дамымауы, тартымды қаржылық құралдардың тапшылығы және т.б.

Бірақ, белсенді болашаққа қарамастан, Қазақстандағы сақтандыру қызметінің дамуында кейбір мәселелер бар:

а) сақтандыру қызметін дамыту үшін сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерін, сақтанушылар санын, сақтандыру шарттары мен объектілерін өсіру керек. Алайда төмен капиталдау сақтандыру ұйымы үшін потенциалды тәуекелдерді алдын ала анықтайды;

ә) сақтандыру қызметін дамыту үшін сақтандыруды салықтық ынталандыру шарасы негізгі фактор болып табылады, әсіресе оның жинақтаушы түрін дамыту үшін. Мысалы, АҚШ пен ЕО елдерінде өмірді сақтандырудың жинақтаушы түрі бойынша сақтандыру сыйлықақылары сақтандыру секторындағы жиналатын сыйлықақылардың 50%-нан асып жығылады. Қазақстанда өмірді сақтандыру бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақылары жалпы сыйлықақы көлемінің 2%-нан аспайды. Бұл көбінесе сақтандыру сыйлықақыларына салық салумен байланысты;

б) көптеген қайта сақтандыру тәуекелдерінің үлесі шетелдерде жүзеге асады, оған біздің елдегі сақтандыру компанияларының төмен капиталдануы себеп;

в) актуарийлерді дайындау және оларды бәсекеге түсіру үшін мамандар жетпеуде, заңнамаға сай лицензия алуға қажетті арнайы курстар өткізу жүйесін реттеу керек;

г) сақтандыру компанияларында ҚЕХС-ын (МСФО) қолданылмай келеді. Ал сақтандыру компанияларында келісім-шарт бекіткенде қаржылық есептің халықаралық жүйесін қолдану шарт. Бұл қазіргі заманның талабы.

Алайда, сақтандыру қызметін дамытуға талпыныс кейбір шараларды анықтайды:

сақтандыру құрылымдарының сенімділігіне және қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу;

сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеу әдістерінің тиімділігін көтеру;

отандық және халықаралық сақтандыру компанияларының ынтымағын құру;

сақтандыру қызметінің нормативтік базасын жаңарту.

Экономиканың және ЖІӨ-нің өсуімен бірге корпоративтік бизнес саласындағы сақтандыру қызметтеріне де сұраныс өсіп келеді. Қазір жалпы корзинадағы оның үлесі 80%-ды құрап отыр. Жақын жылдары бұл көрсеткіш жеке тұлғалар үлесіне қарай өсуі мүмкін. Болашақта жеке сақтандырудан түскен сыйлықақылар міндетті түрде төменгі тұтынушы корзинасын есептеу кезінде ескерілгенде еуропалық деңгейге өтуі мүмкін. Қазіргі кезде сақтандыру индустриясы әлі де қалыптасуда, негізгі қаржылық сызбалар жасалуда, бағасы және сапасы бойынша түрлендірілген жаңа өнімдер құрылуда, заңнама базасы түзелуде.

Сақтандыру қызметі нарығының дамуының тағы бір негізгі мәселесі статистикалық мәліметтер мен басқа да ақпараттар базасының жетіспеуінде. Қазақстандық сақтандыру статистикасының кең базасының болуы ұлттық сақтандыру қызметінің қалыптасуы мәселелерін шешуді жеңілдетер еді және қазақстандық сақтандырушыларға шетелдік мамандардан тәуелсіз тариф мәселелерін тиімді шешуге ықпал етер еді. Тағы бір мәселе, ол тәуекелдердің әлсіз андеррайтингі, ал оның зардабы келешекте кейбір сақтандыру компанияларын қаржылық тұрақсыздыққа, әлде банкроттыққа ұшыратуы мүмкін. Мамандардың жетіспеушілігі бұл да бір дамытуды тежейтін мәселе. Отандық сақтандыру нарығын қарқынды дамыту және оның әлемдік сақтандыру кеңістігіне енуі осы саладағы кадрлардың біліктілігін көтеруді талап етеді. Бүгінгі күндегі кадрлардың біліктілігін көтеруге тежеу болып отырған себеп сақтандыру саласы бойынша маманданған ғылыми-зерттеу институттары мен оқыту орталықтарының жоқтығы.

Жоғарыыда айтып кеткендей, сақтандыруды қарқынды дамытуға серпін беретін нағыз күш - салық салу жүйесін икемді ету. Бұл өз кезегінде нарықтың дамуын және сапалы сақтандыру өнімдерін ұсынуға, сатудан кейінгі қызмет көрсетуді жақсартар еді.

Сондай-ақ, сақтандыру компанияларын тиімді дамытудың қажетті факторы сот жүйесінің төмен тиімділігі. Заңды орындамау, сақтандыру компаниялары және жеке тұлғалар тарапынан сақтандыру оқиғасы туындаған жағдайда өз құқықтарын қорғау механизмдерінің жоқтығы біздің елдегі сақтандыру саласының дамуына кері әсерін тигізуде.

Қазақстан БСҰ-на «ашық режим» тәртібімен енгелі отыр. Бұл деген сөз, онда шетелдегі қайта сақтандырудың экономикалық қажеттілігіне мемлекеттік бақылау жасау кезінде шетелдік операторлардың тікелей қатысуы қамтамасыз етіледі. Бұл үлгі Болгария, Польша, Словакия, АҚШ, Бразилия, Чили мемлекеттерінде қолданылған. Мұндай механизмдер өз территориясындағы ішкі нарығы халықаралық бәсекеге дайын мемлекеттерде енгізілген.

БСҰ-на отандық сақтандыру компанияларының сәтті енуі үшін қолайлы жағдай туғызу негізі мемлекетке байланысты. Мемлекеттік ұйымдардың үлесіне тек сақтандыру компанияларының қызметіне қадағалау жүргізу механизмдерін ұйымдастыру мен отандық сақтандырушыларға жеңілдіктер беру қызметі ғана емес, сонымен қатар экономика және қаржы саласындағы мемлекеттік қызметтің толық кешенін қарастыру секілді міндеттер де кіреді.

Қазақстан Республикасының 2003-2015 жылдарға арналған индустриалды-инновациялық даму стратегиясы қаржы ұйымдарының өндірістік кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатуын қарастырады. Ірі тәуекелдерді төмендете отырып, сақтандырушылар ел экономикасының нақты секторының дамуына өз үлестерін қоса алады. Осыған байланысты мүлікті кешенді сақтандыруды, өндірістегі үзілістердің тәуекелін және машиналармен құралдардың бұзылу тәуекелдерін қайта сақтандыруды жүзеге асыру үшін қазақстандық сақтандырушылардың пулын құру қажеттілігі туындайды. Бұл

өз кезегінде брокерлердің қызметінен бас тарту есебінен қайта сақтандыру құнын төмендетуге және резидент емеске табысына салынатын салығын төлеуді шығарып тастауға мүмкіндік береді.

Сондықтан, еліміздегі сақтандыру қызметін ұйымдастыруды жетілдіру үшін мыналар ұсынылады:

а) сақтандыру пулдарын құруға отандық сақтандырушыларды ынталандыруға бағытталған шаралар кешенін қабылдау. Осындай пулдарды құру сақтандыру қызметінің өзекті мәселесінің бірі - отандық сақтандырушыларды капиталдаудың жетіспеушілігі мәселесін шешудің кілті. Сақтандыру пулдары отандық кәсіпорындарды сапалы, әрі арзан сақтандыру қорғанысымен қамтамасыз етеді;

ә) тәуекелдердің құрылымына соңғы екі жылға статистикалық талдауларды жасай келе, сақтандыру пулдары үшін сақтандырудың (қайта сақтандыру) басым сыныптары ретінде мүлікті, жүктерді, жұмыс берушінің жауапкершілігін, келтірген зияны үшін үшінші жақ алдындағы жауапкершілігін сақтандыруды белгілеу. Қазіргі кезеңде жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі сақтанушылардың сақтандырушы компанияларға деген сенімділігін анықтайтын және сақтандыру компанияларының бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты кез келген сақтандыру компанияларының акционерлері мен менеджерлері нарықтың жоғарыы үлесін алуға тырысады. Осыған орай олар қосымша сақтандыру сыйлықақысын алу үшін, тәуекелдерді өздерінде ұстап қалу мақсатында оларды демпингтейді. Сақтандыру компанияларының қызметі туралы ақпараттарды айқындау стандарттарын жақсарту керек. Жаңа жүйеге мына көрсеткіштер енгізілуі керек: таза сақтандыру сыйлықақысының сомасы және компанияның жеке капиталы, жеке ұстаулар және зияндылықтың жинақталған көрсеткіші, таза табыс. Бұл сақтандыру компанияларының акционерлері мен басшыларының менталитетін өзгертуге мүмкіндік береді.

Сақтандыру қызметтерін сатып алу бойынша тендерлер өткізу жүйесі де терең өзгерістерді талап етіп отыр. Сақтандыру компанияларының ірі тәуекелдердің алдын алуға

талпыныстарын қолдана отырып, тендер ұйымдастырушылар сақтандырушыларды демпингтік баға жариялауға мәжбүрлейді. Әрине әркім ірі клиенттің сақтандырушысы болып, өз ұстауларын минимумға жеткізе отырып үлкен сомадағы сыйлықақыны шығарып алуға тырысады. Сайып келгенде, әрекет етуші тендер жүйесі ірі объектілерді сақтандыруға тендерге қатысуға отандық сақтандырушыларды ынталандырмайды. Сондықтан, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңына қазақстандық сақтандырушылардың жеке ұстауларының өсімін және сақтандыру пулдарының сақтандыру қызметтерін сатып алуды ұйымдастыру тендерлеріне қатынасуын ынталандыруды мақсатында өзгерістер енгізу ұсынылады.

Сақтандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығы трансшекаралық қайта сақтандырусыз мүмкін емес. Алайда, республикадағы жинақталған маңызды қаржылық ресурстарды ескере отырып, отандық сақтандырушылар өз ұстауларында тәуекелдің үлкен бөлігін қалдыруы мүмкін. 2002 жылы резидент еместерге қайта сақтандыруға Қазақстанда жиналған сақтандыру сыйлықақыларының 68%-ы берілді, 2004 жылы – 54%, 2005 жылы - 42,8%, 2006 жылы – 35,2%, 2007 жылы – 32,4%, 2008 жылы – 33,5%, ал 2009 жылдың 01 қаңтарында – 38,9%-ы берілген. Трансшекаралық қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемінің төмендеуі сақтандыру компанияларының жиынтық жеке ұстауларының тез өсуіне пара-пар емес. Қазақстан Республикасы «Сақтандыру туралы» Заңының 15 бабының 5-тарауына сәйкес қайта сақтандырушының Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдарға төлеген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі қаржылық жылдың соңында сақтандыру шарттарымен алынған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының 85%-нан аспауы шарт. Осы орайда ұсынылады:

а) цеденттің Қазақстан Республикасының резиденті емес қайта сақтандырушы ұйымға беретін сыйлықақысының максимальды мүмкін лимитін 80% дейін төмендету керек, ол сыртқа шығатын қайта сақтандыру ағынын азайтады;

ә) Қазақстан Республикасы Салық Кодексінің 115 бабына сақтандыру ұйымдарын комиссиялық сыйақы сомасынан корпоративтік табыс салығын төлеуден босататын өзгерістер енгізу. Өз ұсталымдарын өсіруден пайда табудың орнына қайта сақтандырушыдан комиссия алған тиімді. Сыртқа шығатын қайта сақтандыру кезінде комиссиялық сыйақыдан салық алу сақтандыру сыйлықақысының елден «ағылуын» азайтады;

б) ішке кіретін трансшекаралық қайта сақтандыру ағынын өсіру арқылы валюталық теңсіздік мәселелерін шешу шараларын қабылдау. Әсіресе, қазақстандық сақтандырушылардың халықаралық нарықтарға белсенді шығуын ынталандыру үшін шаралар кешенін әзірлеу керек;

в) отандық сақтандырушы компанияларды шетел клиенттерінен алынған сақтандыру және қайта сақтандыру сыйлықақылары үшін салынатын корпоративтік табыс салығынан 12 жылға дейін босату, ол өз кезегінде отандық сақтандырушы компаниялардың өз қызметтерін трансшекаралық қайта сақтандыруға ұсынуын ынталандырады;

г) Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын халықаралық нарықта әйгілі ету үшін шаралар кешенін ұйымдастыру қажет. Себебі, шетелдердегі потенциалды клиенттер біздің елдің сақтандыру нарығы туралы толық ақпаратты білмей жатады. Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту концепциясына Бермуд аралдарының тәжірибесін қолданған дұрыс деп ойлаймын. Ол мемлекет соңғы екі жылдың ішінде сәйкес заңнаманы қабылдау нәтижесінде сақтандыру және қайта сақтандырудың халықаралық орталығына айналған. Бермудтың қайта сақтандыру нарығы тұрақты, әрі қарқынды даму үстінде. Аралда 1600 сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары бар. 2004 жылы жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 40 млрд. доллардан асып жығылған. Соған қарамастан, капитал ағыны небәрі бірнеше халықаралық ірі сақтандыру компанияларымен ғана қамтамасыз етіледі, олар «Ace», «XL», «Everest Re» және «Partner Re». Бізге де осындай сақтандыру индустриясын құру ауадай қажет. Бірақ біздің жас тәуелсіз мемлекетіміздің тұрақты саяси жағдайы мен Алматы қаласының географиялық

орналасуына орай құрылған қаржылық орталық Орта Азия аймағындағы қайта сақтандырудың ірі ошағына айналуына барлық алғышарттар, мүмкіндіктер зор.

10.7. Сақтандыру нарығының дамыту механизмдері

Бүгінгі таңда сақтандыру нарығының даму проблемаларының негізгілері болып - республикада өмірді және жеке басты сақтандырудың басқа түрлерінің, сақтандыру ұйымдарын корпоративті басқару жүйелерін енгізудің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметі туралы статистикалық және өзге де мәліметтер базасының қол жетерлігін қалыптастыру мен қамтамасыз етудің жеткілікті түрде дамымауы табылады. Сақтандыру секторы проблемаларының ішінде келесілерді атап өткен жөн:

> ұзақ мерзімді және өмірді жинақтаушы сақтандыруды қоскқанда, ерікті сақтандыру бойынша үсынылатын қызметтердің шектеулігі;

> сақтандыру өнімдерінің (сақтандырудың міндетті түрлерінен басқа, бұнда ақы заңдылық негізінде бекітіледі) айтарлықтай қымбат тұруы және оларға сұраныстың төмендігі;

> нарықтағы бірқатар сақтандыру ұйымдарының жеткіліксіз белсенділігі;

> сақтанушылардың сақтандыруға, атап айтканда өмірді сақтандыруға қызығушылығының төмендігі;

> сақтандыру ұйымдары өздерінің тәуекелдерін дұрыс басқара алмауы (анықтау, бағалау, есеп беру);

> сақтандыру ұйымдарының жинақтаушы өмірді сақтандыру келісім-шарттары бойынша сақтанушыларға қарыз беру жүйесінің дамымауы;

> халықтың сақтандыру нарығына деген сенімділігінің төмендігі, сақтандыру ұйымдарындағы қызмет көрсету сапасының төмендігі;

> сақтандыру бизнесі облысындағы алдап-сулаушылық.

Сақтандыру нарығының құқықтық базасындағы едәуір өзгерістердің, сондай-ақ жоғарыыда атап өткен проблеманы шешу жолындағы шаралар ішінде.

Қазақстан Республикасы сақтандыру нарығын дамытудың 2004-2006 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасын ерекше атап өткен жөн. Мақсаты - ұлттық сақтандыру индустриясын одан әрі реформалау. Бағдарламаның алдына қойған негізгі жұмыстары:

> жеке басты сақтандыруды, соның ішінде оның жинақтаушы және ұзақ мерзімді түрлерін дамыту;

> өзара сақтандыру жүйесін дамыту;

> халықтың сақтық мәдениетін жоғарылату;

> сақтандыру ісінің ақпараттық және автоматизация деңгейін жоғарылату;

> міндетті сақтандыру облысында мемлекеттік саясатты дайындау және сақтандыру нарығының инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру;

> сақтандыру аясындағы мамандардың мамандану дәрежесін дайындау және жоғарылату;

> сақтандыру қызметін реттеу мен қадағалау стандарттарын жоғарылату;

> қайта сақтандыру және бірлесіп сақтандыру тетіктерін жетілдіру. Осы бағдарламадан күтілетін нәтижелер:

> ұлттық сақтандыру индустриясының тұрақтылығы мен сенімділігін бекіту;

> жеке сақтандыруға деген сұранысты қалыптастыру;

> сақтандыру нарығының қазіргі заманға сәйкес инфрақұрылымын қалыптастыру;

> халықтың сақтық мәдениет деңгейін жоғарылату;

> міндетті сақтандырудың тиімді жүйесін құру;

> сақтандыру аясындағы кадрлық әлеуетті жақсарту;

> жаңа сақтандыру өнімдері мен технологияларын енгізу;

> сақтандыру қызметтерінің сапасын жақсарту;

> сақтандыру нарығының қатысушыларын қадағалау мен реттеудің тиімділігін жоғарылату.

Сақтандыру ұйымдары қызметінің стандарттарын белгілеу, ұжымдық басқаруды жақсартуды ынталандыру және жинақтаушы өмірді сақтандыруды дамыту үшін ынталандырушы жағдайлар қалыптастыру мақсатында 2004 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасының

"Қазақстан Республикасының салық салу бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы Заңына бірқатар өзгерістер енгізілді. Осы Заң бойынша аннуитеттік сақтандыру бойынша ұжымдық табыс салығының мөлшерлемесін алынуға тиіс сақтандыру сыйақыларының сомасынан 2%-дан 1%-ға төмендетті. Сондай-ақ, 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап жеке тұлғалар мен оларға жұмыс берушілерді жинақтаушы сақтандыруға, соның ішінде аннуитеттік сақтандыруға деген қызығушылығын жоғарылату мақсатында келесідей өзгерістер күшіне енді:

> жинақтаушы сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақыларын төлеуге бағытталған табысқа салық салу сақтандыру төлемдерін алатын уақытқа ауыстырылады;

> жұмыс беруші өз жұмысшысының пайдасына жинақтаушы сақтандыру бойынша төлеген сақтандыру сыйақыларының сомасы жұмысшының табысы саналмайды;

> жеке тұлғаның өз пайдасына жинақтаушы сақтандыру келісімдері бойынша енгізген сақтандыру сыйақыларының сомасы толық көлемінде алуға жіберіледі.

Нарықтың негізгі көрсеткіштерін, соның ішінде нарық сыйымдылығын арттыру және шетелде кайта сақтандыру үлесін төмендетуді ынталандыру мақсатында Қаржы нарығын реттеу және қадағалау агенттігі сақтандыру ұйымдарының капитализациялаудың үш жылдық жоспарын дайындады. Сонымен қатар, осы бағдарламаның мақсаты - сақтандыру ұйымдарының жеткіліктілігінің негізгі көрсеткіштерін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру болып табылады. Бұл өз кезегінде ұйымдардың қаржылық жағдайын нығайтуға және сақтанушылардың тарапынан сенімділіктің жоғарылауына көмегін тигізеді.

Жаһандану және интеграция жағдайларында эффективті сақтандыру секторы жалпы инвестициялық қызықтылығы жағынан да, жеке ірі жобаларды жүзеге асыру жағынан да тиімді. Кешенді түрде сапалы сақтандыру қор нарықтарындағы қаражаттардың шоғырлануына, арзандау несие ресурстарын тартуға және шетел компанияларымен келісім-шарт жасасуға көмегін тигізеді.

Қазіргі кезде әлемдік тәжірибені пайдалану, жаһанды масштаб бағдарламаларына қатысу қажеттілігі анық керінуде. Және де қазіргі кездегі Мемлекеттің сақтандыру нарығындағы позитивті тенденцияларды қарай отырып, 2010 жылға қарсы біз әлеуметтік және қаржылық қауіпсіздікті максимальды қамтамасыз ететін жан-жақты дамыған қаржы қызметтерінің нарығына жетеміз деп айтуға болады.

V-БӨЛІМ
САҚТАНДЫРУ ІСІН ҚАРЖЫЛЫҚ БАСҚАРУ

11. САҚТАНДЫРУ ІСІН ҚАРЖЫЛЫҚ БАСҚАРУ НҰСҚАЛАРЫ

11.1. Сақтандыру ісін басқару қаржылық компаниялары

Қазіргі таңда отандық сақтандыру қызметі нарығын дамыту перспективаларын талдау ғылыми қызығушылық танытуда. Сақтандыру қызметі өркениетті қоғамның ажырамас бөлігі. Осыған орай оның даму стратегиясы республиканың жалпыэкономикалық дамуының стратегиялық міндеттерімен тығыз байланыста болуы шарт. Қоғам мен рыноктың қазіргі талаптарына жауап беретін тұрақты сақтандыру қызметін құру өте күрделі және барлық жүргізілетін қайта құрулардың жүйелі тәсілін, әдістемелік негіздерін талап етеді. Сақтандыру қызметінің бүгінгі таңдағы жағдайы сақтандыру компанияларының басқа елдерде жүргізетін қызметтерін толығымен орындауға мүмкіндік бермейтін үлгінің айтарлықтай қарама-қайшылықтары және кемшіліктері туралы айтуға мүмкіндік береді. Сақтандыру жүйесін реттеуді ұйымдастырудың жетілдірілмегендігі, осы сектордың дамуының мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру механизмдерінің жоқтығы, сақтандыру нарығын реттеу мен қадағалау бойынша өкілеттіліктерді бір инстанциядан екінші инстанцияға үздіксіз беру – осы аталғандар сақтандыру қызметін дамытудың қиыншылықтарының көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 2004 жылдың шілде айында «Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған Бағдарламасын» қабылдады. Бүгінгі таңда сол Бағдарлама қабылданғаннан бергі бес жыл ішінде жоспарланған шаралардың көп бөлігі орындалды. Сақтандыру заңнамасын ЕО және СҚХА сақтық қадағалау қағидаларының басшылық нұсқауларымен үйлестіру бойынша айтарлықтай жұмыстар жүргізілді.

Ұлттық сақтандыру индустриясын реформалау жолдары мен негізгі бағыттары сақтандыру қызметі субъектілерінің іс-әрекетін анықтайтын қабылданған заңнамалық актілерде көрініс тапты.

2006 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (негізгі бөлім) және Қазақстан Республикасының келесі Заңдарына: «Сақтандыру қызметі туралы», «Көлік құралдарының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы», «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы», «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» және басқа да заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қарастыратын «Сақтандыру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Көрсетілген заңдарды қабылдау сақтандыру қызметі субъектілерінің іс-әрекетін реттеу және қадағалау бойынша талаптарды ЕО нормаларына сәйкес жасауға мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген сақтандыру қызметі туралы заңнамада отандық сақтандыру қызметі нарығына шетел инвесторлары мен резидент емес сақтандыру брокерлерін еншілес ұйымдар құру мен республикалық сақтандыру қызметі нарығы дамуының басқа мәселелеріне тартуға жағымды жағдайлар жасалған.

Сақтандыру ұйымдарының қызметін әрі қарай капиталдандыруды қамтамасыз ету мақсатында 2004 жылдың тамызында «Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының жарғылық және меншік капиталының ең аз мөлшерін бекіту туралы» Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау Агенттігі басқармасының қаулысы қабылданды. Қаулы 2005 жылдың 1 желтоқсанынан бастап жүзеге асты. Аталған қаулыға сәйкес, отандық сақтандыру ұйымдарын сатылы капиталдандырудың үш жылдық жоспары енгізілді.

2005 жылдың 1 желтоқсанынан бастап «жалпы сақтандыру» бойынша сақтандыру ұйымдарының меншік капиталының ең аз мөлшері - 80 млн. теңгеге өскен болса, «өмірді сақтандыру» сыныбы бойынша қызмет ететін

ұйымдарда - 300 млн. теңгеге көбейген. Сондай-ақ, жалпы және өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру ұйымдарының меншік капиталы 2007 жылдың желтоқсанында - 120 млн. теңгеге және 2008 жылы желтоқсанда сәйкесінше, 150 млн. теңгеге сатылы түрде өсті.

Жоспарды орындау еліміздегі сақтандыру компанияларының қорлану деңгейін 2007 жылы ЕО директиваларында бекітілген қорланудың ең аз деңгейіне 3-4 млн. еуроға дейін өсіруге мүмкіндік берді. 2006 жылдың 1 желтоқсанында күшіне енген сақтандыру компанияларының қорлануына талаптарды орындаудың мониторингі бойынша тұрақты жұмыс жүргізілген болатын, ал қазіргі кезде сақтандыру компаниялары өз меншік капиталын әрі қарай көбейту бойынша шаралар жүргізуде.

Жалпы алғанда, ұлттық сақтандыру қызметі нарығын дамыту стратегиясын әзірлеу барысында обьъктивті және субъктивті түрдегі келесі талаптар ескерілуі қажет:

сақтандыру қызметі нарығы дамуының ұйымдық тұжырымдамасын әзірлеу;

бағалаудың сапалық және сандық өлшемдерінің жүйесін анықтау және даму бағыттарын таңдау мен негіздеу;

«Қазақстан - 2030» елдің ұзақ ерзімді стратегиясы дамуының негізгі сатыларына сәйкес келетін сақтандыру қызметі нарығының даму стратегияларын, олардың мақсаттары мен міндеттерін әзірлеу;

ұлттық және халықаралық рыноктағы өз орнын нығайту және бәсекелік артықшылықтарын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын сақтандыру жүйесі дамуының стратегиялық бағдарламалары мен жобаларын стратегиялық маңызды бағыттар мен салаларға бағыттай отырып әзірлеу;

әлемдік стандарттарға сай келетін сақтандыру қызметінің даму процестерін реттеу механизмдері жүйесін жасау.

Сақтандыру қызметі дамуының болжамдық көрінісін әзірлеу үрдісінде осы талаптарды ескеру оның рыноктағы күшті және әлсіз жақтарын, даму әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді.

Осыған орай үш түрлі балама болжамды қарастырып кетуге болады: пессимистік, реалистік және оптимистік. Аталған нұсқаларға дамыған бәсекеге қабілетті сақтандыру қызметін

құру үшін стратегиялық мақсаттарға жету механизмдері мен сақтандыру қызметін реттеу жүйесінің дамуына неғұрлым ықтималды үрдіс тән.

Бірінші пессимистік нұсқа: сақтандыру қызметінің дамуын басқару жүйесі құрылымдық өзгеріске ұшырамайды деген пікірді қарастырады. Кейінгі алты-жеті жыл ішінде қолданылып келген сақтандыру қызметін реттеу құралдарын қолдануды жалғастыру саладағы тоқырауға әкеліп, дағдарысқа ұшыратады. Аталған нұсқаны жүзеге асыру әлеуметтік-экономикалық даму факторлары мен жағдайларының әсеріне ұшырауға әкеледі. Ел экономикасы сыртқы экономикалық құрылымның толық әсеріне түседі. Макроэкономикалық тұрақсыздық сақтандыру қызметінің дұрыс емес дамуына әкеп соқтырады. Ал, бұл өз кезегінде рыноктың даму қарқынының төмендеуіне, даму жағдайларының нашарлауына және сақтандыру қызметінің құрылуы мен қызмет етуіне әлеуетті үлкен қатерлердің әсерінің жоғарылауына әкеледі. Өмірді сақтандыру саласы баяу қарқынмен дамып, ағымдағы жағдайда қалуы ықтимал. Осы кезде біздің республикамыз тәжірибе жүзінде сақтық қызмет көрсетулерді толығымен шетелден әкеледі. Нәтижесінде капиталдың мемлекеттен кетуі жүреді. Осы нұсқаның кейбір жағдайларының болу ықтималдығын естен шығармаған дұрыс. Мысалға алсақ, қазіргі кезде республикада жиналған барлық сақтандыру сыйлықақыларының 60%-ы шетелге қайта сақтандыру сыйлықақылары түрінде кетіп жатыр, яғни жауапкершіліктің 40%-ы ғана ішкі сақтандырушыларға жүктеледі. Біздің ойымызша, соңғы бес жылда көзделген үрдістің дамуы дәл осы көрініс бойынша жүру ықтималдылығын айтарлықтай төмендетеді. Алайда, егер болашақта сақтандыру қызметін дамытудың прогрессивті әдістері қолданылмаса, онда отандық сақтандыру компанияларының қызметіне кейбір төніп тұрған қауіптер айдан анық.

Екінші реалистік нұсқа, реалистік көрініс отандық сақтандыру қызметі нарығында қалыптасқан үрдісті толығымен көрсетеді. Болашақтағы оң даму жағдайында мемлекет пен сақтандыру қызметі нарығының негізгі әлеуметтік-

экономикалық көрсеткіштерінің тұрақты өсуі үрдісін атап айтуға болады. Бұл жерде әрбір экономикада кездесетін оң және теріс үрдіс тепе-теңдігі еске алынады. Осыған орай, реалистік болжам негізіне «Қазақстан-2030» стратегиясындағы негізгі пастулаттармен тығыз байланысты сақтандыру қызметі нарығын бағалау алынады. Осы тәсіл сақтандыру саласы дамудың ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасы аясындағы саланы басқару және ұйымдастырудың жоғарыы деңгейіне сатылап өтуін қарастырады. Осындай нақты жағдайлар мен үрдістерді ескере отырып, Мемлекеттің сақтандыру қызметі нарығының реалистік үлгісін құру қажет. Ол үшін реалистік болжам сызбасын 19 - суреттен көрсетуге болады.

Сақтандыру қызметінің дамуын тежейтін келеңсіз факторларды бірден атап өту мүмкін емес, сондықтан мақсатты механизмдерді қолдануға біртіндеп көшу кейінгі қайта құруға жағымды жағдай туғызады. Соңғы 5 жыл ішіндегі экономиканың даму қарқынын сақтай отырып, тұрақтылықты көтере отырып, келеңсіз сыртқы факторлардың әсеріне шалдығу әсерлерін төмендете отырып, осы көріністі оптимистік үлгіге жақындатуға болады.

Үшінші оптимистік нұсқа, ол оптимистік көрініс, яғни ол сақтандыру қызметінің үйлесімді дамуына негізделген, ол "Қазақстан-2030" стратегиясымен тығыз байланыста және қазіргі таңдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялы-индикативті жоспарлары, сонымен қатар сақтандыру және қаржы рыноктарының даму бағдарламасы бізге қаржы нарығының сақтандыру секторының дамуын көрсететін негізгі кезеңдерді осы үлгі бойынша көрсетуге мүмкіндік береді (20 - сурет).

Оптимистік болжам бойынша сақтандыруды - басқарудың факторлық-мақсаттық механизмдері

Оптимистік көрініс бойынша, сақтандыру қызметінің дамуын басқарудың факторлық-мақсаттық механизмдерін толықтай қолдану мүмкін деп қарастырылады. Осындай мүмкіндіктерге қол жеткізу үшін осы механизмдерді өз еліміздегі сақтандыру қызметін басқару тәжірибесіне енгізу

үшін қолайлы жағдай туғызу қажет. Бұл жағдайларға мыналар кіреді:

сақтандыру компанияларының автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу;

жоғарыы білікті мамандар дайындау және оларды қайта дайындаудан өткізу үшін өте мықты білім беру базасын құру (сақтандыру компанияның менеджері, агенттер, брокерлер, актуарийлер, сэджастерлер, т.б.);

сақтандыру қызметін дамытудың жаңа қағидаларына көшу, стратегиялық мақсаттардың ішінде қысқа мерзімді мақсаттардың басымдылығынан кету.

Жоғарыыда көрсетілген отандық сақтандыру қызметі дамуының үш түрлі үлгісінде келесі фактіні: Мемлекеттің БСҰ-на кіруінің жоғарыы бәсекелестік жағдайында қазақстандық сақтандыру компаниялары дамуының негізгі белгілерін (өлшемі, белгісі) ескеру қажет.

Қазіргі кезеңде 1995 жылы құрылған аталған халықаралық ұйым бүкіләлемдік сауданы ырықтандыру және жаһандандыру идеяларын жүзеге асырушы және 145 мемлекет мүшелікке кіретін осы ұйым мемлекеттер арасындағы құқықтық қарым-қатынасты реттеуші негізгі құралдардың бірі. Бұл ұйымға ҚХР (Қытай) кіргеннен бері ол бүкіләлемдік сауданы қамтиды.

Рыноктардың ашылуы мемлекеттер арасындағы бәсекеге бірыңғай жағдай туғызады. Әрине, шетелдік сақтандыру компанияларының бәсекелестер үлгісінде пайда болуы (халықаралық рынокқа шығу салдарынан) қаржылық қызмет көрсету нарығының дамуына жағымды әсер етеді. Әйтсе де, еліміздің қаржы нарығындағы ең әлсіз тізбек – сақтандыру қызметі.

БСҰ-на кірген елдердің ішінде Венгрияның тәжірибесін қарауға болады, ондағы жергілікті сақтандыру компаниялары халықаралық бәсекелестікке қарсылық көрсете алмау салдарынан бұл елдің сақтандыру нарығында бірде-бір отандық сақтандырушы қалмады. Қазақстанда қазіргі кездің өзінде жергілікті компаниялар шетелдік әріптестерінің қатаң бәсекелестігіне ұшырап отыр. Отандық сақтандыру компаниялары үшін негізгі кедергілер мұнай және металлургия

өнеркәсібінің кәсіпорындары, сақтандыруға қызығушылық тудыратын шетелдік өкілдіктер, көбінесе өз бизнестерін халықаралық делдалдар арқылы сақтандырады. Отандық сақтандыру компанияларының үлесі осы компаниялардың сақтандыруға деген сақтандыру сыйлықақысының барлық көлемінің 1%-ы ғана болып табылады.

Мемлекеттің БСҰ-на кіру үрдісінің бірі – ЕО Директиваларын қаржылық заңнамамен үйлестіру. Қазақстанда 2007 жылға дейін ҚР-ң заңнамасын кезеңдік үйлестіру қарастырылған, ол ЕО-пен сақтандыру қызметі субъектілерінің қызметін реттейді. Бейімделудің негізгі бағыттары 2004 жылдың 1 шілдесіндегі "ҚР-ң 2004-2006 жылдардағы сақтандыру нарығының дамыту бағдарламасы" мен 2003 жылғы 28-шілдедегі "ҚР қаржы секторының даму тұжырымдамасында" көрсетілген.

Осы жерде айта кеткен жөн болар, шетелдік мамандардың айтуы бойынша, қазіргі кезде сақтандыру компанияларының қызметін реттеу моделі ЕО-та көрсетілген бағыттарға сәйкес болу керек. Мемлекеттің сақтандыру қызметінің нарығы осы бағыттарға сәйкес дамуы керек, олар:

Біріншіден, Мемлекеттің сақтандыру жүйесі тарихи тұрғыдан алғанда дамыған индустриялды елдермен салыстырғанда кейінірек қалыптасты. Әсіресе бұл алшақтық 1918-1988 жылдардағы мемлекеттік сақтандыру монополиясы кезеңінде ұлғая түсті. Ал бүгін біз осы артта қалушылықты жеңудің алғашқы қадамдарын жасап отырмыз, бұл қадамдар еліміздің ішінде болып жатқан отандық сақтандыру қызметі нарығындағы келеңсіз үдеріс арқылы тежеліп отыр.

Екіншіден, қазіргі кезеңде сақтандыру қызметі қай елде болмасын оқшау өмір сүре алмайды, ол үшін қайта сақтандыру арнасы арқылы тәуекелді халықаралық қайта бөлуге қатысу керек. Қазақстан өзінің тарихи және географиялық ерекшеліктерінің арқасында кен өндіру саласында үлкен тәуекелдерге ие болды. Бұл баламалылық қайта сақтандыруды қажет етеді және сол үшін де Қазақстан күннен күнге тәуекелдерді қайта бөлудің дүниежүзілік үдерістеріне қатысуға мәжбүр.

Үшіншіден, қазіргі таңдағы сақтандыру қызметіне дамыған филиалдары бар, еншілес компаниялар мен әлем елдерінде өкілеттігі бар көптеген халықаралық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары қатысады. Дәл осы ұйымдар бүгінгі сақтандыру қызметі нарығының таңдаулы көшбасшысы болып отыр.

Мемлекеттің БСҰ-на кіргелі тұрған шағында шетелдік компаниялардың қазақстандық сақтандыру қызметі нарығына енуі жағдайында отандық сақтандырушылар мен шетелдік сақтандырушылар арасында бәсекелестік туар жағдайда, сақтандыру ісін ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесін қолдану өте қажет.

Төртіншіден, қазіргі кезеңде рыноктық экономиканың жаһандану үдерістерінің салдарынан мемлекеттік реттеу ұлттық сақтандыру жүйесінің шегінен тыс шығып кетеді. Көп жағдайда реттеу қызметі мемлекетаралық деңгейге ауыстырылады. Сақтандыру қызметінің халықаралық нарығына кіру кезеңінде еліміз сақтандыру ісін және оны реттеудің халықаралық стандарттарын енгізудің қажеттілігін сезініп отыр.

Бесіншіден, шоғырлану үдерісіндегі Қазақстанға, ТМД елдеріне және жақын шетелдерге еуропалық тәжірибені ескеру жөн, себебі ЕО бұл күнде шоғырланудың ең мықты түрі.

Осы ұсынылған болжамдар қазіргі кезеңдегі үрдістерден туындайды және ол әртүрлі экономикалық жеке саяси факторлардың әсерінен өзгерістерге ұшырауы ықтимал, бірақ ол өзінің жалпы мазмұны мен мақсатын өзгертпейді.

Қазақстан заңнамасына сүйенсек, сақтандыру компанияларының резервтерін орналастырудың негізгі әдістерінің бірі – әртүрлі бағалы қағаздар салымы. Барлық дамыған елдерде әртүрлі зейнетақы және инвестициялық қорлармен қатар сақтандыру компаниялары бағалы қағаздар нарығындағы негізгі институционалды инвесторлар болып табылады.

Бұл сақтандыру секторындағы компаниялардың ақшаны ұзақ мерзімге сала алу мүмкіндігінен туады, бұл өзі салымдарының тәуекелдігін төмендетудің (азайтудың) кепілі

және дәл қазіргі болып жатқан толқуларға ұшырамайтын, ең жоғарығы пайда алудың кепілі.

11.2. Сақтандыру ісін басқару модельдері

Шетелдік тәжірибе ретінде - еліміздің экономикалық, саяси және басқа да қатынастары бойынша серіктес елдерінің сақтандыру нарықтары жайлы қарастыратын болсақ онда, Қытай Халық Республикасы мен АҚШ-тың нарықтарын зерттейік.

Қытай Халық Республикасының сақтандыру нарығы - **с**ақтандыру нарығы Қытайдың ақша-несие нарығының маңызды құрамдас бөлігі. Қытай Халық Республикасыдағы сақтандыру негізінен мүлікті сақтандыру, азаматтық жауапкершілікті сақтандыру, кепілді сақтандыру және жеке сақтандыру сияқты төрт негізгі сақтандыру түріне бөлінеді. Қазіргі кезде Қытайда сақтандыру компаниялары сақтандырудың 400 түрі бойынша қызмет көрсетеді. Қытайдың сақтандыру мекемелерінің ішінде ерікті және міндетті болып бөлінетін қайта сақтандыру операциялары кеңінен тараған.

Реформалардың тереңдеуі және Қытай Халық Республикасы сақтандыру нарығының ашыла түсуіне байланысты сақтандыру операцияларының, әсіресе өмірді сақтандыру операцияларының қарқынды дамуы өтіп жатты. Егер 1997 жылы өмірді сақтандырудан түсетін табыстар сақтандыру табыстарының 55%-н құраса, 1998 жылы 60%-ды құрады. 1998 жылы Қытай Халық Республикасының сақтандыру саласының табыстары 124,7 млрд юань (15 млрд $), оның ішінде 49,96 млрд юань (8,2 млрд $) - мүлікті сақтандырудан, 68,3 млрд юань (8,2 млрд $) - өмірді сақтандырудан түссе, қалған сақтандыру операцияларынан түскен табыс - 6,5 млрд юань немесе 783 млн $ құрады. Дәл сол жылы мүліктік нүқсандар бойынша және қысқа мерзімді жеке сақтандыру бойынша өтемдер 31,8 млрд юань (3,8 млрд $) құрады. Өмірді сақтандыру бойынша етемдер 23,8 млрд юань немесе 2,9 млрд $ құрады. Қытай Халық Республикасы ұлттық экономикасындағы сақтандыру саласының үлесі жылдан-жылға өсуде. Осылайша,

ЖІӨ-дегі сақтандыру саласының үлесі 1960 жылы 0,25%-дан 1998 жылы 1,48%-ға дейін өсті..

Соңғы 20 жылы Қытай Халық Республикасының сақтандыру саласының орташа жылдық өсу қарқыны 34% құрайды. Бұл жайлы төмендегі 4-кесте мәліметтерінен керуге болады.

4-кесте

Қытайдағы сақтандыру саласының 1990-2003 жылдардағы табыстары (млрд юань).

Жыл	1995	1996	1997	1998	2001	2003
Табыс	59,5	77,7	108,0	124,7	210,9	388,0

2002 жылдың басындағы жағдай бойынша Қытай Халық Республикасында 52 сақтандыру компаниясы, оның ішінде мүлікті сақтандыру бойынша - 22, өмірді сақтандыру бойынша - 26, қайта сақтандыру бойынша - 1, екі сақтандыру тобы және бір "саяси" сақтандыру компаниясы жұмыс істеді. 2004 жылдың ортасындағы жағдай бойынша барлық сақтандыру компанияларының активтерінің сомасы 1 трлн юаньға (120,5 млрд $) жуық мөлшерді құрады.

Елдің сақтандыру нарығында акционерлік және шетел компанияларының болғандығына қарамастан, елдің сақтандыру нарығының едәуір үлесін бұрынғыдай мемлекеттік сақтандыру компаниялары бақылап отырады. Мысалы, өмірді сақтандырудың Қытай компаниясының үлесіне елдегі өмірді сақтандыру көлемінің 52% келеді. Екінші орында "Пинань" компаниясы (24%) тұр. "Тайпинян" компаниясы 11%-ды, ал "Синьхуа" компаниясы 3,5%-ды бақылайды. Осылайша, қазіргі кезде тек төрт сақтандыру компаниялары ғана Қытайдағы өмірді сақтандырудың 90%-н қолында шоғырландырған.

2000 жылдың басында Қытай Халық Республикасында ресми түрде 13 ұлттық сақтандыру компаниясы (шетелдік және бірлескен сақтандыру компанияларын қоспағанда) тіркелген болатын. Оның ішінде 2 - бас сақ-тандыру компаниялары, 7 - мүлікті сақтандыру компаниялары, 3 - өмірді сақтандыру

компаниялары, 1- қайта сақтандыру компаниясы. Территориялық белгісі бойынша олар 8 жалпы мемлекеттік сақтандыру компания-ларына және 5 аймақтық сақтандыру компанияларына бөлінеді. Жалпы мемлекеттік сақтандыру компанияларының 10 мыңдай бөлімшелері мен операциялық пункгері бар. Қызметкерлерінің саны - 150 мың адам.

Қытай сақтандыру компаниялары 250 мыңнан астам сақтандыру агенттерінің қызметін пайдаланады. Қытай басшылығының елді сыртқы экономикалық қатынастарға ашық екендігін жариялануымен сақтандыру нарығына шетелдік сақтандырушылар ене бастады "Страховое дело" журналы, 2/2005, 57-бет.

Өкілеттіктердің ең көп санымен Австралия, Ұлыбритания, Германия, Гонконг, Италия, Канада, Корея, Нидерланды, Сингапур, АҚШ, Тайвань, Франция, Швейцария және Жапония сақтандыру компаниялары ерекшеленеді. АҚШтың, Канаданың, Жапония мен Ұлыбританияның 9 сақтандыру компаниясы Шанхайда және Гуанчжоуда 12 операциялық агенттіктердің негізін салды. Ал 17 елдің 113 сақтандыру компаниясы Қытай Халық Республикасында 202 өкілеттігін құрды. Сақтандыру саласының өсу қарқыны 2003 жылы ЖІӨ-нің өсу қарқынынан 7%-ға артық болды. Сақтандыру саласы құрылымдық реформаны жүзеге асыра және есептеулер жүйесін жетілдіре алды.

2004 жылдың басындағы жағдай бойынша, Қытай Халық Республикасында шет елдің қатысуымен 37 сақтандыру компаниясы және де 300-ге жуық басқа шетелдің сақтандыру мекемелері (өкілеттіктер, агенттіктер және тағы басқалар) бар.

АҚШ сақтандыру нарығ, - қазіргі кездегі Америка Құрама Штаттарындағы сақтандыру нарығы мен бизнесі әлемде ең жақсы дамыған нарық болып табылады.

Америка Құрама Штаттарының монополиялары дамыған елдердегі бүкіл сақтандыру нарығының 50%-дан астамын бақылап отырады. Америка Құрама Штаттарыда 10 мыңдай сақтандыру компаниялары жұмыс жасайды, олардың 8 мыңнан астамы мүліктік сақтандыруды жүзеге асырады. Америка Құрама Штаттары әр штаты өзінің сақтандыру туралы заңы

және сақтық бақылауы болады, сондықтан да ол жақта бірыңғай сақтандыру туралы заң және сақтық бақылау органы жоқ.

Әрине, әр штат өзінің жарғылық капиталын, көрсетілетін сақтандыру түрлерін бекітеді, өзіне қарасты сақтандыру ұйымдарына бақылау жүргізеді. Сақтандыру қызметін қадағалап, реттейді, брокерлерге, агенттерге және сақтандыру компанияларына лицензиялар береді.

Америка Құрама Штаттарында сақтандыру ұйымдарының екі типі бар: акционерлік қоғамдар және өзара сақтандыру қоғамдары. Ол жақта мемлекет-тік сақтандыру компаниялары жоқ. Компания акцияларын жеке және заңды тұлғалар иеленеді. Америка Құрама Штаттарында тарихи түрде сақтандыру компаниялары арасында өзара сақтандыру қоғамдарының үлесі болады деген ой қалыптасқан, бірақ олардың саны акционерлік қоғамдардан әлдеқайда азырақ.

Ел ішінде сақтандырудың үш типі қалыптасқан:

1) бенефиттер (өмір мен денсаулықты сақтандыру зейнетақыны сақтандыру, жинақтаушы, автокөліктерді сақтандыру, медициналық сақтандыру жане т.б.).

2) жеке мүліктік (бұл жерге құрылыстарды сақтандыру, автокөлікті және азаматтардың өзге де мүлкін сақтандыру жатады);

3) коммерциялық (сақтандырудың барлық басқа түрлері).

Қазіргі кезде АҚШ-тың барлық сақтандыру компанияларының активтері 2 трлн доллардай соманы құрайды немесе орта есеппен алғанда әр компанияға 200 млн доллардан келеді. Барлық сақтандырушылар бақыланып отырады. Олардың қызметі: A.M.BEST, Moody S, Standart & Poors сияқты үш консал-тингтік компаниялармен талданады. Бұл компаниялар қаржылық жағдайы туралы хабарлайды, сақтандырушылардың қызметі бойынша каталогтар шығарады, сенімділік рейтингін және төлем қабілеттілігі туралы мәліметтерді жариялайды.

Брокерлік компаниялардың айрықшалықты бөлімшелері болады. Бұл бөлімшелер басқа компаниялардың қызметін талдайды, олардың қаржылық жағдайын, төлемдерін, сервистік

қызмет көрсету деңгейін, қызметіндегі икемділікті, қызметтер бағасын және тағы басқаларды зерттейді.

Сақтандырушы қызметінің тиімді критерийі болып жоғалтулар деңгейі, табыстар және инвестициялар бойынша пайдалық коэффициенті дебиторлық қарыз деңгейі саналады.

Америка Құрама Штаттарында өмірді сақтандыру бойынша ірі сақтандыру компаниялары жоғарыы авторитетке ие, сондықтан да олардың қызметіне әртұрлі зеинетақы қорларына тиесілі бірнеше миллиардтық ақша қаражаттарын капиталды одан әрі көбейту мақсатында береді. Бұл қаражаттарды басқарғаны үшін сақтандыру компаниялары комиссиондық сыйақы (шамамен 0,1%) алады.

Америка Құрама Штаттарының сақтандырушылары өндірістік корпорациялармен тығыз байланыста. Осылайша, өндірістік корпорациялардың әрбір 100 директорлар кеңесінің 27-де сақтандырушылар отырады.

Сақтандыру ұйымдарының ұйымдық негізін акционерлік қоғамдар мен өзара сақтандыру қоғамдары құрайды. Андеррайтерлер мен сақтандыру брокерлерінің - сақтандыру агенттерінің немесе тәуелсіз брокерлік фирмалардың институты бар. Осылайша, өмірді сақтандыру бойынша "Пруденшл" ірі сақтандыру қоғамының 20 мыңнан астам сақтандыру брокерлері бар. Сондай-ақ, "Марш-Макленан", "Александр энд Александр", "Фрек Холл", "Фред С.Джеймс" және брокерлік фирмаларды атап өтуге болады.

Кейінгі уақытта Америка Құрама Штаттарының көптеген штаттарында мөлшерлемелер (сақтандыру төлемдерінің) қозғалысына шектеу алынып тасталып, кейбір жағдайларда олар 40 пайызға дейін төмендеді. Бұл көптеген сақ сақтандыру компанияларының, әсіресе мүлікті сақтандырушы компаниялардың шығындалуына әкеліп соқтырды.

Америка Құрама Штаттарының сақтандыру компаниялары қаржылық конгломераттар деп айтса да болады. Олар өздерінің еншілес компаниялары арқылы өздерінің негізгі қызметінен баска несиелер мен қарыздар беру, клиенттерге чектік қызмет көрсету, есептесуші несиелік карточкалар эмиссиялау, мүлікпен, бағалы қағаздармен операциялар жүргізу, клиенттің тапсырысы

бойынша мүлікті және капиталды басқару сияқты кызметтер атқарады. Сақтандыру ісінің қаржылық негіздерін одан әрі интернационализациялаудыы жүргізуде, 70-жылдардағы халықаралық сақтандыру нарығындағы қатаң бәсекеден кейін Америка Құрама Штаттарының үлесі өскені айқындалуда.

Жетекші сақтандыру компанияларына "Стейт фарм мьючуэл отомобил ин-шуранс компани" трансұлттық компаниясы жатады. Бұл компания 1922 жылы Иллинойс штатында негізі қаланып, көлікті, мүлікті, жазатайым уақиғалардан, авиацияны сақтандырумен және қайта сақтандырумен айналысады. Жиналған сыйақыларының көлемі бойынша әлемдегі алғашқы орындардың бірінде.

Басқа ірі компаниялар болып 1868 жылы Нью-Йоркте құрылып, өзара келісім негізінде өмірді сақтандыратын "Метрополитен Лайф иншуранс К°" компаниясы, жетекші диверсификацияланған компаниялардың бірі болып саналатын, "Коннектикут дженерэл корпорейшн" және "ИНА корпорейшн" деген екі ескі қоғамның бірігуі нәтижесінде 1982 жылы құрылған "Сигма" компаниясы табылады. Бұл "Сигма" компаниясы мүлікті және жауапкершілікті сақтандырады.

"Американ Интернешл групп (АИГ)" - жетекші халықаралық диверсифика-цияланған сақтандыру топтарының және Америка Құрама Штаттарындағы саудалық және өндірістік тәуекелдерді сақтандырушы ірі компаниялардың бірі. Кейіннен бұл компания холдингтік компанияға айналып, қазіргі кезде 130 елде 44 еншілес компаниясын басқарып отыр. Тек қызметкерлерінің саны 28 мыңнан астам адамды құрайды.

Сондай-ақ, ірі сақтандыру компаниялары болып:

1853 жылы құрылған "Континентал корпорейшн" компаниясы;

1876 жылы құрылған "Пруденшл Иншуранс оф Америка" компаниясы;

1913 жылы құрылған "Олстейт Иншуранс компани" компаниясы саналады.

Көріп отырғанымыздай, әрине бұл елдердің сақтандыру нарығының даму деңгейі, олардың сақтандыру компанияларының қаржылық көрсеткіштері біздің еліміздегі

жағдайдан артық. Бірақ, жоғарыыда көрсетілген еліміздің сақтандыру нарығының мәліметтерін ескере отырып, республикадағы сақтандыру компанияларының жағдайы бірер жылдан соң осындай елдердің компаниялары қатарына қосылады деп үлкен сенімділікпен айтуға болады.

Сақтандыруды барлық елдер үшін маңызды институт деп және нарықтық экономиканың тұрақты дамуының факторы деп тану экономикалық аксиома болды. Сақтандыру кез-келген елдің тұрақты және тепе-теңдік дамуына себебін тигізетін ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі. Біздің республикамызда соңғы жылдары сақтандырудың пайда болуы мен дамуы өтуде. Сақтандырудың қалыптасуы мен дамуы бірқатар проблемалармен ұштасуда.

Сақтандыру қызметі нарығы реформаланушы экономиканың төмендегілерге әсер ететін маңызды секторларының бірі:

мүліктік нұқсан мен табыстағы жоғалтуларды толық және уақтылы өтеуге;

сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметі арқылы сақтандыру қорларының уақытша бос ақша қаражаттарын (сақтандыру резервтерін, меншік капиталын) тиімді пайдалануға;

елдің мемлекеттік бюджетінің табыстық бөлігін сақтандыру операцияларынан түсетін табыс есебінен толықтыруға.

Жоғарыыдағы талдау негізінде төмендегідей қорытындыға келдім:

Нарықтық экономика сақтандыру нарығының дамыған инфрақұрылымын көздейді. Оның құрамына мыналар кіреді:

сақтандыру операцияларын реттеудің құқықтық тетігі;

сақтанушыларға қызмет ететін субъектілер, заңды тұлғалар;

банктік ұйымдар,

кеңес беруші фирмалар, кадрлар дайындау бойынша мекемелер, ақпарат, баспа, жарнама, т.б. органдары.

• Сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу екі фактімен анықталады: тұтынушы қорғанысымен және үкіметтің жүргізетін экономикалық саясатымен.

• Инвестициялық қызметті жетілдіру үшін, оның ақырғы нәтижелерін жақсарту үшін сақтандыру компанияларына қаржылық ресурстарды басқаратын бөлім құру керек. Бұл бөлім уақытша бос ақша қаражаттарын инвестициялаудың нарықтық жағдайларын зерттейді, көптеген инвестициялық жобалардың ішінен тиімдісін таңдаумен айналысады. Банктік тәжірибені зерттеу көрсеткендей, қаржы нарығының дамуымен банктік және сақтандыру институттарының жақындасуы байқалды. Дәл осы банк және сақтандыру қызметтерінің ұштасуында соңғы он жылы революциялық өзгерістер болды. Бұл "банктік сақтандыру" идеясымен байланысты. Банктік сақтандыру халық пен корпоративті клиенттерге сақтандыру және банк қызметтерін бірге ұсыну.

Сақтандыру компанияларының тиімді жұмыс істеуінде олардың сақтандыру нарығындағы алатын орыны маңызды рөл алады. Бұл көрсеткіш екі өзара байланысты компоненттерге байланысты: қаржылық және қоғамдық. Рейтингті анықтау зерттеулердің түрлі тәсілдерімен анықталады.

Қаржылық-экономикалық дағдарыс және экономикалық тұрақсыздық жағдайында сақтандыру нарығы әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ете алатын экономикалық тетіктердің бірі болып саналады. Ол халық қаражаттарын ел экономикасына тарту арқылы экономиканың өсуіне алғышарт жасайды, сондай-ақ, азаматтар мен ұйымдарды сақтандыру арқылы оларға сенім ұялатады.

11.3. Сақтандыру ісін басқарудың шетелдік тәжірибелері

Тәуекелдің тұжырымдамасы адамзатқа ежелден-ақ таныс. Өйткені тәуекел біздің өміріміздің ажырамас бөлігі болып келеді. Тәуекел – менеджмент сақтандыру компаниясының қызметінде пайда болған тәуекелді болдырмау немесе алдын алуға бағытталған кешендік сипаттағы қаржылық, ұйымдастырушылық, талдамалы іс-шаралар жиынтығы.

Сақтандыру компанияларының қызметтері көп жағдайда тәуекелмен байланысты және оған тәуелді. Тәуекел қаупін сезінген клиент сақтандырушыға баруға мәжбүр болады. Сондықтан, сақтандыру компаниялары үшін ең маңыздысы тәуекел-менеджменттің өз көкейкесті жүйесін құру болып табылады.

Сақтандыру компаниясы бір уақытта тәуекелді басқарудың объектісі, әрі субъектісі бола алады: ол тәуекелдік жағдайын күшейте алады, сонысымен сақтандыру қорғанысын көтере алады.

Сақтандыру компаниясы қызметінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты күрделі тәуекелділік жағдайында жұмыс істей алады, сәйкесінше тәуекелді басқару механизмдерін қолдануды қажет етеді. Сақтандыру компаниясы қызметінің әрдайым күрделенуі жағдайында сақтандыру портфельінің түсінігі мен оның баланстылығын нақтылау талап етіледі: тәуекелді уақытында ескерту механизмін келешекте жетілдіру қажет, әсіресе нақты сақтандырушы үшін жүйелі сипаттағы тәуекелдерді жетілдірген дұрыс деп ойлаймын.

Активтерді инвестициялаудағы тәуекел проблемасы мен оларды басқару сақтандыру компаниясының инвестициялық портфельь құрамында негізгі орындардың бірін алады. Өтпелі экономика жағдайында тұрақты экономикамен салыстырғанда тәуекел жоғарыы болып келеді. Қазіргі таңда Қазақстанда жекелеген эмитенттерге деген сенімділік, мемлекет пен клиенттердің (тұтынушылардың) сенімі маңызды мәселеге айналды, практикада бұл проблемалар бәріне де қатысты болғандығын байқауға болады. Дегенмен, біздің ойымызша, тәуекелдер проблемасы әлі де аяғына дейін түбегейлі зерттелмеген, сақтандыру компаниясының іс-әрекетіне, қызметіне енгізілмеген болып қалады. Сондықтан да, әр түрлі тәуекелдерден сақтану әдістері сақтандыру практикасында әлі де жеткіліксіз қолдануда.

Компаниялардың тәуекелдерін басқару кешенді үдеріс болып, бұл үдерісте сақтандыру элементтері компанияның өзінің ішіндегі тәуекелді басқаруымен сәйкес болуы керек. Мұндай өзара әрекеттестік тәуекелдерді мүмкіндігінше ең

жоғарыы басқаруда шығындарды үнемдеуге мүмкіндік береді, бірақ бұл үшін бірінші кезекте сақтандыру компаниясының қызметін қолданудағы тиімділікті анықтау керек. Тәуекелді сақтандыру өнімдердің өзіндік құнын айтарлықтай ұлғайту қабілеттігіне ие екенін ұмытпау керек, ал бұл өнімдердің нарықтағы тартымдылығы мен бәсеке қабілеттігіне теріс әсер етеді.

ҚҚА-нің өкілі Е. Бахмутованың ойынша, сақтандыру ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйелерін ендіру перспективті мақсат болып және сақтандыру мен сақтандыру қызметі туралы заңдылықтың сақтық қадағалау бойынша европалық директиваларымен және Халықаралық Сақтық Қадағалау Ассоциациясының сақтық қадағалауының негізгі қағидалары және стандарттарымен біртіндеп сәйкестендіру шеңберінде жүзеге асырылады.

Осыған байланысты Г. Қасымқановаңың бүгінгі күні жеткілікті дәрежеде резерв жасамау – сақтандыру компаниясы сақтандыру резервтерінің мәнін жеткілікті бағаламау және тиісінше оларды жеткілікті дәрежеде жинақтамау проблемасы бар екендігі туралы қорытындыға көңіл бөлу керек. Тәуекелдердің дұрыс бағаламауын жүргізу арқылы, резервтердің жетіспеу ықтималдылығына және мүмкін болатын қаржылық қиындықтарға тап боласың.

Оның ойынша, сақтандыру секторында бүгінгі тәуекел – менеджменттің әдістемелік базасы жоқтың қасы. Әрбір компания тәуекелдің бағалау әдістемесін өздігінше дайындайды.

Г. Қасымқановаңың айтуынша, жасалған сақтандыру келісім-шарттары бойынша алынған мәліметтерді орындау үшін компанияның актуарий есептеген көлемде қалыптастырылған сақтандыру резервтері болуы керек. Сақтандыру резервтерін есептеу актуариймен жүзеге асырылады. Қосымша тәуекел болған жағдайда компания осы келісім-шарттар бойынша мүмкін болатын тәуекелдерді жабатын қосымша резервтер қалыптастыруы керек. Ал осы жердегі проблема – мүмкін болатын тәуекелді мүмкіндігінше нақтырақ бағалау. Қазақстандық сақтандыру нарығында тәуекел – менеджментті бағалаудың әдістемелік базасы енді қалыптасып келе

жатқандықтан компаниялар сақтандыру резервтерін ұлғайтуға көп көңіл бөледі. Қазіргі кездегі норматив тәуекелдің нақты бағалауының емес, сыйақы мөлшерімен есептеледі, кейде қателіктер актуарийлердің кінәсінен болады. Халықаралық нарықтарда әдеттегі тәжірибе қаржыларды ең жоғарыы деңгейде резервте сақтау кезіндегі сақтандыру резервтерін қалыптастырудағы консервативті жол болып табылады.

Әдебиеттерге шолу көрсетіп отырғандай, сақтандыру резервтерін инвестициялаудағы кезкелген операцияда тәуекел болады, өйткені тәуекелсіз кәсіпкерлік жоқ. Инвестициялық операцияларды басқару – негізінен, сақтандыру компаниясының инвестициялық портфельінің тәуекелін басқару.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, тәуекел ұғымы қор нарығы ұғымымен тікелей байланысты. Кез келген қаржылық құралға өз қаржыларын сала отырып, сақтандыру компаниясы мүмкін болатын тәуекелге ұшырайды [70]. Бұл шығындары қаншалықты болжамды болғанын, сақтандыру компаниясының қаржылық жағдайына олардың әсері қаншалықты болатынын компанияның тәуекелді басқару ішкі саясатымен анықталады. Өкінішке орай, Мемлекеттің көптеген сақтандыру компаниялары үшін өз тұжырымдамасын құру мен тәуекелді басқару саясаты көптеген себептерге байланысты мүмкін болмай отыр. Негізгі факторлар арқылы мыналарды бөліп көрсетуге болады:

өз күшімен тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын құру және енгізу көптеген қаржылық шығынды және уақытты талап етеді;

тәуекелді басқарудағы консалтингтік нарықтың жоқтығы, соған байланысты көптеген инвесторлардың, сақтандырушылардың сыртқы консультанттармен жұмыс істеуіне кедергі бар.

Сақтандыру компанияларына байланысты тәуекелдерді басқарудағы мәселе мәні активтер мен міндеттердің оңтайлы баланстылығынан тұрады. Бұл басқарудың негізі активтер мен пассивтерге сай инвестициялар тәуекелін басқару болса да, екінші бөлігін де ұмытпау керек – сақтандыру резервтерінің пайдалылығы мен табыстылығы. Тәуекел мен табыстылық

арасындағы бәсекелестік, олардың арасындағы оңтайлы арақатынасқа көңіл бөлуді міндеттейді. Осыған байланысты мынадай сұрақтар туындайды:

а) тәуекел мен табыстылықты қалай анықтауға болады?

ә) корпорацияның барлық алдына қойған белгілі және белгісіз мақсаттарын, қағидалары мен эталондарын ескере отырып, тәуекел мен табыстылықты қалай басқаруға болады?

Пайда табу және тәуекел тығыз байланысты және бөлінбейтін ұғымдар. Қор нарығында жұмыс істегенде тәуекел әрқашан болған және болады. Сақтандыру компаниялары кезкелген қаржылық құралмен бірге жүретін тәуекелді автоматты түрде қабылдайды. Сақтандыру компаниялары сақтандыру резервтерін инвестициялағанда әртүрлі тәуекел түрлерімен кездеседі.

Бағалық тәуекел сақтандыру компаниясы инвестициялық портфельіндегі бағалы қағаздарды сатуды ұйғарған кезде пайда болады. Егер сақтандыру компаниясының қолында инвестициялық портфелі болса, біраз уақыттан кейін оның инвестициялық портфельінің нарықтық бағасы төмендеуі мүмкін. Оның себебі – инвестициялық портфельдегі активтердің болашақтағы бағалары нақты белгісіз. Осындай тәуекелге сақтандыру компаниялары әрқашан ұшырап отырады. Ол баға өзгеру тәуекелі немесе бағалық тәуекел деп аталады.

Оны келесі кестеден көруге болады.

11-кесте

Сақтандыру компанияларының инвестициялық тәуекелдерінің сыныпталуы

Тәуекел	Мысал
Баға өзгеруі тәуекелі	Активтер бағасы сақтандыру компаниялары оны сатуға мәжбүр болғанда төмендейді.
Төлем қабілеттілігінің болмауы тәуекелі (несиелік тәуекел)	Активтер бағасы сақтандыру компаниялары оны сатуға мәжбүр болғанда төмендейді
Инфляциялық тәуекел	Инфляцияның өсуі активтердің құнсыздануына әкеледі

11-кестенің жалғасы

Айырбас бағамы тәуекелі	Айырбас бағамының өзгерісі нәтижесінде шетел валютасымен ірілендірілген активтердің құнының төмендеуі пайда болады.
Қайта инвестициялау тәуекелі	Алынған инвестициялық табыс құны төмендеу активтерге салынады
Мерзімінен ерте шақыртып алу тәуекелі	Эмитент өзінің мерзімінен ерте міндеттерін орындау құқығын пайдаланады.
Өтімділік тәуекелі	Активтерді «әділетті» бағаға сата алмау.
Ескерту – дерек көзі – Фабоцци Ф. Управление инвестициями. Ағылшыннан аударылған - М.: ИНФРА-М, 2000. – С. 137.	

Бағалық тәуекел сақтандыру компаниясы инвестициялық портфельіндегі бағалы қағаздарды сатуды ұйғарған кезде пайда болады. Егер сақтандыру компаниясының қолында инвестициялық портфелі болса, біраз уақыттан кейін оның инвестициялық портфельінің нарықтық бағасы төмендеуі мүмкін. Оның себебі – инвестициялық портфельдегі активтердің болашақтағы бағалары нақты белгісіз. Осындай тәуекелге сақтандыру компаниялары әрқашан ұшырап отырады. Ол баға өзгеру тәуекелі немесе бағалық тәуекел деп аталады.

Төлем қабілеттілігінің болмауы тәуекелі немесе міндеттерді орындамау тәуекелі (немесе несиелік тәуекел). Мемлекеттің қаржы нарығында ең көп кездесетін тәуекел түрі. Отандық нарықта оған жататындар: «Көмір банк» АҚ, «Валют-Транзит банк» АҚ, «Шаһармұнайгаз» АҚ. Ол – облигация эмитентінің уақытында пайызды немесе қарыздың негізгі сомасын (атаулы құнын) төлей алмау тәуекелі. Оны көбінесе Moody`s Investor Service, Standard & Poor`s, Duff & Phelps Credit Rating, Fitch Investor Service сияқты коммерциялық рейтингтік компаниялар анықтайтын рейтинг арқылы өлшейді.

Инфляциялық тәуекел немесе сатып алу тәуекелі – ол нақты табыстылық, яғни инфляцияны негізге алмағандағы табыстылықтың теріс болуы мүмкін тәуекелі.

АҚШ долларымен индекстелген бағалы қағаздарды сатып ала отырып, сақтандыру компанияларының қазақстандық инвесторлары бұл бағалы қағаздар бойынша доллармен төлем ағымының қандай болатынын білмейді. Олар төлем жүргізген кезде айырбас бағамына тәуелді болады. Осындай тәуекелді айырбас бағамы тәуекелі немесе валюталық тәуекел деп атаймыз.

Валюталық бағалы қағаздардың сақтандыру компанияларының инвестициялық портфельдерінің сапасына теріс әсеріне байланысты айтатын болсақ, олар қазіргі кезде сақтандыру компанияларының инвестициялық портфельдерінде айтарлықтай үлесін құрамайды. Соңғы жылдарға созылған теңгенің негізгі шетел валюталарына бағамды көтеруі (ең алдымен АҚШ долларына) ұлттық валютаның нығаюына әкелді.

Ал, бұл өз кезегінде портфельдің валюталық бөлігін ең аз шамаға қысқартып, сақтандыру компаниясының біріктірілген инвестициялық портфелінде «теңгелік» құралдардың көбеюіне әкелді.

Қайта инвестициялау тәуекелі – тарихи инвестициялаудан алынған қаржыларды салудағы табыстың төмендеуі тәуекелі. Классикалық мысал бағалы қағаздарды басқа бағалы қағаздарға (пайыздық мөлшерлемесі төмендеу) салу үшін сату болып табылады.

Сақтандыру компаниясы қызметінің тәуекелін басқарудың тәуекелдік ортасын зерттеудің өзіндік ерекшеліктеріне, тәуекел-менеджменттің концепцияларына сәйкес үш түрлі мәселе қарастырылған.

Бірінші мәселе, сақтандыру компанияларының шоғырланған тәуекелінің мазмұнын зерттеу қажеттілігінен туындайды, ол өз кезегінде тәуекелдік ортасын зерттеуді, сонымен қатар басқарудың жаңа концепцияларын синергетика тұрғысынан болжайды. Бұл мәселені зерттегенде шоғырланған тәуекел-менеджменттің концепцияларын құру кезінде туындаған фирманың жиынтық тәуекелінің мағынасы ескерілген.

Сақтандыру компаниясы тәуекелінің нарықтың басқа қатысушы-фирмаларымен салыстырғанда ерекшеліктері бар және оған мыналар тән:

сақтанушылардан қабылданған тәуекел жүйесі. Бұл тәуекелдер сақтандырушының міндеттемелерінің көлемін анықтайды және көлемі бойынша шоғырланған тәуекелде биік болып тұрады. Сақтанушылар тәуекелі (қабылданған тәуекелдер) сақтандыруға қабылданар алдында өңделеді және тәуекелдер портфельінде біріктіріледі;

нарық жағдайында сақтандыру ұйымдарының қызметімен байланысты тәуекел жүйесі.

Елдердің тұрақсыз экономикалық жүйесіне байланысты тәуекелдер өте жоғарыы болады және олар басқаруға бой бермейді. Олардың маңызды үлесі – бұл тұрақсыз қаржылық нарық жағдайында сақтандыру ұйымдарына қауіпті инвестициялық тәуекел.

Атап айта кететін болсам, сақтандыру ұйымдарының тәуекелі ішкі нарықтық байланыстар жүйесі (қайта сақтандыру, аффилирленген құрылымдар) арқылы сақтандыру нарығының қазіргі даму кезеңінде ұлттық сақтандыру нарығының жиынтық тәуекеліне және жекелеген сақтандыру компанияларының тәуекелдеріне белгілі әсер етеді. Сәйкесінше, сақтандыру компанияларының шоғырланған тәуекелін зерттегенде үш экономикалық қызығушылық түрлерін қарастыру қажет:

банкроттыққа дейін тәуекелді сақтандыру бизнесінің орташа рентабельділігін анықтайтын дивиденд алмау аралығында қарастыру кезіндегі сақтандыру ұйымдары иелерінің қызығушылықтары. Осы сақтандырушының кәсіпкерлік тәуекелі;

бекітілген шарт бойынша сақтандыру компаниялары өздерінің міндеттемелерін сөзсіз орындаған жағдайдағы сақтанушылар қызығушылығы. Мұнда тәуекелділік сақтандыру ұйымдарының төлемқабілетін жоғалту кезінде болады, ал егер сақтандыру ұйымының төлемқабілетіне әсер етпесе, жоғарыда аталған сақтанушылар үшін сақтандырушы құнының тербелуі тәуекел болып табылмайды.

Сақтандыру ұйымдарына қарағанда жоғарығы деңгейдегі, яғни жоғарыыда аталған екі топтың қызығушылықтарын біріктіретін ұлттық экономика жүйесінің қызығушылықтары: қайта өндіріс процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету, әлеуметтік мәселелерді шешу, халықаралық нарықта ұлттық сақтандыру бизнесінің бәсеке қабілеттілігі және т.б. Бұл деңгейде ұлттық сақтандыру бизнесінің дағдарысы тәуекел болып табылады.

Банкрот жағдайында жүзеге асатын сақтандыру компанияларының шоғырланған тәуекелі осы топтағы барлық қызығушылықтарды қозғайды, бірақ сандық сипаты мен тәуекелдің нарық қатысушыларының тарапынан сапалық әсері әртүрлі болады. Сақтандырушының кәсіпкерлік тәуекелі сақтандырушы үшін тәуекел, әрі мүмкіндік ретінде жүзеге асады, ал сақтанушы үшін таза тәуекел болып табылады.

Сақтандыру қатынастары қатысушыларының қызығушылықтары негізінде шоғырланған тәуекел түсінігіне берілген жоғарыыдағы тәсілдер дифференциациясы теориялық және практикалық негізде маңызды. Ол қызығушылықтардың әрбір жүйесіне тәуекелді болдыратын факторларды, бағалау әдістемесін, тәуекелдің жол берілген шегін, яғни қабылдауға болатын тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік береді және соның негізінде шоғырланған тәуекел-менеджменттің тиімді әдістемесін әзірлеуге негіз болады.

Сақтандыру ұйымдарының шоғырланған тәуекелін нарықтың басқа қатысушыларымен салыстырғанда талдау сақтандырушыларда маңызды ерекшелік – «техникалық» тәуекелдің бар болуын көрсетеді. Сақтандырудағы техникалық тәуекел – дегеніміз ол жиынтық сақтандыру төлемдерінің нақты деңгейінің сақтандырушының болжаған деңгейінен ауытқу ықтималдығы.

Әдебиеттердегі техникалық тәуекел ұғымын жалпылама сақтандыру компаниясының тәуекелін басқарудың нақты механизмдерін әзірлеуге жағдай жасамайды. Сондықтан, техникалық тәуекел – бұл сақтандыру операцияларын жүргізуге негізделген тәуекел. Оны сақтандыру портфельін, тариф саясатын құру, сақтандыру резервтерін құру және орналастыру

және қайта сақтандыруды құру жүйелерін біріктіретін сақтандыру операцияларының шоғырланған тәуекелі ретінде анықтауға болады.

Техникалық тәуекел келесі белгілермен анықталады:

оны жүзеге асыру ықтималдығы сақтанушылардан қабылданған тәуекелдермен негізделген;

техникалық тәуекелдің субъективті құрамдастары бар (кәсібилілік және тарифті есептеу, тәуекел портфелін құру кезінде қызметкердің тәуекелге бейімділігі) және т.б.;

техникалық тәуекел өзіне басқаруға берілетін және берілмейтін элементтерді қосады. Есептеудің әділ емес статистикалық базасына негізделген тәуекелдер басқаруға берілмейді;

техникалық тәуекелді жүзеге асыру ақпараттық ағын «ақауының» алдын алады.

Сақтандыру ұйымы әрқашан сыртқы ортамен байланыста болады, бөлімшелерден тұрады және иерархиялық жүйе. Сақтандыру ұйымының әрбір құрамдас бөлігі өз кезегінде бір жүйе болып табылады. Сонымен бірге сақтандыру компаниясы жоғары деңгейдегі жүйеге қоса негізделген: «сақтандыру нарығы» және «ұлттық экономика». Әрбір жүйе жүйелік байланыстың бар екенін түсіндіреді, ал олар өз кезегінде осы байланыстардың бауымен берілетін жүйелік тәуекелді түсіндіреді. Демек, сақтандыру компаниясы екі деңгейдегі макро –және микро деңгейдегі жүйелік тәуекелдің әсер ету аясына түсіп қалуы мүмкін. Осы жұмыстың барысында микро деңгейдегі жүйелік тәуекел (бұл сақтандыру компаниясына тән тәуекел) қарастырылады.

Сақтандыру компаниясындағы жүйелік тәуекелдерді зерттеу сақтандырушының техникалық тәуекеліне көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Бір жағынан, техникалық тәуекел ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен қалыптасады, екінші жағынан, ол жүйелік байланыстар арқылы андеррайтерлік, тарифтік және инвестициялық саясаттың, сақтандыру операцияларының қаржылық нәтижесі, сақтандыру компаниясының төлемқабілеттілігі секілді сақтандыру ісінің негізгі аспектілеріне әсер етеді.

Мәселенің екінші жағы, сақтанушылардан қабылданған тәуекелдің балансталған портфелын құру қажеттілігіне негізделген.

Портфельдік тәуекел (инвестициялық тәуекел) бағалы қағаздар портфелінің табыстылығының өзгерісімен байланысты белгісіздік.

Тәуекел портфелін құру – сақтандырушының негізгі міндеті, өйткені осы кезеңде келешектегі сақтандыру қызметінің негізі қаланады. Портфельді құруда екі аспект қарастырылады: статикалық және динамикалық. Статикалық аспект портфельдің белгілі уақыт мерзіміне, яғни құрылу немесе түзету кезеңінде баланстылығын көрсетеді.

14-сурет. Сақтандыру компаниялары қызметінің тәуекелге ұшырау жағдайы

Тәуекел портфелын басқару – сақтандырудың, сақтандыру нарығының объектілері және оның даму тенденциялары, сақтандыру компанияларының қаржылық-экономикалық көрсеткіштері орналасқан тәуекелдік жағдайын үзіліссіз, толық талдауды ұсынатын басқарудың қымбат, әрі еңбек сиымдылықты элементі.

Портфельдік тәуекелдерді анықтау үшін портфельдік теорияда біріктірілген арнайы математикалық үлгілер және

статистикалық формулалар қолданылады. Сақтандыру компанияларының инвестициялық портфельінің құралдық және салалық әртараптандыруының төмен деңгейінің басты себебі – корпоративтік бағалы қағаздар мен акциялар нарығының дамымауы.

Бұл суретте сақтандыру компанияларының барлық іскерлік үдерістерін тексеру алгоритмі түрінде көрінетін – көрінбейтін тәуекелдерді табу мақсатымен жасалған. Біздің ойымызша, бұл кестені сақтандыру резервтерін инвестициялағанда да қолдануға болады.

Компанияның белгілі бір қызметіне әрбір тәуекелдің әсер етуін нақты анықтап, көрсету мүмкін емес. Мысалы, нарыққа жаңа тауарларды енгізу тәуекелі компанияның тек іскерлік беделіне ғана емес, сол сияқты белгіленбеген маркетингтік және жарнамалық шығындардың салдарынан компанияның қаржылық тұрақтылығына да әсер етуі мүмкін. Бәсекелестік жағдайында сақтандыру қызметтерін жүзеге асыру кезінде сақтанушыларға қызмет көрсету сапасының рөлі үлкен, сонымен қоса оларға қызмет көрсету жылдамдығы да маңызды болады. Көбінесе, сақтандыру өнімдерін өткізуді жүзеге асыратын сақтандыру компанияларының бөлімшелері сақтандыру сыйлықақысын тездетіп алу үшін клиенттің толтырған анкетасын көрумен, сақтандыру полисін толтырумен немесе шартты дайындаумен шектеледі. Осы жерде сақтандыру объектісіне тән және сақтандыру жағдайының бола қалу ықтималдығына елеулі әсер ететін тәуекел деңгейін сипаттайтын бөлшектер ескерілмейді. Нәтижесінде осы шарттардың шығындылығы тез өседі.

Жалпы алғандағы тәуекелдерді басқару үдерісі мынадай кезеңдерден тұрады:

тәуекелдерді анықтау;

тәуекелдерді сыныптау;

тәуекелдерді бағалау;

тәуекелді басқарудағы тәсілдер мен құралдарды анықтау;

таңдалған шараларды жүзеге асыру. Тәуекелдерді басқарудағы шаралар тиімділігіне жету келесі теңсіздікті қолданғанда болады:

$$f(P,E) \geq (\sum_{i=1}^{n} C_i * A_i) \quad (7)$$

Мұндағы

f(P,E) - тәуекел пайда болған кездегі күтілген зардап шамасының функциясы.

Функция аргументтері:

P- тәуекелдің болу ықтималдылығы, *E* - зардаптардың ақшалай бағалануы. Тәуекелдерді басқару тәсілдерін таңдау кезеңінде *P, E* аргументтерін біркелкі максимальды мүмкіндігінде алу керек;

Сі- тәуекелдерді басқарудағы і-ші шараны жүзеге асыруға құнның ақшалай өлшемі;

*А*і — тәуекелге дейінгі мерзімге і-ші ресурсты орналастырудың баламалы құны;

n — тәуекелді басқарудағы жоспарланған шаралар саны.

Тәуекелдік портфелын құру андеррайтинг үрдісінде жүзеге асады. Андеррайтинг – дегеніміз ол сақтандыру тәуекелін қабылдау үрдісі. Андеррайтингтің негізгі міндеті – балансталған және рентабельді сақтандыру портфелын құру үшін тәуекелдерді іріктеу. Балансталған болып жиынтық тәуекелі оған кіретін тәуекелдің сомасынан аз портфельь аталады. Рентабельді деп сақтандыру ұйымының жиынтық нетто-қойылымы мен тарифтік кезеңге төленген төлемдерінің оң сальдосы бар портфельді атауға болады.

Андеррайтинг сақтандыру түрінен тәуелсіз тағы келесі міндеттерді атқарады:

тәуекелдерді теңестіру;

сақтандыру жағдайына және сақтандыру объектілеріне байланысты сақтандыру жағдайларының болу ықтималдығын көтеруге әсер ететін факторлар тізімін анықтай отырып, тәуекелді талдау;

нақты тәуекелді сақтандыру немесе ауытқуы туралы шешім қабылдау;

сақтандыру шартына қосылатын негізгі және қосымша шарттар тізімін анықтау;

сақтандыру құнын анықтау;

аталған міндеттердің нәтижесінен және алынған нәтижені тәжірибеде қолдану тәсілінен тұратын андеррайтинг бойынша нұсқаулық әзірлеу.

Аталған міндеттер андеррайтинг атқаратын қызметтердің негізінде жатыр. Андеррайтингтің бірінші қызметі сақтандыру түрінің жетекшілік етілетін тәуекелін бағалауды жүзеге асырумен байланысты:

сақтандырудың белгілі шарты бойынша тарифтердің бағамын жүргізу;

клиенттерге нақты коммерциялық ұсыныстарды құрастыруға қатысу;

стандартты емес полистер, сақтандыру шарттары бойынша нарықты бағалау;

нақты шарт бойынша сақтандыру шартын анықтау.

Екінші қызметі методологиялық қызмет, яғни ол сақтандырудың белгілі түрлері бойынша андеррайтинг өткізуді білдіретін нұсқаулықтар дайындаумен байланысты.

Үшінші қызметі, ол білім беру қызметі. Сатушыларды сақтандырудың типтік шарттары бойынша тәуекелді бағалау әдістемесіне оқытудан тұрады.

Төртінші қызметі, бақылау қызметі. Белгілі уақыт мерзімінде сақтандырудың сәйкес түрі бойынша сақтандыру портфельін талдаумен байланысты.

Сақтандырушының тарифтік саясатын оңтайландыру оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мен теңгерімді сақтандыру портфелін құру көзқарасы тұрғысынан аса маңызды. Сақтандыру салымдарының түсуі сақтандырушының қаржылық ресурстарын құрудың негізгі қайнар көзі. Осындай түсімдердің көлемі бекітілген сақтандыру шарттарының санына ғана емес, сақтандыру сомаларының көлемі мен сақтандыру тарифтерінің көлеміне тәуелді.

Тарифтік қойылымның мөлшеріне әртүрлі факторлар әсер етеді:

бәсекелестік жағдайында тарифті көтеру сатылым көлемінің қысқаруына әкеп соқтырады, ал келешекте тәуекел портфельінің қысқаруына әкеледі;

нетто-қойылымды төмендету төлеуге арналған қаражаттардың жетіспеушілігіне әкеп соғады, яғни техникалық тәуекелділікті жүзеге асыруға әкеледі; ал нетто-қойылымды көтеру – парапар емес қорлардың құрылуына әкеледі;

іс жүргізуге арналған шығындар бөлігінің жүктелімін төмендету сақтанушыларға көрсететін қызмет сапасын нашарлатады, келешекте нарықтағы позициясын жоғалтуға әкеп соғады. Мысалы 15-сурет;

15-сурет. Тарифтік қойылымның мөлшеріне әсер ететін факторлар

Тәуекелдерді басқару әлеуетті келеңсіз жағдайлар пайда болған жағдайда сақтандыру компаниялары қызметінің қаржылық әлсіздігінің алдын-алуын қамтамасыз етеді. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысындағы сақтандыру компаниясының тәуекелін басқару мәселелері бірінші жағынан, қаржы нарығының дамымағандығымен, екінші жағынан, сақтандыру компанияларының өз мәселелерімен (инвестицияның тұрақсыз динамикасы, аффилирленген ұйымдардың салымдары, инвестицияның төмен сапасы) байланысты болып отыр. Сондықтан, бүгінгі таңда халықаралық қаржылық-сақтандыру тәжірибесінде кең етек алған стресс-тестілеу жүргізу қажетті болып отыр, ол келеңсіз экономикалық жағдайлар мен мүмкін болатын экономикалық дағдарыс кезеңінде кездесетін әлеуетті сақтандыру ысырабын бағалауды қамтамасыз ететін талдау жүргізу құралдарының бірі.

11.4. Сақтандыру ісін тиімді басқару әдістемелері

Құқық жүйесіндегі сақтандыру

Сақтандыру құқығы және сақтандырудағы құқықтық қатынастар. Сақтандыру құқығы – сақтанушылардың, сақтандырушылардың және сақтандыру нарығының басқа да қатысушыларының әрекет етуінің мемлекет орнатқан ережелерінің (нормаларының) жиынтығы. Сақтандыру құқығы сақтандыру қызметі туралы заңдарда және нормативтік актілерде белгіленген. Сақтандырудағы құқықтық қатынастар – сақтандыру нарығының қатысушыларының (сақтанушы, сақтандырылған тұлға, брокер, сақтандыру агенті, сақтандырушы, мемлекеттік органдар және т.б.) заңды құқықтары мен міндеттері сақтандыру құқығының нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар болып табылады. Сақтандыру құқықтық қатынастарының қатысушылары өзара құқықтар мен міндеттер арқылы байланысты олар заңмен қамтамасыз етіледі. Сақтандыру құқықтық қатынастары өзінің сипатына қарай заңдармен, нормативтік-құқықтық актілермен немесе сақтандыру келісім-шартымен бекітіледі.

Сақтандыру келісімдері бойынша қатынастардың басқа да келісімдік қатынастардан айырмашылығы:

- Әдеттегі келісімдік қатынастар қатысушылардың өз мойнына алған міндеттерін мүлтіксіз орындауды қарастырады.
- Сақтандыру жөніндегі келісімдік қатынастар сақтанушының сақтандыру сыйақысын (сақтандыру жарналарын) міндетті түрде төлеуді қарастырады, ал сақтандырушы зиянның (шығынның) орнын толтыру міндеті ықтималды сипатта болады, яғни сақтандырушы өзінің міндеттерін тек белгілі бір оқиға болған жағдайда ғана (сақтандыру жағдайы) орындайды.

Сақтандырудағы құқықтық қатынастарды реттеу схемасы

Қазақстан Республикасының сақтандыру заңнамасының қалыптасу және даму кезеңдері

Кеңес дәуірінде Қазақстандық сақтандыру заңнамасы Қазақ КСР-нің Азаматтық кодексінің бірнеше баптарымен ғана шектелетін. Бұл кездері КОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің қаулылары ғана заң күшіне ие болатын. Нормативтік-құқықтық актілер ретінде КСРО Қаржы министрлігінің нұсқаулары қолданылатын.

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру заңнамасының хроникасы:

- 1992 жылдың шілдесі, «Қазақстан Республикасындағы сақтандыру туралы» Заң;
- 1994 жылдың сәуір айы, ҚР Президентінің «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту бойынша ұйымдастыру-шылық-құқықтық шаралар туралы» Қаулысы;

▪ 1995 жылдың қазан айы, «Сақтандыру туралы» ҚР Президентінің заң күші бар Қаулысы.

Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы сақтандыру заңнамалық актілері

- 1999 1 шілдесінен ҚР-ның Азаматтық кодексі
- 2000 18 желтоқсаннан «Сақтандыру қызметі жөніндегі» заң.
- 2003 25 сєуір «Міндетті єлеуметтік сақтандыру туралы »заң.
- 2003 3 маусымнан «Сақтандыру төлемедерін кепілдендіру қоры туралы » заң.
- 2003 11 маусымнан «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы» заң.
- 2003 1 шілдеден «Көлік иелерінің жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы» заң.
- 2003 31 желтоқсаннан «Туроператор жєне турагенттердің жауапкершіліктерін міндетті түрде сақтандыру туралы» заң.
- 2004 10 наурыздан «Ауылшаруашылық ісін міндетті сақтандыру» туралы заң.
- 2004 7 шілдеден «Қызметтері өзге тұлғалар өміріне қауіп төндіретін объектілер иелерінің жауапкершіліктерін міндетті сақтандыру туралы» заң.
- ҚР екінші деңгейлі банктердегі заңды тұлғалардың салымдарын міндетті ұжымдық кепілдендіру ережелері.

11.5. Сақтандыру келісімі және сақтандыру міндет-темелерінің ұғымдары.

Сақтандыру ережелері

Сақтандыру келісімі. Сақтандыру келісімі – бұл қатысушылардың бір жағы (сақтанушы) сақтандыру сыйақысын төлеу міндетін, ал екінші жағы сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтанушыға немесе басқа бір тұлғаға келісімде көрсетілген сомада сақтандыру өтемақысын төлеу міндетін білдіретін келісім.

Сақтандыру келісімі сақтанушы мен сақтандырушының арасындағы азаматтық-құқықтық мәмілелер ретінде қолданылады және аталған сақтандырудың шарттарына сәйкес

олардың өзара міндеттерін реттейді. Сақтандыру келісімдерін көп жағдайда сақтандыру агенті сақтандыру брокерінің қатысуымен ресімдейді. Жасалған келісімді жүзеге асыру үшін сақтандырушы сақтанушыға сақтандыру полисін ұсынады.

Сақтандыру келісімі жазбаша түрде ресімделеді және оның тәртібі келесідей:

- екі жақ бір ғана құжат толтырады;
- сақтанушы сақтандырушының бір жақты тәртіпте белгілеген сақтандыру шарттарымен (ережелерімен) келіседі және сақтандырушыдан сақтандыру полисін алады;

Міндетті сақтандыру бойынша жазбаша келісімдер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, ал ерікті сақтандыру бойынша – сақтандырушының өзімен немесе қатысушылардың келісімімен анықталады;

Сақтандыру келісімінің жарамсыз деп танылуы немесе мерзімінен ерте күшін жоюы ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Сақтандыру келісімінің елеулі және елеулі емес шарттары. Сақтандыру келісімінің елеулі (аса маңызды), яғни міндетті шарттарына мыналар жатады (ҚР Азаматтық кодексінің 826-бабы):

- сақтанушының толық аты-жөні және тұрғылықты мекен-жайы (егер ол жеке тұлға болса) немесе атауы, орналасқан жері және банктік реквизиттері (егер ол заңды тұлға болса);
- сақтандыру объектісін көрсету;
- сақтандыру жағдайларын көрсету;
- сақтандыру сомасын көрсету;
- сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімі;
- сақтандыру сыйақыларының мөлшері, оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;
- келісімнің күні және мерзімі;
- егер сақтандыру келісімінің қатысушысы болып табылса, онда сақтандырылушы туралы мәліметтер;
- келісім - шарттарына өзгертулер енгізу жағдайлары мен тәртібі.

Сақтандыру келісімінде көрсетілетін елеулі емес (міндетті емес) шарттардың мысалы ретінде мыналарды қарастыруға болады:

- келісімді мерзімінен ерте бұзуға негіз болатын жағдайлар;
- зиянның (шығынның) мөлшерін және сақтандыру төлемақысын анықтаудың айрықша тәртібі;
- франшиза мөлшері;
- сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы дауларды шешу тәртібі және т.с.

Сақтандыру міндеттемесі. Міндеттеме – бұл келісім жасаушы тұлғалардың бір жағы екінші жағы алдындағы өз мойнына жүктейтін және сақтандыру келісімінде көрсетілетін нақты бір міндеті немесе міндеттерінің жиынтығы болып табылады. Мысалға, сақтандырушы сақтандыру сыйақысын есептеу, сақтандыру өтемақысын төлеу және т.с.с. міндеттерді мойнына алады, ал өз кезегінде, сақтандырушы сақтандыру объектісі туралы толық және дәйекті мәліметтер беру, сақтандыру сыйақысын төлеу және т.с.с. міндеттерді мойнына алады. Міндеттеме сақтандыру келісімінің мерзіміне қарай қысқа және ұзақ мерзімді сипатта болады.

Сақтандыру ережелері. Сақтандыру ережелері – бұл нақты бір сақтандыру түрі бойынша сақтандырушының қалыптастырған және ресми түрде бекіткен жүйеленген шарттары болып табылады. Экономикалық тілмен айтар болсақ, бұл сақтандырушының сақтандыру нарығында ұсынатын өнімі.

Өткен жылдармен салыстырғанда сақтандыру ережелері қазіргі кезде құзіретті органның қарамағына заңмен қарастырылған жағдайларда ғана беріледі және сақтандыру қызметін лицензиялау бойынша құжаттар қатарына кірмейді.

ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес сақтандыру ережелері мыналарды қамтуы тиіс:

- сақтандыру объектілерінің тізімі;
- сақтандыру сомаларын анықтау тәртібі;
- сақтандыру тәуекелдері;
- сақтандыруға жатпайтын жағдайлар және сақтандырудағы шектеулер;

- сақтандыру келісімінің мерзімі және әрекет ету орны;
- сақтандыру келісімдерін жасау тәртібі;
- сақтандыру келісімінің қатысушыларының құқықтары мен міндеттері;
- сақтандыру жағдайлары орын алған кездегі сақтанушының әрекеттері;
- сақтандыру жағдайының орын алғанын және зиянның (шығынның) мөлшерін растайтын құжаттардың тізімі;
- сақтандыру өтемақыларын төлеу тәртібі мен шарттары;
- сақтандыру төлемдері немесе одан бас тарту туралы шешімдер қабылдау мерзімі;
- сақтандыру келісімін тоқтату шарттары;
- сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы дауларды шешу тәртібі;
- сақтандыру тарифтері және оларды экономикалық негіздеу;
- айрықша шарттар.

11.7. Сақтандыру ісін мемлекеттік реттеу

Сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің міндеттері («Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 41-бабы). Сақтандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) Қазақстан Республикасында сақтандыру жүйесін қалыптастыру және оның бірқалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету;

2) сақтандыру нарығын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау;

3) сақтандыру негіздерін заңды түрде бекіту, міндетті сақтандыру түрлерін, Қазақстан Республикасының халықаралық сақтандыру жүйесіне қатысу принциптерін анықтау;

4) сақтанушылар мен сақтандырушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Сақтандыру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру (сақтандыру нарығындағы жағдайды мемлекеттік бақылауды қоса алғанда) өкілетті және басқа да мемлекеттік органдар өздерінің құзіретіне сәйкес жүзеге асырады.

Арнайы Заңмен қарастырылмаған басқа да мемлекеттік органдардың құзіреттері міндетті сақтандыру түрлері бойынша сәйкес заңнамалық актілермен қарастырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылмаған жағдайларда мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметіне араласуына тыйым салынады.

Құзіретті орган («Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 42-бабы). Құзіретті орган – бұл Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру нарығын реттеу және сақтандыру қызметін қадағалау бойынша функцияларды жүзеге асырушы мемлекеттік орган. Құзіретті органның статусы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен анықталады.

Лауазымды тұлғалардың жақын туыстары немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары мен сақтандыру брокерлерінің дауыс беруші акцияларының 5%-ын иеленуші тұлғалар құзіретті органның сақтандыру қызметін қадағалау бойынша құрылымдық бөлімшесінің жұмысшылары бола алмайды.

Құзіретті органның функциялары мен құзіреттері («Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 43-бабы):

1) Қазақстан Республикасында сақтандыру жүйесінің қызмет етуі және ұлттық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын қалыптастыру, сақтанушылардың және сақтандыру нарығының басқа да қатысушыларының заңды мүдделерін қорғау бойынша саясат жүргізеді;

2) сақтандыру нарығын реттеу принциптері мен әдістерін, сақтандыру қызметін қадағалауды ұйымдастыру тәртібін анықтайды;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын құруға, оларды бақылау құқығына ие болуға лицензиялар, оларды ерікті түрде қайта құруға және қызметін тоқтатуға, Қазақстан Республикасының территориясында және одан тыс жерлерде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын ашуға келісімдер береді;

4) сақтандыру нарығында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметімен, сақтандыру брокері қызметімен, актуарлық қызметпен айналысуға лицензиялар береді;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін пруденциялық нормативтер, соның ішінде жарғылық және меншікті капиталдың минимальды мөлшерін белгілейді, олардың қадағалануын бақылайды;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін тоқтату жөніндегі комиссиялардың қызметін бақылайды;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің басшы қызметкерлерін тағайындауға және сайлауға келісім береді;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығын және төлем қабілеттілігін бағалайды және бақылайды;

9) өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін ҚР Ұлттық банкімен бірлесіп сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің қаржы және басқа да есеп беру тізімдерін, формаларын және мерзімін анықтайды;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және сақтандыру нарығының басқа да қатысушылары үшін орындалуы міндетті нормативтік-құқықтық актілер қабылдайды;

11) сақтандыру қызметінің субъектілерін инспекциялық тексерулер жүргізеді;

12) сақтандыру нарығының кәсіпқой қатысушыларына санкциялар белгілейді;

13) сақтандыру нарығының қатысушыларына берілген лицензиялардың күшін жоюы және лицензияларды қайтарып алу туралы шешімдер қабылдайды;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіп бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметін тоқтату туралы арызбен сот органдарына хабар беру туралы шешімдер қабылдайды;

15) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметі, оның құқықтық статусы және оның құрылтайшыларының

қаржылық жағдайы, сондай-ақ аталған ұйымның еншілес немесе құрылымдық бөлімшелері болып табылатын тұлғалар туралы мәліметтер алуға құқылы;

16) өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін сақтандыру қызметі субъектілерінен және сақтандыру брокерлерінен сақтандыру статистикасы бойынша қажетті ақпараттар алуға құқылы;

17) бухгалтерлік есеп және аудит сұрақтары бойынша құзіретті органмен келісе отырып Ұлттық банкпен бірлесіп сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарындағы бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарын бекітеді;

18) өзінің бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан және ұйымдардан қажетті мәліметтерді, соның ішінде қызметтік және құпия мәліметтерді де, алуға құқығы бар;

19) міндетті сақтандырудың жекелеген түрлері бойынша сақтандыру полистерінің формасы және мазмұны бойынша талаптарды белгілейді;

20) сақтандыру қызметі субъектілеріне және сақтандыру брокерлеріне сақтандыру жөніндегі заңнаманың және сақтандыру қызметіндегі заң бұзушылықтарды жою туралы жазбаша ескертулер беруге құқығы бар;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіп бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының акцияларын мәжбүрлеп сатып алу шараларын жүзеге асырады;

22) Қазақстан Республикасының қаржы нарығын қадағалау жөніндегі басқа да мемлекеттік органдарымен серіктестік құрады және қажетті ақпарат алмасуды жүзеге асырады;

23) басқа мемлекеттердің сақтандыру нарығын қадағалау жөніндегі органдармен, сонымен қатар сақтандыру нарығын және сақтандыру қызметін бақылау және қадағалау жөніндегі халықаралық ұйымдармен қатынастар барысында Қазақстан Республикасының мүдделерін қорғайды;

24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да қызметтерді атқарады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің қызметін инспекциялық тексеру. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің қызметін инспекциялық тексеруді құзіретті орган Қазақстан Республикасы бекіткен тәртіп бойынша жүзеге асырады.

Сақтандыру қызметінің субъектісі құзіретті органға тексеруге қатысты сұрақтар бойынша жағдайлар жасауға, кезкелген жұмысшыдан сұхбат алуға мүмкіндіктер жасауға, тексерудің мақсаттарына қол жеткізуге қажетті барлық құжаттармен және ақпараттармен қамтамасыз етуге міндетті;

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін тексеруші мемлекеттік органдар өздерінің құзіреті шеңберінде сақтандыру және сақтандыру қызметі бойынша анықталған заң бұзушылықтарды құзіретті органдарға хабарлауға міндетті.

11.8. Сақтандыру ұйымдарының қызметін басқару

Біріншіден, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ұйымдық-құқықтық формаларын қарастырайық

Халықаралық тәжірибеге сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жіктелуі:

- Меншік құқығына қарай – жеке, акционерлік (корпоративтік), мемлекеттік, муниципалдық;
- Орындайтын операцияларының сипатына қарай – мамандандырылған (арнайы, жеке немесе мүліктік сақтандыруға арналған), әмбебап, қайта сақтандырушы;
- Қызмет көрсету аймағына қарай – жергілікті, аймақтық, ұлттық, халықаралық (трансұлттық);
- Жарғылық капитал көлеміне қарай – шағын, орта және ірі;
- Жеке сақтандыруды ұйымдастырудың айрықша формасы ретінде жинақтаушы зейнетақы қорларын (ЖЗҚ) қарастыруға болады. ЖЗҚ салымшыларға (сақтанушыларға) олардың белгілі бір жасқа (зейнетақы) жасына) жеткен жағдайда ренталық төлемдер бойынша кепілдік береді.

Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының ұйымдық-құқықтық формалары:

Акционерлік қоғам. «Сақтандыру туралы» заңның 26-бабына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын құру кезінде ешқандай тұлға тікелей немесе аффилирленген тұлғалар арқылы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының дауыс беруші акцияларының 25 пайызынан артық акцияларын қолдануға немесе иелік етуге құқығы жоқ. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мемлекет құрған жағдайда және еншілес ұйым құрған жағдайларда ғана аталған тұлғалар 25 пайыздан жоғарыы шамада дауыс беруші акцияларға иелік ете алады.

Өзара сақтандыру қоғамы – бұл құрылтайшылардың үлестеріне сәйкес қаражаттарды орталықтандыру негізінде сақтандыру қорын ұйымдастыру формасы болып табылады. Өзара сақтандыру қоғамының қатысушысы әрі сақтанушы, әрі сақтандырушы ретінде қызмет етеді.

Жарғылық капитал. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының жарғылық капиталы тікелей құрылтайшылардың меншікті қаражаттары есебінен қалыптасуы тиіс. Жаңадан құрылатын сақтандыру ұйымы үшін жарғылық капиталына келесідей минимальды мөлшерлері орнатылған (2004 жылдың 21-тамызынан):

- «жалпы сақтандыру» саласы бойынша – 310 млн. теңге;
- «өмірді сақтандыру» саласы бойынша - 550 млн. теңге;

Егер сақтандыру компаниясы сонымен қатар қайта сақтандырумен айналысатын болса, онда минимальды жарғылық капиталға 20 млн. теңге қосылады.

Лицензия беру кезінде сақтандыру компаниясы әрбір лицензияланатын сақтандыру класы үшін қосымша 5 млн. теңгеден 20 млн. теңгеге дейін төлейді.

Жаңадан құрылатын қайта сақтандыру ұйымы үшін минималды жарғылық капитал көлемі – 410 млн. теңге.

2004 жылдың 21-тамызына дейін қызмет еткен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін жаңадан құрылатын ұйымдардың минимальды меншікті капиталы 2004 жылдың 21-тамызындағы №257 «Қазақстан Республикасының қаржы нарықтарын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі Агенттігі туралы» Ережеге сәйкес анықталады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін басқару принциптері

Басқару органдары. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндетті түрде келесідей ұжымдық органдар құрады:

- директорлар кеңесі – басқару органы;
- басқарма – атқарушы орган;
- ревизиялық комиссия – бақылау органы.

Қосымша қызмет түрлері («Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 11-бабы). Сақтандырушы (сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымы) сақтандыру (негізгі) қызметінен басқа мынадай қосымша қызмет түрлерін жүзеге асыра алады:

- құзіретті органның қабылдаған нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес инвестициялық қызмет;
- жинақтаушы сақтандыру келісімімен қарастырылған сомада сақтанушыларға несиелер беру;
- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін автоматтандыру үшін қолданылатын арнайы компьютерлік бағдарламаларды сату;
- сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы арнайы әдебиеттерді сату;
- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншігіндегі мүлікті сату немесе арендаға беру;
- сақтандыру қызметімен байланысты сұрақтар бойынша кеңестер беру;
- сақтандыру (қайта сақтандыру) саласындағы мамандардың біліктілігін көтеру мақсатында оқу курстарын ұйымдастыру;
- сақтандыру агенті ретінде делдалдық қызмет көрсету;
- сақтандыру саласында ғылыми-зерттеушілік жұмыстар жүргізу.

Сақтандыру салалары мен кластарын біріктіру. Қазақстан Республикасында сақтандыру ұйымдарының қызметі «өмірді сақтандыру» және «жалпы сақтандыру» салалары бойынша лицензиялардың негізінде және аталған лицензияда көрсетілген сақтандыру кластары шеңберінде жүзеге асырылады.

«Жалпы сақтандыру» саласындағы сақтандыру қызметі, біріншіден, «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметпен бірігуге болмайды, екіншіден, жинақтаушы сақтандыру формасында жүзеге асырыла алмайды.

«Өмірді сақтандыру» саласындағы сақтандыру қызметі, біріншіден, «жалпы сақтандыру» саласындағы қызметпен бірігуге болмайды (қолайсыз жағдайлардан және аурудан сақтандыру, медициналық сақтандырудан басқа).

Бірлесіп сақтандыру қызметі. Бірлесіп сақтандыру барысында сақтандыру келісімінің шарттары жетекші сақтандыру ұйымының бірлесіп сақтандыру келісімінде көрсетілген функциялары мен құзіреттеріне сәйкес анықталады. Бірлесп сақтандыру келісіміне қатысушы сақтандыру ұйымдары бірлесіп сақтандыру келісімінде көрсетілмеген басқа да шарттар бойынша келісімдер жасай алады.

Бірлесіп сақтандыруға лицензиясында сақтандыру класы көрсетілмеген сақтандыру ұйымы қатысуға тиым салынады.

Қайта сақтандыру қызметі. Қазақстан Республикасының территориясында қайта сақтандыру қызметі заң жүзінде бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

«Жалпы сақтандыру» саласы бойынша немесе «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар сақтандыру ұйымы қайта сақтандыру лицензиясынсыз өз лицензиясында көрсетілген кластар бойынша қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар.

Лицензия негізінде тек қайта сақтандыру қызметімен ғана айналысатын ұйым «жалпы сақтандыру» және «өмірді сақтандыру» салалары бойынша қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқығы бар.

Трансшекаралық сақтандыру (қайта сақтандыру). Сақтандыру сыйақысы шет елдерден Қазақстан Республикасына немесе Қазақстан Республикасынан шет елдерге төленетін сақтандыру (қайта сақтандыру) трансшекаралық деп саналады. Трансшекаралық сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе Қазақстан Республикасы келіскен халықаралық келісімдермен анықталады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзі қайта сақтандыруға қабылдаған сақтандыру тәуекелдерін беруі пруденциялық нормативтерді есептеу тәртібіне қойылатын талаптар ескеріліп жүзеге асырылады.

Лицензиясыз қызмет етуге тиым салу. Құзіретті мемлекеттік органнан тиісті лицензия алмаған кезкелген тұлға мыналарға құқығы жоқ:

1) өз атынан сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға, қосымша қызмет түрі ретінде сақтандыру брокері, актуарий немесе өкілетті аудитор ретінде қызмет көрсетуге;

2) өз атынан сақтандыру, қайта сақтандыру қызметін атқаруды немесе сақтандыру брокері, актуарий немесе құзіретті аудитор ретінде қызмет көрсетуді білдіретін өзінің атауында, құжаттарында, құлақтандыруларда және жарнамаларда «сақтандыру ұйымы», «қайта сақтандыру ұйымы», «сақтандыру брокері» немесе басқа да қатысты сөздерді қолдануға.

ҚР бейрезиденттерінің қатысуымен қызмет ететін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қойылатын қосымша талаптар. Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің қатысуымен қызмет ететін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын құру барысында мынадай талаптар қойылады:

Орналастырылған акцияларының (артықшылықты және сатып алынған акцияларды шегеріп тастағанда) 25% астамы меншігінде немесе басқаруында болып табылатын келесі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары ҚР бейрезиденттері қатысатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы болып табылады:

- ҚР бейрезиденттері;
- жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе орналастырылған акцияларының 50% астамы ҚР бейрезиденттерінің меншігіндегі немесе басқаруындағы ҚР резидент заңды тұлғалары;
- ҚР бейрезиденттерінің құнды қағаздарының атаулы ұстаушылары болып ҚР резиденттерінің меншігінде немесе

басқаруында болып отырған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары.

Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің қатысуымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ретінде қызмет ету үшін оның дауыс беруші акцияларының 25%-дан көп бөлігі келесі тұлғалардың меншігінде немесе басқаруында болуы тиіс:

1) Қазақстан Республикасы бейрезидентінің;

2) Акцияларының (құрылтайшылардың бастапқы жарналары) 50%-дан көп бөлігі Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің қолында орналасқан Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғаларының;

3) Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің құнды қағаздарының номиналды иелері болып табылатын Қазақстан Республикасының резиденттері.

11.9. Шетел мемлекеттерінде сақтандыру ісін басқарудың принциптері

Шет елдерде сақтандыру нарығын ұйымдастыру принциптері

Шет елдерде сақтандыру нарығын ұйымдастырудың келесідей принциптері қалыптасқан:

- Капиталды шоғырландыру, ірі сақтандыру монополияларын құру.
- Халықаралық қайта сақтандыру пулдарын, халықаралық сақтандыру (қайта сақтандыру) компанияларын құру, халықаралық қайта сақтандыру келісімдерін жасау арқылы сақтандыру нарығын интернационализациялау. Еуропада, мысалға, Еуропалық сақтандыру комитеті бар, бүгінгі күнде оның құрамына 30 мемлекет кіреді. ЕСК-нің түпкі мақсаты біртұтас Еуропалық сақтандыру нарығын құру.

Біртұтас Еуропалық сақтандыру болжайды:

Еуропалық Қауымдастықтың барлық елдерін қамтитын біртұтас сақтандыру нарығын қалыптастыруды аяқтау;

бүкіл Европа бойынша сақтандыру компанияларын және олардың филиалдарын ашуға ерік беру, сондай-ақ сақтандыру қызметтерін ұсыну;

стандартты заңнамалық ережелер кешенін енгізу: сақтандыру ережелері, директивалары, ұсыныстар мен кеңестер және т.б.

Азияда Экономикалық әріптестік Ұйымының шеңберінде (Иран, Пакистан, Түркия, Қазақстан, Орталық Азия мемлекеттері) халықаралық қайта сақтандыру компаниясы құрылған (мүше болу үшін бастапқы жарна - 50 000 АҚШ доллары.

- Сақтандыру капиталын банктік және өнеркәсіптік капиталмен біріктіру. Сақтандыру компанияларының басшылары банктердің және кәсіпорындардың Директорлар Кеңесінің мәжілістерінде жетекші рөл атқарады.
- Сақтандыру қызметін қатаң түрде бақылаудан (мысалға, Германияда) мейлінше либералды (ерікті) бағытталған (Ұлыбритания) бағытталған жаппай мемлекеттік бақылау.
- Мүліктік және жеке сақтандыру, қайта сақтандыру бойынша сақтандыру компанияларын мамандандыру.

АҚШ, Ұлыбритания, Германиядағы сақтандыру ерекшеліктері

АҚШ сақтандыру нарығына тән сипаттар. АҚШ-тың үлесіне бүкіл әлемдегі сақтандыру нарығының 50% келеді, елде 10000 астам сақтандыру компаниялары бар, солардың ішіндегі 8000 компания мүліктік сақтандырумен айналысады, ал олардың жалпы активтері шамамен 2 трлн. долларды құрайды.

Әрбір штаттың өз дербес сақтандыру заңнамасы және сақтандыруды мемлекеттік қадағалау қызметі бар.

АҚШ-та сақтандыру компанияларының екі типі кездеседі – Акционерлік ұйымдар және Өзара сақтандыру ұйымдары. Мемлекеттік сақтандыру ұйымдары жоқ.

АҚШ-та жеке және медициналық сақтандыру кеңінен тараған және кеңінен тармақталған брокерлік компания жүйесі бар.

Сақтандыру компанияларының негізгі табыс көзі – сақтандыру резервтерін экономиканың түрлі салаларына инвестициялау.

Ірі кәсіпорындардың Директорлар кеңесінің 30% астам орнын сақтандыру компаниялары алады.

Сақтандыру компаниялары зейнетақы қорларының активтерін басқаруға белсенді араласып отырады.

Ұлыбританияда сақтандыру нарығын ұйымдастырудың ерекшеліктері. Лондонда әлемдік сақтандыру институттарының штаб-пәтері ораналасқан: 700 астам ұлттық сақтандырушыларды және 150 шетелдіктерді біріктіретін Ллойд корпорациясы, Лондондық сақтандырушылар институты, дипломдалған сақтандырушылар институты және т.б., сондай-ақ әлемдегі барлық беделді компаниялардың өкілеттіктері орналасқан.

АҚЖ сақтандырудың негізгі түрлері міндетті формада өткізіледі (көлік иелерінің, жүк және жолаушы тасымалдаушыларының, жануарлар иелерінің, кәсіби жауапкершіліктер).

Сақтандыру компаниялары негізінен мүліктік және жеке сақтандыруға мамандандырылған, брокерлік компаниялар желісі дамыған (барлық келісімдердің шамамен 50% брокердің араласуымен жасалады).

Германиядағы сақтандыру ерекшеліктері. Германияда әлемдегі ірі қайта сақтандыру компаниясы (Мюнхен-РЕ) және Альянс-Холдинг сақтандыру концерні орналасқан.

- Сақтандыру капиталы негізінен банктік капиталмен бірігеді.
- Германияда тасымалдаушылардың және көлік иелерінің жауапкершілігін сақтандыру бойынша әлемдегі ең ірі сақтандыру сомалары бекітілген – бір сақтандыру жағдайына 60 млн. АҚШ долларына дейін төленеді.

Қытай мен Жапониядағы сақтандыру ерекшеліктері

Қытайда мемлекеттік Қытай халық сақтандыру компаниясы жетекші рөл атқарады (әлемдегі ең ірі компаниялардың бірі). Сақтандыру қызметін қадағалау бойынша құзіретті орган Ұлттық банк болып табылады. Ішкі сақтандыру нарығындағы тәуекелдердің 30 пайызы заң бойынша қайта сақтандырылуы тиіс.

Жапонияда теңіз сақтандыруы кең дамыған, бұл жерде "Токио марина" сақтандыру компаниясы жетекші рөл атқарады. Сақтандыру компанияларына (Қазақстаннан айырмашылығы) өмірлік және өмірлік емес сақтандырумен бірдей айналысуға рұқсат етілген. Жапония заңнамасында міндетті сақтандыру жоқ.

Кейбір басқа шет мемлекеттердегі сақтандыру

Франция жалпы сақтандыру сыйақылары бойынша әлемде 5 орынға, теңіз сақтандыруында 3 орынға және авициялық тәуекелдер бойынша 20%-дық үлеске ие. Ерікті мүліктік және жеке сақтандырудың барлық түрлері кеңінен тараған.

Швецияда Мемлекеттік зиянды өтеу және жауапкершілікті сақтау қызметі сақтандыру нарығына белсенді араласып отырады. Мемлекеттің немесе жұмыс берушінің есебінен зиянды өтеу кезінде сақтандыру төлемі шегеріледі. Зиянды өтеу туралы заңның зиян келтіруге кінәлі барлық тұлғаларға (жұмыс берушілерге, өндірісшілерге, менеджерлерге) күші бірдей жүреді. Швецияда тек көлік иелерінің АҚЖ ғана емес, сонымен қатар көлік құралының өзін де сақтандыру міндетті түрде жүргізіледі.

11.10. сақтандыру ісін басқарудағы қаржы тұтқасының әсері

Қаржы тұтқасының әсері – ол алынған несиенің пайыздық салымын төлеуге қарамастан тиімді пайдалану арқылы меншікті қаражаттарының рентабельділігіне қосылған өсімі (нәтижесі).

Экономикалық рентабельдігі бірдей мысалы (20%-ға тең болсын) екі кәсіпорынды қарастырайық. Бұл кәсіпорындардың арасында бір ғана айырмашылық, ол касіпорындардың біреуі (А) несие алмайды және облигация шығармайды, ал екіншісі (Б) өзіне қарыз қаражаттарын әртүрлі жолдармен тартады.

А кәсіпорынында: актив – 1 млн. тг.; пассив – 1 млн. тг. меншікті қаражаттары.

Б кәсіпорынында: актив – 1 млн. тг.; пассив – 500 мың тг. меншікті қаражаттары және 500 мың тг. қарыз қаражаттары (несие немесе займдар).

Екі кәсіпорында да инвестицияны пайдаланудың таза нәтижесі (ИПТН) 200 мың теңгеге тең.

Егер бұл кәсіпорындар салық төлемесе, А кәсіпорны меншікті қаражаттарын пайдалану нәтижесінде 200 мың тг. алады, бұл барлық активтерді өтейді. Меншікті қаражаттар рентабельділігі бұл кәсіпорында келесідей: 200 мың тг.

(1 млн тг.*100%=20%). Б кәсіпорны 200 мың тг.-ден алдымен кепілзатты сақтандырумен байланысты қарыздар бойынша пайыздарды төлейді. Шартты орташа пайыздық қойылым 15% болса, бұл қаржылық шығындар 75 мың теңгені құрайды (500 мың теңгеден 15%). Бұл Б кәсіпорынның меншікті қаражаттар рентабельділігі (МҚР) мынаған тең: 125 мың тг.: 500 мың тг. *100% =25%. Сонымен, бірдей экономикалық рентабельділікте, яғни 20% болғанда қаржы көздерінің басқа құрылымдары нәтижесінде алынған меншікті қаражаттар рентабельділігі әртүрлі болады. Бұл айырмашылық 5% болады, ол қаржы тұтқасының әсерін көрсетеді. Қаржылық шығындармен (банктік пайызбен) байланысы жоқ, бірақ кез келген акционерлік қоғамдарға, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге және ұйымдық-құқықтық формадағы кәсіпорындарға тән тәуекелмен байланысты меншікті қаражаттар туралы сөз болып жатқанына мән берейік. Бұл акционерлік тәуекел деп аталады: Ол кәсіпорынның табыстылығын қамтамасыз етпейді және жеткілікті дивидендтерді дұрыс ала алмаған акционерлер әкімшіліктің ауысуын талап ете алады. Инвесторлармен жақсы қарым-қатынасты сақтап қалу үшін бұл тәуекелдің орнын толтыруға бола ма? Ол үшін келесіні қарастырайық.

Шартты қойылымдар бойынша пайдаға (табысқа) салық салу есептерін енгізейік (1-кесте).

1-кесте

Меншікті қаражаттардың таза рентабельділігін есептеу

Көрсеткіштер	Кәсіпорын	
	А	Б
1. Инвестицияны пайдаланудың таза нәтижесі, (ИПТН), мың тг.	200	200
2. Қарыз қаражаттары бойынша қаржылық шығындар, мың тг.	-	75
3. Салық салынатын пайда, мың тг.	200	125
4. Пайдаға салынатын салық, мың тг. (қойылым 1/3)	67	42
5. Таза пайда, мың тг.	133	83
6. Меншікті қаражаттар рентабельділігі, %.	133/1000* *100=13,3	83/500* *100=16,6

Мұнда Б кәсіпорнында тек басқа пассивтің қаржылық құрылымының есебінен меншікті қаражаттардың таза рентабельділігі А кәсіпорнына қарағанда 3,3%-қ пунктке жоғарыы екенін көріп отырмыз.

Салық төлемеген жағдайындағыдай бұл жерде де нәтиже басқа түрде алынды және несие бойынша пайыздар мен міндетті салықтық төлемдер кәсіпорынның экономикалық рентабельділігін құрайды.

Кәсіби жауапкершілікті міндетті сақтандыру келісімі кәсіби қызмет көрсету барысында зақымданушы тұлғаларға келтірген мүліктік зиянның орнын толтыруды қарастырады, алайда келтірген моральдық нұқсандар, қолдан жіберіп алған табыстар сақтандыру шеңберіне жатпайды. Сонымен қатар, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру сомасының мөлшерінен аспауы тиіс.

Салық салу қаржы тұтқа нәтижесін 1/3-ге, яғни 1-ден пайдаға салық салу қойылымын алғандағы шамаға азайды. Осыған орай келесідей қорытындылар жасауға болады.

1. Меншікті қаражаттарды ғана қолданатын кәсіпорын экономикалық рентабельділіктің 2/3-іне шектейді. МҚР=2/3 ЭР.

2. Несиені қолданатын кәсіпорын пассивтегі меншікті қаражаттардың қарыз қаражаттары қатынасына және пайыздық

қойылым мөлшеріне байланысты меншікті қаражат рентабельділігін өсіреді не кемітеді. Сонда қаржы тұтқасының әсері пайда болады: МҚР =2/3 ЭР + ҚТН.

Қаржы тұтқасының нәтижесін салық салудың әсерінен жоғалтатын активтердің экономикалық рентабельділігінің 1/3-ін сақтап қалуға болатындай немесе қайта орнын толтыратын салық салу шығындарын меншікті қаражатқа өсім ретінде қалай есептеуге болады? Мұның шешімін табу үшін қаржы тұтқасы әсерінің механизмін қарастырайық. Экономикалық рентабельділік пен қарыз қаражаттарының арасындағы пайда болған бұл әсері – ОЕПҚ (орташа есептік пайыздық қойылым) екенін байқау қиын емес.

Басқаша айтқанда, кәсіпорын несие бойынша %-ды төлеу үшін қаражаттар жететіндей экономикалық рентабельділікті жасау керек.

Орташа есептік пайыздық қойылым несиелік келісім-шарттағы пайыз қойылымына сәйкес келмейді, яғни екеуі бір емес. Орташа несиелік пайыздық қойылымды (ОЕПҚ) былай есептейді:

ОЕПҚ = барлық несиелер бойынша қарастырылып жатқан кезеңнің деректі қаржылық шығыстары/ қарастырылған кезеңдегі қарыз қаражаттарының жалпы сомасы * 100%.

Бұл формула – тәжірибеде кәсіпорынның қарыз қаражаттарының орташа бағасын есептеудегі көп қолданылатын түрі. Оны есептеудің басқа да жолдары бар. Мысалы, бұл өлшемді әртүрлі несиелер мен зайымдардың орташа арифметикалық құны бойынша ғана емес, сонымен қатар орташа өлшенген құнымен есептеуге және кәсіпорынның артықшылықты акцияларын шығарудан түскен акциядан қарыз қаражаттарын өтеу арқылы анықтайды. Кейбір экономистер соңғысына көп көңіл бөледі, қарыз алумен капиталды тартудың бұл жолы артықшылықты акциялар бойынша кепілдендірілетін өтімділігінің жағдайында акция иелері несие берушілермен бірдей өзіне тиесілі үлеске құқығы болады. Енді қаржы тұтқасы нәтижесінің бірінші құраушысын, яғни дифференциалды қарастырайық. Дифференциал активтердің экономикалық рентабельділігі мен қарыз қаражаттары бойынша орташа есептік пайыз қойылымының айырмасына тең. Салық салуға

байланысты дифференциалдың 1/3-і азаяды. Дифференциал былай анықталды:

Дифференциал = 2/3 (ЭР-ОЕПҚ)

Ол формула былай анықталады:

Дифференциал =(1-салық салу қойылымы)*(ЭР-ОЕПҚ) = (1-1/3)*(ЭР-ОЕПҚ) = 2/3 (ЭР-ОЕПҚ)

Ал, екінші құраушысы – қаржы тұтқасының иығы, ол қаржы тұтқасының әсерінің күшін сипаттайды. Қаржы тұтқасының иығы қарыз қаражаттарының меншікті қаражаттарына қатынасымен анықталады. Енді қаржы тұтқасының нәтижесінің екі құраушысын біріктірейік:

Қаржы тұтқасының нәтижесі (ҚТН) = дифференциалдың 2/3 бөлігі * қаржы тұтқасының иығы, немесе:

ҚТН = 2/3 (ЭР-ОЕПҚ) * ҚҚ/МҚ

Формуланы Б кәсіпорынның сандық мәліметтерін қоя отырып тексерейік:

ҚТН = 2/3*(20%-15%)*500 мың тг./500 мың тг. = 3,3%

Бұл ҚТН деңгейін есептеудің бірінші Батыс Еуропалық әдісі болып саналады.

Бұл әдіс қарыз қаражаттарының қауіпсіз көлемін анықтау бойынша, несиелеудің мүмкін шарттарының есептері бойынша, МҚР = 2/3ЭР + ҚТН формуласына сәйкес және кәсіпорын үшін салықтың әсерін жеңілдету бойынша біздің алдымызда кең мүмкіндіктер ашады. Бұл формула қаржы тұтқасының иығы мен қаржы тұтқасының нәтижесінің дифференциалының жаңа немесе басқа мәндерімен кәсіпорын акцияларын сатып алу мақсатындағы ой пікірлерін қарастырады.

Бірақ, осындай бізді қызықтыратын мүмкіндіктерді өткізу үшін бірнеше сұрақтарды карастырғанымыз жөн. Ол үшін дифференциал мен қаржы тұтқасының нәтиже арасындағы үзілмейтін байланысты анықтаудан бастайық. Қарыз қаражаттарын өсірген кезде “қарыздың қызмет көрсету” бойынша қаржылық шығындар пайыз бойынша орташа есептік қойылымды ауырлатады және бұл активтердің экономикалық рентабельділігінің берілген деңгейінде дифференциалдың кемуіне әкеледі. Егер Б кәсіпорны қаржы тұтқасының иығын

(ҚТИ) 3-ке дейін жеткізсе (1500 мың тг./ 500 мың тг.), онда пайыз бойынша орташа есептік қойылым өседі, мысалы, 18%-ға дейін. Онда ҚТН деңгейі 2/3 (ЭР-ОЕПҚ)*ҚТИ = 2/3 (20%-18%)*3 = 4% Бұл Б кәсіпорны үшін өте жақсы, меншікті қаражаттар рентабельділігінің қосылғыш ретінде бұрынғы 3,3%-ға қарағанда. Сонымен, кәсіпорын үшін жаңа несиелік келісімшарт тиімді болады деп мойындаймыз. Бірақ ҚТН деңгейі неге қатысты өседі? Ол дифференциалдың төмендеуіне қарамастан ҚТН-ң үш еселеген күшіне қатысты өседі. Дифференциалдың төмендеуі банкирлердің тәуекелінің жоғарылағанын көрсетеді.

Қаржы менеджментінде осы әдіс бойынша екі маңызды ереже қалыптасқан:

1. Егер жаңадан қарыз тарту кәсіпорында ҚТН-ін өсіруге әкелсе, онда бұл қарыз қолайлы. Бірақ, дифференциал жағдайын байқау қажет, өйткені, қаржылық тұтқа иығының өсу жағдайында өзінің тәуекелділігінің өсуіне байланысты несиенің бағасын көтеруі де мүмкін.

2. Кредитордың тәуекелін дифференциал мөлшерімен анықтайды. Дифференциал жоғарыы болған сайын тәуекел төмен, егер дифференциал төмен болса, тәуекел жоғарыы.

Мысалы, ҚТН = 4% тең және дифференциалы = 2%-ға тең Б кәсіпорнында несиенің қымбаттауы мен пайыз бойынша орташа есептік қойылым 19%-ға дейін өсуі кезінде не болады?

ҚТН бұрынғы деңгейін сақтап қалу үшін қаржы тұтқасының иығын 6-ға дейін жеткізу керек. Шын мәнісінде ҚТН =2/3 (20%-19%)*6 = 4% болады. Несиенің 1%-ға қымбаттауын өтеу үшін кәсіпорын қарыз қаражаттары мен меншік қаражаттарының қатынасын 2 есеге артуы керек.

Дифференциалдың 0-ден төмен болуы мүмкін. Сонда ғана қаржы тұтқасының нәтижесінің кәсіпорын үшін теріс әсері болады. Егер, мысалы, қарыз қаражаттарының меншікті қаражаттарға қатынасын 9 еселегенде несие бойынша 22%-қ тым үлкен орташа қойылымды төлеуге тура келеді, онда ҚТН былай болады:

$$ҚТН = 2/3(20\%-22\%)*9 = -12\%$$

Онда бұл өсу емес, меншікті қаражаттар рентабельділігінен кәсіпорынның дивидендтік мүмкіндіктерін алу болады.

МҚР = 2/3*20%+(-12%) = 1,3%

Қарыз қаражаттарын қолданбайтын және ҚТН-ң әсері жоқ А кәсіпорында 13,3%-ға қарсы.

Мұндай теріс дифференциалды кәсіпорын акцияларының дивидендтеріне инвестор көңіл бөлмейді.

Теріс дифференциалды кәсіпорын акцияларының курсы жоғарыы бола ма?

Білікті-тәжәрібиелі менеджер мүмкіндігінше ҚТН-ды өсірмейді, ол ҚТН-ды дифференциалға қатысты бақылап отырады.

ҚТН инвестиция пайдаланудың таза нәтижесінің берілген өзгерісін тудыратын әрбір жай акцияға шаққандағы таза табыстың өзгерісі сияқты түсіндіріледі. Мұндай ҚТН-сін қабылдау негізінен қаржы менеджменттің американдық мектептеріне тән. Қаржы тұтқасының әсер ету күшін американдық тұжырымдама бойынша екінші әдіс былай есептелінеді.

Қаржы тұтқасының әсер ету күші = акцияға шаққандағы таза пайданың пайыздық өзгерісі/инвестицияны пайдаланудың таза нәтижесінің (ИПТН) пайыздық өзгерісі.

Осы формуланың көмегімен мына сұраққа жауап беруге болады: ИПТН-ң 1%-ға өзгеруі жай акцияға шаққандағы таза пайданың несие пайызға тиісті өзгеретінін көрсетеді.

Қорытынды: неғұрлым пайыз жоғарыы және пайда төмен болған сайын, соғұрлым қаржы тұтқасының әсер ету күші үлкен және қаржылық тәуекелі жоғарыы болады.

Егер кәсіпорын қарыз қаражаттарын пайдаланбаса, онда қаржы тұтқасының әсер ету күші 1-ге тең болады. Бұл қорытынды А кәсіпорнына тән жағдай. Ал, Б кәсіпорны үшін:

ҚТ әсер ету күші = 200 мың тг./ (200 мың тг. – 75 мың тг.) = 1,6

Қаржы тұтқасының әсер ету күші жоғарыы болған сайын қаржы тәуекелі кәсіпорында жоғарыы болады:

А) банкирге берілетін пайыздар мен қайтарылатын несиенің тәуекелі жоғарыылайды;

Ә) инвестор үшін дивиденд пен акция бағамының төмендеу тәуекелі өседі.

VI-БӨЛІМ
САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

12. САҚТАНДЫРУ ІСІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

12.1. Сақтандыру стратегияларының мәні

Стратегия – өз қызметінде ұйым басшылыққа алатын шешім қабылдау ережелерінің жиынтығы. Мұндай ережелердің төрт түрлі тобы бар:

қазіргі уақытта және болашақта компания қызметінің нәтижелерін бағалау кезінде қолданылатын ережелер. Бағалау критерияларының сапалы жағын әдетте «бағдар», ал сандық жағын «тапсырма» деп атайды;

фирманың сыртқы ортамен қатынасын қалыптастыратын ережелер, яғни олар қандай қызмет, өнім және технологияларды әзірлеу керек, қайда және кімге өз тауарын сату керек, қандай себептермен бәсекелестерден артық болу керек осыларды білдіреді. Бұл ережелер жиынтығын тауарлы-нарықтық немесе бизнес стратегиясы деп атайды;

ұйым ішіндегі қатынастар мен процедураларды бекітетін ережелер немесе ұйымдық қағида;

компанияның күнделікті қызметін жүргізуге арналған ережелер. Оларды «негізгі жедел тәсілдер» деп атайды.

Стратегияны дайындау мен оны жүзеге асырудың мәні неде? Стратегияны дайындау мен оны жүзеге асырудың мәні, оның компанияға өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруда көп түрлі альтернативалар беріп, оны дұрыс жолға салуында. Фирма қызметінің бағытын анықтаған кезде стратегиялар мен бағдарлар қолданылады. Бағдар фирма қол жеткізуге тырысатын мақсаттарды құраса, ал стратегия мақсатқа жету құралы ғана, яғни бағдар стратегиядан жоғарыы. Стратегияға қатысты екі кереғар көзқарас бар. Біріншісі келесі үдеріске негізделеді. Ұзақ мерзімді уақыт аралығынан кейін компанияның қол жететін нақты соңғы жағдайы анықталады.

Ары қарай сол түпкі нәтижеге қол жеткізу үшін не істеу керек екені бекітіледі. Содан кейін жүзеге асырылуы белгіленген түпкі мақсатқа қол жеткізуге әкелетін уақыт аралығына бөлінген (бесжылдыққа, жылға және тоқсанға) әрекет жоспары құрылады. Стратегияны түсінудің дәл осы ұғымы орталықтанған жоспарлы экономика жүйесінде қолданылған. Егер осыны қысқартсақ, стратегия –дегеніміз нақты ұзақ мерзімді мақсатқа қол жеткізетін нақты ұзақ мерзімді жоспар. Алайда бұл түсінік нарықтық экономика жағдайында дұрыс емес.

Ал екінші тұрғыдан қарағанда, стратегия – ол ұйымның қоршаған ортадағы қызметін дамытуға және оның мақсатына қол жеткізуге бағытталған әрекеттер жиынтығы. Егер ұйым мақсаты – ұйымның неге ұмтылатынын анықтап білсе, онда стратегия қандай жолдармен, қандай әрекеттердің көмегімен мақсатқа қол жеткізуге болатынын анықтайды. Осы жағдайда, ұйымды қойған мақсатына қол жеткізуге әкелетін нарық ортасының мінез-құлқына қатысты стратегияны ұзақ мерзімді міндет ретінде сипаттауға болады. Стратегияны анықтау компания үшін оның нақты жағдайдағы күйіне байланысты. Жалпы мағына да айтар болсақ, стратегия – дегеніміз ұзақ мерзімді болашақта мақсатқа жеткізетін фирма әрекетінің бас бағыты. Стратегияның бұл ұғымы фирманы басқаруды жоғарығы деңгейде қарастырғанда ғана жөн болады.

Әдетте стратегияны жоспарлаудың келесідей тәсілдері болады: «Бостон Консалтинг Групп» матрицасы (тауар/нарық бойынша мүмкіндіктер матрицасы), нарықтық стратегиялардың пайдаға әсер ету үлгісі (PIMS) және Портердің стратегиялық үлгісі. Осы тәсілдердің аясында ұйым өз мүмкіндіктерін, тауарларын, қызмет бағытын бағалап және қолданады. Осы бағалаулар нәтижесінде кәсіпорынның күші мен ресурстары жұмылдырылып сәйкес маркетинг стратегиясы әзірленеді. Әдебиеттерде көптеп қолданылып жүрген бизнесті дамыту стратегиясының кең тараған түрі ол базистік және эталондық стратегиялар.

Эталондық стратегияның бірінші тобын *концентрацияланған өсу стратегиясы* құрайды. Бұл жерге

өнімнің немесе нарықтың өзгеруімен байланысты стратегиялар жатады. Осы стратегияларды қолдана отырып фирма өз қызметін, өнімін жақсартуға немесе саланы өзгертпей басқа жаңа тауар шығаруға тырысады. Сондай-ақ фирма нарықтағы жағдайын жақсартуға байланысты мүмкіндіктер іздейді, не болмаса жаңа нарыққа шығуға бел буады.

Сақтандыру компаниясы үшін бірінші топтағы стратегияның нақты типтеріне келесілер жатады:

нарықтағы позициясын *күшейту стратегиясы,* осы орайда компания нарықта жақсы позицияны алуға тырысады. Бұл стратегияны жүзеге асыру үшін тиімді маркетинг күші керек;

нарықты дамыту стратегиясы, яғни ұсынылған қызмет үшін жаңа нарықты іздеу болып табылады;

өнімді дамыту стратегиясы, бұл өсу міндетін жаңа қызметті шығару есебінен және фирмамен игерілген нарықта қызметін ұсыну бойынша шешеді.

Эталондық стратегияның екінші тобы фирманың өсуіне жаңа құрылымдарды қосу жолымен екпін беретін *шоғырланған өсу стратегиясы*. Сақтандыру компаниялары шоғырланған өсуге меншікке ие болу жолымен немесе іштен өсу жолымен жетеді. Осы стратегияның екі негізгі үлгілері бар:

кері вертикалдық шоғырлану стратегиясы, мұнда фирма өсуге жабдықтаушылардың үстінен бақылау жасау немесе ие болу жолымен, сондай-ақ жеке еншілес құрылымдар құру негізінде қол жеткізеді;

алдыға жүруші вертикалдық шоғырлану стратегиясы, фирма өз өсуіне фирма мен түпкі тұтынушы арасындағы құрылымдарға бақылауды күшейту (тарату мен сату жүйелері) немесе ие болу есебінен қол жеткізеді.

Сақтандыру қызметін дамытудағы эталондық стратегияның үшінші тобы *түрлендірілген өсу стратегиясы*. Бұл стратегия егер фирма нақты нарықта нақты өніммен нақты бір сала аясында ары қарай дами алмай жатқан жағдайда жүзеге асырылады. Сақтандыру компаниясы үшін осы типтегі негізгі стратегиялар келесілер:

орталықтанған түрлендіру стратегиясы, бұл жаңа қызметтер көрсету үшін сақтандыру бизнесінде бекітілген қосымша мүмкіндіктерді қолдану мен іздеуге негізделеді.

көлденең түрлендіру стратегиясы, қолданыстағыдан жақсы жаңа технологияларды талап ететін жаңа тауарлар есебінен әрекет етуші нарықта өсу мүмкіндіктерін іздеуді білдіреді. Жаңа қызмет ретінде негізгі сақтандыру қызметтерін тұтынушыларға бағытталуы тиіс, ал сапасы бойынша көрсетіліп жүрген қызметтерден кем болмауы тиіс. Осы стратегияны жүзеге асырудың негізгі шарты фирманың жаңа қызметтерді көрсетудегі өзінің жете біліктілігін алдын ала бағалау болып табылады.

конгломераттық түрлендіру стратегиясы, мұнда фирма жаңа нарықта іске асырылған қызметтермен байланыспаған қызметтерді көрсету есебінен кеңейеді. Бұл дамуды жүзеге асыру үшін ең күрделі стратегиялардың бірі, себебі оның жемісті жүзеге асырылуы көптеген факторларға, мысалы, менеджерлердің өзіндік ерекшеліктеріне, нарықтағы маусымдылық және қажетті сомадағы ақшалардың бар болу ерекшеліктеріне байланысты.

Сақтандыру қызметін дамытудың эталондық стратегиясының төртінші тобына *мақсатты бағытталған қысқарту стратегиясы*. Бұл стратегия фирманың ұзақ мерзімді өсу кезеңінен кейін топтарды қайта топтауға мұқтаж болғанда, экономикада құлдырау және күрделі өзгерістер (құрылымдық қайта құру) байқалған кезде жүзеге асады. Сақтандыру компаниясы үшін бизнесті мақсатты бағытталған қысқарту стратегиясының төрт үлгілері бар:

жою стратегиясы, сақтандыру компаниясы ары қарай қызметін жүргізе алмаған жағдайда жүзеге асатын стратегия;

«өнімді жинау» стратегиясы, қысқа мерзімде максимальды табыс алу үшін ұзақ мерзімді көзқарастан бас тарту. Бұл стратегия болашағы жоқ, бірақ «өнімді жинау» кезеңінде үлкен табысқа қол жеткізетін бизнеске қатысты қолданылады;

қысқарту стратегиясы, мұнда сақтандыру компаниясы ұзақмерзімді бизнеске жол ашу үшін өз бөлімшелері мен

бизнесінің біреуін жабады немесе сатады. Бұл стратегия сақтандыру компаниясы бизнесінің ұзақ мерзімді мақсаттарына сәйкес келген кезде жүзеге асады;

шығындарды қысқарту стратегиясы, бұл шығындарды төмендету мүмкіндіктерін іздеу және зияндарды қысқарту бойынша сәйкес шараларды жүргізу болып табылады.

Сақтандыру компаниясы өзінің тәжірибелік жұмысында бір уақытта бірнеше стратегияны жүзеге асыра алады.

Жалпы алғанда, стратегиялық жоспарлау ұйымдағы өзгерістерді негізге ала отырып, таңдаулы болашағы бар мақсаттарды жүзеге асыруды басқару бойынша қызмет аясын ұсынады. Ол сақтандыру компаниясына тән алты кезеңнен тұрады:

а) ұйымның міндетін анықтау: компания нарыққа жаңа тауармен шығады; қызмет көрсетуді тоқтатады; жаңа клиенттерді жаулап алады.

ә) Стратегиялық шаруашылық бөлімшелерін құру – нақты нарыққа шоғырланған ассортименттік топқа жауап беретін және барлық стратегияға толық жауап беретін дербес бөлімдер.

б) Мақсатты (сапалы немесе сандық) құру: сақтандыру компаниясы үшін бұл пайда, жаңа қызметтер әзірлеу, баға құру саясаты, жарнама тақырыптарын кеңейту, клиенттерге көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту.

в) Жағдайлық талдау: қоршаған ортаны зерттеу, бәсекелестердің күшті және әлсіз жақтары, бәсекелес фирманың стратегияларына қатынасы.

г) Тактиканы жүзеге асыру (мүмкіндіктер шектеулі уақыт кезеңінде болады, сондықтан тактиканы уақытында ауыстырып отыру керек).

д) Нәтижені бақылау: жоспарлы көрсеткіштерді нақты көрсеткіштермен салыстыру (шығынды талдау, уақыт кестесін құру).

Стратегиялық жоспарлауды бес өзара тығыз байланысқан үдерістердің жиынтығы ретінде қарастырған жөн (16-сурет).



16-сурет. Стратегиялық жоспарлау үдерісі

Бұл үдерістер логикалық тұрғыдан алғанда біреуі екіншісінен шығады, әдетте кері байланыс бар және сәйкесінше басқаларға кері әсер ету жиынтығынан тұрады. Бұл стратегиялық жоспарлаудың ерекшелігі болып табылады.

Қаржылық жоспарлаудың негізгі құрылымы, кәсіпорынның қызметтері мен оның ішкі әкімшілік – шаруашылық құрылымына байланысты анықталады. Оның барысында жоспар - бұл шаруашылық басқарудың орталық буыны, басшылықты реттеу мақсатымен әрбір цех, бөлім, зертхана өзінің жоспарларын құрады. Олар кәсіпорынның жалпы жоспарымен байланысады. Ішкі өндірістік жоспарлардың теңгерімділігі – жоспарлаудың ең қиын мәселелерінің бірі. Кәсіпорын бір жағынан қарағанда, әртүрлі құрылымдардың: өзара мүлдем байланысты емес ондаған әр түрлі профильді цехтардың, бөлімдердің, зертханалардың, түрлі мамандықтардың өзара сиымсыз конгломераттарын қамтиды. Жоспарда бүкіл жоспарлау кезеңіне барлық қажетті тікелей және көлденең байланыстар сатылы түрде орналастырылады. Өзара қатар әрекет етуші құрылымдар бір-біріне тәуелсіз және де жанама цехтар мен бөлімдердегі жұмыстардың жағдайы жөнінде хабарсыз болады. Олар байланыс жүйесі қызметін атқаратын жоспарда көрсетілген тапсырманы орындайды.

Жоспарлау жүйесі келесідей ережелерді орындаған кезде кәсіпорынға неғұрлым көп табыс пен қайтарымды қамтамасыз етеді:

1. Жоспардың әрбір элементінің, жекелеген кезең уақытындағы қаржылық негізділігі;
2. Барлық қатысушылардың жоспарлық тапсырмаларды нақты орындауы;
3. Үзіліссіз есептің, негізгі қаржылық жоспардың атқарылуына бақылау мен өзгерістер енгізу мүмкіндіктерінің болуы.

Атқарылу сипаты мен мерзімдері бойынша әртүрлі болып келетін құрылымдар мен персоналды қызметі ұйымның жоспарды орындаудың әр түрлі көрсеткіштері мен әдістерінің көмегімен өлшеуге, есептеуге және бақылауға болады.

Жоспарлар келесідей топтарға бөлінеді:

Жүзеге асырылу мерзімі бойынша:

- Оперативті – күнтізбелік;
- Ағымдық;
- Орта мерзімді;
- Ұзақ мерзімді;
- Стратегиялық.

Тағайындалу қызметтеріне байланысты:

- өндірістік (өнімді жасап шығару);
- коммерциялық (дайын өнімді өткізу және кәсіпорынның материалды – техникалық жабдықталуы);
- инвестициялық және өндірістің техникалық дамуына жағдай жасайтын;
- персоналдың еңбегі, жалақысы және әлеуметтік қамсыздандырылуы бойынша жоспарлар.

Кәсіпорынды басқару деңгейлері бойынша:

- жалпы фирмалық;
- цехтық;
- қызмет етуші бөлімдер мен зертханалардың жұмыстары бойынша жоспарлар;
- учаскелер мен бригадалардың жұмыстары бойынша жоспарлар.

Бұйымдар мен жұмысшылардың түрлері, оның ішінде өнім бойынша:

- өндіріспен игерілген;
- игерілу үдерісіндегі;
- болашақта игерілуі ескеріліп жобаланатын;

Перспективті ішкі фирмалық жоспарлау. Қазіргі жағдайларда орталықтандырылған басқарудың құралы ретінде перспективті жоспарлаудың дамуына көп көңіл бөлінуде. 10 жылдан 20 жылға (көбінесе 10-12 жыл) дейінгі кезеңді қамтитын мұндай жоспарлау перспективаға кәсіпорынның бағыт алуының жалпы қағидаларын жасап шығару (дамудың тұжырымдамасы); дамудың стратегиялық бағыты мен бағдарламаларын; қойылған мақсаттарға жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды іс-шараларды жүзеге асырудың тәртібі мен мазмұнын анықтайды. Перспективті жоспарлау кәсіпорын қызметінің халықаралық деңгейде кешенді мәселелері бойынша шешімдерді қабылдауға көмектеседі. Олар:

- капитал салымдарының бағыттарын, мөлшерін және оларды қаржыландыру көздерін анықтау;
- техникалық жаңашылдық пен прогрессивті технологияны енгізу;
- өндірісті диверсификациялау (әртараптандыру) және өнімді жаңарту;
- жаңа кәсіпорындарды иелену жағдайларында шетел инвестицияларын жүзеге асырудың нысандарын белгілеу;
- жеке бөлімшелер мен мамандар саясаты бойынша басқарудың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.

Бұл жоспарлар перспективті жоспарлау перспективті жоспарлау шеңберіндегі мақсаттарды жүзеге асыру үшін қажет құралдарды таңдау жағынан нақтыланған сапалық және сандық сипаттамаларды қамтиды.

Стратегиялық және оперативті жоспарлар.

Перспективті жоспарлау жүйесінде әдістемелер мен мақсаттарға байланысты ұзақ мерзімді және стратегиялық жоспарлау деп бөлінеді.

Ұзақ мерзімді жоспарлау жүйесінде экстраполяция әдісі қолданылады. Яғни, өткен кезеңнің нәтижелерін қолданып, оптимистік мақсаттарды қою негізінде болашақ кезеңге біршама жоғарыы көрсеткіштерді тарату.

Стратегиялық жоспарлау кәсіпорын болашақ кезеңде мүмкін болатын мәселелерге кешенді ғылыми негіз беру мақсатын қояды және жоспарлық кезеңге кәсіпорын дамуының көрсеткіштерін есептеп шығаруды белгілейді. Жоспарды құрастырған кезде негізге мыналар алынып отырады:

- Кәсіпорын дамуына сәйкес әсерін тигізетін факторларды анықтайтын перспективалық бағыттарды талдау;
- Бәсекелестік ортада ұстанымдарды талдау. Оның мақсаты – кәсіпорынның өнімі әртүрлі нарықтарда қаншалықты бәсекеге қабілетті екенін анықтау;
- Кәсіпорынның әртүрлі қызметтері бойынша перспективаларды талдау мен тиімділік және ресурстармен қамтамасыз ету жағынан қызметтердің нақты түрлері бойынша артықшылықтарды анықтау негізінде стратегияны таңдау;
- Қызмет түрлерін диверсификациялау бағыттарын талдау, олардың неғұрлым тиімді түрлерін іздестіру және күтілетін нәтижелерді анықтау.

Стратегияны таңдау кезінде мынаны ескерген жөн: дәстүрлі салаларда, сонымен қатар бизнестің жаңа түрлері, жаңа стратегиялар кәсіпорынның жинақталған әлеуетіне сай болуы керек.

Ұзақ мерзімді жоспарлау жүйесінде мақсаттар кәсіпорынның әр маңызды бөлімшесі үшін іс-әрекеттердің бағдарламаларына, бюджеттерге (жылдық жоспар), табыс жоспарларына айналады. Содан кейін бағдарламалар мен бюджеттер осы бөлімшелермен орындалып, нақты көрсеткіштердің жоспарланған көрсеткіштерден ауытқулары арқылы анықталады (17-сурет).



17-сурет. Ұзақ мерзімді жоспарлау жобасы

Көріп отырғанымыздай перспективалар мен мақсаттар стратегияны құрастыру үшін өзара тығыз байланыста болады. Ағымдық бағдарламалар (бюджеттер) ағымдағы пайдалылықты (рентабельділікті) қамтамасыз етуге бағытталған кәсіпорын бөлімшелерінің жұмысын бағыттайды; ал стратегиялық бағдарламалар мен бюджеттер болашақтағы пайдалылықтың негізін қалайды. Ал бұл жобаларды басқаруға негізделген атқарылудың арнайы жүйесін құруды талап етеді.

Стратегиялық жоспар кәсіпорынның стратегиясымен анықталады. Ол қызметтер шеңбері мен жаңа бағыттарды таңдау туралы шешімдерді қамтиды. Сонымен қатар оның ішінде негізгі жобалар қамтылып, олардың артқшылықтары анықталуы мүмкін. Стратегиялық жоспар басқарудың жоғарығы буыны деңгейінде құрастырылады. Әдетте стратегиялық жоспар сандық көрсеткіштерді қамтымайды.

12.2. Сақтандырудың қаржылық жоспарлар түрлері

Жоғарыда көрсетілген стратегиялық т.б. жоспарлардан басқа қаржылық жоспардың келесідей түрлері бар:

Орта мерзімді және ағымдық (бюджеттік) жоспарлау. Орта мерзімді жоспарлау өндірістік аппарат пен өнім ассортиментін жаңартуға ең тиімді бес жыл мерзімін қамтиды. Жоспарда бекітілген кезеңге негізгі мақсаттар анықталады. Мысалы, бүкіл кәсіпорын және оның әрбір бөлімшесі үшін өндірістік стратегия

құрылады (өндірістік қуаттарды қайта құру және ұлғайту, жаңа өнімді игеру және ассортиментті кеңейту); өткізу стратегиясы (өткізу жүйесінің құрылымы және оны дамыту, нарықты бақылау және жаңа нарықтарға ену деңгейі, өткізуді кеңейтуге ықпал ететін іс-шараларды жүргізу); қаржылық стратегиясы (капитал салымдарының көлемі және бағыттары, қаржыландыру көздері, бағалы қағаздар портфельінің құрылымы); кадрлық саясат (штаттардың құрамы мен құрылымы, оларды дайындау мен пайдалану); ішкі фирмалық мамандану мен өндірісті кооперациялау факторларын ескере отырып, қажетті ресурстардың көлемі мен құрылымын және материалды-техникалық қамтамасыз етудің нысандарын анықтау.

Орта мерзімді жоспарлар дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасы көздейтін мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған белгілі бір кезектегі іс-шаралардың жасалуын қарастырады.

Орта мерзімді жоспарларға сандық көрсеткіштер , оның ішінде ресурстарды бөлу жөніндегі көрсеткіштер енеді. Ол өнімнің түрлері бойынша жан-жақты мағлұматтарды; капитал салымдары мен қаржыландыру көздері жөнінде ақпараттарды қамтиды және өндірістік бөлімдерде құрастырылады.

Ағымдық жоспарлау жалпы кәсіпорын мен оның жеке бөлімшелері үшін халықаралық деңгейдегі оперативтік жоспарларды жан-жақты құрастыру (әдетте бір жылға) жолымен жүзеге асырылады, әсіресе маркетинг, ғылыми зерттеулер, өндірістік және оны материалды-техникалық қамтамасыз ету бойынша жоспарларды алуға болады. Ағымдық жоспардың негізгі буындары болып күнтізбелік жоспарлар (айлық, тоқсандық, жарты жылдық) табылады. Олар перспективті және орта мерзімді жоспарлармен алға қойылған мақсаттардың нақтылануымен сипатталады. Өндірістің күнтізбелік жоспарлары тапсырыстар және олардың материалдық ресурстармен қамтамасыз етілгендігі туралы, өндірістік қуаттарды іске қосу дәрежесі және оларды әрбір тапсырыс бойынша мерзімдерді ескеру арқылы жұмсау жөніндегі деректер негізінде құрылады. Өндірістік күнтізбелік жоспарларында қолда бар қуаттарды қайта құру, құрал-жабдықтарды ауыстыру, жаңа кәсіпорындарды құру және персоналды дайындау

шығындары алдын ала қаралады. Өнімді өткізу мен қызметтерді көрсету бойынша жоспарларға өнімді экспорттау, шетелдік лицензиялау, техникалық қызметтер мен қызмет көрсету бойынша көрсеткіштер кіреді.

Оперативті-күнтізбелік жоспарлау. Оперативті - күнтізбелік жоспарлау қызметі жұмысшылардың міндеттеріне әрбір жұмысшыны оның жұмыс орны мен ағымдағы жұмыс кезегіне, жақындағы күндер, апталар, айға тапсырмалар туралы ақпаратпен, жұмыс істейтін құралдармен, жабдықтармен, материалдармен, дайындықтармен қамтамасыз ету, барлық ұжымның келісілген жұмысын ұйымдастыруын қамтиды.

ОКЖ (Оперативті-күнтізбелік жоспарлау) өндірістік ағымдық жоспарлаудың жалғасы болып табылады және мыналарды қарастырады:

- Кәсіпорынның ағымдық жоспарын нақтылау және оның тапсырмаларын әрбір цехқа, бөлімге, учаскеге, бригадаға, жұмысшыға жеткізу. Бұл кезде жоспарлар мен графиктер тоқсанға, айға, онкүндікке, тәулікке, кезекке, кейде әрбір сағатқа жасалынады.
- Материалдарды, дайындықтарды, құралдарды олардың жұмыс орындарына жеткізілуін, дайын өнімдер мен өндіріс қалдықтарын сыртқа шығару құрал-жабдықтардың оңды жұмыс істеуін, энергияның, отынның, қысылған ауаның берілуін қамтамасыз ету, сапаны бақылауды ұйымдастыру;
- Өндіріс үдерісінің жүргізілу жағдайына бақылауды қамтамасыз ету және әрбір жұмыс орнында жұмыс ақаулары мен үзілістерін оперативті түрде жою.

ОКЖ-дың ең таралған, маңызды және күрделі қызметтерінің бірі жұмыстарды жұмыс орындары бойынша үлестіру болып табылады. Ол сатылы түрде жүзеге асырылады: цехтарда, одан кейін уческелерде және бригадаларда. Үлестірудің негізгі мақсаты - өндірістік бағдарлама тапсырмаларының толық және нақты орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ кәсіпорынның, оның цехтарының, учаскелерінің, бригадалары мен жұмысшыларының ырғақты жұмысын сақтау.

Үлестіру жұмыстары жұмыс істейтін құрал-жабдықтар мен жұмысшылар еңбегінің әртүрлі жеке өнімділігін ескеру

қажеттілігіне байланысты сериялық, кіші сериялық және бірлік өндірістерде күрделі болып келеді. Өйткені бірдей біліктілік деңгейі, мамандығы бір жұмысшылар белгілі бір жұмыста әртүрлі техникалық құралдарды қолдана отырып, әр түрлі уақыт ішінде жасайды. Бұл жұмыс орнының өнімділігі, жұмысшылардың кәсіптік шеберлігі мен жеке мүмкіндіктерін, құрал-жабдықтардың оңды жұмыс істеуін қоса алғанда көптеген факторлармен анықталатынымен түсіндіріледі.

Үлестірудің мүмкін болатын нұсқалары бір-бірінен жалпы еңбектік және ақшалай шығындардың көлемімен, жұмыстарды орындалуға тиіс уақыт көлемімен (цикл ұзақтығымен) ерекшеленеді. Үлестірудің максимальды өнімділігі бойынша оптималды нұсқасы тек экономика-математикалық әдістерді қолдану, яғни жұмыстарды жұмыс орындарына сәйкес модельдерді, нормалар мен нормативтерді пайдалану арқылы объективті үлестірудің көмегімен анықталуы мүмкін.

Кәсіпорын жоспарларының ұйымдық-иерархиялық тәуелділігі. Жоспар жүйесінің мақсатты бағыттылығы ұйымдық-иерархиялық тәуелділік пен жоспарлау объектілерінің табиғи шартты кооперациясы көмегімен жүзеге асырылады. Жоспар жүйесінің негізі жалпы кәсіпорын мен құрылымдық бірліктер қызметінің негізгі көрсеткіштерін қамтитын ұзақ мерзімді мақсатты бағдарлама болып табылады.

Ұзақ мерзімді және оперативті жоспарларда ұзақ мерзімді мақсаттар екі рет жоспарлауға ұшырайды. Ең басында бұл жоспарлар жоспарға олардың құрылуы заты ретінде енгізіледі, яғни оперативті және ағымдық жоспарларда құрастырушыларға берілетін тапсырмалар, кезең бойынша жұмыс басталуының мерзімдері мен олардың аяқталу күндері анықталады. Кейіннен басталған жұмыстарды қамтамасыз ету үшін қолда бар ресурстардан ағымдық жоспарлауға ұшырайтын қажетті қаражаттар бөлінеді. Жоспарлаудың аралығы неғұрлым үлкен болса, соғұрлым жоспар параметрлерінің анықталмағандық дәрежесі жоғарыы болады, сондықтан көрсеткіштердің саны мен олардың нақтылық дәрежесі күрт кемиді.

Стратегиялық жоспардың шектері соңғы нәтижені алу мерзімдері мен шығындар сомасы сияқты өзгермелі болады.

Әдетте тек негізгі жауапты атқарушы бекітіледі, өйткені бірінші сатыда жұмыс мазмұны мен көлемі әлі белгісіз.

Жалпы алғанда ұзақ мерзімді, ағымдық және оперативті-күнтізбелік жоспарлау өзара байланысты және өзінің құрамына кәсіпорынды басқарудың бүкіл механизмін қамтитын жоспарлау жүйесін қалыптастырады (2-кесте).

2-Кесте

Жоспарлау тәуелділігімен кооперациясының ұйымдық-иерархиялық схемасы

Жоспардың кезеңділігі	Тапсырыс нысаны	Жоспарлау көрсеткіштер құрылымы	Жоспарға жауапты атқарушылар
Оперативті күнтізбелік	Тұтынушы тапсырыстар	Нақты натуралды нормалар мен нормативтер	Цехтар, учаскелер, бригадалар
Ағымдық	Көбінесе тұтынушы тапсырыстар	Натуралды бұйымдардың түрлері бойынша, құндық нормалар мен нормативтер, еңбектік-нақты	Цехтар, қызметтік бөлімдер, зертханалар
Орта мерзімді	Тұтынушы тапсырыстарбо лжамдары	Іріленген, құндық, натуралды, еңбектік нормалар мен нормативтер	Қызметтік бөлімдер, зертханалар, кейбір цехтар
Ұзақ мерзімді	Көбінесе болжамдар, ішінара тапсырыстар	Өнімнің іріленген номенклатурасы, қаржыландыру көлемдері, кірістер	Қызметтік бөлімдер, зертханалар, кейбір цехтар
Стратегиялық	Болжамдар	Өнімнің маңызды түрлері, қаржыландыру көлемдері, тиімділік деңгейі	Бөлімдер: маркетинг, техникалық, қаржылық, күрделі құрылыс

Жаңа бұйымдардың өндірісін игергеннен кейін оларды құрастыру мен өндіріске дайындау бойынша барлық іс-шаралар ұзақ мерзімді жоспардан алынып тасталады. Жаңа өнім перспективті емес, қазіргі өндірістің оперативті-күнтізбелік жүйесіне енгізіледі, ал алыстағы перспективаға жаңа мақсат қойылып, бүкіл үдеріс қайталанады.Кәсіпорынның әртүрлі қызмет жоспарларының арасында ауытқулар болған жағдайда

өзара байланыс пен нақтылау оперативті түрде ұзақ мерзімді жоспарды құру мен орындау кезеңінде жүзеге асырылады. Жоспарларды, сонымен қатар, әкімшілік пен бугалтерия қолданатын есептеу мен бақылау әдістерін толық біріктіру, әдетте, қорытынды кезеңде жүргізіледі.

Қызметтік бөлімдер мен әкімшілік деңгейінде құрылатын ұзақ мерзімді жоспардан кәсіпорынның ішкі бөлімшелерінің жоспарларына көше отырып, келесі мәселелер шешіледі:

- әдетте кәсіпорынның жалпы жоспарының бір бөлігін ғана орындайтын әрбір бөлімше үшін жоспарлаудың барлық кезеңіне жоспарлаудың көрсеткіштері мен тапсырмаларын анықтау;
- цехтар арасында ішкі жоспарлардың сәйкес келмеу себептерін анықтау және оларды жою;
- ағымдық және оперативтік-күнтізбелік цехтық жоспарларды сипаттау кезінде кәсіпорынның ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлардың жалпы көрсеткіштерін шағындау;
- цехтар, қызметтер және жұмыс түрлері арасында материалдық, еңбектік және қаржылық ресурстарды бөлу және сәйкессіздік анықталған жағдайда оларды қайта бөлу.

Басшылар мен мамандардың негізгі және перспективті мақсаттарды жүзеге асырумен байланысты талаптарды кәсіпорын ағымдық күнделікті мақсаттарымен дұрыс ұштастыра білу. Бұл кәсіпорынның ұзақ мерзімді жемісті жұмысының кепілі.

Жоспарлардың ұзақ мерзімді, ағымдық және оперативті күнтізбелік болып жіктелуі шартты сипатта болады. Олардың айырмашылығы соңғы нәтижеге қол жеткізу мерзімінде, ал жоспарлау объектісі өзгеріссіз қалады. Бұл өнімнің элементтері бойынша жоспарлардың барлық түрлеріне енгізіле алады. Мысалы, жаңа өнімді өндіру мен сату ұзақ мерзімді жоспарға енгізіледі, өнімді жобалау оны өндіру үшін қажетті материалдар мен құрал-жабдықтарды сатып алу ағымдық жоспарларға; жаңа өнімді өндірумен байланысты объектілерге персоналды бөлу мен ағымдық шығындарды өтеу оперативті жоспарларға енгізіледі (3-кесте).

3-кесте

Жоспарлау көрсеткіштерінің өзара қатынасы
Жоспарлау түрлері бойынша негізгі көрсеткіштер

Стратегиялық	Ұзақ мерзімді	Ағымдық	Оперативтік-күнтізбелік
Өнім атауы	Өнімнің маңызды номенклатура тізімі	Барлық номенклатураның тізімі мен саны	Номенклатура саны мен оның нақты тізімі
Шығындардың нақтылауға тиісті шамамен алынған соммасы, теңгемен	Өнім түрлері бойынша ресурстарды шығындау соммасы	Шығарылатын өнім түрлері мен номенклатурасы бойынша ресурстарды шығындау соммасы	Өнім түрлері бойынша ресурстарды шығындаудың нақты және операциялар бойынша мөлшері
Орындаудың шамамен алғандағы мерзімдері	Орындаудың күнтізбелік мерзімдері	Орындаудың нақты бекітілген мерзімдері	Орындаудың сағаттық және тәуліктік кестелері
Қосымша орындаушылар мен көрсетілмеген жауапты орындаушылар	Жұмыс түрлері бойынша жауапты орындаушылар мен қосымша орындаушылар	Өнімнің сатылары, түрлері және номенклатурасы бойынша орындаушылар-дың нақты тізімі	Орындаушылар арасында жұмыстарды нақты бөлу
Мақсатқа жетудің тиімділігі, шығындардың өзін-өзі өтеуі	Кірістердің шығыстардан асып түсуі	Таза табыс соммасы	Өнімнің номенклатурасы бойынша жоспарды орындаудың мерзімділігі мен толықтылығы

12.3. Сақтандырудың қаржылық болжамдау тәсілдері

Жоспарлауда маңызды рөлді әртүрлі болжамдар мен бағдарламалар атқарады. Қаржылық менеджер сату көлемін, өнімнің жалпы және маңызды баптар бойынша өзіндік құнын болжамдауды, қаржыландыру көздерінің қажеттілігін, ақшалай

ағындардың көлемін, т.б. білуге тиіс. Болжамдау басқарудың бір тәсілі ретінде сандық өлшемі бар талаптар үшін бағдарларды есептеуге ғана тиісті емес. Ол кеңірек мағынада қарастырады, әсіресе іс-әрекеттердің оптималды нұсқаларын анықтау тәсілі ретінде. Бұл мағынада болжамдау болашақта талдаумен тығыз байланысты, өйткені іс-әрекеттердің қорытынды нұсқасы (оның ішінде баламалы сипаттағы) салыстырмалы түрде талдау мен қарастырудан кейін таңдалады.

Болжамдаудың сан түрлі тәсілдерінің ішінде тәжірибеде ең кең таралған негізгі үш түрлі тобы бар:

сараптық бағалау тәсілдері;

кеңістік, уақыт және кеңістік-уақыт жиынтықтарын өңдеу тәсілдері;

жағдайлық талдау мен болжамдаудың тәсілдері.

Сараптық бағалау тәсілдері. Бұл өте оңай және кең танымал тәсіл. Оны жалған және ғылыми негізсіз деген көзқараспен немқұрайлы қарауға болмайды. Қарапайым мысал ретінде мұндай тәсілді қолдану кейбір болжамдар мен жоспарларды интуитивті деңгейде құрудың тәсілі ретінде қызмет етеді. Заманауи интерпретацияда сараптық болжамдаудың тәсілдері сарапшыларға арнайы сызбалар бойынша көп деңгейлі сұрау жүргізуді және алынған нәтижелерді экономикалық статистиканың ғылыми құралнаманың көмегімен өңдеуді қарастырады. Бұл тәсіл тек көрсеткіштердің мәндерін болжамдауға ғана емес, сонымен қатар, талдаулық жұмыста да, мысалы, салмақтық коэффициенттерді бақылайтын көрсеткіштердің алғашқы мәндерін анықтау үшін де қажет.

Кеңістік, уақыт және кеңістік-уақыт жиынтықтарын өңдеу тәсілдері. Бұл тәсіл формализацияланған болжамдау жағынан маңызды орынға ие және қолданылатын алгоритмдердің күрделілігіне байланысты өзгешеленеді. Тәсілдің біреуін таңдау әртүрлі көптеген факторларға, оның ішінде алғашқы мәліметтерге байланысты. Мұнда үш типтік жағдайды қарастыруға болады.

Бірінші жағдай – уақыттық қатардың болуы – тәжірибеде жиі кездеседі: қаржылық менеджер мен талдаушы (аналитик)

өзінің көрсеткіштерінің динамикасы жөнінде мәліметтерді иеленеді және соның негізінде тиісті болжамды жасауын көрсетеді. Басқа сөзбен айтқанда, трендті бөлу қарастырылады. Бұны әртүрлі тәсілдермен жасауға болады: қарапайым динамикалық талдауды жүргізу арқылы немесе авторегрессиялық тәуелділер көмегімен.

Екінші жағдай – кеңістік жиынтықтардың болуы – тек келесі жағдайда мүмкін болады: егер кейбір себептер бойынша көрсеткіш туралы статистикалық мәліметтер жоқ болса немесе оның мәні кейбір факторлардың әсерімен анықталған жағдайда. Бұл кезде көп факторлық регрессиялық талдау қолданылуы мүмкін, яғни қарапайым динамикалық талдауды көп жағдайларға үйлестіру арқылы.

Үшінші жағдай – кеңістік-уақыт жиынтықтарының бар болуы – келесі жағдайларда орын алады:

- динамика қатарлары өзінің ұзындығы бойынша статистикалық маңызды болжамдарды жасау үшін жеткіліксіз болған жағдайда;
- талдаушы экономикалық табиғаты мен өзінің динамикасы бойынша ерекшеленетін факторлардың әсерін болжамда ескергісі келсе.

Алғашқы мәліметтер қызметін көрсеткіштер матрицалары атқарады, олардың әрқайсысы сол көрсеткіштердің әртүрлі кезең мен уақыттағы мәндерін көрсетеді. Мұндай жиынтықтарды өңдеу тәсілдері отандық әдебиетте белгілі, әсіресе, регрессияның бір жылдық теңдеу өлшемдерінің орташасын табу, ковариациялық талдау және т.б.

Жағдайлық талдау мен болжамдаудың тәсілдері. Болжамдаудың бұл тәсілдердің негізінде функционалдық және детерминацияланған байланыстарды зерттеу үшін арналған модельдер жатыр. Мұнда факторлық мәніне байланысты нәтижелік белгінің анықталған мәні сәйкес келеді. Мысал ретінде Дюпон фирмасы факторлық талдаудың моделі шегінде жүзеге асырылған тәуелділерді алуға болады. Мұнда фирма қызметіне салынған қаражаттардың тиімділігін сипаттайтын жиынтық капитал рентабельділігінің коэффициенті сатулар рентабельділігі мен ресурс қайтымдылықтың факторлық

көрсеткіштерін қосу арқылы анықталады. Бұл модельді қолданып, оған әртүрлі факторлардың болжамдық мәндерін қоя отырып, мысалы, сатудан түскен табыс, активтердің айналымдылығын, қаржылық тәуекелдік деңгейі, негізгі көрсеткіштердің бірі меншікті капитал рентабельді коэффициентінің болжамдық мәнін есептеуге болады.

Тағы бір мысал ретінде пайда мен залалдар жөнінде есеп бола алады. Ол нәтижелік белгіні (пайда) факторлар мен (сатудан түскен табыс, шығын деңгейі, салықтық қойылымдардың деңгейі және т.б.) байланыстыратын қатаң детерминацияланған факторлық модельдің кестелік жүзеге асырылуын сипаттайды. Бұл жағдайда болжамдаудың мүмкін болатын бір жолы келесідей.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің даму факторларын анықтау және зерттеу, олардың әртүрлі нәтижелік көрсеткіштерге, мысалы, пайдаға әсер ету деңгейін орнату мақсаты қойылады. Ол үшін кәсіпорынның табыстарын құру және бөлудің болашақта талдауы үшін арналған имитациялық модель қолданылады. Басқаша айтқанда, имитация тәртібінде модельге факторлардың болжамдық мәндері әр түрлі құрамда енгізіледі, нәтижесінде табыстың күтілетін мәні есептеледі. Имитация нәтижелері бойынша іс-әрекеттердің бір немесе бірнеше нұсқалары таңдалуы мүмкін. Бұл жағдайда модельдеу үрдісінде қолданылған факторлардың мәндері болашақ іс-әрекеттердің болжамдық бағдарлары ретінде қызмет атқаруы мүмкін.

Қазіргі жағдайда сақтандыру компаниялары өз бәсекелік стратегиясын әзірлегенде белгілі Портер үлгісін қолдануына болады. Бұл үлгіні әзірлеудің негізіне өндірістің әртүрлі саласында кездесетін үдерістерді зерттеу жатады.

Кәсіпорынның бәсекелік ұстанымын бағалау үшін қажетті факторлар негізінде Портер сақтандыру қызметін бәсекеге қабілетті ететін үлгіні құрған (18-сурет).



18-сурет. Бәсекенің қозғаушы күштері

Нарық үлесі мен рентабельділік арасындағы байланысты анықтайтын Портер қисығы 18-суретте көрсетілген.



19-сурет. Нарық үлесі мен рентабельділік арасындағы байланыс

Портер зерттеулері мынадай жағдайды көрсетті:

а) нарықтың үлкен үлесін жаулап алуды көздеген ірі компаниялар секілді кішігірім бірнеше фирмалар да рентабельділіктің қажетті деңгейіне қол жеткізе алады;

б) ортаңғы ұстаным қауіптірек;

в) нарықта көшбасшы болуға мүмкіндігі жоқ компанияларға өз қызметін белгілі сегментті тауып, тек соған бағытталған қызметтерді көрсету, сөйтіп өзінің сол нарықтағы қатысты артықшылығын көтеру тәсілдерін іздеуге шоғырландыру керек;

Сақтандыру компаниясының бастапқы ұстанымына сәйкес бәсекелік стратегияның келесі түрлерінің бірі қолданылуы мүмкін:

зияндар саласындағы көшбасшылық. Осы стратегия аясында қызметке төмен баға қоюға мүмкіндік беретін шығындарды мүмкіндігінше қысқарту міндеті қойылады. Сол себепті, қызмет сапасы екінші деңгейлі элемент ретінде қарастырылса да, қанағаттанарлық деңгейден төмен болмауы керек.

Көшбасшылық стратегиясы сақтандыру компаниясына келесідей артықшылықтарға қол жеткізуіне жағдай туғызады:

бәсекелестер бәсекелік күрес күшейген кезде шығынға батып жатса да, компания аз зиянмен пайда таба алады;

компания нарықтағы үлесін одан әрі өсіруге және потенциалды клиенттердің сұранысын қанағаттандыруға мүмкіндіктері болады;

төмен шығындар жаңа бәсекелестердің нарығына енуге кедергі туғызады.

Мұндай стратегияны енгізу сапа мәселесі мен сұраныстың өзгеруіне назардың азаюымен негізделген белгілі тәуекелділікпен бірге жүреді.

Сақтандыру компаниясы бірінші кезекте шығындарды төмендету мәселесін шешем деп жүріп, нарықтық орта динамикасының өзгеріп кеткенін байқамай қалуы мүмкін. Тәуекелдік әртүрлі жағдайларға байланысты кенеттен туындауы мүмкін, мысалы, осы стратегияны енгізуді тежейтін кейбір ресурстарға бағаның өсуі жатады.

Түрлендіру стратегиясы. Бұл стратегияның негізгі ойы – тұтынушылардың ерекше мұқтаждықтарын қанағаттандыруға бағытталған бәсекелестердің қызметінен артық қызметті құру. Осы стратегияны жүзеге асыру үшін қажетті шарттар мыналар:

компания жүргізетін кең ауқымды маркетинг стратегиясы;

сақтандыру компаниясының ерекше әйгілігі;

қызметті алу (жоғарыы білікті маман, орналасу жерінің сәтті дизайны) үдерісінде жаңа шарттарды құру мүмкіндігі.

Түрлендіру стратегиясының артықшылығы деп, тұтынушылардың кәсіпорын имиджімен байланысын атап айтуға болады, егерде баға өзгерісіне деген сезімталдық төмендесе, онда ол бағалық көшбасшылармен бәсекеге түсуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, имидж және жоғарығы табыс

әріптестермен қатынасты жеңілдетеді, ал қызметтің ерекше сапасы қызмет ауыстырушы нарыққа ену қиындығын ескертеді.

Түрлендіру стратегиясындағы тәуекелділік тұтынушыға қол жетімсіз тым жоғары баға қою мүмкіндігіне және компания имиджі өз маңыздылығын жоғалтатын құндылық жүйесінің тез өзгеруіне әкеп соғуы мүмкін.

Шоғырлану стратегиясы. Бұл стратегия нарықтың бір немесе бірнеше сегменттеріне шоғырлануды және зияндар бойынша немесе имидж көмегімен көшбасшы болуын қарастырады.

Осы стратегияны жүзеге асыру үшін қажетті шарттар мыналар:

сақтандыру компаниясы бәсекелестерге қарағанда мақсатты нарықты жаулап алудың тиімді әдістерін білуі керек;

шығын бойынша көшбасшылық стратегиясының артықшылығы немесе түрлендіру стратегиясы таңдап алынған сегмент аясында қолданылу мүмкін.

Шоғырлану стратегиясы тұтынушылардың қажеттілігін түрлендіру мүмкіндігі бар сақтандыру салаларында тиімді, онда клиенттерді жастары бойынша, жалпы табыстары мен сақтандыру қызметіне деген жеке қажеттіліктері бойынша сегменттеуге болады. Мұндағы тәуекелділік дәл осы нарықта жұмыс істейтін сақтандыру компаниялары қызметінің арасындағы бағалар айырмашылығымен байланысты. Шоғырлану стратегиясын қолдана отырып, таңдап алынған нарық сегментіне терең бойлап енуді қамтамасыз ету маңызды болады. Кері жағдайда, бәсекелестер сегменттеу үдерісін нақтылап алып, сегменттердің ішінен тағы кіші сегменттер бөліп алып, сол нарықта терең маманданып алуы мүмкін.

Нарықтық үдерістердің тереңдеуімен сақтандыру саласындағы бәсекеде өсіп келеді. Соған байланысты сақтандыру компаниясының бәсекеге қабілеттілігі күрделі маркетингтік шешімдерді уақытында және дұрыс қолдануында. Сақтандыру компаниясының бәсекеге қабілеттілігін ұстап тұру үшін қызметтерді түрлендіруді (дифференциация), қызмет көрсету сапасын және өнімділігін басқару қажет. Көптеген қызметтерге бағаны ырықтандыру (либерализация) бағалық

бәсекенің шегін кеңейтеді. Сақтандыру компаниялары өз ұсыныстарын түрлендіру үшін төмен баға стратегиясын қолдануы мүмкін. Алайда бұл стратегияны бәсекелестер тез арада қабылдап алады. Сонымен қоса, қатаң бағалық бәсеке таза пайданы азайтып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты түрлендіру артықшылығының пайда болуына жол бермейді. Қызметті түрлендіру бағалық бәсекеге балама болуы мүмкін, бірақ оның өзі де белгілі проблемалармен байланысты. Сақтандыру қызметін түрлендіруді үш бағытта жүргізуге болады: түрлендірілген ұсынысты, қызметті ұсыну әдістерін және имиджді әзірлеу арқылы.

Ұсынысты түрлендіру бәсекелестер ұсынысынан бөліп көрсететін жаңа тауар өндіруді білдіреді. Сақтандыру компаниясы осылай әрдайым қызметін түрлендіре және жетілдіре отыра, бәсекелестерден озып тұра алады. Бірақ, қызмет аясындағы осындай жаңалық енгізулерге патент берілмейтіндіктен бәсекелес компаниялар оны жеңіл көшіріп алады. Сақтандыру компаниясында қызметті ұсыну әдістерін түрлендіру мыналар арқылы жүзеге асады: қызметкер арқылы (қызметкерлерді іріктеу сапасын көтеру, оны оқыту немесе оның санын өсіру жолымен); қоршаған орта арқылы (мысалы, жайлылық деңгейін көтеру) және үдеріс арқылы (қызмет көрсетудің ерекше әдісін әзірлеп шығару).

Сақтандыру компаниясының бәсекелік артықшылыққа ие болуының бір әдісі, ол имиджін түрлендіру. Өзінің жеке имиджін әзірлеу үшін уақыт керек, ол сондай-ақ бәсекелестерден көшіріп алынуы мүмкін. Бәсекелестер арасында биік тұруды қалайтын сақтандыру компаниялары өз символдарына немесе бірегей қызметтерді ұсынуға назар аударуы қажет.

Сақтандыру компаниясы өз қызметтерін түрлендіре отырып, клиенттің күтімін жоғарыы сапалы қызмет көрсету арқылы ақтауы мүмкін немесе өз маркетингтік саясатын жақсартып, тұтынушылардың күтулерінен де асып түсетін қызмет ұсыну клиенттердің сақтандыру компаниясына деген ұстанымын бекітіп, өз кезегінде сақтандыру компания пайдасының өсуіне ықпал етеді.

Сақтандыру сүйенетін негізгі алғышарттарға келесілер жатады:

тәуекелдік бірлестігінің бар болуы;

сақтандыру төлемдерін тек сақтандыру жағдайы туындаған кезде жүргізу;

тек ақшалай зиян келген тәуекелдерді сақтандыру.

Тәуекелдіктің өзгергіштігін ескере отырып, сақтандыру институттары статистикалық есептерге, жиналған ақпараттарды талдау мен өңдеуге сүйене отырып, әрдайым оның дамуын бақылап отыруы тиіс. Алынған мәліметтер негізінде сақтандырушы нақты тәуекелді сипаттайтын барлық факторларды талдайды. Кәсіпкерлік қызмет тәуекелін төмендету үшін, ең алдымен оның жіктелімін талап ететін әрбір белгілі түрлерінің тәуекел деңгейін бағалап алған дұрыс. Батыс сақтандырушылары тәжірибесінің негізінде сақтандыру институттарының көмегімен сақтандыру мақсаттылығы жоқ тәуекелдік жағдайлар анықтап алынады.

Осыған ұқсас тәуекел арасынан түрлерін бөліп көрсетуге болады: коммерциялық тәуекел; ресурстарды ұтымсыз бөлу тәуекелі; клиент талғамының өзгеруі; бәсекелестердің қимыл-әрекеті; кәсіпорын жұмысшыларының ризасыздығы; капиталдың енжарлығымен байланысты қаржылық тәуекел; менеджерлердің қателіктері; бағаның, сұраныстың, пайда көлемінің өзгерісі; дұрыс таңдап алынбаған объектілер тәуекелі; күтпеген саяси жағдайлар, күтпеген экономикалық толқулар мен табиғи апаттар, экологиялық қақтығыстар; ұлттық және ұлтаралық толқулар, күтпеген үкіметтік қаулылар (заңдағы, бағадағы, салықтың көлеміндегі өзгерістер туралы); фирманың қаржылық параметрлерімен салыстырғанда құны төмен мүлікті жою тәуекелі; бір типті мүліктердің көп санын жою тәуекелі; шаруашылық басшысының, сондай-ақ кадрлардың, мамандардың біліксіздігімен байланысты тәуекел; өндіріспен байланысты тәуекел.

Қазақстан Республикасында қалыптасқан қазіргі таңдағы экономикалық жағдайды ескере отырып, батыс елдерінде сақтандыру объектісі ретінде саналмайтын коммерциялық,

техникалық, құқықтық және саяси секілді тәуекелдің белгілі түрлерін сақтандыру объектісіне жатқызу қажет болар еді.

Тәуекел бизнестің маңызды элементі деген ойды XX ғасырдың 20 жылдарында ең алғаш экономист Фрэнк Найт айтқан. Ол тәуекелдің ұғымын тарылтып қойды, ол тәуекел бизнес бар жерде ғана бар деп жария еткен.

Тәуекел туралы ойды жалғастырушы келесі ғалым Гарри Марковиц. Ол тәуекел мен табыстылықты байланыстырған. Гарри Марковец теориясы қаржылық нарық тиімді деген тұжырыммен құрылған. Кезкелген табыстылық тек тәуекелмен қатар өсіп отырады, басқаша болуы мүмкін емес.

Бұл постулат қазір студенттерге таныс, бірақ Марковицтің негіз қалаған еңбегі шыққан 1953 жылдан бері 1970 жылдың басына дейін бұл теория онша қызығушылық тудырған жоқ.

Алайда 1970 жылдағы валюта бағамының ауытқуы салдарынан экспортқа шығатын тауарлардың бағасын алдын ала бір жылға болжау (ал бұл оның алдындағы жылдарда қарапайым практика болған) мүмкін болмай қалды. Мұнайға деген бағаның секіріп кетуі және пайыз қойылымдарының ауытқуы сенімсіздік тудырды. Сол кезде Марковиц ойлары қайта қолданысқа енді. Марковицтің еңбегінен қазіргі уақытта өте танымал қаржылық тәуекел-менеджмент көрсеткіштеріне дейін бір-ақ қадам. Ол көрсеткіш Value at Risk (VaR) деп аталады. Ол өте жас термин, қалыптасқанына он жыл болса да оған әлі орысша балама ұғым табылған жоқ. Бұл көрсеткішті «тәуекелдік құн», «тәуекел асты құны» және «тәуекел есебінен инвестиция» деп, ал қаржыда оны жай «вар» деп атайды.

VaR – бұл қаржылық нарықтағы бағалардың ауытқуынан туындаған ең үлкен күтілетін зиян. Алдын ала уақыт шегі құрылады (1-10 күн) және зияндардың есептелген көлемінен аспау ықтималдығы (95-99%). Есептеудің келесі базалық элементі – VaR көмегімен есептелінетін тәсіл – нарық туралы жорамалға байланысты. Осындағы негізгі екі тәсіл – аналитикалық және тарихи үлгілеу.

VaR үлгісін әлемдегі ең ірі инвестициялық банк саналатын J.P.Morgan қызметкерлері алғашқылардың қатарында қолданған. Оларға берілген құнды қағаздар мен валютаға қатысты берілген

ықтималдықпен (әдетте 95 немесе 99%) белгілі уақыт аралығында (1-ден 10 күнге дейін) J.P. Morgan жоғалтатын доллар шығынын көрсететін сандарды есептеу керек болды. Сонда 99% сенімді интервал үшін 200 мың АҚШ долларындағы бір күндік VaR мәні мынаны көрсеткен:

келесі 24 сағат аралығындағы доллар курсының ауытқуларындағы жоғалтулар ықтималдығы 200 мың $-дан кем болған, 99 %-ды құрады;

200 мың $-дан асатын шығын орта есеппен 100 күндік саудада бір рет күтіледі.

1994 жылы J.P. Morgan тәуекелді бағалау жүйесінің Riskmetrics атты түрін жария етті және барлық келушілерге өз мәліметтерінің тегін базасын ашты.

VaR-ды кейін нарықты реттеу ұйымы өз бақылауына алды. Оны АҚШ-тың биржа және құнды қағаздар бойынша Комиссиясының (SEC) брокерлік-дилерлік есептерінде қолдануды талап етті. Бірақ VaR болжау құралы емес. Ол нарық туралы өткен статистикалық ақпараттарды қолдану арқылы есеп жүргізу үшін құрылған және оның көмегімен күрделі мәселелерді болжап айта алмаймыз.

1997 жылы Riskmetrics Group (J.P. Morgan-ның еншілес компаниясы) жаңа көрсеткіштерді есептеу тәсілін жария етті – ол CreditVaR деп аталды. Ол VaR жұмысының концепциясын несие саласына аударды. Осы әдістеме бойынша банк арқылы берілген ссуда мен корпоративтік облигациялардың дефолт тәуекелі есептелінеді. Қазір әлемдік қаржылық қауымдастығы осы үлгіні операциондық тәуекелдерге де (оларға есептеуіш техникалардың істен шығуы, қызметкерлердің қателігі мен алаяқтылығы, бизнес-үдерістерді құруға қатысты есептеулер жатады) қолдануды мақсат етіп отыр. Осы әрекет егер табыс әкелсе, онда қаржылық ұйымдар мен банктер өздерінің тәуекелдерімен осындай бірыңғай және түсінікті әдістеме бойынша жұмыс істей алады. Осы жерде стресс-тестинг өткізу өте пайдалы іс болар еді. VaR-ға ұқсас үлгі бойынша (ұқсас алғышарттар, есептеу тәсілдерінің ұқсастығы) ықтималдығы аз, бірақ елдегі макроэкономикалық жағдайдың экстремалды өзгерістеріне құнды қағаздар портфельінің немесе барлық

қаржы жүйесінің тұрақтылығы тексеріледі. Осы жерде өтіп кеткен немесе әлі болмаған дағдарыстарды үлгілеуге болады. Қазақстан жағдайында бұл өте маңызды, әрі пайдалы әрекет.

Әдетте, сыртқы орта факторларын үлгілеп және олардың компания қызметінің қаржылық жағына әсерін зерттеу жоғарыы бағаланады. Мысалы, теңге курсының долларға қатынасын алайық. Бұл жағдайда өткен жылдардағы статистиканың мәні ағымдағы мұнай бағасының деңгейі, Ұлттық банктің валюта бағамын реттеу мүмкіндігі, шетелдік инвестициялар көлемі, саяси жағдай секілді факторларға қарағанда онша мәнді емес.

Әйткенмен, жағдай қазақстан экономикасының болашақтағы даму деңгейіне қарай өзгеруі мүмкін және Value at Risk әдістемесі біздің елде кең қолданысқа ие болатыны сөзсіз. Бұрынғыдай бұл тәсілді қаржылық нарықта жұмыс істейтін несие және сақтандыру ұйымдары үшін және оны таңдап алынған стратегияны бағалау көрсеткіштеріне қолдану ісі маңызды болады.

12.4. Сақтандыру маркетингі

Сақтандыру маркетингінің мәні және міндеттері

Сақтандырудағы маркетинг – бұл өз аймағындағы, басқа да аймақтардағы және жалпы мемлекет бойынша сақтандыру қызметіне деген қалыптасқан сұраныс пен ұсынысты зерттеу, талдау және есепке алу бойынша, сондай-ақ белгілі бір бағыттағы сақтандыру қызметіне сұранысты қалыптастыру бойынша шаралар болып табылады.

Сақтандыру ұйымдары өзіндік маркетинг қызметтерін құрады немесе арнайы маркетингтік ұйымдарға немесе қызмет орындарына жүгінеді.

Сақтандыру маркетингінің міндеттері:

- Сақтандыру нарығының жағдайын және нақты сақтандыру қызметтеріне (сақтандыру түрлеріне) сұраныстың перспективасын зерттеу.
- Сақтандырушының жұмысын ұйымдастыруды арттыру және қолындағы мүмкіндіктерін жүзеге асыру резервтерін және жолдарын анықтау.

- Сақтандыру қызметінің (сақтандыру түрлері) жаңа түрлерін әзірлеу.

Сақтандыру маркетингінің іскерлік стратегиясы және тактикасы:

- потенциалды сақтанушылардың (заңды және жеке тұлғалардың) қажеттіліктерін зерттеу;
- сақтандыру нарығында қалыптасқан жағдайларды талдау;
- өз аймағының және жалпы мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік даму жағдайын және тенденцияларын зерттеу;
- бәсекелес сақтандырушылардың алдыңғы қатарлы тәжірибесін талдау;
- жарнамалық іс-шаралардың тиімділік әсерін талдау;
- қалыптасқан нақты жағдайларда өз бетінше сәтті әрекет ету мүмкіндіктерін бағалау;
- сақтандыру қызметтерін потенциалды сақтанушыларға ұсынудың жаңа формаларын және каналдарын жасақтау;
- потенциалды сақтанушыларды ынталандыратын шараларды зерттеу мақсатында халық және шаруашылық субъектілері арасында сұрақнама жүргізу. Яғни, сақтандыру келісімін жасауға адамдарды итермелейтін факторлардың кешенін анықтау (экономиканың дамуы, өмір сүрудің әлеуметтік жағдайлары, демографиялық, ұлттық, кәсіби, жыныстық және т.б. ерекшеліктер, сақтандыру мүддесін психологиялық тұрғыдан қабылдау).

Сақтандырушының имиджін қалыптастыру. Маркетингтің басты бағдарының бірі – сақтандыру ұйымының өзіндік қайталанбас айрықша *фирмалық стилін* жасақтау болып табылады. Фирмалық стиль өзін барынша жарқын тұрғыдан көрсете білу, сақтандыру ұйымы және оның өнімдері туралы ақпаратты халықтың санасына сіңдіре білу әдістері мен шараларын қамтиды.

Фирмалық белгі (яғни бекітілген тәртіп бойынша тіркелген бейне) және *логотип* фирмалық стильдің құрамдас бөлігі. Фирмалық белгі сақтандыру полистерін, құжаттарды, жарнамаларды басқа да сақтандырушылардың сәйкес өнімдерінен айырмашылығын көрсету үшін қолданылады.

Логотип – сақтандыру ұйымының толық немесе қысқаша атауының арнайы дайындалған айрықша белгісі (бейнесі) болып табылады. Фирмалық белгі және логотип *фирмалық блокқа* біріктірілуі мүмкін; фирмалық блокқа сақтандырушы қызметінің негізгі принципін (кредосын) білдіретін фирмалық *лозунг қосылуы* мүмкін.

Ғылыми негізделген фирмалық стиль сақтандыру ұйымының атағын көтеруге және сақтандыру өнімдерін потенциалды сақтанушыларға сату белсенділігін арттыруға септігін тигізеді.

Сақтандыру жарнамамасы

Жарнаманың мәні және мақсаты. Жарнама – бұл сақтандырушының қызметіне деген тұрақты сұранысты қалыптастыру мақсатында сақтандырудың жекелеген түрлері және нақты сақтандыру компаниясының негізгі сипаттамалары туралы ақпараттың эмоционалды көркемделген бейнесі.

Кең мағынада жарнама жүйелі немесе мақсатты түрде жүзеге асырылатын бұқаралық-түсіндірме кешені болып табылады.

Жарнаманы ұйымдастыру және жүзеге асыру формалары мен әдістері. Жарнаманы және басқа бұқаралық-түсіндірме шараларды (әңгімелесу, «дөңгелек үстел», кездесулер және т.б.) ұйымдастыруда сақтандырушылардың түрлі топтарының мүдделері, бірінші кезекте табысы төмен халықтың сұраныстары, ауа-райы және климаттық жағдайлар, жекелеген аймақтардың ұлттық ерекшеліктері мен экономикалық даму деңгейі, басқа да факторлар ескерілуі тиіс. Осы факторлар арқылы аталған сақтандырушының қызметіне деген қажеттіліктер қалыптасады.

Ұйымдастыру формасы бойынша сақтандыру жарнамасы жеке және ұжымдық болуы мүмкін. Бірінші жағдайда жарнамадағы ақпарат жекелеген тұлғаның (мысалға, кәсіпорын басшысының) санасында қалыптасуды көздейді, ал екінші жағдайда – қызметіне, жасына, жынысына және т.с.с. белгілеріне қарай адамдардың белгілі бір топтарына

(студенттерге, жүргізушілерге, зейнеткерлерге және т.с.с.) бағытталады.

Жүзеге асыру формасына қарай жарнамалардың келесідей түрлері болады: баспа (плакаттар, буклеттер, күнтізбелер және т.б.), киножарнама, радиожарнама, теледидарлық жарнама, бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану арқылы жүргізілетін жарнама.

12.5. Шетелдік сақтандыру стратегиялары

XX ғасырдың екінші жартысында әлемдік сақтандыру нарығы дамудың жаңа кезеңіне түсті. Дағдарыс кезеңінен өтіп, тез өзгеріп отырған экономикалық жағдайларға икемдене отырып, түрлі елдердің сақтандыру қызметі нарығы бірыңғай халықаралық сақтандыру кеңістігін құру бағытында белсенді дамып келеді. Бұл бірігу қарқыны сақтандыру бизнесінің барлық салаларын қамтыды.

Сақтандыру нарығында шоғырланудың жаһандық тенденцияларының пайда болу себептерінің арасынан бірнеше жаһандық факторларды атап айтуға болады. Солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі – ұлттық нарықтар арасындағы тығыз байланыстардың пайда болуын және бірыңғай мәдени, ақпараттық және экономикалық кеңістікті құруды сипаттайтын әлемдік қауымдастық дамуының жаңа кезеңіне шығуы болып табылады. Елдер арасында экономикалық және мәдени шекараны алып тастау сақтандыру бизнесіне ұлттық шекарадан тысқа шығуына мүмкіндік береді, ол өз кезегінде компания әріптестері мен шетелдік өкілдіктері шеңберінің кеңеюіне, ауқымды халықаралық еңбек бөлінісінің пайда болуына, сондай-ақ халықаралық туризм индустриясының дамуына жол ашады.

Еуропалық сақтандыру қызметі шоғырлануының бастамасы Еуропалық валюта-қаржы Одағын құру болды. 1994 жылдың шілде айынан біріккен сақтандыру нарығының пайда болуымен байланысты нарық құрылымының өзгерісі тек еуропа компанияларына әсер тигізген жоқ, сонымен бірге басқа да мемлекеттердің, әсіресе АҚШ-тың сақтандырушыларын да тартты.

Сақтандыру қызметінің шоғырлануына әсер еткен тағы бір факторлардың бірі ол – сақтандыру қызметін бірыңғайлау. Сақтандыру қызметін бірыңғайлаудың алғашқы нұсқасын жүзеге асырудағы бизнес үдеріске әртүрлі әріптес-сақтандырушылардың (қайта сақтандырушылар, апаттық комиссарлар және т.б.) қатынасуы да үлкен рөл ойнайды.

Атап айтсақ, шоғырлану үдерісі сақтандыру қызметі ішінде тұйықталмайды. Сақтандыру қызметінің шегінен шығудағы шоғырлану бағыттарының бірі - сақтандыру және банк қызметтерінің өзара қосылуы. Бір жағынан, мұндай қосылу қосылған компаниялардың қызмет көрсетуші инфрақұрылымын тиімді қолдануға және өнім қатарын түрлендіруге мүмкіндік берсе, ал екінші жағынан, мұндай альянстар көп жағдайда біріккен компаниялардың нарықтық бағасын көтеруге жағдай туғызады. Осыған орай айта кету керек, АҚШ пен Жапонияда сақтандыру мен банк құрылымдарының жақындасуына заңмен тыйым салынған. Ал Еуропа елдерінде олай емес. Сақтандыру компанияларының банктерге ие болуға құқысы жоқ және керісінше. Алайда сақтандырушылар басқа қаржы саласында (банктік және пайлық инвестициялар саласында) жұмыс істеуге құқық талап етеді. Өз қызметінің басымды бағыты ретінде олар банктермен шарт және корпоративтік негізде қарым-қатынасты тереңдетуді көздейді.

Сақтандыру қызметінің шоғырлану үдерісі сөзсіз ұлттық ерекшелікке ие. Мәмілелер көлемі мен оның саны әрбір нарықтың құрылымына және қаржылық қуаты мен потенциалына тікелей байланысты.

Ең ірі ұлттық сақтандыру нарығы бола отырып, АҚШ қосылу мәмілелерінің саны бойынша (40%-дан жоғарыы) әлемде жетекші орын алуда. Мұндай жоғарыы көрсеткіш екі себеппен түсіндіріледі: жоғарыы қаржылық мүмкіндіктер мен еуропалық бәсекелестерге қарсы тұру мақсатында мәжбүрліктен ірілену қажеттілігі. АҚШ-тың үлесіне әлемдік сақтандыру түсімдерінің 30%-ы келеді екен. Сондай-ақ, АҚШ жан басына шаққандағы сақтандыру сыйлықақыларының көлемі бойынша (2500 АҚШ долларынан артық) жетекші орын алады. Салыстыру үшін алсақ, Еуропада орташа есеппен жан басына

шаққандағы сақтандыруға кеткен шығындар жылына 1000-нан 2500 АҚШ доллары арасында екен.

Еуропа елдерінің арасында осы көрсеткіштер бойынша жетекші орын алатын мемлекеттер Ұлыбритания, Германия, Франция және Италия болып табылады. Әлемді шарпыған қазіргі дағдарыс сақтандырушылардың нарықтағы ұстанымына қатты әсер етуде, сонымен бірге кейбіреулерін банкроттыққа ұшыратуда. Дәл осылай, Жапонияның сақтандыру нарығы бір кездері болған Азиядағы қаржылық дағдарыс кезінде қатты құлдырап кеткен болатын. Және де Жапонияның ұлттық сақтандыру нарығының әлемдік нарықтағы ұстанымының төмендеуіне әлемдік сақтандыру қауымдастығына әлі шоғырланбауының себебінде, ал оған оның заңдық тұрғыдан жабықтылығы әсер еткен. Осы факторлар жапондық компаниялардың шоғырлану және халықаралық сақтандыру нарығын құру үдерісінен шығып қалуына әкеліп соқтырды.

ЕО сақтандыру қызметін ырықтандыру және реттеу мен қадағалаудың ұлттық әдістерін бірыңғайлау нәтижесінде бәсекелестік күшейді, нарықтың мөлдірлігі көтерілді және шетел сақтандырушыларының қызметтеріне қол жетімді болды.

Жаһандық қосылулар мен жұтулардың негізгі себебі – ұлттық нарықтардың қатысушылар санымен толып кетуі және солардың арасында бәсекенің күшеюі, істі жүргізуге кететін шығындарды қысқартуға тырысу, басқару, ақпараттық және басқа да қызметтерді оңтайландыру есебінен шығындарды қысқарту, жаңа нарықтарды жаулап алу есебінен өзінің географиясын кеңейту, өз капиталын өсіру және рейтингісін көтеру.

Қазіргі кезеңдегі бірыңғай еуропалық сақтандыру қызметі нарығының дамуының маңызды тенденциясы – сақтандыру компаниялары қызметінің сала аралық жаһануы және оның қаржы нарықтарының аралас секторларындағы өкілдермен жақындасуы болып табылады. Осы тенденция банкассюранс феноменінде көрсетілді, яғни банкассюранс – дегеніміз сақтандыру компаниялары мен несие мекемелерінің қосылуы, олардың капитал құруда, қаржылық өнімдерді бірігіп жүзеге асыруда немесе ынтымақтастықтың басқа үлгілерінің негізінде

клиентке қаржылық және сақтандыру қызметтерінің толық кешенін ұсыну.

Бұл құбылыс 80 жылдардың ортасынан бастап банк заңнамасының ырықтандырылуы, капитал ағыны үшін кедергілерді алып тастау нәтижесі ретінде даму алды.

Банкассюранс келесі үлгіде жүзеге асуы мүмкін:

банкте, өнімдері оның бөлімшелеріндегі желілер арқылы сатылатын сақтандыру компаниясы болады (мысал ретінде Midland, Barklays, TSB банктерін аламыз);

банк тек бір ғана сақтандыру компаниясының өнімін арнайы мамандандырылған агенттік шарты негізінде сатады (tied agency);

банк клиенттерге «тәуелсіз кеңестер» беру жолымен сақтандыру компанияларының өнімдерін сату арқылы брокерлік қызмет атқарады (NatWestBank);

банк сақтандыру қоғамдары кішігірім топтарының шарттарын сатады;

банк акцияның бақылау пакетіне ие сақтандыру компаниясына жатады (GAN атты француздың сақтандыру компаниясы CIC деген банктің бақылау пакетін алып отыр).

Көп жағдайда банктердің сақтандыру компанияларын сатып алу немесе құру жағдайы кең тараған. Банкассюранстың соңғы нұсқасының ерекше табысты мысалына қарқынды дамып келе жатқан Credit Agricole құрған Predica және Pacifica ұйымдары, сондай-ақ Credit Mutuel құрған Assurances du Credit Mutuel ұйымы жатады.

Қазіргі таңда Францияда өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының 60%-дан астамын банк желілері арқылы жинайды екен, ал Испанияда бұл көрсеткіш 80%-ды құрайды. Қаржы нарықтарының түрлі секторларындағы кәсіпорындардың қосылуы нәтижесінде күшті қаржылық қуаты, бөлімше желілері бар, сөйтіп клиентке қызметтің толық кешенін көрсетуге мүмкіндік беретін жаңа халықаралық корпорациялар пайда болады. Мысалы, қосымша зейнетақы қорын жинап жүрген жеке тұлғаларға зейнетақыны жинау, тәуекелді сақтандыру, инвестицияларды, капиталды басқаруды, ақпараттық қызмет көрсетуді және супермаркеттерде

жеңілдіктер көрсетуге дейінгі қызметтерді қосатын кешендік қызмет көрсетіледі.

Сайып келгенде, сақтандыру және банк капиталдарының өзара қосылуы жолымен активтері ең ірі трансұлттық корпорациялардың (ТҰК) активтерімен салыстыруға келетін ірі трансұлттық қаржы тобы (ТҰҚТ) және трансұлттық сақтандыру компаниялары (ТҰСК) құрылады. Осылай 25 ірі еуропалық компаниялар тізімінде Германия, Голландия, Швейцария, Франция мемлекеттерінен құрылған 5 сақтандыру тобы бар.

Сақтандыру қызметі даму деңгейінің негізгі көрсеткіштерінің бірі – инвестициялық қызметтің қуаттылығы. Еуропалық сақтандырушылар әрқашан инвестицияланатын қаражат көлемін өсіріп отыр. Егер ЕО сақтандыру компанияларының инвестиция құрылымын қарайтын болсақ, инвестицияның көп бөлігі акциялар мен облигациялар сатып алуға бағытталады екен. Осы екі бағыт орта есеппен сақтандыру компанияларының барлық инвестицияларының 73%-ын береді. Және де сақтандыру компанияларындағы барлық инвестициялардың көп үлесін өмірді сақтандырумен айналысатын компаниялар алады екен.

ЕО сақтандырушылары инвестицияның жалпы көлемінен 38,6%-ын акцияларға инвестициялайды екен. Сондықтан олардың табыстылық көрсеткіштері көбіне бағалы қағаздар нарығы дамуының қалыпты тенденциясына байланысты болады.

Батыстық тәжірибеде сақтандыру компаниясы – бұл экономиканың қаржылық қуатты субъектісі және бағалы қағаздар нарығындағы негізгі институционалдық ойыншы болып табылады. Бағалы қағаздарға инвестиция тарту сақтандыру қорларының қаражаттары немесе сақтандырушылардың жеке қаражаттары есебінен жүзеге асады. Сақтандырушылардың бағалы қағаздарға тартқан жалпы жылдық инвестицияларының көлемі бір жылда жиналған сақтандыру сыйлықақыларынан асып түсуі мүмкін.

Сақтандырушылардың бағалы қағаздар нарығының сатып алушылары ретіндегі ерекшелігі олардың әмбебаптылығында, сондықтан олар кез келген инвестициялық операцияларды (қысқа мерзімдіден ұзақ мерзімге дейінгі, өте тәуекелі жоғарыдан тәуекелі жоққа дейінгі) жүргізуге қабілетті.

Сақтандырушыларға ашық қаржылық алып-сатарлықпен айналысуға мемлекеттік қадағалау ұйымының қатаң талабы рұқсат бермейді. Мысалы, Германияда жоғарыы тәуекелді бағалы қағаздарға инвестиция салуға мүлдем тыйым салынған; Ұлыбританияда мемлекеттік емес бағалы қағаздар түрлеріне инвестиция салу 1-5%-дан аспайды.

Сақтандыру, банк және қор капиталдарының байланысын талдай келе, бағалы қағаздар нарығына қолайлы әсер ететін макроэкономикалық тұрақтылықтың факторы ретіндегі сақтандырудың рөлін атап айтуға болады. Сақтандыру экономиканың үздіксіздігін және баланстылығын қамтамасыз етудің қаржылық механизмі ретінде макроэкономикалық пропорцияларды оңтайландыруға ықпал етеді. Өмірді сақтандыру ұзақ мерзімді қаржылық ресурстардың аккумуляторы ретінде ұлттық экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Сақтандыру және басқа да қаржылық нарықтардың өзара әрекет етуінің потенциалы өте жоғарыы және ол белсенді қолданылатын дамыған батыс елдеріне қарағанда, Қазақстанда оны тек жаңадан игеруге тура келеді. Қазақстандық сақтандырушылардың бағалы қағаздар нарығындағы инвестициялық мүмкіндігі толық қолданылмай келеді, оған қаржы нарығының нашар дамығандығы себеп.

Экономиканың кез келген сегментіндегі компаниялар қосылуының сыртқы және ішкі инвестициялық артықшылығы болуы мүмкін.

Ғылыми зерттеулерде қосылу туралы шешім қабылдаған компаниялар қол жеткізуге тырысқан келесі мақсаттарды бөліп көрсеткен:

нарықтағы жеке бәсекелік ұстанымын күшейту және бәсекелестерді жою;

басқа потенциалды қатысушылар үшін нарық сегментіне немесе нарыққа ену кедергілерін көтеру;

өзара толықтырушы, баланстанған активтерді алу;

бос қаражаттарды орналастыру тиімділігін көтеру;

пайдалы бизнеске қатысу;

бар басқару дағдыларын басқа бизнесте қолдану;

тәуекелдерді түрлендіру;

ақпараттық және маркетингтік шығындарды төмендету.

Осы жағдайда компания өз ресурстарының қосылуынан қосымша пайда алады:

а) мамандануды көтере отырып табысты өсіру, маркетингті жақсарту және нарықтағы ұстанымын нығайту;

ә) тік шоғырлану және өзара толықтырушы ресурстарды үнемдеу есебінен шығындарды төмендету;

б) салық салуды оңтайландыру;

в) капитал құнын түсіру.

Атап айта кету керек, «синергия» әсеріне қол жеткізумен қатар бизнесті бірыңғайлау, ішкі технологияларды біріктіру қажеттілігімен байланысты қосымша шығындар пайда болуы мүмкін.

Соған қарамастан банктердің, сақтандыру компанияларының және зейнетақы қорларының қосылуы үшін өзіндік ерекшелігі бар белгілі артықшылықтар бар, әсіресе:

а) активтерді және тәуекелді бағалауды басқару технологияларының ұқсастығы;

ә) тәуекелді басқару және бағалау үшін қолданылатын қызметкерлер мен техникалық құралдарды біріктіру мүмкіндігі. Тәуекелді үлгілеу мен болжауға қажет бағдарламалық өнімдерді, сондай-ақ тәуекелді бағалауды жүргізетін жоғарыы білікті қызметкерлерді ұстап тұруға кететін шығындар өте жоғарыы. Сондықтан, бизнестердің бірігуі осындай шығындарды елеулі қысқартуға мүмкіндік береді;

б) ақшаны тартқаннан бастап орналастыруға дейінгі кезеңдегі ақша қозғалысының транзакциялық шығындарын төмендету;

в) қаржылық тәуекелдерді түрлендіру;

г) тұрақты ұзақ мерзімді ресурстарды қосымша тарту банктер үшін артықшылық болып табылады;

д) ресурстарды тиімді басқару мен сапасын жақсарту мүмкіндігі зейнетақы қорлары үшін артықшылық болып табылады;

е) бірыңғайланған қаржылық сауда маркісін құру мүмкіндігі.

Жоғарыыда аталған бизнестердің қосылуы бақылаушы ұйымдардың да бірігу қажеттілігіне әкеледі;

Біріккен қаржы құрылымын құру кейбір заңнамалық кедергілерді жеңуге мүмкіндік береді. Сақтандыру компаниялары үшін әдетте, несиеге және акцияларға қорларды орналастыруға тыйым салынады, сондықтан сақтандыру қызметі үшін өз сақтандыру қорларын басқаруға мүмкіндігі тұрғысынан банктік бизнес тартымды болып табылады.

Бұл бизнестің қосылуы үшін тартымды механизм – сақтандыру өнімдерінің банк бөлімшелерінде банктік қызметтермен бірге сатылуында, ал ол өз кезегінде сақтандыру қызметін ұсынуға және клиенттерді іздеуге кеткен шығындарды елеулі қысқартуға әкеледі. Мұндай қызметті көрсетуге мысал ретінде банкке салынған мүлікті немесе қаржылық тәуекелдерді, төлем карточкалары операциялары бойынша тәуекелдерді сақтандыру болып табылады.

Зейнетақы қорларының қызметін реттеу кезінде зейнетақы қорларының құралдарын инвестициялаудың мүмкін бағыттары шектеледі, сондықтан банктермен зейнетақы қорларының қосылуы қор қаражаттарын тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Бүгінгі әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, мемлекеттік емес сақтандыру қорлары мен сақтандыру компаниялары өте ұқсас институттар, тек сақтандырушылардың қызмет бағыты кең (ақшаны жинаудан басқа олар тағы белгілі тәуекелді алып жүреді).

Бизнестерді біріктіру туралы шешім қабылдаған кезде сақтандыру компаниялары мен зейнетақы қорларының және банк кеңселерінің территориалдық жақындығына баса назар аударған жөн, егер мүмкін болса бір орталық кеңсеге біріктірген дұрыс. Бұл банкке қаржылық сұрақтарын шешуге келген клиент үшін қажет, себебі ол өзіне қандай қаржылық қызметке қолы жетімді екен білмей келуі мүмкін. Бұған банктік депозит және зейнетақы есебіне жарна салу мысал бола алады. Адам банкке келісімен ақшасын депозитке салады, бірақ маманнан кеңес алысымен депозитке салғаннан гөрі зейнетақы есебіне жарна салғаным дұрыс шығар деп шешуі мүмкін, әрине бұл жерде

оның жасы, депозиті мен банк ұсынған пайызының сомасы ескеріледі.

Банк жүйесі қазіргі таңда «қаржы супермаркетін» құру бағытында белсенді қызмет атқаруда. Қазіргі уақытта қазақстандық тәжірибеде банктік және сақтандыру ұйымдарының өзара әрекетінің белгілі бір тәжірибесі жинақталған сияқты.

Сақтандыру компаниясымен бірігіп жұмыс істеу несие ұйымдары үшін артықшылықтар береді. Біріншіден, банк клиенттен алынған кепілді сақтандыруды қамтамасыз ететін әріптес алады. Екіншіден, сақтандырушының көмегімен өзінің жеке несиелік және операциондық тәуекелдерін жабады. Үшіншіден, банк сақтандыру компанияларының қорларын өз басқаруына алады. Төртіншіден, сақтандыру компаниясымен ынтымақтастық құру несие ұйымдары үшін банктік өнімдерді жылжыту мақсатында қолдануына мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда нарықта банктердің сақтандыру компанияларымен ынтымақтастығының бірнеше үлгілері қалыптасқан. Ірі банктердің арасында әйгілі болған кэптивті компания құру болып отыр. Бұл жағдайда банк өзінің сақтандыру «еншілесі» аясында өз банктік өнімдеріне қызмет көрсетуді тұйықтауды мақсат етіп қояды. Көптеген банктер сақтандыру компаниясын құрғанда тек өздеріндегі сақтандыру тәуекелдерінің көп болғандығынан бармайды, сондай-ақ сақтандырудың өзіне қажетті, пайдалысын таңдау мүмкіндігінен барады. Сақтандырудың барлық түрін ақша ағынын әкелетін және пайданы қамтамасыз ететін (мүлік, жауапкершілік) болып бөлуге болады. Сәйкесінше, банк өзінің «еншілесінің» қызметін үлкен пайда әкелетін қызметке шоғырландырады. Қалғандары шеттегі сақтандырушыларға беріледі.

Ірі банкке сақтандыру «еншілесін» құру тағы бір артықшылыққа әкеледі. Сақтандыруға қойылған үлкен пайыз есебінен, мысалы қандай да бір кепіл несиеге несие қойылымы бәсекелестердің қойылымынан төмендеу болуы мүмкін. Әйткенмен, нақты жағдайда, несие алушының төмен қойылыммен нақты шығыны сақтандыру қызметіне төлемінің

есебінен болуы мүмкін немесе кейде бәсекелесуші несие ұйымдарынан да жоғарыы болуы ықтимал.

Ал енді орта немесе ұсақ банктерге келетін болсақ, оларға кэптивті сақтандыру «еншілесін» құру тиімсіз. Біріншіден, сақтандыруға жататын тәуекел санының аздығы, екіншіден, өздері тар маманданғандықтан көптеген несие ұйымдары түрлендірілген сақтандыру портфельін құруға жағдайы жетпейді, сондықтан сенімді кэптивтік сақтандырушы ұйымын құра алмайды.

Егер бөлшек несие көлемі салыстырмалы түрде жоғарыы болса немесе осы несиелердің үлесі банктің активінде артық болса, онда жеке сақтандыру компаниясын құру оңтайлы болады. Бұл орайда, банк сақтандырылатын несиелердің үлкен көлемінен үнемдейді.

Кооперацияның тағы бір нұсқасына біріккен (банк пен сақтандырушы) сақтандыру ұйымын құру жатады. Бұл жағдайда, несие ұйымдары сақтандыру қызметінің ірі қатысушысын тарта отырып, онда бар тәжірибені қолдануға тырысады. Сақтандырушы оған айырбас ретінде әріптесінің банктік өнімдеріне өзіне қызмет көрсетуіне рұқсат алады.

Ынтымақтастық құрудың тағы бір кең тараған әдісі – банк пен сақтандыру компаниялары арасындағы тұрақты іскер қарым-қатынасты жақсарту. Эксперттердің ойынша, мұндай ынтымақтастықтың артықшылығы сырттағы сақтандыру компаниясымен сақтандыру шартын бекіте отырып, банк иелері сақтандырушыға өз тәуекелдерінің бір бөлігін беруі болып табылады. Мұндай ынтымақтастық үлгісінде әріптестер арасындағы қарым-қатынас жабық сипат алмайды, яғни несие ұйымы бір уақытта бірнеше сақтандыру ұйымымен жұмыс істей алады. Сондықтан бұл жерде сақтандыру компаниялары арасындағы бәсекелестік банкке өз өнімін тиімді шартпен сақтандыруға мүмкіндік береді.

Банк сақтандыру әріптесін таңдаған кезде келесі факторларды ескергені абзал:

алдағы бірнеше жылдарда сақтандыру қызметін көрсету нарығындағы компанияның тұрақтылық жағдайының деңгейін;

сақтандырушыда кең ауқымды өнім түрлерінің бар болуын;

сақтандырушының бөлімшелік желілерінің даму деңгейін;

сақтандыру компаниясы аясында келісім-шартты бекіту кезінде, сондай-ақ арыздарды реттеу кезінде клиенттерге қызмет көрсетудің бірыңғай жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін.

Банк сақтандыру нарығының инвесторы, тұтынушысы ретінде қатысуы мүмкін, бірақ кәсіби қатысушысы емес. Алайда, банктер мен сақтандыру ұйымдарының ынтымақтастығы тек несие портфельін сақтандыруға рұқсат беру мен сақтандыру қорларының қаражаттарын орналастырумен ғана шектелмейді. Банк сақтандыру ұйымының капиталына қатысушы, сақтанушы ретінде, сондай-ақ сақтандыру өнімін сатудан ақша табушы ретінде қатынасуы мүмкін.

Банк саласында да, сақтандыру саласында да апатты даму кезеңі аяқталды. Екі ұйымда қызмет жасауда максимальды сенімділікке, ашықтылыққа тырысады. Әріптес таңдау жаңа деңгейге көтерілді. Жарғылық капиталдың «көлемі» параметрінен «сапа» категориясына, жалпы көрсеткіштерден сақтандыру портфельінің құрылымын талдауға бет бұрып отыр.

Бүгінгі күнде әріптес таңдаған кезде бизнес стратегиясының бар болуы, қызметкерлерінің саны мен кәсіби біліктілігі, IT технологиялардың, өнім линейкасының, қайта сақтандыру қорғанысының бар болуына басты назар аудару қажет. Бүгінгі күннің тағы бір ерекше сипаты – еркін нарықта дамуға тырысу. Кэптивті ресурс – жақсы қуат, бірақ жемісті қызметтің кілті бола алмайды.

13. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ТӘУЕКЕЛІ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ МОДЕЛЬДЕРІ

13.1. Сақтандыру ісінің тәуекел түсінігі, функциялары, пайда болу көздері және классификациясы

Тәуекел бұл:

- мүмкін болатын (болжамды) қауіп;
- қолайлы нәтиже болар деген үмітпен шешім қабылдау;
- нәтижесі анықталмаған жағдайда шешім қабылдау;
- адамдардың қызметінің кез-келген саласындағы шығындардың (зиянның) ықтималдығы.

Сақтандыру тәуекелі – сақтандыру жүргізуге негіз болған белгілі-бір ықтималды оқиға.

Сақтандыру тәуекелінің мағынасы

- Сақтандыру жағдайының салдарынан зиян келу ықтималдығы. Математикалық жолмен есептелген бұл ықтималдық сақтандыру тарифтерін құруға негіз болады.
- Нақты сақтандыру жағдайы, яғни сақтандыру жүргізуге мәжбүрлеген нақты бір қауіп (өрт шығу тәуекелі, су басу тәуекелі, авария тәуекелі және т.с.с.). Бұл мағынада сақтандыру тәуекелдерінің тізімі сақтандыру объектілерін құрайды.
- Сақтандырумен қамтылмаған және осыған сәйкес мүлік иесінің, яғни сақтанушының, тәуекелінде қалған мүлік құнының бір бөлігі.
- Сақтандыру бағасына және зиян (шығын) тигізу деңгейіне қарай анықталатын сақтандырудың нақты объектілері. Бұл мағынада сақтандыру бағасына қарай ірі, орта және шағын тәуекелдерді, ал сақтандыру объектілерінің жойылуына немесе бүліну деңгейіне қарай аса қауіпті және біршама қауіпті тәуекелдерді бөліп көрсетуге болады.
- Потенциалды тәуекелдердің спецификасын анықтайтын салалық белгілеріне қарай сақтандырудың нақты объектілері (мысалға, ауылшаруашылық, құрылыс, мұнай тәуекелдері және т.с.с.).

Тәуекел функциясы – қоғамдық өндіріс процесіне, адамдардың басқа да қызметіне, олардың өміріне, денсаулығына және еңбек қабілетіне потенциалды қолайсыз (кері) әсер ету.

Тәуекел көздері

- Табиғаттың апатты күштері
- Сыртқы қолайсыз факторлар (аурулар, зиянкестілер және т.б.)
- Адамның әрекеті немесе әрекетсіздігі

Тәуекелдерді жіктеу. Шығу тегі бойынша тәуекелдер былайша жіктеледі:

1) табиғи тәуекелдер (табиғи апаттар);

2) техногендік тәуекелдер (авариялар, техникалық құралдардың, басқару және бақылау құралдарының істен шығуы немесе бұзылуы);

3) антропогенді тәуекелдер (жұмысшылардың немесе үшінші тұлғалардың қателіктері және қасақана әрекеттері)

4) саяси тәуекелдер (әскери әрекеттер, мемлекеттік билік және басқару органдарының шешімдері).

Сақтандыру жағдайы орын алған кезде кезкелген нақты бір тәуекел оның пайда болуына немесе жүзеге асуына қарай әр түрлі классификациялық топтарға жатқызылуы мүмкін. Мысалға, өрт табиғи себептерге (найзағайдың салдарынан), техногендік жағдайларға (электрлік ақаулар), антропогендік әрекеттерге (қасақан өрт шығару) байланысты пайда болуы мүмкін.

Құқықтық мазмұны бойынша:

1) заңды түрде немесе басқа да объективті себептерге байланысты сақтандырылуы мүмкін емес тәуекелдер (мысалға, сақтанушының қасақана пиғылы, жүктің табиғи қасиеттері – құрғап кету, шашылып қалу және т.с.с.);

2) әдетте сақтандырылмайтын, алайда қажет кезде тиісті тәуекелі үшін қосымша сақтандыру сыйақысын төлеу арқылы сақтандырылуы мүмкін тәуекелдер (әскери әрекеттер, қоғамдық тәртіпсіздіктер);

3) стандартты шарттар бойынша сақтандырылатын тәуекелдер (өрт, табиғи апаттар, авариялар).

Экономикалық мазмұны бойынша:

- сақтандырушылық орнын толтырудың нақты түрлеріне жататын тәуекелдер (мүліктік мүдделер, азаматтық-құқықтық жауапкершілік, өмір және денсаулық және т.б.);
- қызметтің нақты түрлеріне жататын тәуекелдер (өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, көліктік тәуекелдер; өз кезегінде олар салалар бойынша бөлінеді).

Сақтандыру тәуекелін, сақтандыру жағдайын және сақтандыру оқиғасын ажырата білу керек. Тәуекел, жоғарыыда айтып кеткеніміздей, – сақтандыру объектісіне потенциалды (болжамды) зиян келтіру ықтималдығы болып табылады. Сақтандыру оқиғасы – бұл жүзеге асқан, яғни нақты орын алған сақтандыру тәуекелі болып табылады. Сақтандыру жағдайы орын алған сақтандыру оқиғасының нақты салдары (нәтижелері) болып табылады, яғни бұл – сақтандырылған объектіге тиген зиян. Сақтандыру оқиғасы орын алса да, сақтандыру жағдайы орын алмауы, яғни объектіге зиян келмеуі мүмкін.

Тәуекелді басқару (бақылау) және бағалау

Жеке сақтандыруда тәуекелді бағалау – адамның жасы, оның денсаулығы, бойы мен салмағының сәйкестігі, тұқым қуалаушылығы, өндірістегі техника қауіпсіздігі, кәсіптің қауіптілігі, сақтанушының жұмыс тәжірибесі және т.б болады.

Тәуекелді басқару (тәуекел-менеджмент) – медициналық куәләндіру, медициналық мекемедегі сұраулар, өлім мен өмірдің ұзақтығы кестесін қолдану, потенциалды сақтанушыны анкеталық сұрау, өндірісті тексеру (сақтандырушының жұмыс орнын), ескерту іс-шаралары.

Мүліктік сақтандыруда тәуекел бағасы - өндірісті ұйымдастыру деңгейі, ҚҚҚҚ көрсеткіштері бойынша мүліктің (сақтандырудың жеке объектілерін) сақталуын қамтамасыз ету (құрылымы, қызметі, қорғанысы, көршіден қауіптілігі), сақтандыру статистикасы (сақтандыру жағдайларының жиілігі, тәуекелді жиынтықтау коэффициенті, зиянның ауыртпалығы және т.б.).

Тәуекел-менеджмент – сақтандыру келісіміндегі сақтандыру шарттарының орындалуын бақылау, ескерту іс-шаралары,

сақтанушының құрылыс және басқа да жұмыстарын қадағалауға қатысу, сақтанушының бухгалтерлік есебі мен ішкі аудитінің сапасы.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруда сақтандыру бағасы – азаматтық заңнаманың және халықаралық келісімдердің ережелері мен талаптары, келісімді міндеттемелерді орындаудың қалыптасқан практикасы, азаматтардың заң талаптарына деген оң көзқарасы, сот шешімдерін орындаутәртібі, азаматтық менталитет деңгейі, өндірістегі, жолдардағы, жылжымалы құрамдардағы, көліктердегі техникалық қауіпсіздік жағдайы, жол қозғалысының қауіпсіздік деңгейі.

Тәуекел-менеджмент – сақтандырушы тарапынан сақтанушының заң талаптарын және сақтандыру келісімінің шарттарын орындауын бақылау, ескерту шаралары.

Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыруда тәуекел бағасы – мемлекеттің экономикалық саясаты (ішкі және сыртқы), сақтанушының бизнес-жоспарының сапасы, нарық конъюнктурасы, ұлттық валютаның тұрақтылығы, қор нарығының тұрақтылығы және дамуы, кәсіпкерлер менталитеті.

Тәуекел-менеджмент – сақтандырушы тарапынан сақтанушының заң талаптарын және сақтандыру келісімінің шарттарын орындауын бақылау, мемлекеттің экономикалық саясатындағы, нарық конъюнктурасындағы өзгерістерді қадағалап отыру, сақтанушының сақтандыруға қатысы бар жұмыстарын (әрекеттерін) тексеру.

Тәуекелді бағалау әдістері. Жеке бағалау әдісі жалпы (ортақ) тәуекелдермен салыстыруға келмейтін спецификалық тәуекелдерді (мысалы, Қапшағай ГЭС-нің қирау тәуекелі) бағалау кезінде қолданылады. Сақтандырушы өз бетінше баға береді, мұнда оның кәсіби тәжірибесі және субъективті көзқарасы көрініс табады.

Орташа көрсеткіштер әдісі тәуекелдің әрбір параметрлерінің орташа көрсеткіштерін есептеуді және оларды нақты қалыптасқан параметрлермен салыстыруды қарастырады. Бұл әдіс сақтандыру тарифтерін есептеу барысында қолданылады.

Пайыздар әдісі жалпы тәуекелден оң немесе теріс ауытқуларына байланысты тәуекелге қолданылатын пайыз

түріндегі шегерімдер мен үстемеақылардың жиынтығы болып табылады.

Тәуекелді бағалау және басқару (бақылау) схемасы (тәуекел-менеджмент)



Сақтандырушылар қолданатын тәуекелді шектеу әдістері

- Сақтандыру сомасының көлемі бойынша міндеттемелерді шектеу
- Сақтандыру оқиғаларының тізімін шектеу
- Франшиза
- Қайта сақтандыру және бірлесіп сақтандыру
- Сақтандырудың оптималды тарифтерін өңдеу
- Үлгілі инвестициялық саясат
- Зиян келтіруші тұлғалардан сақтандыру төлемдерін өндіріп алу
- Сақтандыру мамандарын іріктеу және тәрбиелеу (оқыту).

13.2. Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандырудың қаржылық есептеу әдістемелері

Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандырудың экономикалық алғы шарттары

Сақтандыру объектісі ретінде кәсіпкердің контрагенттері тарапынан міндеттемелердің орындалмауы немесе бұзылуы салдарынан шығынға ұшырау тәуекелімен байланысты және басқа да объективті жағдайларға байланысты кәсіпкердің мүліктік мүдделері қарастырылады.

Кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру келісімі бойынша тек сақтанушының өз кәсіпкерлік тәуекелі ғана және тек оның пайдасына ғана сақтандырылуы мүмкін. Сақтанушы болып табылмайтын тұлғаның кәсіпкерлік тәуекеліне байланысты немесе басқа бір тұлғаның пайдасына жасалған тәуекелді сақтандыру келісімі жарамсыз болып табылады.

ҚР Конституциясы азаматтардың өз меншігінде кезкелген заңды түрде сатып алынған мүлікке иелік етуге және кезкелген кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқықтарына кепілдік береді. Сонымен қатар, мемлекет азаматтардың бүлінген, жоғалған мүліктері үшін, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметтің нәтижелері үшін, соның ішінде форс-мажорлық жағдайлардың себебінен де (мысалға, табиғи апаттардың), жауапкершілік тартпайды. Мүліктің кездейсоқ бүліну (жарамсыз болып қалу) тәуекелі меншік иесінің мойнына жүктеледі, ал кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері үшін жауапкершілік – шаруашылық субъектісінің мойнына жүктеледі.

Сақтандыру кәсіпкердің нарықтық экономикаға тән көптеген және алуан түрлі тәуекелдер алдындағы мүліктік мүдделерін қорғаудың альтернативсіз (бірден-бір) құралы болып табылады.

Өндірістің қолайлы процесінің бұзылуы жағдайларын сақтандыру:

- өндірістің тоқтап қалу жағдайларын сақтандыру;
- қайта құру, жаңа техникаларды және/немесе технологияларды енгізу тәуекелдерін сақтандыру.

Коммерциялық тәуекелдерді сақтандыру:

- инвестициялар мен табыстарды;
- банктік тәуекелдерді;
- қаржылық, биржалық және валюталық тәуекелдерді;
- несиелік тәуекелдерді;
- сыртқы экономикалық тәуекелдерді;
- басқа да тәуекелдерді.

Өндірістегі тоқтап қалу жағдайларын сақтандыру

Сақтандыру объектісі ретінде өндірістің тоқтап қалуы салдарынан шығынға ұшырауға байланысты кәсіпкердің мүліктік мүдделері қарастырылады.

Сақтандыру жағдайы ретінде өрттің, табиғи апаттардың, авариялардың, материалдар мен шикізаттың жеткізілмеуі, электрлік энергияның, жылудың, судың берілмеуі, билік және басқару органдарының заңсыз әрекеттері салдарынан, яғни сақтанушының кінәсінен емес, сыртқы себептерге байланысты өндірістің тоқтап қалуы нәтижесінде кәсіпкердің мүліктік мүдделеріне нұқсан келу жағдайы қарастырылады.

Ереуілдер, билік және басқару органдарының заңды шешімдері, азаматтық тәртіпсіздіктер сақтандыру жағдайлары шеңберіне жатпайды.

Сақтандырудың стандартты келісімімен франшиза (нақты сомада немесе шығынның белгілі бір пайызы түрінде) және өндірістің тоқтап тұруының шекті уақыты бекітіледі.

Өндірістің тоқтап тұрған уақытындағы сақтанушының көретін шығындардың, осы кездегі алынбай қалған табыстардың және өндірісті қайта қалпына келтіруге байланысты шығындардың орны толтырылады. Аталған сақтандыруды кейде *қолдан жіберіп алған игілікті (табысты)* сақтандыру деп те атайды.

Шығын мөлшерін әдетте кәсіпорынның арнайы мамандары есептейді де, тексеру үшін сақтандырушыға ұсынады.

Тоқтап тұрған кездегі өндірісті қайта құруға, өндірісті қалпына келтіруге билік органдарының тиым салуына, сақтанушының материалдық, қаржылық және еңбек ресурстарының жетіспеуіне байланысты қосымша шығындар, сондай-ақ материалдардың мерзімінен ерте жеткізілуіне,

жоспардан тыс жұмыстар бойынша еңбекақы төлеуге байланысты қосымша шығындар сақтандыру объектісі болып табылмайды.

Қайта құру, жаңа техникалар мен технологияларды енгізу жағдайларын сақтандыру

Қайта құру, жаңа техникаларды және технологияларды өндіріске енгізу көп жағдайларда өндірістің уақытша құлдырауына, өнімнің өзіндік құнының артуына және т.с.с. алып келеді, нәтижесінде кәсіпкердің белгілі бір кезең ішіндегі табысы біршама төмендейді. Сақтандыру кәсіпорындардың ғылыми-техникалық прогреске деген қызығушылығын арттыруға бағытталады.

Табыстың төмендеу сомасын әдетте кәсіпкер ескі құралды алмастыру жобасын құру барысында есептеледі, яғни ол жоспарланады. Заң бойынша жоспарлы шығындар сақтандыру объектісі бола алмайды. Сол себепті сақтандыру объектісі ретінде форс-мажорлық оқиғалармен байланысты (табиғи апаттармен, авариялармен, валюталық бағамдардың күтпеген өзгерістері, материалдардың жеткізілмеуі және т.с.с.) жоспардан тыс шығындар қарастырылады.

Сақтандыру төлемінің лимиті ретіндегі сақтандыру сомасы орнатылмауы мүмкін. Бұл жағдайда жоспардан тыс шығындар толық жабылады, ал сақтандыру сыйақысы жоспарлы шығыннан белгілі бір пайыз бойынша есептеледі (мысалға, 10%).

Жоспардан тыс шығынның сомасын әдетте сақтанушы өзі есептейді де, тексеру үшін сақтандырушыға ұсынады.

Инвестициялар мен табыстарды сақтандыру. Сақтандырушы компанияларының инвестициялар мен табыстарды сақтандыру үшін, ең алдымен инвестициялардың тиімділігін анықтау жөнінде мәселелеріне көңіл бөлулері тиіс, іс жүзіне келгенде әрбір компания мен инвесторлардың алдында тұрған бұл мәселе табыс әкелу. Капитал салу немесе өз кәсіпорнына сырттан капитал енгізу жөнінде шешім қабылдамас бұрын, инвестицияны жоспарлау және талдау әдісін білу сақтандырушыға шарт.

Бұл жерде, барлық дамыған елдер үшін қабылданып, бүгінгі таңда қолданылып отырған инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау белгілері мен жоспарлау әдістері, түрлі елдердің инвестициялары және кәсіпкерлерінің түсінісу әдісін үлкен көңіл бөлінуі тиіс. Бұларға дүние жүзілік банк, Европалық банк секілді ірі халықаралық ұйымдардың, инвестициялық жобаларының тиімділігін бағалау әдістемелеріноқып-үйрену керек.

Мысалы, қаржылық жоспарды қараушы және инвестициялық жобаны жоспарлауға, талдау мен бақылауға мүмкіндік беретін 3 негізгі құжат бар: "Бухгалтерлік баланс", "Қаржы – шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы есеп" және "Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп".

"Бухгалтерлік баланс", егер де көлденең нысанда жасалса, екі жақтан құралады: актив (сол бөлігі) және пассив (оң бөлігі), олардың қосынды мәндері үнемі өзара тең болуы тиіс. Актив кәсіпорынның меншігіндегіні көрсетеді. Пассив кәсіпорынның кімге, қанша қарыз екендігін көрсетеді.

"Қаржы – шаруашылық қызмет нәтижесі туралы есеп" кәсіпорынның белгілі бір уақыт аралықтарындағы операциялық немесе өндірістік қызметінің жағдайын сипаттайды, сонымен қатар, өндірістік шығындардың өнімді өткізуден түскен табыспен өтелуі тұрғысынан алғанда оның тиімділігін көрсетеді.

Сақтандырушы кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттырудың тек екі жолы ғана бар: сақтандыру өнімдерін қымбатырақ және көбірек сату. Өте қарапайым осы ереже, сақтандыру ісін талдау мен басқару барысында аса маңызды болып саналады. Кәсіпорын басшылығы тиімділікті арттыру мақсатында қандай іс-әрекеттер жасаса да олардың түпкі нәтижесі жоғарыыда аталған шарттарды орындау болады.

Жалпы табысы өте үлкен сақтандыру кәсіпорынның шығындары өте төмен болады. Басқаша айтқанда, жоспарлай отырып, кәсіпкер өзінің барлық шығындарын жауып, пайда немесе табыс әкелетін басты міндетін шешуі тиіс. Егер кәсіпкер өз бәсекелестеріне қарағанда аз шығын жұмсап мол және сайылы сақтандыру өнім өндіріп отырса, оның сақтандыру

өнімді нарыққа шығару жөніндегі шығындарын арттыруға немесе бағаны төмендетуге мүмкіндігі бар.

Қаржылық қызметтен болатын, "ақша қаражаттарының қозғалысы" бөлімінде түсімдер есебінен кәсіпорын иелерінің салымдары, акционерлік капитал, ұзақ және қысқа мерзімді қарыздар, алымдар бойынша пайыздар есептеледі.

Сақтандыру шаруашылық субъектілерінде "Ақша қаражаттары қозғалысы туралы есептің" әр бөліміндегі ақша ағымының сомасы сәйкес кезеңіндегі өтімді қаражаттардың қалдығын құрайды.

Сақтандыру шаруашылық субъектілері инвестициялық жобаның тиімділігін талдауға қатысатын негізгі факторларын біле отырып, операциялық қызметтен салынатын ақша ағымының және басқа табыстардың қосындысы және инвестицияға шығын мөлшерін есептеулері тиіс.

Инвестициялық жобаның тиімділік көрсеткіштерін екі негізгі топқа бөлуге болады.

Біріншісі – өндірістік қызметтің тиімділігі және жобаны жүзеге асырып отырған кәсіпорынның ағымдық және болашақтағы қаржылық жағдайының көрсеткіштері;

Екіншісі – инвестиция тиімділігінің көрсеткіштері немесе Кэш-Флоу дисконтталған белгілері.

Кәсіпорын қанша пайда табады деген мәселе, өндіріс көлемі зиянсыздық нүктесінен жоғарыы болғанда туындайды, егер өндіріс көлемі зиянсыздық нүктесінен төмен болса, бір ғана мәселе, яғни кәсіпорын банкроттыққа дейін неше күн жұмыс жасай алады деген сұрақ туындайды.

Басқарудағы үлкен мәселелердің бірі, өнім бағасының жоғарылау немесе төмендеу нәтижесін бағалау. Мысалы, бағасын төмендеткен жағдайда табысы бұрынғы деңгейде сақтап немесе одан да арттыру үшін қанша өнім сатуымыз қажет.

Зиянсыздықты талдау мыналарды анықтауға мүмкіндік береді:

шығындарды жауып, қажет мөлшерде табыс алуға мүмкіндік беретін сату көлемі;

кәсіпорын табысының өнім бірлігінің бағасы, тұрақты және айналмалы шығындардың өзгерісіне байланыстылығы;

жалпы шығындарды жабу үлесіндегі әрбір өнімнің маңызы.

Зиянсыздықты талдау әдісін пайдалануда бірқатар шектеулерді ескеру қажет:

*сақтандырудың өнім бағасы есепті кезең бойына үнемі тұрақты болып есептеледі***;**

бір ғана өнім талданады, ал егер бірнеше өнім болса, аралас сауда тұрақты деп есептеледі;

кезеңнен – кезеңге өтердегі сақтандыру қорлардың өзгерісі ескерілмейді;

жиынтық тұрақты өнім шығындары да тұрақты деп саналады.

Сақтандыру шаруашылық субъектілеріндегі сақтандыру өнімдерін есепктеуде, инвестициялық жобаларды талдауда белгілі бір өндіріске, оның дамуы мен жаңартылуына салынған капитал салымының тиімділігін анықтайды. Компания зауыт ашу, жабдық сатып алу жөнінде шешім қабылдар кезде, бүгінгі күрделі салымын келешектегі табыстылық нормасымен салыстыруы тиіс.

Сақтандыру шаруашылық субъектілерінде мұндай салыстыруды жасау үшін болашақтағы табыстың бүгін қанша тұратындығын айқындап алу қажет. Бұл үшін инвестициялардан түсетін табыс құнын есептеп, оны инвестиция мөлшерімен салыстыру қажет. Инвестициялардың болашақ құны – дегеніміз бүгін инвестицияланған ақшаның белгілі бір уақыттан соң пайыздық мөлшерлемесіне сай анықталатын сомасы.

Инвестициялық жобаларды қаржылық талдауда, әдетте болашақтағы түсімдерді, бүгінгі деңгейге келтірудің математикалық әдістері қолданылады, ол дисконттау деп аталады, және де бүгінгі деңгейді болашақтағыға келтіру үшін өсіру әдісі қолданылады.

Аталмыш әдістерді қолдану, қаржылық талдауда, құнды қағаздар мен несиелер бойынша пайыздар есептеуде, лизинг операцияларында, инвестицияланған капиталдан алынатын табысты анықтауда кеңінен таралған. Басқаша айтқанда,

дисконттау және өсім әдістері мынадай белгісіз шамаларды табу қажет болған жағдайда қолданылады:

пайыз деңгейі (мысалы, капиталды пайдаланғаны үшін);

жыл сайынғы төлемдер;

кезең саны (ай, тоқсан, жыл);

ағымдық деңгейінің мәні;

болашақтағы деңгейінің мәні.

Осы әдістерді қолдануда мынадай талаптарды ескеру қажет:

бүгінгі және болашақтағы деңгейлерді есептеуде қолданылатын шамалардың мәндері белгілі болуы тиіс;

пайыздар деңгейі тұрақты.

Өсім әдісінің индексі мына формуламен есептеледі:

$$Ин_1 = (1 + interest)^t.$$

Мұнда: interest – пайыздық мөлшерлеме /100;

t – есепті кезең (жыл).

Дисконттау әдісін қолдану жобаның әрбір жылында пайда болуына қарай пайда мен зиянның ағымдарын көрсетеді. Пайда мен шығынды жылдар бойынша сипаттаудың артықшылығы, пайда мен шығын ағымының құрылымына әсер ететін басты факторларды көруге болатындығында.Баға сезімталдығын талдауға қажеттігінен өзге, дисконттау әдісінің шығындар мен пайданың өзгеретін жылын оңай анықтайтын артықшылығы бар. Сонымен, дисконттау әдісі жобаларға негізделген түрде бағалау жүргізуге қажетті талдамалы құрал.

Жобаның өтелу мерзімі – дегеніміз кәсіпорынның өндірістік қызметінен түскен түсімдердің инвестицияға жұмсалған шығынды өтеу уақыты. Ол әдетте жылмен немесе аймен өлшенеді де мына формула бойынша анықталады:

$t_0 =$ Ип / Дг.

Мысалы, жобаны жүзеге асыру үшін 60 млн. теңге қажет делік. Жыл сайынғы орташа табыс 20 млн. теңге. Онда жобаның өтелу мерзімі былайша есептеледі:

$t_0 = 60 / 20 = 3$жыл.

Бүгінгі және ертеңгі ақша құндылығының әртүрлілігін ескеру үшін, есептеулерге болашақтағы табыстарды дисконттау

коэффициентіне көбейту жасалады, ол мына формуламен есептеледі:

$К_д = 1 / (1 + П_с / 100)^п$.

Мұндағы $П_с$ – ақша құндылығының өзгеру қарқынын сипаттаушы пайыздық мөлшерлеме;

п – инвестиция жасалған сәттен басталған жыл нөмері.

Дүниежүзілік банк қолданып отырған 10 пайыздық мөлшерлеме жағдайында үшінші жылдағы дисконттау коэффициенті мынадай болады:

$К_д = 1/(1+10/100)^3 = 1/(1+0,1)^3 = 1/1,1^3 = 0,7513$.

Осыны анықтаған соң, өзіміздің мысалымыз үшін осы формула бойынша, инвестиция өтелгенге дейінгі кезең ішіндегі ақша құндылығының әр түрлілігін ескере отырып, өтелу мерзімін табуға болады.

Егер банк пайызы 10%-ға тең болса, онда бірінші жылы дисконтталған табыс 11,364 млн. теңгені құрайды.

$[12,5 \cdot \frac{1}{(1+0,1)^1} = 12,5 \cdot \frac{1}{1,1^1} = 12,5 \cdot 0,9091]$, екінші жылы – 14,462 млн. теңге

$[17,5 \cdot \frac{1}{(1+0,1)^2} = 17,5 \cdot \frac{1}{1,12} = 17,5 \cdot 0,8264]$, үшінші жылы – 18,031 млн. теңге (24,0· 0,7513).

Жалпы 3 жыл үшін дисконтталған табыс 43,857 млн. теңгені құрайды, (11,364+14,462+18,031). Инвестицияның барлық сомасын өтеу үшін әлі де 16,143 млн. теңге жетпейді (60-43,857).

Енді төртінші жылда осы соманы өтеу үшін қанша уақыт қажет екендігін есептейік. Бұл үшін инвестицияның өтелмеген сомасын төртінші жылдың дисконтталған табысына бөлеміз:

t_0 = 16,143:26·0,683=16,143:17,758=0,91 жыл, яғни 11 ай (0,91·12).

Бұл, дисконттауды ескергенде өтелу мерзімі 3 жыл 11 айды құрайды деген сөз.

Қарастырылған мысалдар көріп отырғанымыздай, өтелу мерзімі көбінесе есептеу әдістемесімен анықталады. Біздің

мысалымызда қарапайым есептеу мен анықтау есептеулері нәтижесіндегі өзгешелік 11 айды құрайды.

Мысалы, инвесторлар үшін үйлесімді өтелу мерзімі 3,5 дейік. Бірінші немесе екінші нұсқалар бойынша есептеулер жүргізе отырып, кәсіпкер осы іске инвестиция жасаудың ұтымдылығына дәлелдеме алады. Ал үшінші нұсқа бойынша, инвестиция жасаудың тиімсіз екендігін байқауға болады.

Инвестициялық жобаларға қаржылық талдау жүргізу барысында мынадай кең таралған қателіктер жіберіледі:

сәйкес пайыздық мөлшерлемені талдауда шатасу;

оны пайдаланудың реттілігін сақтамау;

пайыз, жалпы алғанда, инвестор үшін капитал құны болып келеді. Инвестициялық жобаға қаржылық талдау жасауда екі мөлшерлемені қолдануға болады.

Нақты пайыздық мөлшерлеме инфляцияны ескермегендегі капиталдан алынатын табыс. Егер нақты пайыздық мөлшерлемелер қолданылатын болса, онда жобадағы барлық бағалар мен капитал құны тұрақты бағамен алынуы тиіс. Керісінше, ағымдық пайыздық мөлшерлеме – бұл инвестордың жеке нарық тұрғысынан алғандағы табыс мөлшерлемесі, сондықтан да онда инфляция ескеріледі. Ағымдық және нақты мөлшерлемелерді байланыстыратын теңдік мынадай түрде болады:

Сақтандыру шаруашылық субъектілерінде мына жағдайға көңіл аударуы тиіс, ағымдық пайыз мөлшерлемесі = Нақты пайыз мөлшерлемесі + Инфляция деңгейі.

Жоғарыыда аталған екі тәсілдің ішінде, инфляциялық жобаға қаржылық талдау жасаудағы ең кеңінен тарағаны, пайыздық мөлшерлемелер қолдану қажеттігі.

Сонымен, біз сақтандыру шаруашылық субъектілерінде қаржылық талдаудың, шығындар мен нәтижелердің арақатынасын сипаттайтын көрсеткіштерді бағалаудың әдістемелік негіздерін баяндау тұрғысынан алғандағы ең басты да, көкейкесті мәселесін қарастырдық.

Сақтандыру шаруашылық субъектілерінде инвестициялық жобаның тиімділігін анықтауда күтіліп отырған шығындар мен нәтижелерді бағалау, есепті кезең шеңберінде жүргізіледі.

Әртүрлі инвестициялық жобаларды салыстыру және олардың ішіндегі ең жақсысын таңдауды әртүрлі көрсеткіштер көмегімен жүргізу қажет. Әртүрлі инвестициялық жобаларды салыстыру үшін, бұл көрсеткіштерді пайдалануда оларды салыстырмалы түрде қарау қажет.

Сақтандыру шаруашылық субъектілерінде кәсіпкердің мәселелері жобаны жасау мен оның тиімділігін талдаумен бітпейді. Сонымен қатар, сақтандырушыларды инвесторларды жобамен жете таныстыруы, мұның тиімділігіне олардың көзін жеткізуі, сондай-ақ, жобаның нақты іске асуын қамтамасыз етуі керек.

Сақтандыру объектісі ретінде инвестициялық ресурстардың жоғалу мүмкіндігімен және болжамдап отырған инвестициялық табысты жоғалту мүмкіндігімен байланысты сақтанушы – инвестордың мүліктік мүдделері қарастырылады.

Капитал бағасы инвестормен салынған қаражат табысы деңгейіне сәйкес болатындығын жоғарыыда айттық. Капитал иесінің алатын табысының жалпы сомасы екі бөліктен тұрады: **ағымдағы пайда және капитал өсімі.** Мысалы, жеңіл машина сатып алып, оны жалға беру арқылы квартплата түріндегі табыс түсіруге болады. Өз меншігіне сатып алған пәтерде тұрып, біршама уақыттан кейін оның құнының артқандығын байқауға болады. Бірінші жағдайда пәтер ағымдағы табыс, екінші жағдайда – құнның артуы есебімен өсімді табыс әкеледі. Пәтер иесі оны жалға береді, кейіннен сатады, бұл жағдайда пәтер иесі - ағымдағы және құнның өсу табысына қол жеткізеді. Дәл осылайша инвестор да акция сатып алу арқылы мерзімді дивидент түріндегі ағымдағы табысқа қол жеткізуі мүмкін. Егер біраз уақыттан кейін сатып алған акцияның нарықтық бағасы артатын болса, онда өскен құнға сәйкес тағы баи түседі. Осылайша, акцияға ие болудан түскен жалпы табыс дивидентер мен нарықтық бағаның өсуінен құралады. Облигациялар иесінің табысы да дәл осы ретпен жинақталады. Егер ол купон облигациясын алса, онда ағымдағы табыс оларға төленетін мерзімді төлемдер формасында болады. Дисконтты облигация алатын болса, онда табыс сату және сатып алу бағасы арасындағы айырмашылықтан құралады. Егер купонды

облигацияға ие болу мерзімінде пайыздық ставка төмендейтін болса, онда табыстың екі түрі (ағымдағы және капитал құнының өсуі) жүзеге бірге асуы мүмкін. Купондық төлемдер өзгермейді, бірақ облигациялардың нарықтық бағасы артады, сондықтан оның иесі ағымдағы және құнның өсуі арқылы екі табысқа ие болады.

Қаржы тұрғысынан табыстың осы екі түрінің **меншік иесі үшін тең** екендігін түсіну қажет және есеп айырысуда олар міндетті түрле ескерілуі тиіс. Әдетте табыстылық ұғымын компания немесе қаржы операциясына, активке қатысты қарастырады. Мысалы, акция табыстылығы немесе сату рентабельділігі туралы айтуға болады. Бұл тәсіл капитал салудың түрлі бағыттарының тиімділігін салыстырмалы бағалауда өзін - өзі ақтайды, мысалы: А бұйымы Б-мен салыстырғанда анағұрлым көп кіріс келтіреді, ал қаржылық активтерге инвестициялау одан да үлкен кіріс келтіруі мүмкін. Бұл ретте, кірісті активтер емес, оларға салынған капитал әкелетінін ұмытпаған жөн, яғни **капитал табысы** туралы айтқан дұрыс болады. Капитал ағымдағы табыс әкелу және құн тұрғысынан өсу (төмендеу) мүмкіндігі бар іс жүзіндегі және қаржылық активтерге бір мезгілде салынуы мүмкін. Жеке операциялардың кірісті болуы менеджерлердің, оларға жауапты бөлімше директорының немесе биржалық брокер тиімді еңбегінің нәтижесі. **Толық табыстылық** – салынған барлық капиталға қатысты, яғни ол осы капитал иесі тұрғысынан есептелуі тиіс.

Талдау үшін актив, операция және жобалар рентабельділігінің кез келген көрсеткіштері есептелуі мүмкін, бірақ салынған капитал табыстылығы нағыз жалпы қаржылық көрсеткіш болып табылатынын ұмытпаған жөн. Меншік иесіне табысты жеке активтер мен олармен орындалатын операциялар емес, оларға салынған капитал әкеледі.

Табыстылық – капиталдың белгілі бір уақыт аралығында өндірген жиынтық таза пайданың жалпы сомасы мен кезең басындағы капитал иесінің байлығы көлемінің туынды көрсеткіші. Себебі, кезең соңындағы байлық сомасы кезең басындағы байлық көлемі мен бүкіл кезең бойында түсірген

жиынтық таза пайда көлемінің қосындысына тең. Табыстылықты есептеу формуласы келесідей болуы мүмкін:

$$\text{Табыстылық} = \frac{Байлык_1 - Байлык_0}{Байлык_0},$$

мұндағы 0 және 1 индекстері уақыт кезеңдерінің басы мен соңын білдіреді.

Инвестор меншігіндегі барлық мүліктің нақты құнын дәл есептеу мәселесі капитал бағасын бағалауға тікелей қатынасы жоқ. Сондықтан кезең басындағы инвестор байлығының көлемі онымен салынған капитал сомасына тең етіп қабылданады. **Ие болу кезеңіндегі толық табыстылықты** (holding period return - HPR) анықтау формуласы келесідей болады:

$$r = \frac{CF + (I_1 - I_0)}{I_0} = \frac{CF}{I_0} + \frac{I_1 - I_0}{I_0} = r_C + r_I, \qquad (24)$$

мұндағы CF - кезең ішіндегі салынған капиталдан алынған ағымдағы табыс ағыны;

I_0 – салынған капиталдың бастапқы сомасы (кезең басындағы инвестициялар);

I_1- салынған капиталдың соңғы (өскен) сомасы (кезең соңындағы инвестициялар);

r_C – ағымдағы табыстылық;

r_I – капитал өсімінің табыстылығы (капиталданған табыстылық);

r – толық табыстылық;

Қаржылық есептеулер тәжірибесінде белгілі бір кезеңдегі инвестициялар портфельінің немесе бірнеше кезеңдердегі (мысалы, 3 тоқсан немес 5 жыл) капитал салымының орташа тыбыстылығын есептеу қажеттілігі туындайды. Инвестициялық портфельдің орташа тыбыстылығын есептеу формуласы:

$$\bar{r} = \sum_{i-1}^{n} r_i \times w_i, \qquad (25)$$

мұндағы n –портфельдегі қаржылық инструменттер түрінің саны;

r_i – i – инструментінің табыстылығы;

w_i – i – инструменті құнының кезең басындағы портфельдегі үлесі (меншікті салмағы).

Бірнеше кезең үшін орташа табыстылықты орташа геометриялық формуламен есептеген дұрыс. Орташа арифметикалық табыстылықты тек әр кезең бойынша табыстылықты қарапайым пайыздық ставка ретінде есептеуде қолданады. Бұл қысқа мерзімді қаржылық операцияларды талдауда қажет.

Табыстың екі түрін де (ағымдағы және құнның өсуі) әкелетін инвестицияларды талдау үшін **бірнеше кезеңдер бойынша орташа табыстылық** деп аталатын тағы бір көрсеткішті пайдалану кеңінен тараған. Оның рөлін **табыстылықтың ішкі нормасы** (IRR) орындайды. Бұл көрсеткіш инвестиция кезеңіндегі ағымдағы барлық табысты және осы кезең соңындағы капитал құнының өсуін ескереді. Ол әсіресе қайтарылатын инвестициялар бойынша (ұзақм ерзімді несиелер, облигациялық қарыз және т.б.) болжамды есептеулер жасағанда маңызды, себебі инвестициялардың толық табыстылығын немесе **табыстылықтың қарызды өтеуі** (yield to maturity- YTM) анықтауды мүмкін етеді.

Табыстылықтың ішкі нормасы сияқты табыстылықтың қарызды өтеуі де, ол бойынша дисконттау келтірілген жиынтық табыс шамасын бастапқы инвестициялар сомасына теңестіретін тиімді орташа пайыздық ставка болып табылады:

$$\text{P}= \sum_{k-1}^{n} \frac{CF}{\left(1+YTM\right)^{k}} + \frac{N}{\left(1+YTM\right)^{n}} \qquad (26)$$

мұндағы P - бастапқы инвестициялар сомасы;

CF – инвестициядан түсетін жыл сайынғы ағымды табыс ағыны;

N- капитал салынған мерзім соңындағы инвесторға төленетін бір жолғы төлем (мысалы, несиенің негізгі сомасын қайтару);

n- капитал салынған жалпы мерзім.

ҮТМ мәні бойынша орташа пайыздық ставка бола отырып, орташа арифметикалық, сондайақ орташа геометриялық табыстылықтан ерекшеленеді, алайда кейде соңғығы жақын болады.

IRR–ды есептеуді техникалық қиындығы табыстылықтың қарызды өтеу көлемін шамамен бағалаудың қарапайым әдісін жасауға әсер тетті. Осы мақсатта келесі формула қолданылады:

$$\text{ҮТМ} \approx \frac{CF + \frac{N-P}{n}}{\frac{N+P}{2}} \qquad (27)$$

Менеджердің капиталды тиімді басқару қабілеті орындалған операциялар бойынша нақты көрсеткіштерді есептеумен бірге, жоспарланатын, болашақ операциялардың нәтижелерін де болжауы тиіс. Капитал тартудың немесе инвестициялаудың сол немесе басқа тәсілінен күтілетін болашақтағы ақша қаражатының ағыны болжау жасауға негіз бола алады.

Капитал салуды немесе жаңа капитал алуды жүзеге асырудың негізгі қаржылық инструменті құнды қағаздар, акциялар мен облигациялар болып табылады.

Облигациялар анағұрлым «болжамды» инструмент, себебі олар бойынша көбінесе белгіленген табыс төленеді. Бұл болашақ ақша қаражаты ағынын және облигациялардың күтілетін табысын е септеуге мүмкіндік береді. Облигацияларға ие болу арқылы екі табысқа – жыл сайын төленетін купонлық табыс түріндегі ағымды және бастапқы бағасының өсуі түріндегі капиталданған табысқа қол жеткізуге болады. Табыстың екі түрін әкелетін облигациялар купонды деп аталады. Олар бойынша табыстылықтың бірнеше түрі есептелуі мүмкін. Сондай көрсеткіштің біріне, жылдық купон шамасының облигация номиналды құнына қатынасымен анықталатын купондық табыстылық (ставка) жатады:

$$r_{куп} = \frac{C}{N} \qquad (28)$$

мұндағы C – жылдық купон сомасы;

N – облигацияның номиналды құны.

Іс жүзіндегі жағдайға анағұрлым жақын ағымдағы табыс көрсеткіші болып табылады, ол жылдық купондық төлемнің облигацияны сатып алу бағасына қатынасы ретінде анықталады:

$$r = \frac{C}{P} \tag{29}$$

мұндағы P – облигшацияларды сатып алу бағасы (бастапқы инвестиция сомасы).

Нақты айтар болсақ, қарастырылған екі көрсеткіштің жыл бойындағы купондық төлемдер санының табыстылыққа деген әсерін ескермейтін кемшілігі бар. Әдетте бұл төлемдер жылына екі рет төленеді. Облигация иесі бірінші жарты жылдықта алған купон сомасын қайта инвестициялау мүмкіндігін алады. Бірақ, іс жүзінде ол жүзеге аспайды. Ағымдағы және купонды табысты есептеу формуласының алымында купондық төлемдердің жылдық сомасы ғана көрсетіледі. Шын мәнінде, табыстың жыл бойында бірнеше рет аударылуы жаңа міндетті туындатады: жекеленген төлем орнына ақша қаражаты ағыны пайда болады. Сондықтан оны бір жолғы төлемдерге пайыздық үстеме төлем есептеу формуласымен есептеу дұрыс емес. Берілген жағдайда математикалық аппартты аса күрделендіру де өзін -өзі ақтамайды.

Облигацияға ие болу кезеңінде күтілетін орташа табыстылық көрсеткіші аталған үш көрсеткішке анағұрлым тәуелсіз, әдәуір жетілген болып табылады. Оны есептеу үшін келесі сапалы тәсіл қолданылады: жоғарыыда қарастырылған әдіс бойынша **табыстылықтың қарызды өтеу** (YTM) мәні есептеледі. Потенциалды инвесторға белгілі (купон, номинал, облигацияны сатып алу бағасы) мәліметтермен қатар, инструменттерге ие болу мерзімін де анықтау керек. Егер бұл мерзім облигациялар мерзімімен сәйкес болса, онда оның соңында инвестор номиналға тең сомаға ие болуы мүмкін. Кез келген жағдайда облигациялардың күтілетін орташа табыстылығын анықтау мәселесі ақша қаражатын туындататын табыстылықтың ішкі нормасын есептеуге келеді.

Инвестициялардың өсуінен болған табыс мерзім соңындағы соңғы төлемге жатқызылады, яғни алынған шама табыстылықтың қарызды өтеуін көрсетеді.

Табыстылықтың қарызды өтеу көрсеткіші идеалды емес. Тиімділігі орташа пайыздық ставка бола отырып, ол облигацияға ие болу мерзімінде табыстылықтың болуы мүмкін ауытқуларын «теңестіреді». Оған қоса, ол жеке инвесторларда бар табыстардың қайта инвестициялануының жеке мүмкіндіктерін ескермейді: тиімді ставка жыл бойында бір рет инвестициялануы тиіс. Бірақ әзірге болжамдалатын ақша қаражаты ағынының кез келген өзгірісіне сергек жауап беретін табыстылықты есептеудің басқа тәсілі табылған жоқ. Сондықтан қаржылық талдауда YTM (оның басқа түрі YTC) кеңінен қолданылады. Бұл көрсеткіштер негізгі қаржылық ұғым - табыстылық ішкі нормасының (IRR) түрлері болатынын ұмытпаған жөн.

Купонды облигациялармен қатар, **нөльдік облигациялар** да (купонсыз немесе дисконтты) болады. Ол бойынша табыс тек сатып алу және сату бағасы арасындағы айырмашылықтан пайда болады. Әдетте оларды номиналды бағамен сатып алады, ал сатқанда номиналды жеңілдетілген бағамен (дисконтпен) сатады. Бұл инструменттерге купонды немесе ағымдағы табыс деген ұғымдар қолданылмайды, олардың толық табысы тек капитал құнының өсімімен анықталады.

«Мәңгілік» рента төленетін **мерзімсіз облигациялардан** күтілетін табыстылық келесі формуламен есептеледі:

$$r = \frac{C}{P}, \qquad (30)$$

мұндағы C – жыл сайынғы купондық төлемдер сомасы;

P - облигацияны сатып алу бағасы.

Бұл көрсеткіш тек ағымдағы табыстылықты көрсетеді, өткені осындай қарыздарды орналастыру шарттары қандайда бір басқа табысты төлеу жағдайын қарастырмайды. Дегенмен, инвесторға бірнеше жылдан кейін облигацияны бастапқы бағасынан басқа бағамен сатып жіберуді жоспарлауға ешкім

кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда ол берілген инструментті өтеу табыстылығын есептей алады.

Акциялар бойынша күтілетін табыс шамасының белгісіздігі олардың негізгі айырмашылығы болып табылады. Осы ретте артықшылығы бар акцияларды атауға болады, олар бойынша алынатын дивиденттер шамасы алдын ала белгілі болады және жай акциялар дивиденттерімен салыстырғанда бұрын төленеді. Артықшылығы бар акциялар өз мәні бойынша меншікті (жай акциялар) және қарыз капиталы (облигациялар) арасындағы аралық кезең болып табылады. Олардың табыстылығын анықтау үшін мерзімсіз облигацияларда қолданылатын формула пайдаланылады:

$$r = \frac{div}{P}, \tag{31}$$

мұндағы *div* – 1 акцияға сәйкес күтілетін дивиденттер сомасы;

P – акцияны сатып алу бағасы.

Мерзімсіз облигациялардағыдай, акцияларды екінші рынокта сату жоспарланған жағдайда, оларға ие болудың толық табыстылығы YTM сияқты анықталуы мүмкін.

Жай акциялар үшін болашақ дивиденттерді болжау нағыз күрделі және маңызды мәселенің бірі. Бұл ретте акция бойынша төленетін дивиденттер сомасы өсуінің болашақтағы өзгеріссіз қарқынын болжайтын **тұрақты өсу моделі** (Гордон моделі) жиі қолданылады. Акцияға ие болудан күтілетін табыстылық келесі формуламен табылады:

$$\mathrm{r} = \frac{D_0 \times (1+g)}{P} + g = \frac{D_1}{P} + g \tag{32}$$

мұндағы *P* – акцияны сатып алу бағасы;

D_0 - акция бойынша төленетін соңғы дивидент;

D_1 - болашақта төленеді деп күтілетін дивидент;

g - дивиденттің болашақта күтілетін өсу қарқыны.

Осы тарауда қарастырылған барлық формулалар құнды қағаз иелеріне төленетін болашақтағы табыс ағымдарының анық болу болжамына құрылған. Алайда, іс жүзінде 100%-ға сәйкес анықтылық болмайды. Тіпті, ең сенімді деген инструменттердің (мысалы, үкімет облигациялары) өзінде де күтілетін нәтиже іс жүзіндегі нәтижеден ерекшеленуі мүмкін қатер болады, яғни: эмитент өзінің номиналды міндеттерін нақты орындағанына қарамастан, облигация бойынша түсетін барлық табыс инфляция нәтижесінде жоққа шығуы мүмкін. Демек, ойдағы табысты алу мүмкіндігімен байланысты белгісіздік шамасын сипаттайтын маңызды параметр барлық қаржылық есептеулерде болуы тиіс.

Қаржы терминологиясында жоспарланған өзгеше нәтиже алу мүмкіндігін көрсететін бұл белгісіздікті **қатер (тәуекел)** деп атайды. Кез келген қаржы операциясының маңызды нәтижесі инвестициядан табыс алу болғандықтан, қатер көлемі де күтілетін табыс шамасы төңірегіндегі операцияның іс жүзіндегі табыстылығының шашыраңқы болуымен сәйкестендіріледі. Мәліметтер шашыраңқы болған сайын, қаржы операциясы да қатерлі болып саналады.

Жоғарыыда қарастырылған формулалар көмегімен есептелген нәтижелер субъективті бағалау сипатында болатынын айта кеткен жөн. Әрбір нәтиженің екінші жағы болады, яғни олардың көбінің бірнеше нұсқасы болжамданады. Сондықтан, бір мәнді сандарды болжаудан гөрі, сол немесе басқа жағдайдың ықтималдығын қарастырған дұрыс. Онсыз көрсетілген формулаларды жаттау қажетсіз, мәнсіз әрекет болады, ал оларды тәжірибеде қолдану инвестор үшін едәуір материалды шығындарға айналуы мүмкін.

Құнды қағаздардың немесе олар портфельдерінің табыстылығымен қатар, **нақты қаржы рыногының табыстылығы** (мысалы, NYSE) анықталуы мүмкін. Ол үшін қандай да бір қор индексінің (DJIA, S&P 500 және т.б.) өзгеруін пайдалануға болады. Осы индекстің белгілі бір кезеңде өсуі (төмендеуі) кезең басындағы индекс мәніне жатқызылуы тиіс:

$$r_m = \frac{I_1 - I_0}{I_0} \qquad (33)$$

мұндағы

I_1, I_0 – кезең басы мен соңына сәйкес қор индекстерінің мәні;

r_m - рыноктың жалпы табыстылығы.

Бір акция табыстылығының бүкіл рынок кірістілік деңгейіне тәуелділік дәрежесін келесі түрдегі регрессиялық теңдеулер құру тәсілімен анықтауға болады:

$$y = \alpha + \beta \times x + \varepsilon \qquad (34)$$

мұндағы y – нәтижелі көрсеткіш;

α – регрессия теңдеуінің еркін мүшесі;

β – регрессия коэффициенті;

x - әсер етуші фактор;

ε - ақаулар.

x факторлық көрсеткіш өзгерісінің y нәтижелі қасиетке әсері қаншалықты күшті екендігін көрсететін β **регрессия коэффициенті** осы теңдеудің маңызды факторы.

Сонымен, β **регрессия коэффициенті – диверсификациялауға көнбейтін жүйелі қатердің (тәуекелдің) сандық өлшемі.** β коэффициенті бар, 1 – ге тең құнды қағаз жалпы рыноктағы іс әрекетті қайталайды. Егер коэффициент мәні 1-ден артық болса, онда құнды қағаз реакциясы рыноктың өзгерісінің алдында жүреді (озады). Осындай қаржылық активтің жүйелі қатері орташадан жоғарыы болады. β коэффициенттері 1 – ден төмен (0-ден жоғарыы) активтердің қатері анағұрлым төмен. β коэффициенттері тұжырымдамасы қаржылық активтерді бағалау моделінің негізін құрайды (Capital Assets Pricing Model - CAMP). Осы көрсеткіш арқылы инвесторлармен жүйелі қатері орташадан жоғарыы салымдар бойынша талап етілетін қатер үшін сыйақы шамасы есептелуі мүмкін.

Қаржылық инструменттің **инвесторлармен талап етілетін табыстылығын** анықтау келесі формуламен орындалады:

$$r = r_f + \beta \times \left(r_m - r_f \right) \qquad (35)$$

мұндағы r_f – табыстылықтың қатерсіз деңгейі (rick free).

CAMP салмақты математикалық негіздемесі бар ғылыми теория. Оны «жұмыс істету» үшін абсолютті тиімді нарық, транзакциялық шығындар мен салықтардың болмауы, барлық инвесторлардың несие ресурстарына деген қол жетерлігінің тең болуы сияқты мүмкін емес шарттардың сақталауы тиіс. Дегенмен, соншалықты абстрактылы логикалық құрылым нақты қаржылар аумағында жалпы танымалдыққа ие. Merril Lynch инвестициялық банкі сияқты ірі нарық институттары қор биржаларында бағамдалатын барлық ірі компаниялардың β коэффициенттерінің есебін тұрақты жүргізеді. Қазақстанда қалыптасқан қаржы инфрақұрылымының болмауы берілген модельдегі барлық әлеуетті пайдалануға кедергі болмайды.

Мысал келтірейік. β коэффициенті 2,5 тең компания жай акцияларды эмиссиялау жолымен қосымша меншікті капиталды тартуға кірісті делік. Қатерсіз пайыздық ставка деңгейі 6,25 %, ал S&P 500 индексімен есептелген рыноктың орташа табыстылығы – 14 % -ды құрады. Өз құнды қағаздарын инвесторларға тартымды ету үшін компания олар бойынша ұсынатын жылдық табысы 25,625% -дан (6,25+2,5*(14+6,25)) кем болмауы тиіс. Қатер үшін сыйақы мөлшері 19,375% -ды құрайды. Капитал бағасының төмендеуіне рынокпен қойылатын аса маңызды шектеулер, компанияның тартылатын капиталмен қаржыландырылатын инвестициялық жобалардың табыстылығына шек қояды. Бұл жоба табыстылығының ішкі нормасы 25,625 % -дан кем болмауы тиіс. Қарсы жағдайда жобалардың NPV–ы компания құнының өсуін қамтамасыз етпейді.

Жалпы жағдайда **капитал бағасы – сәйкес қаржылық инструменттің толық табыстылығы.** Іс жүзінде компанияның тартылатын капиталға төлейтін бағасы инвестор алатын табыс

шамасымен сәйкес болмауы мүмкін. Бір жағынан, ресурстарды тарту барысында капитал сатып алушы үшін қосымша шығындардың (эмиссиялық шығындар, брокерлер мен банктерге делдалдық ақы) туындатуы мүмкін. Олар осы ресурстар бағасын ұлғайтады. Екінші жағынан, эмитенттің инвесторларға табыс төлеумен байланысты шығындары кей жағдайда салық салынатын пайда сомасынан шегерілуі мүмкін. Сондықтан, компания үшін капитал бағасы инвесторларға төленетін табыстылықтан төмен болуы мүмкін. Осы әсер шамасын сандық өлшеу үшін облигациялардың толық табыстылығын (1-t) өрнегіне көбейтеді, мұндағы t – пайдаға салынатын салық ставкасы. Сонымен, қарыз капиталының бағасын анықтау екі кезеңде өтеді: **әуелі облигациялардың толық табыстылығы есептеледі (эмиссия бойынша шығындар есебімен), соңынан алынған нәтиже салық қорғаны әсерінің шамасына сәйкес түзетіледі.**

Көптеген ірі компаниялардың меншікті капиталының негізін акционерлік капитал құрайды, бірақ бұл ұғымдарды өзара тең деп айтуға болмайды. Бір жағынан, **меншікті капитал акционерліктен бөлінбеген пайда сомасына артық.** Екінші жағынан, жай және мәрбелі акциялар арасында маңызды айырмашылықтар бар. Соңғыларына борышты қаржыландыру инструменттеріне ұқсас: эмитент – кәсіпорнында эмиссия проспектінде белгіленген, артықшылығы бар акцияны ұстаушыларға дивидент төлеу міндеттемелері пайда болады. Бұл инвесторлар үшін жай акциялармен салыстырғанда, мәрбелі акциялар қатерінің төмендігін білдіреді, яғни олар бойынша аз табыс алуға келісім білдіреді. Осындай капитал бағасы қарыз қаржыландыру бағасы мен жай акционерлік капитал бағасы арасындағы аралық орынды алады. Берілген ерекшелік **жай және артықшылығы бар акцияларды шығарудан алынатын капитал бағасының деңгейін жекелеп есептеуді талап етеді**. Тағы да бір дербес есептеу бөлінбеген пайданың бағасын анықтау үшін жүргізіледі.

Артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденттер жай акциялы кірістермен салыстырғанда бірінші кезекті ретпен төленеді. Шығысты эмиссия бойынша есептегенде

артықшылығы бар акционерлік капиталдың дивидентті кірісінің деңгейі берілген қаржылау нысанының жауапқа тарту бағасын құрайды. Облигация бойынша пайыздық төлемге қарағанда артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденттер қосындысы салық салынатын кірістің құрамынан шығарылмайды, демек, бұл жағдайда салықтық қалқан әсері пайда болмайды.

Жай акциялар, артықшылығы бар акцияларға қарағанда, өздерінің иелеріне дивидент төлеуде кепілдік бермейді. Осыған байланысты берілген қаржылаудың бұл түрі тәуекелді болып табылады және осыған сәйкесті, қымбатырақ. Жай акцияларға қарасты белгісіздік акционерлік капиталдың құнын анықтау процедурасын күрделірендіреді. Берілген тапсырманы шешудің ең аз дегенде 4 тұжырымы бар: дисконтты дивиденттер ағыны әдісі; қаржылық активтер бағалау моделін қолдану; берілген компанияның облигация кірісінде орналастырылған баға; «баға/пайда» коэффицентін пайдалану. Осы төрт әдістің әрбіреуі өзіндік кемшіліктері мен айқын басымдылықтары бар, бірақ ешбіреуі де идеалды емес екенін айта кеткен жөн.

Компания әртүрлі инвестициялық қажеттіліктерді жабу үшін қосымша капитал тартады: жоғарыы кірісті проекттерді реализациялау, өндірістік инфрақұрылымның дамуы, бар қордың өсуі және т.б. Инвестициялау бағытының жалпы санына қарамастан, **олардың әрбіреуінің қаржыландыру нысанының құрылымы өзгеріссіз қалуы тиіс**. Сондықтан, инвестициялық поектілеу кезінде капиталдың жеке нысанының бағасы емес, берілген құрылым капиталының орташа бағасы қолданылады. Көрсетілген нысандардың әрбіреуінің бағасы басқа ештеңе болмағандықтан, барлық нысандардың бағасының жиынтығы орташа кірістік формуламен анықталады, яғни орташа арифметикалық өлшенген формуламен анықталады. Осылайша капиталды тарту бойынша шығынның орташа ауқымы былай белгіленеді: WACC (Weighted Average Cost of Capital)

$$\text{WACC} = \sum_{i=1}^{n} K_i * W_i = K_e * W_e + K_{ps} * W_{ps} + K_d * W_d$$

мұндағы W – капиталдың жалпы көлемдегі нақты нысанның меншікті салмағы;

K_e – капиталдың меншікті бағасы;

K_{ps} – артықшылығы бар акцияларды шығару есебімен жазаланатын капиталдың бағасы;

K_d – қарызға алынған капиталдың бағасы;

Капиталдың жеке түрлерінің баға процедурасы көтеген дау тудырады: қандай құн негізге алынуы тиіс – нарықтық немесе баланстық? Теорияда алалау бағалауға нарықтық құнмен беріледі. Бұған дәлел: капиталдың нақты құны тек қордық нарықта ғана әшкерленуі мүмкін. Демек, есепке баланста көрсетілген бухгалтерлік мәліметті емес, акция мен облигацияның бағасын кесуге сәйкесті, өндіріс орнындағы қарызға алған және жеке капиталдың нарықтық құны туралы мәліметті қабылдау қажет. Бірақ, мұндай тұжырымның тәжірибелік реализациясы көптеген қиындықтарға әкеледі: егер – өндіріс орнының барлық құнды қағаздары нарықта белсенді сатылады деп есептесе де олардың бағалары маңызды тербелісте болуы мүмкін. Сондықтан да тәжірибеде, теориялық принциптен шегіну сияқты қарастырылмайтын баланстық құн бойынша капиталды бағалау қолданылады.

Материалдық инвестициялық ресурстарды (ғимараттарды, құрылғыларды, көлік құралдарын, тауарлық-материалдық құндылықтарды және басқа да мүлікті) сақтандыру заңды тұлғалардың мүлкін сақтандыру тәртібіне және шарттарына сәйкес жүзеге асырылады (11-тарауды қараңыз).

Инвестициялық табысты сақтандыру бизнес-жоспарға сәйкес инвестициялық жобаның нормативтік өтелім мерзімі өткеннен кейін болжамды табысынан айрылу мүмкіндігін білдіреді.

Сақтандырудың мақсаты инвестициялық салымдарды жоғалту мүмкіндігінен қорғау болғандықтан, сақтандыру келісімінің мерзімі капитал шығындарының өтелім мерзімімен анықталады.

Инвестициялық табысты сақтандыру бойынша негізгі сақтандыру жағдайларына форс-мажорлық оқиғалар (өрт, табиғи апаттар, аварилар және т.с.с.), сондай-ақ нарық

конъюнктурасының күтпеген өзгерістері, валюталық бағамдардың өзгерістері және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін басқа жағдайлардың нашарлауы жатады. Шет елдік инвестор үшін сақтандыру жағдайы ретінде шет елге табысты шығаруға тиым салу жағдайы болуы мүмкін.

Егер сақтанушыда кәсіпкерлік қызметпен айналысудың заңды екенін растайтын рұқсаттар, лицензиялар, патенттер және басқа да қажетті құжаттар болмаса, онда сақтандыру келісімін жасауға болмайды.

Сақтандырудың басқа түрлеріндегі секілді, инвестициялық табысты сақтандыруға алу және сақтандыру жауапкершілігін өз мойнына алу кезінде бірқатар шектеулер қажет болады. Мысалға, сақтандыруға делдалдық қызметті, құмар ойындарына салымдарды және т.с.с. қабылдамау дұрыс. Әдетте, сақтандыру жауапкершілігіне келесі жағдайлардың нәтижесіндегі шығындар жатпайды: соғыстар және әскери әрекеттер, мемлекеттік органдардың шешімдері мен саяси бетбұрыстар, кәсіпорынды несиелеуден банктің бас тартуы.

Сақтанушының, оны әріптестерінің әрекеттері салдарынан пайда болған шығындардың орны толтырылмайды: сақтандырылған мүліктің немесе қызметтің қасақана тоқтатылуы, заң талаптарын бұзу, коммерциялық кәсіпорын қызметінің өзгеруі, кәсіпорынды біліксіз басқару.

Аталған сақтандырудың қиындығын ескере отырып, белгілі бір сомада немесе шығынның белгілі бір пайызы түрінде франшиза орнату қажет.

Сақтандыру сомасы инвестициялық жобаның өтелім мерзімі біткеннен кейінгі болжамды табысқа тең немесе төмен мөлшерде орнатылады. Осылайша, шығынның мөлшері сақтандыру сомасы мен нақты алынған табыстың айырмасына тең.

13.3. Банктік тәуекелдерді сақтандыру

Әлемдік практика банк қызметімен байланысты спецификалық тәуекелдерден қорғау үшін көптеген сақтандыру кепілдіктерін қалыптастырды. Солардың ішінде ең кеңінен

тараганы – банктік полис. Ол келесідей жағдайларға байланысты банктің шығындарының орнын толтыруды қарастырады:

заңсыз түрде жеке басының қамы үшін банк қызметкерлерінің алаяқтығы;

ұрлықтар, із-түзсіз жоғалып кету, банктегі ақша белгілерінің, құнды металдардың және бағалы тастардың, құнды қағаздардың, чектердің, вексельдердің, купондардың, коносаменттердің, сақтандыру полистерінің, кепілхаттардың, депозиттік қолхаттардың, кассалық ордерлердің, гербтік маркалардың және басқа да ақшалай құжаттардың, бухгалтерлік кітаптардың жойылуы, ұрлануы немесе бүлінуі (соңғы жағдайда өтемақы бухгалтерлік кітаптарды қалпына келтіруге кеткен және бухгалтерлік қызметкерлердің еңбекақысына кеткен шығындарға тең болады);

аталған құндылықтардың тасымалдау барысында, соның ішінде бронерленген инкассация машиналарында, жойылуы немесе бүлінуі;

чектерді, вексельдерді, кепілдіктерді, депозиттік сертификаттарды, кассалық ордерлерді, ақша алу туралы қолхаттарды қолдан жасау;

акциялардың, облигациялардың, акциялық сертификаттардың, купондардың, басқа да құнды қағаздардың жоғалуы, ұрлануы, бүлінуі немесе оларды қолдан жасау;

банктердің жалған (жасанды) ақшаларды қабылдауы.

Қоқан-лоққыдан және хакерлердің, банк жұмысшыларының, бәсекелес банктің компьютерлік жүйесіне заңсыз ену арқылы өз мүдделерін қамтамасыз етуден, жинақталған электрондық ақпараттарды жойып жіберуден, жасанды банктік құжаттарды енгізуден, сондай-ақ жалпы бұзақылық әрекеттерден банктерді қорғайтын сақтандырудың жеке түрі бар.

Банктік тәуекелдерді сақтандыру ең бір күрделі және жауапты сақтандыру түрлерінің бірі. Сол себепті әрбір жағдайда сақтандыру тарифін, сақтандыру сомасын және франшизаны анықтау кезінде сақтандырушы аса ұқыптылық және сақтық көрсетуі тиіс.

13.4. Биржалық және валюталық тәуекелдерді сақтандыру

Сақтандыру объектісі ретінде сатушының және сатып алушының биржалық келісімде (сатып алу және сату келісімінде) көрсетілген шарттарды уақытында және толық орындамау тәуекелі қарастырылады. Егер сақтанушы келісімде көрсетілген мерзімнен кейін 30 күн ішінде өзіне тиісті құнды қағаздарды, тауарларды, ақшаларды немесе басқа да биржалық құндылықтарды алмаса, онда сақтандырушының тәуекелі орын алады. Басқаша айтар болсақ, сақтандыру келісімі бойынша сақтандырушы сатушының немесе сатып алушының мәміле шарттарын қадағалаумен (мерзімді ұзарту, жеткізіп беруден немесе төлеуден бас тарту, төлем қабілетсіздігі) байланысты коммерциялық тәуекелдер үшін жауапкершілік тартады. Сақтандыру сомасы сақтанушының тілегі бойынша анықталады және ол келісім шарттарының шеңберінен аспайды. Сақтандыру тарифтерін сақтандырушы биржалық келісімнің мерзіміне, тауардың немесе құнды қағаздың бағасы мен түріне қарай тәуекел деңгейіне байланысты сақтандырушы анықтайды.

Сақтандырушымен келісе отырып сақтанушы қосымша төлемдер жүргізіп мынадай тәуекелдерді сақтандыра алады:

әскери және соғыс әрекеттерінің, ұлттық көтерілістердің, тәркілеу, шектеулер мен эмбарго енгізудің нәтижесінде пайда болған саяси тәуекелдерді;

жаңа нарыққа шығу, өндірістік шығындардың артуы және т.б. нәтижесінде пайда болған инфляциялық тәуекелдерді.

Сақтандыру мерзімі биржалық келісімнің орындалу мерзіміне қарай сақтандыру келісімімен анықталады. Сонымен қатар, бұл келісім сақтанушының ауызша өтініші бойынша биржалық келісімнің көшірмесі негізінде екі данада жасалады – бірі сақтандырушы да сақталады, бірі сақтанушы да қалады.

Валюталық тәуекелдерді сақтандырудың объектісі ретінде сатып алушыдан (импортердан) қаражаттарды талап еткенге дейінгі және сатушының (экспортердің) қаражаттарды нақты алуға дейінгі аралықта валюталық бағамдардың өзгеріп кетуі нәтижесінде пайда болатын шығындармен байланысты кәсіпкердің мүліктік мүдделері қарастырылады.

Валюталық тәуекелдерді сақтандырудың ерекше түрі ретінде банктердің тауарлық, валюталық және қор биржаларында фьючерстік мәмілелер барысында қолданатын хеджерлік операцияларды қарастыруға болады. Мысалға, қазақстандық компания шет елдік фирмаға тауар сатты, ал оны жарты жылдан кейін АҚШ долларымен төлеуге келісімін берді. Доллар бағамы төмендеп кеткен жағдайда мүмкін болатын шығындарды болдырмас үшін отандық компания болашақ долларлық табыстарды (түсімдерді) теңгенің ағымды бағамы бойынша сату арқылы хеджирлеу операциясын жүргізеді. Егер 6 айдан кейін доллардың бағамы төмендеп кетсе, онда сауда келісімі бойынша алынған шығын фьючерстік келісім жасаған күнгі теңгенің өскен бағамы есебінен жабылады.

13.5. Несиелік тәуекелдерді сақтандыру

Сақтандыру объектісі ретінде - қарыз алушының несиені толық немесе оның бір бөлігін қайтармау тәуекелін төмендетумен немесе болдырмаумен байланысты кредитордың мүліктік мүдделері қарастырылады.

Несиелік тәуекелді сақтандыру барысында сақтанушы ретінде кредитордың өзі қарастырылады, ал қарыз алушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандыру барысында сақтанушы ретінде қарыз алушы қарастырылады. Сақтандыру шарттары сәйкес (12-тарауды қараңыз).

Қазақстан Республикасында практика жүзінде кредиторлар (негізінен банктер) қосымша шығындардан қашқақтап, несиелік тәуекелдер бойынша келісім жасаудан бас тартады. Алайда өз мүдделері үшін олар сақтанушыларды өзінің АҚЖ (сирек) немесе кепілдік мүлікті және өзінің (қарыз алушының) өмірін (көп жағдайда) сақтандыруға мәжбүрлейді. Соңғы жағдайда қарыз алушының қаза болса немесе кепілдік мүлік бүлінсе сақтандыру төлемі толықтай немесе оның бір бөлігі несиені жабуға бағытталады.

Сыртқы экономикалық коммерциялық тәуекелдерді сақтандыру

Сыртқы экономикалық коммерциялық тәуекелдерді сақтандыруда биржалық және валюталық тәуекелдерді сақтандыру (жоғарыыдан қараңыз) және экспорттық несиелерді, яғни шет елге шығарылған тауарлар мен қызметтер үшін төлемдердің орындалмау тәуекелін сақтандыру маңызды орын алады.

Сақтандыру жауапкершілігіне, әдетте, жеткізушінің кінәсінан болған төлемсіздіктер қосылмайды: келісімдік мерзімдерді бұзу арқылы тауарды жеткізу немесе сапасыз тауарларды жеткізу, сатушының құжаттарды дұрыс толтырмауы, кедендік шекарада тауарларды ұзақ ұстау, айыппұлдар және т.с.с.

Шет елдерде экспорттық несиелерді сақтандыруды мемлекеттік немесе мемлекет бақылауындағы сақтандыру ұйымдары жүзеге асырады, мысалға, Индемнити» Великобритания, «Гермес» Германия, «Кафас» және т.б.

Сыртқы экономикалық тәуекелдерді сақтандыру саласына шет елдік инвестициялардың көмегімен салынатын өнеркәсіптік және басқа да объектілерді, отандық инвесторлардың қатысуымен шет елдердегі объектілерді, сондай-ақ елшіліктердің және басқа да шет елде қызмет ететін ұйымдардың мүлкі мен жұмысшыларын, арендаға алынған ғимараттарды, шет елдік елшіліктерді сақтандыру жатады.

Қазақстан Республикасында 2003 жылы 7,7 млрд. теңге жарғылық қоры бар «Экспорттық несиелерді және инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ (әрі қарай – Корпорация) құрылған болатын. Корпорацияны құрудың мақсаты – Қазақстан Республикасының 2003-2015 жж. индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыруға септігін тигізу болып табылды. Корпорацияның негізгі міндеті - отандық экспортерларды, инвесторларды, банктерді қазіргі таңдағы сыртқы саяси, экономикалық және басқа да тәуекелдерге байланысты мүмкін болатын шығындардан қорғау болып табылады.

Корпорацияның сақтандыратын тәуекелдер шеңберіне мыналар кіреді: сатып алушылардың төлем қабілетсіздігі; сыртқы экономикалық келісімнің орындалуына шектеу немесе

тиым салатын қарызгер (импортер) елдің немесе үшінші елдің билік органдарының шешімдері, әрекеттері (немесе әрекетсіздіктері); қарызгер елдің билік органдарының шет ел валюталарымен операцияларды жүзеге асыруға шектеулер салуы; төңкерістер, қоғамдық тәртіпсіздіктер, соғыстар; катастрофалар, өрттер, табиғи апаттар.

Корпорация «Кафас», «Гермес» және т.б. компаниялармен әріптестік қатынастар жүргізеді, құрамына 100 сақтандыру компаниясы кіретін несиелік альянстың мүшесі болып табылады.

Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандырудың басқадай түрлері

Қолданысқа енгізілгеннен кейінгі кепілдендірілген міндеттемелерді сақтандыру мердігерлердің құрылған (жөнделген) объектілерді жасақтау және эксплуатациялау бойынша кепілдіктерінің орындауымен байланысты тапсырыс берушінің шығындарын өтеуді қарастырады. Сақтанушы ретінде тапсырыс берушінің өзі немесе мердігер бола алады.

Табысты жоғалту мүмкіндігін сақтандыру ауылшаруашылық жануарларының өлімі кезінде өнімнің (ет, сүт, мата өнімдерінің) жоғалуымен немесе өнімнің өткізілмей қалуымен байланысты шығындарды сақтандыруды қарастырады.

Делькредере – сатылған тауарлар мен қызметтер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық қарыздармен (әдетте 6 айдан аспайтын міндеттемелермен) байланысты тәуекелдерден сақтандыру. Сақтанушыға (сатушыға) сатып алушының төлем қабілетсіздігі жағдайында мерзімі өтіп кеткен дебиторлық қарыздар бойынша шығындардың орны толтырылады.

14. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

14.1. Сақтандырушының қаржылық тұрақтылығының анықтамалары

Сақтандырушының шаруашылық субъекті қаржысының тұрақты бағыттарының бірі оның ақша ағымдарын тиімді басқару. Қаржылы жағдайды толық бағалау ақша ағымына талдау жасамау мүмкін емес. Ақша ағымын басқарудың тағы бір міндетіне олар мен пайданың арасындағы байланысты анықтау жатады, яғни алынған пайда тиімді ақша ағымының нәтижесі ие, әлде басқа бір факторлардың нәтижесі ме екенін айқындау болып табылады.

Сақтандырушының шаруашылық субъектінде «Ақша құралдарының қозғалысы» және «ақша құралдарының ағымы» деген түсініктер бар.

Ақша құралдарының қозғалысы деп сақтандырушы кәсіпорынның барлық жалпы ақша түсімдері мен төлемдері түсіндіріледі. Ақша құралдарының ағымы нақты уақыт кезеңі мен байланысты және осы кезең ішіндегі барлық түсімдер мен төленген ақша құралдар арасындағы айырмашылықты білдіреді. Сақтандырушының шаруашылық субъектіндегі ақша қозғалысы – басты негіз, қозғалыс нәтижесінде қаржылар пайда болады, яғни қаржылық қатынастар, ақшалай қорлар, ақша ағымдары және ақша құралдарының ағымын басқару осының бәрін ұйымдастырады. Осы ағымдарының талдауын, ақша құралдарының қозғалысын есепке алуын, ақша құралдарының қозғалысының жоспарын жетілдіру қарастырылады.

Сақтандырушының шаруашылық субъектінің ақша ағымына ықпал етуші негізгі факторлардың бірі қаржылық циклдің ұзақтығы есептеледі. Бұл кредиторлық борыштың айналым уақытын есепке ала отырып, дайын өніммен дебиторлық борышқа аяқталмаған өндіріске, құрылған қорларға (оларды төлеу уақытынан бастап) ақшалай құралдардың салынған уақыты. Қаржылық цикл, осылайша айналым құралдарының айналыстың екі стадияда болған уақытын құрап,

өндірістік және тауарлы яғни олардың ақшалай стадияда болу уақытын қоспайды.

Сақтандырушының шаруашылық субъектінің қаржылық циклін келесі түрде көрсетуге болады. Қаржылық циклді басқару деп сақтандыру компаниясының қаржыларын және оның ақша ағымын басқарудың негізгі мазмұнын айтады. Қаржылық циклді оптимизациялау қаржылық қызмет шараларының басты мақсаты болып саналады. Қаржылық циклді қысқарту жолы өндірістік циклдің қысқаруымен, дебиторлық борыштың айналым уақытының азаюымен, кредиторлық борыш айналым уақытының ұлғаюымен байланысты.

Жоғарыыда айтылып кеткендей сақтандырушының шаруашылық субъектінде ақша ағымының кірістері және шығыстарымен сипатталады.

Сақтандырушының шаруашылық субъектінің серіктестік қызметін үш түрге бөлу қажеттілігі әрқайсысының рөлімен және өзара байланысымен түсіндіріледі. Негізгі барлық үш қызмет түрінің қажетті ақша қаражаттарымен қамтамасыз етуге бағытталған. Ал, инвестицияның және қаржылық сақтандыру қызметтері бір жағынан негізгі қызметтің дамуына, екінші жағынан – оны қосымша ақша қозғалысымен қамтамасыз етуге қолдау көрсетеді. Сақтандыру компанияларында ақша ағымын талдау нәтижесінде басты сұраққа жауап алу қажет: ақша құралдары қайдан келіп түседі, әр сақтандыру қаржылық көздердің алатын рөлі және олар қандай мақсатта пайдаланады, қорытындыны жалпы сақтандыру шаруашылық субъекті бойынша сияқты, оның әр қызмет түрі :операциялық сақтандыру, инвестициялық сақтандыру түрлері бойынша жасау керек.

Сақтандыру компанияларында ақша ағымын талдау мыналарға әсер ету себептерін анықтаумен байланысты:

- ақша қозғалыс кірісінің өсуі,
- олардың кірісінің төмендеуі ,
- олардың шығындарының өсуі және тозуы.

Оларды ұзақ (бірнеше жыл) және қысқа мерзімде (квартал, жыл) жасауға болады. Мұндай талдау, егер ол компания

шаруашылығының қандай да бір кезеңін сипаттайтын кезеңіне жасалса, онда ол міндетті түрде қызығушылық тудырады. Мысалы, ақша қозғалысын құру негізінен, жаңа сақтандыру өнімін шығарудан, және т.б.

Сақтандыру компанияларында ақша қозғалысының ағымы талдау *есептік* және *жоспарлық* көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылуы тиіс. *Есептік* көрсеткіштер есебінде алғашқы есепке алу және үнемі есеп беру мәліметтері пайдаланылады. Ақша ағымының қозғалысы жоспарлы көрсеткіштері шұғыл қаржылық жоспар түрінде, басқаша айтқанда, төлем күнтізбесінде есептеледі. Ол 5,10 немесе 15 күн кезеңділігімен бір айға жасалады. Төлем күнтізбесінің ерекшелігі мынада. Біріншіден, бір айға ақшалай шығындар анықталады. Артынан шығындарды жабу үшін ақшалай ресурстар өндіріп алынады, ол ақшалай табыс жеткіліксіз болған жағдайда екенін ескере кеткен жөн.

Сақтандыру компанияларында төлемдерді және оларды жабу көздерін жоспарлау күнделікті өнімді өткізуден түскен табыспен келіп түсетін материалдық құндылықтарды өтеуді бақылаумен байланысты.

Мысалы, экономикалық негізделген төлем күнтізбесін жасау ақша ағымдарын тиімді басқарудың міндетті шарттарының бірі. Мұндай күнтізбе қажетті ақша құралдарымен қамтамасыз етуге, өнімді өткізуден түскен табыспен пайданың өсу мүмкіндіктерін айқындауға қолданылатын құралдардың тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Кәсіпорын қатарында мамандандырылған журнал жүргізіледі. Онда төлем күнтізбесінің барлық көрсеткіштері динамикада беріледі, сонымен қатар, ақша құралдарының қозғалысы туралы есеп беру көрсеткіштері де көрініс табады. Ақша құралдарының қозғалысы жоспары кез келген кезеңге құрастырылуы мүмкін. Жекелеп алғанда, бизнес-жоспарды құру кезінде ол бір жылға сияқты бірнеше жылға да есептелуі мүмкін.

Ақша ағымын талдаудың тереңділігі барлық ақша қозғалысының ағымына талдау жасалуымен қатар, жекелеп меншіктік және заемдық құралдарға да талдау жасау арқылы қол жеткізіледі. Осылайша, мұнда сақтандыру өнімдерінен

түскен табыс пен өнімнің өзіндік құнына кіретін шығындар қосылмайды.

8.1. Сақтандырушының қаржысын ұйымдастырудың жалпы принциптері

Сақтандырушы қаржысының бірінші кезектегі маңызы сақтандыру арқылы қорғау қызметін қамтамасыз етуге келіп тіреледі. Сонымен қатар, сақтандыру ісін ұйымдастыру бойынша өз шығындарын қаржыландырады және сақтандыру резервтерінің бір бөлігі мен меншікті капиталды қолдана отырып инвестициялық қызметпен айналысады.

Сақтандырушының ақша айналымы екі дербес ақша ағындарынан тұрады және олар бухгалтерлік есепте бөлек көрсетіледі: сақтандырушылық қорғауды қамтамасыз ететін қаражаттар айналымы (сақтандыру резервтері) және сақтандыру ісімен байланысты қаражаттардың айналымы (сақтандыру ісін ұйымдастыруға қажет шығындар).

Сақтандырушы өз қызметінде келесідей негізгі қаржы ресурстарын қалыптастырады және қолданады:

меншікті капитал;

ағымды кірістер бойынша қаражаттар;

сақтандырудың тәуекелді түрлері бойынша сақтандыру резервтері;

ұзақ мерзімді сақтандыру түрлері бойынша жарналардың резерві;

ескерту шараларын қаржыландыруға арналған қаражаттар (аударымдар);

сақтандыру ісін жүргізуге қажет қаражаттар (аударымдар);

негізгі өндірістік қорлардың тозуы (амортизациялық қор).

Сақтандыру резервтерін қалыптастыру және орналастыру тәртібі

Қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру келісімдері бойынша өз мойнына алған міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары актуарий есептеген көлемде сақтандыру резервтерін қалыптастыруға міндетті.

Сақтандыру резервтерінің қаражаттары тек қана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру және қайта сақтандыру келісімдері бойынша өз міндеттерін орындаумен байланысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру үшін қолданылады.

Сақтандыру резервтерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне, сақтандыру резервтерінің қаражаттарын орналастыру және есепке алу тәртібіне қойылатын талаптар құзіретті органның нормативтік-құқықтық актілерімен бекітіледі.

Сақтандыру резервтері тек қана сақтандырушының алған сақтандыру сыйақыларынан аударымдар есебінен қалыптасады. Қазіргі кезде сақтандыру резервтеріне аударымдардың келесідей нормативтері орнатылған:

өмірді сақтандырудан басқа ерікті және міндетті сақтандыру түрлері бойынша – 75%;

өмірді сақтандыру бойынша – 100%.

Сақтандыру ұйымдарының төлем қабілетін және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шарттары

Қаржылық тұрақтылықтың және төлем қабілетінің жалпы талаптары. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеті оның өзінің қаржылық міндеттемелерін уақытында және толық орындай алу қабілетімен анықталады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының төлем қабілетінің көрсеткіштері ретінде оның өз мойнына алған міндеттемелері мен өтімділік деңгейіне байланысты активтерінің нормативтік қатынастарды қадағалауы қарастырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығы оның сақтандыру және қайта сақтандыру келісімдері бойынша міндеттемелердің бүкіл мерзімі ішінде өзінің төлем қабілетін (мүмкін болатын қолайсыз қаржылық және басқа да факторларды ескере отырып) сақтау қабілетімен анықталады. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштеріне мыналар жатады:

1) жарғылық және меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері;

2) активтердің құны және оларды диверсификациялау деңгейі;

3) сақтандыру резервтерінің және басқа да міндеттемелердің мөлшері;

4) төлем қабілетінің көрсеткіштері;

5) сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша міндетте көлемдерінің ара-қатынасы;

6) сақтандыру және қайта сақтандыру қызметтерінің рентабельділігі (табыстылығы);

7) жүзеге асырылып жатқан инвестициялық қызметтің тиімділігі.

Құзіретті орган орнатқан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының төлем қабілетін және қаржылық тұрақтылығын анықтау барысында оның активтерінің құны олардың жіктелуіне және өтімділігіне сәйкес есептеледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталы сақтандыру резервтері мен басқа да міндеттемелерді шегеріп тастағандағы жалпы активтердің құны ретінде анықталады.

Жарғылық және меншікті капиталдың ең төменгі мөлшеріне, активтерді диверсификациялау деңгейіне, оларды орналастыру (инвестициялау) тәртібіне, сақтандыру резервтерінің құрылымына қойылатын талаптарды, сондай-ақ активтерді сапасы мен өтімділігіне қарай жіктеуді ескере отырып есептеу әдістемесін құзіретті органның нормативтік-құқықтық актілері анықтайды.

Пруденциялық нормативтер. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және консолидациялық негізде қадағалау жүргізілетін тұлғалардың төлем қабілетін және қаржылық тұрақтылығын қадағалау олар үшін пруденциялық және басқа да міндетті нормалар мен лимиттерді (шектеулерді) орнату арқылы жүзеге асырылады.

Пруденциялық нормативтерді құзіретті орган бекітеді және олардың құрамына мыналар кіреді:

1) төлем қабілетінің нормативтері;

2) қаржылық тұрақтылық нормативтері.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жекелеген сақтандыру немесе қайта сақтандыру келісімдері бойынша міндеттемелерінің ең жоғарығы көлемі меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің 10% асуына болмайды.

Егер өз мойнына алған міндеттемелерді орындау бойынша тәуекелдердің шектен тыс бөлігі қайта сақтандырылған болса, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақтандыру немесе қайта сақтандыру келісімдері бойынша жоғарыыда аталған нормативтен (10%) асатын міндеттемелер қабылдауына болады.

Қайта сақтандыруды жүзеге асыру барысында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өз қажеттіліктеріне ұстап қалатын қаражаттары міндеттемелердің жалпы көлемінің 5%-нан кем болмауы тиіс, сонымен қатар 10%-дық нормативтік талап бұзылмауы қажет.

Құзіретті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық есеп беруінің құрамына кірмейтін туынды қаржылық құралдардың қолда бары туралы мәліметтерді ашып көрсету және оларды қолдануға шектеулер (лимиттер) салу бойынша талаптар (нормативтерді) орнатуға құқығы бар.

Пруденциялық нормативтерді есептеу әдістемесін және олардың нормативтік мәндерін құзіретті орган нормативтік-құқықтық актілер арқылы бекітеді.

Құзіретті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасайтын мәмілелері бойынша бірқатар шектеулер салады («Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 48-бабын қараңыз).

Сақтандырушылардың төлем қабілетін нығайту мақсатында «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры» АҚ құрылған (2003 жылдың 3 шілдесіндегі Заң). Бұл қордың қаражаттары сақтандырушылардың жарналарынан қалыптасады.

Қордың негізгі - мақсаты сақтандыру ұйымын мәжбүрлі түрде жою (тарату) жағдайында міндетті сақтандыру келісімшарттары бойынша сақтандыру төлемдерін кепілдендіру.

14.2. Сақтандырушы қызметінің қаржылық нәтижелерін анықтау

Сақтандырушы қызметінің қаржылық нәтижелері «Табыстар мен шығындар туралы" есепте («Қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы» есепте) көрініс табады.

Сақтандырушының табыстары мен шығындарын бағалау және мойындау бухгалтерлік есеп стандарттарымен анықталады.

«Табыстар мен шығындар туралы» есептің нәтижелік көрсеткіштеріне мыналар жатады:

салық салынғанға дейінгі табыс (шығын);
салықтан кейінгі табыс (шығын);
негізгі қызметтен алынған таза табыс (шығын);
таза табыс (шығын).

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелерін жан-жақты талдау үшін бірқатар қаржылық коэффициенттерді анықтау қажет. Бұл коэффициенттерді анықтау әдістемесін біз «Қаржылық талдау» курсынан, сонымен қатар осы оқу құралының 8 - тақырыбынан білеміз.

8.3. Сақтандыру қызметіне салық салу ерекшеліктері

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) келісімдері бойынша 4% мөлшерінде және жинақтаушы сақтандыру бойынша 2% мөлшерінде тіркеулі сома түрінде сақтандыру қызметінен алған табыстан корпоративтік табыс салығын төлейді.

Басқа қызметтен (мысалға, инвестициялық қызметтен) алған табыстан корпоративтік табыс салығын және басқа да салықтарды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары жалпыға бірдей тәртіп бойынша төлейді.

8.4 Сақтандыру операцияларын болжамдаудың негізгі принциптері

Болжамдау үшін бастапқы мәліметтер ретінде ерікті сақтандыру түрлері бойынша келісімдердің жалпы саны,

сақтандырудың жекелеген түрлерінің бір келісімі бойынша орташа сақтандыру сомасы, орташа төлемақы және орташа сақтандыру сыйақысы қарастырылады.

Даму тенденцияларын анықтау мақсатында экономикалық-математикалық әдістердің көмегімен өткен 5-7 жыл ішіндегі көрсеткіштердің динамикалық қатарлары талдауға алынады. Содан кейін жоспарлы кезеңдегі тенденциялардың экстраполяциясы жүзеге асырылады және сарапшылардың бағалауы бойынша келешекте мүмкін болатын өзгерістерді ескере отырып түзетулер енгізіледі.

Мысалы, неге әдебиеттерде бағалы қағаздарды инвестициялаудың тәуекелділігіне көп көңіл бөлінеді және негізгі өндірістік қорлар сияқты активтердің тәуекелін талдауды көп қарастырмайды? Оның себебі – басқару үшін негізгі зерттеу пәні фирма акциясының тәуекелділігі болып табылады, ал материалдық активтердің тәуекелі оның акция тәуекеліне әсер ету деңгейі бойынша бағалануы мүмкін. Егерде, "Goodyear Tire" компаниясы дөңгелек жөндеудің жаңа технологиясына ірі инвестициялар салуда сақтандыру мәселесін қарастырып жатқан болса, онда бұл тауарға сұраныс, істің жаңа түрінен түскен түсім сияқты алдын ала белгілі, сондықтан да жаңа өндірістің тәуекелі өте жоғарыы деп ойлауға болады. Бірақ, жаңа өндірістің табысы дөңгелекті жасау бойынша компанияның негізгі ісінен табысымен теріс корреляцияланады; тұтынушылар көп ақшаны иемдеген жағдайда, яғни экономикалық өрлеу кезеңінде олар жаңа дөңгелектерді сатып алады, бірақ экономиканың құлдырау кезеңінде жөнделген дөңгелектерге сұраныс өседі. Бірінші жағдайда компанияның негізгі түрінен түскен түсім жоғары, ал жөндеуден – салыстырмалы түрде төмен, ал екінші жағдайда керісінше болады. Осылай тәуекелі жоғарыы қарастырылған капитал салымдары барлық мүмкін жағдайларды, талдағанда тәуекелі өте жоғарыы бола бермейді.

Бұл талдау акционерлерге қатысты қолданыла алады. Компания акциялары оларды ұстаушылардың жеке меншігі болып табылса, ірі күрделі капитал салымдар туралы шешімді қабылдайтын компаниялар үшін ең негізгі сұрағы

«компанияның акция ұстаушылардың тәуекеліне бұл инвестициялар қалай әсер етеді?

Портфельдің β коэффициенті. Әрбір бағалы қағаздар портфельінің β коэффициенті, β_p орташа арифметикалық салмақтық формуласымен есептелінеді :

$$\beta_p = \sum_{i=1}^{n} x_i \beta_i$$

мұндағы x_i - портфельде і – бағалы қағаздың үлесі. Оны мысал ретінде қарастырайық. Айталық сіз бағасы 100 000 доллар акция портфельін иемдейсіз , 10 акция түріне 10 000 доллардан салынған, және оның әрқайсысы β = 0,8 иемдейді, бұл жағдайда портфельь β_p = 0,8 иемдейді. Оның орташа нарықтық портфелььге қарағанда тәуекелі төмен болады; тәжірбеде бұл портфельь акцияның бағасына төмендеу тербелісімен сипатталады, және сәйкесінше табыстылығында да төмендеу өзгерістермен сипатталады.

Енді, айталық портфелььдің бір акциясын саттыңыз және оны β = 2,0 акциямен ауыстырдыңыз дейік. Бұл жағдайда портфелььдің тәуекелділігі $\beta_{p1} = 0.8$ - ден $\beta_{p2} = 0.92$ - ге дейін көбейеді, оны келесідей формуладан көруге болады:

$$\beta_p = \sum_{i=1}^{n} x_i \beta_i \quad = 0{,}9*0{,}8+0{,}1*0{,}2=0{,}92.$$

Егер портфелььге β = 0,6 – мен акция қосылған жағдайда , онда портфелььдің β - сі 0,8 – ден 0,78 – ке дейін өзгеретін болатын.

β коэффициенттердің тұрақтылығын талдау. CAPM – ге сәйкес, акцияның нарықтық тәуекелін өлшеу үшін қолданылатын β коэффициенті нарық жағдайының өзгеруіне қатысты акцияның болашақ өзгерісін инвесторлардың

бағалауын көрсетуі керек. Болашақта акцияның сипаттамасы олардың орта нарықтық мағынасымен қалай байланысты болатыны және қалай «орта» инвестор акцияның бұл болашақтағы салыстырмалы өзгерісін бағалайтыны алдын – ала белгісіз екендігі анық.

β коэффициентінің тұрақтылық мәселесі Роберт А. Леви, Маршалл Е. Блюм және тағы басқа зерттеушілердің жұмыстарында қарастырылған. Мысалы, бағалы қағаздар портфельінің мен жекелеген акциялардың

Леви келесі қорытындыға келді: ең біріншіден, әр акция үшін оның β коэффициенті уақыт бойынша тұрақты болып қалмайды және болашақ тәуекелді нақты бағалу үшін қолданыла алмайды. Екіншіден, 10 және одан да көп кездейсоқ акциялардан тұратын Блюмнің және басқа зерттеушілердің жұмыстары Левиннің көзқарасын растайды.

1. Нарықтық тәуекелдің жалпы тәуекелге қарағанда арытқшылықтарын көрсету негізі болатын САРМ тұжырымдамасы активтердің тәуекелділігі туралы мәлімет беру жағынан өте маңызды.

2. Дегенмен САРМ тәуекел мен талап етілген табыстылықтың байланысы туралы нақты және толық сұрақтарға жауап береді деп ойлау дұрыс емес. Мәселе модельге кіретін параметрлерді қалай бағалу керегінде. Ұйғарым бойынша күтілген мәліметтерді қолданумен қатар нақты мәліметтерді ғана қолдануға болады. Сондай-ақ, нақты мәліметтер оларды бағалу үшін қолданылатын әдістер мен зерттелетін уақыт кезеңіне байланысты өзгертіледі. Осылай, САРМ барабар модель болып көрінсе де , оның параметрлері нақты өлшенуі мүмкін емес.

3. САРМ тәуекелдің берілген деңгейі мен барлық қажетті мәліметтердің болуы бойынша өзінің табысын максимальдауға тырысатын инвесторлардың ісін көрсеткенде қисынды болғандықтан ол пайдалы әдіс болып табылады.

4. САРМ Чикаго университетінен Юджин Ф.Фама және Кеннет Р . Френчаның жұмыстарында қатты сынауға ұшырады. Фама және Френч соңғы 50 жылдың мәліметтері бойынша

бірнеше мың акцияның β коэффициенті мен табыстылық арасында тәуелділікті зерттеген.

5. CAPM-нің қаржылық жағынан көптеген мәселелері жеке қарастырылуы керек. Модельді дұрыс қолдану үшін оның шектеулерінде білу керек.

Мұнда айналым капиталы (айналым құралдары) дегеніміз – ақша қаражаттары және оған бір жыл немесе бір өндірістік циклда айнала алатын компанияның ағымдағы активтері. Таза айналым капиталы (меншікті айналым құралдары) ағымдағы активтер мен ағымдағы міндеттемелер арасындағы айырмашылықты айтады.

Айналым капиталын басқаруға мыналар кіреді:

ағымдағы активтердің жалпы және оның құрамдас бөліктерінің мақсаты, сонымен қатар мәнін анықтау немесе реттеу;

кредиторлық борыштың мөлшерлі түрлерін, құрылымын анықтау және реттеу. Басқаша айтқанда, қысқа мерзімді қаржыландыру көздерін анықтау және реттеу.

Айналым капиталын бағалауының мақсаты болып кәсіпорынның өндірістік ағымдағы шаруашылығын қамтамасыз ету және оның міндеттемелері бойынша төлемдерін жүзеге асыру сонымен қатар, уақытша бос ақша қаражаттарын қосымша өткізуден басқа табыс алу мақсатында инвестициялау.

Ағымдағы активтер мен ағымдағы міндеттемелердің жалпы мөлшері өтімділіктің жалпы коэффициентінің мәнін анықтайды, ол үшін ішкі фирмалық немесе сыртқы нормативтер бекітілуі мүмкін. Мысалы, банкроттылық пен жағдайсыздық туралы іс бойынша басқару әдістемесінде баланс құрылымы қанағаттанарлық деп мойындау үшін өтімділіктің жалпы коэффициенті екіден кем болмауы тиіс деп бекітілген, яғни таза ақша капиталының ағымдағы міндеттемелерден кем болмауы тиіс.

Батыс елдерде компанияның тәжірибесінде жалпы коэффициент мәні салалар бойынша бөлінеді, бірақ олар бір жоғарыы болуға міндетті, яғни компанияның меншік айналым құралдары болуы тиіс.

Ағымдағы активтер (айналым құралдары) өздерінің құрылымы және экономикалық мақсаттылығы бойынша үш топқа бөлінеді:

ақша құралдары;

дебиторлық борыш;

өндірістік материалдық қорлар.

Ақша құралдары абсолютті өтімді болып табылады, ал дебиторлық борыш пен қорлар өтімділігі әр түрлі болуы мүмкін.

Ағымды активтерді мақсатты түрде топтарға бөлу компания қызмет ететін салаға байланысты. Олардың жалпы мөлшері өндірістік процесс тұтылымы мен қосымша мүмкіндік шығымдарды есепке алуы қажет. Мысалы, маусымдық жоғарыы сұраныс кезінде сатудың жоғарыы деңгейін сақтап қалу үшін қосымша өндірістік – материалдық қорлар, шикізат сатып алу үшін қосымша ақша құралдары, материалдар мен жалақыға ақша керек болады.

Ақша құралдарының мақсаты мөлшерін анықтау кезінде ағымдағы міндеттемелерді орындауды мүмкін ойланбаған шығындарды жабуды сонымен қатар, кәсіпорынның шаруашылығын кеңейту мүмкіндігін есепке алу қажет. Егер ақша құралдарының түсімі және ақшалай төлемдер дұрыс келісілген болса, компания біраз ақша қаражаттарының орнына ие болуы мүмкін. Егер компанияның қаржылық жағдайы жақсы болса және компанияның қаржылық жағдайы несиені тиімді қойылыммен ала алса, оған ақша қаражаттарының үлкен қорын иелену міндетті емес. Ақша құралдарының қажетті мөлшері дебиторлық қарыз сапасына да байланысты, яғни төлемеушілік тәуекелділік деңгейіне де байланысты болады.

Ақша құралдарын үлкейтудің қосымша мүмкіншілігі болып кредиторларға төлемдер жүргізу уақытын созу шоттарды бөлшектеп төлеу және есеп айырысулардың вексельдік нысаны.

Ақша құралдарының оптималды мөлшерін анықтау үшін қандай да бір болжамдарға негізделген ықтимал математикалық және статистикалық моделдер пайдаланылады. Тәжірибеде компаниялар абсолютті өтімділік коэффициентінің ішкі нормативтерін бекітуі мүмкін, яғни ақша құралдарының ағымдағы міндеттемелерге тең қатынасы.

Дебит борышты басқару түрлеріне келесідей компанияның пайдалылығына әсер етеді. Дебиторлық борышты басқару міндетіне мыналар жатады:

дебиторлық борыштың қолайлы деңгейін шектеу;

ақша құралдарының түсуіне кепілдікті қамтамасыз ететін сатулар шарттарын таңдау;

сатып алушының төлем тәртібін сақтау көзқарасының түрлі сатып алушылар топтары үшін үстемелер мен жеңілдіктерді анықтау;

қарызды талап етуді жеделдету;

бюджеттік қарыздарды қайтару;

дебиторлық қарызбен байланысты мүмкін шығындарды бағалау яғни дебиторлық борышта пайдаланылмай қалған жоғарылатылған пайданы бағалау.

Потенциалды сатып алушыларды сараптауда үлкен маңызға ие. Ол келесі критерийлер негізінде жүзеге асырылады:

өткен шақта сенімді тәртіпті сақтау;

жобалы қаржылық көрсеткіштер;

ағымдағы төлем қабілеттілік деңгейі;

меншік капиталының мөлшері және т.б.

Шетелде компанияның потенциалдық, қаржылық мүлкі игіліктері туралы ақпарат мамандандырылған мекемелермен зерттеледі және жарияланады экономикалық дамыған елдерде тұрақты клиенттерге сату негізінде түрлі шарттарды қолдану мен несие беру түрінде жүзеге асырылады. Мысалы, көп қолданылатын «2110 толық 30» осы сызбасы келесіні білдіреді:

сатып алушы тауарды алу кезінен бастап он күн ішінде төлем жасаса, екі пайыздық жеңілдік алады; егер төлем 11-нен 30 күнге дейін жүргізілсе, онда тауардың толық құны төленеді;

ай ішінде төленушілік жағдайында сатып алушы қосымша айып пұл төлейді.

Дебиторлық борыштың жағдайына талдау жасау өткізуден түскен табыстың жыл ішіндегі орташа дебиторлық борышқа қатынасына немесе кері мөлшеріне (дебиторлық борышты өтеу коэффициенті) тең дебиторлық борыштың айналымдылық есебіне негізделіп жүзеге асырылады.

Кейде дебиторлық борыш кезкелген болуы мүмкін, тек ол компанияның кредиторлық борышынан аса болғаны деп есептейді.

Дебиторлық борышты басқарудың қосымша тәсіліне күмәнді қарыздар бойынша резервтер құру, олар оның мөлшерінен бірнеше пайызын құруы мүмкін.

Материалды-өндірістік қорларды басқару барысында олардың мақсатты мөлшерін анықтау қажет ал ол сату көлеміне ағымдағы қорларды қаржыландыруға (оларды сақтау бойынша шығындар), жаңа тауарларды өндіру жылдамдығына жаңа тапсырыстарды алуда мүмкін кідірушіліктерге және т.б. тәуелді. Осыған қоса өндірістік қорлардың тозу процестері және бұзылу (істен шығу) қажеттілігін ескеру қажет. Қорлар неғұрлым маңызды болса, соғұрлым олар сақтау және сақтандыру құны көп болады. Сақтау қоймаларымен персонал саны, сонымен қатар құралдарды иммобилизациялау (жанама шығындар) деңгейі де көбірек болады.

Екінші жағынан, қорлардың көбеюі шикізат пен басқа да материалдардың тапшылығынан туындаған, тауарлардың қоймаларда қалмауы, өндірістің кідіруі мен болатын сатулардың қысқару тәуекелділігін азайтады.

Компаниялар өндірістік-материалдық қорлар үшін ішкі фирмалық нормативтерді бекітуіне болады. Компанияның іскерлік белсенділігіне қорлар көлемінің ықпалын олардың айналым көрсеткіштерімен бағалайды. Сонымен қатар, қорлардың орташа қалдығын – бір күндік олардың айналымына бөлумен анықталатын күндегі айналым уақытымен де есептейді.

14.3. Сақтандыру ісінде шығындарды есептеу

Шығындар нақты (сандық көрсеткіштермен өрнектелген) және нақсыз (сандық көрсеткіштермен өрнектелмеген кәсіпорын иесінің еңбек шығындары) болуы мүмкін. Нақты шығындар – бухгалтерлік, нақсыз шығындар – экономикалық деп аталады.

Экономикалық мазмұны мен белгіленуіне байланысты шығындардың бірнеше түрін бөліп алуға болады:

1) өз меншігіндегі қаражат және табыс есебінен негізгі және айналым капиталын өндірумен, қайта құрумен, кеңейтумен байланысты шығындар;

2) өнімді, жұмысты, қызметті өндіру және сату арқылы орны толатын негізгі, айналым капиталын және еңбек ресурстарын пайдалану негізінде өнімді (жұмысты, қызметті) өндіру және сатумен байланысты шығындар;

3) өз меншігіндегі қаражат және табыс есебінен орны толатын мамандарды дайындау, қызметкерлер білігін арттыру, оларға жағдай жасау сияқты әлеуметтік-мәдени бағдарламаларды жүзеге асырумен байланысты шығындар.

Шаруашылықты жүргізуші субъектінің барлық шығындары өзіндік құнға енетін шығын элементтері бойынша бөлінеді: материалды шығындар; еңбек ақыны төлеу шығындары, әлеуметтік қажеттілік шығындары, амортизациялық шығындар және т.б. шығындар. Осындай бөлу арқылы қаншы шығын және шығыс жасалғандығын анықтауға болады. Сонымен бірге, шығындар бухгалтерлік есептің әдістемелік нұсқаулары негізінде немесе ұйыммен дербес белгіленетін шығындар бабы бойынша жіктеледі. Онда берілген шығын өнімнің, жұмыстың, қызметтің қай түріне жататындығы анық көрінеді.

Шығындар бухгалтерлік есепте келесі шарттарға сәйкес болса, шығын болып есептеледі:

- шығын нақты келісім – шартпен, заңды және нормативті – актілер талаптарымен, іскер айналым дәстүрлерімен байланысты пайда болған жағдайда;
- шығыс сомасын нақты анықтауға болатын жағдайда;
- нақты операция нәтижесінде ұйымның экономикалық табысы төмендейді деген сенім болған жағдайда;

Қабылданатын шешімдерге байланысты шығындар уақытша (міндетті) және балама (оптималдылық тұрғысынан), өндірістік және сауда ығындары болып бөлінеді.

Өнімді өндіруге және сатуға жұмсалатын шығындар өзінің экономикалық мазмұны мен белгіленуі тұрғысынан өндіріс шығындары (қазақстандық тәжірибеде - өзіндік құн) болып табылады.

Сонымен бірге, барлық өндіріс шығындары келесідей болып бөлінеді:

- шартты-тұрақты (өнімді, жұмысты, қызметті өндіру мен сату көлеміне тәуелсіз) және шартты-айнымалы (көлемге тәуелді);
- тура (өнімге тура тәсілдермен бөлінетін) және жанама (жанама әдістермен бөлінетін);
- ағымдағы және капиталды;
- негізгі және қосалқы (жапсарлас);
- бір элементті және кешенді;
- мөлшерленетін және мөлшерленбейтін.

Егер кез келген шығынға қатысты осы берілген шарттардың біреуі орындалмаса, онда шаруашылық жүргізуші субъектісінің бухгалтерлік есебінде дебиторлық қарыз пайда болады.

Активтердің (ақша қаражаты, басқа да мүліктер) кетуі нәтижесінде ұйымның экономикалық табысының кемуіне немесе капиталының азаюына әкеліп соғатын міндеттемелердің пайда болуы сол ұйым шығындары болып танылады.

Әдеттегі қызмет шығындары:

- шикізат, материал, тауар және тағы да басқа материалды - өндіріс қорларын сатып алумен байланысты шығындар;
- өнім өндіру, қызмет көрсету және жұмыс орындау үшін материалды - өндірістік қорларды қайта өңдеу барысында туындайтын шығындар;
- тауарларды (негізгі құралдарды және басқа да айналымнан тыс активтерді пайдалану мен күту, оларды қажетті деңгейде сақтаумен байланысты шығындар) сату (алыпсату) барысында пайда болатын шығындар;
- коммерциялық шығындар;
- басқару шығындар;

Операциялық шығындар:

- ұйым активтерін уақытша ақылы пайдалануға (уақытша пайдалану) берумен байланысты шығындар;

- өнеркәсіптік үлгілер, өнертабу патенттері және интеллектуалды меншіктің басқа да түрлері құқықтарына ақы төлеумен байланысты шығындар;
- басқа ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуымен байланысты шығындар;
- ақша қаражаттарынан басқа негізгі құралдар мен басқа да активтердің,

тауарлардың, өнімдердің кему, сатылу және есептен шығарылуымен байланысты шығындар;

- ұйымның қарызға алған ақша қаражаты (несие, қарыз) үшін төленетін пайыздар;
- несие органдарының қызметіне төленетін төлемдер;
- бухгалтерлік есеп ережелеріне сәйкес құрылатын бағалау және шаруашылық әрекеттің шартты фактілерін танумен байланысты құрылатын резервтерге аударылатын қаражаттар;
- операциялық басқа да шығындар.

Басқадай өткізуден тыс шығындар:

- айып пұл, келісімнің бұзылуынан болған тұрақсыздық айыбы;
- шығындардың орнын толтыру, өткен жылдар шығыны;
- бағамдық айырмашылықтар, қарызды есептен шығару;
- бағаны төмендету және басқа да шығындар; айып пұл өсім айыбы, тұрақсыздық айыбы;
- тегін алынған, сонымен қоса тарту етілген активтер;
- ұйымның шеккен залалы үшін түскен түсім қаражаттар;
- есепті жылда анықталған өткен жылдар табысы;
- уақыты өткен несиелік және дебиторлық қарыздар сомасы;
- бағамдық айырмашылықтар;
- активтерді бағалау сомасы;
- басқа да шығындар.

Басқадай төтенше шығындар. Бұл шығын түріне шаруашылық әрекеттің төтенше (табиғи апат, өрт, авария, ұлттандыру және т.с.с) жағдайларынан болған шығындар жатады.

15. САҚТАНДЫРУ ІСІН АКТУАРЛЫҚ ЕСЕПТЕУ

15.1. Актуарлық есептеулердің мәні мен міндетттері

Актуарлық есептеулердің мәні. Актуарлық есептеулер – бұл тарифтік мөлшерлерді, сақтандыру резервтерінің мөлшерлерін, сондайақ жарналардың резервтерін, ұзақ мерзімді сақтандыру бойынша сақтандыру сыйақыларын есептеудің экономикалық-математикалық әдістерінің жиынтығы болып табылады (10-тарауды қараңыз). Актуарлық есептер үлкен сандар заңын, ықтималдықтар теориясын, жол апаттарының, адам өлімінің, науқастанудың, табиғи апаттардың және басқа да қолайсыз жағдайлардың статистикасын қолдануды қажет етеді.

Актуарий (лат. actuaries сөзінен – есепші, жазушы) – бұл актуарлық есептеулердің теориясын және әдістерін игерген сақтандыру математикасы бойынша маман болып табылады. Мемлекеттің қолданыстағы сақтандыру заңнамасына сәйкес актуарий қызметі лицензиялауға жатады.

Актуарлық калькуляция – бұл актуарлық қорытынды есеп, әдетте кесте түрінде берілген актуарий жұмысының нәтижесі болып табылады. Актуарлық калькуляция, бір жағынан, сақтандыру тарифінің (сақтандыру сыйақысының) мөлшерін және сақтандырушы ұсынатын жалпы қызметтің (өнімнің) өзіндік құнын анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, актуарлық калькуляция арқылы сақтандырушының экономикалық, қаржылық және ұйымдық табыстарының себептерін немесе оның қызметіндегі кемшіліктерді талдауға және анықтауға қолайлы жағдайлар жасалады. Актуарлық калькуляцияда сақтандырушы өзінің қазіргі қаржылық жағдайының шамасы жететін сақтандыру тәуекелінің мөлшері де анықтала алады.

Актуарлық есептеулер барысында келесі жағдайлар ескеріледі:

- Бағалауға алынатын оқиғалардың ықтималды сипаты.
- Сақтандырушының көрсететін қызметтердің өзіндік құны барлық сақтандыру түрлері бойынша жалпылай анықталады.

- Сақтандырушының сақтандыру резервтерінің оңтайлы (оптималды) мөлшерлерін анықтау қажеттілігі.
- Сақтандыру келісімдерін сторнолық түзету (мерзімінен ерте жойылған келісімдерді есептен шығару) жағдайларын болжамдау қажеттілігі.
- Уақыт бойынша банктік пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тенденцияларын зерттеу қажеттілігі.
- Уақыт бойынша және кеңістік бойынша шығындардың (зиянның) мөлшерін және сақтандыру жағдайларының жиілігінің өзгеруін зерттеу.
- Сақтандырушының қаржылық жағдайы мен оның ұсынған сақтандыру мүмкіндіктерінің арасындағы тепе-теңдік принципін қадағалау.
- Белгілі бір сақтандыру түрі бойынша немесе олардың жиынтығының ішінде бір текті тәуекелдер тобы анықталады.

Актуарлық есептеулер түрлерінің жіктелуі

- Сақтандыру салалары және түрлері бойынша:

жеке сақтандыру бойынша есптеулер;

мүліктік сақтандыру бойынша есептеулер;

азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша есептеулер;

кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру бойынша есептеулер;

- Уақыт белгісіне қарай:

есептік есептеулер;

жоспарлық (болжамдық) есептеулер;

- Иерархиялық белгілері бойынша:

республика бойынша есептеулер;

аймақтық есептеулер;

нақты бір сақтандыру ұйымы деңгейінде есептеу.

9.2 Сақтандыру тарифтерінің мәні және құрылымы, сақтандыру сыйақыларын бөлу

Сақтандыру тарифінің мәні. Сақтандыру тарифі (тарифтік мөлшерлеме, сақтандыру сыйақысының мөлшерлемесі) – бұл сақтандыру тәуекелінің «прейскуранттық бағасы» болып табылады. Сақтандыру тарифі арқылы сақтандыру сыйақысы есептеледі.

Сақтандыру тарифі сақтандыру сомасынан 100 бірлігінен тіркеулі ақшалай төлем түрінде (100 теңгеден 1 тиын) немесе сақтандыру сомасынан пайыз (промиль) түрінде анықталады. Практика жүзінде көп жағдайларда екінші көрсеткіш кеңінен қолданылады.

Сақтандыру тарифтері сақтандырушының сақтандыру төлемдеріне жұмсаған, істі жүргізуге жұмсаған шығындарын өтей алатындай және табыстардың шығындардан біршама жоғарыы болуын (сақтандырушының табысын) қамтамасыз ететіндей деңгейде құрылуы тиіс.

Сақтандыру тарифінің құрылымы. Сақтандыру сыйақысын есептеу үшін қолданылатын толық сақтандыру тарифі – брутто-мөлшерлеме деп аталады. Брутто-мөлшерлеме нетто-мөлшерлемеден және салмақтан тұрады.

Нетто-мөлшерлеме сақтандыру төлемдеріне арналған сақтандыру резервтерін қалыптастыру үшін сақтандыру сыйақысының бір бөлігін анықтайды.

Салмақ – бұл сақтандырушының сақтандыру процесін, сақтандыру ісін ұйымдастыруға, ескерту шараларын, жарнамалар жүргізуге жұмсалған шығындарын және сақтандырушының табысын қалыптастыратын басқа да шығындарын жабуға арналған брутто-мөлшерлеменің бір бөлігі болып табылады.

Сақтандыру сыйақысын белгілері бойынша бөлу

Жіктеу белгісі	**Сыйақы**	**Мазмұны**
1	2	3
Жарналардың мөлшеріне қарай	а) қажетті	Сақтандырушыға сақтандыру сомаларын толық төлеуге мүмкіндік беретін сыйақының жеткілікті мөлшері
	б) әділетті	Сақтандыру келісімі бойынша екі жақтың да бірдей міндеттемелерін көрсетеді
	в) бәсекелестік	Сақтандырушыға барынша көп сақтанушыларды (клиенттерді) тартуға мүмкіндік беретін сыйақы
Есептеу әдісіне қарай	а) орташа	Сақтандырудың барлық түрлерінің жиынтығы үшін есептелген орташа арифметикалық шама
	б) дәрежелік	Анықтау кезінде сақтандыру түрлерінің жиынтығына қосылған объектінің теуекел деңгейі есептелетін сыйақы
	в) жеке	Сақтандырудың нақты бір объектісіне арналған сыйақы
Тәуекел деңгейіне қарай	а) натуралдық	Белгілі бір мерзімдегі сақтандыру түрлері бойынша тәуекелдерді жабуға арналған және тәуекелдік жарнаға тең болады
	б) тұрақты	Уақыт факторына қатысты өзгеріссіз қала беретін сыйақы, мысалға, өмірді сақтандыру бойынша айлық жарналар
Төлем формасына қарай	а) бір жолғы	Сақтанушы сақтандырушыға сыйақыны бүкіл сақтандыру мерзіміне келісім жасалған күні бірден төлеп қояды
	б) ағымды	Сыйақының бір бөлігін сақтанушы сақтандырушы алдындағы міндеттемелері есебінен төлеп отырады

	в) жылдық	Бір мезгілде немесе бір жылға салынатын төлем
	г) мерзімі ұзартылған	Келісім бойынша сақтанушының белгілі бір мерзімнен кейін төлеп отыратын сыйақысы
Төлем уақытына қарай	а) аванстық	Келісімде көрсетілген мерзімнен бұрын сыйақыны төлеу
	б) алдынала	Сақтандырушының сақтанушыға төлем уақыты келгеннен бұрын сыйақыны толық немесе бөлшектеп төлеп отыруға берген құқығы
Баланста орналасу деңгейіне қарай	а) ауыспалы	Сыйақының кезекті жылдан кейін келесі жылға ауыстырылған бөлігі
	б) нәтижелік	Жылдық және келесі жылға ауыстырылған сыйақының айырмасы
	в) тиімді	Келесі жылға қалдырылмайтын кезекті жылдағы ауыспалы және нәтижелік сыйақының жалпы сомасы
	г) резервтік немесе пильмерлік	Нақты бір сақтандыру түрі бойынша келісім жасаудың жалпы шығындары және бір жылғы нетто-мөлшерлеме
	д) қайта сақтан дырушылық	Қайта сақтандыру келісімі бойынша сақтандырушының қайта сақтандырушығы беретін сыйақысы

15.2. Сақтандыру тарифтерін есептеу принциптері

Сақтандыру статистикасы. Актуарлық есептеулер барысында сақтандыру статистикасының көрсеткіштері қолданылады. Сақтандыру статистикасы – бұл сақтандыру ісінің қорытынды көрсеткіштерін өңдеу әдістерін қолдану негізінде жалпы және сақтандыруға және операцияларды зерттеу болып

табылады. Сақтандыру статистикасының негізгі көрсеткіштеріне мыналарды жатқызуға болады:

n – сақтандыру объектілерінің саны;

L – сақтандыру жағдайларының саны;

m – сақтандыру жағдайы кезінде зақымданған объектілердің саны;

P – жиналған сақтандыру сыйақыларының сомасы;

B – сақтандыру төлемдерінің сомасы;

C – барлық сақтандыру объектілерінің сақтандыру сомасы;

C_m – сақтандыру түрлері жиынтығының зақымданған объектісіне келетін сақтандыру сомасы.

Актуарлық есептеулер барысында келесі көрсеткіштер есептеледі және талданады:

- сақтандыру жағдайларының жиілігі;
- тәуекел кумуляциясының коэффициенті;
- залалдық (шығындылық) коэффициенті;
- сақтандырудың бір объектісіне келетін орташа сақтандыру сомасы;
- сақтандыру сомасының залалдығы (шығындылығы);
- зақымданған бір объектіге келетін орташа сақтандыру сомасы;
- тәуекел ауыртпалығы;
- залалдық (шығындылық) нормасы;
- зиянның (шығынның) жиілігі;
- зиянның (шығынның) ауыртпалығы.

Сақтандыру жағдайының жиілігі ($Ч_с$) сақтандырудың бір объектісіне келетін сақтандыру жағдайларының санымен сипатталады:

$$Ч_c = \frac{L}{n}$$

Тәуекел кумуляциясының коэффициенті (($К_к$), латынның cumulatio сөзінен – жинақтау, шоғырландыру) зақымданған объектілердің сақтандыру жағдайларының санына қатынасы болып табылады:

$$K_K = \frac{m}{L}$$

Залалдық (шығындылық) коэффициенті ($K_У$, немесе зияндар коэффициенті) сақтандыру төлемдерін зақымданған сақтандыру объектілерінің жалпы сомасына қатынасы болып табылады:

$$K_У = \frac{B}{C_m}$$

Сақтандыру сомасының залалдығы (шығындылығы) (немесе зиянның ықтималдығы, У) жалпы сақтандыру төлемдерінің барлық сақтандыру объектілерінің сақтандыру сомасына қатынасына тең:

$$У = \frac{B}{C}$$

Бір сақтандыру объектісіне келетін орташа сақтандыру сомасы $\left(\overline{C_0}\right)$ барлық сақтандыру объектілерінің жалпы сақтандыру сомасын осы объектілердің қатынасына тең:

$$\overline{C_0} = \frac{c}{n}$$

Бір зақымданған объектіге келетін орташа сақтандыру сомасы $\left(\overline{C}_{no}\right)$ барлық зақымданған объектілердің жалпы сақтандыру сомасы осы объектілердің санына қатынасына тең:

$$\overline{C}_{no} = \frac{C_m}{m}$$

Тәуекел ауыртпалығы ($Т_р$) – бұл зақымданған бір объектіге келетін орташа сақтандыру сомасын бір сақтандыру объектісінің орташа сақтандыру сомасына қатынасы:

$$T_P = \frac{\overline{C}_{no}}{\overline{C}_0} = \frac{C_m}{m} : \frac{c}{n} = \frac{C_m \cdot n}{c \cdot m}$$

Залалдық (шығындылық) нормасы, немесе төлемдер коэффициенті ($Н_У$) сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасын аталған сақтандыру түрі бойынша сақтандыру сыйақыларының сомасына қатынасына тең (пайыз бойынша):

$$H_y = \frac{B}{P} \cdot 100$$

Зиянның (шығынның) жиілігі ($Ч_У$) зақымданған сақтандыру объектілерінің санын осы объектілердің жалпы санына бөлу арқылы анықталады:

$$Ч_y = \frac{m}{n}$$

Сақтандырудың тәуекелді түрлері бойынша (мүлікті, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті, кәсіпкерлік тәуекелдерді, денсаулықты және еңбек қабілетін) қарапайым әдістеме арқылы сақтандыру тарифтерін есептеу үлгісі. Сақтандырудың әрбір түрі немесе біртекті сақтандыру объектілері бойынша нетто-мөлшерлемені есептеу әдістемесі тарифті кезеңдегі, яғни өткен n жылдағы (тәуекелдік үстемақыны ескере отырып), сақтандыру сомасының залалдығының орташа көрсеткішін анықтауға келіп тіреледі. Бұл үшін, ең алдымен, сақтандыру сомасы залалдық (шығындылық) көрсеткіштерінің вариациялық қатары құрылады және оның тұрақтылығы бағаланады, осыған байланысты тәуекелдік үстемақы туралы мәселе шешімін табады. Аталған әдістемені нақты мысал арқылы қарастыралық.

10 кесте

Көлік құралдарын ерікті сақтандыру бойынша 2001-2003 жж. сақтандыру сомасының залалдығын есептеу

Көрсеткіштер	*2001*	*2002*	*2003*
1.Сақтандыру төлемдерінің жиынтығы (млн. теңге)	84	102	200
2.Сақтандыру сомаларының жиынтығы (млн. теңге)	6438	6893	12389
3.Сақтандыру сомасының залалдығы (промилле, ү)	13,7	14,8	16,2

Үш жыл ішіндегі сақтандыру сомасы залалдығының орташа шамасы (шығындылығы) $14{,}9\%\left(\frac{13{,}7+14{,}8+16{,}2}{3}\right)$ тең болады. Жекелеген жылдары (2003 жылы) сақтандыру төлемдеріндегі және сақтандыру сомаларындағы мөлшерлерінің күрт өзгеріп кетуінің әсерін ескермеу үшін бұл көрсеткіш орташа салмақталған шамада емес, орташа арифметикалық шамада есептеледі.

Бұл жағдайда жылдар бойынша сақтандыру сомалары залалдығының вариациясын (ауытқуын) ғана есептеу қызықтырады. Сол себепті, статистика теориясына сәйкес бұл көрсеткішті есептеуде біз сақтандыру сомалары мен төлемдерінен алшақтап кетеміз.

Аталған вариациялық қатардың тұрақтылығын бағалау бізге статистика теориясынан мәлім вариация коэффициенті және медиана арқылы жүзеге асырылады. Орташа квадраттық ауытқудан орташа квадраттық ауытқуға қатынасы ретінде вариация коэффициентін анықтау үшін, жоғарыда келтірілген вариациялық қатардың мәліметтері бойынша орташа квадраттық ауытқудың шамасын есептейміз. Тарифтік есептеулер үшін квадраттық ауытқудың (L) келесі формуласы қолданылады:

$$L=\sqrt{\frac{\sum\left(q-\bar{q}\right)^2}{n}} \qquad (1)$$

мұнда q – аталған жылдағы сақтандыру сомасының залалдығы (шығындылығы); $\overline{q}$ – n жыл ішіндегі сақтандыру сомасының орташа залалдығы; n – вариациялық қатардың мүшелерінің саны (жылдар саны).

Квадраттық ауытқулардың сомасы (квадраттық түбір астындағы өрнектің алымы) есептеу кестесі арқылы анықталады.

Квадраттық ауытқулармен салыстырғанда бағыттық ауытқулардың орташа көрсеткішін (модулін) анықтау оңай болар еді. Алайда, статистика теориясна сәйкес, бағыттық модульдердің айтарлықтай кемшіліктері бар: олар кездейсоқ шамалардың қалыпты бөлінуіне толық сәйкес келе бермейді.

Орташа квадраттық ауытқуларды есептеу

Жылдар	Бағыттық ауытқулар $\left(q-\overline{q}\right)$	Бағыттық ауытқулардың квадраты $\left(q-\overline{q}\right)^2$
2001	-1,2 (13,7-14,9)	1,44
2002	-0,1 (14,8-14,9)	0,01
2003	+1,3 (16,2-14,9)	1,69
Барлығы	0	3,14

$$L = \sqrt{\frac{3.14}{3}} = 1.03$$

Квадраттық ауытқуды (L) анықтаудың қарапайым формуласында орташа квадраттық ауытқулардың сомасы вариациялық қатардың мүшелерінің санына (n) бөлінеді. Біздің жағдайымызда зерттеуге алынған вариациялық қатарда бір текті жиынтықтардың саны біршама аз (3 жыл). Сол себепті сақтандыру сомаларының залалдық белгілерінің кездейсоқ элементтеріндегі айырмашылықтардың толық өзара өтелуін күтудің қажеті жоқ, өйткені аталған белгілердің (сақтандыру сомасы залалдығының) орташа мәнінің заңдылықтардың жалпы

жиынтығына (сақтандыру тарифіне) сәйкес келу ықтималдығы біршама төмендейді.

Мұндай жағдайда сақтандыру практикасында қалыптасқан жалпыға бірдей принципке сүйенген дұрыс: зерттеуге алынған құбылыстың ықтималды бірнеше нәтижелерінің ішінен ең қолайсыз нұсқасы таңдап алынады. Біздің мысалымызда сақтандыру тарифін қажетсіз төмендету жағдайын болдырмас үшін тәуекелдік үстемақыны арттыру жалғыз ғана шешім болып табылады (сақтандыру компаниясының беделі үшін төмендетілген тарифті көтергенге қарағанда аса жоғарыы тарифті төмендеткен дұрысырақ).

Үстемақыны арттыру мақсатында орташа квадраттық ауытқудың (L) мәнін арттыру жеткілікті. Бұл үшін практикада (1) формуладағы n көрсеткішіне вариациялық қатардың 3-4 мүшесі бар кезде n-2 мәні, ал 5 және одан жоғарыы болған кезде n-1 мәні беріледі.

Сонымен, біздің жағдайымызда (2) формула былайша өзгереді:

$$L = \sqrt{\frac{\sum \left(q - \bar{q}\right)^2}{n-2}}, \qquad (2)$$

сонда

$$L = \sqrt{\frac{3.14}{1}} = 1{,}77$$

Біздің вариациялық қатардың тұрақтылығын бағалайық. Егер сақтандыру сомасының залалдығын тізбек бойынша орналастырсақ: 13,7; 14,8; 16,2; онда медиана 14,8 тең болады, яғни тізбектелген қатардың ортаңғы мәні орташа шамаға – 14,9-ға – өте жақын келеді. Бұл жағдайда вариациялық қатар тұрақты деп бағаланады.

Егер залалдық (шығындылық) көрсеткіштерінің вариациялық қатарын тұрақты деп қарастыратын болсақ, онда тәуекелді үстемақы ретінде бір орташа квадраттық ауытқу (L) қолданылады. Алайда, біздің мысалымызда сақтандыру

сомаларының залалдығы (шығындылығының) жылдан жылға өсіп келе жатқаны байқалады (2001 жылмен салыстырғанда, 2003 жылы 18%-ға өскен). Сақтандыру практикасында мұндай тенденция байқалған жағдайда, жоғарыыда аталған «ең қолайсыз нұсқа» принципіне сүйене отырып, тәуекелдік үстемақы ретінде екі еселенген L қолданылады.

Сонымен, біздің мысалымызда нетто-мөлшерлемені (N) мына формула бойынша анықтаймыз:

$$N = q + 2L, \qquad (3)$$

мұндағы $N = 14{,}9 + 2 \cdot 1{,}77 = 18{,}44$ немесе 1,84%.

Брутто-мөлшерлеме (В) мына формуламен анықталады:

$$B = \frac{N}{100 - H(\%)} \cdot 100, \qquad (4)$$

мұндағы Н(%) – брутто-мөлшерлемедегі салмақтың үлесі (заң талаптарына сәйкес немесе сақтандырушының соңғы 2-3 жылдағы нақты үстеме шығындарын есептеу арқылы анықталады).

Егер салмақ брутто-мөлшерлеменің 25% мөлшері ретінде қарастыратын болсақ, онда

$$B = \frac{1{,}84 \cdot 100}{100 - 25} = 2{,}45\%.$$

Төменде келтірілген көрсеткіштер арқылы нетто-мөлшерлемені және брутто-мөлшерлемені есептеу.

Көрсеткіштер	**1-жыл**	**2- жыл**	**3-жыл**	**4- жыл**
1. Жалпы сақтандыру төлемдерінің жиынтығы (млн. теңге)	120	140	330	96
2. Сақтандыру сомаларының жиынтығы (млн. теңге)	8350	9440	9860	10430

Өмірді сақтандыру бойынша тарифтерді құру ерекшеліктері.

Есептеулер демографиялық статистиканы және ықтималдықтар теориясын қолдана отырып орындалады.

Есептеулер барысында ұзақ мерзімді қаржылық есеп тәсілдері (аннуитеттер) қолданылады.

Нетто-мөлшерлеме бірнеше бөліктерден тұрады. Олардың әрқайсысы сақтандыру шарттарында қарастырылған сақтандыру жауапкершіліктерінің жекелеген түрлері бойынша сақтандыру резервін қалыптастыруға арналған.

Сақтандыру тарифі бүкіл сақтандыру мерзіміне бірден төленетін (бір жылға немесе ай сайын) сақтандыру сыйақысын есептеу негізінде анықталуы мүмкін.

Ерікті медициналық сақтандыру бойынша сақтандыру тарифтерін есептеу ерекшеліктері.

Ауру кластары (түрлері) және халық категориясы бойынша әрбір 1000 адамға келетін ауруға ұшыраған адамдардың саны анықталады.

Базалық сақтандыру тарифі аталған ауру класының (түрінің) жалпы аурулардағы үлесіне қарай анықталады.

Есептік базалық сақтандыру тарифтері нақты медициналық бағдарламаға және медициналық қызметтің құнына сәйкес анықталады.

Сақтандырудағы адал бәсекелестіктің қаржылық негізгідері

Қаржылық есеп берудің негізгі формаларын жариялау (баланс, кіріс және шығыс туралы есеп, меншікті капиталдың қозғалысы, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп).

- Сақтандырушының қаржылық жағдайы, оның кадрларының біліктілігі және т.б. туралы ақпараттың объективтілігі.
- Тек қана ғылыми негізделген (актуариймен бекітілген) сақтандыру тарифтерін қолдану.
- Сақтанушыға сақтандырушының тек өзі орындай алатын сақтандыру қызметтері мен міндеттерін ғана ұсыну.

- Сақтанушылардың алдында басқа сақтандырушыларды алалайтын, дискриминациялық ақпараттарды таратпау.
- Сақтандыру заңнамасының принциптері мен талаптарын қатаң сақтау.

15.3. Сақтандыру келісімдерін жасау шарттары

Сақтандыру келісімдерін жасау әдістемелері

Сақтандырудың кезкелген түрі бойынша келісім жасау әдістемесі аталған келісімнің түрлі бөлімдерін сипаттайтын модульдердің стандартты жиынтығы болып табылады. Бұл процестің алгоритмін келесідей кесте түрінде бейнелеуге болады.

Тәуекелдік жағдайлар объектінің қазіргі кезде қандай жағдайда екенін сипаттайды. Тәуекелдік жағдайлар адамның еркіне бағынбайтын объективті (мысалға, табиғи құбылыстар) және субъективті (мысалға, адамдардың байқаусызда немесе қасақана жасаған әрекеттері) болуы мүмкін. Тәуекелдік жағдайларды сақтандырушы объектіні зерттеу немесе халықтан анкеталық сұрау арқылы анықтайды.

Тәуекелді бағалау оны жүзеге асыру ықтималдығын көрсетеді. Сақтандыру оқиғалары – бұл сақтандырушы орнын толтыратын тәуекелдердің тізімі болып табылады.

Сақтандыру объектісін сақтандыру аталған мүліктің нақты құнын анықтау мақсатында жүргізіледі. Объектінің нақты құны оның сақтандырушыда тіркелген құнынан жоғарыы немесе төмен болуы мүмкін. Сақтандыру сомасы дегеніміз - сақтандырушы жауапкершілігінің шегі болып және сақтанушымен келісу арқылы анықталады, алайда ол сақтандыру бағасынан (мүліктің нақты құнынан) жоғарыы болуы мүмкін емес.

Сақтандыру сыйақысы базалық сақтандыру тарифі бойынша есептелген және үстемақылар мен шегерімдер арқылы түзетілген базалық сақтандыру сыйақысына сүйене отырып анықталады. Сонымен бірге, сақтандыру сыйақысын төлеу мерзімі және тәртібі бекітіледі (қолма қол немесе қолма-қолсыз ақшамен, бір жолғы төлеммен немесе мерзімін ұзарту арқылы).

Сақтандырудың мерзімі көп жағдайларда 1 жылға орнатылады. Кейбір жағдайларда сақтанушының қалауы бойынша сақтандыру мерзімі 2-3 жылға немесе 1 жылдан аз мерзімге жасалуы мүмкін. Сақтандыру мерзімі, әдетте, сақтандыру сыйақысын толық немесе келісілген бір бөлігін төлеген күннен бастап өз күшіне енеді. Егер сақтандыру сыйақысының мерзімі ұзартылған бөлігі уақытында төленбесе, онда келісім өз күшін жояды.

Сақтандыру келісімінде шығынның орнын толтыру көлемі көрсетіледі. Шығынның орнын толтыру көлемін анықтаудың екі әдісі қолданылады:

1) барлық тәуекелдерден сақтандыру;

2) жекелеген тәуекелдерден сақтандыру.

«Барлық тәуекелдерден» сақтандыру кезінде заңнамалық норманың тікелей әсер етуі принципі қолданылады, яғни сақтандыру келісімінде арнайы көрсетілген тәуекелдерден басқалардың барлығы бойынша зиянның орны толтырылуы тиіс.

«Нақты бір тәуекелден» сақтандыру кезінде заңнамалық норманың тікелей емес әсер ету принципі қолданылады, яғни мұндай келісім бойынша сақтандыру келісімінде көрсетілген

тәуекелден басқалардың барлығы бойынша зиянның орны толтырылмайды.

Сақтандыру келісімінде сақтандырушылық қамтамасыз етудің нақты жүйесі (көлемі) көрсетіледі. Сақтандырушылық қамтамасыз ету көлемі сақтандырылған мүліктің нақты құнына қатысты тәуекелдің сақтандыру бағасының деңгейін (сақтандыру сомасын) білдіреді және сақтандырылған тәуекелді сақтандырушы мен сақтанушы арасында бөлу пропорциясын білдіреді. Бұл жағдайда сақтандырушылық қамтамасыз етудің үш жүйесінің бірі қолданылады:

1) бірінші тәуекел жүйесі;
2) пропорционалды тәуекел жүйесі;
3) шектеулі қамтамасыз ету жүйесі.

Бірінші тәуекел жүйесі зиянның орнын толық көлемде толтыруды қарастырады, алайда ол сақтандыру сомасынан көп болмауы тиіс. Егер шығынның көлемі сақтандыру сомасынан көп болса, онда артық шығынның орны толтырылмайды. Бұл жерде сақтандыру сомасы шеңберіндегі зиян бірінші тәуекел (сақтандырушы тәуекелі) деп аталады, ал сақтандыру сомасынан артық зиян – екінші тәуекел (сақтанушы тәуекелі) деп аталады.

Мысалға, жүктің жалпы құны 2 млн. теңгені құрайды, ал сақтандыру келісімі 0,8 млн. теңгеге ғана жасалған. Өрт шығуына байланысты келген зиянның мөлшері 1,5 млн. теңге көлемінде анықталған. Бұл жағдайда тек 0,8 млн. теңгелік зиянның (бірінші тәуекелдің) орны толтырылады, ал 0,7 млн. теңгелік шығынның (екінші тәуекелдің) орны толтырылмайды.

Пропорционалды тәуекел жүйесі кезінде сақтанушыға зиянның барлық сомасы емес, тек қана мүліктің сақтандырылған сомасының пайыздық үлесі ғана төленеді.

Мысалға, қандайда бір мүліктің тек 60 % ғана сақтандырылған болса, онда осы мүлікке келген зиянның да тек 60 % ғана төленеді. Айталық, көлік құралының нарықтық құны 500 мың теңге, ал оның сақтандырылған құны тек 75% ғана (375 мың теңге). Сақтандыру жағдайының нәтижесінде көлік құралына 375 мың теңге зиян келді делік. Бұл жағдайда аталған зиянның тек 75% ғана (281 мың теңге) өтеледі, ал қалған 25% (94 мың теңге) сақтанушының тәуекеліне жатады.

Әрине, егер мүліктің толық құны, яғни 100% сақтандырылған болса, онда бүкіл тәуекел сақтандырушының мойнына жүктеледі.

Айта кету керек, пропорционалды тәуекел жүйесі тек мүліктік сақтандыруда ғана қолданыла алады, өйткені жеке сақтандыруда адамның өмірінің және денсаулығының құны болмайды.

Шектеулі қамтамасыз ету жүйесі кезінде алдынала белгіленген және қол жеткізген табыстардың айырмасы ретінде анықталатын зиянның орны толтырылады. Әдетте, бұл жүйе табыстарды сақтандыру кезінде қолданылады. Егер сақтандыру жағдайына байланысты сақтанушының табысы бекітілген шектеуден төмен болса, онда осы шектеу мен нақты табыс айырмасының орны толтырылатын болады.

Мысалға, ауылшаруашылық науқанын міндетті сақтандыру бойынша қандайда бір дақылдың бір гектарынан алынатын өнімді өсіруге кеткен шығындардың құны шекті сома болып есептеледі. Егер осы жылы табиғи апаттарға байланысты бір гектардан алынатын өнімнің құны шекті сомадан төмен болатын болса, онда осы шекті соманың және ағымды жылдың тиісті мөлшері арасындағы айырмасының орны толтырылады.

Сонымен қатар, шектеулі қамтамасыз ету жүйесі зиянның орнын тіркеулі сомада өтеуді де қарастыруы мүмкін. Мысалға, көлік құралы иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру кезінде жол апаты нәтижесінде зақымданушы қайтыс болса, сақтандыру төлемі айлық есептік көрсеткіштерге тең болады.

Сақтандыру келісімінің жасалғаны туралы дәлелдік құжат ретінде *сақтандыру полисі* қарастырылады. Сақтандыру полисін сақтанушыға сақтандырушы береді және оның формасын құзіретті орган бекітеді.

Сақтандыру полисі сақтандыру келісімінің жасалғаны туралы шешуші дәлел көзі болып табылады, сол себепті келесідей бірқатар реквизиттерді қамтуы тиіс: құжаттың атауы; сақтандырушының атауы, заңды мекенжайы және банктік реквизиттері, сақтанушының аты-жөні, мекенжайы; сақтандыру объектісінің атауы; сақтандыру жағдайларының тізімі;

сақтандыру сомасының, сақтандыру тарифі және төлемінің мөлшерлері; сақтандыру төлемінің тәртібі; келісімнің әрекет ету мерзімі, оны өзгерту немесе тоқтату тәртібі.

Сақтандыру полистерінің жеке және стандартты түрлері болады. Стандартты сақтандыру полисі жаппай сипаттағы бір тектес тәуекелдердің кең шеңбері бойынша жасалады. Жеке сақтандыру полистері жеке адамдардың мүдделерді, әдетте кәсіби қызметпен байланысты мүдделерді, көрсетеді. Барлық сақтандыру полистерінде спецификалық сақтандыру мүдделерін және сонымен байланысты әрекеттермен байланысты әрекеттерді қанағаттандыратын ерекше шарттар қарастырылуы мүмкін. Келісімнің ерекше шарттарын сақтандыру полисіне енгізу әдетте сақтандыру сыйақысына үстемеақылар қосумен жалғасады. Сақтандыру сыйақылары абсолюттік немесе қатысты (пайыздық) шамалармен есептеледі.

Келісімде сақтанушы мен сақтандырушының келісімі бойынша франшиза көрсетілуі мүмкін. Франшиза, бір сөзбен айтқанда, – бұл зиянның сақтандырумен өтелмейтін бөлігі. Шартты және шартсыз (сөзсіз) франшизалардың нұсқалары кездесуі мүмкін. Сөзсіз франшизаның мөлшері әрдайым зиянның мөлшерінен шегеріліп отырады. Шартты франшиза кезінде егер де зиянның мөлшері келісімде көрсетілген франшизадан асып кетсе, зиянның орны толығымен толтырылады. Нәтижесінде көптеген шағын төлемдерді үнемдеу арқылы сақтандырушының шығындары қысқарады және сақтанушылардың мүдделеріне де нұқсан келмейді, өйткені айтарлықтай зиянның орны толтырылады.

15.4. Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемін анықтаудың жалпы әдістемесі

Сақтандыру төлемін анықтау әдістемесі сақтандырушының кезек-кезек әрекеттерінің алгоритмі болып табылады (суретті қараңыз).

Сақтандыру жағдайы – бұл орын алған сақтандыру оқиғасы (жүзеге асқан тәуекел).



Сақтандыру жағдайы туралы арызды (өтінішті) сақтанушы келісімде көрсетілген мерзім ішінде сақтандырушыға ұсынады. Арызды алғаннан кейін сақтандырушы (немесе оның тапсырысы бойынша авариялық-комиссарлық фирманың маманы – авариялық комиссар) оқиға орнын және зақымдалған объектілерді зерттеу жұмыстарын ұйымдастырады. Зерттеу жұмыстары кезінде міндетті түрде сақтанушының өкілетті тұлғасы, қажет кезінде тәуелсіз сарапшы қатысады. Зерттеудің мақсаты – сақтандыру жағдайының растығын дәлелдеу және сақтандыру объектісінің зақымдану деңгейін анықтау болып табылады. Егер сақтандыру жағдайының растығы (шынайылығы) дәлелденсе, сақтандырушы сақтандыру актін (авариялық комиссар – авариялық сертификатты) толтырады, зиянның мөлшерін және сақтандыру төлемінің сомасын есептейді.

Зиянды есептеу кезінде жанама шығындар (мысалға, сауданың тоқтап қалуымен, келісімдік міндеттемелерді орындамаумен байланысты шығындар), тіпті олар сақтандыру жағдайының нәтижесі болып табылса да, ескерілмейді. Аталған шығындар кәсіпкерлік тәуекелді сақтандырудың арнайы келісімі бойынша өтелуі мүмкін.

Зиянның жалпы формуласы келесідей:

$$\boldsymbol{У = П\ (немесе\ В) - И + С - Т,}$$

мұндағы У – зиянның (шығынның) сомасы; П – сақтандыру бағалауы бойынша мүліктің құны (егер мүлік толық жойылған болса); В – зақымданған мүлікті қалпына келтіру құны; И –

мүліктің тозу құны; С – мүлікті сараптамалық тексеру, құтқару және қалпына келтіру бойынша шығындар; Т – мүліктің пайдалануға жарамды қалдықтарының құны (ағаштар, кірпіштер, темір-терсектер, т.с.с.).

Аталған формула зиянның әр түрлі нұсқалары кезінде өзгеруі мүмкін. Мысалға, сақтандыру мақсатында қандай-да бір мүлік оның тозу құнынсыз бағаланатын болса, онда формуладан «И» белгісі алынып тасталады.

Егер зақымданған мүлік арзандайтын болса, яғни оның құны төмендесе, онда зиянның формуласы келесідей түрге ауысады:

$$\boldsymbol{У = П_1 – П_2 + С,}$$

бұл жерде:

$П_1$ – арзандатылғанға дейінгі мүліктің бағасы;

$П_2$ – арзандатылғаннан кейінгі мүліктің бағасы.

Құрылыстар мен ғимараттардың зақымдануы кезінде жөндеу шығындарының сметасы (сметалық-қаржылық есептеулер) жасалады. Смета сақтандыру жағдайы кезінде немесе келісім жасалған күні әрекет етіп тұрған нормалардың, бағалардың негізінде құрылады. Сметаны құру шығындары да зиянның мөлшеріне қосылады.

Өндірістік машиналардың, көлік құралдарының, ұшу аппараттарының, кемелердің зақымдануы кезінде зиянның мөлшері мүлікті жөндейтін кәсіпорындардың шоттарына (сметаларына) сүйене отырып анықталады.

Зақымдалған ауылшаруашылық өнімдері, материалдар, өндірістік шикізаттар, тұтыну тауарлары және кейбір басқа мүліктер сақтандырушының және сақтанушының өкілеттерінен құралған комиссиямен, сондай-ақ тәуелсіз сарапшымен бағаланады.

Егер де жоғарыда аталған мүліктердің бір бөлігі толығымен, ешқандай қалдықсыз жойылса, онда зиянның мөлшері былайша анықталады:

$$\boldsymbol{У = П – П_1 – П_2 – Т + С,}$$

мұндағы П – сақтандыру жағдайы мезетіндегі осы мүліктің бағасы; $П_1$ – осы түрдегі қалған бүлінбеген мүліктің бағасы; $П_2$ – осы бүлінген мүліктің арзандатылғаннан кейінгі бағасы; Т – қалдықтардың қолдануға жарамдылық бағасы; С – мүлікті тәртіпке келтіру және құтқару сарабы бойынша шығыны.

Сақтандыру жағдайы кезіндегі мүліктің құны бухгалтерлік есеп және есеп беру мәліметтері, қабылдау-өткізу актілерінің және басқа да құжаттардың мәліметтері негізінде анықталады.

Сақтандыру төлемінің сомасы келісіммен қарастырылғандай, бірінші тәуекел, пропорционалды жауапкершілік немесе шектеулі жауапкершілік принципі бойынша анықталады (осы тараудың 3 сұрағын қараңыз).

Егер сақтандыру жағдайы кезінде сақтанушы мүмкіндік бола тұра сақтандырылған мүлікті құтқаруға немесе немесе зақымдануын тоқтатуға шаралар қолданбаған болса, онда сақтандырушы осыған байланысты қосымша шығындарды өтемеуге құқығы бар.

Сақтандыру өтемақысын төлеген кінәлі тұлғадан осы өтемақы шеңберіндегі соманы кері талап ету құқығы беріледі.

Кінәлі тұлғадан сақтандыру өтемақысының толық сомасын алған сақтанушы сақтандыру өтемақысын (сақтандыру төлемін) алу құқығынан айырылады. Егер сақтанушы кінәлі тұлғадан келген зиянның бір бөлігі мөлшерінде өтемақы алған болса, онда сақтандырушыдан алатын өтемақының (сақтандыру төлемінің) мөлшері де осы сомаға шегерілетін болады.

Сақтанушының қасақана пиғылының, мүлікті қолдану ережелерін бұзу немесе мүлікті қолдану процесінде міндетті түрде болатын құбылыстардың нәтижесінде (мүліктің ескіруі, шіруі, басқа да табиғи ерекшеліктері, мысалға, шашылып қалу, құрғап кету және т.с.с.), сондай-ақ мүлікті қолдан өңдеу нәтижесінде (мысалға, отқа қақтау, күйдіру, еріту, қолдан жылыту және т.с.с.) келген зиянның орнын сақтандырушы толтырмауға құқығы бар.

Сонымен қатар, сақтандырушы ҚР Азаматтық кодексінің 839 - бабында қарастырылған ережелерге сәйкес сақтандыру өтемақысының бір бөлігінен немесе толықтай бас тартуға құқығы бар.

16. САҚТАНДЫРУ МЕНЕДЖМЕНТІН БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ

16.1. Сақтандыру менеджментінің мәні

Сақтандыру менеджменті өзінің тарихында зерттейтін мәселелерінің көлемін барынша кеңейтті. Егер ол жаңадан пайда болған кезде негізінен жаңа сақтандырушылар мен компаниялар құрудағы қаржылық сұрақтарды қарастырған болса, кейін келе банкроттық және қаржылық инвестицияларды басқару мәселелерін де қамти бастады. Ал қазіргі кезде ол кәсіпорын сақтандыру ісін басқарудың барлық бағыттарын қарастырады. Соңғы жылдары дербес білім салаларына қатысты, яғни қыржылық талдау, инвестициялық менеджмент, тәуекел менеджменті, банкроттық қауіптілігі жағдайында кәсіпорынды дағдарысқа қарсы басқаруда сақтандыру менеджментінің бірқатар проблемалары етек ала бастады.

Сақтандыру менеджмент тәжірибесі нарықтық экономикаға өту жағдайында көптеген объективті экономикалық қиыншылықтармен бетпе-бет келе отырып, нормативті сақтандыру базаның кемелденбеуінен, экономикалық дағдарыс шарттарында мамандар дайындығының жеткіліксіз деңгейде болуы себебінен әлі де тек құрылу, қалыптасу сатысында ғана.

Сақтандыру менеджментін ұйымдастырудың негізгі қағидалары. Сақтандыру менеджменті өз алдына кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржыландыру ресурстарын қалыптастыру, бөлу және пайдалану, сонымен қатар олардың ақша құралдарының айналымымен байланысты басқару шешімдерін жетілдіру және тарату әдістері мен қағидаларының біртұтас жүйесін білдіреді.

Кәсіпорынның сақтандыру іскерлігін тиімді басқаруды бірқатар қағидалар қамтамасыз етеді. Олардың ішіндегі негізгілері келесілер:

1. Сақтандырушы ұйымдарды басқарудың жалпы жүйесімен интеграциялануы (бірігуі). Сақтандырушы қызметінің қандай сферасында болмасын қабылданған басқару шешімі тікелей немесе жанама түрде ақша ағымының

қалыптасуына және сақтандыру қызметінің нәтижесіне әсер етеді.

2. Басқару шешімдерінің қалыптасуының кешенді сипаты. Бұл қағида бірінші қағидамен сабақтас. Мысалы: жоғарыы табысты сақтандыру инвестицияларын құру өндірістік іскерлікті сақтандыруландыруда тапшылық тудыруы және соның салдары ретінде өндірістік табыс көлемін, яғни меншікті сақтандыру ресурстарын қалыптастыру әлеуетін төмендетуі мүмкін. Сондықтан да сақтандыру менеджменті әрқайсысы кәсіпорынның қаржыландыру іскерлігінің жалпы нәтижелілігіне өз үлесін қосатын, бір-біріне тәуелді басқару шешімдерінің зерттемесін қамтамасыз ететін кешенді басқару жүйесі ретінде қарастырылуы тиіс.

3. Сақтандырушы мекемені басқарудың жоғарыы серпінділігі. Әрқашанда алдыңғы кезеңде құрастырылған және таратылған сақтандыру ресурстарын қалыптастыру, пайдалану және ақша айналымын оптимизациялау саласында құралған тиімді басқару шешімдері әрқашанда кәсіпорын қызметінің келесі сатыларында қайта қолданыла бермеуі мүмкін. Бұл сақтандыру ісінің ішкі, әсіресе сыртқы факторларының өзгеруімен байланысты.

4. Сақтандыруды жеке басқару шешімдерін өңдеуге көпнұсқалық әдістеме. Әрбір басқару шешімдеріне сақтандыру ресурстарын қалыптастыру және қолдану аумағында қаржыны дайындау және ақша айналымы оптимизациясы әрқашанда әрекеттің баламалы мүмкіндігін ескеруі керек.

5. Сақтандырушы кәсіпорынның даму мақсаттарын стратегиялық бағдарлау. Ағымдағы мерзімде сақтандыру қызметі аясында басқару шешімдерінің жобалары қандай да бір тиімді болмасын, егер олар кәсіпорынның негізгі мақсатымен, яғни кәсіпорынның алдағы кезеңдегі дамуының стратегиялық бағыттарымен қарсы келіп, ішкі қаржыландыру көздері есебінде меншікті сақтандыру ресурстарының үлкен көлемінің қалыптасуы экономикалық базасын бұзып, қарама-қайшылыққа түссе ондай жобалардың қабылданбауы қажет.

16.2. Сақтандыру менеджментінің мақсаттары мен міндеттері

Сақтандыру менеджментінің негізгі мақсаты – бұл ағымдағы және болашақ кезеңде кәсіпорынның меншік иелерінің әл-ауқатын максимальдауды қамтамасыз ету. Кәсіпорынның нарықтық құнын максимальдауды қамтамасыз етуде олар иелерінің түпкі сақтандыру мен қаржыландыру мүдделерін жүзеге асырады.

Аталған мінездеме "ең негізгі мақсат – бұл пайданы молайту" деген жалпыға таралған оймен қарама-қайшылыққа түседі. Кәсіпорынның нарықтық құны әрқашанда пайда жоғарылаған сайын міндетті түрде өсе бермейді. Егер, мысалы, алынған жоғарыы пайда ағымдағы тұтыну мақсатына жұмсалып, нәтижесінде кәсіпорын өзінің дамуына қажет меншікті сақтандыру ресурстардың негізінен қалыптасу көзінен айрылып қалса, ал дамыған кәсіпорын өзінің бәсекелестік қабілетін жоғалтады, бұл оның нарықтық құнының немесе нарықтағы акция құнының төмендеуіне әкеледі. Бұған қоса сақтандыру тәуекелдің жоғарыы деңгейінде және алдағы кезеңдегі банкроттылық қаупі жағдайында кәсіпорын жоғарыы пайдаға жете алады, алайда бұл да кәсіпорынның нарықтық құнының төмендеуіне негізделеді. Сондықтан нарық шарттарында пайданы молайту сақтандыру менеджменттің басты, бірақ негізгі емес міндеттерінің бірі болып табылады.

Сақтандыру менеджменті өзінің негізгі мақсатын тарату үдерісінде келесідей міндеттерді шешуге бағытталған:

1. Алдағы кезеңде кәсіпорын дамуына қатысты міндеттерге сәйкес сақтандыру ресурстар көлемінің жеткілікті қалыптасуын қамтамасыз ету. Бұл мақсат кәсіпорынның алдағы кезеңдегі қаржыландыру ресурстарындағы жалпы қажеттіліктерін анықтау жолымен тартылған меншікті сақтандыру ресурстарын сыртқы құралу көздер есебінен барынша көбейту, меншікті қаржыландыру көздерін қалыптастырудың ішкі құралу көздер есебінен мақсаттылығын анықтау, қарыз сақтандыру құралдарын тартуды басқару, сақтандыру капиталының құралу

көздері құралымын оптимизациялау сияқты істерді жүзеге асырады.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі бағытындағы сақтандыру ресурсының қалыптасқан көлемін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Қаржыландыру ресурстарының қалыптасқан көлемін бөлшектеуді оптимизациялау – бұл кәсіпорын өндірістік және әлеуметтік даму мақсатына жұмсалуының қажетті пропорционалды түрде тағайындалуын, кәсіпорынның мүлік иелеріне инвестицияланған капиталға қажетті табыс деңгейінің төлемін және тағы басқаларды қалыптастырады. Қаржыландыру ресурстарының қалыптасқан көлемін тиімді пайдалану процесі кезінде кәсіпорын дамуының стратегиялық мақсаты мен салынған қаражаттар қайтарылымының мүмкін болатын деңгейін ескеру қажет.

3. Ақша айналымын оптимизациялау. Бұл тапсырма кәсіпорын ақша қаражаттарының айналым шеңбері процесіндегі ақша ағынын тиісті басқару арқылы, әр жеке кезеңдердегі ақша қаражаттарының түсімі мен жұмсалу көлемін синхронды қамтамасыз ету арқылы, олардың айналым активтерінің қажетті өтімділігін қолдау арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, бос ақша қаражаттар қалдығы инфляциядан қорғану үшін ең аз көлемде болуы қажет.

4. Сақтандыру тәуекелдің қарастырылып отырған деңгейінде кәсіпорын табысының максимальдығын қамтамасыз ету. Бұл тапсырма кәсіпорын активтерін тиімді басқару олардың құрамы мен көлемін оптимизациялау арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты кәсіпорын экономикалық даму мақсаттарына жету үшін баланстық пайданы емес, ал өз иелігіндегі, салықтық , амортизациялық және дивиденттік тиімді саясат жүргізуді талап ететін таза пайданы максимальдау қажет.

5. Пайданың қарастырылып отырған деңгейінде сақтандыру тәуекелділік деңгейін минималдауды қамтамасыз ету. Бұл тапсырма жеке операцияларға, сонымен бірге сақтандыру қызметіне толықтай тән сақтандыру тәуекелділігін тиімді басқару жолымен жүзеге асады. Бұл басқару үдерісі сақтандыру тәуекелдің жеке түрлерін, олардың профилактикасы

мен минималдылығы, ішкі және сыртқы сақтандырудың тиімді формасын бағалауды қарастырады.

6. Кәсіпорынның даму үдерісіндегі тұрақты қаржыландыру теңсіздігін қамтамасыз ету. Мұндай теңсіздік кәсіпорын дамуының барлық сатыларындағы төлем қабілеттілігі мен қаржыландыру тұрақтылығының жоғарыы деңгейімен көрсетіледі және де капитал мен активтерінің оптималды құрылымының қалыптасуымен, әртүрлі қаржыландыру көздері есебінде қалыптасқан сақтандыру ресурстар көлемінің тиімді пропорциясымен, инвестициялық қажеттіліктерді сақтандыруландырудың жеткілікті деңгейімен қамтамасыз етіледі.

Сақтандыру менеджементінің қарастырылған барлық тапсырмалары бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан да сақтандыру менеджменті процесінде жеке тапсырмалар мақсатқа жету үшін өзара оптимизацияланады.

Аталғандар есебінде сақтандыру менеджментінің тапсырмалар жүйесін келесідей жалпы оптимизациялау тапсырмалары түрінде әлдеқайда сыйымды қалыптастыруға болады: яғни кәсіпорын дамуының әр сатысында жетістікке жету, басқару шешімдерін қабылдау үдерісінде тәуекел және пайда деңгейлерінің қатынасын оптимизациялау мен кәсіпорынның жеткілікті қаржыландыру тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы оның нарықтық құнын молайтуға болады.

Сақтандыру менеджментті басқарудың объектілері мен субъектілері

Сақтандыру менеджменттің басқару жүйесі басқа басқару жүйелері сияқты басқарудың анықталған объектісінің болуын қарастырады. Басқарудың мұндай объектісіне кәсіпорынның сақтандырушы және оның сақтандыру әрекеттері кіреді. Сақтандыру менеджментті жүзеге асыру ерекшелігінің бағытынан кәсіпорында жеке белгілері бойынша жіктеу қажеттілігі туады. Оның белгілері:

1. Меншік формасы бойынша. Кәсіпорын мемлекеттік меншік формасы. Оның ерекшеліктеріне келесілер жатады: жарғылық капиталының құрамына негізгі құралдардың

жоғарыы үлесі мен құрал-жабдықтардың ескірген сақтандыру ресурстарын жаңадан қалыптастыруда мемлекеттік қолдауға иек арту.

Кәсіпорын мемлекеттік емес меншік формасы. Жоғарыы дәрежеде өтпелі экономика шарттарында шаруашылық әрекеттерге негізделген, бірақ оларды мемлекеттік сақтандыру қолдау ісжүзінде нөлге жақын.

2. Қызметтің ұйымдастырушылық - құқықтық формасы бойынша.

Жеке сақтандырушы кәсіпорын. Бұл шетел тәжірибесінде бұқаралық болып табылғанмен біздің елімізде әлі кеңінен таралған жоқ. Сақтандыру қызмет көлемі бойынша минималды және ол негізінен операциялық процестерге қызмет көрсетумен байланысты болады.

Серіктестік кәсіпорын (бірлесіп сақтандыру). Бұл жауапкершілігі шектеулі қоғам формасы ретінде елімізде кеңінен таралған. Жеке кәсіпорынмен салыстырғанда бұлар сақтандыру қызметтің бөлшектеңген формасымен және сақтандыру басқарудың өзінділігімен ерекшеленеді.

Корпоративтік кәсіпорын. Акционерлік қоғамның ашық және жабық формасы бойынша құрылады (кейде шетел капиталының қатысуымен). Ерекшелігі, сыртқы көздерден қаржыландыру ресурстарын қалыптастыруда кең мүмкіндіктің болуы болып табылады.

3. Салалық белгілері бойынша. Саланың әсер ететін классификаторына сәйкес бөлінеді. Сақтандыру әрекет саланың ерекшелігіне байланысты көрсетіледі.

4. Меншік капиталының мөлшері бойынша. Аз, орташа, үлкен, ірі болып бөлінеді. Жіктеменің сандық критерийлері әр түрлі факторлар серпінді өзгеріске тез ұшырағыш және құралу көзден екіншісіне беріліп отырады.

5. Нарықтағы монополиялық жағдайы бойынша:

табиғи монополистер;

өз нарық сегментінде өнімдерді тарату үлесі бойынша монополистер;

бәсекелесуші кәсіпорын.

Сақтандыру менеджменттің негізгі ерекшелігі монополды баға белгілеу механизмін қолдану негізіндегі шығындар есебінен меншікті қаржыландыру ресурстарын қалыптастырудың әлеуетті мүмкіндігінде құрылады**.**

6. Кәсіпорынның өмірлік цикл стадиясы бойынша (туылуы, балалық шағы, жастық шағы, ерте ержету, қартаю). Ерекшелігі – инвестициялық қажеттіліктің әр түрлі деңгейінде және қарыз капиталын тарту мүмкіндігінде, сонымен қатар сақтандыру тәуекелдері деңгейінде құрылады.

16.3. сақтандыру менеджментінің атқаратын қызметтері

Сақтандыру менеджменті өзінің басты мақсаттары мен негізгі міндеттерін анықталған функциялар арқылы жүзеге асырды. Бұл функциялар сақтандыру менеджментінің кешенді мазмұнымен белгіленген негізгі 2 топқа бөлінеді.

1. Сақтандыру менеджментінің функциялары басқару жүйесі ретінде. Бұл функциялардың құрамы оның ерекшелігін ескере отырып, менеджменттің кез-келген түріне қатысты сипаттама.

2. Сақтандыру менеджментінің функциялары кәсіпорынды басқарудың арнайы нысаны ретінде. Бұл функцияның құрамы сақтандыру менеджментінің нақты объектісімен анықталады.

Сақтандыру менеджментінің негізгі функцияларының мазмұнын жеке топтарға бөліп қараймыз.

Сақтандыру менеджментінің басқару жүйесі ретіндегі функциясы тобына негізгі болып келесілер кіреді:

1. Кәсіпорынның сақтандыру стратегиясын жасау. Осы функцияны жүзеге асыру барысында мақсат жүйелері және ұзақ мерзімді кезеңге сақтандыру қызметтің мақсаттылық көрсеткіштері қалыптасады. Кәсіпорынның қаржыландыру стратегиясы оның экономикалық дамуында жалпы стратегияның негізгі ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады.

2. Кәсіпорын сақтандыру қызметінің барлық тұрғылары бойынша басқару шешімдерін жүзеге асырумен және қабылдаумен қамтамасыз ететін ұйымдық құрылымның құрылуы. Бұл функцияны жүзеге асыру барысында сақтандыру

қызметтерге бағытталған кәсіпорынның функционалды ауыспалы шарттарына осы ұйымдық құрылымның тұрақты бейімделуін қамтамасыз етуі қажет. Сонымен қатар, бұл құрылымдар, кәсіпорынды басқарудың жалпы ұйымдық құрылымында интегнациялануы қажет.

3. Басқару шешімдерінің баламалы нұсқасының негізделуін қамтамасыз ететін тиімді ақпаратты жүйелерін қалыптастыру. Бұл функцияны жүзеге асыру барысында сақтандыру менеджментінің көлемі және мазмұны анықталады; осы қажеттіліктерді қанағаттандыратын ақпараттың ішкі және сыртқы құралу көздері қалыптасады. Кәсіпорынның сақтандыру жағдайы және сақтандыру нарықтың коньюктурасы ұйымдастырылады.

4. Кәсіпорынның қаржыландыру қызметінің әртүрлі тұрғыдан талдауының жүзеге асуы. Бұл функцияны жүзеге асыру барысында жеке сақтандыру операциялардың жедел және тереңдетілген талдауы; кәсіпорынның жеке бөлімшелерінің сақтандыру қызметінің нәтижелері; кәсіпорынның бүтін және бөлшектелген жеке бағыттары бойынша сақтандыру қызметтің жинақталған нәтижелеріне талдау жүргізіледі.

5. Кәсіпорынның негізгі бағыттары бойынша сақтандыру қызметін жоспарлауды жүзеге асыру тарату функциясымен – стратегиялық жоспар зерттемесі, сонымен қатар Сақтандыру қызметтің негізгі бағыттары бойынша ағымдағы жоспар және оперативті бюджет жүйесі, кәсіпорынның әр түрлі құрылымдағы бөлімшелері мен бүтіндей кәсіпорын бойынша жетілдіру бір-бірімен тығыз байланысты.

6. Сақтандыру қызметтің басқару шешімдерін қабылдауда нақтылы ынталандыру жүйесін жасау. Бұл функцияны атқару кезінде басшылар, құрылымдық бөлімше т. б. бойынша мадақтау мен жауапкершілігін белгілеу қарастырылады.

7. Сақтандыру қызмет нысанында қабылданған басқару шешімдерін іске асыру үшін тиімді бақылауды жүзеге асыру. Бұл функцияны жүзеге асыру кәсіпорында ішкі бақылау жүйесінің құрылуымен, жеке қызмет және Сақтандыру менеджерлерінің бақылау міндеттері бойынша бөлінуі, бақыланатын көрсеткіштер мен белгілі мерзім жүйесінің

анықталуымен, жүзеге асырылған бақылау нәтижелеріне оперативті әсер етумен байланысты.

Сақтандыру менеджмент функциясының кәсіпорын басқарудың арнайы нысаны ретіндегі негізгілер болып келесілер табылады:

1. Активтерді басқару. Басқарудың бұл функциясы активтердің жеке түрлеріне қажеттіліктің пайда болуы және олардың бүтіндей сомаларының анықталуы, актив құрамын оптимизациялау, айналымдағы активтердің жеке түрлері өтімділігінің қамтамасыздандырылуы және олардың айналым циклының формасы мен көздерін құру.

2. Капиталды басқару. Бұл функцияны жүзеге асыру барысында кәсіпорын активтері қалыптасатын капиталды Сақтандыруландыруға арналған жалпы қажеттілік анықталады; капитал құрылымын жетілдіру; өтімді активтердің түрлеріне сай капиталды қайта сақтандыруландыру бойынша шаралар жүйесі жетілдіріледі.

3. Инвестицияларды басқару. Оның функциялары келесілер: кәсіпорын инвестициялық қызметінің маңызды бағытының қалыптасуы; жобалардың инвестициялық тартымдылық бағасы және өте тиімді сұрыптау, шынайы инвестициялық бағдарламалар мен инвестициялық портфельдің қалыптасуы.

4. Ақша ағымын басқару функциялары келесілер: кіргізілген және шығарылған ақша ағындарының қалыптасуы; уақытша бос ақша активтерінің қалдықтарын тиімді пайдалану.

5. Сақтандыру тәуекелдерді басқару. Бұл функцияны жүзеге асыру барысында Сақтандыру тәуекелдерінің негізгі құрамдары, мүмкін болатын қаржыландыруды жоғалту көлемі мен олардың деңгейінің бағасы пайда болады, профилактикалық шаралар жүйесі және жеке сақтандыру тәуекелдердің минимизациясы, сонымен қатар оларды сақтандыру жүйелері қалыптасады, банкроттық қауіптілік деңгейі болжанады.

Осы функциялардың әрқайсысы сақтандыру басқарудың объектісі және сақтандыру қызметінің негізгі формалары ретінде кәсіпорын ерекшелігі мен олардың мақсатын бағыттайды.

VIII-БӨЛІМ
САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ

17. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАУЫ

17.1. Сақтандырудың экономикалық интеграциялануының теориясы

Басты интеграциялық теориялар негіздеріне байланысты экономикалық интеграция - еркін бәсекелестік негізінде жұмыс істейтін бірнеше елдер масштабында бірыңғай экономикалық кеңістік құрумен сипатталады.

Сақтандыру нарығы халықаралық қаржы жүйесінің негізгі құраушыларының бірі болып табылады және оның интеграциялық тенденцияларымен байланысты болады. Ұлттық сақтандыру нарығының интеграциялануы келесі талаптармен байланысты жүзеге асырылады:

1) Ұлттық сақтандыру нарықтарының қызмет істеуі туралы әртүрлі елдердің келісілген саясатын жүргізуі;

2) Реттеуші құзырлы органдардың және үкіметтік емес ұйымдардың тығыз кооперациясы;

3) Бірлескен тапсырмаларды шешу және ортақ мақсаттарға жету үшін мемлекетаралық ұйымдар құру;

4) Шетелдік сақтандыру компаниялары үшін ұлттық сақтандыру нарықтарын құру.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе халықаралық сақтандыру нарығының интеграциясына келесідей анықтама беруге болады. Халықаралық сақтандыру нарығының интеграциясы - сақтандыру компанияларының, сақтандырушылардың, қатысушы әр елдің экономикалық мүделері үшін екі немесе одан көп елдер кеңістігінде ортақ сақтандыру нарығын құруда объективті үдеріс ретінде сипатталады.

Ғылыми жұмыс барысында сақтандыру нарықтарының интеграциясы көп деңгейлі болып табылатындығы, асқан интеграциялық формалы әртүрлі экономикалық субъектілердің

және ерекше реттеуші институттардың болуымен сипатталатындығы анықталды. Бұл элементтерді талдау барысында сақтандыру нарықтарының интеграциясының моделін ұсынуға болады. Сақтандыру нарықтарының интеграция моделі 3 деңгейде жүзеге асырылды: ұлттық, халықаралық, жаһандық [27, 49 б].

1) Ұлттық деңгей

Бұл деңгей ұлттық сақтандыру нарықтарының қатысушыларының интеграциялық қарым қатынасымен сипатталады. Бұл қарым қатынасты талдау өте маңызды болып саналады, себебі ол ұлттық нарықтардың одан жоғары деңгейлерге интеграциялануына себепші болады.

Сақтандырудың Ұлттық деңгей негізінен мемлекеттің сақтандыруға деген сақтандырушылардың қаежттілігін қанағаттандырумен ерекшеленеді және сол ел аумағында тұратын потенциалды сақтандырушыларды тарту мақсатында шараларды жүзеге асырады.

Халықаралық нарыққа интеграциялану үшін бәсекелестікке қабілетті ұлтық сақтандыру нарығы болуы керек. Бәсекелестіктің деңгейін анықтаушы факторладың бірі болып сақтандыру нарығының қатысушыларының тиімді қарым қатынасы саналады.

Ұлттық деңгейдегі интеграциялық қарым қатынастың суъектілеріне келесілер жатады:

— Сақтандыру компаниялары;

— Делдалдар (брокерлер мен агенттер);

— Аралас салалар (сақтандыру компаниясына қызмет көрсететін экономиалық субъектілер: банк секторы, валюталық нарық, бағалы қағаздар нарығы);

— Мемлекеттік басқару органдары. Олар сонымен қатар сақтандыру саласына бақылау және қадағалау жүргізетін институт болып табалады.

Интеграциялық қарым қатынастар оның субъектілеріне бірлескен операциялардан синергетикалы тиімділікке қол жеткізу, жұмыстың жаңа технологиясын және тәсілдерін ойластыру және жүзеге асыру, әлеуметтік-экономикалық ортаның тұрақтылығын қамтамасыз ету сияқты әртүрлі

әлеуметтік және экономикалық тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді [28, 33-45б].

2. Халықаралық деңгей

Сақтандыру компанияларының интернационалдануы және траснационаналдануы сақтандыру нарықтарының халықаралық деңгейдегі интеграциялануының негізгі формасы болып табылады.

Бұл деңгейде сақтандыру компанияларының ұлттық деңгейдегі интеграциясы транснационалдану деңгейіне өтеді. Мұнда сақтандыру компаниялары өздерінің филиалдары мен бөлімшелерін шетелдерде ашады, халықаралық келісімдерге сәйкес аймақтық сақтандыру нарықтары құрылады. Бұл келісім шетелдік сақтандыру компанияларының ұлттық нарыққа еніп, қатысушы елдерің белгілі қағидаларын ұстануды палап етеде. Бұл деңгейдегі негізгі субъектілерге келесілер жатады:

— Трансұлттық сақтандыру компаниялары;
— Сақтандыру топтары;
— Аймақтық сақтандыру топтары;
— Мемлекет аралық ұйымдар.

Негізгі реттеуші органдар болып аймақтық сақтандыру сақтандыру нарықтарының қызметін белгілейтін мемлекетаралық органдар табылады.

Европада сақтандыру нарығының интеграциясын реттеуші мемлекетаралық институт ретінде сақтандыру саласында жалпы европалық талаптарды қабылдайтын Европалық комиссия саналады.

3. Жаһандық деңгей

Сақтандыру нарығының интеграциясының жаһандық деңгейі қазіргі кездегі әлемдік сақтандыру нарығының даму деңгейіне тән. Сақтандыру нарығының интеграциясының дамуының жаңа фазасы, яғни олардың жаһандануы, бірыңғай сақтандыру кеңістігін құрумен ерекшелінеді.



5-сурет. Сақтандыру нарықтарының интеграция моделі
Дерек көзі: Голышева Е. Ю. Транснационализация деятельности страховых компаний в свете глобализации экономики // Проблемы современной экономики. – 2011 - №4. [28]

Бұл деңгейдегі сақтандыру нарығының интеграциясының негізгі субъектілеріне қаржылық конгломераттар мен интеграцияланған мегареттеушілер жатады. Қаржылық конгломераттар бір бақылаудың астына бір немесе көптеген

елдердің сақтандыру, несиелік, инвестициялық ұйымдарын біріктіреді және қаржы саласының сегментациясын біртіндеп жоятын реформалар нәтижесі болып табылады. Бірыңғай реттеуші консолидирленген негізде конгломераттарды бақылауды жеңіледетеді. Реттеушілердің халықаралық бірлестігі қаржылық конгломераттардың қызметін пруденциалдық бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді [29, 26 б].

1-кесте

Әртүрлі деңгейлерде сақтандыру нарықтарының интеграциялық үдерісінің сипаттамасы

Деңгейлер/ Сипаттама	**Ұлттық**	**Халықаралық**	**Жаһандық**
Мақсаты	Бәсеге қабілетті Ұллтық сақтандыру нарығын құру	Аймақытқ сақтандыру нарықтарын құру және Трансұлттық сақтандыру компанияларының халықаралық қатысуын кеңейту	Бірыңғай халықарарлық сақтандыру нарығын құру
Субъектілер	Сақтандыру компаниялары, аралас салалар, делдалдар, мемлекет.	ТҰСҚ, сақтандыру топтары, аймақтық сақтандыру нарықтары, мемлекет аралық реттеу органдары.	Қаржылық конгломерат-тар, мегарет-теушілер.
Интеграция формасы	Ұлттық сақтандыру нарығының қатысушыларының интеграциялық қарым қатынасы.	Сақтандыру қызметінің интернационалдануы және транс националдануы.	Сақтандыру қызметінің жаһандануы.
Реттеуші институт	Мемлекет	Мемлекетаралық ұйымдар	Интеграциялан-ған мегарет-теушілер
Дерек көзі: Голышева Е. Ю. Транснационализация деятельности страховых компаний в свете глобализации экономики // Проблемы современной экономики. – 2011 - №4. [28]			

Сақтандыру нарықтарының халықаралық интеграциясын анықтайтын факторлар.

Ғылыми жұмыста сақтандыру нарықтарының халықаралық интеграциясын анықтайтын негізгі факторлар анықталды. Оларға келесілер жатады:

— Ұлттық сақтандыру нарығының мөлшерінен асатын сақтық қамтамасыз етуді талап ететін сақтандыру тәуекелдерінің санының және көлемінің артуы;

— Әртүрлі мемлекеттердің кеңестік қызмет атқаруы шегінде бірыңғай экономикалық кеңістік құруға негіз болатын мемлекеттердің халықаралық экономикалық, өндірістік-технологиялық, қаржылық интеграцияларының дамуы;

— Дамушы елдердің дамыған елдердің сақтандыру қарым қатынасындағы сақтандыру технологияларын тікелей пайдалануы есебінен және ірі халықаралық сақтандырушылардың әртүрлі елдердің ұлттық сақтандыру нарықтарына өздерінің бөлімшелерін енгізу есебінен сақтандыру шарттарының унификациялануы. Басқа мемлекеттерде орналасқан құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне бірыңғай сақтандыру стандарттарын енгізетін сақтандыру топтарының қызметі сақтандыру бизнесінің екінші түрін унификациялауда маңызы зор болып табылады;

— Сақтық қамтамасыз етуді талап ететін халықаралық кеңестер шегінде халықаралық технологиялық және қаржылық жобаларды жүзеге асыру;

— Әлеуметтік-экономикалық мобильділік және халықтардың еркін миграциясының өсуі;

— Жаһандық әлемдік комуникациялық және ақпараттық жүйелерін қалыптастыру. Жаңа ақпараттық технологиялар бүкіл әлемдік сақтандыру бизнесін кеңейтуге негіз болады және уақытпен кеңістік бойынша шектеулерді жояды;

— Ерекше салықтық реттеу және бизнесті ұйымдастыру шарттары бар жеке даму аймақтарын құру;

— Қаржылық есептілікітің унификациялану деңгейінің жоғарауы. Халықаралық инвестициялық ағымдар және трансұлттық сақтандыру компанияларының қызметі көптеген мемлекеттерде біркелкі қаржылық есептілігін талап етеді. Оның мақсаты - әртүрлі мемлекеттерде қызметін жүзеге асыратын компаниялардың бухгалтерлік баланстар көрсеткіштерін

көптеген халықтарға, қадағалаушы ұйымдарға, инвесторларға және сақтандыру қызметін қолданушыларға түсінікті болатындай біріктіру болып табылады [29, 30 б].

Сақтандыру компанияларының халықаралық интеграциясы нәтижесінің әлеуметтік-экономикалық әсері.

Диссертацияда сақтандыру компанияларының халықаралық интеграциясы нәтижесінің әртүрлі экономикалық субъектілерге: сақтандыру компанияларына, сақтандырушыларға және мемлекетке тигізетін негізгі әлеуметтік-экономикалық әсері талданды.

Ұлттық сақтандыру нарықтарының тиімді интеграциясы нәтижесінде сақтандыру компаниялары тең бәсекелестік жағдайында қызмет атқаруға мүмкіндік алады. Бұл бірыңғай лицензия негізінде сақтандыру нарықтарының интеграциясы келісіміне сәйкес сақтандыру компаниясы кез-келген қатысушы-елде өзінің қызметін жүзеге асыруға мүмкіндігі бар екендігін білдіреді. Қатысушы-елдер арасында трансшекаралық сақтандыру операциясын жүзеге асыру барысындағы сақтық қадағалауды және кедергілерді төмендетудің заңдық базасына негізделген сақтандыру қызметін еркін ұйымдастыру және көрсету режимі белгіленеді.

Шетелде өз қызметін жаңадан бастаған сақтандыру компанияларының жеңілдетілген процедуралары сақтандыру компаниясының қызметі барысында пайда болатын шығындардың төмендетуіне алып келеді.

Сақтандырушылар үшін сақтандыру нарықтарының халықаралық интеграцияның негізі әсері, сақтандыру тауарларын ұсынудың кеңеюі және нарықта шетелдік сақтандыру компанияларының пайда болуымен байланысты сақтандыру тарифтерінің өсуінің тоқтауы және бәсекелстіктің интенсифтілігі болып табылады. Сонымен қатар, еркін қымет көрсету режимі сақтандыру компаниярына сақтандырушылармен, шетел мемлекетінің резидентімен еркін қарым қатынаста болуға мүмкіндік береді. Жеке тұлғалар үшін бұл жағдай тұрғылықты орынды ауыстырған кезде немесе халықаралық туризм туралы сөз болған кезде маңызды болып

табылады. Ал заңды тұлғалар үшін халықаралық экономикалық қызметті жүзеге асырғанда маңызды болып табылады.

Мемлекет өз тарапынан, мемлекеттер арасындағы ұйымдастырушылық кедергілерді жоюға және капитал айналымына (шетел инвестицияларының ағымы, жаңа салық төлеушілердің пайда болуы) алып келетін сақтандыру нарығының интеграциялануы, яғни көптеген мемлекеттер арасында ортақ сақтандыру нарығын құрудан экономикалық пайда табады. Жалпы сақтандыру нарығының дамуының бағытталған халықаралық саясаты сақтандыру қызметін жүзеге асыру кезінде реттеуші нормаларын горманизациялауға және ережелерді унификациялауға алып келеді [29, 27 б].

Сақтандыру нарығының интернационалдану деңгейін арнайы көрсеткіштер негізінде есептеуге болады. Ғылыми жұмыста сақтандырудың интернационалдандыру индексін (СИИ) есептеу беріледі. Ол келесі формуламен есептеледі:

*Сақтандырудың интернационалдандыру индексі = (Сыртқы нарықта алынған сақтандыру сыйақылары / жалпы сыйақы мөлшері) * 100%* (1)

Сақтандыру нарығының мәліметтеріне сәйкес сақтандырудың интернационалдандыру индексі төмендегідей болады.

2-кесте

2008-2013 жж сақтандырудың интернационалдану деңгейі

мың.теңге

Жыл	Сыртқы нарықта алынған сақтандыру сыйақылары	Жалпы сыйақы мөлшері	Сақтандырудың интернационалдану индексі
01.03.2008	1621642	36487050	4,44%
01.03.2009	3557126	133487611	2,67%
01.03.2010	8650475	113289659	7,63%
01.03.2011	1945756	31959697	6,08%
01.03.2012	488750	36758526	1,32%
01.03.2013	664879	48110534	1,38%
Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылды [30].			

Кестеде көрсетілген мәліметтер бойынша Қазақстандағы сақтандырудың интернационалдану деңгейі 2011 жылмен салыстырғанда 2012 жылы шамамен 4%-ға төмендеді.

Қазақстанда сақтандырудың интернационалдану индексі 2012 және 2013 жылдары шамамен бірдей көлемде болды. Яғни 2012 жылы отандық нарықтағы жалпы сыйақы мөлшері 2012 жылдың 1 наурызында 36758526 мың. тенгені құраса, ал 2013 жылдың 1 наурызында 48110534 мың. тенгені құрады. Сәйкесінше сыртқы нарықта алынған сыйақы мөлшері 2012 жылдың 1 наурызында 488750 мың. тенге болса, 2013 жылдың 1 наурызында 664879 мың.тенгені құрады.



6-сурет. 2008-2013 жж сақтандырудың интернационалдану деңгейі

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің мәліметтері негізінде автормен құрастырылды [30].

Сақтандыру интернационалдандыру индексі сақтандыру компанияларының жалпы айналымы ішінде шетелде тапқан табыс мөлшерін көрсетеді. Сақтандыру ұйымдарының жынтығында есептелген бұл көрсеткіш сақтандыру нарығының

жалпы интернационалдандыру деңгейін көрсетеді. Бұл көрсеткіштің жоғары деңгейі халықаралық сақтандыру компанияларының қатысуын көрсетеді.

Мысалы, Европалық сақтандыру компанияларының алғашқы ондығының сақтандыру интернационализация индексі 61,7%-ға тең. Бұл европалық сақтандыру нарығының жоғары интернационализация деңгейін көрсетеді.

Сақтандыру интеграциясын сипаттай отырып, сақтандыру интернационалдандыру индексінен басқа кері үдерісті де есепке алу қажет.

3-кесте

Европалық сақтандыру компанияларының сақтандыру интернационализация индексі, 2012 жыл

Сақтандыру компаниясы	Тіркелген мемлекет	Жалпы жинаған сыйақы мөлшері, млн.евро	Сыртқы нарықта алынған сыйақы мөлшері, млн.евро	Сақтандыру интернационализация индексі %, (5/4)
1	2	3	4	5
Allianz	Германия	93 296	62 933	67,5
AXA	Франция	86 655	64 631	74,6
Generali	Италия	70 530	50 602	71,7
Zurich	Швейцария	47 107	44 517	94,5
Aviva	Англия	38 934	27 346	70,2
CNP	Франция	32 586	6 297	19,3
ING	Голландия	30 145	22 645	75,1
Credit Agricole	Франция	24 581	4 471	18,2
Prudential	Англия	22 782	15 581	68,4
Жалпы		467 539	311 158	61,8

Дерек көзі: Голышева Е. Ю. Мировой рынок страхования в процессе глобализации экономики // Вестник саратовского государственного социально-экономического университета – 2011 - № 1 (40) [29].

Ол ұлттық нарықтағы шетел сақтандыру компанияларының қатысу деңгейі. Ол үшін ғылыми жұмыста ұлттық сақтандыру нарығында шетелдік компаниялардың қатысу индексі енгізілді.

Ол ұлттық нарықты шетелдік бәсекелтікке ұлттық сақтандыру нарығының ашық болуымен сипатталады. Қатысу индексі келесі формуламен есептеледі:

Қатысу индексі = Сақтандыру компанияларының отандық нарықтағы сыйақысы / жалпы отандық сыйақы мөлшері (2)

Қатысу индексі Францияның сақтандыру нарығындағы мөлшері 2011 жылы 22% құрады. Францияның жалпы ішкі сақтандыру сыйақыларының мөлшері 200 млрд. евро болса, 44 млрд. евро шетелдік сақтандыру компанияларының үлесіне келді.

Мемлекеттің сақтандыру нарығының интеграциялану деңгейі соңғы кезде Кедендік Одаққа және бірыңғай экономикалық кеңістікке байланысты болып келеді. Себебі 2012 жылдың 4 маусымындағы мемлекетаралық сақтандырушылар бірлестігі – Сақтандыру ұйымдарының Евразиялық конгрессі құрылды. Бұл ұйымның құрылуына үш елдің Кеден одағын құру себеп болды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Бірыңғай сақтандыру нарығын құру туралы келісімшартқа қол қойды. Оның жүзеге асырылуы 2019 жылға жоспарланып отыр. Ал 2020 жылы қол қойылған келісімдерге байланысты Ресей БСҰ-ң мүшелеріне өз сақтандыру нарығын ашу қажет. Сондай-ақ Қазақстан да БСҰ-ға мүше болғаннан кейін жеті жыл көлемінде сақтандыру нарығын ашу туралы келісім бар.

Алайда қазіргі кезде Мемлекеттің да Ресейдің сақтандыру нарықтары БСҰ-ң шеңберіндегі интеграцияға дайын емес. Сол себепті алғашқы ішкі интеграция болып Қазақстан Белорусия және Ресейдің біріккен интеграциясы жүзеге асырылуы қажет. Сонымен қатар, Кедендік одақ мүшелерінің саны да Армения, Молдова, Украина сияқты елдермен көбеюі мүмкін [31].

Сонымен қатар мамандардың пікірі бойынша БСҰ-ң мүшелерінің сақтандыру нарықтарымен бәсекеге түсу үшін Кедендік одақ мүше елдерінің бірыңғай сақтандыру нарығын құру бағдарламасын шұғыл мерзімде, яғни 2015 жылы жүзеге асыру қажет. Сол себепті ұлттық заңнамаларды үйлестіру,

сақтандыру компаниялардың капитал мөлшерлемесін ыңғайландыру, реттеу шараларының тиімділігін арттыру үшін үлкен еңбек керек.

Интеграциялық модельді құру барысында аймақтық нарықтардың интеграциялық үдерістерін ұйымдастыру тәжірибелері қарастырылады. Соның ішінде Европалық одақ тәжірибесі қарастырылады. Сонымен бірыңғай сақтандыру нарығын құрудың негізгі мақсаты - әртүрлі қаржылық тәуекелдермен қауіптерге төтеп бере алатын тиімді, тұрақты және сенімді халықаралық сақтандыру нарығын құру болып табылады.

Қазақстан Республикасының сақтандыру бизнесінің тұрақты дамуы үшін халықаралық сақтандыру қызметіне кезең бойынша интеграциялану маңызды орын алады. Алайда жаңадан құрылып келе жатқан отандық сақтандыру нарығы үшін интеграциялық процесстер біршама қиын және қарама қайшылығы көп процесс болып табылады. Бір жағынан ұлттық сақтандыру шеңберін кеңейту мүмкіншілігі және сақтандыру қызметтерінің жаңа түрлерін игеру мүмкіндігі туындайды. Әсіресе трансұлттық өндірістік және коммерциялық қызметтерді жүзеге асырушы корпоративтік клиенттерге қызмет көрсету мүмкіншілігі болса. Екінші жағынан интергациялық процесстер отандық нарықта мәселелер тудыруы мүкін. Себебі ішкі сақтандыру нарығында шетелдік бәсекелестер тарапынан отандық сақтандыру компанияларын шектету қаупі пайда болады.Сол себепті халықаралық сақтандыру жүйесіне кіру үшін интеграциялық процесстерді басқаруды ұйымдастырудың салмақтанған тәсілін құрастыру қажет.

Отандық сақтандыру нарығының тұрақты дамуы үшін халықаралық сақтандыру жүйесіне кіру үшін айқын анықталған кезеңдері бар эволюциялық тәсілді пайдалану қажет. Эволюциялық процессті қолданудың мәні интергациялық процесстің деңгейіне әсер етуші экономикалық, қаржылық, әлеуметтік және басқа да факторлардың бар болуымен сипатталады. Бірінішіден трансұлттық компаниялардың және басқа ірі масштабты ұйымдық құрылымдардың коммерциялық және өндірістік қызметі барысында пайда болуы мүмкін

тәуекелдерін сақтандыру үшін отандық сақтандыру компаниялары қажетті мөлшерде капитализацияланбаған. Екіншіден сақтандырушыларды көптеген жағдайда «редукциялық» модель шеңберінде міндетті сақтандыру түрлері бойынша қызмет көрсететін отандық сақтандыру компаниялары еркін сақтандыру қызметі түрлері бойынша клиенттерді тарту үшін қажетті мөлшерде тәжірибесінің аз болуы. Үшіншіден интеграциялық процесстер тең құқылы сақтандыру қызметін жүзеге асыруда либерализация шартымен байланысты. Бұл отандық сақтандыру нарығында сақтандырудың қарапайым түрлерін жүзеге асыратын отандық және шетелдік компаниялар арасында қатаң бәсекелстік жағдайды тудырады. Сонымен қатар жағандық масштабта және ірі аймақтарда өндірістік және коммерциялық қызметін атқаратын ірі корпорациялық клиенттерге сапалы қызмет көрсету үшін отандық сақтандыру компаниялары арасында бәсекелестік деңгейін көтеру және БСҰ-ң талаптарына сәйкес келетін халықаралық стандарттарды енгізу қажет. Соның ішінде қызмет көрсету жөніндегі генералды келісімінің ұйымдық құқықтық нормаларын. Отандық сақтандыру компаняиларының бәсекелестік деңгейін көтеру және сақтандыру қызметінің сапасын арттыру мен қатар отандық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту қажет. Сонымен қатар инфрақұрылым кең құрамда сипатталуы керек. Яғни қазақстандық сақтандырушылардың трансұлттық сақтандырушылармен және халықаралық сақтандыру компаниялармен қарым қатынасын қамтамасыз ететін байланыстың болуы. Халықаралық сақтандыру нарығына сәтті интеграциялану әлемдік нарық саласында теориялық білімі мен халықаралық сақтандыру қоғам шеңберінде кәсіби біліктілігі бар жоғары мамандаған кадрларды даярлау және қайтав даярлау бойынша білім беру инфрақұрылымын құрумен байланысты.

Мемлекеттік сақтандыру нарығының экспантеграциясының ұйымдық-экономикалық кешенін құру механизмі.

Мемлекеттің сақтандыру бизнесінің экспантеграциясының кешенді ұйымдық-экономикалық механизмі:

— Ірі халықаралық жобаларды сақтандыру үшін қазақстандық сақтандырушылардың консолидация механизмі

— Халықаралық сақтандыру нарығында отандық сақтандыру компанияларының әлсіздігін төмендету.

— Мемлекеттің сақтандыру компанияларының алыс және жақын шетелдерге шығу тәуекелін қайта сақтандыру

— Мемлекеттің сақтандыру нарығы бизнесінің сақтандыру қызметінің халықаралық маркетингі

— Жаһандық сақтандыру нарығына қызмет көрсететін халықаралық инфрақұрылымға интеграциялану механизмдері

— ТМД елдерінің сақтандыру нарығына отандық сақтандыру компанияларының экспанциясын мемлекеттік қолдау.

— БСҰ-да қазақстандық сақтандыру компанияларының мүдделерін мемлекет тарапынан қолдау.

Халықаралық деңгейдегі транспорттық байланыстарды салу тек қана жүк тасымалын арттырып қоймай, сонымен қатар жолаушылардың соның ішінде сапар шегетін туристердің санының арту мүмкіншілігі бар. Сол арқылы Ұлы жібек жолы бойынша сапар шегуші туристердің санының артуы отандық сақтандыру компаниялар үшін дәстүрлі сақтандыру түрлері мен қатар жекеген сапар шегуші топтардың талаптарына сәйкес келетін сақтандыру қызметін көрсету мүмкіншілігі бар. Бұл салада шетелдік компаниялармен жұмыс жасайтын ТМД сақтандыру компанияларының тәжірибесін қарастыруға болады. И.Т Балабанов және А.И Балабановтың Ресейлік сақтандыру компанияларының тәжірибесін айтып өтеді. Яғни Ресейлік «Ингосстрах» сақтандыру компаниясы 40-тан астам алдыңғы қатарлы ұлттық сақтандыру компанияларын және 500-ден астам трансұлттық компаниялардың басын біріктіретін халықаралық жүйеге кірді. Бұл жүйеге кіру «Ингострах» сақтандыру компаниясына 100-ден астам елде өзінің сақтандыру полистерін сатуға мүмкіншілік алды. Бұл көрсетілген мысал халықаралық сақтандыру жүйелеріне интеграциялану сақтандыру қызметін жаһандық, халықаралық масштабта сақтандыру қызметін жүзеге асыруға мүмкіншілік береді [32, 69-72 бб].

Мысалы біздің еліміздің сақтандыру жүйесіне еліміздің интеграциялық процесстерге араласуы біршама өзгерістер алып келді деуге болады. Себебі интеграциялық процесстермен

елімізідің экспорттық-импорттық қызметінің артқанын көрсетті. Соның ішінде Қазақстан территориясы аумағынан жүзеге асырылатын транзиттік тасымалдаулар көлемі жыл сайын 9-11% көлемінде артуымен сипатталады. Қазіргі кезде Орта Азия аумағы мен Европалық магистральдардың үйлесу процессі орын алуда. Транспорттық көпір арқылы Мемлекеттің алатын табыс мөлшері артуы көзделіп отыр. Сондықтан Қазақстандық сақтандыру компанияларына көлік құралдарын сақтандырумен байланысты қарапайым түрлерімен қатар тасымалданатын мүліктік жүктерді кешенді сақтандырумен байланысты үлкен мүмкіндік туып отыр.

Қазақстан Республикасында болып жатқан нарықтық қатынастар тек экономикалық дамытуды, соның ішінде сақтандыру қызметінің көлеміне де зор ықпал етеді. Осы себепті жалпы экономикалық жағдайдың жоғары болуы мемлекетіміздің сақтандыру жүйесіне байланысты дұрыс бағдар ұстануы керек. Қазақстан Республикасының сақтандыру бизнесінің тұрақты дамуы үшін халықаралық сақтандыру қызметіне кезең бойынша интерграциялану маңызды орын алады.

17.2. Сақтандырудың экономикалық интеграциялануы

Сақтандыру жүйесі отандық қаржы жүйесінің құрамдас бөлімі болып саналады. Отандық қаржылық қызмет көрсетудің басқа салаларымен салыстырғанда, сақтандыру нарығында жиналған сақтандыру сыйақылар көлемін есепке алмағанда, соңғы негізгі көрсеткіштердің тұрақты өсуі байқалды. Орта Азия мемлекеттерінде сақтандыру сыйақыларының өсуі 2010 жылы қалпына келді. Оның негізінде 2012 жылдың соңында сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері абсолюттік мәнде дағдарысқа дейінгі кезеңдегі көрсеткіштерден жоғары болды.

Мысалы Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің қаржы нарығын және ұйымдарын реттеу және қадағалау комитетінің мәліметтері бойынша 2012 жылы сақтандыру ұйымдарының саны 38-ден 35-ке азайды. 2013 жылдың басына сәйкес өмірді сақтандыру бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын

лицензиялардың саны 7 сақтандыру ұйымында бар, автокөлік иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша лицензия 26 сақтандыру ұйымында бар. Сонымен қатар сақтандыру нарығында 13 сақтандыру брокері және 82 актуарий сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асырады.

Еліміздің 2013 жылындағы көрсеткіші бойынша сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдарының жалпы активтер көлемі 442,6 млрд. тенгені құрап, 2011 жылмен салыстырғанда 14,2%-ға артты. Жиынтық меншікті капитал 3,7%- артып, 239,7 млрд. тенгені құрады. Қабылдаған міндеттемелерді қамтамасыз ету үшін құрылған сақтандыру резервтерінің соммасы 36,2%-ға артып, 174,1 млрд. тенгені құрады. Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақыларының көлемі 0,5%-ға артып, 65,2 млрд. тенгені құрады. Осы сомадан резидент еместерге 48,2 млрд.тенге аударылды. Резидент емес қайта сақтандыру ұйымдарына аударылған сақтандыру сыйақыларының көлемі сәйкесінше өткен жылмен салыстырғанда 28,8%-дан 22,8%-ға төмендеді.

4-кесте

2008-2013 жж қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақыларының құрылымы

Сақтандыру сыйақылары	2007 жыл	2008 жыл	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	Өсімі %-бен (2011-2013)	Өсімі %-бен (2012-2013)
	млн. тенге	млн. тенге	млн. тенге	млн. тенге	млн. тенге	млн. тенге		
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Барлығы қайта сақтандыруға берілген: оның ішінде:	61 681,2	60 375,0	55 880,4	59 856,2	64 822,5	65 161,7	8,14	0,5
Резидент еместерге	49 355,2	51 875,7	48 668,4	53 058,0	50 619,8	48 211,8	-10,05	-4,8
Резидент-терге	12 326,0	8 499,3	7 212,0	6 798,2	14 202,7	16 949,9	59,8	19,3
Барлығы резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған	3 035,0	8 797,3	11 101,9	6 845,9	8 153,9	10 182,1	32,7	24,9

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің есептілігі [33].
Ескерті: *Тікелей сақтандыру шарттарына пайызбен есептегенде

Қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру қайта сақтандыру ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйақыларының жалпы сомасы 25630,1 млн.тенге болды. Бұл ретте Қазақстан Республикасының резиденттері еместерден сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйақыларының сомасы 10182,1 млн.тенге болды.



7-сурет. Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйақыларының құрылымы, %

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің есептілігі [33].

Тікелей сақтандыру шарттары бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының көлемі өткен жылмен салыстырғанда 20,5%-ға артып, 211,5 млрд.тенгені құрады.

Сақтандыру сыйақыларының түсімінде міндетті сақтандыру бойынша көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру түрі 57,3%-ға ие болса, Қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру 35,9%-ды құрады. 2013 жылғы көрсеткіштері 2012 жылмен салыстырғанда 28,3%-ға өсті. Ерікті жеке сақтандыруда сыйақыларының түсімі бойынша аннуитеттік сақтандыру 43,9%-ды қамтиды, ал өмірді

сақтандыру 17,6%-ды көрсетті. 2013 жылдың 1 қаңтарында ерікті жеке сақтандыру саласы 2012 жылдың 1 қаңтарымен салыстығанда 52,3%-ға өсіп, 85 155,0 млн.тенгені құрады.

6-кесте

Сақтандыру сыйақыларының динамикасы млрд.тенге

Атауы	2011 маусым	2011 тамыз	2011 қараша	2012 ақпан	2012 тамыз	2012 қараша	2013 қаңтар
Міндетті сақтандыру	0,9	10,1	15,3	11,2	7,6	11,7	15,9
Ерікті мүлікті сақтандыру	23,6	21,3	12,6	19,1	22,7	14,3	19,9
Ерікті жеке сақтандыру	13,3	11,3	12,2	15,6	20,6	22,5	20,0
Ескерту: [33], [34], [35] ақпарат көздері негізінде автормен құрастырылды.							



8-сурет. Сақтандыру сыйақыларының динамикасы (млрд.тенге)

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің есептілігі [33].

2013 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтерге сәйкес сыйақылардың түсімі бойынша ерікті мүліктік сақтандыру 36,7%-ды қамтыды. Алайда 2013 жылдың 1 қаңтарында автомабиль, әуе және су көлігі иелеренің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша сыйақыларының түсімі 2012 жылмен салыстырғанда 16,2 %-ға төмендеді [34].

7-кесте

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйақыларының түсімі млн.теңге

Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйақыларының түсімі	2007	2008	2009	2010	2011	2012	Өсімі %-бен 2012-2013
[illegible]	147 343	133 487	113 289,7	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]
[illegible] сақтандыру	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]	[illegible]
Жалпы сақтандыру	142 6800	127 705	103 958,4	103 958,4	145 049,9	159 075,3	9,7
Ескерту: [33], [34], [35] ақпарат көздері негізінде автормен құрастырылды.							

«Өмірді сақтандыру» саласы. 2012 жылғы жағдай бойынша «өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының көлемі 52 437,8 млн.теңге болды, бұл өткен жылдың ұқсас күніне қарағанда 72,0 %-ға көп. «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының жиынтық сыйақыларындағы үлесі есепті күні 2011 жылғы 17,4%-ға қарсы 24,8% болды [35].



9-сурет. 2012 жылы «Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйақыларының түсімінің құрылымы

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің есептілігі [33].

Өмірді сақтандыру саласы бойынша сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйақыларының мөлшері 15 020 728 мың.тенгені құрады. Оның ішінде резиденттерден жиналған сыйақылардың көлемі 14 906 009 мың.тенге болды. Қайта сақтандыруға өткізілген сақтандыру сыйақыларының мөлшері 1 257 248 мың.теңгені құрады.

Жалпы сақтандыру саласына ерікті нысанындағы: жазатайым оқиғадан және сырқаттан сақтандыру; медициналық сақтандыру; көлік құралдарын (автомобиль, темір жол, әуе, су көліктерін) сақтандыру; жүктерді сақтандыру; мүлікті сақтандыру; кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру; көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру; шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру; залал (зиян) келтіргені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру жатады.

«Жалпы сақтандыру» саласы. 2012 жылғы 12 ай ішінде «жалпы сақтандыру» саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйақыларының көлемі 159 075,3 млн.теңге болды. Бұл 2011 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 9,7%-ға көп.

8-кесте

2012 жылы «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйақыларының түсімі

Сақтандыру салалары	Сыйлықақы түсімі, %-бен
Сақтандырудың басқа да сыныптары	23,6
Мүлікті сақтандыру	22,2
Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	6,9
Ауырған жағдайдан сақтандыру	9,8
Қызметкер еңбек міндетін атқару кезінде оны жазатайым жағдайдан сақтандыру	11,0
Көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру	17,6
Басқа да қаржы шығындарынан сақтандыру	8,9
Ескерту: [33] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылды.	

Жалпы сақтандыру саласына мүлікті сақтандыру, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру, ауырған жағдайдан сақтандыру, қызметкер еңбек міндетін атқару кезінде оны жазатайым жағдайдан сақтандыру, көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру, басқа да қаржылық шығындарынан сақтандыру сияқты сақтандыру түрлері жатады.



10-сурет. 2012 жылы «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйақыларының түсімінің құрылымы

Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің есептілігі [33].

Жалпы сақтандыру құрылымында мүліктік сақтандыру 22,2%-ды құрасы, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру 6,9% болды. Сонымен қатар жалпы сақтандыру саласында үлкен үлеске көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ие болып, 17,6%-ды қамтыды [33].

Соңғы жылдары сақтандыру нарығының кеңеюі сақтандыру төлемдерінің артуымен қатар жүріп отыр. 2013 жылы сақтандыру төлемдері 1,6 есе өсіп, 68,1 млрд.тенгені құрады. Жалпы сомма ішінде ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдеріне келіп, 40 млрд.тенгені құрады. Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдері 39,6%-ға өсіп, 11,9 млрд. тенгені құрады. Міндетті сақтандыру бойынша 37,8%-ға өсіп, 16,2млрд.тенгені құрады. Жалпы сақтандыру нарығы бойынша кему коэффиценті 32,2%-ды құраса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 18%-ды құрады. Сонымен қатар кему коэффиценті дамыған елдердің сақтандыру нарықтарымен салыстырғанда төмен болып саналады. Дамыған елдердің сақтандыру нарықтарының кему коэффиценті 60-80% көлемінде.

2013 жылдың 1 қаңтарында міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 16168,7 млн.тенгені құрады. Бұл 2012 жылдың 1 қаңтарындағы сақтандыру төлемдерімен салыстырғанда 37,8%-ға артты. Міндетті сақтандыру саласының ішінде сақтандыру төлемдері төленген басым сала болып қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғаларадан сақтандыру саласы табылады. Ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 39991,7 млн.тенгені құрады. Бұл өткен 2012 жылмен салыстырғанда 74,7%-ға көп.

10-кесте

Қазақстан Республикасының сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

Активтер	01.01.08 Млн.тенге	01.01.09 Млн.тенге	01.01.10 Млн.тенге	01.01.11 Млн.тенге	01.01.12 Млн.тенге	01.01.13 Млн.тенге	Өсімі %-бен 2012-2013
Ақша	7 359,0	5 436,1	10 517,9	27 431,4	24 357,9	11 923,2	-51,1
Орналастырылған салымдар	63 747,1	79 149,2	75 986,5	70 699,7	92 002,0	105 220,6	14,4
Бағалы қағаздар	48 162,3	91 657,2	123 268,3	151 171,8	182 267,6	229 721,0	26,0
"Кері РЕПО" операциясы	20 664,7	27 460,4	8 779,8	9 589,2	9 692,5	3 097,1	-68,0
Сақтанушылар мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйақылары	11 472,6	16 899,1	14 886,9	16 166,6	20 697,7	21 520,9	4,0
Негізгі қаржаттар	4 195,4	4 461,3	4 637,8	6 656,1	8 255,1	8 443,5	2,3
Қайта сақтандыру активтері	29 138,5	31 616,7	41 647,2	44 662,9	32 827,6	43 724,3	33,2
Өзге дебиторлық берешек	6 027,2	8 615,5	13 224,0	11 953,0	10 884,2	10 548,4	-3,1
Басқа активтер	2 789,4	3 527,4	4 403,8	4 903,7	6 687,4	8 448,7	26,3
Активтердің жиынтығы	223 556,1	268 822,9	297 252,2	343 234,4	387 672,0	442 647,7	14,2
Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің есептілігі [33], [34], [35].							

Сонымен соңғы жылдардағы сақтандыру сыйақыларының өсуі есебінен отандық сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері дағдарыс алдындағы 2007 жылғы көрсеткіштерге жетіп қоймай, сондай-ақ параметрлерінен асып түсті. Өткен 5 жыл ішінде жиналатын сақтандыру сыйақыларының көлемі 43%-ға артып, сақтандыру компанияларының меншікті капиталы мен жиынтық активтерінің көлемі 2 есе, ал сақтандыру резервтерінің көлемі 2 еседен артық мөлшерге көбейді.

2013 жылғы 1 қаңтарда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 442 647,7 млн.тенге болды, бұл 2012 жылғы 1 қаңтардағы ұқсас көрсеткіштен 14,2%-ға көп, оның ішінде:

2013 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары міндеттемелерінің сомасы 202 920,5 млн.тенге болды, бұл 2012 жылдың 1 қаңтарындағы сәйкесінше көрсеткіштер 29,7%-ға көп.

11-кесте

Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің көлемі

млрд.теңге

	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Активтер	223,6	268,8	269,1	297,3	343,2	387,7	442,6
Сақтандыру резервтері	86,4	86,3	88,2	101	114,9	127,9	174,1
Меншікті капитал	126,3	165,9	162,8	180,5	208,7	231,2	239,7
Дерек көзі: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің есептілігі [33], [34], [35].							

Есепті күні сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін құрған сақтандыру резервтерінің көлемі 174 148,4 млн.теңге болды, бұл 2012 жылдың 1 қаңтарындағы құрылған резервтер төлемінен 36,2%-ға көп.

орайда сақтандыру нарығының пессимистік бағытта дамуы мүмкін емес деуге болады.

Оптимистік сценарийдің бағалаудың ықтималдығы пессимистікке қарағанда жоғары болып табылады. Дегенмен Мемлекеттің сақтандыру нарығы алдағы он жылда әлемдік сақтандыру нарығында бәсекеге қабілетті болатын деңгейге жетеді деуге әлі ерте.

Мұндай жағдай тек тиімді салық режимі жағдайында және отандық сақтандырушылардың халықаралық сақтандыру нарығына интеграциялануын мемлекет тарапынан қолдауы кезінде орын алуы мүмкін. Оптимистік сценарий сақтандыру нарығының жоғары деңгейде дамуын талап етеді. Ал өз кезегінде мінсіз стратегиялық және маркетингтік менеджментті, сақтандыру маркетингісінің жаңа формаларын пайдалануды және жаңа сақтандыру түрлері мен формаларын енгізуді талап етеді.



12-сурет. Мемлекеттің сақтандыру нарығының 2050 жылға дейінгі даму болжамы (орташа оптимистік сценарий бойынша)
Ескерту: [39], [41] ақпарат көздері негізінде автормен құрастырылды.

Оптимистік сценарий сақтандыру бизнесінің капиталтзациялануын біртіндеп өсіруінің дәстүрлі тәсілдері мен формаларын және отандық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының бәсекеге қабілеттігін кезең бойынша нығайтуын қарастырмайды.

Сонымен қатар сақтандыру қызметінің сандық сипаттамаларының қарқынды өсуі әсіресе сыртқы сақтандыру нарықтарында бәсекеге қабілетті артықшылықтардың құруын қамтамасыз етпейді.

Сақтандыру бизнесінің тым қарқынды өсуінің артықшылықтар мен қатар кемшіліктері де бар. Соның ішінде тұтынушылардың артуына байланысты сақтандыру бойынша қызмет көрсету сапасының айтарлықтай төмендеуі, инфрақұрылым дамуының артта қалуы, кейбір сақтандыру түрлерінің табыстылығына байланысты жекелеген сақтандыру салаларының дамымай қалуын айтуға болады.

Қарқынды даму барысында сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарында жоғары тәжірибелі кадрлар мәселесі орын алады. Оптимистік сценарийді талдай келе, оның толық қанды жүзеге асуы үшін жағымды орта мен мемлкеттің басымды қолдауы қажет деген қорытынды шығарамыз.

Мемлекеттің экономикасы дамуы барысында пессимистік сценарийге қарағанда оптимистік сценарийдің орын алуы шындыққа жақын болғанымен, отандық сақтандыру нарығында оң тенденциялар элементтері асыра айтылды және сақтандыру нарығында орын алып отырған тежеуші факторлар және қиындықтар қарастырылмады. Сонымен қатар Қазақстандағы сақтандыру бизнесінің оптимистік сценарий бойынша дамуының мүмкіндігін отандық банк секторының соңғы 5-7 жылда алғашқы капитализациялау кезеңінен ірі инвестициялық жобаларды несиелеуге дейін дамуы дәлел болады. Сондай-ақ Мемлекеттің алдыңғы қатарлы коммерциялық банктерінің халықаралық рейтингі ТМД елдері арасында ең жоғарғы болып табылады. Дегенмен банк және сақтандыру нарықтарының дамуын салыстырмалы түрде ғана баяндадық, себебі банк секторы әуел бастан мемлекет тарапынан қолдауға ие болды. Жалпы сақтандыру нарығының дамуының альтернативті

сценарийларін салыстырсақ, Қазақстанда сақтандыру қызметінің ЖІӨ-гі үлесін 2,5-3,5 дейгейіндегі үлесін қамтамасыз ететін шектеулі оптимистік сценарий сай келеді деп айтуға болады. Біздің пікіріміз бойынша ұзақ мерзімді болжау барысында шектеулі оптимистік сценарийді қолданған жөн [42, 22-26б].

Төмендегі суретте Мемлекеттің сақтандыру нарығының ұзақ мерзімді даму болжамы көрсетілген. Оның негізінде сақтандыру бизнесінің сапалы өзгерісі жіне негізгі даму тенденциялары орташа-пессимистік сценарий бойынша жүзеге асырылады деп қарастырылады. Суретте көрсетілгендей жобалау ірілендірілген көрініске ие және сақтандыру бизнесін ұйымдастыру қарапайым деңгейден жоғары деңгейіне дейінгі дамуы қарастырылған. Сонымен қатар сақтандыру компаниялары мен сақтандыру қызметін ұйымдастыру қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ сақтандыру компанияларының бәсекеге қабілеттілігін тек ішкі нарықта ғана емес, сонымен қатар халықаралық нарықта қамтамасыз етуге бағыт болатын экспантеграция да қарастырылған [43, 56-59б].

Біздің пікіріміз бойынша 2050-шы жылға дейінгі ұзақ мерзімді болжамдауда сақтандыру бизнесінің дамуының жеке параметрлері бойынша сандық баға берген жөн. Себебі ұзақ мерзімді қаржылық болжам жасау тәжірибесі көрсеткендей, қазіргі кездегі нарықтық экономика динамикалық өзгеру қасиеті бар. Сондай-ақ бұл өзгерістер өндірістік және коммерциялық қызметте төмен болжамды болып таылады. Сондықтан ұзақмерзімді болжауда біз тек бір ғана интергалды көрсеткішті, яғни сақтандыру қызметінің ЖІӨ-гі үлесін пайдаландық. Ұзақ мерзімді тенденциялардың орташа-оптимистік ценарий бойынша дамуы бойынша бірінші кезеңнің соңына қарай сақтандыру қызметінің ЖІӨ-гі үлесінің өсуі болжанады. Сол сияқты екінші кезеңнің соңына қарай бұл көрсеткіштің өсуі жоспарланады және үшінші кезеңнің соңына қарай Мемлекеттің сақтандыру нарығының халықаралық сақтандыру нарығына интеграцияланады деп болжанады. Ұзақ мерзімге болжау жасау жалпы әлеуметтік-экономикалық контексте қазақстандық сақтандыру компанияларның бәсекеге қабілеттіліктері кезең

бойынша артуын және сақтандырудың тұрақты кеңеюін қамтиды. Сонымен қатар 2050-шы жылға дейін Қазақстанда нарықтық шаруашылық қағидаларына негізделген жоғары индустриялды, сондай-ақ жоғары сапалы сақтандыру қызметтерін көрсететін және ұлттық экономиканың бақса салаларына ұзақ мерзімді инвестиция салатын сала ретінде сақтандыру нарығы қалыптасады деп жоспарланады.

17.4. Сақтандыру ісін дифференциациялау

Теориялық негізінде сақтандыру ісін тұрақты дамуының перспективті бағыттарын анықтау үшін сақтандыру қызметіне, сақтандыру және қайта сақтандыру көлемінің өсу деңгейіне және ұлттық сақтандыру нарығының сапалы құрылуына тікелей әсер ететін оң және теріс факторлардың әсерін қарастыру қажет. Әсіресе мемлекеттердің сақтандыру нарығының жағдайы сақтандыру нарығының «редукциялық» үлгінің негізгі парамертлерін бейнелейді деп айтуға болады. Отандық сақтандыру нарығы барлық параметрлер бойынша редукцияланған болып табылады. Яғни Мемлекеттің ең ірі сақтандыру компаниялардың капитализациялануының төмен деңгейі, сақтандыру қызмет түрлерінің шектелген ассортименті, міндетті сақтандыру түрлерінің ерікті сақтандыру қызметі түрлерінен басым көп болуы, қайта сақтандыру қызметінің дамымауы, сақтандыру нарығының инфрақұрылымының жетілмеуі және т.б.

Қазіргі кездегі сақтандыру нарығының «редукциялық» үлгі болып табылатындығын, сандық тұрғыдан тек сақтандырудың Мемлекеттің ЖІӨ-дегі үлесін атап көрсетсе жеткілікті. Оның мөлшері 2009 жылы 0,65% құраса, ал 2012 жылы 0,56% құрады. Мұндай сәйкестік Мемлекеттің жақын болашақтағы перспективасын анықтайды. Яғни, сақтандыру бизнесінің дифференциация үдерістерінің және сақтандыру қызметінің диверсификациясының басым болуы. Мемлекеттің сақтандыру нарығының дифференциация және диверсификация үдерістерінің қарқыны және сандық сипаттамалары ұлттық экономиканың бір бөлігі болып табылатын сақтандыру

қызметінің тұрақты және динамикалық дамуының шарттарына және орын алған алғышарттарына байланысты болады. Сақтандыру бизнесінің қызметін активизациялау мен кеңейтудің көптеген алғышарттарының ішінде сақтандыру қызметін дифференциациялау және диверсификациялау үдерістерінің ішінде ең маңызды болып табылатын түрлерін анықтауға болады [44, 58-61б].

Ғалымдардың пікірі бойынша сақтандыру бизнесінің дамуының негізгі алғышарттары мен сапалы өсу шарттарын екі негізгі топта бөлу қажет. Олар: жалпы жүйелік және ішкі нарықтық. Мемлекеттің сақтандыру бизнесінің тұрақты даму алғышарттарының жалпы жүйелік бөліміне институционалдық, макроэкономикалық, құқықтық-ұйымдық және әлеуметтік-психологиялық шарттар мен алғышарттарды қосу қажет. Мемлекеттің сақтандыру нарығының дифференциация және диверсификация шарттары мен алғышарттарының ішкі нарықтық бөліміне сақтандыру нарығының жалпы эволюциясымен қатар сақтандыру қызметінің жеке субьектілерінің дамуымен байланысты негізгі сипаттамаларды қосу қажет.

Төмендегі 13-суретте Мемлекеттің сақтандыру нарығының сапалы дамуына әсер ететін жалпы жүйелік және ішкі нарықтық шарттар мен алғышарттар көрсетілген. Сақтандыру нарығының тұрақты дамуы бір жағынан сақтандыру бизнесінің дифференциациясы арқылы, екінші жағынан әртүрлі формалар және олардың жүйелеуін қоса алғанда сақтандыру қызмет түрлерін көбейту арқылы жүзеге асырылады.

Алайда сақтандыру қызметінің дифференциациясы мен диверсификациясы екі жеке үдеріс болғанымен, осы үдерісті біріктіріп жүзеге асыру арқылы қосымша әсер алуға болады. Себебі сақтандыру қызмет түрлерін көбейту және сақтандыру компанияларын сақтандыру түрлері мен типтері бойынша бір уақытта бөлу қосымша сақтандырылушыларды тартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар сақтандыру нарығы дамыған елдер тәжірибесі бойынша көптеген сақтандырушылар стратегиялық дамудың қарапайым түрлерін таңдайды. Мысалы сақтандыру қызметінің бір типі бойынша мамандануды кезең

бойынша жетілдіру қажет. Тұрақты даму стратегиясын қолдану сақтандыру нарығы дамыған мемлекеттердің өзінде сирек кездесетін құбылыс болып табылады.

Екі немесе одан да көп стратегия бағытын қосарлап дамыту қосымша қаражаттарды және жоғары деңгейлі стратегиялық басқару деңгейін талап етеді. Сондықтан қазақстандық сақтандыру компаниялары жақын болашақта әрбір кезеңде бір басымдығы бар стратегиялық дамуды қамтитын кезең бойынша даму бағытын ұстанады деп жоғары ықтималдықпен болжауға болады.

Ұлттық экономиканың басқа қаржы жүйесі сегменттерінің дамуынан кеш қалып отырған Мемлекеттің сақтандыру нарығы үшін дамытудың басым бағыттарын ұйымдастыруда кезең бойынша және кешендік әдісті қолдану тиімді болып табылады. Жоғары дамыған ұлттық сақтандыру нарығы бар елдермен салыстырғанда, ТМД-ң басқа елдері сияқты Қазақстанда да экономикалық, әлеуметтік, құқықтық жалпы жалпы жүйелік факторлармен байланысты сақтандыру нарығының тұрақты дамуының негізгі шарттары мен алғышарттарын құру маңызды мәселе болып табылады.

Мемлекеттің сақтандыру нарығының тұрақты дамуының жалпы жүйелік шарттары мен алғышарттарын сипаттай отырып, әлеуметтік-экономикалық дамудың объективті параметрлері ұлттық экономиканың маңызды саласы ретінде сақтандыру нарығының жылдам дамуы шынайы мүмкіншілігінің бар екендігін көрсетеді. Алайда Мемлекеттің сақтандыру нарығының сапалы даму үдерістерін, соның ішінде сақтандыру бизнесінің дифференциациясы мен сақтандыру қызмет түрлерінің диверсификациясын тежейтін субъективті факторлары бар. Ұлттық экономиканың нақты салаларымен салыстырғанда сақтандыру саласы тек объективті шарттарға ғана емес сонымен қатар субъективті шарттарға да тәуелді болатын ерекшелігі бар. Соңғы пайдаланушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз ететін өнеркәсіп өндірісі, ауыл шаруашылығы және басқа да өндіріс орындары шығаратын тауарлармен салыстырғанда, сақтандыру қызметі тауарлары - ерекше тауар ретінде, тұтынушыларда оның белгісіздік

жағдайында тәуекелдің алдын алу үшін кепілдік екендігін түсіндіретін және оған деген қажеттілікті тудыратын әлеуметтік-психологиялық алғышарттарды құруды қажет етеді.

Қазіргі кезде орын алып отырған отандық сақтандыру қызметі түрлерінің шектеулігі тек социалистік кезеңнен кейінгі «өсу ауруымен» ғана анықталмайды, сонымен қатар Мемлекеттің сақтандыру нарығының даму механизмін тежейтін субъективті факторлардың жиынтығы себебінен болып табылады. Соның ішінде, негізсіз қысқартылған және шектелген заңнамаларынан бастап сақтандыру бизнесінің жекелеген өкілдерінің криминалдық қызметі отандық сақтандыру нарығының шектетілуіне негіз болды. Мысалы отандық нарықтағы Міндетті медициналық сақтандыру қорының өз қызметін тоқтатуы қоғамда үлкен резонанс тудырды. Мұндай фактілер сақтандыру нарығының маңызды салаларының дамуына кедергі келтіреді.

Сонымен қатар жекелеген жағымсыз фактілердің өзі сақтандыру қызметінің дамуын ұзақ уақыт мерзімі аралығына шектеуі мүмкін. Сондықтан тиімділігі жоғары сақтандыру нарығының қалыптастыру шарттары мен объективті алғышарттарын құру жағымды әлеуметтік-психологиялық жағдайды қамтамасыз етумен байланысты болуы қажет. Соның ішінде сақтандырушылардың құқықтарының қаржылық қорғалуын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық жағдайды құру қажеттілігі орын алуда.

Ұсынылған сызбада маңызды орын сақтандыру бизнесін дифференциялау және сақтандыру қызметін диверсификациялау үдерістерін активизациялау бойынша объективті және субъективті факторларды үйлестіру мен қосарланып жасауға бағытталған. Сақтандыру нарығының дамуына әсер ететін объективті және субъективті факторларды үйлестіру мен қосарланып жасаудың маңыздылығын нарықтық экономикасы дамыған елдер тәжірибесінен байқауға болады. Экономикасы дамыған елдердің сақтандыру бизнесін сапалық дамуын және сандық кеңейтуін салыстыру, сақтандыру нарығын дамуының тұрақты және жоғары қарқынын қамтамасыз ету үшін сақтандыру нарығының дамуына жағымды объективті

жағдай және алғышарттар туғыздыру жеткіліксіз екендігін көрсетті. Әсіресе, ол жалпы сақтандырылушыларға қызмет көрсетумен айналысатын салаларды, ұсақ кәсіпкерлердің коммерциялық және өндірістік тәуекелдерін сақтандыру салаларын қамтиды. Сақтандыру бизнесінің тұрақты дамуына объективті жағдайлардың болуы, жалпы сақтандыру нарығында оң үдерістердің бар болуына себепші болады. Алайда, дамуды тежейтін субъективті механизмдердің болуы сақтандыру қызметінің кеңеюін, әсіресе сақтандыру нарығының сапалық дамуы тежеледі. Сонымен қатар бұл нарықтың жекелеген салалардың дамуында сәйкессіздіктер пайда болады. Сақтандыру түрлері мен типтері арасында даму артықшылықтары қарапайым және дәстүрлі түрлеріне беріледі. Сақтандырушылардың пікірі бойынша олардың тиімділігі төмен, сол арқылы сақтандыру бизнесіне жаңадан капитал құйылуына кедергі келтіреді және сақтандыру қызметінің даму қарқынын тежейді.

Сақтандыру бизнесінің дамуы үшін кезең бойынша жағымды әлеуметтік-психологиялық жағдай құруға үлкен көңіл бөлген экономикасы дамыған мемлекеттердің тәжірибесі Қазақстан үшін пайдалы болып табылады. Сақтандыру нарығын жедел дамытудың субъективті факторларын ескерсек, Жапония, Германия, Швейцарияның тиімді тәжірибесін айтып өтуға болады. Аталған елдердің әрқайсысы сақтандыру қызметінің жоғары бәсекелі нарығын құру және сақтандыру бизнесін іске қосу үшін ұлттық экономиканың нақты артықшылықтарын пайдаланды. Сонымен қатар методологиялық жағынан стратегиялық басқарудың ортақ сипаттары байқалады [45, 36-39б]:

1) Сақтандыру қызметін мемлекеттік реттеуді қамтамасыз етумен қатар нарықтық өзін-өзі реттеу механизмдерін тиімді қолдану және нарықтық өзін-өзі ретеуді тиімді пайдалану үшін нақты мүмкіншіліктер туғыздыру;

2) Жоғары белгісіздік жағдайында өндірістік және коммерциялық тұрақтылықты қамтамасыз етуші ұлттық экономиканың саласы ретінде сақтандыру нарығының дамуын ынталандыруға бағытталған қаржылық, әлеуметтік-

экономикалық салаларда мемлекеттік саясаттың эволюциялық кезең бойынша дұрыс жүргізілуі;

3) Сақтандыру нарығын дамыту үшін жағымды әлеуметтік-экономикалық жағдайды орнатудағы мемлекеттің тікелей қатынасы. Соның ішінде сақтандыру және қайта сақтандыру компанияларына ынталандырушы жеңілдіктер мен преференцияларды орнатуы;

4) Тиімді сақтандыру қорғанысын орнату мақсатында кіші және орта бизнестің тұрақтылығын жоғарлатумен байланысты сақтандырудың жаңа түрлерін дамытуды ынталандыру;

5) Мемлекеттің әлеуметтік маңызды сақтандыру түрлерін енгіздіру, соның ішінде халықтың әлеуметтік әлсіз топтарына әлеуметтік көмек көрсетумен байланысты сақтандыру қызметін мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру.

6) Халықааралық жобалар мен бағдарламаларды инвестициялауды және эспорттық операцияларды сақтандыруды ұйымдастыру үшін кәсіпкерліктің әртүрлі формалары есебінен сыртқы экономикалық қызметті сақтандыруға белсенді қатысу.

Жоғары дамыған елдердің сақтандыру нарығын дамытуды стратегиялық басқару кезіндегі жақын методологиялық тәсілдердің бар болатындығын айтып өттік. Сақтандыру бизнесінің дамуы сақтандыру қызметін кеңейтудің алғышарттары мен негізгі шарттарын құрайтын объективті факторлар мен қатар әртүрлі сақтандыру түрлеріне сұранысты туғыздыратын сақтандырылушылардың түрлі топтарына жағымды әсер ететін субъективті факторлардың қосарланып әсер етуімен байланысты. Сонымен қатар Мемлекеттің сақтандыру нарығын ұзақ мерзімді дамыту үдерістерін ұйымдастыру барысында социалистік кезеңнен кейінгі елдердің өндірістік-экономикалық ерекшеліктерін ескерген жөн. Біздің пікіріміз бойынша ТМД елдерінің, соның ішінде Мемлекеттің ұлттық экономикаларына тән факторлар бар. Соның ішінде бірнеше факторлар тобын қарастыруға болады. Оларға экономикалық қызметтің нарықтық дамуының стратегиялық тенденциялармен байланысты және сақтандыру нарығының даму параметрлеріне тікелей әсер ететін факторлар жатады.

Біріншіден нарықтық кезеңге дейінгі уақытта өндірістік-экономикалық қатынастардың әсерінің екі түрлілігін атап өткен жөн. Қатаң орталықтандырылған экономикалық жүйенің қызметі экономиканың маңызды саласы ретінде сақтандыру қызметінің толық масштабты дамуына кедергі келтірді. Сонымен қатар кәсіпкерлік қызмет субъектілері мен бұқара халық арасында сақтандырудың тек екінші қатарлы маңыздылығы бар экономика саласы ретінде саналарында қалыптастырды. Нарықтық экономикаға өтумен байланысты сақтандыруға деген нақты қажеттілік пайда болса да халық арасында сақтандыруға деген көзқарас оның дамуына әлі күнге дейін кедергі келтіріп отыр. Мұндай жағдайдың орын алуы тек Қазақстанға ғана тән емес, сонымен қатар ТМД-ң басқа елдерінде де орын алып отырған жайы бар. Мысалы, Архипов С.П. былай атап өтті: «Әртүрлі әлеуметттік топтар менталитетінде сақтандыру қызметіне кеңестік монополия кезеңіндегі сақтандыруға деген немқұрайлық сақталып отыр. Сонымен қатар мұндай қарым қатынас нарықтық кезеңде туып өскен ұрпаққа да беріліп отыр. Арнайы әлеуметтік сауалнама бойынша көптеген мектеп бітірушілерін сақтандыру қызметі қызықтырмайтындығын көрсетті» [46, 325 б].

Алайда тереңдей түскен нарықтық экономика жағдайына қарамастан сақтандырудың орны мен маңыздылығы бағаланбауы сақтандыру нарығының дамуына кедергі келтіруші фактор болып отыр. Сондай-ақ сантандыру нарығының қайта құрылымдауы барысында көптеген сақтандыру келісім шарттарының құны жоғалды, халық өз жинақтарынан айырылды. Сол арқылы халықтың сақтандыруға деген сенімі жоғалды.

Екіншіден сақтандырудың дамуына өндірістік-экономикалық үдерістерді басқарудың ескі элементтерінің орын алуы кедергі келтіреді. Мұндай элементтерге сақтандыру компаниялардың қызметін жоғары мөлшерде регламенттеу, сақтандырушылардың инвестициялық қызметіне деген қатаң шектеудің болуы, капитализациялану көрсеткішіне және басқа да көрсеткіштерге жоғары талаптардың болуы жаңа сақтандыру ұйымдарының ашылуына кедергі келтіреді. Нарық кезеңіне

дейінгі кемшіліктердің қатарына сонымен қатар сақтандыру компанияларының құқықтарын сақтандыру тарифтерін қою бойынша шектеу жатады. Өте төмен тарифтер сақтандыру полисінің нарықтық мазмұнын ашпайды және сақтандырушы мен сақтандырылушы арасындағы қарым қатынасқа әсерін тигіздіреді. Яғни бұл сатушы мен сатып алушының нарық қағидасына қайшы келеді. Сақтандыру тарифтерін қатаң белгілеу бәсекелестіктің төмендеуіне алып келеді және жекелеген сақтандыру түрлерінің тиімді сақтандырушылар үшін тиімділігін төмендетеді. Қатаң тарифтер сақтандыру компанияларының қызмет көрсету сапасын арттырмайды. Бұл жағдай автокөлік жүргізушілердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру кезінде анық байқалады. Қазақстандық сақтандыру комапанияларының көбі бұл салада өз қызметтерін жүзеге асырады, алайда қызмет көрсету сапасы төмен болып отыр. Көптеген сақтандырушылар денсаулыққа және автокөліктерге залал келтіретін жол көлік оқиғасы және басқа да сақтандыру оқиғаларын реттеу бойынша өз ұсыныстарын білдіреді. Бұл салада қызмет атқаратын сақтандыру компанияларының көптігіне қарамастан, қызмет көрсету сапасын көтеруді ынталандыру үшін нақты бәсекелестік жағдай жағымсыз болып отыр. Сақтандыру қызметтеріне баға белгілеуді мемлекет тарапынан қатаң бақылау нарықтық механизм қызметін төмендетіп, нәтижесінде тұрақты сақтандыру нарығын құруға кедергісін келтіреді.

Үшіншіден Мемлекеттің сақтандыру нарығының дамуына бағалы қағаздар нарығының баяу дамуы кедергісін келтіріп отыр. Сақтандыру нарығының тұрақты дамуы, сақтандыру компанияларының жинақталған қаражаттарын сенімді және табысты орналастырумен байланысты. Бағалы қағаздар нарығының дұрыс дамымауы салдарынан Мемлекеттің сақтандыру компаниялары ұзақ мерзім уақыты аралығында рационалды инвестициялық портфель құру мәселесі бойынша зардап шегуде. Сонымен қатар, отандық сақтандыру нарығында жеке меншік компаниялардың акцияларын сату және сатып алу көлемінің шектелгендігі, сақтандыру және қайта сақтандыру компаниялардың акцияларын қосымша орналастыру арқылы

сақтандырушылардың капитализициялануын арттыруға кедергі келтіруші фактор болып отыр.

Сақтандыру нарығында орын алып отырған субъективті және объективті қиыншылықтарға қарамастан, сақтандыру бизнесін дифференциациялау және сақтандыру қызметін диверсификацилаудың мақсатты бағытталған үдерістері арқылы Мемлекеттің сақтандыру нарығы тұрақты даму мүмкіншіліктері бар. Біздің ойымыз бойынша Мемлекеттің сақтандыру нарығының жылдам дамуын, тікелей әсер ететін заңнамалар кешенін қабылдаумен байланысты сақтандыру нарығының заңдық базасын кеңейту арқылы қол жеткіздіруге балады. Мұндай интергалды тәсілдің орын алуы басқа елдер тәжірибесінде оң әсерге ие болды. Мысалы, Қытайда сақтандыру қызметінде маңызды бағыттарды қамтитын тікелей әсер ететін 20 заңды қабылдау нәтижесінде қытайлық сақтандыру нарығының оң дамуы байқалды. Сондай-ақ инновацияларды сақтандыру, ғарыштық тәуекелдерді сақтандыру, ұзақ мерзімді инвестициялық жобаларды сақтандыру бойынша жаңа сақтандыру түрлері пайда болды. Бұл аталған мысал тиімді заңдарды қабылдау, сақтандыру бизнесіне деген қажеттелікті ынталандыруға және сақтандыру нарығын дамытудың фундаменталды негізін қалауға себепші болатындығын көрсетті [47, 15-18бб].

Сақтандыру нарығының тұрақты дамуына тек ұйымдастырушылық-құқықтық алғышарттардың болуы ғана емес, сонымен қатар макроэкономикалық тенденциялар да үлкен әсер етеді. Әсіресе, экономиканың даму қарқыны, заңды және жеке тұлғалардың нақты табыстарының өсуі. Сақтандыру бизнесін дифференциациялау барысында корпоративтік саланың және жалпы халықтың төлем қабілеттілігінің өсуі маңызды рөл атқарады. Оның маңызды алғышарттарының бірі болып тиімді салық салу жүйесі табылады. Сонымен қатар сақтандыру нарығының тұрақты дамуының оң алғышарттарының біріне халықтың нақты табыстарының өсуі жатады. Ол арқылы сақтандыру түрлеріне деген төлемқабылеттілігі бар сұраныс пайда болады. Сақтандыру нарығының ерекшеліктері арқылы тек оң макроэкономикалық тенденцияларды ғана емес, сонымен

қатар жылдам экономикалық өсудің «шығындарын» да пайдалануға болады. Негізінен жалақының өсуінің жоғары қарқынында және зейнетақы мөлшерінің өсуінің тиісті төменірек қарқыны барысында қызметкерлер мен зейнеткерлер табыстары арасында белгілі бір мөлшерде айырмашылық пайда болады. Бұл зейнетке шығу кезінде пайда болатын табыстардың төмендеуімен байланысты тәуекелдерді сақтандыру бойынша жаңа сақтандыру түрлеріне деген сұраныстың пайда болатындығын көрсетеді. Қазіргі уақытта өмірді сақтандыру саласында сақтандыру түрлерін кеңейту бойынша талпыныстар көрінбейді. Оған жалпы сақтандыруға деген халықтың сенімсіздігі және потенциалды тұтынушыларды ынталандырудың болмауы себепші фактор болып табылады.

Сақтандыру нарығын дифференциялау күрделі және көп жақты үдеріс болып табылады. Бұл үдерісті Қазақстанда тұрақты активизациялау үшін макроэкономикалық деңгейде, сонымен қатар ұлттық сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу шеңберінде стратегиялық басқару методологиясын пайдалану арқылы жүзеге асыру қажет. Өкінішке орай Мемлекеттің сақтандыру нарығын дамыту бойынша стратегиялық тәсіл толық деңгейде қолданылмай отыр. Біздің пікіріміз бойынша отандық көптеген сақтандыру нарығының қатысушылары, сондай-ақ сақтандыру бизнесін қадағалаушы органдары тактикалық міндеттерді жүзеге асыру бағытында қызмет атқарады. Алайда сақтандыру қызметінің күрделі даму үдерістері мен қайта жаңарулары ұзақ мерзімді бағытты талап етеді.

17.5. Сақтандыру қызметінің экономикалық тиімділігі

Сақтандыру экономиканың мамандандырылған саласы ретіндегі негізгі міндеті – жеке және заңды тұлғалардың мүліктік құқықтарын қорғайтын тиімді сақтандыру жүйесін құру болып табылдаы. Негізінен әртүрлі қызмет барысында, табиға апаттар кезінде, жағымсыз әлеуметтік жағдайлар барысында шеккен зияндар мен шығындарды нақты

материалдық тұрғыдан өтеу және экономикалық өсу үшін тұрақты және сенімді шаруашылық жағдай орнату.

Сақтандыру механизмінің ерекшелігі болып – сақтандыру арқылы кәсіпорындар мен халықтың мүліктік құқықтарын қорғау функциясымен қатар көптеген макроэкономикалық мәселелерді шешуде маңызды рөл атқаратындығы табылады. Сондықтан нарықтық экономикалы елдерде сақтандыру әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталған экономика инфрақұрылымынының стратегиялық саласы ретінде анықталады.

Сақтандыру ұйымдарының негізгі міндеті – сақтандыру қызметтерін барлық шаруашылық субьектілеріне кепілдеме ретінде ұсыну. Сонымен қатар сақтандырушылар өз қызметтерін тұрақсыз макроэкономикалық жағдайда жүзеге асырады. Соған орай сақтандыру ұйымдары тиімді және тұрақты сақтандыру бизнесін ұйымдастыруда ұзақ мерзімге арналған стратегияны пайдаланған жөн. Қазіргі кездегі әдебиеттерде сақтандыру қызметін стратегиялық басқаруды ұйымдастыру туралы толық қарастырылмаған [48, 77б].

Сақтандыру нарығының және оның жеке сегменттерінің потенциялы жоғары және әрбір сақтандыру ұйымы өзінің даму перспективасын орын алып отырған жағдайға және мүмкіншілігіне байланысты анықтайды.

Сақтандыру компанияларының қызметінің тиімділігін арттыру үшін сақтандырушылардың маркетингтік зерттеулерге және нарық сегменттеріне сәйкес маркетингтік стратегияға қызығушылықтары пайда болды.

Сақтандыру нарығындағы сұранысты зерттеу. Сақтандыру нарығында сұранысты зерттеу үшін потенциалды сақтандырылушылардың контингентін және олардың сақтандыруға деген қажеттіліктерін бағалайтын сақтандыру компаниясының құрылымында арнайы маркетингтік қызметтің болуын талап етеді. Экономикалық тұрғыдан сұраныс потенциалды сақтандырулышардың төлем қабілетсіздіктерімен байланысты. Халықтың төменгі табыстылығына және кәсіпорындарда қаржының жеткіліксіздігі салдарынан сақтандыру шығындары ең соңғы орында болып отыр. Және

керісінше жағымды экономикалық жағдайда сақтандыру шығындары артады.

Сұранысты корпоративті және жеке деп бөлуге болады. Корпоративті сұраныс - кәсіпорындар тарапынан, ал жеке сұраныс - жеке тұлғалара тарапынан пайда болады. Мұндай бөлу негізінен тек шартты болып қана табылады. Себебі көптеген жағдайда бір келісім шарт бойынша сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандырылушы болып заңды тұлға табылады, ал сақтандырылған, яғни өтемақы алушы болып жеке тұлға табылады. Дамыған мемкеттерде сақтандыру келісімшарттары көп жағдайда жеке тұлғалармен жасалса, ал біздің елімізде сақтандыру қызметтерінің басым көпшілігі корпоративті тұтынушыларға бағытталған.

Сақтандыруда тұтыну сұранысын зерттеуде көптеген тәсілдер қолданылады. Бұлар: потенциалды сақтандырылушылардың табыстары мен шығындарын статистикалық есептеу, сауалнама, тестілеу, сақтандыру агенттері қызметі нәтижесіндегі ақпаратты талдау. Сақтандыру агентімен қарым қатынасы нәтижесіндегі тұтынушылардың ұсынылған қызмет түрінен бас тарту себептері және сақтандыру шарттарын өзгертудегі қалауы, қажеттіліктері мен сақтандыру қызығушылықтары талданып, бағаланады.

Сақтандыру маркетингісінде сақтандыру қызметіне деген қажеттіліктер ең негізгісі болып табылмайды, сондықтар сақтандыру маркетингісінде тек ғана сұранысты зерттеу ғана емес, сонымен қатар тұтынушылар тарапынан сұранысты көбейту мәселесі алдыңғы қатарда тұрады.

Батыстық қоғам үшін сақтандыру қызметіне деген тұтынушылардың сұранысын қалыптастыру маңызыды болып табылмайды, себебі көптеген жылдар бойында кәсіпорындардың басшылары мен халықтың тәуекелдерден сақтандыруға әдеті қалыптасқан. Ал Қазақстанда керісінше сақтандыру әдеті қалыптаспаған. Тұрақты сақтандырудың шарты болып жеке мүлікпен байланысты қарым қатынастар табылады. Елімізде жеке мүлік институты тек даму сатысында, сондықтан жеке меншік иегері менталитеті қалыптаспағанға

дейін, сақтандыруға деген сұраныстың белсенді өсуі жайында айту ерте болып табылады [49, 106 б].

Сақтандырудың дамуын тежейтін психологиялық факторлар болып 1992 жылғы ұзақ мерзімді өмірді сақтандыру бойынша халықтың жинақтарының құнсыздануы табылады. Халықтың белгілі бір қаржы институттарына деген сенімінің азаюы қаржы «пирамидаларының» салымшыларының толықтай алдануы негіз болды.

Тұтынушылардың сақтандыруға қарсы психологиялық ескертулерін бір сақтандыру компаниясы негізінде жеңу мүмкін емес, сондықтан сақтандыру қажеттілігі туралы түсіндіру сақтандырушылардың бірлестіктері деңгейінде жүзеге асыру тиімді болып келеді. Мұндай қызметтер біздің елімізде де жүзеге асырылады. Алайда біріншіден сақтандырушылардың мұндай іс-шараға қатысуға қажетті қаражаттардың болмауы себебінен, екіншіден әр сақтандыру компаниясы бәсекелестің емес, өздерінің қызметтеріне сұранысты қалыптастыру үшін қызмет атқаратындығы тежеуші фактор болып отыр. Сақтандыру саласына тиімді имидж қалыптастыруға жыл сайын ұйымдастыратын семинарлар, конференциялар, мерзімдік сақтандыру басылымдары және жалпы экономикалық бағыттағы арнайы әдебиеттерде сақтандыру бөлімдерінің болуы оң әсер етеді.

Сақтандыруға сұраныс факторлары келесілер болып табылады:

— Потенциалды сақтандырылушылардың және сақтандыру объектілерінің саны;

— Потенциалды сақтандырылушылардың табыстары;

— Тәуекелдерді басқарудың альтернативті механизмдерінің құны, соның ішінде өзін-өзі сақтандыру, тәуекелді аудару;

— Өмірді ұзақ мерзімді сақтандыру үшін – ұқсас қызметтерге банктердің, зейнетақы қорларының, сақтандыру компанияларының басқа да бәсекелстерінің бағасы;

— Сақтандыру төлемдері мен сыйақыларына салық салу;

— Белгілі бір объектілер тобын сақтандыру үшін заңдық және нормативтік актілердің талаптарының болуы;

— Инфляциялық күтілім;

— Банктік қойылымдардың деңгейі.

Сақтандыру нарығында ұсынысты зерттеу (бәсекелестік ортаны тадау) екі негізгі тәсіл бойынша жүргізіледі:

1) Нарықтың жағдайы туралы жарияланатын статистикалық және аналитикалық материалдарды саралау;

2) Жеке ақпарат көзін пайдалану.

Бірінші тәсіл арзан, ал екінші қажетті бағыт бойынша толық және негізделген ақпарат алуға мүмкіндік береді. Зерттеудің тиімді нұсқасы болып екіт тәсілдің қосарланып пайдалану табылады. Сақтандыру қызметінің ұсынысын белгіленген заңдық негізде сақтандыру қызметін жүзеге асыруға құқықтары бар сақтандырушы-заңды тұлғалар анықтайды. Ұсыныстың көлемі мен құрылымына сақтандырушылар арасындағы факторлар, сақтандыру қызметін жүзеге асыруға кеткен шығындар және нақты елдің сақтандыру нарығында жағдайды сипаттайтын факторлар әсер етеді [50, 261 б].

Экономиканың басқа салаларындағы сияқты сақтандырушылар арасындағы бәсекелестік бағалық (сақтандыру тарифтерін төмендету), бағалық емес (сақтандыруға үздік жағдай жасау). Бағалық бәсеке тарифтік ауырпалық арқылы жүзеге асырылады. Яғни, сақтандыру жағдайларын алдын алу бойынша сақтандырушының жүзеге асыратын іс-шаралары мен қызметтеріне жұмсаған шығындар. Нетто-қойылым (сақтандыру төлемақылары қайтарылатын сақтандыру үлестерінің бір бөлігі) тарифтерді төмендету көзі ретінде тек ірі сақтандыру компаниясы тіимді нарықтық жағдайда болған кезде және сақтандырылушылардың арасында кеңістіктік және уақыттық шығындарды бөлуді қамтамасыз ететін жағдайда ғана орын алады. Нарықты жаулау мақсатында ұсақ компаниялардың нетто-қойылымын төмендетуі мүмкін емес, себебі оның нәтижесінде сақтандырушы өзіне алған міндеттерін орындай алмауы мүмкін және банкроттыққа ұшырау қаупі туады.

Сақтандыру нарығындағы ұсыныстың бағалық емес факторларына келесілер жатады:

— Сақтандырушылар саны;

— Қызметті жүргізу үшін орташа нарықтық шығындар нормасы және комиссиялық сыйақы қойылымдары;

— Нарықтың құрылымы мен қаржылық жағдайы (сақтандыру және қайта сақтандыру нарықтарының кеңдігі, компанияның сақтандыру портфелінің жағдайы, сақтанушылардың меншікті қаражаттардың көлемі, капиталдың жинақталу деңгейі);

— Сақтандыру ұйымдарына салық салу;

— Тәуекел деңгейі;

— Сақтандыру түрлерінің тұрақтылығы;

— Сақтандыру операцияларының тұрақтылығымен табыстылығы;

— Сақтандыру компанияларының инвестицияларының табыстылығы.

Әлемдік тәжірибеде сақтандыру ұсыныстары сақтандырушылардың екі түрімен ұсынылады – сақтандыру компаниялары (коммерциялық қызметтің қағидалары негізінде сақтандыру қызметін жүзеге асыру) және өзара сақтандыру ұйымдары (коммерциялық емес ұйым).

Сақтандыру компаниясының барлық маркетингтік кешені яғни, сақтандыру түрі, баға, нарықта тарату тәсілдері тұтыну нарығын құрайтын нарық ерекшеліктерін және қоршаған жағдайды ескере отырып жүзеге асырылу қажет.

Нарықта қызмет атқару барысында сақтандыру компаниясы әлеуметтік маркетинг қағидаларын ескеруі қажет:

1) Сақтанушыға бағытталуы қажет (сақтандыру компаниясы маркетингтік қызметін сақтанушылардың пікірін ескере отырып атқаруы қажет);

2) Инновациялық жаңашылдықтар (сақтандыру компаниясы маркетингісіне нақты өзгерістер енгізіп отыру қажет);

3) Өз міндетін түсіну (сақтандыру компаниясы маркетингтік шешімдерді тар корпоративтік және өндірістік мағынада емес, кең әлеуметтік мағынада қабылдауы қажет);

4) Әлеуметтік этика (сақтандыру компаниясы шешімдерді сақтанушылардың және жалпы қоғамның ұзақмерзімді қажеттіліктерін ескере отырып қабылдауы қажет).

Қағидаларды ескере отырып, сақтандыру компаниясы төмендегілерді жүзеге асыруы керек: басымдылықтар мен шектеулердің жүйесін негіздеу, сақтандыру компаниясының экономикалық қауіпсіздігін ескере отырып сақтандыруды пайдаланудың мүмкін шекаралары мен тәсілдерін анықтау, сақтандыру қызметінің мүмкін формаларын мен түрлерін орнықтыру, сақтандыру сыйақылар мен сақтандыру тәуекелдерінің шекараларының диапазондарын негіздеу, сақтандыру жағдайларындағы сақтандыру төлемдерінің көлемін белгілеу [50, 266 б].

Бұл жағдайларда сақтандыру компаниясы сақтандыру қызметі нарығының пайдалану ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асыруға мәжбүрлі күрделі маркетингтік мәселелердің шешімін маркетингтік стратегияны жүзеге асыруға қажетті бағдарламалық-мақсатты тәсілдің көмегі негізінде таба алады.

Стратегияны жасау – болашақта сақтандыру ұйымының тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін және қойылған мақсаттарына жету үшін сақтандыру нарығының сыртқы ортадағы өзгерістеріне қажетті реакцияны қамтамасыз етуге бағытталған процесс болып табылады.

Сақтандыру қызметінің ұзақмерзімді жоспарлауын бойынша сұрақтардың шешімі бизнестің болашақ өтімділігі мен тұрақтылығын анықтауды, нарықтық тенденцияларды есептеу мен анықтауды, инновациялық сақтандыру жобаларына инвестиция салудың пайдалылығын және бизнестің инвестициялық тартымдылығын қамтуы мүмкін. Басқа жағынан операциялық жоспарлау нарыққа жаңа сақтандыру тауарларын енгізуді, жаңа сақтандырушыларды тартуды, нарықтың жаңа сегменттерін жаулап алуды және аймақтық дамуды қамтиды. Сонымен сақтандыру ұйымының тиімділігінің стратегиясын жоспарлау барысында сақтандыру бизнесінің маңызды міндеттерін және оның дамуының перспективаларын анықтау қажет.

Сақтандыру қызметін жоспарлаудың негізгі міндеттеріне келесілер жатқызылуы мүмкін:

— Ұйымның қызметінің мақсаттарын анықтау және талдау;

— Ұйым мақсатына жету үшін пайдаланылатын тәсілдерді дайындау;

— Ұйым мақсатына жету үшін қажетті ресурстарды орналастыру;

— Ұйымның төлемқабілеттілігін қамтамасыз ету;

— Ұйымның тиімді қызмет атқаруын болжамдау;

— Болашақ сақтандыру жобаларын дамыту үшін қосымша қаржыландыруды тарту графигі мен көлемін болжамдау.

Максималды тиімді қызмет мақсатында стратегиялық және операциондық жоспарлаудың арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету сақтандыру қызметінің сапсын басқару жүйесінің артықшылықтарын пайдалану арқылы жүзеге асыру ұсынылады. Соған орай стратегиялық және операциондық жоспарлауға тәсіл ұсынылған.

Ол бизнес циклдың кезеңдерінің жүйелігі мен бір-біріне тәуекелдігін қамтамасыз ететін, мақсаттардың нақты иерархиясын орнататын, операциялық және стратегиялық мақсаттарды бекіту бойынша жауапкершіліктің аймағын және құру қағидаларын анықтайтын стандарт түрінде рәсімделеді.

Көрініс - негізгі базалық құрамдас бөлік. Стандарт бойынша көрініс тек нарықтық жағдаяттың түбегейлі өгерген жағдайында ғана қарастырылады.

Сақтандыру ұйымының стратегиясы көрініске қол жеткізуге бағытталған. Статегиялық мақсаттар – бұл қаржылық немесе қаржылық емес жағдаятта белгіленуі мүмкін ұзақ мерзімді мақсаттар.

Стратегияны құру ұйымның табысты портфелі мен құрылымынң бар болуын, жайғастырудың негізгі қағидаларын, даму жоспарын, ұйымның стратегиялық мақсаттарын, орта мерзіге арналған қаржылық моделін анықтауды болжамдайды.

Операциондық жоспар – бір жылға арналған сақтандыру ұйымының әрбір бөлімшесінің мақсатына жету бойынша толық жоспарын қарастырады. Операциондық жоспарлау тактикалық, жылдық және оперативті жоспарларды қамтиды.

Бюджет операциондық жоспардың қаржылық сипаттамасы болып, келесілерді белгілейді:

— Арнаулы қаржылық көрсеткіштер (табыс, шығын, пайда);

— Қажетті қаржыландыруды бағалау.



14-сурет. Сақтандыру қызметін жоспарлаудың жалпы иерархиясы
Дерек көзі: Белоусов С. Страховой рынок нуждается в поддержке [52]

Сақтандыру жобасын дамытудың аймақтық стратегиясының негізгі қағилары:

— Ақпараттарды жинау үшін жұмсалатын қосымша шығындарды минимизациялау;

— Болжамдау нәтижесінің дұрыстығын қамтамасыз ету;

— Аймақтардың тартымдылығы туралы ақпаратардың өзектілігін үнемі қаматамыз ету болып табылады [52, 110 б].

Аймақтық нарықтарды қамту бойынша сақтандыру ұйымының жобаларының тиімділігін бағалау методолгиясы келесілерді қамтиды:

а) аймақтық деңгейдегі сақтандыру жобаларының тиімділігін бағалау көрсеткіштерің, құрылымының және өлшемдерінің сипаттамсы.

б) аталған критерийлерді анықтау және үлгілеу үшін ұсынылған ақпараттар көздерінің сипаттамасы.

Басқару иерархиясы. Бұл компанияның басқару иерархиясында Corporate Performance Management (CPM) ең алғашқы алатын орны болып есептеледі. Ең басында акционерлер белгілеген ұзақ мерзімді мақсаттар тұрады.

Сарапшылардың пікірі бойынша сақтандыру компаниясын басқарушы орташа есепппен өз уақытының 95%-ын компанияның қызметін бақылауға жұмсайды. Сол себепті сақтандыру компаниясының қызметінің тиімділігін арттыруға аз уақыт жұмсалады. Сонымен қатар қажет болуы мүмкін ақпараттарды алудың күрделілігі де өз септігін тигіздіреді. Сақтандыру нарығы кеңейіп, бәсекелестік артып келеді және сонымен қатар акционерлер үнемі үздік нәтижелердің болуын талап етеді. Сондықтан сақтандыру компанияның тиімділігін арттыру туралы мәселе қозғалады. Мұндай тәсіл халықаралық нарықта қолданылады. Corporate Performance Management атты тәсілі компанияның тиімділігін басқару деп аталады.

17.6. Сақтандыру жүйесін модернизациялау

Мемлекеттің дамуына әсер ететін көптеген факторлар бар. Соның бірі нарықтық экономика жағдайында сақтандыру қызметін көрсету, сақтандыру сыйлықақыларын белгілеу және сақтандыру төлемдерін төлеу. Қазіргі кезде 34 сақтандыру компаниялардың әрқайсысы сақтандыру қызметінің саясатын жүргізуде. Елдегі өндіріс үдерісін жалғастыру, азаматтардың жекелеген санаттарының өмір тіршілігі мен әл-ауқатын қолдау бүгінгі таңдағы актуалды мәселелердің бірі болып отыр.

Сақтандыру қызметі нарықтық экономикада маңызды роль атқарады. Сақтандыруды қолайсыз құбылыстар мен күтпеген оқиғалар болған кезде жеке заңи тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау және оларға материалдық залалды төлеу үшін мақсатты ақша қорларын құру және пайдалану жөніндегі қайта бөлгіштік қатынастардың айрықша сферасы деп қараған жөн.

Қазақстандағы сақтандыру жүйесін модернизациялауды бірнеше бағдарлар бойынша қарастырған жөн болады. Қазіргі кезде еліміздің басқа қаржы салалары сияқты сақтандыру нарығы да экономикалық интеграциялану үдерісін басынан кешіріп жатыр. Бұл жағдай отандық әлсіз сақтандыру нарығында шетелдік сақтандыру компанияларының отандық нарықты жаулау сияқты теріс әсерлерімен ғана емес, сонымен қатар отандық сақтандыру компаниялардың белсенді дамуына оң әсер етуімен сипатталады [51, 155 б].

Қазіргі кезде Кедендік Одақ шегінде Қазақстан, Ресей және Белорусия арасында интеграциялық қайта сақтандыру бірыңғай кеңістігін құру туралы бағдарламалар құрылып жатыр. Қазақстанда ірі тәуекелдерді сақтандыру үшін отандық сақтандыру компанияларының капитализациялану деңгейі төмен екендігі мәлім. Сондықтан көптеген ақша-қаражаттары шетелдік қайта сақтандыру компанияларына кетуде. Сол себепті Мемлекеттің сақтандыру жүйесін дамытудың алғашқы сатысы ретінде қайта сақтандыру жүйесін дамытуды қарастырдым.

1) Қайта сақтандыру жүйесін мемлекет тарапынан қолдау көрсету арқылы дамыту.

Қазіргі уақытта қайта сақтандыру тақырыбы тек отандық сақтандыру нарығы қатысушыларына ғана емес, сонымен қатар шетелдік серіктестер үшін де өзекті болып отыр. Соңғы жылдары қазақстандық реттеушінің заңнамалық бастауы есебінен отандық қайта сақтандыру саласы пруденциалдық реттеуде үлкен өзгерістерге ұшырады. Сол себепті отандық қайта сақтандыру нарығының соңғы 7 жылдағы өзгерістері мен олардың қайта сақтандыру нарығының дамуына тигізер әсері туралы сөз қозғалады.

Сандық жағынан сақтандыру нарығының қатысушыларының құрамы қатты өзгеріске ұшырамады. 2013 жылдың 1

сәуіріндегі мәліметтер бойынша 34 сақтандыру ұйымы, 13 сақтандыру брокерлері және 87 актуарий өз қызметін жүзеге асырады. 2005 жылмен салыстырғанда лицензиялары бар актуарийлер саны шашамен 3 есе артты [33].

Сақтандыру сыйақыларының өсу динамикасы сақтандыру нарығының сандық және сапалық тұрғыда дамып келе жатқандығын сипаттайды.

Дағдарыстық кезең кезіндегі сақтандыру сыйақыларының төмендеуінен кейін соңғы екі жыл ішінде жиналған сақтандыру сыйақылар көлемінің өскені банк секторы тарапынан халықты несиелендіруді активизациялаумен, сонымен қатар корпоративтік сектордың іскерлік белсенділігінің артуымен байланысты.

Сондай-ақ қаржылық дағдарыстың отандық сақтандыру нарығына тигізген әсері үлкен еместігін айта кеткен жөн. Сақтандыру ұйымдары өтімділіктің жоғары деңгейін зияндылықтың төмен деңгейі есебінен қолдап отыр. Сақтандырушылардың меншікті капиталдарының артуы Мемлекеттің сақтандыру нарығының сыйымдылығының біршама артқанын сипаттайды.

Қайта сақтандыру бойынша резидент еместерден алынған сақтандыру төлемдерінің көлемі өте төмен болып отыр. 2012 жылы қайта сақтандыруға берілген 64 млрд.тенгеден, қайта сақтандыру төлемдері оның тек аз бөлігін құрады. Сонымен қатар қайта сақтандыру сыйақыларының біршама бөлігі шетелдік компанияларға аударылады.

Жаңа заңнамалық актілерді қабылдау сақтандыру нарығын дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашты. Жаңа пруденциальдық актілерге сәйкес енді сақтандыру ұйымының төлемқабілеттілігінің немесе кепілдік қорының минималды маржасы қайта сақтандыру келісім шарттары негізінде қайта сақтандырушының рейтингтік бағасы бойынша қайта сақтандыруға берілетін сыйақылардың міндеттемелері соммасына көбейтіледі. Оған дейін сақтандыру ұйымының төлемқабілеттілігінің немесе кепілдік қорының минималды маржасы берілген қайта сақтандыру сыйақыларының соммасына кебейтілді. Бұл ерекшеліктер кестеде салыстырмалы түрде көрсетілген.

15-кесте

Сақтандыру ұйымдарының төлемқабілеттілігінің немесе кепілдік қорының минималды маржасын есептеу

Қайта сақтандырушылар тобы	Қайта сақтандырушылардың халықаралық немесе ұлттық нормасы бойынша рейтингтік бағасы	Міндеттемелер көлемінің өсуі есебінен ӨММ-ң өсу проценті	Берілген сыйақылардың көлеміне байланысты ӨММ-ң өсу проценті
1	2	3	4
1 тобы	«АА-» және жоғары	0%	0%
2 тобы	«А+» - «А-»	0%	10%
1	2	3	4
3 тобы	«ВВВ+» - «ВВВ-»	0,21%	20%
4 тобы	«ВВ+» - «ВВ-»	0,75%	50%
5 тобы	«В+» - «В-»	3,8%	100%
6 тобы	«В-» төмен	22%	200%
Ескерту: [51], [52] ақпарат көздері негізінде автормен құрастырылды			

Бұл шараларды жүргізу келесідей мүмкіндіктер береді:

1. Қайта сақтандыру келісім шарттарында Қазақстандық үлестің артуы;

2. Ақша қаражатының шетелге кетпеуі негізінде отандық сақтандыру нарығының капитализациялануын арттыру;

3. Қайта сақтандыру бойынша келісімшарттардың айқындылығын арттыру;

4. Жергілікті сақтандыру компанияларының андеррайтингтік және қайта сақтандыру саясаттарының жаңалануы;

5. Жергілікті сақтандыру нарығында тәуекел жиналуының артуы.

Сондай-ақ сақтандыру шарты бойынша меншікті шегерудің максималды көлемі нақты төлемқабілеттілік маржасынан (НТМ) аспайтындай актуарий тарапынан есептеледі.

Меншікті шегерудің максималды көлемін кезең бойынша төмендету:

— 2013 жылдың 1 қаңтарына дейін - НТМ-нан 100%
— 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап - НТМ-нан 80%
— 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап - НТМ-нан 50%
— 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап - НТМ-нан 30%

Бұл модельдің қазіргі уақытта Мемлекеттің сақтандыру нарығында орын алып отырған модельден ерекшеліктерінің негізгісі болып ірі маманданған кәсіби қайта сақтандыру ұйымдары ірі тәуекелдерді сақтандыра алады. Отандық нарықта қазіргі кезде қайта сақтандыру ұйымдары ішкі нарықтағы тәуекелдерді сақтандыру бойынша қажеттіліктерді қанағаттандыра алмайды. Бұл модель негізінде қайта сақтандыру нарығын дамыту барысында мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі тиіс. Себебі бұл отандық сақтандыру нарығындағы алғашқы ірі қайта сақтандыру институты болады.



15-сурет. Қайта сақтандыру нарығын дамыту моделі
Ескерту: [51], [52] ақпарат көздері негізінде автормен құрастырылды

2) Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының басым бағыттарын анықтау мақсатында қысқа мерзімге бағытталған бағдарламасын құру.

Мемлекеттің сақтандыру жүйесінің тарихында келесідей бағдарламалар болды:

— «1996-1998 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың негізгі бағыттары туралы» 1996 жылғы 25 маусым N 791 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы қабылданды.

— «Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 шілдедегі N 729 қаулысы қабылданды.

Қазіргі кездегі жылдам өзгеріп отырған экономикалық жағдайда Мемлекеттің сақтандыру (қайта сақтандыру) компаниялардың толыққанды дамуына негіз болатын қысқа мерзімге бағытталған жаңа бағдарламасы қажет.

Бағдарламаның негізгі мақсаттары:

— Сақтандыру саласында перспективті бағыттарды анықтау;

— Қаржылық қатынастар жүйесінде сақтандырудың орны мен рөлін нығайтуға бағытталған мемлекеттік шаралар;

— Сақтандыру саласының заңнамалық базасын жетілдіру.

— Қойылған мақсаттарға жету үшін келесідей міндеттер қойылады:

— Ұлттық сақтандыру қызметінің сенімділігі мен тұрақтылығын нығайту;

— Жеке сақтандыруды сақтандыруға импульс беру;

— Сақтандыру саласының дамыған инфрақұрылымын құру;

— Экстенсивті даму жолын жедел дамуға ауыстыру;

— Жаңа сақтандыру қызмет түрлерін енгізуді активизациялау, сақтандыру қызметің сапасын жақсарту, оларды кеңейту;

— Сақтандыру қызметі субьектілерінің қызметін бақылау формалары мен тәсілдерін жетілдіру;

— Өзара сақтандыру жүйесін дамыту;

— Сақтанушылардың өткізген сақтандыру сыйақыларын қорғау бойынша кепілдеме беру;

— Сақтандыру саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру, соның ішінде міндетті сақтандыру тәсілдерінің тиімділігін арттыру;

— Сақтандыру нарығының қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін нақтырақ анықтау;

— Сақтандыру саласында кәсилігі жоғары мамандарды даярлау;

— Сақтандыру ісін автоматизациялау және ақпараттандыру саласында жаңа технологияларды енгізу;

— Сақтандыру нарығына қатысушылардың қаржылық білімдерін көтеру;

— Потенциалды сақтандырушылар үшін салық режимін оңтайландыру;

— Сақтандырушылардың құқықтарын сотқа дейінгі қорғау институттарын құру, сақтандырушылар қоғамын қолдау;

— Айқын ақпараттық ортаны қамтамасыз ету.

Бағдарламаны жүзеге асыру Мемлекеттің сақтандыру заңнамасының айқын болуына оң әсерін тигіздіреді, бәсекелестік ортаның қалыптасуына, нарық қатысушыларның қаржылық білімдерін көтеруге мүмкіндік береді [52, 95 б]

3) Сақтандыру компанияларының инвестициялық портфелін басқару.

Сақтандыру қызметінің ерекшелігі ретінде сақтандыру компанияларының активтерін басқару жоғары өтімді инвестициялық портфельдің құрылуын қарастырады, ал бұл инвестордың ақшаларға кез келген уақытта қол жеткізуін және компанияның өзіне алған міндеттемелерін уақытында төлеуін қамтамасыз етеді. Сақтандырудың экономикалық мәні оның материалдық зияндардың орнына толтырумен шектелмейді. Сақтандыру қорларында жинақталған қаржылық ресурстарды экономикаға инвестициялаудың маңызды көзі болып табылады. Дамыған мемлекеттерде сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметінің көлемі бойынша банктер және инвестициялық қорлар сияқты институционалды инвесторлармен бәсекелестікке түсе алады. Сондай-ақ

сақтандырушылардың микродеңгейдегі инвестициялық қызметі де сақтандыру компанияларының тұрақты қызметін қамтамасыз етеді.

Біріншіден, сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметі арқылы қажетті мөлшерде сақтандыру қорын қалыптастыру арқылы сақтандыру қызметін көрсетуге мүмкіндік туғызады. Әсіресе бұл инвестициядан түсетін жоспарланған табыс тарифті есептеген кезде ескерілген жағдайда немесе сақтандырушының міндеттемелері ақшалай бірлікте көрсетілген жағдайда маңызды.

Екіншіден, жақсы ұйымдастырылған инвестициялық қызмет сақтандырушының көрсететін қызметінің сапасына әсер етіп, оның нарықтағы орнын айқындайды. Инвестициялық қызмет сақтандыру қызметінің негізгі сипаттамаларына, яғни оның құнына және сақтандырушының міндеттемелерінің шын мәнісінде орындалуына әсер етеді.

Үшіншіден, инвестициялық қызмет сақтандыру компанияларының иелеріне өзінің бизнесін дамытуға және оны дербес басқаруға мүмкіншілік береді. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру арқылы қаржы қорларының көбеюі меншікті қорлардың артуына септігін тигіздіреді.

Сақтандыру қызметінде сақтандыру ұйымдары біріншіден сақтандырылушылардың жарналарын жинақтап, ал сақтандыру оқиғасы болған жағдайда төлемдерін жүзеге асыратын ерекше механизм арқылы ерекшелінеді. Өмірді сақтандыру бойынша төлемдерді жүзеге асыру мерзімі ондаған жылдардан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Ал сақтандырудың тәуекелі жоғары түрлері бойынша сақтандыру келісім шартының мерзімі қысқа болады. Бірақ кез келген жағдайда сақтандыру компаниясының басқаруында белгілі мерзім аралығында бос ақшалай қаражаттар болады. Сондықтан инвестициялық қызмет сақтандырудың табиғатына тән қызмет болып табылады.

Сақтандыру компанияларының инвестициялық қызметке қатысуы олардың инвестициялық әлеуетіне байланысты. Сақтандыру ұйымының инвестициялық әлеуеті – сақтандыру міндеттемелерінен уақытша босатылған және инвестициялық

табыс алу үшін инвестиялауға пайдаланылатын қаржы құралдарының жиынтығы.

Сақтандыру компаниясы инвестициялау үшін қаржы құралдарының жартысын ғана пайдалануы мүмкін. Оған сақтандыру қоры мен меншікті капитал жатады. Сонымен қатар сақтандыру міндеттемелерінен уақытша бос қаржы құралдарына сақтандыру төлемдерін өтеуге дейінгі сақтандыру қоры жатады. Өзінің осы сипатына қарай ол сақтандыру төлемдерінің шын мәнінде өтеу көлеміне байланысты сақтандыру ұйымдарының инвестициялық әлеуетіне әсер етеді. Меншікті капитал - сақтандыру міндеттемелері жоқ және сақтандыру қоры жеткіліксіз болған жағдайда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қаржы құралдары болып табылады. Меншікті капитал жоғары мөлшердегі дәлдікпен жоспарлауға икемді және ол сақтандыру ұйымының сақтандыру әлеуетіне аз мөлшерде әсер етеді. Сурет 16-да сақтандыру компаниясының инвестициялық әлеуетінің құрылымы және оған әсер ететін факторлардың графикалық құрылымы көрсетілген.

Инвестициялық әлеует сақтандыру компаниясының инвестициялауға арналған қаржылық әлеуетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Яғни ол іс жүргізу шығындарын, қарыз қаражаттарын және сақтандыру төлемдерін шегергеннен кейін қалатын қаржылық әлеуетінің бөлігін құрайды. Егер көрсетілген шегерімдер мөлшері сақтандыру қорының және меншікті капиталдың артуына қарағанда көп болса, онда сақтандыру компаниясының қаржылық әлеуеті артқан жағдайында компанияның инвестициялық әлеуеті төмендейтін жағдай туындауы мүмкін. Тәжірибе жүзінде қаржылық әлеуеті жоғары болса да инвестициялық әлеуеті төмен болатын сақтандыру компаниялары да кездеседі.



16-сурет. Сақтандыру компаниясының инвестициялық әлеуеті құрылымының сызбасы.
Дерек көзі: [53] ақпарат көзі негізінде автормен құрастырылды

Инвестициялық әлеуетті нақты инвестициялық жобаларда жүзеге асыру сақтандырушының инвестициялық портфелінің құрылуымен сипатталды. Себебі ол сақтандыру компаниясының инвестициялық қызметті жүзеге асыру арқылы алынған қаржылық құралдардың жиынтығын құрайды. Инвестициялық портфельді құрылымдау сақтандыру компаниясы қабылдаған инвестициялық саясатына және сақтандыру қорларын орналастыру қағидаларына байланысты жүзеге асырылады. Инвестициялық портфель нақты есептік кезеңдегі инвестициялық салымдардың мөлшері мен құрылымын сипаттайды және әрбір сақтандыру компаниясының мақсатын есепке ала отырып құрылады [53, 25б] .

Сондықтан сақтандыру компанияларының инвестициялық портфелін инвестициялардың табыстылығына, өтімділігіне, сенімділігіне әртүрлі талаптары бар және түрлі активтерден тұратын бірнеше портфельден құрылуын қарастырған жөн:

— Пайыздық және дивидиенттік табыстылықты алуына байланысты;

— Курстық құны есебінен табыс алуына байланысты.

Ұзақ мерзімді сақтандыру бойынша резервтерді орналастыру кезінде келесі талаптарды ескеру керек:

— Тұрақты ағымдағы табыстылық;

— Жоғары деңгейдегі сенімділік;

— Құралдардың орташа немесе төмен өтімділігі;

— Ұзақмерзімділік.

Өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру резервтерін орналастыру кезінде келесі талаптарды ескеру керек:

— Жоғары табыстылық;

— Төмен немесе орташа тәуекелділік көлемі;

— Құралдардың орташа немесе жоғары өтімділігі;

— Қысқамерзімділік.

Жоғарыда көрсетілген активтердің талаптарына және факторларына сәйкес сақтандыру компаниясы қаражаттарды орналастыру барысында дивидиент түріндегі белгіленген тұрақты табыс беретін табыс портфелін құруы тиіс.

4) Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының даму перспективалары анықтау:

Елдің сақтандыру нарығын дамыту саласында сақтандырудың бірқатар міндетті түрлері енгізілді, сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры, мемлекеттік аннуитеттік компаниясы, экспорт-импорт кредиттерін сақтандыру жөніндегі мемлекеттік корпорация құрылды, отандық сақтандыру нарығына шетелдің қатысу мүмкіндігі кеңейтілді.

Орта мерзімді перспективада сақтандыру нарығын дамытудың негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар:

- азаматтардың, заңды тұлғалардың, мемлекеттің сақтандыруды қорғаудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру және мемлекет экономикасын дамыту үшін ұзақ мерзімді инвестициялық ресурстарды шоғырландыру жөніндегі шараларды әзірлеу және іске асыру;

- халықты әлеуметтік қорғаудың құралы ретінде өмірді сақтандыруды дамыту міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру;

- халықтың сақтандыру ұйымдарына сенімін және сақтандыру қатынастары барлық субъектілерінің сақтандыру мәдениетін арттыру;

- үздік халықаралық практика негізінде сақтандыру қадағалауын жетілдіру.

Бұдан басқа, сақтандыру ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі дамытуды талап етеді. Негізгі шаралар келесілер:

1. Сақтандыру ұйымдары қызметінің ашықтық деңгейін арттыру (шоғырландырылған қадағалауды жүзеге асыру) - осы сәтте қолданыстағы шоғырландырылған қадағалау туралы заңнамада қаржы ұйымының нақты меншік иесін, қаржы ұйымының шешімдерін анықтайтын аффилиирленген тұлғалар тобын анықтау мүмкіндігі көзделді, қаржы ұйымы қабылдайтын шешімдерге елеулі әсер ететін қаржы ұйымдарының акционерлерін анықтау бөлігінде банктермен сақтандыру және зейнеткерлік заңнаманы біріздендіру жүргізілді.

Жүйелік тәуекелдері бар неғұрлым ірі сақтандыру ұйымдары банк конгломераттарына жатады және оларды шоғырландырылған негізде реттеу банк конгломераты арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар банк конгломератына жатқызылмаған сақтандыру ұйымына шоғырландырылған негізде пруденциялық реттеуді жүзеге асыру мүмкіндігі аз қолданылады.

Бұл кең көлемде олардың арасында қаржы кангломератын құрайтын заңды тұлғалар тобының іс жүзінде жоқтығымен түсіндіріледі.

Осылайша осы бағыттағы келесі саты осы сақтандыру ұйымдары мен олар құрған топтар үшін шоғырландырылған негізде пруденциалдық реттеуді жүзеге асыруға болады.

2. Міндетті сақтандыру жүйесінің тиімділігін арттыру. Қазіргі уақытта Қазақстанда міндетті сақтандыру жүйесі, тұтастай алғанда қалыптасты. Міндетті сақтандырудың енгізілген түрлері субъектілердің ауқымды шеңберін түрлі, оның ішінде қаржылық, әлеуметтік, экологиялық, табиғи, техногендік тәуекелдерден сақтандырумен қамтиды.

Сонымен қатар, міндетті сақтандырудың ұлттық жүйесінің өзінің барлық әлеуетін толық көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейтін бірқатар мәселелері бар.

Міндетті сақтандыру жүйесін неғұрлым нақты ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі мақсатында мыналар:

— сақтандыру ұйымдарының сақтандырудың міндетті түрлері бойынша қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялар алу үшін шарттарды анықтау;

— қаржылық есептілік нысандарын жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;

Үкімет тарапынан сақтандырушылардың міндетті сақтандыру туралы заңнаманы сақтауын мемлекеттік бақылау жүйесін ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдау жөніндегі бірқатар шаралар жүргізілетін болады.

Осымен бір уақытта міндетті сақтандыру жөніндегі заңнаманы жетілдіру бойынша шараларды қабылдау қажет.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру өзекті мәселелерінің бірі сақтандыру тарифтері мөлшерінің республикадағы жол қозғалысы тәуекелдерінің деңгейіне барабарлығы мәселесі болып отыр. Төмен рентабельдікке, ал кейбір сақтандыру ұйымдарында сақтандырудың осы түрі бойынша операциялардың шығындылығына байланысты сақтандыру ұйымдарының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартатын, сақтандыру шарттарын жасасудан бас тартатын, агенттік пункттер санын қысқартатын жағдайлар орын алып отыр, бұл сайып келгенде, сақтандырушыларға және жол-көлік оқиғасының нәтижесінде зардап шеккен тұлғаларға келеңсіз әсер етеді.

Жолдарда апаттардың жоғары деңгейін, елдің автопаркінің икемсіз өсуін және сақтандыру төлемдерінің көлеміне әсер ететін өзге факторларды ескере отырып, көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыруының және тарифтерге байланысты проблемаларға жедел әрекет етудің тұрақты мониторингісін ұйымдастыру қажеттілігі туындайды.

Көлік құралдары иелерінің АҚЖ сақтандыру жөніндегі, оның ішінде сақтандыру жағдайын қарау тәртібін жеңілдету және қысқарту және сақтандыру төлемін жүзеге асыру

мақсатында заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру қажет. Халықаралық тәжірибені және осы жүйені қолдану практикасын ескере отырып, шығындарды тікелей реттеу жүйесін енгізу мүмкіндігі әзірленетін болады.

Жоғарыда көрсетілген стратегия атап айтқанда Қытай мен Ресей сияқты елдерді қамтитын пайдалы, сенімді және қол жетімді транзиттік бағыттарды құра отырып, елдер арасында өсіп отырған сауда байланыстарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Осыған байланысты Еуразия экономикалық қоғамдастығы (ЕурАзЭҚ), немесе Шанхай ынтымақтастығы ұйымы (ШЫҰ) шеңберінде қолданыстағы «Жасыл карта» халықаралық автосақтандыру жүйесіне ұқсас көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандырудың халықаралық жүйесін құру мүмкіндігі әзірленетін болады. ЕурАзЭҚ немесе ШЫҰ шеңберінде көлік құралдары иелерін сақтандырудың халықаралық жүйесін енгізу Мемлекеттің «Жасыл карта» жүйесіне қосылуы жөніндегі жұмысты жалғастыруға, сондай-ақ мемлекетаралық автомобиль қатынасы проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

Отандық практиканы және халықаралық тәжірибені ескере отырып, қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүргізу ережелері мен тәртібін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Бұл ретте экономикалық қызмет түрлерін кәсіби тәуекел топтарына жатқызу тізбесін нақтылау және сақтандырудың осы түрінің басқа шарттарын жаңғырту қажет. Жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру сақтандырудың міндетті түрі болып табылатындығын ескере отырып, оның жүргізудің барлық шарттары айқын және осы құқық қатынастарының барлық қатысушылары үшін түсінікті болуы тиіс. Осыған байланысты сақтандырудың осы түрі бойынша аннуитетті өнімдерге қатысты бірыңғай ең төменгі міндетті талаптарды белгілеу мүмкіндігі зерделенетін болады.

3. Міндетті сақтандыру түрлерін жүзеге асыру кезінде дауларды шешудің соттан тыс тетіктерін құру

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты дауларды жою жөніндегі проблемаларды шешу мақсатында сақтандыру омбудсман түрінде соттан тыс тетіктерді құру қажеттілігі туындады. Дауларды шешуде мұндай тетікті қолдану икемділікке негізделген, ол тұтынушылардың да, сақтандырушылардың да мұқтаждарына неғұрлым сәйкес келеді, атап айтқанда: төмен шығындар, рәсімдердің жылдамдығы мен формалдық емес сипаты, сақтандырушылардың қабылданған шешімді міндетті орындауы.

Сақтандыру омбудсманы институттарын қолданудың дүниежүзілік тәжірибесі үкіметтік агенттіктердің, заңнамалық комитеттердің, сақтандыру ұйымдары өкілдерінің және сақтандыру қызметтері тұтынушыларының тұтынушылар тарапынан сақтандыру қарым-қатынастарын бақылау мақсатында оларды құру жөніндегі мүдделерін біріктіруге негізделген.

4. Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту.

Сақтандыру нарығын дамыта отырып сақтандыру нарығының дамыған инфрақұрылымының болуы үлкен әсер алып отыр. Осыған байланысты сюрвейер, андеррайтер, апат комиссарлары және т.с.с. сияқты сақтандыру нарығы қатысушыларының өкілеттіктерін заңнамалық бекіту талап етіледі. Аталған нарық қатысушыларын дамыту сақтандырылатын тәуекелдерді және сақтандыру жағдайы басталу нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін нақты бағалауды жүзеге асыру қажеттілігімен шартталған.

Сақтандыру ұйымдарының делдалдары - агенттер желісін дамытуға ерекше көңіл бөлінетін болады. Сақтандыру агенттерінің тиімді жұмыс істейтін желісін құру сақтандыру ұйымдарына өз сақтандыру өнімдеріне сату көлемін ұлғайтуға және сақтандырушыларды неғұрлым кең қамтуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Агенттік желісін құрудағы маңызды сәт агенттердің кәсіби даярлығын ұйымдастыру болып табылады. Қандай да бір сақтандыру өнімінің біліктілік, білім, оның арнамысын көрсету деңгейіне тұтастай алғанда сақтандыруды дамыту және атап айтқанда өмірді сақтандыру тәуелді.

Қолданыстағы заңнамаға сақтандыру нарығының аталған қатысушыларының мәртебесін, біліктілік талаптарын, қызметінің шарттары мен жауапкершілігін анықтайтын тиісті түзетулерді енгізу қажет.

Сақтандыру агентінің жеке кәсіпкерлікке жатқызу мәселесін қарау ұйғарылады. Жеке кәсіпкер ретінде сақтандыру агенті қызметінің басымдықтары мыналар болып табылады. Сақтандыру агенттері салық салудың оңайлатылған жүйесін алатын болады, сақтандыру ұйымдары пайда тартуға бағытталған өз қызметінде мүдделі білікті агенттерді алады, ол түптеп келгенде сақтандыру қызметін кеңейтуге және ұсынылатын сақтандыру өнімдер санының артуына, қызметтер ұсыну сапасының жақсаруына әсер етеді. Мемлекеттің атынан уәкілетті органдар сақтандыру ұйымының ішкі құрылымының айқын моделін алады.

Осылайша сақтандыру нарығы инфрақұрылымының бір бөлігі ретінде өзара сақтандыру жүйесін дамытуға көңіл бөлінетін болады. Өзара сақтандыру қазіргі заманғы сақтандыру нарығы элементтерінің бірі болып табылады. Өзара сақтандыру қажеттілігі ең алдымен коммерциялық сақтандырушылар түрлі себептерге: таза шығындар, сақтандыру сомаларының жоғары мәніне байланысты сақтандыруға қабылдаудан бас тартатын тәуекелдердің көп санының болуымен шартталған.

Сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту бөлігінде маңызды мәселе сақтандыру нарығының түрлі қатысушыларын біріктіретін қоғамдық ұйымдарды құру және дамыту болып табылады. Мұндай ұйымдарға оқу бағдарламаларын дайындау, әзірлеу жөніндегі өкілеттіктерді жүктеу және сақтандыру нарығында қызметті жүзеге асыруға пиғылды тұлғаларды оқытуды жүргізу, сондай-ақ сақтандыру нарығына қатысушылардың, оның ішінде сақтандыру агенттерінің, андеррайтерлер мен т.б. қызметін сертификаттау қажет.

Сақтандыру секторын дамытудың маңызды сатысы кепілдік беру институттарының қызметін одан әрі жетілдіру, оны халықаралық практикаға сәйкес келтіру болып табылады. Кепілдікті схемаларды құру мақсаты сақтандыру қызметінің

тұтынушылары және сақтандыру нарығының тұрақтылығын сақтау үшін сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату зардаптарын жұмсартуға негізделген. Сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп таратқан жағдайда сақтандырушылардың құқықтары мен мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету қолданыстағы «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры» акционерлік қоғамының негізгі міндеті болып табылады. Қор міндетті сақтандырудың неғұрлым жаппай түрлері бойынша, атап айтқанда көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі және тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі сақтандыру төлеміне кепілдік береді. 34 сақтандыру ұйымы Қордың қатысушылары болып табылады.

Қордың және сақтандыру ұйымдарының тікелей өзара байланысын ескере отырып Қорды акцияландыру туралы мәселені қарау қажет. Бұл Қордың жұмысын нарық қажеттілігіне бағыттауға, үлкен икемділік пен басқарушылық алуға мүмкіндік береді, бұл Қордың өзінің де, тұтастай алғанда сақтандыру нарығының да елеулі дамуына әкеп соқтырады.

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесін одан әрі кеңейту мақсатында сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне сақтандырудың басқа міндетті түрлерін, сондай-ақ өмірді сақтандыруды кезең- кезеңмен енгізуге бағытталған шараларды қабылдау қажет, өйткені осы сәтте оның барлығынан да артық жоғары әлеуметтік мәнге ие болуына байланысты осындай кепілдіктерге мұқтаж. Кепілдік беру резерві сомасының сақталуы мен көбеюін қамтамасыз ету үшін оларды инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін кеңейту қажет.

5. Сақтандыру ұйымдарын одан әрі капиталдандыру. 5-8 жыл бойы сақтандыру нарығының іс жүзінде өмір сүруі және дамуы кезінде сақтандыру нарығында сақтандыру ұйымдарының банкроттық мысалдары іс жүзінде жоқ. Ішінара бұл уәкілетті органның сақтандыру ұйымын капиталдандыру деңгейіне қоятын талаптарының тұрақты артуымен шартталған, оны барлық сақтандыру ұйымдары уақтылы қамтамасыз ете

алмайды. Осыған байланысты, мәжбүрлеп таратудың себебі жеке меншік капиталдың жеткіліктігі бөлігінде пруденциалдық нормативтерді орындамау, болып табылады. Бұған бірнеше себептер ықпал етеді: акционерлердің мөлшерінің аздығына байланысты капиталдың талап етілетін мөлшерін төлей алмауы (мәжбүрлеп таратылған сақтандыру ұйымдарының көп бөлігі шағын акционерлері бар үлкен емес болып табылады), сондай-ақ жеке меншік капиталдың жеткілікті жоғары өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейтін барабар емес тарифтік саясаты, жылдам пайда алу үшін ашылған бірқатар сақтандыру ұйымдарының алыпсатарлық бағыттылығы және өзге объективті және субъективті факторлар.

6. Сақтандыру ұйымдарын пруденциалдық реттеуді одан әрі жетілдіру. Қазақстан Республикасының пруденциалдық нормативтер ЕС Директиваларына (Solvency) және IAIS қағидаттарына сәйкес келтірілді. Risk based supervision енгізу жолымен пруденциалдық реттеуді одан әрі жетілдіру және Solvency II төлем қабілеттілігі жүйесіне көшу талап етіледі. Мұның бәрі сақтандыру нарығын реттеуге және сақтандыру ұйымының тәуекелдерін басқару жүйесін орнатуға жағдайлар жасайды.

7. Сақтандыру статистикасының базасын қалыптастыру, сақтандыру тарифтерін реттеу.

Қазіргі сәтте Агенттікке сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарифтерін есептеу әдістемесін қарау жөніндегі өкілеттіктер берілген. Көрсетілген өкілеттік объективтік қажеттілікпен шартталған. Айталық, көптеген сақтандыру ұйымдары клиенттерді тарту мақсатында сақтандырудың ерікті түрлері бойынша тарифтердің деңгейін кірістіліктің жеткілікті деңгейін және тиісінше сақтандыру ұйымының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мәннен төмен азайтуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты, сақтандыру статистикасының толыққанды базасы қалыптастырылатын болады, жиналатын деректерді, бірінші кезекте міндетті сақтандыруда u1089 сақтау және өңдеу осы сәтте сақтандыру нарығын дамытудың маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Сақтандыру статистикасының деректерін жинау үшін сақтандыру ұйымдарынан өзге мемлекеттік органдар, оның ішінде ішкі істер, мемлекеттік статистика, еңбек және әлеуметтік қорғау органдары тартылатын болады.

8. Сақтандыру қызметтерін сатуда жаңа технологияларды дамыту.

Бүгінде сақтанушылар неғұрлым алданғандар болып барады және кез келген уақытта сақтандыру қызметтерін беруді талап етеді. Мұның шешімі Интернет-сақтандыру бола алады, ол тұтастай алғанда, әсіресе ерекше консультацияларды талап етпейтін қарапайым сақтандыру өнімдерін тікелей сату мәнін арттырады.

Кейбір деректер бойынша жыл сайынғы дүниежүзілік сақтандыру нарығының интернет-айналымы 250 млн. долларға жетеді, ол Интернет-сатудың жалпы көлемінің 2-2,5%-ын құрайды. Қазіргі уақытта сақтандыру ұйымдары кірістерінің 2 %-ы электрондық коммерцияға келіп отыр. Сондықтан, Қазақстанда Интернет-сақтандыруды дамыту мәселелері әзірленетін болады.

9. Сақтандыру ұйымдарының тәуекел-менеджменті жүйесін жетілдіру.

Сақтандыру ұйымдарының қызметі айқын еместікке негізделетіндігін назарға ала отырып, сақтандыру ұйымдары оның ағымдағы және алда күтілетін қаржы жағдайын қозғауы мүмкін барлық міндеттемелер спектрін ескеру қажет. Осыған байланысты, бүгінгі күні сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерін басқару жүйесін құру мәселесі өзекті болып отыр.

Тәуекелдерді басқару жүйесі тиісті корпоративтік саясат пен рәсімдерді дамытуды, тәуекелдерді өлшеудің сандық әдістерін пайдалануды, олардың тәуекелдеріне сәйкес өнімдер мен қызметтерді бағалауды, тәуекелдердің шектерін белгілеуді, ырықтандыру және хеджерлеу арқылы тәуекелдерді басқаруды, шығындарды жабу үшін «қауіпсіздік жастығын» құруды (міндеттемелер мен капитал тарапынан) қамтиды.

Бұл құралдарды қолдану тәуекел түріне және қадағалау режиміне байланысты.

Сақтандыру ұйымының тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі мақсаты қандай-да бір тәуекелдерді қабылдау мүмкіндігін және оларды өлшеу мен басқару үшін көзқарастарды белгілеуді анықтау болып табылады

Қазіргі күні Қазақстандағы сақтандыру рыногын мемлекеттік реттеу бағатында келесідей шаралар жүзеге асырылған:

1. Сақтандыру қызметтерін тұтынушылардың мүдделерін қорғауды күшейту.

- әлеуметтік аннуитеттік сақтандыруды кепілдендірілген сақтандыру сыныбына қосу;
- сақтандыру қоржынын беру процедурасын енгізу.

2. Өмірді сақтандыруды дамыту.

- өмірді сақтандыру келісім-шарттарын сақтандырылушының сақтандырушының инвестициялары мен пайдасына қатысуымен жасасу тәртібін енгізу.

3. Консолидацияланған бақылау.

- сақтандыру топтары мен холдингтерін реттеу мен бақылаудың негіздерін бекіту.

4. Сақтандыру делдалдығы.

- 2012 жылдан бастап сақтандыру агентіне қолма-қол ақша алуға тиым салынған;
- сақтандыру агентіне қойылатын кәсіптік талаптар, оларды есепке алу және оқыту тәртіптері белгіленді;
- сақтандыру агентінің әкімгершілік жауапкершілігі белгіленген.

5. Сақтандыру сатистикасының толыққанды базасы құрылды.

– 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2013 жылға дейінгі барлық міндетті және ерікті сақтандыру түрлерін енгізу.

6. Тәуелсіз актуарийлер институтының құрылуы.

- штаттық актуарийдің жүргізген міндеттемелерді есептеу мен сақтандыру тарифтерін есептеудің дұрыстығын тәуелсіз бағалау.

7. Сақтандыру рыногының қатысушыларының кәсіби бірлестіктері.

- ішкі құжаттардың тізімі мен негізгі қызметтері белгіленген

8. Санкциялар.

- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын консервациялау режимі енгізілді.

9. Өкілетті органның уәкілі.

- сақтандыру ұйымына бақылау функцияларын жүзеге асыру мақсатында өкілетті органның уәкілін жіберу мүмкіндігі қарастырылды.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдай халықаралық стандарттарға сай және қарқынды дамыған сақтандыру қызметін дамытуды қамтамасыз ететін біртұтас сақтандыру жүйесін құруды талап етеді. Сақтандыру секторы қалыпты дамымай мемлекеттің тұрақты дамуы туралы айту қиын. Сақтандыру қызметі рыногының жеткіліксіз дамуы сақтандыру компанияларына келетін капиталдың аздығынан болып отыр, ол өз кезегінде халықтың ұзақмерзімді жеке сақтандыруға қатысуға экономикалық ынтасының жетіспеушілігінен, халықтың отандық қаржы ұйымдарына деген сенімділігінің төмендігі, әсіресе ұзақ мерзімді салымдар жасауға көп халықтың сенбеуінде болып отыр. Отандық сақтандыру қызметі нарығының дамуын тежеп отырған негізгі себептер тек сақтандыру қызметін ұсыну тәжірибесінің жеткіліксіздігінде ғана емес, сонымен бірге халықтың өмір сүру деңгейінің төмендігі мен төлемқабілеті бар кәсіпорындардың санының аздығында болып отыр. Осы себептер сақтандыру қызметінің потенциалын анықтап және құру механизмдерін жетілдіруге бағытталған және болашақтағы тенденцияларын қорытындылайтын зерттеулердің жоқтығынан болып отыр.

Отандық сақтандыру нарығындағы орын алып отырған мәселелерге және Мемлекеттің қаржы нарығының даму ерекшелігіне байланысты сақтандыру саласын дамыту жолдарын айқындау қажет. Қазіргі таңда отандық сақтандыру қызметі нарығын дамыту талдау ғылыми қызығушылықты тудыруда. Сақтандыру қызметі өркениетті қоғамның ажырамас бөлігі болып табылады. Осыған орай оның даму стратегиясы республиканың жалпы экономикалық дамуының стратегиялық міндеттерімен тығыз байланыста болуы шарт. Қоғам мен нарықтың қазіргі талаптарына жауап беретін тұрақты

сақтандыру қызметін құру өте күрделі күрделі болып табылады және жүргізілетін қайта құрулардың жүйелі тәсілін, әдістемелік негіздерін талап етеді. Сақтандыру нарығы бүгінгі таңдағы жағдайы сақтандыру компанияларының басқа елдерде жүргізетін қызметтерін толығымен орындауға мүмкіндік бермейтін үлгінің айтарлықтай қарама-қайшылықтары және кемшіліктері туралы айтуға мүмкіндік береді.

Сақтандыру ісіне арналған есептер

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін ұйымдастыру

1-есеп. Ашық акционерлік қоғам формасындағы сақтандыру компаниясын құру жоспарланып отыр. Компанияның жарғылық капиталы 180 млн. теңгені құрайды, соның ішінде 60 теңге несиелер есебінен төленген. ***Сұрақ:*** Құзіретті органның шешімі қандай болады? Бұл шешімді (яғни жауабыңызды) түсіндіріңіз.

2-есеп. «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша Жабық акционерлік қоғам формасындағы сақтандыру ұйымын құру жоспарлануда. Ұйымның жарғылық капиталы 140 млн. теңгені құрайды деп күтілуде. Құрылтайшылардың үлестері мынадай тәртіппен орналаспақ: «А» компаниясы – 45 млн. теңге, «Б» компаниясы – 35 млн. теңге, «В» компаниясы – 35 млн. теңге, «Г» компаниясы – 25 млн. теңге. ***Сұрақ:*** Құзіретті органның шешімі қандай болады? Бұл шешімді (яғни өз жауабыңызды) түсіндіріңіз.

Жеке сақтандыру

1-есеп. Өмірді аралас сақтандыру бойынша 5 жылға сақтандыру келісімі жасалуда. Айлық сақтандыру жарнасы – 1000 теңге. Бүкіл 5 жыл ішіндегі сақтандыру жарналарының сомасын есептеңіздер.

2-есеп. Өмірді аралас сақтандыру келісімі бойынша 200 мың. теңге мөлшерінде сақтандыру сомасы қарастырылған. Сақтандыру мерзімі шеңберінде сақтанушыға қолайсыз

жағдайға байланысты 30 мың теңге төленді, 50 мың теңге көлемінде несие берілді. Аталған несие қайтарылған жоқ және сақтанушы 3 мың теңге көлеміндегі жарналарды төлеген жоқ. Сақтандыру мерзімі біткеннен кейінгі сақтандыру төлемінің сомасын анықтау керек.

3-есеп. Медициналық сақтандыру келісімі бойынша 100 мың теңге көлемінде сақтандыру сомасы белгіленген. Келісімге сәйкес сақтандырылған тұлғаға медициналық қызмет көрсету шығындары 110 мың теңгені құрайтыны туралы сақтандырушыға шот ұсынылды. Соның ішінде 20 мың теңгені құрайтын медициналық қызмет сақтандыру келісімімен қарастырылмаған. Сақтандыру төлемінің сомасын анықтау керек.

4-есеп. Қолайсыз жағдайлардан сақтандыру келісімі бойынша 100 мың теңгелік сақтандыру сомасы белгіленген. Қолайсыз жағдайдан (ауыр жарақат) зақымданған сақтандырылған тұлға сақтандырушыға 20 мың теңге мөлшеріндегі емделу шығындары туралы шот ұсынды. Егер, сақтандыру келісімі бойынша сақтандыру төлемі сақтандыру сомасынан 15% мөлшерінде белгіленген болса, сақтандыру төлемақысының сомасын анықтау керек.

5-есеп. Зейнетақылық аннуитетті сақтандыру келісімі бойынша сақтандырылған тұлға 20 жыл ішінде (келісімнің күшіне ену мерзімі басталғанға дейін) 210000 теңге сомасында (ай сайын 875 теңге) сақтандыру жарнасын (сақтандыру сыйақысын) төлеуі тиіс. Алайда, 192 айдан кейін сақтанушы төлемдерді тоқтатты, осыған байланысты сақтандыру келісімі бойынша қарастырылған сақтандыру сомасы осы мерзімге пропорционалды шамада қысқартылды. Егер келісім бойынша бастапқы мөлшері 5000 теңге деп белгіленген болса, сақтандырылған тұлғаның алатын зейнетақы сомасын анықтау керек.

Мүліктік сақтандыру

1-есеп. Үй мүлкін сақтандыру келісімі бойынша сақтандыру сомасы 400 мың теңгені, сақтандыру тарифі 1%-ды құрайды. Егер есептелген сақтандыру сыйақысынан 20%

шегерім қарастырылған болса, төленуі тиіс сақтандыру сыйақысының сомасын анықтау керек.

2-есеп. Компанияның негізгі қорларының тозу құнын шегеріп тастағандағы толық құнын сақтандыру келісімі жасалуда. Негізгі қорлардың құны 20 млн. теңге, тозу құны 20%, сақтандыру тарифі 1%. Сақтандыру сыйақысының сомасын есептеңіздер.

3-есеп. Құны 4 млн. теңге тұратын қойманың ғимараты толық жарамсыз болып қалды, оның қалдықтарының құны 100 мың теңге. Келісім бойынша сақтандыру сомасы 3 млн. теңге болса, бірінші тәуекел жүйесі бойынша сақтандыру төлемін есептеу керек.

4-есеп. Құны 4 млн. теңгені құрайтын дүкеннің ғимараты 2 млн. теңге сомасына сақтандырылған. Қолайсыз оқиғаның нәтижесінде оған 200 мың теңге мөлшерінде зиян келді. Келісім бойынша 10 мың теңгелік сөзсіз франшиза орнатылған болса, пропорционалды қамтамасыз ету жүйесі бойынша сақтандыру төлемін анықтау керек.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру

1-есеп. Жұмыс берушінің кінәсінен болған өндірістегі қолайсыз оқиғаға байланысты жұмысшыға 2-топтағы мүгедектік белгіленді. Осыған байланысты жұмысшыға 2 еселік жылдық еңбекақы мөлшерінде өтемақы төленеді. Сонымен қатар, жұмыс беруші жұмысшының емделу шығындарын да төлеуі тиіс. Сақтандыру сомасы 400 мың теңге, жылдық еңбекақы 180 мың теңге, ал зақымданушының емделуге кеткен шығындары 65 мың теңге болса, сақтандыру төлемінің сомасын анықтау керек.

2-есеп. Нотариустың АҚЖ сақтандыру бойынша сақтандыру сомасы 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бекітіледі, сақтандыру тарифі 4%. Сақтандыру сыйақысының мөлшерін анықтаңыз. (Айлық есептік көрсеткіш 1030 теңге).

3-есеп. Салымшының банкке салған депозиті 650 мың теңгені құрайды. Аталған банк банкрот болған жағдайдағы салымшыға тиісті сақтандыру төлемінің сомасына анықтау керек.

Көліктік сақтандыру

1-есеп. Құны 10 млн. теңге тұратын автомобиль 6 млн. теңгеге сақтандырылған. Жол апаты нәтижесінде аталған автомобильге 200 мың теңге мөлшерінде зиян келді. Пропорционалды қамтамасыз ету жүйесі бойынша сақтандыру төлемінің сомасын анықтау керек.

2-есеп. Жол апаты нәтижесінде зақымданушының денсаулығына зиян келіп, 50 күн ішінде еңбек қабілетінен айрылды. Көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру шарттары бойынша зақымданушыға тиісті сақтандыру төлемінің сомасын анықтау керек. (Айлық есептік көрсеткіш – 1030 теңге).

3-есеп. Тасымалдаушының кінәсінен жолаушыға 240 мың теңге мөлшерінде материалдық шығын келді. Зақымданушыға тиісті сақтандыру төлемін анықтау керек. (Айлық есептік көрсеткіш – 1030 теңге).

Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандыру

1-есеп. Сақтандыру оқиғасының орын алуына байланысты кәсіпорын жиырма күн бойы қызмет етуін тоқтатуға тура келді. Өндірістің тоқтап қалуынан келген жалпы зиянның мөлшері 200 мың теңгені құрайды. Сақтандыру келісіміне сәйкес өндірістің тоқтап тұрған 15 күні үшін ғана зиянның орны толтырылатын болса, сақтандыру төлемінің сомасын анықтау қажет.

2-есеп. Қарызгер банктен алған 600 мың теңге несиесін, соның ішінде

100 мың теңге пайыздарды, қайтара алмады. Несиелік тәуекелдерді сақтандыру келісімі бойынша пайыздарды ескермегенде 800 мың теңге мөлшерінде сақтандыру сомасы белгіленген, шартты франшиза – 200 мың теңге. Сақтандыру төлемінің сомасын анықтау керек.

Сақтандырушының төлем қабілетін және қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету

1-есеп. Сақтандыру компаниясының меншікті капиталының мөлшері 150 млн. теңге, сақтандыру резервтері 80 млн. теңге сомасында қалыптасқан. Сақтандыруға жататын

мүліктік кешеннің баланстық құны 30 млн. теңгені құрайды. ***Сұрақ:*** «Сақтандыру қызметі туралы» Заңның 46-бабының шарттарын ескере отырып, мүліктік кешеннің қандай сомаға сақтандырыла алатынын анықтау керек.

Бірлесіп сақтандыру және қайта сақтандыру

1-есеп. Сақтандыру сомасы 50 млн. теңгені, сақтандыру сыйақысы 500 мың теңгені құрайтын сақтандыру келісімі 40% мөлшерінде қайта сақтандыруға берілді, комиссиялық сыйақы – 10%. Анықтау керек: а) қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сомасының бөлігін; б) қайта сақтандырушыға төленуі тиіс сақтандыру төлемінің бөлігін.

2-есеп. Қайта сақтандыру келісімі шығындар эксцеденті шарттары бойынша жасалған. Қайта сақтанушының меншікті ұсталымдары 200 мың теңге, қайта сақтандырушының лимиті 300 мың теңге, сақтандыру төлемінің сомасы 750 мың теңге мөлшерінде есептелген. Қайта сақтанушының және қайта сақтандырушының үлестері бойынша сақтандыру төлемінің сомасын есептеу керек.

3-есеп. Сақтандыру келісімі 500 мың теңге сақтандыру сыйақысының сомасына жасалған және келесі шарттар бойынша шығындылық эксцеденті принципі бойынша қайта сақтандырылған: қайта сақтанушының үлесі зиянның 80%, қайта сақтандырушының үлесі зиянның 80-110%. Сақтандыру төлемі жалпы 750 мың теңге сомасында есептелген. Қайта сақтанушының және қайта сақтандырушының үлестері бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасын анықтау керек.

Әдебиеттер тізімі

1 **Касаткин С.Е.** Страхование в системе воспроизводственных отношений: дис. канд. эконом. наук: 08.00.01. – М., 2003. – 150 с.

2 Қазақстан Республикасы. Заң. Сақтандыру қызметі туралы 2000 жылғы 18 желтоқсандағы № 126-II Заңы (2003 жылдың 10 наурызында өзгертулер мен толықтырулар енгізілген, №483-II) // www.afn.kz.

3 **Коньшин Ф.** Государственное страхование в СССР. – М.: Госфиниздат, 1949. – 320 с.

4 Страховое дело / под ред. проф. Л.И. Рейтмана. – М., 1992. – 298 с.

5 **Шихов А.К.** Страхование: учебное пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001. – С. 19, 69, 70.

6 **Мельников В.Д.** Основы финансов: учебник. – Алматы: ТОО "Издательство LEM", 2005. – С. 440, 451.

7 **Шахов В.В.** Страхование: учебник для вузов. – М.: Страховой полис, ЮНИТИ, 1997. – С. 15.

8 **Воблый К.Г.** Основы экономики страхования. – М.: АНКИЛ, 1995. – С. 21.

9 **Жуйриков К.К.** Страхование: одна из платформ казахстанского барса. – Алматы: РПГ «Біз-Мы», 1998. – 272 с.

10 **Маянлаева Г.И.** Организация страхового дела в Республике Казахстан. – Алматы, 2000. – С. 110.

11 **Белых В.С., Кривошеев И.В.** Страховое право. – М.: НОРМА, 2001. – С. 14.

12 **Прокошин В.А., Косаренко Н.Н.** Финансово-правовое регулирование страховой деятельности в современной России: учеб. пособие. – М.: Флинта: Национальный институт бизнеса, 2004. – 208 с.

13 Гражданское право. – Том II: Учебник для вузов (академический курс) / отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. – Алматы, 2000. – С. 511.

14 **Макконелл К.Р., Брю Л.С.** Экономикс: Принципы, проблемы и политика. – Таллин, 1992. – Т.1. – 400 с.

15 **Пылов К.Н.** Категории страхования // Вестн. РОСС. – 1999. – № 1. – С. 34-37.

16 **Шахов В.В.** Введение в страхование: экономический аспект. – М.: Финансы и статистика, 2005. – 124 с.

17 Страхование от А до Я: кн. для страхователей / под ред. Л.И. Корчевской, К.Е. Турбиной. – М.: ИНФРА-М, 1996. – 624 с.

18 **Гомелль В.Б., Туленты Д.С.** Страховой маркетинг: актуальные вопросы методологии, теории и практики. – М., 2000. – С. 20-21.

19 **Храмов, В.В.** Использование инструментов маркетинга при разработке страхового продукта // Страховое дело. – 2003. – № 9. – С. 33-41.

20 **Жуйриков, К.К., Назарчук, И.М., Жуйриков, Р.К.** Страхование: теория, практика, зарубежный опыт. – Алматы: ОФ «БИС», 2000. – 384 с.

21 **Юлдашев, Р.Т.** Страховой бизнес: слов.-справ. – М.: Анкил, 2005. – С. 803.

22 Қазақстан Республикасы. Президент (1991–1994 жж.; Н.Ә. Назарбаев). Сақтандыру нарығын құру және дамыту бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық шаралар туралы: ҚР Президентінің 1994 жылғы 9 сәуірдегі Жарлығы // www.afn.kz.

23 Қазақстан Республикасы. Президент (1991–1998 жж.; Н.Ә. Назарбаев). Мемлекеттік басқару органдарын оңтайландыру бойынша алдағы шаралар туралы: ҚР Президентінің 1994 жылғы 30 маусымдағы Жарлығы // www.afn.kz.

24 Қазақстан Республикасы. Президент (1991–2004 жж.; Н.Ә. Назарбаев). ҚР мемлекеттік басқару жүйесін келешекте жетілдіру туралы: ҚР Президентінің 2004 жылғы 6 қаңтардағы Жарлығы // www.afn.kz.

25 Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығын дамытудың 2004–2006 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылдың 1 шілдесіндегі №729 Қаулысы // www.afn.kz.

26 Қазақстан Республикасы. Заң. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру Қоры туралы. № 423–11 2003 жылдың 3

маусымындағы Заңы // www.afn.kz.

27 Қазақстан Республикасы. Үкімет. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2007–2011 жылдарға арналған Концепциясы туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 25 желтоқсанындағы № 1284 Қаулысы // www.afn.kz.

28 Қазақстан Республикасы. Заң. Өзара сақтандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 5 шілдесіндегі № 164-III Заңы // www.afn.kz.

29 Қазақстан Республикасы. Заң. Сақтандыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 20 ақпандағы Заңы // www.afn.kz.

30 **Жуйриков К.К.** Страхование в рыночной экономике // Каржы-Каражат. – 1997. – № 10. – С. 83-86.

31 **Жуйриков К.К.** Страхование: одна из платформ казахстанского «барса». – Алматы: РПГ « Біз-Мы», 1998. – С. 228-229.

32 **Курманов Ж.** Страховой рынок в Казахстане пока еще не играет значительной роли в экономике и в жизни населения и практически находится на начальном этапе своего развития // Панорама. – 2000. – № 11. – С. 10.

33 **Назина, Т.** Секьюритизация перестраховочных обязательств: зарубежный опыт // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2003. № 2. – С. 46-50.

34 **Абуова, С.** Основные проблемы инвестиций страховой компаний // Транзитная экономика. – 2003. – № 5. – С. 61-63.

35 **Курмангалиева А.** Проблемы интеграции страховых компаний Казахстана в мировой рынок страховая // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2003. – № 2. – С. 40-45.

36 **Батыргожин Н.** Итоги государственной программы развития страхования в Республике Казахстан на 2000-2002 годы // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2003. – № 2. – С. 34-39.

37 **Маянлаева Г.И.** Методические основы финансового менеджмента страховой компании // В сб.: Конкурентоспособность национальной экономики в условиях глобализации: проблемы и пути ее повышения: материалы международной научно-практической конференции – Алматы: Университет международного бизнеса, 2004. – С. 124-126.

38 **Маянлаева Г.И.** Особенности в организации страхового дела // Каржы – Каражат. – 2005. – № 1. – С. 34-36.

39 **Исатаев Э.** Риск-менеджмент на казахстанском фондовом рынке: веяние моды или реальная необходимость // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2004. – №4. – С. 29-31.

40 **Бахмутова Е.Л.** Стабильная деятельность банков возможна при наличии у них политики и практики управления рисками // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2004. – № 4. – С. 27-28.

41 **Касымканова Г.** Риск-менеджмент в страховом секторе // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2005. – № 2. – С. 16-17.

42 **Душанов Э.** Казахстанскому риск-менеджменту один год // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2005. – № 2. – С. 9-10.

43 **Абишев М.** Риск-менеджмент в банках // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2005. – № 2. – С. 11.

44 **Маянлаева Г.** Страховой рынок Казахстана: состояние, проблемы и тенденции развития // Финансовый бизнес. – 2005. – № 2. – С. 58-60.

45 **Сембеков А.С.** Стратегическое управление процессом многовекторного развития рынка страховых услуг // Қаржы-Қаражат – Финансы Казахстана. – 2000. – № 3. – С. 20-24.

46 **Жуйриков К.К.** Страховой бизнес Казахстана. – Алматы: Жибек Жолы, 1997. – 128 с.

47 **Маянлаева Г.И.** Организация страхового дела в Республике Казахстан. – Алматы, 2000. – 135 с.

48 2000–2009 жылдардағы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің жылдық есебі // www.nationalbank.kz.

49 2004–2009 жылдардағы ҚР қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу бойынша Агенттіктің есебі // www.afn.kz.

50 Қаржы нарығының жағдайы туралы: ҚР қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау және реттеу бойынша Агенттігі // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2006. – № 1-2. – С. 7.

51 **Рамазанов, Н.** Год рекордного роста и нарастающих рисков // Деловая неделя. – 2004. – 2 февраля.

52 Сақтандыру компанияларының қаржы-экономикалық көрсеткіштері // www.afn.kz.

53 Қазақстан Республикасы. Заң. Өзара сақтандыру туралы: Қазақстан Республикасының № 163-III 2006 жылдың 5 шілдесіндегі Заңы // www.afn.kz.

54 Қазақстан Республикасы. Заң. Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы: Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1 шілдесіндегі № 446-II Заңы // www.afn.kz.

55 Қазақстан Республикасы. Заң. Тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы: Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 1 шілдесіндегі № 444-II Заңы // www.afn.kz.

56 Қазақстан Республикасы. Заң. Қызметкердің еңбек (қызметтік) міндетін орындау кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зияны үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы: Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 7 шілдесіндегі № 30-III Заңы // www.afn.kz.

57 Қазақстан Республикасы. Заң. Міндетті сақтандыру түрлері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 07 мамырындағы № 244 Заңы // www.afn.kz.

58 Қазақстан Республикасы. Заң. Туроператордың және турагенттің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы: Қазақстан Республикасының 2003 жылдың 31 желтоқсанындағы № 513-II Заңы // www.afn.kz.

59 Қазақстан Республикасы. Заң. Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы: Қазақстан Республикасының 2004 жылдың 10 наурызындағы № 533-II Заңы // www.afn.kz.

60 **Айдарханова А.М.** Управление стратегическим развитием страхового рынка Республики Казахстан: дис. канд. экон. наук: 08.00.05. – Алматы, 2008. – 148 с.

61 **Поспелов И.Г.** Модели экономической динамики, основанные на равновесии прогнозов экономических агентов. – М.: ВЦ РАН, 2003. – 200 с.

62 Управление современной компанией / под ред. Б. Мильнера и Ф. Лииса. – М.: ИНФРА-М, 2001. – С. 349.

63 **Губарь, О.В., Кухмиров, П.С.** Воздействие трансформации собственности на динамику страховых отношений: монография / РГЭУ. – Ростов на/Д., 2000. – 187 с.

64 **Цветкова Л.** Концепция трактовки понятия «страховой риск» как атрибута страхового продукта // Страховое дело. – 2005. – № 3. – С. 48-50.

65 **Балабанов И.Т.** Риск – менеджмент. – М.: Финансы и статистика, 2004. – 213 с.

66 **Шахов В.В.** Теория и управление рисками в страховании. – М.: Финансы и статистика, 2003. – 223 с.

67 **Агафонова И.П.** Страхование в системе риск – менеджмента предприятия // Страховое дело. – 2005. – № 9. – С. 14-27.

68 **Бахмутова Е.Л.** Стабильная деятельность банков возможна при наличии у них политики и практики управления рисками // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2004. – № 4. – С. 27-28.

69 **Қасымқанова, Г.** Риск-менеджмент в страховом секторе // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2005. – № 2. – С. 16-17.

70 **Гранатуров В.** Экономический риск: сущность, методы измерения, пути снижения, учебное пособие. – 2-е изд. – М.: Издательство «Дело и Сервис», 2002. – С. 9.

71 **Фабоцци Ф.** Управление инвестициями / пер. с англ. – М.: ИНФРА-М, 2000. – С. 76.

72 **Базарбаев А.О.** Мемлекеттің сақтандыру компаниялары: инвестициялық қызметінің басымдықтары және жетілдіру механизмі: эконом. ғыл. канд. дис.: 08.00.10. – Алматы, 2008. – 159 б.

73 **Бирман Г., Шмидт С.** Экономический анализ инвестиционных проектов / пер. с англ. – М.: Банки и биржи, ЮНИТИ, 1997. – 631 с.

74 Цели и принципы регулирования инвестиционной деятельности страховых компаний // Страховое дело. – 2001. – № 5. – С. 23-26.

75 **Дурович А.П.** Маркетинг в предпринимательской деятельности. – М.: НПЖ "Финансы, учет, аудит," 1997. – 464 с.

76 **Дихтль, Е., Хершген Х.** Практический маркетинг: учебное пособие // под ред. И.С. Минко. – М.: Высшая школа, 1995. – 230 с.

77 **Шеденов У.К., Ильясов Д.К.** Теория маркетинга и менеджмента в сфере услуг: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 154 с.

78 **Leonard L. Berry** and **Parasuraman A.** Marketing Service: Competing through quality. – New York: Free Press, 1991. – P. 136-142.

79 **Гончарова Н.П., Перерва П.Г.** и др. Маркетинг инновационного процесса: учебное пособие. – М.: Высшая школа, 2001. – 267 с.

80 **Лукинов А.И.** Основные направления развития страхового рынка Германии // Страховое дело. – 2003. – № 2. – С. 50-58.

81 **Орлов И.В.** Страховые рынки промышленно развитых стран в новом тысячелетии // Финансы. – 2005. – № 5. – С. 60-63.

82 **Маршак А.** Слияния и поглощения для реструктуризации и повышения прибыльности бизнеса // http://www.e-cutive.ru/analytics/.

83 **Пирогов А.Н.** Слияния и поглощения компаний: зарубежная и российская теория и практика // Менеджмент в России и за рубежом. – 2001. – № 5. – С. 6-12.

84 **Herbert G. Schmidt.** Social Security, Sozialpolitik und Versicherung.
In: Der moderne Kapitalismus und Versicherung. Versicherungswissenschaftliche Untersuchungen Publication in Honour of Hirokichi Innami // Tokyo. – 1964. – P. 343-371.

85 **Жугунисова Ж.В.** Направления развития страхового рынка Казахстана // Банки Казахстана. – 2006. – № 7. – С. 52-55.

86 Факторно-целевое регулирование экономики: теория, методология, механизм / под ред. М.Б. Кенжегузина. – Алматы: ИЭ МОИ РК, 2002. – С. 268.

87 Президент Республики Казахстан. О дальнейших мерах по реализации Стратегии развития Казахстана до 2030 года: указ от 4 декабря 2001 года № 735 // Казахстанская правда. – 2001. – 12 декабря.

88 **Сембеков А.К.** Страховой потенциал современного рынка страховых услуг Казахстана // Банки Казахстана. – 2004. – № 12. – С. 55-59.

89 **Сембеков А.К.** Стратегическое управление процессом многовекторного развития рынка страховых услуг // Банки Казахстана. – 2004. – № 3. – С. 3.

90 **Иванов М., Бутабаева А.** Страховой рынок Казахстана: проблемы и тенденции развития // Рынок ценных бумаг Казахстана. – 2005. – № 1. – С. 19-24.

91 **Назарбаев Н.** Казахстан 2030: Процветание и безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы: «Credo», 1999. – 68 с.

92 Готовы ли страховые компании Казахстана к вступлению в ВТО? // Рынок страхования. – 2006. – № 6. – С. 7-8.

93 **Салимбаев Д.** Экономическое содержание, действие, назначение и применение в Казахстане директив Европейского союза по страхованию // Финансы и кредиты. – 2006. – № 12. – С. 18-26.

94 **Herbert G. Schmidt.** The Social-Information-System of the Federal Republic of Germany. Social Innovation by Information Technology. Kiel –Eutin. – 1977. – P. 288-315.

95 **Назарбаев Н.А.** Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Казақстан халқына жолдауы «Мемлекеттің бәсекеге қабілетті 50 елдер қатарына ену стратегиясы» // Егемен Қазақстан. – 2006. – 2 наурыз.

96 ҚР Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім және Ерекше бөлім. Алматы Юрист – 2004 ж.

97 ҚР 2000 жылдың 18 желтоқсанындағы «Сақтандыру қызметі туралы» Заңы. Алматы Юрист – 2006 ж.

98 ҚР Салық кодексі. Алматы Юрист – 2006 ж.

99 Қазақстан Республикасындағы 2000-2002 жылдардағы сақтандыруды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Егемен Қазақстан, 5.12.2000 ж.

100 ҚР 25.04.2003 ж. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңы, Егемен қазақстан, 01.05.2003 ж.

101 ҚР 03.06.2003 ж. «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру туралы» Заңы, Егемен Қазақстан, 08.06.2003 ж.

102 ҚР 11.06.2003 ж. «Жеке нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы, Егемен Қазақстан, 14.06.2003 ж.

103 ҚР 13.06.2003 ж. «Аудиторлардың және аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы, Егемен Қазақстан, 18.06.2003 ж.

104 ҚР 01.07.2003 ж. «Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы, Егемен Қазақстан, 07.07.2003 ж.

105 ҚР 01.07.2003 ж. «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы, Егемен Қазақстан, 08.07.2003 ж.

106 ҚР 31.12.2003 ж. «Туроператорлардың және турагенттердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заңы, Егемен Қазақстан, 13.01.2004 ж.

107 ҚР 10.03.2004 ж. «Өсімдік өсірудегі міндетті сақтандыру туралы» Заңы, Егемен Қазақстан, 16.03.2004 ж.

108 ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 20.04.2001 ж. №117 «Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымының жарғылық және меншікті капиталының ең төменгі мөлшерін бекіту туралы» Қаулысы

109 ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 04.07.2003 ж. №200 «Жеке тұлғалардың екінші деңгейлі банктердегі салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдендіру (сақтандыру) ережелері» Қаулысы, ҚР Ұлттық банкінің Хабаршысы, №17, 2003 ж.

110 ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 04.07.2003 ж. №201 «Жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық кепілдендірудің (сақтандырудың) қызмет етуі және мұндағы Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің қатысуы ережелері» Қаулысы, ҚР Ұлттық банкінің Хабаршысы, №17, 2003 ж.

111 Жуйриков К.К. Нарық и бизнес: страхование рисков. Алматы «Каржы-Каражат» – 1997 ж.

112 Жуйриков К.К. Страхование: одна из платформ казахстанского барса. Алматы РПГ «Біз - Мы» – 1998 ж.

113 Жуйриков К., Назарчук И. Страхование: без прошлого и настоящего нет будущего. Алматы РПГ «Біз - Мы» – 1998 ж.

114 Жуйриков К., Назарчук И. Жуйриков Р. Страхование: теория, практика, зарубежный опыт. Алматы ОФ «Бис» – 2000 ж.

115 Жуйриков К.К., Назарчук И.М., Омаров А.Ж., Раимов С.Р., Баяхметова А.Т. Транспортные риски и страхование. Алматы – 2003 ж.

116 Қазақстан Республикасының "Сақтандыру қызметі туралы" 2002 жылғы 18 желтоқсандағы Заңы

117 Статистикалық жылдық басылым - 2003

118 Ілиясов Қ.Қ., Құлпыбаев С. "Қаржы", Алматы 2005

119 Маянлаева Г.И. "Организация страхового дела в Республике Казахстан", Алматы 2002

120 Л.Н.Гостенко "Страхование", Алматы 2003

121 "Қаржы-Қаражат" журналы, 2003 ж. №6

122 "Қаржы-Қаражат" журналы, 2003 ж. №4

123 "Банки Казахстана" журналы, 2004 ж. №5

124 "Банки Казахстана" журналы, 2004 ж. №12

125 "Страховое дело" журналы, 2005 ж. №2

126 "РЦБК" аналитикалық журналы, 2004 №6

127 "РЦБК" аналитикалық журналы, 2005 № 1

128 Тинасилов М.Д., «Проблемы развития сотрудничества по инновационным предпринательстве в странах СНГ» // В сб материалов конференции социально-экономические проблемы и пути ее повышения: материалы международной научно-практической конференции – Алматы: Изд. РГП экономики АПК, 2003.

129 Тинасилов М.Д., «Эффективность работы фондовыз бирж» Алматы: Изд. Агроуниверситет, 2004.

130 Тинасилов М.Д., Үркүмбаева Ә.Р. «Мировой опыт ведения страхового дела» // В сб. Международного научного форума: Стратегия развития новой экономической политики. Вестник КНУ вып.2 Бишкек 2009.

131 Тинасилов М.Д., Үркүмбаева Ә.Р. «Страхование транспортных стредств» // В сб материалов конференции. Каз АТК 1 том. Алматы 2010

132 Тинасилов М.Д., Үркүмбаева Ә.Р. «Опыт страховой деятельности США на инновационном рынке экономики» // Тезисы докладов 2-ой международной конференции. Бишкек, НАН КР, 4 ноября 2010.

133 Тинасилов М.Д., Үркүмбаева Ә.Р. «Инновационное развитие страхового дела в Германии» // Тезисы докладов 2-ой международной конференции. Бишкек, НАН КР, 4 ноября 2010.

134 Тинасилов М.Д., Үркүмбаева Ә.Р. Баймолдаева М.Т. «Отандық сақтандыру қызметін шетел тәжірибесі арқылы дамыту» // Ғаламдық экономикалық үдерістердің тұрақсыздығы жайындағы инновациялық даму атты халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция: Қаз ҰУ Алматы 9-10 желтоқсан 2010.

135 Муканов К.Н. Страховая деятельность Великобритании Тезисы докладов II международной конференции. Бишкек, НАН КР, 4 ноября 2010 г.

136 Муканов К.Н. Инновационное развитие страхового дела в Германии Тезисы докладов II международной конференции. Бишкек, НАН КР, 4 ноября 2010 г.

Қосымша 1

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы сақтандыру компанияларының қаржы-экономикалықкөрсеткіштері (мың теңгемен)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары атауы	Активтер	Таза сақтандыру резерві	Меншік капитал	Жарғылық капитал
"СК "Виктория" АҚ	42 259 071	5 975 145	35 996 130	500 000
"СК "Еуразия" АҚ	41 086 992	12 804 814	25 568 092	200 000
"БТА Сақтандыру" АҚ	26 851 062	4 973 998	20 921 800	1 364 000
"КИС "Халық-Казахинстрах" АҚ	16 960 101	6 819 376	8 379 196	2 540 010
"Казкоммерц-Полис" СК" АҚ	16 291 845	6 904 872	5 903 354	312 590
"СК "Альянс-Полис" АҚ	11 175 589	3 688 427	6 857 102	2 500 000
"СК "АМСГ" АҚ	10 866 653	3 115 328	7 252 108	206 000
"СК "Лондон-Алматы" АҚ СП	10 636 978	3 136 921	6 877 842	1 500 000
"Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ	9 629 207	225 241	8 116 405	7 700 000
"СК "ЭйАйДжи Казахстан" АҚ	9 317 602	7 995 649	936 001	664 400
"Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ	8 635 233	3 931 197	3 765 858	1 500 000
"Allianz Kazakhstan СҚ" АҚ	7 991 629	4 937 031	2 647 818	1 725 000
"ТұранӘлем Банкінің өмірді сақтандыру жөніндегі "БТА Жизнь" еншілес компаниясы" АҚ	7 846 632	4 273 638	3 393 406	450 000
"СК Amanat insurance" АҚ	4 906 900	2 929 711	1 756 210	210 000
"СК "Алтын-Полис" АҚ	3 145 126	1 894 624	1 097 519	666 600
"PREMIER СТРАХОВАНИЕ" АҚ	2 831 692	566 067	1 862 580	625 000
"КСЖ Мемлекет. аннуитеттік компания" АҚ	2 801 455	1 686 625	1 103 666	1 156 711
"АСК "Коммеск-Өмір" АҚ	2 722 973	823 978	1 809 627	300 000
СК "НОМАД Иншуранс" АҚ	2 675 398	1 186 185	968 001	405 000
"ТұранӘлем Банкінің "БТА Забота" еншілес сақтан-дыру компаниясы" АҚ	2 250 217	936 794	1 296 976	400 000

"СК "Сентрас Иншуранс" АҚ	2 220 439	982 843	959 838	707 000
"СҰ "ЦАСО" АҚ	2 216 148	154 734	2 058 667	100 110
"Астық сақтандыру компаниясы" АҚ	1 58534	173 744	1 400 246	612 420
"СК "ТрансОйл" АҚ	1 548 795	588 526	904 707	600 000
"КСЖ "Халық-Life" АҚ	1 532 953	581 350	889 204	950 000
"СК "Атланта-Полис" АҚ	1 532 230	608 663	828 440	498 800
"КСЖ "Казкоммерц-Life" АҚ	1 337 019	618 522	673 183	1 090 000
"СК "Қазақмыс" АҚ	1 308 581	395 896	886 512	650 000
"Чешска поиштовна" АҚ ӨС ЕК - Чешская Страховая Компания Казахстан" АҚ	1 299 027	214 120	1 070 081	1 000 000
"Нұрполис" сақтандыру компаниясы" АҚ	1 262 615	471 197	730 937	100 000
"Alliance-Өмірді сақтандыру "Сақтандыру компаниясы" АҚ	1 234 876	225 730	997 086	1 000 000
"СК "АСКО" АҚ	1 188 396	429 407	693 298	303 900
"КК ЗиМС "ИНТЕРТИЧ" АҚ	1 080 778	299 861	760 973	120 000
"Астана-финанс"СК" АҚ	1 064 922	232 816	806 092	800 000
"СК "Алатау" АҚ	1 040 081	267 698	765 227	400 000
"СК "Пана Иншуранс" АҚ	955 280	233 116	535 507	200 000
КСЖ "Валют-Транзит Life" АҚ	919 464	403 673	512 292	700 000
"Астана-финанс"ӨСК" АҚ	871 898	64 357	800 379	800 000
"СК "Эко Полис" АҚ	784 914	176 450	568 774	561 430
"СК "САЯ" АҚ	682 431	184 427	477 448	480 073
"Гарантия" СҚ" АҚ	593 098		592 657	550 000
"НСК "НАСКО-Казахстан" АҚ	588 595	42 952	535 651	625 000
"СК "Темір Ат" АҚ	582 831	47 072	529 462	521 255
АО "Медициналық сақтандыру компаниясы "Архимедес - Казахстан"	510 638	62 861	443 005	450 000
Барлығы	268 822 898	86 265 636	165 929 357	38 745 299

Қосымша 2

2008 жылдағы сақтандыру компанияларының қаржы-экономикалық көрсеткіштері

(мың теңгемен)

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары атауы	Есепті кезеңнің бөлінбеген кірісі (жабылмаған шығын)	Сақтандыру сыйлықақылары	Сақтандыру сыйлықақылдарының таза сомасы	Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар	Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығыстар
"СК "Виктория" АҚ	17 078 066	18 244 486	18 242 806	142 230	139 134
"СК "Еуразия" АҚ	4 264 468	19 857 567	8 998 250	2 594 137	2 565 071
"БТА Сақтандыру" АҚ	6 105 358	6 407 299	3 015 033	1 140 923	749 069
"КИС "Халық-Казахинстрах" АҚ	1 989 488	14 402 452	8 701 214	4 704 473	4 128 294
"Казкоммерц-Полис" СК" АҚ	1 725 085	13 553 746	5 009 616	1 542 584	1 277 869
"СК "Альянс-Полис" АҚ	666 620	10 283 879	2 334 985	29 459 708	2 489 530
"СК "АМСГ" АҚ	2 823 741	5 888 086	4 839 724	4 231 964	4 069 896
"СК "Лондон-Алматы" АҚ СП	407 441	2 637 730	1 269 913	558 991	393 582
"Мемлекеттік сақтандыру корпорациясы" АҚ	635 091	255 459	235 847	24 698	20 442
"СК "ЭйАйДжи Казахстан" АҚ	147 314	5 340 829	304 634	152 925	37 001
"Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ	1 294 048	6 521 842	5 368 192	1 673 796	1 601 336
"Allianz Kazakhstan СҚ" АҚ	170 541	2 603 072	1 349 324	399 915	358 856

"ТұранӘлем Банкінің өмірді сақтандыру жөніндегі "БТА Жизнь" еншілес компаниясы" АҚ	1 384 738	3 302 983	3 232 641	773 622	589 666
"СК Amanat insurance" АҚ	663 808	8 832 826	2 258 272	2 107 676	2 040 429
"СК "Алтын-Полис" АҚ	330 313	5 299 189	3 870 734	1 421 256	1 245 208
"PREMIER СТРАХОВАНИЕ " АҚ	281 047	1 866 608	1 301 733	365 576	250 292
"КСЖ Мемлекет. аннуитет. компания" АҚ	84 186	1 366 132	1 364 798	368 730	368 730
"АСК "Коммеск-Өмір" АҚ	159 420	1 687 459	1 585 659	628 880	599 675
СК "НОМАД Иншуранс" АҚ	240 563	2 539 893	1 346 056	220 860	165 794
"ТұранӘлем Банкінің "БТА Забота" еншілес сақтандыру компаниясы" АҚ	-261 720	902 790	884 041	1 100 074	918 759
"СК "Сентрас Иншуранс" АҚ	-40 026	2 214 415	699 877	307 688	100 394
"СҰ "ЦАСО" АҚ	973 342	1 213 438	1 213 147	58 271	58 223
"Астық сақтан-дыру компания-сы" АҚ	207 691	496 766	496 766	179 197	179 197
"СК "ТрансОйл" АҚ	206 230	1 449 971	1 433 998	350 200	334 408
"КСЖ "Халык-Life" АҚ	57 913	645 158	575 592	59 931	59 931
"СК "Атланта-Полис" АҚ	152 372	1 865 417	1 641 686	496 651	492 629
"КСЖ "Казкоммерц-Life" АҚ	-185 542	851 614	847 704	91 342	91 342
"СК "Қазақмыс" АҚ	32 766	822 811	413 788	511 659	135 948

"Чешска поиштовна" АҚ ӨС ЕК - Чешская Страховая Компания Казахстан" АҚ	141 011	593 107	589 841	9 308	9 308
"Нұрполис" сақтандыру компаниясы" АҚ	80 591	993 163	657 507	176 023	125 844
"Alliance-Өмірді сақтандыру "Сақтандыру компаниясы" АҚ	977	277 891	277 205	20 772	20 772
"СК "АСКО" АҚ	176 314	957 575	924 406	179 102	164 549
"КК ЗиМС "ИНТЕРТИЧ" АҚ	53 099	1 982 597	1 982 597	1 001 717	1 001 717
"Астана-финанс"СК"АҚ	6 092	340 473	333 353	7 994	7 994
"СК "Алатау" АҚ	89 787	1 108 373	396 583	13 854	8 000
"СК "Пана Иншуранс" АҚ	56 747	1 236 611	471 903	59 951	34 365
КСЖ "Валют-Транзит Life" АҚ	-18 551	-8 184	-8 184	14 249	14 249
"Астана-финанс"ӨСК" АҚ	1 436	82 564	82 564	2 169	2 169
"СК "Эко Полис" АҚ	3 348	429 979	429 979	130 123	76 354
"СК "САЯ" АҚ	-69 795	344 778	344 042	28 345	28 345
"Гарантия" СҚ" АҚ	42 443				
"НСК "НАСКО-Казахстан" АҚ	-248 756	90 043	90 043	124 373	124 373
"СК "Темір Ат" АҚ	100	103 020	103 020	3 215	3 215
АО "Медициналық сақтандыру компаниясы "Архимедес - Казахстан"	-6 995	125 196	125 196	19 940	19 940
Барлығы	41 902 210	150 011 103	89 636 085	57 459 092	27 101 899

Қосымша 3

ҚР-сы бойынша 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының жиынтық бухгалтерлік балансы

(мың теңгемен)

Баптың атауы	Ескерту*	есепті кезеңнің аяғына	2008 ж. 31.12
Активтер		268 822 898	225 870 92
Ақша	1	5 436 124	7 431 657
Орналастырылған салымдар (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)	2	79 149 166	64 195 402
Саудаға арналған бағалы қағаздар (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)	3	15 981 767	14 213 474
Қолда бар сатуға арн. бағ. қағаздар (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)	4	50 067 314	60 263 843
"кері РЕПО" операциясы	5	27 473 368	20 600 566
Аффинирленген бағалы металлдар	6	195 786	188 599
Туынды қаржылық құралдар	7	0	0
Еңбегі сіңірілмеген қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)**	8	18 222 226	27 878 694
Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)**	9	2 773 880	1 337 121
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)**	10	6 942	4 283

Аннуитет шарттары негізінде болмаған шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)**	11	7	0
Мәлімделген, бәрақ реттелмеген шығындар бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)**	12	10 609 176	1 844 975
Қосымша резервтер бойынша қайта сақтандыру активтері (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)**	13	4 481	11 407
Сақтандырушылар (қайта сақтандырушылар) мен делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)	14	16 899 094	11 646 957
Қайта сақтандыру бойынша есептелген комиссиялық кірістер	14-1	69 190	37 458
Басқа дебиторлық берешек (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)	15	8 602 499	5 427 545
Сақтанушыларға берілген заемдар (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)	16	25 631	18 109
Болшақ кезеңдердегі шығыстар	17	378 683	300 608
Салық талабы	18	204 549	399 221
Мерзімі ұзартылған салық талабы	19	1 161 002	1 415 642
Басқа активтер	20	431 179	387 230
Өтелгенге дейін ұсталатын бағ.қағ. (күмәнді борыштар бойынша резервтерді шегергенде)	21	25 643 449	3 477 914

Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялау	22	262 546	97 401
Негізгі құрал -жабдықтар (нетто)	23	4 461 265	4 058 556
Инвестициялық мүлік	24	79 233	63 975
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	25	0	0
Материалдық емес активтер (нетто)	26	684 341	569 755
Міндеттемелер		102 893 541	99 808 518
Еңбегі сіңірілмеген сыйлықақы резерві	27	52 394 374	68 213 792
Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша болмаған шығындар резерві	28	1 787 853	1 889 829
Аннуитет шарттары бойынша болмаған шығындар резерві	29	4 479 329	2 245 080
Болған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві	30	8 329 856	6 269 871
Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві	31	18 546 841	9 681 866
Қосымша резервтердің таза сомасы	32	727 383	298 000
Алынған заемдар	33	0	0
Қайта сақтандырушылармен есеп айырысу	34	9 066 465	4 952 366
Сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметі бойынша делдалдармен есеп айырысу	35	455 115	573 255
Акционерлермен дивидендтер бойынша есеп айырысу	36	-47 277	49 537
Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша төлеуге жататын шоттар	37	692 486	274 277
Басқа кредиторлық берешек	38	1 863 312	1 747 955
Бағалау міндеттемелері	39	0	0

"РЕПО" операциясы	40	1 241 382	319 643
Шығарылған облигациялар	41-1	0	0
Туынды қаржылық құралдар	41	0	0
Болашақ кезеңдердегі кірістер	42	2 136 906	1 796 818
Салық міндеттемесі	43	781 656	646 408
Мерзімі ұзартылған салық міндеттемесі	44	53	1 384
Басқа міндеттемелер	45	437 807	848 437
Капитал	46-53	165 929 357	126 061 74
Жиынтығы меншікті капитал мен міндеттемелер		268 822 898	225 870 92

Қосымша 4

2007-2008 жылдардағы сақтандыру компанияларының кірістері және шығыстары жөніндегі жиынтық көрсеткіштер

(мың теңгемен)

Баптардың аталуы	2008	2008 (өсу қорытын-дысымен)	2007	2007 (өсу қорытынды-сымен)
Сақтандыру қызметінен түскен кіріс	8 197 812	102 859 727	2 128 426	103 953 814
Инвестициялық қызметтен түскен кірістер	1 628 377	18 054 332	346 096	11 231 094
Сыйлықақы алумен байланыстыкірістер	1 408 363	15 668 746	1 078 277	9 560 463
оның ішінде:	-2 602	31 673	-13 022	10 755
Бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы түріндегі (купон/дисконт) кірістер	879 815	8 232 423	592 175	5 851 006
Орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы түріндегі кірістер	528 548	7 436 323	486 102	3 709 457
Қаржы активтерімен жасалған операциялар бойынша кірістер (шығындар) (нетто):	231 348	2 356 130	-1 082 988	1 464 963
оның ішінде:		0	0	490

Бағалы қағаздарды сатып алу/сатудан болған кірістер (шығындар) (нетто)	-55 959	-531 864	-1 288 384	144 814
"РЕПО" операциясынан болған кірістер (шығындар) (нетто)	287 307	2 887 994	205 396	1 320 149
Қайта бағалаудан болған кірістер (шығындар) (нетто):	82 333	130 558	336 664	288 343
оның ішінде:	0	0	0	0
Саудаға арналған және қолда бар сатуға арналған бағалы қағаздардың құны өзгеруіне байланысты кірістер (шығындар) (нетто)	-16 717	-8 792	354 585	328 325
Шетел валютасын қайта бағалаудан кірістер (шығыстар) (нетто)	86 753	132 162	-26 485	-100 434
Басқа заңды тұлғалардың капиталына қатысудан болған кірістер	0	6 053	0	1 269
Инвестициялық қызметтен болған өзге де кірістер	-93 667	-107 155	14 143	-83 944
Активтерді сатудан және активтерді алудан (тапсырудан) болған кірістер (шығындар)	9 241	69 894	-13 343	172 926
Өзге қызметтен болған кірістер	402 141	5 614 800	206 193	2 249 290
Кірістердің барлығы	10 031 80	123 756 406	12 570 47	116 396 016
Шығыстар				
Сыйлықақы төлеумен байланысты шығындар	49 789	328 418	-1 438 452	85 319
оның ішінде:				
Бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы түріндегі шығындар	49 671	321 046	6 507	77 740

Жиынтық шығыстар	6 095 500	77 256 736	7 402 185	60 171 401
Салықтарды төлегеннен кейінгі таза кіріс (шығын)	3 653 736	41 870 671	5 031 674	52 309 298

Қосымша 5

Сақтандыру сыйлықақыларына талдау мысалы

Он бір айда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 6,7 %-ға азайып, 124,6 млрд. теңге болды.

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

млн. теңге

Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.12.2007 ж.		01.12.2008 ж.	01.12.2007 ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	Үлесі, %-бен	Сомасы	Үлесі, %-бен
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	133 601,1	100,0 124 599,4	100,0	-6,7
Міндетті сақтандыру	18 130,2	13,6 27 443,1	22,0	51,4
Ерікті жеке сақтандыру	14 827,6	11,1 17 423,6	14,0	17,5
Ерікті мүліктік сақтандыру	100 643,3	75,3 79 732,7	64, 0	20,8

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 51,4 %-ға өсіп, ерікті жеке сақтандыру бойынша ұлғаю 17,5 %-ды, ерікті мүліктік сақтандыру бойынша кему – 20,8 %-ды құрады.



Қосымша 6

Сақтандыру төлемдері

2008 жылғы он бір айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 24,7 % өсіп, 53,6[2] млрд. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 12,5 % (6,7 млрд. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	01.12.2007		01.12.2008		01.12.2007. салыстырғандағы өзгеріс
	сомасы	үлесі, %-бен	сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	43 018,6	100,0	53 636,6	100,024,7	
Міндетті сақтандыру	5 158,2	12,0	8 209,6	15,359,2	
Ерікті жеке сақтандыру	3 740,0	8,7	7 363,0	13,796,9	
Ерікті мүліктік сақтандыру	34 120,4	79,3	38 064,0	71,0	
11,6					

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

міндетті сақтандыруда – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 47,6 % (3,9 млрд.теңге), қызметкердің еңбек

(қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 30,5 % (2,5 млрд. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 19,5 % (1,6 млрд. теңге) және басқалар бойынша - 2,4 % болды;

2 сома қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр **ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 74,3 % (5,5 млрд. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша –

12,2 % (0,9 млрд. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 9,5 % (0,7 млрд. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 2,7 % (0,2 млрд. теңге) болды;

ерікті мүліктік сақтандыруда – 88,2 % (33,6 млрд. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 5,5 %

(2,1 млрд. теңге), мүлікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 2,1 % (0,8 млрд. теңге), басқалар бойынша – 4,2 % болды.

Қосымша 7

Сақтандыру төлемдерінің құрылымы, %-бен



2008 жылғы он бір айда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру өлемдерінің мейлінше көп көлемі басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру сыныбы бойынша сақталып,төлемдердің жиынтық сомасының 62,7 %-ы болды.

Қосымша 8

Сақтандыру нарығы жөнінде жалпы мәліметтер

2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 8 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 55 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.12.2007	01.12.2008
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	41	44
өмірді сақтандыру бойынша	7	8
Сақтандыру брокерлерінің саны	14	12
Актуарийлер саны	43	55

Есепті күнге 32 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

Капитал. 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 162,8 млрд. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	01.12.2007	01.12.2008	01.11.2007 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	218 867,1	269 074,4	2,9
Міндеттемелер	97 036,2	106 225,3	5
оның ішінде сақтандыру резервтері	88 577,0	88 237,3	0,4
басқа да міндеттемелер	8 459,2	17 988,0	2,1 есе
Меншікті капитал (баланс бойынша)	121 830,9	162 849,1	33,7

Міндеттемелер. 2008 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының міндеттемелер сомасы 106,2 млрд. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 9,5 %-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 88,2 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы 1 желтоқсанда қалыптасқан резервтердің көлемінен 0,4 %-ға аз.

Қосымша 9

Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің төмендегені байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 49,8 %-ы және сақтандыру төлемдерінің 16,7 %-ы келеді.

Сақтандыру нарығының жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компанияларының үлесі 54,5 %-ды құрайды.

Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен	01.12.07	01.12.08
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	53,2	49,8
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	76,4	65,7
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	79,7	16,7
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	89,0	78,2
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	51,7	54,5
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	56,3	59,2

Қосымша 10

Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері

	01.12.2007 ж.	01.12.2008 ж.
ЖІӨ, млрд. теңге	12 464	15 046,7
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,07	0,83[4]
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,98	1,08
қатынасы, теңгемен	8 907	8 024,4

Қосымша 11

Сақтандыру сыйақыларының түсімі

Сақтандыру сыйақыларының түсімі	01.01.2011		01.01.2012		01.01.2013		Өсімі %-бен 2012-2013
	Млн. теңге	Жиын-тығында %-бен	Млн. теңге	Жиын-тығында %-бен	Млн. теңге	Жиын-тығында %-бен	
1	2	3	4	5	6	7	8
Барлығы, оның ішінде:	139 963,9	100,0	75 528,7	100,0	211 513,1	100,0	25,4
Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:	35 437,0	25,3	45 465,3	25,9	48 679,6	23,0	28,3
Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	20 881,9	58,9	25 575,1	56,3	27 915,6	57,3	22,5
Тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	892,7	2,5	1 123,4	2,5	1 294,4	2,7	25,8
Қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	11 299,7	31,9	16 736,7	36,8	17 498,8	35,9	48,1
Міндетті сақтандырудың өзге сыныптары	2 362,8	6,7	2 030,1	4,4	1 970,8	4,1	-14,1

1	2	3	4	5	6	7	8
Ерікті жеке сақтандыру бойынша, оның ішінде	35 144,9	25,1	53 521 ,8	30,5	85 155 ,0	40,3	52,3
Өмірді сақтандыру	1 655,3	4,7	6 473, 4	12,1	15 020 ,7	17,6	3,9 есе
Аннуитеттік сақтандыру	16 990,5	48,3	24 005 ,5	44,8	37 417 ,1	43,9	41,3
Жазатайым оқиғалардан сақтандыру	6 755,0	19,2	11 074 ,6	20,7	17 090 ,0	20,1	63,9
Ауырған жағдайдан сақтандыру	9 744,1	27,7	11 96 8,3	22,4	15 62 7,2	18,4	22,8
Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша, оның ішінде	69 382,0	49,6	76 54 1,6	43,6	77 67 8,5	36,7	10,3
Автомобиль көлігін сақтандыру	3 206,0	4,6	3 982, 7	5,2	6 431, 8	8,3	24,2
Автомобтль, әуе, теміржол, су көлігін сақтандыруды қоспағанда, мүлікті сақтандыру және жүктерді сақтандыру	32 733,9	47,2	37 07 5,6	48,4	35 30 3,3	45,5	13,3
Автомабиль, әуе және су көлігі иелеренің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	16 583,1	23,9	13 89 0,6	18,2	10 96 5,8	14,1	-16,2
Өзге қаржы шығындарын сақтандыру	6 282,3	9,1	10 64 8,2	13,9	14 15 2,5	18,2	69,5
Ерікті мүліктік сақтандырудың өзге сыныптары	10 576,7	15,2	10 94 4,5	14,3	10 82 5,1	13,9	3,5
Ескерту: [33], [34], [35] ақпарат көздері негізінде автормен құрастырылды							

1	2	3	4	5	6	7	8
Сақтандыру төлемдері	01.01.2011		01.01.2012		01.01.2013		Өсімі %-бен 2012-2013
	Млн. теңге	Жиынтығында %-бен	Млн. теңге	Жиынтығында %-бен	Млн. теңге	Жиынтығында %-бен	
Барлығы, оның ішінде:	25 250,6	100,0	43 139,1	100,0	68 050,9	100,0	57,7
Міндетті сақтандыру бойынша, оның ішінде:	9 334,4	37,0	11 737,4	27,2	16 168,7	23,8	37,8
Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	4 348,6	46,6	6 654,6	56,7	8 515,8	52,7	28,0
Тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігі	7,0	0,1	17,6	0,2	14,3	0,1	-18,8
Қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан сақтандыру	4 087,9	43,8	4 792,1	40,8	6 484,5	40,1	35,3
Міндетті сақтандырудың өзге сыныптары	890,9	9,5	273,1	2,3	1 154,1	7,1	322,7
Ерікті жеке сақтандыру бойынша, оның ішінде	13 007,8	51,5	22 886,0	53,1	39 991,7	58,8	74,7
өмірді сақтандыру	164,1	1,3	244,5	1,0	450,9	1,1	84,4
Аннуитеттік сақтандыру	5 918,2	45,5	13 796,9	60,3	28 994,0	72,5	110,1
Жазатайым оқиғалардан сақтандыру	515,6	4,0	404,0	1,8	322,4	0,8	-20,2
Ауырған жағдайдан сақтандыру	6 409,9	49,3	8 440,6	36,9	10 224,4	25,6	21,1
Ескерту: [33], [34], [35] ақпарат көздері негізінде автормен құрастырылды.							

Ерікті мүліктік сақтандыру бойынша, оның ішінде	2 908,4	11,5	8 515,7	19,7	11 890,5	17,4	39,6
Автомобиль көлігін сақтандыру	1 212,8	41,7	1 311,1	15,4	1 601,1	13,5	22,1
Автомобиль, әуе, теміржол, су көлігін сақтандыруды қопағанда, мүлікті сақтандыру және жүктерді сақтандыру	615,8	21,2	1 222,7	14,3	7 686,5	64,6	528,6
Автомабиль, әуе және су көлігі иелеренің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру	70,6	2,4	493,2	5,8	1 832,2	15,4	271,5
өзге қаржы шығындарын сақтандыру	173,4	6,0	4 298,0	50,5	49,7	0,4	-98,8
Ерікті мүліктік сақтандырудың өзге сыныптары	835,8	28,7	1 190,7	14,0	721,0	6,1	-39,4

Қосымша 12

Мемлекеттің сақтандыру нарығын дамытудың баламалы болжамды сценарийлерінің қатынасы

Мемлекеттің сақтандыру нарығын дамытудың альтернативті болжамды сценарийлері	Сақтандыру нарығының негізгі сипаттамалары					
	ЖІӨ-гі үлесі %	Сақтандыру түрлерінің саны	Сақтандыру түрлерінің сегменттері бойынша диффренциация деңгейі	Сақтандыру қызметі бойынша диверсификация деңгейі	Экспантеграция деңгейі	Сақтандыру бизнесінің тұрақтылығы
Оптимистік	3,5-жоғары	80-жоғары	Жоғары	Сақтандыру қызметінің толық көлемі спектрі	Сақтандырудың жеке түрлері бойыфнша нетто-экспорт	Жоғары
Орташа-оптимистік	2,5-3,5	60-80	Орташадан жоғары	Кен диверсификациялану	Сақтандыру түрлері бойынша экспорт және импорттық теңдесуі	Жеткілікті жоғары
Бейтарап-прагматикалық	1-2,5	40-60	Орташа	Жеткілікті диверсификациялану	Қайта сақтандыру қызметі бойынша нетто-импорт	Орташа
Орташа пессимистік	0,5-0,9	25-40	Төмен	Стандартты сақтандыру түрлерінің басым болуы	Сақтандыру қызметі бойынша нетто-импорт	Төмен
Пессимистік	0,5-	15-25	Өте төмен	Түрлерінің шектеулігі	Сақтандыру қызметінің экспорты орын алмайды	Өте төмен
Ескерту: Шетел тәжірибесінің негізінде сақтандыру қызметін отандық нарыққа қалыптастыру мен дамыту перспективалары // IV Рысқұлов оқулары халықаралық ғылыми форумы, 2009 жылғы 25-27 мамыр. – Алматы, 2009. – 30-36 бб [41].						

Қосымша 13

Сурет. Мемлекеттің сақтандыру нарығын диверсификациялау мен дифференциациялаудың жалпы жүйелік және ішкі нарықтық шарттары мен алғышарттары

Ескерту: [43], [44] ақпарат көздері негізінде автормен құрастырылды

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

СР	Сақтандыру нарығы
СҚХА	Сақтандыруды Қадағалаудың Халықаралық Ассоциациясы
СРС	Сақтандыру нарығының субъектілері
АҚ	Акционерлік қоғам
ҚҚА	Қаржылық қадағалау Агенттігі
БСҰ	Бүкіләлемдік сауда ұйымы
ҚРЗ	Қазақстан Республикасының Заңы
ЕО	Еуропалық Одақ
ЕАК	Есептік айлық көрсеткіш
ҚЕХС	Қаржылық есептеудің халықаралық стандарттары
МСК	Мемлекеттік сақтандыру компаниясы
ӨСЕК	Өмірді сақтандырудың еуропалық компаниясы
ӨСК	Өмірді сақтандыру компаниясы
РМК	Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ТҰК	Трансұлттық компания
ТҰҚТ	Трансұлттық қаржы тобы
ТҰСК	Трансұлттық сақтандыру компаниясы
АҚЖ	Азаматтық-құқықтық жауапкершілік
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы

МАЗМҰНЫ

Кіріспе..... 3

І- БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ 10
1. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК СИПАТТАМАСЫ..... 10
1.1 Сақтандыру ісінің негізгі экономикалық мәні мен қажеттілігі.. 10
1.2 Сақтандыру қатынастарының, экономика саласындағы негіздері..... 24
1.3 Сақтандыру ісін кластерлік жүйелерін анықтау 28
1.4 Жалпы сақтандырудың негізгі шарттары..... 37
1.5 Сақтандыру ісінің экономикадағы рөлі 41
2. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТЕРІ 49
2.1 Сақтандыру ісінің қызметтік сатылары..... 49
2.2 Сақтандыру қызметін ұйымдастыру..... 51
2.3 Сақтандыру өнімдік қызметін есептеу..... 59
2.4 Сақтандыру ісін мемлекеттік қадағалау жүйелері..... 68
3. БІРЛЕСІП ЖӘНЕ ҚАЙТА САҚТАНДЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ..... 74
3.1 Бірлесіп сақтандыру мен қайта сақтандырудың экономикалық мәні 74
3.2 Қайта сақтандыру қызметтерінің жіктелуі..... 75

ІІ-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ..... 79
4. САҚТАНДЫРУ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ..... 79
4.1 Жеке сақтандыру..... 79
4.1.2 Өмірді сақтандыру..... 80
4.2 Денсаулықтан және еңбек қабілетінен айрылуды сақтандыру... 85
4.3 Медициналық сақтандыру..... 88
4.4 Аннуитеттік сақтандыру..... 89
4.5 Жеке сақтандыру төлемдерін анықтау әдістемесі..... 91
5. САҚТАНДЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ-ЗАҢДЫЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ..... 97
5.1. Мүлікті сақтандырудың принциптері..... 97
5.2 Монтаждық және құрылыстық тәуекелдерді сақтандыру..... 100
5.3 Ауылшаруашылық өнімдерін сақтандыру принциптері..... 103
5.4 Заңды тұлғалардың мүлкін сақтандырудың басқа да түрлері..... 108
5.5 Азаматтардың мүлкін сақтандыру..... 108

6. АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ САҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ 111
6.1 Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың экономикалық мазмұны 111
6.2 Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (АҚЖ) кәсіби сақтандыру қызметтерін ұйымдастыру..... 113
6.3 Сақтанушының азаматтық-құқықтық жауапкершілікті (АҚЖ) кеден сақтандыруды ұйымдастыру..... 116
6.4 Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың (АҚЖ) жұмыс берушілерді сақтандыру..... 119
6.5 Екінші деңгейдегі банктерді АҚЖ сақтандыру..... 122
6.6 Несие алушыларды сақтандыру 124
6.7 Жеткізіп беру келісімі қатысушыларын сақтандыру..... 125
7. КӨЛІКТІК САҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ПРИНЦИПТЕРІ..... 126
7.1 Көлікті сақтандырудың жіктелуі және ерекшеліктері..... 127
7.2 Көлік құралдарын сақтандыру..... 129
7.3 Су көлігін сақтандыру ерекшеліктері..... 130
7.4 Әуе көлігін (әуе кемелерін) сақтандыру ерекшеліктері 133
7.5 Көліктегі жүктерді сақтандыру 134
7.6 Халықаралық сауда жүктерді сақтандыру принциптері 137
7.7 Көлік құралдары иелерін азаматтық-құқықтық жауапкершілікте сақтандыру шарттары..... 137
7.8 Көлік құралдары иелерін міндетті азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру..... 139
7.9 Көлік құралдары иелерін азаматтық-құқықтық жауапкершілікте сақтандырудың халықаралық тәжірибесі..... 141
8. ЖҮК ТАСЫМАЛДАУШЫЛАРДЫ АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕ САҚТАНДЫРУ..... 143
8.1 Жүк тасымалдаушыларының АҚЖ сақтандыру ерекшеліктері.... 143
8.2 Жолаушы тасымалдаушыларды сақтандыру және халықаралық АҚЖ сақтандыру тәжірибесі 144
8.3 Жолаушылардың өмірін және денсаулығын сақтандыру принциптері..... 146
8.4 Жүк тасымалдаушыларды сақтандырудың басқа да түрлері..... 148

ІІІ-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ..... 150
9. САҚТАНДЫРУ ҚЫЗМЕТІНІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫН РЕТТЕУ..... 150
9.1 Мемлекеттік қаржылық сақтандыру ұйымдары..... 150

9.2 Акционерлік сақтандыру қоғамдары..... 151
9.3 Өзара сақтандыру қоғамдары..... 151
9.4 Сақтандыру пұлы және олардың кейбір ұйымдары..... 152
9.5 Сақтандыру ісінде қаржы нарығына кәсіби қатысушылар ұйымы..... 153
9.6 Сақтандыру ісін ұйымдастырудың басымды бағыттары..... 155

IV-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НАРЫҒЫ.... 161
10. САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ..... 161
10.1 Сақтандыру нарығының түсінігі және оның мәні..... 161
10.2 Сақтандыру нарығының экономикалық тәуекелдері..... 174
10.3 Сақтандыру нарығының түрлері..... 175
10.4 Сақтандыру нарығының инфрақұрылымы..... 186
10.5 Сақтандыру нарығының даму көрсеткіштері..... 192
10.6 Сақтандыру нарығының мультиагенттік үлгілерін анықтау..... 197
10.7 Сақтандыру нарығының дамыту механизмдері..... 207

V-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ІСІН ҚАРЖЫЛЫҚ БАСҚАРУ..... 211
11. САҚТАНДЫРУ ІСІН ҚАРЖЫЛЫҚ БАСҚАРУ НҰСҚАЛАРЫ 211
11.1 Сақтандыру ісін басқару қаржылық компаниялары..... 211
11.2 Сақтандыру ісін басқару модельдері 219
11.3 Сақтандыру ісін басқарудың шетелдік тәжірибелері 226
11.4 Сақтандыру ісін тиімді басқару әдістемелері..... 241
11.5 Сақтандыру келісімі және сақтандыру міндеттемелерінің ұғымдары..... 243
11.7 Сақтандыру ісін мемлекеттік реттеу 246
11.8 Сақтандыру ұйымдарының қызметін басқару..... 250
11.9 Шетел мемлекеттерінде сақтандыру ісін басқарудың принциптері..... 255
11.10 Сақтандыру ісін басқарудағы қаржы тұтқасының әсері 258

VI-БӨЛІМ. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРЫ..... 265
12. САҚТАНДЫРУ ІСІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛАРЫ..... 265
12.1 Сақтандыру стратегияларының мәні..... 265
12.2 Сақтандырудың қаржылық жоспарлар түрлері..... 274
12.3 Сақтандырудың қаржылық болжамдау тәсілдері..... 280
12.4 Сақтандыру маркетингі 291
12.5 Шетелдік сақтандыру стратегиялары..... 294

13. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ТӘУЕКЕЛІ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ МОДЕЛЬДЕРІ 305
13.1 Сақтандыру ісінің тәуекел түсінігі, функциялары, пайда болу көздері және классификациясы 305
13.2 Кәсіпкерлік тәуекелдерді сақтандырудың қаржылық есептеу әдістемелері 310
13.3 Банктік тәуекелдерді сақтандыру 333
13.4 Биржалық және валюталық тәуекелдерді сақтандыру 335
13.5 Несиелік тәуекелдерді сақтандыру 336
14. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ 339
14.1 Сақтандырушының қаржылық тұрақтылығының анықтамалары 339
14.2 Сақтандырушы қызметінің қаржылық нәтижелерін анықтау ... 346
14.3 Сақтандыру ісінде шығындарды есептеу 353
15. САҚТАНДЫРУ ІСІН АКТУАРЛЫҚ ЕСЕПТЕУ 357
15.1 Актуарлық есептеулердің мәні мен міндеттері 357
15.2 Сақтандыру тарифтерін есептеу принциптері 361
15.3 Сақтандыру келісімдерін жасау шарттары 370
15.4 Сақтандыру бойынша сақтандыру төлемін анықтаудың жалпы әдістемесі 374
16. САҚТАНДЫРУ МЕНЕДЖМЕНТІН БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ 378
16.1 Сақтандыру менеджментінің мәні 378
16.2 Сақтандыру менеджментінің мақсаттары мен міндеттері 380
16.3 сақтандыру менеджментінің атқаратын қызметтері 384

VII-БӨЛІМ САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯЛАНУЫ 387
17. САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛАУЫ 387
17.1 Сақтандырудың экономикалық интеграциялануының қалыптасуы 387
17.2 Сақтандырудың экономикалық интеграциялануы 401
17.3 Сақтандыру интеграциясын жоспарлау 415
17.4 Сақтандыру ісін дифференциялау 430
17.5 Сақтандыру қызметінің экономикалық тиімділігі 439
17.6 Сақтандыру жүйесін модернизациялау 448
Сақтандыру ісіне арналған есептер 469
Әдебиеттер тізімі 474
Қосымшалар 485
Белгілеулер мен қысқартулар 507

Оқулық басылым

М.Д. Тінәсілі
Ә.Р. Үркімбаева

САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ
(Оқулық)

Автордың редакциялауымен

Басуға қол қойылды 07.10.2013 ж.
Пішімі 60х84 1/16. №1 баспаханалық қағаз.
Көлемі 32,1 есепті баспа табақ. Таралымы 100 дана.
Тапсырыс № 29. Бағасы келісімді.

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық
университетінің басылымы,
Оқу-баспа орталығы.
Алматы қ., Қ.И. Сәтбаев көш., 22

Қазақстан ұлттық жаратылыстану академиясының академигі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің «Қаржы және маркетинг» кафедрасының меңгерушісі. 1967 жылы Жамбыл сутехникалық және құрылыс институтын және 1990 жылы Мәскеу қаласында КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы халық шаруашылық академиясын бітірген. 1967-1968 - ҚазҒСШИ-да кіші ғылыми қызметкер; 1968-1975 Главриссовхозстройдың Арыс-Түркістан каналы су басқармасының бас инженері; 1975-1978 Алматы облысы Балқаш аудандық су шаруашылық баскармасының бастығы; 1980-1985 Алматы облысы, Балқаш ауданы, Бақбақты совхозының директоры; 1985-1995 Главриссовхозстрой және Қазақ ССР су шаруашылқ министрлігінде бас басқарма бастығы; 1991-1995 ҚР жоспарлау комитетінде, ҚР Экономика Министрлігінің АШК кешенінде бас басқарма бастығы; 1994-2002 – ҚазТУде, ОАУ де, АЭУ да аға оқытушы, доцент, профессор (0,5 ставка); 1995-2002 Эксимбанк, Орта Азиялық банктерде басқарма бастығы, Департамент директоры; 2000-2001 «Ұлағат» университетінде ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөнінде проректор; 2002-2008 - ҚазҰАУ-да «Қаржы және банк ісі» кафедрасының меңгерушісі; 2008 жылдан бастап ҚазҰТУ-дегі «Қаржы және маркениг» кафедрасының меңгерушісі. 1992 – Байқоңыр ғарышкерін сумен қамтамасыз етудегі және 1993 – Алматы қаласынының ағынды (канализациялық) суларын асырудың ҚР-ның Үкіметтік жұмыстық Комиссия мүшесі; 1995 ҚР-ның экономикалық реформа жөніндегі Қызылорда, Жамбыл облыстары бойынша мемлекеттік жұмыс комиссия төрағасы; 1993–1995 Австрия және Израиль мемлекетінде Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан Республикалары бойынша ауылшаруашылық техникаларының тәжірибе алмасу жұмыстарынының комиссия төрағасы.

ҚР-ның ҒБМ-нің оқу әдістемелік комиссясының мүшесі, экономикалық – докторлық диссертациялық кеңесінің мүшесі. 6-ғылым кандидаты мен 1 доктор шығарған. Көптеген грамоталар мен медальдар иегері, Жамбыл облысы, Жуалы ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері.

Автордың жарыққа шыққан оқулықтары мен оқу құралдары:

1. Сотрудничество по инновационному предпринимательству в странах ЦА и его перспективы. Учебное пособие. Изд. «Қазақ университеті», Алматы 1995.
2. Экономический механизм интеграции стран ЦА.Учебное пособие. Изд. «Қазақ университеті», Алматы 1996.
3. Основы международной экономической интеграции. Учебное пособие. Изд. «Қазақ университеті», Алматы 2000.
4. Экономическая интеграция стран ЦА. Учебное пособие. Изд. «Қазақ университеті», Алматы 2001.
5. Политико-экономические проблемы Центральноазиатского содружества. Учебное пособие. Изд. Университет «Ұлағат», Алматы 2002.
6. Бағалы қағаздар нарығын ұйымдастыру, оқулық. Изд. НИИ АПК, Алматы 2007
7. Бағалы қағаздар нарығын реттеу. Оқу құралы. Изд. НИИ АПК. Алматы 2006
8. Банк менеджментін ұйымдастыру. Оқулық. Изд. Центр КазНТУ. Алматы 2009
9. Инвестиция менеджменті. Оқу құралы. Изд. Центр КазНТУ. Алматы 2010.
10. Сақтандыру ісінің қаржылық негіздері. Оқу құралы. Изд. Центр Каз НТУ. Алматы. 2011
11. Инновационная экономика в странах Центральной Азии. Монография. Изд. Центр Каз НТУ. Алматы. 2012